

РУХАНИ
ЖАҒЫРУ



International Taraz
Innovative Institute

Ыбырай
Алтынсарин



**«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Тараз, Қазақстан, 26-27 қараша, 2021 ж.

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ТВОРЧЕСКИЙ МИР ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА»**

Тараз, Казахстан, 26-27 ноябрь, 2021 г.

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"CREATIVE WORLD OF YBYRAY ALTYSARIN"**

Taraz, Kazakhstan, November 26-27, 2021 y.

I-TOM

Тараз – 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ ИННОВАЦИОННЫЙ ИНСТИТУТ
INTERNATIONAL TARAZ INNOVATION INSTITUTE

«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ

Тараз, Қазақстан, 26-27 қараша, 2021 ж.

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ТВОРЧЕСКИЙ МИР ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА»

Тараз, Казахстан, 26-27 ноябрь, 2021 г.

MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"CREATIVE WORLD OF YBYRAY ALTYSARIN"

Taraz, Kazakhstan, November 26-27, 2021 y.

1-ТОМ

Тараз – 2021

«Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық әлемі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 26-27 қараша, 2021. – 235б.

«Творческий мир Ыбырая Алтынсарина» – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 26-27ноябрь, 2021. – с.235.

ISBN 978-601-7402-87-2

Жинаққа 2021 жылдың қараша айының 26-27 жұлдызында өткізілген «Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық әлемі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақсаты – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына қатысты ғылыми зерттеулер мен тұжырымдарды негізге ала отырып, «Ыбырай Алтынсарин және филология ғылымы», «Ыбырай Алтынсарин еңбектеріндегі тәрбие мен оқыту мәселелері», «Ыбырай шығармаларындағы философиялық, саяси-әлеуметтік ұстанымдар» бағыттары бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына ҚР және шетел ғалымдарының, еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының ғалымдары мен жас ғалымдардың, сондай-ақ, институт ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы, мектеп мұғалімдері, магистранттар мен студенттердің ғылыми жұмыстары енгізілді.

Редакция алқасы:
Редакционная коллегия:

Саурықов Е.Б. – ф.ғ.д., профессор – төраға; Мүшелері: Тажибаев С.Д. – э.ғ.д., профессор, Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., доцент м.а., Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., доцент м.а., Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Құттымұратова Р.А. – доцент, PhD, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., профессор, Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Ойсылбаева А.Т. – ф.ғ.к., доцент м.а., Әбілов М.Ә.– ф.ғ.к., доцент м.а., Қазжанов Ғ.Т. – п.ғ.м., Игілікова Э.С. – аға оқытушы, Сарсенбаева М.Б. – аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., Тлепова Б.П.– аға оқытушы, Семембаева Г.Ә. – оқытушы, Саржаев О.Т. – оқытушы, Байлыбеков Ғ.

ISBN 978-601-7402-87-2

ДАЛАНЫҢ ДАРА ҰСТАЗЫ

Ұлылар ұлағаты өркениеттің өр тауларына жетелейтіндігі адамзат баласына аян. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, дархан даламыздың дара ұстазы атанған Ыбырай Алтынсариндей асыл бабаның таза, мөлдір, кәусар бұлағынан нәр алу, рухани әлдене білу – парыз.

Сындарлы саясатымен еліміздің жарқын болашағын бастаушы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та үнемі руханият ісін алға өрлеткен ұлы тұлғаларымызға тағзым етіп келеді. Жүргізілген мәдени реформалар мен рухани өзгерістер еліміздің тарихи-саяси қайраткерлерінің өмірі мен өнегесін ұлықтап, ұлттық кеңістіктегі дара қызметтерін кейінгі ұрпаққа аманаттауды басты мақсат етуде.

Әрине, ұлы тұлғалар ұлттық болмысымыз бен елдігімізді сақтау жолында қай істе де жанын аямай, бар ынта-ықыластарымен қызмет ете білген. Осындай тұлғалар қатарында бүгінде 180 жылдық мерейтойы аталып жатқан Ыбырай Алтынсариннің орны – өзінше дара, өзінше дана.

Ы.Алтынсарин – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ол қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тұлға. Бар ғұмырын жалпыадамзаттық құндылықтар мен жақсылықты, білім мен білікті, әділеттілікті дәріптеуге және патриотизмді насихаттауға арнады.

Ұлттың ақыл-ойын, парасатын құрайтындар – тұғырлы тұлғалар. Олар – заманның желінен ықпайтын, шындықтан қашып бұқпайтын, сабыры үгілмейтін, ұсаққа үңілмейтін, көкірегі сыр-сандығын пендешіліктен таза ұстайтын, өнерді өрістетіп, ғылымды өрге сүйрейтін ерекше талант иелері. Тұлғалар – өмір-өзен қалай тулап жатса да, уақыт қандай өзгеріске түссе де арнасынан аумайды, тарихтың тамырын дәл басады. Ел басына күн туып, бағытын таппай жаңылғанда ең алдымен тұлғаларын іздеп табатыны, үлкен үміт артатыны да сондықтан болса керек.

Ы.Алтынсариннің мұрасы да қазақ халқының рухани қазынасының алтын қорына енгізіліп, ұлт руханиятының дамуына үлкен септігін тигізді.

Шындығында өткен тарих шежіресін, бүгінгі өмір шындығын ұлы ойшылдардың танымы терең тарихи туындылары арқылы біле аламыз. Бұндай туындыларда тарих беттері парақталып қана қоймай әрбір ұлттың тарихымен тікелей үндесіп, болмысымен біте қайнасып жатқан адамгершілік пен, парасаттылық, салт-дәстүр, дүниетаным ұғымдары, философиялық ой, көркемдік пен сұлулық, патриотизм, эстетикалық нәр тұнып тұр. Тек соны зерделі пайдалануды қажет етеді.

Жалпы бүгінгі таңға дейін Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы тарих, филология, педагогика, психология, этика тәсілімен ерекшеленетін қазақ зиялыларының ішіндегі бірегей тарихи тұлға екендігі, зор қайраткерлігі С.Аспандияров, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Б.Сүлейменов, М.Ақынжанов, Б.Ысқақов сияқты ғалымдар мен жазушылардың зерттеулерінде жан-жақты зерделеніп сомдалды. Ыбырай Алтынсаринды сыншыл реализм рухында жазылған көркем шығармалары арқылы жаңа туындап келе жатқан көркем қазақ әдебиетінің бесігін тербетіп, оң сапарға жол көрсеткен біртуар ретінде бағалап, шығармалараның тілдік ерекшелігін зерттеген ғалымдардың қатарын С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, С.Талжанов, Қ.Жармағамбетов, С.Ш.Хасанова құрайды. Белгілі түрколог А.Самойлович «Түркі халықтарының әдебиеті» атты зерттеуінде Ыбырай Алтынсаринді жас қазақ әдебиетінің негізін салушы деп таниды.

Олай болатын болса, Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын зерттеп-зерделеуге арналған, институтымыздың «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының ұйымдастыруымен өткізіліп отырған «Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық әлемі» атты Халықаралық конференция – ұлттық руханиятқа қосылған сүбелі үлес. Конференция жұмысына сәттілік тілей отырып, конференция жұмысы өскелең ұрпақтың зейінін ашуына өзіндік ықпалын тигізеді деген сенімдеміз.

САУРЫҚОВ ЕРБОЛАТ БАЙҰЗАҚҰЛЫ
Халықаралық Тараз инновациялық институтының ректоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА «Құрметті мүшесі»

УДК 494.376:494.375

СӘКЕН – ЫБЫРАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ

АБДУВАЛИТОВ Е.Б.

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің
профессоры п.ғ.д.(DSc), Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.

Резюме. В статье рассматривается прогресс казахской литературы начаю XX века 30-х годов. Так, как Сакен Сейфуллин изучал жизнь и творчество Ыбырая Алтынсарина как педагог-писателя. В том числе исследовал взгляды дипломата.

Summary. The article tells about Saken Seifullin's research for a number of poets and writers in the 30s of the last century. In particular, he presents his own research on the educational and diplomatic activities of the first Kazakh teacher Ibrai Altynsarin.

Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығы әр дәуірде өмір сүрген ақиық, дүлдүл ақындардың өмірлерімен "бір тонның ішкі бауындай" тығыз байланысып жатыр. Өйткені, ол әдебиет тарихында із қалдырғандарды аса бір ыждаһаттылықпен жинап, жариялап, шығармаларының қадір-қасиетін, көркемдік қуатына, ақындық күдіреттілігінің деңгей-дәрежесіне алғашқылардың санатында көңіл аударды. Өзінің түйген тұжырымдарын ашық білдірді. Кейбір ақындардың өмірі мен әдеби мұралары жөнінде толығырақ қунды мәліметтер беріп, ол ақындардың шығармаларын жеке жинақ етіп шығарып, көпшілікке есімдерінің танымал болуына өз үлесін қосты. Әсіресе, Сәкен Сейфуллин үшін 1930-1935 жылдар жемісті жылдар болды. Осы жылдары Ы.Алтынсариннің, Ақмола Мухаммедияровтың, Ақан серінің өлеңдерін және Шәкәрімнің аударуындағы "Ләйлі - Мәжнүн" дастанын алғы сөздерімен халыққа ұсынды.

Ыбырай Алтынсариннің ақындығын, халық ағарту саласындағы атқарған қыруар жұмысын, қазақ арасында тұңғыш рет ана тілінде оқу құралын жазғандығын, мектеп ашып, қазақ балаларын оқытқанын, өз заманында жаңалықтың жаршысы, бастаушысы бола білген ұлы педагог болғанын алғаш бағалағандардың бірі Сәкен Сейфуллин еді. 1935 жылы өзі құрастырған Ыбырайдың өлеңдер жинағында оның халықтың болашағы үшін теңдесі жоқ еңбек етіп, тер төккенін орынды сөз етеді. Жеке талантының сан қырлы болғандығына айрықша назар аударып, халықтық тұрғыдан жоғары бағалады. Сәкен Сейфуллиннің "Ол қазақ әдебиетін Еуропа жолына, өнер жолына бурып, бастаған ең тұңғыш жаңашыл, суретшіл ақын" [1, 145б.] - деген үлкен қорытынды жасауы - Ыбырай Алтынсарин еңбегіне деген ыстық ықылас пен зор сүйіспеншіліктің белгісіндей көрінді.

Автор Ыбырай Алтынсаринді орыс миссионерлерінің, яғни орыстандыру, шоқындыру саясатын жүргізушілердің пайдаланбақ болған әрекеттерін де жасырмай ашық айтады. "Ыбырайды орыс миссионерлері пайдаланбақ болып, Ыбыраймен жақындасқан Ыбырай олардан қашпай, оларды өзі пайдаланып жүрген" [1, 97б.] - деген тарихи шындықты дөп басып айта білді. Әйтпесе Ыбырайдың іргесін аулақ салушылар да шыға бастаған болатын. Расында Ильминский, Алекторов т.б. сияқты орыс миссионерлері оны өз мақсаттарына пайдаланбақ болғаны бүкпесіз шындық еді. Олардың бұл пиғылын, әрекеттерін ол қанша сезсе де, ашық қарсылыққа бармай, керек жерінде өздерін қазақ елінің пайдасына бұрып отырғанын осы жинақтан кейін мықтап ұқтық: Сәкен Сейфуллиннің Ыбырайдың "дипломатиялық жолдарды" өте орынды пайдалана білген тұстарын дұрыстап баяндаудың арқасында оның мұрасынан үрку керек емес. Қазақ ескішілдері оны шоқынды деп шығарған талай өсектерден" Сәкен қутқармақ болып әр-түрлі алып-қашпа жел сөздердің сырын ашады. Ыбырай Алтынсарин жөнінде салқындау пікірде, жайсыз көзқараста жүргендерді ол оң жолға бастайды. "Ыбырай заманында қазақ көпшілігіне қадірсіз болған еді" деген сияқты теріс сөздерді малданатын сияқты. Расында, оқуға талпына бастаған қазақ жастарына Ыбырай айрықша қадірлі болған адам. Жас буынға арнап шығарған Ыбырайдың "Кел, балалар, оқылығын" жатқа білмеген оқушы болмаған. Ал, жас буын қадірлеген Ыбырайдың "қазақ көпшілігіне қадірі жоқ еді" деушілік тек, қазақтың кешегі күнінен ештеңе білмегендіктен туған сөз" - деп, әдейі тоқталып, ондай пікірлердің ешқандай негізі қисыны, шындыққа жанасымды жоқ екенін дәлелдеп, қарсылық білдіреді. Және алғашқылардың бірі болып, қазақ ақындарының ішіндегі табиғатқа арнап ең тұңғыш рет өлең жазған суретшіл ақын Ыбырай деп біледі.

Бір кездері Шокан, Абай, Сұлтанмахмұт т.б. сынды ардақтыларымыздың басына үйірілген кара бұлт Ыбырайды да айналып өтпегендей. Оны "шоқындырушы" деу аз болғандай, ұлтшыл деп те қараған Ыбырайды осындай жалған жаладан арайлап, еліне жасаған өлшеусіз қызметін, еңбегін дүркін бағалап, әдеби мұраларының халықтың сипатын баса айтып, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің қосқан зор үлесін жазбай танығандардың көш басында Сәкен Сейфуллинмен болды деу орынды.

Ол Ыбырайдың бұл жинағына әр түрлі тақырыптағы бірнеше өлеңін, И.Крыловтан аударған бірді-екілі аудармасын және ел аузынан жинаған ауыз әдебиетін үлгілерінің кейбіреулерін енгізіп, ақындық тұлғасы мен халық мұрасының үлкен жанашыры болғандығын танытуға барынша күш салды.

Байқап отырғанымыздай, тек поэзиялық шығармаларын ғана қамтып, прозалық мұраларын бұл жинаққа ендімеген. Бәлкім, толып жатқан әңгімелерінің, ертегілерінің, кейбір тағылымды аудармаларының енбей қалып қоюы - Ыбырай шығармаларының кеңес - заманында алғаш рет шығып отырғанынан болар. Мүмкін Сәкен Сейфуллин бұл саладағы мұраларын ендіруді мақсат етпеген де шығар. Алғы сөзінде: "Әдебиет тарихымызға керек болсын деп, әсіресе Ыбырайдың осы сөздерін жинап жібердік" [1, 38б.] дегеннен басқаны ашып айтпайды. Сондықтан бұл мәселеге сәуегейлік жасау қиын. Болашақ Ыбырайтанушы, зерттеушілердің еншісіне берілмек. Дегенмен, Сәкен Сейфуллиннің жол көрсетіп, із салып бергені, үлгі көрсеткені ақиқат шындық!

Сәкен Сейфуллин Ыбырайдың ақындығын аса жоғары құрмет тұтқан адам. Оның шығармаларын ұнатқаны соншалық, көпшілік жатқа біліп, ретті жерінде айтып отырса керек. Мариям Хакімжанованың "Біз әлі ақынбыз десек те Алтынсарин өресіне жеткен жоқпыз" - деп Ыбырайдың өлеңдерін жоғары бағаладық" [2, 65б.] - деді соның дәлелі сияқты қаншалықты қарапайымдылық: кісілік таныта Ыбырай Алтынсаринді көкке көтеріп, оның өресіне әлі жеткен жоқпыз деп кішіпейілдік көрсетуі - Сәкеннің Ыбырай еңбегіне деген шексіз таза көңіл, әрі әділ берген бағасы деп ұққан абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
2. Кәкішев Т. Шығармалары. – Алматы: Ана тілі, 2007. – 336 б.

УДК 494.376:494.375

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

САЙФУЛЛАЕВ Б.Н.

Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінің оқытушысы,
Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.

Резюме. В статье рассматриваются лингвистические особенности рассказов Ибрая Алтынсарина. В рассказах Ибрая Алтынсарина он определил возможность использования в тексте слов с переменным значением, многозначных слов, омонимов, синонимов, антонимов, фразеологий, стилистической функции. Он использовал примеры, чтобы показать, что слова в нашем языке используются для определенной стилистической цели.

Summary. The article considers the linguistic features of Ibrai Altynsarin's stories. In the stories of Ibrai Altynsarin he defined the possibility of using words with variable meanings, polysemous words, homonyms, synonyms, antonyms, phraseologies, stylistic function in the text. He used examples to show that words in our language are used for a specific stylistic purpose.

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші – көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ұлттық әдебиетімізде шебер тілді жазушыларымыздың бірі – ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин болып саналады.

Сөзбен өрнек сала білген жазушы шығармаларында ауыспалы мағынадағы сөздер, көп мағыналы сөздер, омонимдер, синонимдер, антонимдер, фразеологизмдер молынан қолданылған. Қаламгер өз туындыларында халық тілінің бай қазынасын көркем түрде пайдалана білген.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің тілінің лексикалық қабаттарын төмендегіше топтастырып қарастыруға болады.

Ауыспалы мағына – сөздің қолданылуы барысында пайда болатын туынды мағынасы. Этимологиялық тұрғыда ол негізгі (тура) мағынадан өрбиді. Ауыспалы мағынаның жасалуына бір зат пен екінші бір заттың, бір құбылыс пен тағы басқа құбылыстың форма, сыртқы түр, түс ұқсастығы, қызмет сәйкестілігі негіз болады. Ауыспалы мағынада қолданылған сөздер мәтін ішінде айрықша қолданылып, стильдік жүк артып тұрған тілдік элементтер екенін байқауымызға болады. – Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп **бір еңкеюдің орнына он еңкейдің** [1,28]

Тілдегі кейбір сөздер бірнеше мағынада қолданылады. Екі не одан да көп мағынада қолданылатын сөздер көп мағыналы сөздер деп аталады. Көп мағыналы сөздер бір сөз табынан болады және бір негізден таралады. Көп мағыналы сөздердің қолданылу мүмкіншілігі сөйлем ішінде айқын көрінеді. – Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет етсең, көңілге желкіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, **көз салмай**, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.[1,60] Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың **басына шығып** кетті дейді [1,62]

Омонимдерді де жазушы әңгімелерінде ұтымды қолданып, олардың мағынасы мәтін ішінде ашыла түседі. Омоним терминіне тоқталатын болсақ, дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер. Омоним Ыбырай Алтынсарин шығармаларында тілді көркемдеудің бір тәсілі ретінде қолданылған. – Неке **қияр** ат болар; бала туса шат болар – оған асыл зат болар; ат қояры семіз ат; сүндер басы үш түйе; ысқат деген бес түйе [1,64] Уәзір ашу етпеді, бұлардан шыққан соң патшаға барып, жұрттың тілегін беріңіз депөтініп, тілегенін патшадан алып берді және өзінің көрген кемшілігі үшін ешкімге **жаза** бермеңіз деп оны да тілеп алды [1,67]

Синонимдердің қолданысынан өзіндік сөз ойнатудағы ұтқырлығын айқын көреміз. Синонимдер ойды қайталамай, образды, әсерлі беруде айрықша қолданыстар болып табылады. Ғалым Р. Сыздықова: «Синонимдер дегендер – тек мағыналас (мәндес) келген сөз қатарлары ретінде лексикалық категория ғана емес, қолданыста, әсіресе көркем сөзде ең қуатты икемді, актив стильдік құрал. Синонимді көріктеуіш қызметте жұмсау, әсіресе поэзияда кең орын алады. Жұмсау тәсілдері, орындары сан алуан: синонимдік қатардан сол орында (сөйлемде, абзацта, шумақта, т.б.) айтылған ойға ұтымды келетін варианты алынады, ол ұтымдылық сөздің модальдық реңкіне, тіркесу қабілетіне, айналасындағы сөздер мен дыбыстық үндесуіне қарай жұмсауына байланысты»[2, 207], - дейді. Ғалым пікірін Ыбырай шығармаларының көркемдік белгісін осындай синонимдер байлығы арқылы төмендегі қолданыстарымен дәлелдеуге болады. Ақыл, ес; қиқым, уалшық; бет, жүз; жол; сүрлеу; арыз, тілек; ауру, срқау; кінәлі, жазықты; бекер, бос; жасыр, бәйге; қала, кент; шеге, мық; дене, тән; бекер, бос; жер, жүзі, әлем, дүние; тым, аса, соншама; әдемі, көркем, ажалсыз; мал, айуан, жануар; өлім, қаза, ажал; әскер, солдат, жасақ; мезгіл, уақыт, кез, шақ; үй, там, мекен, жұрт; тамақ, қорек, ас, азық; адам, кісі, жан, бейне. Ыбырай бұл арқылы бір жағынан қазақтың халықтық тілінің ұшан-теңіз байлығын көрсетсе, екінші жағынан сол арқылы жазба әдебиетте синонимдік сөз қолдану стилінің негізін қалап, жол салды.

Ыбырай Алтынсарин антоним сөздерді де ұтымды пайдаланған. Жазушы антонимдерді қолданғанда тек салыстыру үшін ғана емес, табиғат адам арасындағы қарым-қатынасты, байланысты сабақтастыра отырып аша түседі, олардың өзіндік түр-түсін, садық мөлшерін бейнелеуде антоним сөздерді өте шебер қолданады. Әсіресе, оның мағынасын қарама-қарсы қойып антитеза жасауы. Бұл екі кісінің **біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт**, аюды көрген соң бұл жігіт, ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті.[1,62] Мұнан былай есінде болсын; **аз жұмысты** қиынсаң – **көп жұмысқа** тап боласың; азға қанағат ете білмесең – көптен де құры қаласың, - деді.[1,28]

Ыбырай Алтынсарин бір сөйлем ішінде тағы да мынадай антонимдерді қолданған: қыс-жаз, жат-таныс, дос-дұспан, сырты-іші, жарлы-бай, көзді ашып-жұму, алыс-жақын, ауыр-жеңіл, жылау-күлу, жақсылық-жамандық, тіптік-қисық, ақ-қара т.б. Міне, осы келтірілген мысалдардың қай-қайсысын алсақ та, жазушының қарама-қарсы мағынадағы сөздерді таңдап, талдап қолданудың сыры бар. Салыстыра отырып Ыбырай Алтынсарин бейнелеу арқылы оқырманға айқын мағлұмат беруді мақсат еткен.

Ыбырай Алтынсарин – фразеологизмдерді мейлінше қолданған суреткер. Қаламгер тілінің лексикалық байлығының бір қырын фразеологизмдер танытады. Бірақ, Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі негізгі халықтық тілмен жазылған. Жазушы фразеологизмдерді көбіне айтайын деген ойын бейнелі, әсерлі жеткізу үшін қолданады.

Фразеологизмдер әр түрлі жолмен жұмсалып, пайдаланатыны белгілі. «Фразеология» дегеніміз, біріншіден, «тілдегі барлық фразеологизмдердің жиынтығы, әлемі, қазынасы», екіншіден «фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласы». Ал, фразеологизм дегеніміз – құрамындағы

сыңарлары өте тұрақты болып келетін, қолданысқа әрдайым дайын тұратын тұрақты сөз тіркесі. Мұнда тіркес құраушы сөздер өздерінің бастапқы тұра мағыналарынан мүлдем немесе жарым-жартылай айырылып, өзара жымдаса келіп, бір ғана фразеологиялық жалпы мағынаға ие болады. Бұл мағынаға ауысалылық пен бейнелілік тән.

Ыбырай Алтынсарин халықтық формадағы түрлі тіркестерді қолдана отырып, өзінің сөз қолданудағы стилін кеңейтті, кей тіркестерді өзінше құрап, артына жаңа тіркестер, нақыл сөздер қалдырды. Әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өнебойы әдет етсең, **көңілге жел кіргізеді**. [1,60] Көшпелі халық белгілі уақытта малын, жүн-жабағысын, тері-терсегін келтіріп, егіншілер оларға астығын, товарын айырбас етіп, осы қалыпша бір жағы егін, бір жағы саудамен Сейітқұлдың жұрты **жұрттан асқан бай болыпты**. [1,54] – Ауырмақ түгіл **жаным көзіме көрініп тұр**, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын, - деді. [1,33] Әрлі-берлі, олай-бұлай аунақшып, біраз жатып, Кәрім ұзамай-ақ **жан тапсырыпты**, - әлгі бояу у бояу екен [1,61] – Е-е. Ел бастап, **жұрт алайын деген ұл екенсің**, сөз бастап, би болайын деген ұл екенсің, алдыңа келсе әділдігінді аяма, аймағың кетпес алдыңнан, қол бастап жол алайын деген ұл екенсің, жолдастың мыңын алма, бірін ал [1,40]

Қазақтың көрнекті қаламгерінің бірі Ыбырай Алтынсарин шығармашылығынан бедерлі сөзбен салынған көркем шындықты аңғаруға болады. Сөздің ажарын кіргізіп, әрлеуде жазушы қазақ халқының аса бай тілін орынды жұмсай білген. Оның ішінде ауыспалы мағыналы, көп мағыналы сөздердің, омоним, синоним, антонимдердің, фразеологизмдердің алар орны ерекше.

Қорытындылай келгенде, Ыбырай Алтынсарин өз шығармаларында ауыспалы мағыналы, көп мағыналы сөздердің, омоним, синоним, антонимдердің, фразеологизмдерді шығарма тіліне мәнерлегіштік, бейнелегіштік нәр бере отырып молынан пайдаланғанын байқадық. Жазушы оларды талдап, тандап кейіпкердің образын сомдауда, мінезін ашу, портрет жасау, шығарманың идеялық көркемдік жақтарын жетілдіруде және тағы басқа толып жатқан мүмкіндіктеріне сай етіп, белгілі бір стильдік мақсатпен қолданған. Жазушы халқымыздың бай қорын жан-жақты игере отырып, халық тіліндегі сөз қолданыстарын өз мақсат-мүддесіне орай дамытып, дүниетанымдық лексика көркемдік құрал ретінде алынып айшықтандыра, жетілдіре пайдаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ыбырай. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988 жыл.
2. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы, 1998 жыл.
3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: 1993 жыл.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: 1955 жыл.
5. Аханов К. Тіл білімі негіздері. Алматы: Мектеп,

ӘОЖ.811.512

«МАНАС» ЭПОСУНДАҒЫ ЭТИШТИН МОРФОСТАТИСТИКАСЫ ЖӨНҮНДӨ

САДЫКОВ ТАШПОЛОТ

Бишкек мамлекеттик университети, ф.и.д., профессор

БЕЛБОТАЕВ АЛМАСБЕК

Халықаралық Тараз инновациялық институты, А.Иасауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің академиялық профессоры, ХТИИ доценті

МАМБЕТАКУНОВА НУРАЙЫМ

Кыргыз улуттук илимдер академиясы Ч.Айтматов атындағы тил жана адабият институтунун илимий кызматкери

Резюме. В статье анализируется эпос “Манас” с точки зрения морфостатистики.

Summary. The article analyzes the epic “Manas” from the point of view of morphostatistics.

Этиш сөзгө тике жалғанып, анын формасын өзгөртүү арқылуу сүйлөм ичиндеги формаларын уюштурган мүчөлөр этиш категорияларынын көрсөткүчү экендигианык [1:160-245; 2:133-196]. Түркологиядаар кандай түркүмдөгү сөз формаларын уюштуруучу мүчөлөр менен категориялардын

колдонуш статистикасын изилдөө жүргүзүлүп келгени маалым [3-13]. Ошол эле маалда мындай лингвостатистикалык жалпыдан жекеге, бүтүндөн бөлүккө же жекеден жалпыга, бөлүктөн бүтүнгө карата жүргүзүлүшү мүмкүн. Биздин иликте адегенде категориялардын, андан соң ал категорияларды туюндуруучу мүчөлөрдүн колдонуу статистикасын иликтөө багыты тандалып алынды.

Макаланын максаты - «Манас» эпосундагы этиш формаларын уюштуруучу категория менен мүчөлөрдүн колдонуу статистикасын иликтөө. Бул максатты ишке ашыруу үчүн Сагымбай жана Саякбай варианттарынын негизинде түзүлгөн жыштык сөздүктөн А тамгасында катталган этишке тиешелүү корпус талдоодон өткөрүлдү. Андан төмөнкүдөй алгачкы натыйжалар алынды.

1. Этиштик категориялардын колдонуш статистикасы:

Ыңгай категориясы	6438	35,8
Жак категориясы	5037	28,0
Чак категориясы	4292	23,9
Мамиле категориясы	2202	12,3
Бардыгы	17969	100%

Мында ыңгай категориясы этиш түркүмүнүн негизги категориясы деп табылат да, этиштин грамматикалык формаларынын 35,8% үлүшүн камтыйт. Тактап айтканда, тексттеги этиштик 100 форманын 36сы дал ушул ыңгай категориясынын үлүшүнө туура келет.

Жак жаначак категорияларынын эпостун текстинде колдонуу үлүшүдээрлик жакындайт да, жак категориясына 28% үлүш, чак категорияна 23,9% үлүш туура келет.

Этиштин сөз өзгөртүү жана сөз жасоо системаларын байланыштырып, морфологияга да, лексикага да бирдей кызмат өтөгөн мамиле категориясына эпос текстиндеги сөз колдонуштун 12,3% үлүшү туура келет. Бирок мындан мамиле категориясынын функционалдык күчү калган үч категориядан төмөн турат деп жыйынтык чыгарууга болбойт. Анткени бул категориянын ичинен негизги мамиле - \bar{o}_2 формасына ээ болуп, этиштик негизди уюштурууга катышат. Ошондуктан жогорудагы маалыматтар бул өңүттөн дагы да тактоону талап кылат. Бул, арийне, атайын изилдөөнүн илимий объектиси.

2. Этиштик формалардын жалпы статистикасы:

Мүчөсүз этиш формалары:	875	3,0%,
Мүчөлүү этиш формалары:	29722	97,0%,
Бардыгы:	30597	100%.

Көрүнүп тургандай, талдоого алынган тексттеги этиш сөздөрдүн жалпы саны 30597 болсо, алардын ичинен 875 (3,0%) сөз уланды мүчө уланбаган формада, 29722 (97,0%) сөз уланды мүчө уланган формада келет. Демек, мындан эпос текстиндеги 100 этиштин басым көпчүлүгү (97си) уланды мүчө уланган тейде жумшалары анык болот.

3. Мүчөлүү этиш формалары. Булар өз кезегинде үч топко бөлүнөт:

Жакчыл этиш формалары:	15767	53,0%,
Жаксыз этиш формалары:	11753	39,5%,
Мамиле формалары:	2202	7,5%,
Бардыгы	29722	100%.

Мында баяндоочту уюштурган жана эпос текстинде 15767 ирет катталган жакчыл этиш формалар бардык мүчөлүү этишформалардын 53,0% ээлеп, функционалдык жактан эң күчтүү форма деп табылат. Андан кийинки орундарды жаксыз этиш жана мамиле формалар бөлүшөт.

Эгерде бул үч топтун ар бирине жеке токтолсок, булардын ичинен этиштин өзгөчө формалары деп аталган жаксыз этиштер жыштык жана үлүш жактан төмөнкүчө мүнөздөлөт:

Жаксыз формалар:

Чакчылдар:	11738	99,9%,
Атоочтуктар	14	0,1%,
Кыймыл атоочтор	1	0%,
Бардыгы	11753	100%.

Көрүнүп тургандай, баяндоочтон башка сүйлөм мүчөсүн уюштурган этиштин өзгөчө формаларынын ичинен эпос текстинде басым көпчүлүк учурларда чакчылдар колдонулат экен. Алардын статистикасын бул даректер тастыктайт.

Чакчылдар:

-а формасы:	786	6%,
-й формасы:	1613	14%,
-ып формасы:	8803	75%,
-ганы/-гыча/-ганча формалары:	537	5%,
Бардыгы:	11738	100%.

Мында чакчылдын төрт формасынын ичинен статистикалык жактан эң жыш колдонулганы жана функционалдык жактан эң күчтүүсү - *-ып* формасы, бардык чакчыл формалардын 75% үлүшүн ээлейт. Андан соң *-й*, *-а*, *-ганы/-гыча/-ганча* формалары келет.

Атоочтуктар: *-ган/ -уучу* формасы 14 100%.

Кызыгы, эпос текстинде негедир *-ган* жана *-уучу* формасындагы атоочтар 14 ирет гана катталган экен.

Кыймыл атоочтор: *-мак* формасы 1 100%

Ал кыймыл атоочтунбул формасы 1 ирет гана кезигет экен.

Жакчыл формалар төмөнкүдөй үч топту камтыйт:

Ыңгай формалары:	6438	41%,
Чак формалары:	4292	27%,
Жак формалары:	5037	32%,
Бардыгы:	15767	100%.

Булардын ичинен 41% үлүштү камтыган **ыңгай формалары** дагы экиге бөлүнөт:

Баяндагыч ыңгай формалары:	4292	67%,
Кыйыр ыңгай формалары:	2146	33%,
Бардыгы	6438	100%.

Демек, ыңгай формаларынын ичинен баяндоочтук позицияда келип, баяндоочту уюштурган **баяндагыч ыңгай формалары** функционалдык жактан күчтүү форма (67%) деп табылса, сүйлөмдүн калган мүчөлөрүн уюштурган кыйыр ыңгай формалары функционалдык жактан алсыз форма (33%) деп табылат.

Ал эми **кыйыр ыңгай** үчформадан куралат:

Буйрук ыңгай:	939	44%
Шарттуу ыңгай:	794	37%
Каалоо-тилек ыңгай:	413	19%
Бардыгы	6438	100%.

Көрүнүп тургандай, булардын ичинен функционалдык жактан эң күчтүүсү буйрук ыңгай (44%), күчтүүсү шарттуу ыңгай (37%) жана алсызы каалоо-тилек ыңгай (19%). Ошол эле маалда булар өз-өзүнчө да мүнөздөлөт.

Буйрук ыңгай:

-сын формасы:	374	40%,
-гын формасы:	173	18,4%,
-ың ар формасы:	169	18%,
ң ыз/-ың формасы:	122	12,8%,
-гыла формасы:	41	4,4%,
-ø ₂ формасы:	33	3,5%,
-чы формасы:	27	4,7%.
Бардыгы	939	100%.

Демек, эпосто *-сын* формасы эң күчтүү, *-гын*, *-ың ар*, *ң ыз/-ың* формалары күчтүү, калгандары алсыз деп табылат.

Каалоо-тилек ыңгай:

-алы/-алык формасы:	269	65%,
-айын формасы:	132	32%,
-гы формасы	8	2%,
-гай формасы	4	1%,
Бардыгы	413	100%.

Мында эң күчтүүсү *-алы/-алык* формасы, күчтүүсү *-айын* формасы, калгандары алсыз формага жатат.

Чак формалары:

Өткөн чак	2777	65%,
Учур-келер чак	1332	31%,
Келер чак	183	4%,

Бардыгы 4292 100%.

Мында бардык чактарды басып түшкөнөткөн чак функционалдык жактан эң күчтүү (65%), учур-келер чак күчтүү (65%) жана келер чак алсыз (65%) деп табылат.

Өткөн чак:

-ды формасы:	1536	55%,
-ып/-ыптыр формасы:	808	29%,
-ган формасы	405	15%,
-чу формасы	28	1%,
Бардыгы	2777	100%.

Мында өткөн чактын формалары функционалдык күчү жактан бирдей эместиги көрүнүп турат. Атап айтканда, сүйлөп жаткан учурдан мурда болуп, сүйлөөчү өзү катышкан же көзү менен көрүп күбөсү болгон иш-аракетти билдирген айкын өткөн чактын *-ды* формасы 55% үлүштү ээлеп, функционалдык жактан эң күчтүү деп табылат. Кызыгы, мындан миң жыл мурда жазылган Кашкарлык Махмут бабабыздын «Дивану лугат-ит түрк» аттуу эстелигинде этиштер дал ушул айкын өткөн формасында сөздүккө алынган экен: *ачды, эмди, алды, атылды, ачылды, уктурду, артылды, ыргылды, уйалды* [14:163-311]. Ошол эле маалда функционалдык жактан күчтүүсү (29%) *-ып/-ыптыр* формасы, алсызы *-ган* формасы (15%) жана эң алсызы адат өткөн чактын *-чу* формасы саналат.

Учур-келер чак:

-а формасы:	1071	80%,
-й формасы:	261	20%.
Бардыгы	1332	100%.

Мында функционалдык жактан күчтүүсү деп үнсүз менен бүткөн этиштен кийин келген *-а* формасы (80%) жана алсызы деп үндүү менен бүткөн этиштен кийин келген *-й* формасы (20%) табылат.

Келер чак:

-ар формасы:	149	80%,
-бас формасы:	34	20%.
Бардыгы	183	100%.

Көрүнүп тургандай, арсар келер чактын *-ар* формасы анын терс *-бас* формасына караганда функционалдык жактан төрт эсе күчтүү болот экен.

Жак формалары эки типти ичине камтыйт:

I тип:	2428	48%
-ө ₃ формасы:	1615	66,5%,
-м формасы:	407	16,8%,
-н формасы:	252	10,4%,
-к формасы:	139	5,7%,
-нар формасы:	8	0,3%,
-ңыз формасы:	7	0,3%,
Бардыгы	2428	100%.

Этиштин атоочтук жакталышы делген бул типтефункционалдык жактан эң күчтүүсүдеп *-ды, -са* формаларынан соң келүүчү 3-жактын *-ө₃* мүчөлүү формасы, күчтүүсү деп *-м, -н* формалары, алсызы деп *-к* формасы жана эң алсызы деп *-ң ар, -ңыз* формалары эсептелет.

II тип:	2609	52%
-ө ₂ формасы:	1181	45,3%
-т формасы:	766	29,4%
-мын/-м формасы:	458	17,6%
-сьң формасы:	134	5,1%
-быз формасы:	58	2,2%
-сыз формасы:	9	0,3%
-сьң ар формасы:	3	0,1%
Бардыгы	2609	100%

Бул типте эң күчтүүсү деп *-ган, -ыптыр* формасындагы этиштен соң келүүчү 3-жактын *-ө₃* мүчөсү табылса, күчтүүсү деп *-т, -мын/-м* формалары, алсызы деп *-сьң, -быз* формалары жана эң алсызы деп *-сыз, -сьң ар* формалары табылат.

Мамиле формалары:

-ыл формасы:	561	25,5%,
--------------	-----	--------

-ын формасы:	406	18,9%,
-дыр формасы:	359	16,3%,
-ыш формасы:	343	15,6%,
-т формасы:	302	13,7%,
-гыр формасы:	119	5,4%,
-ыр/-ар формасы:	46	2%,
-ыт формасы:	37	1,7%,
-ыз формасы:	19	0,9%.
Бардыгы	2202	100%.

Көрүнүп тургандай, эпос текстинде кыймыл-аракеттин субъектисиз аткарылышын туюнткан туюк мамиленин *-ыл* формасына негизги басым жасалса, андан соң кыймыл-аракетти субъекти менен объекти бирдей туюнтуу жагын ишке ашырган өздүк мамиленин *-ын* формасына, кыймыл-аракеттин аткарылышына мажбурлоочу субъектин катышкандыгын билдирген *-дыр* формасына жана кыймыл-аракеттин биргелешип аткарышын туюнткан *-ыш* формасына басым жасалып, ага жараша бул формаларга тиешелүү функционалдык күч ыйгарылат экен. Калган формалардын үлүшү жана функционалдык күчү улам кемип олтурат экен.

Жыйынтыктап айтканда, өйдөкү маалыматтар «Манас» эпосундагы этиштин категориялары менен формаларын морфостатистикалык жактан дагы да тереңден иликтөөгө өбөлгө түзөрү бышык.

АДАБИЯТТАР:

1. Абдувалиев И, Садыков Т. Азыркы кыргыз тили. Морфология. Бишкек, 1997.
2. Давлетов С., Кудайбергенов С. Азыркы кыргыз тили. Морфология. Фрунзе: Мектеп, 1980.
3. Бектаев К.Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. Алма-Ата, 1978.
4. Белботаев А.Б. Лингвостатистические характеристики частей речи казахского текста. Алма-Ата, 1992
5. Джубанов А.Х. Квантитативная структура казахского текста (опыт лингвистического анализа на ЭВМ). - Алма-Ата: Наука, 1987.
6. Жубанов А.К. Основные принципы формализации содержания казахского текста. Алма-Ата, 2002.
7. Зекенова А.М. Статистическое анализ лексики драматическая произведений казахского языка. - Алма-Ата, 1990
8. Мырзабеков С. Статистико-лингвистический анализ структуры глагола современного казахского языка. Алма-Ата, 1973.
9. Пиотровский Р.Г. Текст, машина, человек. Л., 1975.
10. Пиотровский Р.Г., Бектаев К.Б., Пиотровская А.А. Математическая лингвистика. М., 1977.
11. Садыков Т. К исследованию квантитативно-лингвистической структуры киргизского текста на ЭВМ. // Известия Академии наук Киргизской ССР. 1979.
12. Статистика казахского текста. - Алматы: Наука, 1990.
13. Статистика казахского текста. - Алматы: Наука, 1973.
14. Divanü luğat-it-türk tercümesi. 1-IV // çeviren: Besim Atalay), -Anrara: 1985-86.

ӨОЖ 37.03

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН - ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

ҚАЛДЫБЕК БӨЛЕЕВ

педагогика ғылымдарының докторы, Ұлттық білім академиясының академигі,
Қазақстанның құрметті ұстазы, Халықаралық Тараз инновациялық институты,
«Жалпы педагогика» кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается вклад Ибрая Алтынсарина в становление и развитие науки казахской педагогики.

Summary. The article examines the contribution of Ibray Altynsarin to the formation and development of the science of Kazakh pedagogy.

Қазақ халқының ұлы ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық әлеміне оның «Қазақ хрестоматиясы», «Мәктубат» (Қазақ тіліндегі хрестоматия), «Шарият-үл-ислам» (Мұсылманшылықтың тұтқасы), «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» және 80-нен аса хаттарынан тұрады. Бұл әлем туралы белгілі әдебиетшілер С. Сейфуллин, М. Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Ш. Ахметов, М.Мырзахметов, тарихшылар С.Аспандияров, Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов, М.Ақынжанов, т.б. мақала түрінде бірнеше еңбектер жазған. Ыбырайдың өмірі мен шығармашылығы тарих, этнография, филология, философия, этика, эстетика, өнер, экономика, әлеуметтану, құқықтану, дінтану, психология, педагогика ғылымдары бойынша зерттеліп, диссертациялар болып қорғалды. Ыбырай шығармашылығы бойынша барлығы 39 диссертациялық жұмыс: 7 – филология: Ә. Дербісалин, Қ. Ж. Жұмағұлов, И.Т.Дүйсембаев, Х. Сүйіншалиев, С.Ш.Хасенова, Б. Шалабаев, Ш.Қ.Сатбаева; 3 – философия: Қ. Бейсембиев, О.А. Сегізбаев, А. Оразбеков; 1 – экономика: Д. Қабдиев; 3 – психология: Қ. Жарықбаев, Қ. Жарықбаев, М.Қ. Ахметова; 25 – педагогика: Г.Т. Алдамбергенова, С.Қ. Әбілдина, Н.С. Әлқожаева, Г.Р. Бахтиярова, Қ.Б. Бержанов, И.Я. Гармс, Р.А. Джанабаева, Ш.И. Джанзақова, К.Б. Жарықбаев, К.Р. Калкеева, С. Қалиев, М. Қозғамбаева, Ш.Қ. Қоқымбаев, К. Құнантаева, К.А. Оразбекова, Э.А. Орынбасарова, Ф.Е. Рысбекова, А.С. Сарсенова, Ә.І. Сембаев, Ә. Сыдықов, Ә. Табылдиев, Т.Т. Тәжібаев, Р.К. Төлеубекова, С.А. Ұзақбаева, Қ.Қ. Шалғынбаева ғылымдар салалары бойынша қорғалғанын анықтадық.

Ы.Алтынсариннің қазақ педагогикасы ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін анықтауда оның педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі бойынша 1949-2021 жылдары шыққан қазақ ғылымдарының жеке еңбектеріне мазмұндық талдау жасау қажет санаймыз. Ондай еңбектер монографиялар, оқу құралдары, түрлі ғылыми конференциялардың материалдары және ғылыми-педагогикалық жинақтар. Олардың ұзын саны, мақалаларды санамағанда – 30-ға тарта екенін анықтадық. Соларға мазмұндық талдау берелік.

Ә.С.Сыдықовтың “Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина” [1] атты кітабы Ыбырайдың педагогикалық мұрасы бойынша тұңғыш жарық көрген еңбек. Онда қазақтың педагог-демократы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық көзқарасы мен қызметіне үлкен нақты материал арқылы талдау берілген. Автор Ы.Алтынсариннің демократиялық көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткен әлеуметтік-экономикалық жағдайға тоқталып, педагог-ойшылдың Қазақстанда бастауыш білім мен техниканың білім беру жүйесін жасауға бастамашы болғаны айтылған.

А.Ф.Эфировтың “Ибрай Алтынсарин” [2] атты кітабы қазақ халқының ұлы педагогы және жазушысы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен педагогикалық қызметін оқырмандарға таныстырады: Орынбордағы орыс-қазақ мектебінде оқыған жылдары, өз бетінше жұмыс істей бастауы; Ыбырай Алтынсариннің бастауыш мектепте мұғалім ретіндегі педагогикалық қызметі; сонан соңғы Торғай облысы мектептерінің инспекторы болғаны, Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары жүйесінің маңызы туралы сөз болған.

Қ.Жұмағұловтың “Қазақ халқының ұлы демократ-ағартушылары” [3] атты кітапшасының екінші тарауында Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметі; ұлы педагогтар еңбегімен таныстығы жөніндегі деректер; оқытушылар семинариясын, қолөнер мектебін ашу жолындағы күресі; жазған кітаптары мен мақалаларына шолу жасаған.

Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі туралы алғаш қазақ тілінде шыққан 1950 жылғы Ә.Сыдықовтың еңбегі [4]. Осы еңбек толықтырылып, 1969 жылы екінші рет жарық көрді. Сол Ә.Сыдықовтың «Ы.Алтынсариннің педагогикалық пікірлері мен ағартушылық қызметі» [5] атты монографиясы алғы сөзден және төмендегідей алты тарау мен тараушалардан тұрады: Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессивтік рөлі; Патша үкіметінің «ағартушылық саясатының» түрлері; XIX ғасырдың 60-жылдарындағы педагогикалық көзқарастар, оның Ы.Алтынсаринге әсері; Осы дәуірдегі ағартушылық қозғалыстың өкілдері; Ана тілі мен орыс тілі жөніндегі педагогикалық ой-пікірлер; Н.И.Ильминский, К.Д.Ушинскийдің идеялары туралы; Алтынсарин – өлкедегі орыс-қазақ мектептерінің, бірінші халықтық мектептердің негізін салушы; Ыбырай Алтынсариннің мектептегі оқу жұмысы, оқытылатын пәндер, оқу әдебиеттері және педагог кадрлар әзірлеу жөніндегі ойлары; Болыстық, ауылдық мектептер; Қазақ қыздарына арналған интернаттар; Қазақ балаларына арнаулы білім беру мәселесі; Алтынсариннің педагогикалық идеялары; В.В.Катаринскийге жазған хаты; Қазақ балаларына орыс тілін үйрету мәселесі;

Методикалық әдебиеттер, оқу пәндерін педагогикалық талдау, оқу жұмысын ұйымдастыру, кітапхана жайы; Пәндерді оқыту; Тәрбие және оның әдістері; Алтынсариннің ағартушылық жолдары; Орыс графикасы негізіндегі алфавитті тұңғыш қолдануы; Орыс тілін үйретудің методикалық нұсқаулары; Орыс-қазақ мектептерінің Алтынсариннен кейінгі халі; Реакцияның зардабы; Ауыл мектептері; Мұғалімдер семинариялары; Большевиктер партиясының халық ағарту және ұлттық мектеп жолындағы күресі; Алтынсарин-педагог, оның қазақ педагогикасындағы орны.

М.Ақажановтың “Қазақ ағартушылары” [6] кітабының үшінші тарауында Ы.Алтынсариннің өскен ортасы туралы; қазақ сахарасындағы мектептердің жай-күйі; Сол кездегі орыс педагогикасының бағыты; В.В.Григорьев еңбектерінің шығыстану саласындағы мәні; Алдыңғы қатарлы орыс революцияшыл-демократтарының үлгілі педагогикалық еңбектерінің Ы.Алтынсаринге ықпалы; Н.М.Ильминский мен Ы.Алтынсариннің арақатынасы, идеялық көзқарастары туралы; Ы.Алтынсарин мектебінің программасы; Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту саласындағы ұйымдастырушылық қызметі баяндалған.

Ағартушы-ұстаз қызметін талдауға келесі еңбек – “Ыбырай Алтынсарин – ағартушы-педагог” [7] кітапшасы. Автор Т.Шойынбаев мұнда қазақ халқының ұлы орыс халқымен достығының мәніне, Ыбырай Алтынсариннің ағартушы-педагогтік тұлғасына, оның ақындығы мен жазушылығының педагогикалық мақсатқа қызмет етуіне, сондай-ақ ұлттық мектеп ашу ісіне әзірлігі, орыс педагогтарынан үйрену жолы, 1864 жылы 6 қаңтарда ашылған тұңғыш мектеп хақнда, мектепте қазақ тілі үшін орыс алфавитін қолданылғандығы, «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты кітаптарының мәніне, қазақ қыздарына арналған тұңғыш мектептің ашылуы мен жастарды оқыту, тәрбиелеу туралы ойларының маңыздылығына, мұғалім қызметін бағалауына, отырықшылық және еңбек туралы ойларына тоқталып, өз тұжырымдарын жасайды.

Ә.Дербісәлиннің “Ыбырай Алтынсарин” [8] монографиясы кіріспе, алты бөлім мен қорытындыдан тұрады. Кіріспедіе Ы.Алтынсариннің өмірінен мәліметтер беріліп, бірінші бөлімде Алтынсарин еңбектерінің зерттелу тарихы, педагогикалық шығармаларын зерттеу, жариялану тарихына басыланысты мәліметтер мен пікірлерге арналған; үшінші бөлімде Ы.Алтынсарин – ағартушы, оның ағартушылық қызметінің қалыптасуы; төртінші бөлімде Ыбырайдың “Қазақ хрестоматиясы” оқулығының ерекшелігі, мақсаты және маңызы; орыс алфавитінің мәні; бесінші бөлімде Ыбырайдың жазушылық қызметінің педагогикалық мақсатымен үндестігі, шығармаларының тәрбиелік мәні, алтыншы бөлімде Ыбырайдың аударма саласындағы еңбектері, олардың ерекшеліктері; жетінші бөлімде Ыбырайдың публистика саласындағы еңбектері, хаттары, этнографиялық тақырыптағы зерттеу мақалалары және газеттегі мақалалары, олардың тәрбиелік мәндері ашылып көрсетілген.

Қ.Жарықбаевтың “Қазақ ағартушылары жастар тәрбиесі туралы” [9] атты еңбегінің екінші бөлімінде Ы.Алтынсариннің философиялық, саяси-әлеуметтік көзқарасы, оның ұлттық мектеп ашу, программалар жасау және оқулықтар жасаудағы рөлі; орыс халқының оқу жүйесі тәжірибесін пайдалануы; орыс тілін меңгерудегі мақсат туралы; оқу-тәрбие процесінің басты міндеттері, тәрбие мақсатындағы еңбектері; Ы.Алтынсаринның жанұя тәрбиесі, ана тәрбиесі жайындағы пікірлері сөз болған.

Т.Т.Тәжібаевтың “Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века” [10] атты монографиясының “Қазақ ағартушыларының педагогикалық идеялары” атты екінші тарауында Ы.Алтынсариннің қоғамдық-педагогикалық қызметі мен педагогикалық идеяларын былай тұжырымдаған: Ыбырай Алтынсарин – бірінші қазақтың көрнекті педагог-ағартушысы. Ол Қазақстанның Ресейге қосылуы – Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің дамуының прогрессивтік дамуын идеялық жағынан қолдады. Сондай-ақ Ыбырайдың “Қазақ хрестоматиясы” және “Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы” оқу құралдарындағы тәлім-тәрбиелік идеяларын оларды талдай отырып, ашып көрсеткен.

Ә.І.Сембаевтың “Қазақ совет мектебінің тарихы” [11] монографиясының “Россиядағы революциядан бұрынғы қазақ мектебі” атты бірінші тарауында Ы.Алтынсариннің ағартушылық көзқарасы туралы автор: “Ы.Алтынсарин аса көрнекті педагог, ағартушы қайраткер болды. Ол өзінің бүкіл өмірін қазақ халқы арасында өнер-білім тарату, оны алдыңғы қуатты орыс мәдениетіне жақындату, орыс халқымен достықты күшейту жолына арнады” деп қорытындылаған.

Қ.Б.Бержановтың “Оқу ағартудағы халықтар достығы” [12] атты монографиясының екінші бөлімінде Ы.Алтынсариннің оқу-ағарту саласындағы қызметі туралы автор: “Ыбырай Алтынсарин жастарды өнер-білімге, мәдениетке үндеуде өзінен кейінгі ұрпаққа сарқылмас мол мұра қалдырды.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұралары ұлттық педагогика ғылымының алтын қорына қосылған елеулі үлес болып табылады” деген сөзі өте орынды баға.

С.Әсіповтың «Ыбырай Алтынсарин – ұлы ағартушы» [13] кітапшасында Ыбырайдың қазақ даласында мектептер ашуы, оған жергілікті және патша әкімдерінің қарсылықтары, мектептер ашудағы қиыншылықтары туралы, оның жазған хаттарының мазмұны, Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінің жарыққа шығуы, Торғай облысы мектептеріндегі инспекторлық қызметі, Торғайда қазақ балаларына арналған тұңғыш қолөнер училищесін ашып, кәсіптік білім берудің негізін салғаны, қазақ даласында алғашқы кітапханаларды ашқаны, Қостанайда ауыл шаруашылық мектебін ашуға өзіне әкесінен қалған 500 десятина жерді өсиет еткені, Ыбырай әңгімелерінің ағартушылық мазмұндары туралы баяндалып, ой-көзқарастары талданған.

Қ.Б.Жарықбаев пен С.Қалиевтің “Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұралары” [14] атты кітапшасында ұлы ағартушы-педагогтың «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» еңбектеріндегі психологиялық және педагогикалық ой-пікірлері өзара байланысты қарастырылған. Сондай-ақ еңбекте Қ.Жарықбаев Ы.Алтынсарин мұрасының зерттелу жайы туралы тұңғыш сөз етіп, оның болашақта зерттеу бағыттарын көрсете келіп мынадай қорытынды айтқан: “Оның педагогикалық асыл мұраларын әр қырынан саралап зерттеу алда да атқарыла бермек”.

Ә.Ламашевтің “Ыбырай Алтынсарин” [15] атты еңбегінде ағартушы-педагогтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері, оның дәуіріне шолу; Ы.Алтынсарин – педагог, халық ағарту ісінің ұйымдастырушы; білім мен тәрбие берудегі Ыбырайдың алға қойған мақсаттары; Ыбырай Алтынсарин – жазушы, ақын, аудармашы, публицист, этнограф; оның этикалық көзқарастары; дін туралы пікірлері; Ыбырай шығармаларының тілі, оның көркем әдебиетте және өнердегі бейнесі; Ы.Алтынсарин мұраларының зерттелу тарихы (1876-1988 жж.) және ол оқыған мектептің тарихы баяндалған.

Ж.Т.Елемесова, А.Р.Ахманов және Б.А.Марданованың “Ғұлама ағартушы-ғалым” [16] атты еңбегінде ағартушы ұстаздың ғалым, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері ретіндегі жұмыстарына жаңаша мазмұнда шолу берілген. Ғұлама ғалымның туған халқының қамы мен әлеуметтік даму тұрғысында сіңірген еңбектерінің заманындағы қазақ зиялыларымен үндестігі баяндалған. Бұл еңбектің тағы бір құндылығы Ы.Алтынсарин заманын жан-жақты сипаттай келе, ол туралы әдебиеттер, мерзімді басылымдардағы мақалалар тізімі берілген.

М.Жармұхамедовтың құрастыруымен 1991 жылы шыққан “Ыбырай Алтынсарин тағлымы” [17] атты жинаққа қазақтың ұлы ағартушысы Ы.Алтынсариннің өз ұлтының болашағын ойлап, көп қиындықпен мектеп ашуы, барша қазақ балаларын білімге шақыруы, оларды оқыту, инспекторлық қызметте болуы, сондай-ақ туыстары, замандастарының және қазақ ғалымдарының ол жайында жазып қалдырған естеліктері мен әдеби-сын мақалалар топтастырылып, мазмұндалған. Онда Ыбырай - қоғам қайраткері; Ыбырай – ағартушы-ұстаз; Ыбырай – ақын, жазушы, ғалым, ол туралы естеліктер мен оның хаттары ғылыми-педагогикалық, әсіресе тәлім-тәрбиелік тұрғыда баяндалғанымен құнды екені айтылған.

Г.М.Храпченков пен В.Г.Храпченковтың “История школы и педагогической мысли Казахстана” [18] атты құралының “Революцияға дейінгі Қазақстанда педагогикалық ойдың дамуы” тарауында Ы.Алтынсариннің қысқаша өмірбаяны, дүниеге көзқарасының қалыптасуы, оның орыс-қазақ мектептерін ашуы, кәсіби білім беретін оқу орындарын ашуы, осылайша оның мектептік білім беру жүйесін жасағаны, Ыбырайдың “Қазақ хрестоматиясы”, “Мактубат”, “Шариат ислам”, “Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы” оқу құралдарының маңызы қысқаша болса да сөз болған.

Н.С.Әлқожаеваның «Ыбырай, Абай, Шәкәрімнің имандылық идеялары» [19] атты оқу құралында Ыбырай, Абай, Шәкәрімнің имандылық идеяларының дамуына қосқан үлесін сөз ете отырып, идеяның шығу генезисін айқындайды.

Құралдың бірінші тарауы «XIX ғасырдың екінші жартысында имандылық идеяларының дамуы» деп аталып, онда қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайда имандылық идеялардың ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде зерттелу деңгейі, имандылық идеясының генезисі, имандылық ұғымына Ыбырай Алтынсариннің көзқарасы және Шәкәрімнің имандылық туралы ой-пікірлері баяндалған. «XIX ғасырдың екінші жартысында ағартушылар мұраларындағы имандылық идеяларды мектептерде пайдалану жолдары» атты тарауда бүгінгі Республика мектептерінде ағартушылардың имандылық идеяларын пайдалану тәжірибесі, олардың мұраларындағы имандылық идеяларды мектеп тәжірибелерінде пайдалану формалары мен әдістері және сол идеяларды оқу-тәрбие процесінде мұғалімдерге, жеткіншек – оқушыларға меңгерту жолдары әдістемелік негізде жүйеленіп,

қарастырылған. Сондай-ақ, онда Ы.Алтынсариннің тәлімдік мұралары қазақ этнопедагогикасы жөніндегі ой-пікірлеріне тоқталған.

Қ.Р.Қалкееваның «Учебники И.Алтынсарина» [20] атты оқу-әдістемелік құралының бірінші тарауында Ы.Алтынсариннің оқулықтарының әдістемелік-тарихи және ғылыми-педагогикалық алғышарттары туралы баяндалса, екінші тарауында Ы.Алтынсариннің оқулықтарының құрылымы, мазмұны және ғылыми-педагогикалық негіздері жасалынған.

Б.Иманбекова «Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен білім беру тарихы» [21] атты оқу құралында Ы.Алтынсариннің мұрасының зерттелуі замандастарының естеліктері, тарихшылар, филологтар, психологтар, философтар, экономистер, педагогтар еңбектеріне талдау жасау арқылы анықталған.

С.Қ.Әбілдинаның «Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы» [22] атты монографиясында мектеп оқушыларына этномәдени білім берудің теориялық-әдіснамалық қағидалары мен тұжырымдары талданып тарихи-мазмұндық жағы толықтырылған. Монографияның «Қазақтың ұлы ағартушыларының тәлімгерлік еңбектері – Қазақстанда білім берудің бастауы» тарауында «Ұлы ағартушы қазақ жастарын оқуға шақырумен қатар, адамгершілікке, достыққа, еңбекке, тапқырлыққа, халқына адал қызмет етуге, яғни адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығарған үндеуі және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынды.

А.Ү.Сужикованың құрастыруымен шыққан «Ыбырай Алтынсарин. Өнер-білім бар жұрттар» [23] атты жинақта Ы.Алтынсариннің өмірі, дүниеге көзқарасының қалыптасуы, оған ықпал еткен ортасы, туған-туыстары, орыс ғалымдары; Алтынсариннің ағартушылық-педагогикалық қызметі, оның шығармашылық қызметі; өлеңдері, олардың тәлім-тәрбиелік мәні ашылып, көрсетілген.

Қ.Бөлеев пен Ж.Саурықованың «Қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұралары» [24] атты оқу құралында авторлар Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі туралы ғалым-педагогтар Ә.Сыдықовтың, Т.Тәжібаевтың, Қ.Жарықбаевтың, Қ.Жұмағұловтың, т.б. ғалым-педагогтардың еңбектеріне мазмұндық талдаулар берілген.

Қ.Қ.Құнантаева мен С.А.Ұзақбаеваның «Қазақ ағартушылары халықтық педагогиканың балалар мен жастардың эстетикалық тәрбиесіндегі маңызы туралы» атты көмекші оқу құралында Ы.Алтынсариннің эстетикалық тәрбиеге байланысты көптеген құнды пікірлер айтқанын оның шығармаларына талдау жасау отырып, көрсеткен [25].

А.А.Бейсенбаева мен Қ.Т.Әтемованың «Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің қалыптасуы» [26] атты оқу құралында «Қазақ ағартушылары мұраларындағы педагогикалық ойлардың дамуы» тарауында Ы.Алтынсариннің хаттарына, олардың ағартушылық маңызына, психологиялық және әдістемелік пікірлеріне тоқталып, Ы.Алтынсарин “Аса талантты педагог, ағартушы, дарынды жазушы, тамаша ақын, жалынды публицист, көрнекті қоғам қайраткері” болғаны айтлған.

Г.Р.Бахтиярованың «Қазақ халқының педагогикалық мәдениеті» атты көлемді оқу құралының қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті – Ы.Алтынсарин шығармашылығының арқауы болғанын оның еңбектеріне талдау жасай отырып “Ы.Алтынсариннің шығармашылығы мен ағартушылық қызметіндегі халықтық принципті ұстанғандығы оқу-тәрбие процесінде халықтық ауызекі шығармашылығын, ән-күйлерін, ұлттық ойындарын, дәстүрлерді, қол өнерді пайдалану тәжірибесінен, ана тіліне, салт-дәстүрлерге деген көзқарасы мен қазақ шежіресі мен діни ілімдер туралы пікірлерінен көрінеді” деп, тамаша қорытынды жасаған [27].

Ағартушы-педагогтың туғанына 125-170 жылдығына арналған түрлі іс-шаралар, педагогикалық оқулар, ғылыми-практикалық республикалық конференцияларды тұрақты өткізу елімізде дәстүрге айналған. Олардың материалдары арнайы жинақтар болып жарық көруде. Мысалы, 1991 жылы Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жыл толуына орай Алматыда «Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұрасы және қазіргі мектеп мәселелері» [28] атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары арнайы жинақ болып шықты. Онда Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұрасын іскерлікпен пайдалану жолдары, қазақ мектебінің дамуының көкейкесті мәселері егжей-тегжейлі сөз болды, педагогика ғылымдарын өркендету хақында құнды ой-пікірлер мен ұсыныстар жасалынған. Сондай-ақ Шымкент педагогикалық облыстық қоғамы «Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жыл толуына арналған ғылыми-практикалық конференциясының материалдарын» [29] жеке жинақ етіп шығарып, таратты. Онда Ы.Алтынсарин қазақ халқының ұлы ағартушысы, педагог, халық ағарту ісінің ұйымдастырушысы, қазақ мектептеріне арналған оқулықтардың авторы, Ы.Алтынсариннің педагогикалық мұраларын студенттерге оқытудың әдістері, Ыбырай қазақ

халқының ұлы ағартушысы, Ы.Алтынсарин және қазіргі қазақ мектептері туралы көкейкесті мәселелер жинақталған.

Сондай-ақ, қазақстандық мерзімді баспасөз беттерінде және педагогикалық оқу-күралдарында 1939-2021 жылдары Ыбырайдың педагогикалық мұрасы бойынша 250-ден аса мақалалар шыққаны белгілі болды. Сонымен қатар, шетелдік ғалымдар: орыс ғалым-педагогтары А. Е. Алекторов, Н.И.Ильминский, Н.А.Константинов, Е.Н.Мединский, М.Ф.Шабаева, Е.Р.Артаманов; америкалық ғалым Эдворд Аллуорт; түркиялық ғалымдар Валиди Туған, Экран Аян, Э. Кара; монғолиялық қазақ ғалым-педагогы Ә. Ашай; өзбек ғалым-педагогтары К. А. Ташмурадова мен М.У. Сағдиева; минскілік ғалым-педагогтар М.А. Станшиц, Н.К.Катович, т.б. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасын зерттеп бірнеше педагогикалық мақалалар шығарғанын анықтадық [30].

Сонымен, жоғарыда талданған еңбектердің негізінде ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин қазақ педагогикасының жалпы негіздерін, тәрбие теориясы, оқыту теориясы мен педагогикалық менеджмент мәселелерін қалыптастыру мен дамытуда аса қомақты үлес қосқандықтан, ол – «қазақ педагогикасы ғылымының негізін қалаушы», яғни «қазақ педагогикасының атасы». Сондықтан осы үлесті болашақта жаңа тұрпатты педагогтар дайындауда және жас ұрпақ пен жастарға ұлттық тәрбие беруде кеңінен пайдалану қажет деп санаймыз. Ол үшін педагог мамандар дайындайтын оқу орындарында «Ыбырайтану» элективті курсы ендіріп, оқыту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ситдиқов А.С. Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина. –Алма-Ата: Казучпедгиз, 1949. –С. 198.
- 2.Эфи́ров А.Ф. Ибра́й Алты́нса́рин. Жизнь и педагогическая деятельность. –Алма-Ата: Казучпедгиз, 1949. –С. 48.
- 3.Жұмағұлов Қ. Қазақ халқының ұлы демократ-ағартушылары. –Алматы: ҚМОҚБ, 1950. -35 б.
- 4.Сыдықов Ә. Ы.Алтынсариннің педагогикалық пікірлері және ағартушылық қызметі. –Алматы: ҚМОҚБ, 1950. -187 б.
- 5.Сыдықов Ә. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. –Алматы: Мектеп, 1969. -156 б.
- 6.Ақынжанов М. Қазақ ағартушылары. –Алматы:“Жаңа өмір” журналының баспасы, 1955.–140 б.
- 7.Шойынбаев Т. Ыбырай Алтынсарин – ағартушы-педагог. –Алматы: ҚМБ, 1955. -27 б.
- 8.Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. –Алматы: Қазақстан, 1965. -220 б.
- 9.Жарықбаев Қ. Қазақ ағартушылары жастарды тәрбиелеу туралы. –Алматы: Мектеп, 1965. -32 б; 1971. -24 б.
- 10.Тажібаев Т.Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. –Алма-Ата: Казахстан, 1965. –С. 164.
- 11.Сембаев Ә.І. Қазақ совет мектебінің тарихы. –Алматы: Мектеп, 1967. -396 б.
- 12.Бержанов Қ. Оқу-ағартудағы халықтар достығы. –Алматы: Мектеп, 1976. -143 б.
- 13.Әсіпов С. Ыбырай Алтынсарин – ұлы ағартушы. –Алматы: “Білім” қоғамы, 1989. -32 б.
- 14.Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұралары. –Алматы: “Білім” қоғамы, 1990. -23 б.
- 15.Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин (Семинарий). –Алматы: Ана тілі, 1991. -120 б.
- 16.Елемесова Ж.Т., Ахманов А.Р., Марданова Б.А. Ғұлама ағартушы-ғалым (Ыбырай Алтынсариннің туғанына 150 жыл). –Алматы: Шарапат, 1991. -60 б.
- 17.Ыбырай Алтынсарин тағлымы: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. М.Жармұхамедов. –Алматы: Жазушы, 1991. -384 б.
- 18.Храпченков Г.М., Храпченков В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана. – Алматы: Кайнар, 1998. –С. 168.
- 19.Әлқожаева Н.С. Ыбырай, Абай, Шәкәрімнің имандылық идеялары. – Алматы: “Комплекс” баспаханасы, 2001. -120 б.
- 20.Калкеева К.Р. Учебники И.Алтынсарина. –Жезказған: ЖезМУ, 2002. –С. 137.
- 21.Иманбекова Б. Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен білім беру тарихы. –Алматы: Қазақ университеті, 2010. -158 б.; Ы.Алтынсарин мұрасының зерттелу жайы // Мәдениет. -2008. -17-25 б.
- 22.Әбілдина С.Қ. Қазақстанда оқушыларға этномәдени білім берудің қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Әрекет-Принт баспасы, 2011. -349 б.
- 23.Алтынсарин Ыбырай. “Өнер-білім бар жұрттар” / Құраст. А.Ү.Сужикова. –Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. -120 б.

- 24.Бөлеев Қ., Саурықова Ж. Қазақ халқы тарихи тұлғаларының педагогикалық мұралары. – Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2015. -154 б.
- 25.Құнантаева Қ.Қ., Ұзақбаева С.А. Қазақ ағартушылары халықтық педагогиканың балалар мен жастардың эстетикалық тәрбиесіндегі маңызы туралы. –Алматы, 1994. -50 б.
- 26.Бейсенбаева А.А., Әтемова Қ.Т.Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірлердің қалыптасуы. – Алматы, 2012. -120 б.
- 27.Бахтиярованың Г.Р.Қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті. –Ақтөбе: “Жұбанов университеті” баспа бөлімі, 2019. -354 б.
- 28.“Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбиелік мұрасы және қазіргі мектеп мәселелері” атты республикалық конференцияның баяндамалары мен хабарламаларының тезистері (Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жыл толуына). –Алматы: Рауан, 1991. -144 б.
- 29.Ы.Алтынсариннің туғанына 150 жыл толуына арналған ғылыми-практикалық конференцияның материалдары / Шығаруға жауапты: Е.Мамараев. –Шымкент, 1992. -54 б.
- 30.Бөлеев Қ. Ыбырай педагогикасы. Библиографиялық көрсеткіш. –Тараз: ХТИИ баспасы, 2021. –39 б.

ӘОЖ 070:325

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

БАЕШОВА Б.Ш.

Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің доцент м.а., ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

Резюме. В статье рассматриваются особенности публицистики просветителя, писателя Ыбырая Алтынсарина. Анализируются труды И. Алтынсарина, опубликованные в первых казахских изданиях.

Summary. The article discusses the features of the journalism of the educator, writer Ybyray Altynsarin. The works of I. Altynsarin published in the first Kazakh editions are analyzed.

Қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштары 1870 жылы жарық көрген «Түркістан уалаятының газетінен», 1888 жылы шыққан «Дала уалаятының газетінен» бастау алғаны мәлім. Аталған басылымдарда сол кезеңдегі қазақтың тұрмыс тіршілігінен хабар беретін жарияланымдар жиі жарық көріп тұрды. Ресей империясының шеңберіндегі өзге де халықтармен қазақтардың да тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне сол тұста жарық көрген мақалалар айтарлықтай өзгерістер әкеле бастады. Тұңғыш қазақ басылымдары халқымыздың ұлттық сипаты мен мәдениетінің жалпы эволюциялық дамуына әсер етпей қойған жоқ. Осы алғашқы басылымдарда көптеген қазақ зиялыларымен қатар Ыбырай Алтынсариннің депублицистикалары жариялана бастады. Ағартушы, ғалым өзінің көзқарастары арқылы ұлттық сана-сезімнің үшқындарын әдебиет пен журналистиканың әлеуметтік рөліне сүйене отырып таныта білді, барынша қазақ аудиториясына әсер етті. Ыбырай Алтынсарин сол кездегі орыстың демократиялық журналист-жазушыларының, қаламгерлердің шығармашылықтарымен, «Отечественные записки», «Современник» журналдарының қызметімен бір қатарда тұрып, ерекше айшықталды. Орыстың қаламы үшқыр жазушыларымен иық тіресе теңесті. Мәселен, сол тұста Ыбырай Алтынсарин мен И.И.Евфимовский-Мировицкийдің арасындағы достық байланысты атауға болады. Екі қаламгер арасындағы рухани сабақтастықтың жарқын үлгісі тарих парақтарында қалды.

Ы.Алтынсариннің публицистикасы сан-қырлы, пікірталасқа негізделген, қазақ халқының жарқын болашағына сара жол салар ойлы болды. Басылым беттерінде қазақтың тұрмыс-тіршілігі, әдеп-ғұрпы мен мәдениетін, саналы өмірін насихаттайтын материалдар орын алды. Ыбырай қазақ даласында бұрын болмаған қазақ демократиялық публицистикасының негізін қалады. Көптеген әлеуметтік-қоғамдық мәселелерге пікір білдіріп, толғақты ойлар қозғады.

Сол тұстағы қазақ публицистикасының негізі мен өзіндік ерекшелігі Ы.Алтынсариннің эпистолярлық шығармашылығы арқылы көрінді. Ы.Алтынсариннің орыс қоғам қайраткерлеріне, зерттеушілері мен ақын-жазушыларына жолдаған хаттары жекешелік сипатына қарамастан халықтың мұң-мұқтажымен байланысып жатты, қазақ қоғамдық ойының маңызды құжаттарына айналып, жалынды публицистикалық стильмен ерекшеленді.

Ы.Алтынсарин 1862 жылғы қаңтар айында жазған хаттарының бірінде қазақ халқының ұлттық сипаты жөнінде былайша толғанады: «Қырғыздар (қазақтар-автортүсінігі) қарапайым халық, алайда біз осы қарапайымдылықтың өзінен көп қайырылымдықты таба аламыз... Қырғыз ақылды, қабілетті, дегенмен білімсіз халық».

Ы.Алтынсариннің шығармашылық мұрасында эпистолярлық жанр үлкен орын алады. Публицистің таңдамалы шығармаларының кітабына тоқсанға жуық хаттары берілген. Ыбырай Алтынсарин хаттарының құндылығы сонда, бұл жазбалар туған халқының қоғамдық тұрмыс-тіршілігінің өзекті мәселелерімен, ағартушылық идеяларымен өріледі. Сол кездегі қым-қуыт өмір, қазақтың мұң-мұқтажы Ыбырай жазбалары арқылы қоғамдық резонансқа айналды. Жазбалар кейіннен ұзақ жылдар бойы қазақ ұлттық публицистикасының басты назарында болған өзекті мәселелер көрініс тапқан болатын.

Ыбырай Алтынсариннің публицистік мұрасында этнографиялық этюдтердің көрнекті орын алатындығы ақиқат. Өнегелі өмірінің әр жылдарында түрлі формаларда жазылған публицистикасы қазақ халқының сол тұстағы дәстүрінің, тұрмыс-салтының, таным-тіршілігінің ерекшеліктерін ғылыми-этнографиялық тұрғыда ғана сипаттаған жоқ. Оның туындылары публицистік шабытпен бейнелеудің үлгісі болып айқындалады.

Қаламгердің жазбалары «Оренбургский листок» газетінде қызмет атқарып жүргенде жарқырай көрінді. 1873 жылдан бастап жарыққа шыққан бұл басылым жергілікті өлкенің жекеменшік басылымы болып табылатын. Бұл апталық газетте өлкедегі қазақтар мен басқа да халықтардың тұрмыс-тіршілігінен жиі хабар-ошар беріліп отырды. Газеттің ұйымдастырушысы және шығарушы редакторы Петербург университетін бітірген түлек, өзінің жақын досы И.И.Евфимовский-Мировицкий еді. Газет бетерінде Ыбырай Алтынсариннің публицистикасы жиі жарияланып тұрды. Қаламгер газеттің өркендеуіне мол тәжірибесі негізінде өзіндік үлесін де қосты. Оның публицистикалары оқырмандарының назарына ілініп, қоғамдық пікір туғызды. Сол кезеңде Ыбырай публицистикасы әдеби құбылысқа айналды. Туған халқының өмір тарихын терең білу, еліне деген патриоттық сезімнің жалындары, жалпы қазақ халқына қатысты барлық мәліметтердің басылым бетінде көрініс табуы аудиторияның кеңеюіне әсер етті. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетін екішеп, аса мағыналы тұжырымдармен насихаттауға орасан мүмкіндік болды. Ыбырай жазбалары арқылы жергілікті халықтың өресін өсіріп, ұлттық құндылықтарға деген мақтаныш сезімдерін оята бастады.

Сол кездегі патшалық жүйенің отаршыл саясаты, қасіретті зардаптары ағартушы-публицисті де бей-жай қалдырмады. Ол өз халқының жанайқайына құлақ түріп, қолдаушы бола білді. Елдің жан күйзелісін терең түсініп, ұғына білді. Бұл тұжырымға 1880 жылғы 7 сәуірде В.В.Катаринскийге жазған хаты дәлел бола алады. «Жуырда мен «Орынбор листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттары туралы мақала жібердім. Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеліп, орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар – келешегі жақсы деп үміт күтіп отырған осы халық - тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың. Осындай ерсі жобаларды естігенде салың суға кетеді. Сондықтан, қолайсыздау істеп отырғанымды біле тұрсам да өзімнің оған қарсы екенімді білдіруге бел байладым» /1/.

М.Фетисовтың 1961 жылы жарық көрген «Зарождение казахской публицистики» деген кітабына қосымша ретінде Ыбырайдың қазақ оқырмандарына беймәлім бес мақаласы жарияланды. Бұлар «Оренбургский листок» газетіне жарияланған. Газетте жарық көрген «Торғай облысының даласынан» деген мақалада отаршыл әкімшіліктің Торғай облысын таратып, басқа губерния, облыстардың біріне қосу туралы жобасына қарсы жазылған. Мақалада қазаққа егіншілікке жарамды, шабындығы мен жайылымдылығы өнімді құнарлы жерлерін өздеріне беру, қазақтың ел болып, жұрт қатарына қосылуына жағдай жасау жөнінде айтылады /2/.

Қазақтың жазба, әдеби-публицистикасының даму бағытын белгілеудегі Ыбырай Алтынсариннің рөлі мен орнын сөз еткен тұста оның араб-парсы тілдері мен орыс тіліне қатысын айқындап алу қажет. Ыбырай Алтынсарин қазақ әдеби тіліне кірме сөздерді, яғни араб-парсы элементтерін кеңінен және өнімді түрде енгізуді қолдамады. Дегенмен, жалпы араб-парсы сөздерінен үзілді-кесілді бас тартты деуге болмайды. Себебі, қазақтың сөйлеу тілінде де, байырғы әдеби тілінде де араб-парсы сөздері едәуір қолданылып келгендігін, олардың көбінің қазақ тіліне сіңіп кеткендігін ағартушы-ғалым жақсы түсінді. Сондықтан ол Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Меніңше, қазақ жазбалары үшін осы тілдің өзінде жоқ сөздердің орнына парсы немесе араб сөздерін алуға болатын тәрізді», – деген ойын білдіреді. Осы айтылған пікірлерге қарағанда, Ыбырай Алтынсарин араб-парсы сөздерін екі жағдайда ғана қолдануды ұсынады: бірі – ежелден еніп, қазақ тіліне сіңісіп,

қолтума болып кеткен, ауызекі сөйлеу тілінде әбден қалыптасқан сөздер тобы. Келесісі – қазақша баламасы жоқ ұғымдардың араб-парсыша атаулары, яғни этимологиясы сол елден қалыптасқан сөздер. Екінші топқа дінге, оқу-ағартуға, әлеуметтік қоғам өміріне қатысты бірқатар сөздерді енгізуге болады. Ыбырайдың жалпы оқу орнын «медресе», мұғалімді «молда» деп атауы, «патса», «патсазада», «уәзір» сияқты әлеуметтік топтардың атауын қолдануы, «ораза», «намаз», «иман», «дуа», «тауба», «жұмақ» тәрізді сөздерді келтіруі осы пікірді дәлелдейді. Ал жаңа сөз жасауда, дерексіз ұғым атауларын атауда – барлығында Ыбырай араб-парсы сөздеріне жүгінбеуді насихаттайды.

Ыбырай Алтынсарин жан-жақты тұлға, бастысы қазақ халқының ағарту ісінде еткен еңбегі еселі. Қалың бұқарасының сауатын ашып, көпшілікті оқу-білімге тартуды өзіне қоғамдық және азаматтық борышы мен қызметі ретінде таныды. Ағартушы-ғалым өз тұсында орын алған діни сауаттылықты емес, азаматтық оқу-білімді қолдады, білімді қалың жұртшылыққа таныс халық тілінде беруді міндет етіп қойды.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ тілін мен әдебиетін дамытудағы рөлі оның ағартушылық қызметімен тікелей байланысты. Ұлы ұстаздың әдеби шығармалары, әсіресе прозалық туындылары оқу кітабы ретінде арнайы жарық көрген. Ыбырай Алтынсариннің қалам тербеменген саласы жоқ. Әдебиеттегі барлық жанрларда шығарма жазған қаламгер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 1957. –232б.
2. Фетисов М.И. Зарождение казахской публицистики. – Алматы, 1961. – С.428-434
3. Жармұхамедов М. Ыбырай Алтынсарин тағлымы. (әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер). – Алматы: Жазушы, 1991. –245б.
4. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин және оның достары мен ізбасарлары. (Тарихи очерктер). – Алматы: Қазақстан, 1998. –212б.

ӘОЖ. 81.241.

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНДЕ Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОҚЫТЫЛУЫ

ҚҰТТЫМҰРАТОВА Ы.А.

Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының доценті,
филология ғылымдарының пәлсапа докторы, Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

Резюме. В этой статье рассматриваются вопросы, о том что произведения Ибрая Алтынсарина обучаются как воспитанию учащихся в учебниках школе и в учебной программе студентов по специальности казахского языка и литературы высших учебных заведениях в Республики Узбекистана.

Summary. This article discusses the issues that the works of Ibrai Altynsarin are taught as education of students in school textbooks and in the curriculum of students in the specialty of the Kazakh language and literature of higher educational institutions in the Republic of Uzbekistan.

Ыбырай Алтынсарин – өз халқына білім беріп, оларды мәдениетті ел қатарына қосуды арман еткен, мектептер ашып, бала оқытқан ұлағатты ұстаз. Өзінің бар өмірін оқу-ағарту саласына арнаған кең тынысты кемел адам болумен бірге, тамаша ақын, әрі аудармашы. Ыбырай Алтынсарин-қазақ балаларына арнап тұңғыш мектептер ашумен бірге, алғаш рет «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық жазған аса талантты ғалым. Бала оқыту жұмысымен кеңінен шұғылданумен қатар, тәлімдік-тәрбиелік өлеңдер жазған. Ол – балаларға арнап әр түрлі тақырыпта көптеген өлеңдер мен шағын әңгімелер жазған жазушы. Әрі, орыс әдебиетінен балаларға арналған көркем шығармаларды аударып, жастардың рухани дүниесіне нәр себуде де қыруар қызмет атқарған. Сөйтіп, көркем шығармаларының бәрінде балаларға білім мен тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге беруді басты мақсат еткен. Сондықтан да, Ыбырай Алтынсаринді «Қазақ балалар әдебиетінің атасы» деп, тілге аламыз.

Ақын өлеңдерінде жастарды оқуға, өнер, білімге шақырумен бірге, табиғаттың тамаша көріністерін өзінің өлеңдеріне арналы арқау, өрісті өзек ете білген. Бүгінгі таңда Ы.Алтынсарин шығармалары барлық Орта Азия мен Түркі мемлекеттерінің қазақ тілі жүргізілетін мектептерінің әдебиет

оқулықтарына енген. Соның ішінде Қазақстан мен етене жақын, ең көрші отырған мемлекет Өзбекстанда да бұл жағдай сүбелі орын алған.

Өзбекстандағы миллионға жуық қазақтардың тіл ерекшеліктері, ондағы аймақтық ерекшеліктердің молдығымен, әрі күрделілігімен көзге түседі. Бұлай деуге негізгі себеп біріншіден: бұл өлкеде қазақ тілінде білім беретін бірнеше мектептер бар. Республикамыздың Жоғары Мәжілісінен шығатын қазақ тіліндегі «Нұрлы жол» үнқағазы бар, сондай-ақ, журналдар, кітаптар, оқулықтар да қазақ сыныптары үшін қазақ тілінде баспадан шығады. Радио, телевидениелерде де қазақ тілінде «Алтын аймақ», «Ата мекен» деген айдармен бағдарлама жүргізілуде. Сонымен бірге бұл өлкедегі қазақ тілі біршама жүйелі зерттеліп келеді. Бүгінгі таңда Өзбекстанда 367 қазақ мектебі бар, содан Қарақалпақстан республикасында 157 қазақ тілі аралас оқытылатын мектептер, 35 таза қазақ тілінде оқытатын мектептер бар. Сол мектептердің 5-11 сыныптарының әдебиет оқулықтарына Ы.Алтынсарин шығармалары енген. Мысалы: Авторлары: Қ.Сейданов, Г.Нишановалардың авторлығындағы 5-сыныпқа арналған оқулықта Ыбырай Алтынсариннің «Өзен» өлеңі мен «Әке мен бала», «Атымтай Жомарт», «Бақша ағаштары», «Өрмекші, құмырсқа, қарылғаш» сияқты аудармалары мен әңгімелері енген.

Ал, Е.Абдувалитов, А.Бектаев, Д.Дүйсебаева, С.Досымбетовалар авторлығындағы 6-сыныпқа арналған оқулықта Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен творчествосы және «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі енген.

Қ.Сейданов, С.Қирабаев, А.Бектаевтар авторлығындағы 10-сыныпқа арналған оқулықта «Үміт еткен көзімнің нұры – балам», «Көптен күткен іс, яғни ұстаздық», «Қазақ хрестоматиясы», «Кел, балалар, оқылық!», «Таулардан өзен ағар сарқыраған», «Еңбекпен табылған дән тәтті», «Мектеп инспекторы» сияқты туындылары кірген.

Бұдан басқа, Қарақалпақстанның Еллікқала ауданында қазіргі 31 санды орта мектеп 1987-2005 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин есімімен аталған. Мойнақ ауданындағы Әли ауылындағы 30 санды мектеп те 1982-2009 жылдар аралығында Ыбырай атамның есіміне қойылып, соң 17 мектеп деп өзгертілген.

Өзбекстанда алты жоғары оқу орнында «Қазақ тілі және әдебиеті» тәлімі бағдары бар. Атап айтсақ: Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика институтында 1954 жылдан бері, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетінде 1953 жылдан бері, Науайы мемлекеттік педагогика институтында 1991 жылдан бері, Сырдария облысы Гүлстан мемлекеттік университетінде, Қарақалпақ мемлекеттік университетінде 1994 жылдан бері, Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институтында 2019 жылдан бері қазақ тілі және әдебиеті мамандарын дайындайды. Соңғы Гүлстан мемлекеттік университетінде, Қарақалпақ мемлекеттік университетінде, Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институтында қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша магистратура бөлімі ашылған.

Осы жоғары оқу орындарының үлгі бағдарламаларына да Ы.Алтынсарин туындылары кірген. Мысалы: бакалавр тәлім бағдарының 2 курс 4 семестірінде өтілетін «Қазақ әдебиеті тарихы» пәнінің жұмыс бағдарламасына Ы.Алтынсарин еңбектері туралы 4 сағат берілген. «Қазақ әдеби тіл тарихы» пәні бағдарламасында да 6 сағат берілген.

Еліміздің президенті Шавкат Мирзиёвтің жоғары білікті мамандарды жетістіруге арналған бастамасымен 2018 жылдан бастап, қырық жылда бірінші рет «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша ғылыми жұмыстар қорғауға жол ашылды. Бердақ атындағы ҚМУ жанындағы 10.00.05. «Азия хәм Африка халықтары тілі мен әдебиеті» бағдары ішінен ашылған бұл кеңесте, бүгінгі күнге дейін 4 оқытушымыз ғылыми жұмыстарын сәтті қорғап шықты. Атап айтсақ : 2018 жылы Ы.Құттымуратова «Қарақалпақстанның Қоңырат ауданы қазақ говоры»; Г.Адилова «Қарақалпақстан қазақтары тілі әдет-ғұрып лексикасының этномәдени сипаты»; 2019 жылы Т.Төртқұлбаева «Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулар поэзиясы»; 2021 жылы Б.Бекниязов «Қарақалпақстандағы қазақтар тіліндегі сомантикалық фразеологизмдердің лингво-мәдени анализі» деген тақырыптарда филология ғылымдары бойынша фәлсафа докторы ғылыми дәрежесін алды. Бұдан басқа да Низами атындағы ТМПУ доценті Е.Абдувалитов «Жалпы орта білім беретін мектептерде туысқан халықтар әдебиетін салыстырмалы түрде оқыту (өзбек, қазақ,қырғыз, қарақалпақ және түркмен тілдерінде оқытылатын мектептердің V-XI сыныптары әдебиет сабақтары мысалында)» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғаған болса, осы университеттің және бір оқытушысы Н. Абдувалитов «Жалпы білім беретін мектептерде әлем әдебиетін тереңдетіп оқыту әдістемесі» тақырыбында қорғап, филология ғылымдары бойынша фәлсафа докторы ғылыми дәрежесін алды.

Жалпы алғанда, қазақ әдебиетінің майталман өкілдерінің бірі болған Ы.Алтынсариннің оқу-білімге, өнерге, адамдық қасиеттерге шақыратын еңбектері қазіргі жастарымыз санасын оятып, отансүйгіштік патриоттық сезім оятары сөзсіз. Сондықтан да, оның шығармаларын оқыту өте маңызды. Болашақта осында жасаушы тіл жанкүйерлері сыпатында ана тіліміз бен әдебиетіміз, мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді жоғалтпай, сақтап ұрпақтарымызға жалғастыра бермекпіз! Өзбекстан Республикасында жасайтын қазақтар тілін саф таза күйінде сақтай алуына және оны әрі қарай өркендетуіне мол мүмкіндіктер жаратылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейданов Қ., Нишанова Г. Қазақ әдебиеті (5-сыныпқа арналған оқулық). – Ташкент, – 2020.
2. Абдувалитов Е., Бектаев А., Дүйсебаева Д., Досымбетова С. Қазақ әдебиеті (6-сыныпқа арналған оқулық). – Ташкент, – 2020.
3. Сейданов Қ., Қирабаев С., Бектаев А. Қазақ әдебиеті (10-сыныпқа арналған оқулық). – Ташкент, – 2020.
4. «Қазақ әдебиеті тарихы» пәні оқу бағдарламасы. – Ташкент, – 2019ж.
5. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» пәні бағдарламасы. – Ташкент, – 2018ж.

ӘОЖ. 81. 357.

Ы.АЛТЫНСАРИН – ЭНЦИКЛОПЕДИСТ ТҮЛҒА

ТОРТКУЛБАЕВА Т.А.

Әжинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, филология ғылымдарының пәлсапа докторы, Қарақалпақстан Республикасы, Нөкіс қ.

Резюме. В статье рассматривается И.Алтынсарин как личность энциклопедиста.

Summary. The article considers I. Altynsarin as a personality of an encyclopedist.

XIX ғасырда қазақ халқының дәстүрлі өнері мен оның тарихи типтерін, ұлттық ойлаудың көркем негіздерін, көркем мәдениеттегі құндылықтар жүйесін және категорияларын эстетикалық тұрғыдан зерттеген ағартушылар тобы болды.

Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан қазақ халқының эстетикалық көзқарастары алғашқы рет қазақ ағартушы демократтары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Абай Құнанбаев шығармаларында теориялық қорытындылауын және одан арғы дамуын тапты. Шоқан Уәлихановтың эстетикалық көзқарастары, біз атап өткендей, оның қоғамдық-саяси және философиялық көзқарастарымен тығыз байланысты болды.

Ш.Уәлихановтың бастаған ісін, педагогика саласында қазақтың екінші ағартушы демократы Ыбырай Алтынсарин жалғастырды. Оның эстетикалық көзқарастары педагогикалық қызметінде көрініс тапты. Ол ағартушылық арқылы қазақ халқының жалпы мәдени деңгейін көтеруге тырысты, сауатсыз адамның эстетикалық құндылықтарға ғана емес, жалпы мәдениеттің ең төменіне де қолы жетпесін айқын түсінді. Ы. Алтынсарин өз халқының көркем шығармашылығын жоғары бағалады және ағартушылық оған өмірдегі де, өнердегі де барлық әсемдікті дұрыс түсіндіруге әрі бағалауға мүмкіндік береді деп санады.

Осы замандас ойшылдардың терең мән беріп талқылаған басты тақырыптары: 1. Қазақ сөз өнерінің ерекшеліктері; 2. Дәстүр мен жаңашылдық; 3. Өнердегі гуманизм мен имандылық мәселелері; 4. Фольклордағы символдық кейіпкерлер; 5. Өнердегі әлеуметшілдік; 6. Ұлтты сүю; 7. Азаматтық ой.

Олар бұл алған бетінен өмірінің соңына дейін қайтқан емес. Озық ой иелері өз дәуірлеріндегі небір қиындықтарға қарамай «мыңмен жалғыз алысып» мақсатқа жету үшін тер төкті. Соның ішінде халықты түбегейлі білім алуға, дүние ілімдерін үйретуге шақырып, үндеп қана қоймай, өмірін сарып еткен тұлға Ыбырай болатын. Ыбырайға дейінгі қазақ халқының арасынан шыққан ұлы ойшылдар мен ақындар мұндай айқын көрінбейтін, олар даладағы қасірет пен кемшіліктер арасында адасатын, өздерінің туа біткен таланттарына, өздерінің данышпандығына қарамастан, жазу құралымен өз халқына бүкіл пайдасын тигізуге күштері болмады.

Тәрбие жұмысы адамгершілігі мол, жаңа ұрпақ тәрбиелеп шығаруға бейімдейді. Ыбырай мәдениет пен білім жолына халқының өте ынталы екенін жақсы ұғады. Бұл оны жігерлендіре

түседі. Сонымен бірге Ыбырай ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздікті де көре білді. Ыбырайдың ағартушылық, демократтық көзқарастары осылайша қалыптасып, дамыды. Қоғамдық әділетсіздік пен адам бойындағы ұнамсыз мінездерге қарсы күресу үшін, ол ел ішінде білім, өнер тарату ісін кеңейте беру керек деп ұғады. Сол ниетпен бар күш-жігерін мектеп ісіне, бала оқыту жүйесін жақсартуға жұмсайды.

Ыбырай мектептер ашу ісімен ғана шектеліп қалмады. Ол сол мектептердегі тәлім-тәрбие, оқу жұмысына айрықша мән берді. Оқу-тәрбие ісін жаңа бағытта ұйымдастырды. Ыбырай туған халқын ерекшесүйді, оның болашағына зор сеніммен қарады. Ел ішіндегі ескішілдік, парақорлық пен өсек-аяң оның жанын күйзелтті. "Заман осылай болған соң, амалын тауып, мүмкіндігі бар жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күресе беру керек" деп санады. Оқулық жасау жолында оқулыққа Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарады. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздеді. Ыбырай балаларды мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды қазақтың өз тілінде басып шығару керек деп білді. Өзі 1876 жылдан бастап "Қазақ хрестоматиясын" жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды. "Қазақ хрестоматиясы" балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллалардан құрастырылды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін деіріктеп кіргізді.

Ыбырай шығармалары, негізінен, автордың педагогтік ой-пікірінің көрінісі есебінде туған. Онда жазушы балаларды өнер-білімге, оқуға, жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеу мақсатын қояды, шаруашылықтың пайдалы түрлеріне көшуге үгіттейді, үстем тап өкілдерінің жағымсыз істерін сынайды. Оның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар», «Қыпшақ Сейітқұл», «Асан мен Үсен», «Ағаш үй мен киіз үй», тағы басқа өлең, әңгімелері тек идеясымен ғана емес, көркемдік болмысымен де ерекше тұрған еңбектер.

Хрестоматияға сонымен бірге сол кездегі орыс оқулықтарынан И.Крыловтың, Л.Толстойдың, К.Ушинскийдің шағын мысалдары мен әңгімелері аударылып берілген. Ондағы ауыз әдебиетінің үлгілері тәрбиелік мәніне қоса тіл дамыту құралы есебінде де пайдалы рөл атқарады.

Сөйтіп, ақын, бір жағынан, жастарды оқуға, білім алуға үндесе, екінші жағынан, оқу, өнер, ғылым-білімге, оның жалпы халық үшін керектігіне ешмән бермейтін ескі көзқарасқа соққы береді. Өмірдегі сарқылмайтын молбайлық – білім екендігін айта келіп, білімге адамның қолы жету үшін, ерінбей оқу, қажымай еңбек ету керектігін түсіндіреді. Ыбырай "Өнер-білім бар жұрттар" атты өлеңінде оқу, білім алудың мақсатын кеңінен сөз етеді. Өлеңнің негізгі идеясы – қазақ қауымына озық мәдениетті елдерді үлгі етіп көрсету. Келешекке сенімі мол Ыбырай өмір көркі, болашақтың иесі – жастар деп ұқты.

Қазақ халқының дарыны мен келешегіне сенген, өзі оқыта бастаған балалардың ұғымталдығынан үлкен үміт күткен Ыбырай кейбір отаршылдықтың салқынына ұрынған адамдардың қазақ туралы пікірлеріне үзілді-кесілді қарсы шығады. Жоғарыдағы хатта ол орыс досына оны сыпайы түрде: «Кейбір ақылдысымақтардың: қазақ – тентек, қазақ – қанішер халық деулері мәңгі-бақи тек қағаз бетіндегі мағынасыз сөз болып қана қала бермек», - деп ескертеді. Ұлы демократ-ағартушының бұл сөзінде отаршылдардың қазақтар жөніндегі озбыр, жат саясатына деген наразылық жатқан еді.

«Оренбургский листок» газетіне (№ 17) 1880 жылы жазған мақаласында Ыбырай патша өкіметінің қазақтардың егіндік, шабындық жерлерін тартып алып, қоныс аударған орыс шаруаларына беру туралы заң жобасына қарсылығына шық білдірді. В.В.Катаринскийге жазған бір хатында осы мәселеге тағы орала отырып, ол: «Осы мақаламда қазақ еліне орыс переселендерін әкеліп орнатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір, меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егерісті дұрыс жүргізе білмесе, онда, айттым да қойдым, қазақтар – келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық – тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың», - деп жазған. Бұл сөздердің негізінде де елдің бүгіндігі, қазақ халқының тұтастығы үшін күрес идеясы жатыр. Елдің, халықтың мүддесіне қайшы істердің бәрі олар жауыздыққа саяды.

Сонымен бірге дін қағидаларын бұрмалап, оны көпшілікке түсініксіз етіп отырған молдаларға қарсы Ыбырай «Шариат-ул Исламды» жазған. Онда ол «бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, екінші жағынан, қазақ жастарына өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің рухына толық сай, діни оқытуға құрал бола алатын» айтып өткен. Оның үстіне автор «Қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуін», «Қазақтың жазба тілінде татар сөздері орынсыз көбеймеуін» ескерген.

Жалпы, қазақ тілінің тазалығы үшін күрес Ыбырайдың ағартушылық, демократтық көзқарасында көрнекті орын алады. Ол қазақтың әдеби тіліне татар, араб, парсы тілдерінен кірген қоспаларды көбейтіп, ұлттық жазба тілді былғаушыларға батыл қарсы шыққан. Қазақтың жазба тілін шұбарлық танарылтудың бір жолын ол ана тілінде кітаптар басу ісін көркейтуден іздейді. «Мәселенің мәнді жері – қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу, қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін бірте-бірте, бірақ шын құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек»-деп жазады.

Ыбырай Алтынсарин халықтың жарқын болашағы үшін ақын, жазушы, публицист, ауыз әдебиетін жинаушы, зерттеуші, педагог, қоғам қайраткері, бір сөзбен айтқанда заман адамы, энциклопедист тұлға бола алды. Алтынсаринның көзқарастарына тән нәрсе – оның халықты шын сүйгендігі. «Қазақ деген – жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның, көп жақсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың борышымыз» – деп, айтты. Ыбырай – халықтың сүйген ұлы - «Барлық қазақ жастары менің соңымда, олар мені жақсы көреді мен қайтіп жалғыз болайын?», – деген болатын. Барлық саналы ғұмырын ағарту ісіне арнаған Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы 17 шілде күні ұзаққа созылған науқастан қайтты.

Қорыта айтқанда, Ы.Алтынсарин Қазақ халқының өзге ұлттан кем болмауын көздеді, соны дәріптеді, өз халқының прогрестік жолы оқу білімде, деп білді. Біз оның бейнесінен қазақ халқының мәдени-экономикалық дамуын, қазақтың ұлт болып бірігуін көкसेген ұлт жанашырын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ы. Алтынсарин. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. –215б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Білім, 1992. –273б.
3. Ламашев Әсет. Ыбырай Алтынсарин (Семинарий). – Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Рысбекова Г.Е. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанда Ы.Алтынсаринның педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметінің дамуы. – Алматы: Жазушы. 2001. –260б.

УДК 576.24

К РЕШЕНИЮ ЗАДАЧИ ТЕПЛОВЫХ УРАВНЕНИИ НАПРАВЛЕНИЕМ ТЕПЛОВЫХ ПОТОКОВ В СПЛОШНЫХ СРЕДАХ ИЛИ МЕТОДОМ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ

Т.Д.КАРИМБАЕВ¹, Н.С.РАПИЛБЕКОВА², У. ЕСМАХАМБЕТ³

¹Центральный институт авиационного моторостроения им. Баранова, г.Москва, РФ

²Международный Таразский инновационный институт, Казахстан, г.Тараз

³Международный Таразский инновационный институт, Казахстан, г.Тараз, магистрант 2-курса

Түйіндеме. Қабатты композициялық материалдарды пайдалану жылу ағынын бақылауға кең мүмкіндіктер ашады. Жекелеген қабаттардағы температураның таралу сипатын қабаттардың термодинамикалық сипаттамаларын және қабаттар арасындағы интерфейсте жылу беру шарттарын таңдау арқылы басқаруға болады. Шешілген нақты мәселелердің нәтижелерін талдау негізінде жалпы ұсыныстар беріледі.

Summary. The use of layered composite materials opens up ample opportunities for heat flow control. The nature of the temperature distribution in individual layers can be controlled by choosing the thermophysical characteristics of the layer and the conditions of heat transfer at the interface between the layers. Based on the analysis of the results of the solved particular problems, general recommendations are given.

Во многих отраслях техники управление направлениями тепловых потоков является задачей, обеспечивающей повышенные эксплуатационные и прочностные характеристики изделия. Таковыми являются, например, теплообменники, теплозащитные покрытия, системы охлаждения и т.д. Можно привести достаточно много примеров, в которых целенаправленно меняется интенсивность тепловых потоков в нужных направлениях. Одни из мощных средств решения такой задачи является применение слоистых конструкций, в которых отдельные слои выполняются из материалов с требуемыми теплофизическими характеристиками (1,2). Наряду с этим известно, что в практике создания слоистых конструкций зачастую технологически не удается обеспечить качественное соединение слоев, что придает границе раздела слоев специфические теплофизические характеристики. В таких случаях налицо естественно нарушение идеальных условий для тепловых потоков. Такие нарушения могут быть обнаружены специальными методами, например, методами томографии, томографии (3). Особо важным решением проблемы управления тепловыми потоками в сплошных средах становится при разработке конструкции с памятью. В связи со сказанным представляется, что изучение влияния различных факторов на характере распространения тепла слоистых средах представляется актуальным. Особое значение эта проблема приобретает с развитием нанотехнологии (4).

Результаты настоящих исследований могут инициировать постановку и решение задач управления направлениями тепловых потоков при решении многих технических задач. В настоящей работе постановлены и решены об идеальном и неидеальном теплообмене между слоями, которые могут внести определенный вклад в решение проблемы управления тепловыми потоками.

Впервые задача с неидеальным теплообменом в слоистых структурах рассмотрена в (5). В работе было показано, что условие неидеального теплообмена приводит на границе раздела слоев к разрыву (скачкам) не только тепловых потоков, но и значений температур в сплошной среде. Актуальность проблемы подтверждается тем, что в литературе появляются исследования в аналогичном направлении. Например, в [6] получено аналитическое решение нестационарной одномерной теплопроводности для полупространств при неидеальном тепловом контакте на поверхности их сопряжения. В настоящей работе задаче рассматривается в более общей постановке – в постановке, позволяющей управлять направлениями тепловых потоков, в том числе, за счет обеспеченности условий неидеального теплообмена.

Список использованной литературы:

1. Зинченко В.Ф. Диагностика пористости стеклопластиков по их теплопроводности // Механика полимеров. 1971, №3. С.193-196.
2. Юдин В.М. Распространение тепла в стеклопластиках // Труды ЦАГИ, 1970. Вып. 1267. 28 стр.
3. Методы неразрушающего контроля изделий и деталей авиадвигателей из ПКМ / Д.В.Афанасьев, Т.Д.Каримбаев, Д.В.Матюхин, Д.С.Пальчиков // Тезисы докладов «XXXIII Всероссийской конференции по проблемам науки и технологий», г.Миасс, 4-6 июня 2013 г. С. 10
4. Пул Ч., Оунес Ф. Мир материалов и технологий. Нанотехнологии. М.: Техносфера, 2006. 334 с.
5. Karimbaev T.D., Rapizbekova N.S., Salina N.V. The Heat Propagation in a Laminate Medium with Ideal and Non-Ideal Heat Exchange between Layers – 2-nd International Conference Advanced Computational Methods in Heat Transfer: 7-9 July, 1992, Milan, Italy.
6. Сазонов В.С. Точное решение задачи нестационарной теплопроводности для двух полупространств при неидеальном контакте // Инженерно-физический журнал. 2006. Т.79. №5, сент.-окт. С.96-87.
7. Рapiлбекова Н.С. Термонапряжение состояние слоистых тел. Дисс. ... канд. Физ.-мат. Наук. Алма-Ата, 1993. 290 стр.
8. Юдаев Б.Н. Теплопередача. М.: Высшая школа, 1973. 359 с.
9. Каримбаев Т.Д., Рapiлбекова Н.С. Метод прогонки в пространственных задачах нестационарной теплопроводности // Конструкций из композиционных материалов. Москва, 2009. Вып. 4. С. 3-17.

ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГОВ ПОСРЕДСТВОМ ТЕХНОЛОГИИ

ГАЛИЕВА С.Ю.

к.п.н., доцент кафедры педагогики и психологии ПГГПУ, г. Пермь

АЛПАНОВА Ж.Б.

магистрант ПГГПУ, учитель школы -гимназии № 87 г.Нур-Султан

Түйіндеме. Мақалада «Action research», «зерттеушілік күзіреттілігі» ұғымдары шетелдік талдаулар мен ғылыми әдебиеттер негізінде қарастырылады. Action research технологиясын түсіну және білім беру ісіне ендіру тәжірибесі сипатталады.

Annotation. This article, based on the analysis of foreign and scientific literature, examines the concept of "Action research", "research competence", describes the experience of understanding and implementing the Action research technology in educational practice.

В современной педагогической литературе использование термина компетентность тесно связано с процессом переориентации образования со знаниевого на компетентностный подход что является необходимым условием модернизации и приведения результатов образования в соответствие с международными стандартами [1,2,3]. Образование в XXI веке меняет свой вектор, обеспечивая переход от «многознания» к качествам личности (компетенциям), востребованным эпохой глобализации. Меняются цели и задачи образования, так как дальнейшее накопление информации ведет к перегрузке учащихся, и задача учителя заключается не в суммировании знаний, а в вооружении учащегося инструментом, который можно использовать для получения этих знаний самостоятельно.

Однако, преследуя педагогическую задачу системного формирования навыков исследовательской деятельности у учащихся, педагог должен сам в значительной мере овладеть комплексом профессиональных компетенций, в т.ч. исследовательской.

Анализ литературы показывает, что категория "компетентность" – не новое, но противоречивое явление в педагогической науке. В конце 1960-начале 1970-х годов. за рубежом, а позже и в отечественной педагогической литературе появились первые статьи и исследования о том, как формировать и развивать те или иные компетенции. В рамках нашей работы наибольший интерес представляет исследовательская компетентность как основа для профессионального развития педагогических работников.

Исследовательская компетентность, по мнению многих педагогов (В.А. Болотов, И.А. Зимняя, Я.В. Кривенко, С.И. Осипова, А.А. Ушаков, Е.В. Феськова, А.В. Хуторской др.) относится к числу ключевых и формируется на основе врожденного качества любого живого существа (в том числе человека) - исследовательского поведения (С. М. Бондаренко, А. Н. Поддяков, В. С. Ротенберг, А. И. Савенков и др.) [4,5].

В своей работе под исследовательской компетентностью мы понимаем целостную, интегральную характеристику личности, готовой занять активную исследовательскую позицию по отношению к своей деятельности и, как ее сущность, проявляющуюся в замене смыслового контекста деятельности от функционального к преобразовательному. Как уже отмечалось, исследовательская компетентность учителя носит деятельностный характер и не может проявляться или оцениваться вне педагогической деятельности.

В педагогической науке и практике к развитию исследовательских качеств педагогических специалистов существуют множеств подходов и форм. В рамках глобализации и иновационного поиска интрес представляет новая технология - Action Research – технология, позволяющий специалистам практикам анализировать, размышлять, и разрешать школьные проблемы методом исследования.

Action Research:

- 1) включает в себя исследовательское действие,
- 2) основывается на конкретных ситуациях,
- 3) развивает рефлексию, основанную на интерпретациях.

Если вернуться к определению данного термина, то в научном обиходе педагогической науки пост-советского пространства термин Action Research и его казахскоязычный и русскоязычный эквиваленты еще не утверждены и до сих пор уточняются:

- исследование в действии,

- мини-исследование, исследование практики в действии («Назарбаев интеллектуальная школа»),

- контекстное исследование (Гаргай В.Б. «Сибирский независимый институт», г. Новосибирск). Но большинство ученых согласны, что цикл Action research состоит из шести этапов:

1) распознавание и установление проблемы. Учитель должен убедиться, что он или она может управлять проблемой.

2). сбор и группировка информации. Учитель должен обязательно использовать несколько источников информации и метод сбора, который имеет отношение к проблеме.

3) анализ и оценка информации. Учитель должен изменить педагогическую практику на основе анализа информации.

4) отражение. Учитель должен выявить динамику и подтверждение выводов.

3. Опыт применения технологии Action research в школах на данный момент значительный, мы в нашем исследовании разберем на примере опыта внедрения технологии Action Research в школах города Нурсултан. Так, педагогами К.М.Жауке, Р.К.Дюсембекова школы-гимназии №22 акимата г.Нурсултан было проведено исследование в действии: «как эффективно организовать систему профессионального развития педагогов внутри школы?». В результате работы многие педагоги смогли осознать, выявить и усилить свои исследовательские навыки («Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения». А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова (Учебное пособие. Алматы 2012)

3.В «Назарбаев Интеллектуальные школы» Action research определяется как сотрудничество между специалистами-практиками и коллегами из университетов. Кроме того в исследовательский процесс вовлекаются и другие участники, задействованные в образовательном процессе: родители, члены школьного сообщества. Сущность Action research на базе школы «Назарбаев Интеллектуальные школы» является подходом, посредством которого специалисты-практики обсуждают и решают школьные проблемы. Данная форма исследования не столько «в» и «про» образование, сколько «для» него. Исходя из этого, назначением учителя является собственное вовлечение в процесс саморефлективного исследования для того, чтобы суметь понять и усовершенствовать собственную практику. Усилия участников Action research направлены на изменение учебной программы, решение проблем в школьной практике и на работу над достижением социальных изменений путем непрерывного процесса постановки проблем, сбора данных, анализа и последующего действия на основе результатов этого анализа. Подход Action research на базе школы «Назарбаев Интеллектуальные школы» связан с исследованием человеческих поступков и социальных ситуаций, в которых оказываются учителя. Импульс к исследованию может возникнуть из ситуации, являющейся в конкретных случаях неприемлемой, требующей изменений, либо определенной практической реакции. В этой связи, Action research посвящен повседневным практическим проблемам, с которыми сталкиваются учителя и, по сути своей, является гибким исследовательским подходом, методология которого определяется как установка на исследование, нежели определенный набор исследовательского инструментария и стратегий («Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения». А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова (Учебное пособие. Алматы 2012).

К примеру, в 1996 г. появился онлайн-журнал Action Research International (главный редактор Bob Dick). Ассоциация Action Learning, Action Research & Process Management Association, Inc. (ALARPM), возникшая в 1991 г. в Австралии, через каждые два года проводит всемирные конгрессы по AR. Ассоциация объединяет учителей, социальных работников, консультантов, академических ученых, менеджеров и студентов, представляющих самые разные науки — как естественные, так социальные и гуманитарные. Она издает журнал (Action Research Case Studies Newsletter — ARCS), научные монографии, материалы семинаров, справочную литературу, тренинги и руко водства.

В Великобритании, все участники образовательного процесса в Samuel Whitbread Academy вовлечены в непрерывный процесс "Исследования в действии" (Action Research): посещение уроков, участие в мероприятиях и исследованиях школы action Research, learning walks, etc. Также особенность образования в Великобритании, это "Learning walks" - дословный перевод " учебная прогулка", суть заключается в том, что с некоторой периодизацией организовываются посещения уроков учениками, с целью оценивания и наблюдения, исследования и постановка проблемы, поиск решений и результат исследования, либо организация обратной связи и рефлексии (feedback) и многое другое.

Таким образом, изучая опыт конктеных школ, мы пришли к вводу, что подход Action research побуждает учителей к процессу систематического размышления над практикой. Основной

предпосылкой данного подхода является то, что все учителя психологически готовы к анализу и решению проблем, связанных с профессией учителя.

Секрет успеха в педагогической профессии заключается в постоянном росте и обучении. Action research для учителей является действенным способом продолжения профессионального роста и обучения на основе практического опыта. Action research начинается буквально там, где в настоящий момент находится учитель, и совершенствует его настолько, насколько он этого желает и стремится.

Мы так же определили, что в зависимости от роли и значения Action research за рубежом выделяют две стратегии или формы Action research. У них разная методология и разный набор употребляемых методов и техник, разная процедурная логика, цели и результаты.

В первой стратегии ведущим началом выступает практическое действие, а научное исследование играет роль бахромы или оправы. Исследование здесь не направлено, как обычно, на получение новых знаний, имеющих ценность для науки или научного познания. Напротив, оно выполняет служебную функцию, поскольку сбор и анализ данных помогают участникам (ученым, клиентам, испытуемым) глубже осознать свои поступки, принимаемые решения и их последствия, узнать друг друга, осмыслить себя и свои действия, возможно, даже измениться в лучшую сторону, стать иным.

Во второй стратегии главным выступает исследование, а практическое действие — всего лишь побочный продукт. Специалисты классифицируют формы AR и по другим критериям. Так, Г. Хузер предлагает различать манипулятивную и партисипативную формы Action research.

AR можно подразделить на исследовательские, которые были рассмотрены выше, и обучающие, которые широко используются в системе среднего образования. Новое знание здесь служит не обогащению науки, а преумножению знаний учителя. Вмешательство действием, к примеру, опробование нового учебного расписания, служит здесь способом извлечения новых идей и знаний о том, как будут вести себя при этом учащиеся и как улучшатся их знания. Без практической интервенции необходимых школьной администрации новых знаний получить не удалось бы.

От других типов научного исследования Action research отличается рядом важных черт:

- активным вмешательством ученого в ход исследования, кор-ректированием, управлением, возвращением к началу, отменой отдельных этапов, влиянием на сознание, поведением и мотивацией респондентов;

- максимально полным и активным участием респондентов (испытуемых, участников) в исследовании, в котором они часто видят средство достижения своих собственных целей;

- респонденты, занимая активную позицию, превращаются в субъектов исследования, равных ученым и заказчиком;

- в процессе исследования происходит обучение, приращение знаний и квалификации, которые респонденты немедленно инвестируют опять в исследование, добиваясь еще более высоких результатов;

- социальным контекстом: AR происходит в реальной жизненной ситуации и нацелено на решение не экспериментальных, а реальных проблем.

Резюмируя, мы можем отметить, что в целом применение в практике преподавания исследования в действии сказывается положительно, и не только в том классе, где проводится исследование, так как становишься более внимательным к себе – как к учителю, так и к учащимся, к их потребностям и нуждам, к процессу обучения и организации конкретного урока. Action research как педагогическая технология и практика позволяет учителю органически формировать у себя навыки исследователя, обеспечивать себя инструментом саморазвития и решения глобальных профессиональных задач.

Список использованной литературы:

1. Блинов, Л.В. Социально-профессиональная компетентность личности – продукт межкультурного взаимодействия/ Л.В. Блинов, В.Л. Недорезова // Педагогическое образование и наука.-2008.-№1.-С.52-56.

2. Баранников А.В. Содержание общего образования [Текст]: компетентностный подход / А.В. Баранников. – М.:ГУ ВШЭ, 2002.

3. Дзюбенко С.В. Исследовательские компетенции учителя: структура, содержание, уровни сформированности\ [\\https://cyberleninka.ru/article/n/issledovatel'skaya-kompetentsiya-magistrantov-trukturno-soderzhatelnyy-analiz](https://cyberleninka.ru/article/n/issledovatel'skaya-kompetentsiya-magistrantov-trukturno-soderzhatelnyy-analiz)

4. Куракбаев К.С. «Action Research» как подход к исследовательской деятельности педагога-практика // Открытая школа. 2013. № 7. С. 28–31.

5. Лернер.П.С. Инструменты поддержки и развития компетентного подхода в образовании старших школьников/ П.С. Лернер //PR в образовании.-2007.-№4.-С.42-50.

6 .Литвиненко, М.В. Подходы диагностирования сформированности профессиональной компетентности будущего специалиста/ М.В. Литвиненко //Стандарты и мониторинг в образовании.-2008.-№2.-С.38-40.

7.Любимов, Л.Л. Компетентный подход и качество общего образования //Экономика в школе.-2008.-№1/2.-С.4-11.

8. «Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения». А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова (Учебное пособие. Алматы 2012)

УДК 894.342

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӨЛЕҢДЕРІНДЕ ЭПИТЕТТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

ЮСУПОВ Б.Б.

Низами атындағы ТМПУ оқытушысы, Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.

ЭСКУЛОВА А.А.

Низами атындағы ТМПУ 2-курс студенті, Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.

Резюме. В статье анализируется использование эпитетов в стихотворениях известного поэта, писателя, первого учителя Ыбырай Алтынсарина.

Summary. This article analyses the use of epithets in the poems of the famous poet, writer, the first teacher Ibray Altynsaryn.

Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ақын. Ыбырай өлеңдерін тілге жеңіл, көңілге қонымды, әрі қарапайым үлгіде жазды. Ақын қолданған сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналары, қызметтері бір-бірімен жымдасып, біртұтас күйге енеді. Ақын өлеңдері көркемділігімен, бейнелілігімен, мағына дәлдігімен және эстетикалық жағынан әсерлілігімен ерекшеленіп тұрады. Ақын өлең жазуда ажарлау, әсірелеу құралдарынан шеберлікпен пайдаланған. Мысалы, халық ауыз әдебиетінен бастап, бүгінгі ақын-жазушылардың да қолдауында жүрген көркемдеуіш құралдардың бірі – эпитеттерді қолдануы.

Ақын «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде:

Мал дәулеттің байлығы

Бір жұтасаң жоқ болар,

Оқымыстың байлығы

Күннен-күнге көп болар [1, 6] – деп, «байлық» ұғымының екі қасиетін салыстыра суреттейді. Біріншісі «мал дәулеттің байлығы» яғни материалдық байлық, екіншісі, «оқымыстың байлығы» яғни рухани байлық. Ақын «байлықтың» екінші қасиетін артық деп біліп, оқырманға оқу-білім жолын таңдауды ұсынады.

Ыбырай Алтынсарин білімді, өнерлі адамдар мен оған қарама-қарсы надан, сауатсыз, көңіл көзі соқыр адамдардың кескін келбетін әшкерелейді. Ақын оқырманға «оқудың» артықшылығын түсіндіру үшін адам адамнан бойындағы қасиеттерімен ерекшеленеді деген тұжырымды алға сүреді.

Оқу білген адамдар

Май тамызған қылыштан... [1, 7] – деген

өлең жолдарында «адамның» бәрінің «қылышынан май тамбайтынын», тек білімдінің, өнерлінің асығы алшысынан түсетінін білуге болады. Өлең жолындағы «оқу білген» тіркесі «адам» ұғымына қосымша сипаттама береді. Ақын сауатты, оқыған, білімді адамды «оқу білген адам» деп атайды.

Бала психологиясы жайында Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлының ой қорытындыларында өзара ұқсастықты, сабақтастықты көруге болады. Абай жетінші сөзінде анадан туған бала екі түрлі мінезбен туады дейді. «Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары,... Біреуі – білсем екен демеклік. ... «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен; үйренсем екен деген» [3, 21]. Абайдың «білсем екен» деп туған баласын Ыбырайдан да табуға болады. Ыбырай «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде:

Білмегенді білуге

Есті бала тырысқан,

Есер бала ұрысқан [1, 7] – дейді. Ақын «баланың» екі сипатын «естісін» және «есерін» тілге тиек етіп, «бала» бойындағыекі мінезді оқырманға көрсетеді. Ыбырайдың «есті бала» деп отырғаны Абайдағы «білсем екен» дейтін бала, «есер бала» дегені «ішсем, ұйықтасам деп тұрады» дегені. Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық» өлеңі XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына желдей есіп, ел-жұртты шарлап, бүкіл қазақ халқын оқуға шақырған ұран болды. Өлеңнің классикалық деңгейге көтерілуінде ақын қолданған эпитеттердің де үлесі мол.

Ыбырай Алтынсарин дүние өзгерістерінен бейхабар жатқан халықтың алдына өнері өрге басқан елдердің мәдени жетістіктерін көлденең тартып, сол елдер өркениеттің кілтін оқу мен өнерден тапты деп біледі. Ақын «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде жастардыөнер үйренуге шақырады. Ыбырай өркениетті ел мен өркениеттен кейін қалған елдердің айырмашылығы өнерінде, мәдениетінде, оқу-білімінде екенін айқындайды.

Өнер-білім бар жұрттар

Тастан сарай салғызды [1, 8]

Ақын «өнер-білім бар жұрттар» деген эпитет арқылы өнері, білімі ілгері басқан елді меңзейді. Өркениетті жұрттың қасиетін көркем бейнелі анықтамамен бейнелейді. Яғни дамыған жұртты «өнер-білімі бар жұрт» деп айырықша көрсетеді. Ақын:

Желкілдеп шыққан көк шөптей,

Жасөспірім достарым,

Қатарың кетті-ау алысқа-ай,

Үмтылыңыз қалыспай! [1, 8]- деп, қазақ жастарына үндеу салады. Өлең жолдарындағы «Жасөспірім достарым» эпитеті өлеңнің эстетикалық қасиетін арттырып тұр.«Жасөспірім достарым» деген жолды ақын жастар, оқушы балалар деген мағынада қолданған. Ақын «дос» деген кең мағыналы ұғымды «жасөспірім» сөзімен тіркестіріп, ауыс мағынада қолданып отыр.

Біз болмасақ, сіз барсыз,

Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды!..[1, 8]

Ыбырай бір құбылыстың сан қырлы сыр-сипатын айқындап көрсете білетін шебер ақын. Ақынның «достары» – жастар, оқушы балалар. Ыбырай«Үміт еткен достарым» деп, өркениетті елдің негізін қалайтын – жастар деп біліп,оларға үлкен үміт артады. Өлеңдегі «үміт еткен достарым» эпитетінде айқындалушы сөз – «достарым», айқындаушы сөз – «үміт еткен» тіркесі. Ыбырай заманы қараңғылыққа, сауатсыздыққа, өнерсіздікке қарсы мызғымас күрестің басталуы еді. Ол күрес – қазақ баласының көзін ашу, оқыту, өнер-білімге үндеу.

Ы.Алтынсаринның «Өсиет өлеңдері», «Әй, жігіттер!» өлеңдерінде әлеуметтік мәселелер сөз болады. Ақынның бұл өлеңдері биік адамгершілік тұрғысынан ұрлық-қарлықты, әділетсіздікті сынап, жалқаулықтың, ескі салттардың зияндылығын көрсетіп, адал еңбектің, адамгершілік қасиеттердің артықшылықтарын бейнелейді.

Азған елдің хандары,

Тақ үстінде отырғандары.

Жарлыдан алып байларға,

Сыйлар берсе керек-ті.[1, 13]

Ақын қоғамы әділетсіз, басшысы сараң елді «азған ел» деп атайды. «Азған ел» көркем бейнелі анықтама.Ақынның «азған елдің қожасы», «азған елдің молдасы», «азған елдің билері», «азған елдің байлары», «азған елдің адамы»деген өлең жолдарынан эпитет қолданудағы шеберлігін байқауға болады.

Ыбырай Алтынсарин — тұңғыш педагог, ұлы ағартушы– деп жиі айтамыз. Ал, оның ақындығына тереңінен үңіле бермейміз. Ол ұлылықты педагогтік қызметімен ғана емес, жазушылығы, ақындығы арқылы да алып тұрғанын баса айтуымыз керек. Ыбырайдың өлеңдерін тақырыптық, идеялық тұрғыдан зерттеумен шектеліп қалмай, өлеңдерінкөркемдік тұрғыдан талдауды да қолға алу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: «Жазушы», 1988. – 320 б.
- 2.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: «Санат», 1997. – 925 б.
- 3.Құнанбаев А. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: «Ел», 1992. – 272 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ ТІЛДІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

ҚАЗЖАНОВ Ғ.Т.

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме. В этой статье рассматриваются вопросы, о том что развитие и становление казахского национального литературного языка и его одним из основоположником является Ибрай Алтынсарин.

Summary. This article discusses the issues that the development and formation of the Kazakh national literary language and its One of the founder is Ibrai Altynsarin

XIX ғасырдың соңғы жылдарында қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің қалыптасу кезеңі басталып, синтезделіп, оның ағартушы-демократтық жаңа әдебиетінің тууымен ұштасты. Осы кезеңде Абай мен Ыбырайдың әдеби-педагогтік қызметі басталып, баспасөз беттерінде, азаматтық тақырыптағы әдебиет үлгілерінде, ауызша әдеби тілді әрі қарай жалғастырушы, қазақтың байырғы ауызша дамыған тілі мен жазбаша сипат алған әдеби тілі жаңа кезеңге көшті. Ал сол кездегі қаламгерлердің көпшілігі мұсылманша сауатты болса, ал Абай, Ыбырай, Шөңгерей, Жаяу Мұса т.б. орысша сауатты, әрі орыс әдебиетін оқитын дәрежеде болған.

Баспасөздің пайда болуы, азаматтық тақырыпта әдебиеттің жарық көре бастауы мен кітап бастыру ісінің өмірге келуі, қазақ даласына жазба әдеби тілді алып келді. Қоғам дамуының бұл сатысы – әдебиет түрлері мен жанрларын кеңейтті. Бұрын екі-үш жанрлы болып келген әдебиет тарауында қоғамдық-публицистика, оқу-педагогика, жартылай ғылыми әдебиет жанрлары пайда болды.

Әдебиеттегі жаңа жанрлар тілімізде жаңа стильдерді туғызды. Осының нәтижесінде әдеби тілдің аясы кеңейіп, мазмұны жаңа сипатқа ие болды. Әдеби тіл эволюциясының жаңа сатыға көтерілуіне халықтың мәдени-рухани дамуының жаңа кезеңге көшуі, оқу-білімнің жаңаша қарқынмен, жаңа сипатта дами бастауын атауымызға болады. Сол кезеңдегі қазақтың классик ақыны Абай Құнанбаевтың, аса көрнекті демократ-ағартушысы, әрі жазушысы Ыбырай Алтынсариннің және жас қазақ зиялыларының озат ойлы өкілдерінің, қазақ әдебиеті мен қазақ тілін зерттей бастаған орыс ағартушылары мен ғалымдарының, қазақтың әдеби тілін ұлттық деңгейге көтеруде үлкен роль атқарды.

Ауызша дамыған әдеби тілден жаңа кезеңдегі әдеби тілдің ерекшелігі оның жазба сипат алуында қызмет аясының кеңеюінде, тұрақталуында, жаңа стильдік салаларға ие болуында, көркем әдебиетте, әсіресе поэзияда көркемдік тәсілдерінің түрленіп жанаруында болды, – дейді Р.Сыздық [1, 239].

Сондықтан, орыс тілінен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерінен алынған сөздерді орыс тілінде жазу принципі XIX ғасырдың II жартысында басталады. Осы кезеңде Ы.Алтынсариннің «Хрестоматиясында» және екі тілдік сөздіктерде, діни кітапшаларда араб-парсы сөздері қазақша берілген. Мәселен, калық, кабар, аулие, садақа, күна, рақым, тозақ, ақыл, пайда т.б. Мұндағы «қ» дыбысының орнына «к» дыбысы қойылып жазылған, ал оқығанда қалық, қабар, садақа, рақым болып оқылған. Мұндай мысалдар Ыбырай шығармаларында, орыс тілінен аударған шағын әңгімелерінде, Абайдың аудармаларында да кездеседі. Ол сөздер негізінен орыс тілінен аударылған шығармалардың тақырыбына байланысты енген сөздер Ыбырай әңгімелерінде де кездеседі. Мысалы: князь, граф, наград, франк, закон, фабрик, завод, судья, жәрменке, товар, приказчик, купес, фонарь, ящик, солдат т.б. тілімізге енген кірме сөздер болатын. Заманның ағымымен олардың кейбіреулері закон-заң, награда-мадақнама, судья-төреші, ярмарка-жәрменке, товар-тауар, ящик-жәшік болып қазіргі кезеңде қазақ тіліне аударылғанымен байырғы әдеби тілде құбылмалы болып қолданылуда.

Жаңа жазба әдебиеттің өзге салаларында қоғамдық-публицистикалық, ғылыми, тіпті діни әдебиет үлгілерін де қамтуға бағыт алды. Бұл салада Ыбырай Алтынсарин прозасының, «Хрестоматиясының», «Жол бастаушы нұсқаларының» [2, 20 б.], кейбір мұсылманша «Шариат-ул ислам» және христиан дініне қатысты діни шығармаларының тілі дәлел болады. Сондықтан, байырғы әдеби тілде де, қазіргі тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби тілде де тиянақсыз сипатта қолданылып жүрген

кейбір сөздер мен терминдер бар. Олар Ыбырай заманындағы лексика-грамматикалық сөздер мен терминдер жаңа әдеби тілде сараланып, тұрақтала бастады.

Сондай-ақ, тіл білімінде стилистикада әдеби тілдің көркемдеу тәсілдерінің жаңа модельдері пайда болды. Мәселен, теңеу, эпитет, метафора, метонимия, синекдоха, антитеза т.б. [3, 21 б.]. Бұл байырғы тіл нұсқалары, негізінен көркем әдебиетке, поэзияға қызмет етсе, жаңа әдебиеттің өзге салаларында ғылыми, қоғамдық-публицистикалық және діни әдебиет үлгілерін қамтуға бағыт алады. Қазақтың ұлттық әдеби тілінің жаңа кезеңін бастаушы Абай мен Ыбырай шығармалары, Шәңгерей Бөкеев, Әбубәкір Кердері, Ақан сері Қорамсаұлы, Нұржан Наушабаев сияқты жазба ақындардың туындылары сол замандардағы қазақтың ұлттық әдеби тілін танытатын тілдік үлгілер болып табылады.

Сонымен қатар, орыс тілінен аударма арқылы енген сөздер тобы көркем әдебиетті құрайды. Бұлар тура мәніндегі аударма шығармалар емес, еркін аудармалар болып табылады. Өйткені, олар қазақша қайта әңгімелеу, қайта жырлау болды. Оларға орыс мысалдарының (басня) аудармалары, Ыбырайдың орысша шағын әңгімелерінің негізінде жазғандары, Абайдың Пушкин мен Лермонтовтан, Крыловтан аударған өлеңдері жатады.

Ал, ұлттық жазба әдеби тіл қазақ халқының сөйлеу тілінен алшақтамай, оны негіз етті. Солай етіп өткен ғасырдың II жартысында қазақтың байырғы әдеби тілінің дамуының жаңа кезеңі басталады. Бұл жағдайда Абай мен Ыбырайдың қызметтері мен қосқан үлестері орсан зор болды. Сондықтан, қазақтың тіл білімінің танымында ұлттық әдеби тілдің негізін қалаушылар Абай мен Ыбырай деген қағида санамызда орнықты. Бұл заңды құбылыс. Өйткені, сол заманның көзі ашық, орысша білім алып, хат таныған сауатты азаматтары және халықты білім алуға насихаттаған және сол үшін өз еңбектерін арнаған саналы ақын-жазушылардың бірі мен бірегейі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы.-Алматы.-2004.-283б.
2. Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку. –Оренбург, -1871,-С.2.
3. Кәрібаева А.Ө. Қазақ тілінің стилистикасы.-Тарах, -2010,-160.

ӘОЖ: 82.09

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

МӘЛІК БИБІНҮР

Халықаралық Тараз инновациялық институтының 3 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доцент м.а., ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается образовательная ценность рассказов Ыбырая Алтынсарина.

Summary. The article examines the educational value of the stories of Ibrai Altynsarın.

Қазақтың XIX ғасырдағы ұлы ағартушысы, ғалым-этнограф, ақын, жазушы, аудармашы, ұстаз, қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсариннің соңында қалдырған мұрасы зерттеушілердің назарын өзіне әр кезеңдерде де аударып келгені анық. Бұған М.Әуезов [1], Х.Сүйіншәлиев [2], Ә.Қоңыратбаев [3], Қ.Мәдібай [4] және т.б. ғалымдардың Ы.Алтынсарин туралы жазып қалдырған ғылыми мақалалары, монографиялық еңбектері дәлел.

Жалпы бүгінгі таңға дейін Ыбырай Алтынсарин шығармашылығы тарих, филология, педагогика, психология, этика тәсілімен ерекшелінетін қазақ зиялыларының ішіндегі бірегей тарихи тұлға екендігі, зор қайраткерлігі С.Аспандияров, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Б. Сүлейменов, М.Ақынжанов, Б.Ысқақов сияқты ғалымдар мен жазушылардың зерттеулерінде жан-жақты зерделеніп сомдалды. Ыбырай Алтынсаринды сыншыл реализм рухында жазылған көркем шығармалары арқылы жаңа туындап келе жатқан көркем қазақ әдебиетінің бесігін тербетіп, оң сапарға жол көрсеткен біртуар ретінде бағалап, шығармаларының тілдік ерекшелігін зерттеген ғалымдардың қатарын С. Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, С.Талжанов, Қ. Жармағамбетов құрайды. Белгілі

түрколог А.Самойлович «Түркі халықтарының әдебиеті» атты зерттеуінде Ыбырай Алтынсаринді жас қазақ әдебиетінің негізін салушы деп таниды.

Ыбырай Алтынсариннің әдеби шығармалары түгелдей дерлік ана тілінде оқырмандарға кеңінен таныс. Оларды бастыру, насихаттау, ғылыми тұрғыдан терең зерттеу бағытында бірқыдыру жұмыстар тындырылды. Солардың ішінен оның педагогикалық көзқарастарын зерттеген Ә.Сыдықовтың, психологиялық көзқарастары туралы Т.Тәжібаевтың, көркем әдебиет саласындағы мұрасын зерттеп, көлемді монография жазған Ә.Дербісәлиннің еңбектерін, сондай-ақ Алтынсариннің бүкіл шығармашылық мұрасын түгел зерттеп, үш томдық толық шығармалар жинағының академиялық басылымына басшылық еткен көрнекті ғалым Бек Сүлейменовтың еңбектерін ерекше атап көрсеткен жөн.

Ы.Алтынсариннің әдеби-шығармашылық мұрасындағы ең тың, ең құнарлы, ең жемісті арна – көркем проза. Ыбырай мен Абайдың арасындағы бұл салада да орын алған ізашарлық ұқсастық, жаңашылдық үлес ортақтығын әдебиет зерттеушілеріміз ертеден-ақ байқаған. Бірақ сонымен қатар олардың бұл салаға келу жолдары мен осы бағыттағы шығармашылық әдіс-тәсіл айырмашылықтарын да ескермеске болмас еді.

Мәселен, Абай өзінің қара сөздеріне ақындық өнері әбден кемелденіп барып, табиғи мәресіне жеткен кезде ойысқан болса, Ыбырай шығармашылық қабілетінің барлық түрлерін ұстаздық қызметіне құрал етіп пайдалану мақсатымен бұл жанрды ерте қолға алған. Оның сюжетті қысқа әңгімелерінің тәрбиелік, тағылымдық сипаты осыған байланысты болып келеді. Өзгені былай қойғанда, «Хрестоматияның» прозалық бөліміндегі қысқа әңгімелердің орналасу тәртібінен де осыны аңғаруға болады.

Айталық, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» атты жиырма жолдық әңгімедегі он жасар бала атасына еріп келе жатқанда, сол атасының нұсқауымен, өрмек тоқып жатқан өрмекшіні, нанның қоқымын сүйреткен құмырсқаны, аузына бір тал шөп тістеген қарлығашты көреді; атасынан олардың мұны не үшін істегендерін білді; өзі содан сәби санасының деңгейінде ғибрат алды. Әңгіме осымен бітті, оның сюжеттерінде басқа өріс жоқ. Демек, эпизодтық көрнекілік мәні басым. Дәл осы сәтте баланың танымы үшін өте маңызды мән.

Ұстаз жазушы қып-қысқа әңгіменің өзі қолданған этюдтік құрылымын өз мақсатына ұтымды пайдаланған. Осыған жалғас «Сәтемір хан», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Бір уыс мақта», «Алтын шеттеуік» сияқты әңгімелердің бәрі сөзден жасалған көрнекілік құрал рөлін атқарып тұр. Бірақ осылардың барлығының да, сайып келгенде, ұлттық көркем прозаның қысқа әңгіме жанрына іргетас бола алатындай бастамалық зор маңызы бар екендігі сөзсіз.

Мұндай әңгімелер бірте-бірте құрылым жағынан күрделіленіп, мазмұны толыса түскен сайын, оқиға желі тартып, көркемдік дәрежесі көтеріле, жанрлық бейнесі айқындала түседі. Бұған алғашқы мысал ретінде «Шеше мен бала» атты әңгімені алуға болады. Біріншіден, мұнда диалог түріндегі драмалық жанрдың нышаны бар. Екіншіден, белгілі бір іс-қимыл арқылы ашылатын кейіпкер характерлерінің элементтері байқалады. Баланың шеше сұрақтарына қайтарған неше дүркін жауаптарынан бала мінезінің ерекшеліктерін танимыз. Әңгімеге кейінірек араласқан қызының сөздері арқылы оқиға жаңа бір өріске қарай өріледі. Біз осы үш кейіпкердің сөздері мен іс-қимылдарынан кәдімгідей сюжетті әңгімеге қарай дамыған шығарма динамикасын көріп отырмыз.

Ыбырай әңгімелерінің ішіндегі мазмұны терең, көркемдік дәрежесі жоғары әңгімелердің бірі – «Бай мен жарлы баласы». Бұл туынды Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылық қызметін білетін әрбір оқырманға жақсы таныс. Сондықтан оның мазмұнын баяндап жатпай-ақ, басқа әңгімелерінен өзгеше кейбір көркемдік ерекшеліктеріне ғана тоқталып өтейік.

Бірақ бұл тұста бір ескертпені айта кетуді қажет санаймыз. Кешегі кеңестік дәуірдегі идеологиялық өктемдік тұсында Алтынсариннің ағартушылық қызметі жөнінде орын алған кейбір жаңсақ пікірлердің ішінде әсіресе, осы әңгіме жөнінде де оның идеялық мазмұнын теріс бағалаушылық, атап айтқанда, жадағай таптық тұрғыдан қараушылық байқалып жүрді. Ол көзқарас бойынша бай баласы міндетті түрде жағымсыз кейіпкер болуы керек еді.

Шындығында Асанның өмірге бейімсіз, жылауық, қорқақ, табансыз болып шығуы тек бай баласы болғандықтан, ал Үсеннің пысық, сабырлы, қиындыққа төзімді, тапқыр, іскер болуы тек кедейдің баласы болғандықтан ба еді? Екі баланың қиыншылық жағдайда екі түрлі мінез көрсетуі олардың шыққан тегіне ғана байланысты болмаған шығар. Үстем тап өкілдерінен, ауқатты адамдар отбасынан да дарынды, ақылгөй, қайраткер өкілдер шығып жатпай ма? Сондай-ақ кедей текті адамдар ішінде де неше түрлі жағымсыз, теріс мінезді пенделер кездеспей ме? Демек, адамның жақсы-жаман болуы оның әлеуметтік тегіне ғана байланысты емес, жеке басының табиғи қабілет-

дарыны үстіне, тәрбие алған ортасына, көрген-білгеніне, тағы басқа нақты жағдайларға да байланысты болса керек.

Бұл жердегі біз үшін маңыздысы – жазушының көшпелі ел тұрмысында иесіз жұртта адасып қалған екі баланы бір тәулік ішінде солардың мінез-құлқы мен қажыр-қабілеті айқын танылатындай жағдайға қоя білген және сол жастағы оқушы балаларға әсер ететіндей тағылымды әңгіме туғызған шеберлігі. Балалардың жол кесіп, көшкен елдің ізіне түсу, қарындары ашқанда тұзақ құрып үйрек ұстау, қармақ жасап балық аулау, қараңғы түнде от жағып, таң күзету сияқты Асан мен Үсеннің өздеріне лайық әрекеттері бізге осыны дәлелдейді.

Алтынсарин әңгімені тек мектеп оқушыларына ғана арнап жазған жоқ. Оның ересек адамдарға деп әдейі жолдаған шығармалары да баршылық. Солардың бірі – «Қыпшақ Сейітқұл». Әңгіменің негізгі идеясы – қысы-жазы мал соңынан еріп, қоныс аударып жүретін көшпелі елді бір жерге орналастырып отырықшы ету, содан кейін шаруа адамдарды диканшылыққа қарай бейімдеу.

Осындай ойға берілген Сейітқұл атты азамат өзінің бір шоғыр ауылдастарын топырағы қолайлы өңірге көшіріп әкеліп, оларды суармалы егін шаруашылығына үйретеді. Осы бастамасы жемісті болып, ақырында ауылда егін, мал шаруашылығы қатар өркендеп, шаруа адамдардың ауқаты артады. Олар артық өнімдерін саудаға шығарып, кәдімгі нарықтық қатынасқа тартылады.

Әңгіменің сюжеті тарихи шындыққа негізделген. Мұндағы жер аттары, елді мекендер мен өкімшілік аймақтары нақты өмірден алынған.

«Хрестоматия» оқулығында қара сөзбен Ыбырайдың өз қолынан шыққан алпысқа тарта шығарма бар. Олар тақырып жағынан да, әдеби-жанрлық түр жағынан да сан алуан. Солардың көпшілігі – шағын көлемді әңгіме, мазмұн жағынан алғанда – мінез-құлықтың, жалпы адамгершіліктің неше түрлі қырлары. Оны «Талаптың пайдасы», «Мейірімді бала», «Зеректік», «Әдеп», «Қанағат», «Әділдік», «Салақтық», «Ақымақ дос», «Жаман жолдас», «Надандық», «Тәкаппаршылық» деген сияқты тақырыптарына қарап-ақ аңғаруға болады.

Жанр жағынан қарастырғанда да, олардың біразын автор ертегі, мысал, ел аузынан алынған аңыз әңгіме түрінде берген. Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді. «Атымтай жомарт» әңгімесінде жазушы халық арасындағы Атымтай жомарт туралы аңыздарға жаңаша мазмұн беріп, өзінше қорытады. Атымтайды ол еңбек адамының үлгісі етіп көрсетеді. Еш нәрсеге мұқтаждығы жоқ болса да, Атымтай ылғи жұмыс істейді. «Күн сайын өз бейнетіммен, тапқан пұлға нан сатып алып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады» [5, 47б.] – дейді ол.

«Әке мен бала» әңгімесінде мынадай бір жай сөз болады. «Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған бір ескі тағаны көріп, баласына айтты: «Анау тағаны, балам, ала жүр», – деп. Бала әкесіне: «Сынып қалған ескі тағаны не қылайын», – деді [5, 32б.]. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайырылып, тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан 3 тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Біраздан соң және бір шие, одан біраз өткен соң және бір шие, сонымен, бала әрбір шие тастаған жерге бір еңкейіп, шие теріп жеді. Ең соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып: «Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Бұдан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың; азға қанағат етпесең, көптен құрқаларсың», – деді. Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, аз жұмысты қиын сынып, бойкүйездікке салынушылық өмірде аз кездеспейді. Бұл – жақсы әдет емес. Сондықтан балалардың бойкүйез, жалқау болмауына, еңбекқор болуына Ыбырай ерекше мән берген.

«Жаздың бір әдемі күнінде бір кісі өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағашты көріп жүрді. «Мына ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неліктен қисық біткен?» – деп сұрады баласы. «Ата-анаңның тілін алсаң, ана ағаштай сен түзу кісі болып өсерсің. Бағусыз кетсең, сен де мына қисық ағаштай болып, бағусыз өсерсің. Мынау ағаш – бағусыз өз қалпымен өскен», – деді атасы. «Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой», – деді баласы. «Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым, бұдан сен өзің де ғибрат алсаң болады, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате жеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзу кісі болып өсерсің», – деді [5, 36 б.].

Ыбырай «Бақша ағаштары» атты әңгімесінде осылай деп жазды. Яғни тәрбиенің үлкен рөл атқаратынын көрсеткен. Соның бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар» деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған. Жастық шақ–жігер-қайраттың мол кезі, бойдағы жақсы қасиеттерді жарыққа шығарып қалатын кез, ол үшін талап керек. Талаптан да, өмірден керегінді ал. «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде Ыбырай сол идеяны көтереді. І Петр патша шіркеуге барып ғибадат етіп тұрғанда, арт жақта бір баланың сурет салып тұрғанын көріп, қасына келіп, не салып жатқанын сұрағанда бала: «Сіздің суретіңізді салып жатырмын!» – дейді [5, 42 б.]. Петр суретті көрсе, мәз еш нәрсесі жоқ екен. Бірақ ақылды Петр патша ол баланың суретке талабы бар екенің аңғарып, сурет салатын оқуға бергізеді. Кейін сол бала үлкен суретші болады. Жазушының бұл арадағы көздегені – жас баланың талабын, сол талаптың арқасында неге қолы жеткенін көрсету, кім талап етсе, сол мақсатына жететіндігін дәлелдеу. Мейірімділік баланың отбасына деген махаббатынан басталады. Әркім алдымен өз ата-анасын, туғандарын жақсы көреді, сыйлайды. Ыбырай ата-ана мен бала арасындағы осындай жылы қарым-қатынасқа ерекше мән береді.

«Мейірімді бала» әңгімесінде 13 жасар қыздың әкесінің орнына, өз қолын кесуді сұрағанын жазады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс істеп, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», – дейді.

Жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде аяғы сынған Сейіт деген бала, ауруы қанша батса да, анасын қиналтпау үшін қабақ шытпағандығы айтылады. «Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көріп, әжем де қиналып, жыламасын деп жатырмын», – дейді ол [5, 55б.]. Алғашқы әңгімедегі қыз да, соңғы әңгімедегі Сейіт те шын мәніндегі мейірімді қылықтарымен ерекшеленеді, мұның негізінде жалпы адамды сүйетін жақсы сезімдер жатыр.

Қорыта келгенде, Ыбырай Алтынсарин – артына мол мұра қалдырған, туған әдебиетіміздің ұлы тұлғасы. Қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналған тарихи қайраткерлердің арасында Ыбырай Алтынсариннің есімі құрметті орында тұр. Көрнекті ағартушы-педагог, ірі жазушы, талантты ақын өзінің саналы ғұмырының бәрін туған халқының бақыты жолындағы күреске арнады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Таңдамалы шығармалар жинағы. –Алматы: Ғылым, 2004.–245б.
- 2.Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. –Алматы: Санат, 1997.– 928б.
- 3.Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. –Алматы:Санат, 1994.– 312б.
- 4.Мәдібай Қ. ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Қазақ университеті, 2004.–270б.
- 5.Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. –Алматы: Жазушы,1988.–317б.

ЭОЖ 811.512

**КЫРГЫЗ ЖАНА ТҮРК ТИЛИНДЕГИ СУБСТАНТИВДИК АТООЧТУКТАР
САДЫКОВ ТАШПОЛОТ**

К.Карасаев атындагы Бишкек мамлекеттик университети,
филология илимдеринин доктору, профессор

СЕВИМ ЯСИН

К.Карасаев атындагы Бишкек гуманитардык университети, аспирант

Түйіндеме. Макалада кыргыз жана түрк тилиндеги заттык маанидеги атоочтуктардын түрлөрү жана салыштырма контексти талкууга алынат.

Аннотация. В статье обсуждаются виды и сравнительный контекст причастий со значением субстанции в кыргызском и турецком языках.

Abstract. The article discusses the types and comparative context of participles with the meaning of time in Kyrgyz and Turkish languages.

Кыймыл атооч маанисиндеги атоочтуктар - кыймыл атоочтор сыяктуу кыймыл-аракеттин, процесстин атын же кыймыл-аракет туюндурган фактыны билдирип, жөндөмө, жак-таандык жана көптүк мүчөлөрү боюнча өзгөрүүчү атоочтуктар [13: 41]. Кыргыз тилинде алар *-ган, -ар, -бас* мүчөлөрү аркылуу жасалат, ал эми түрк тилинде *-(y)an/-(y)en, -dik, -acak/-ecek, -maz* мүчөлөрүндө келет: *Сурап ичкен – суу ичкен (Макал). – Soraya içen – su içen. Акча мындай кетип отурса талаада калары аштан бышык (М.Б.). Para böyle gittiğinde sokakta kalacağı tabii. Кең еш куруп кенке келтире албасына түшүндү (К.Ө.). - Danışmak ile razı oldurılmayacağı duydum.*

Мындай атоочтуктардын табияты жөнүндө түркологиялык илимий эмгектерде ар түрдүү пикирлер айтылып келет. Алсак, окумуштуулардын айрымдары мындай атоочтуктарды субстантивдешкен, тактап айтканда, толук затташкан атоочтуктар деп карайт [1: 423-430; 8: 58-60; 10]. Ал эми кээ бир окумуштуулар заттанган функциядагы атоочтуктар деп бөлүп көрсөтүшөт [6: 102-106; 11]. Окумуштуулардын дагы бир тобу мындай атоочтуктарды кыймыл атоочтук мааниде колдонулган атоочтуктар деп белгилешет [2: 76]. С.Ж. Мусаев аныкталгычы түшүп калган учурда аны аныктап турган атоочтук толук затташып (субстантивдешип) кетет да, анын грамматикалык формаларын кабыл алат. Тескерисинче, эгер аныкталуучу сөз жок болсо, затташуу болбойт жана ал жөнүндө сөз да болушу мүмкүн эмес экендигин, атоочтук заттык гана функцияда болорун туура белгилейт. Мындай атоочтуктарды С.Н.Иванов сыяктуу заттанган функциядагы атоочтуктар деген термин менен атайт [11: 63-64]. Ч.Хидирова заттык функциядагы атоочтуктардын өзгөлүктөрүн андан ары тереңдетип иликтеп, мындай атоочтуктарды заттык функциядагы атоочтуктардын бир тиби катары кыймыл атооч маанисиндеги атоочтуктар деп карап, бул оюн төмөнкүчө далилдеп өтөт. Мындай атоочтуктар, баарыдан мурда, кыймыл атоочтук мааниге өтөт, башкача айтканда, кыймыл атоочтор сыяктуу кыймыл-аракет, ал-абал, процесстин атын билдирет жана жак-таандык, жөндөмө мүчөлөрүн кабыл алат. Ушул жагы менен мындай атоочтуктар зат атоочтук мүнөзгө ээ болот, ал эми бул касиет баарыдан мурда кыймыл атоочторго тиешелүү касиет болуп эсептелет.

Мындай атоочтуктар түрк тилинде да кеңири колдонулат. Демек, эки тилде да атоочтуктар кыймыл-аракеттин атын же фактысын билдирип келгенде кыймыл атоочтук мааниде колдонулат. Бирок мындай касиет бардык эле атоочтуктарга бирдей деңгээлде тиешелүү эмес. Алсак, кыргыз тилинде кыймыл атоочтук мааниде *-ган* формасындагы атоочтуктар өтө көп колдонулса, *-ар, -бас* формасындагы азыраак, *-а, -е (й) +злек* формасындагы атоочтуктар сейрек кездешет. Ал эми *-оочу / -уучу* формасы аркылуу жасалган атоочтуктар мындай мааниде дээрлик колдонулбайт. Ал эми түрк тилинде *-(y)an/-(y)en, -maz* формалары көбүрөөк, *-dik, -acak/-ecek* формалары азыраак колдонулат, башка атоочтук формалар кыймыл атоочтук мааниде дээрлик колдонулбайт.

Кыймыл атооч маанисиндеги атоочтуктар мүнөздүү белгилери:

1. Кыймыл-аракет, ал-абал, процесстин атын билдирет: *Сенин кичине күтө турганың туура (Ч.А.). – Senin biraz beklediğin doğru. Кечинде келбеди, демек, эртең менен келери бышык (М.Б.). – Geceleyin gelmedi, demek, sabahle geleceği şüphesiz.*

2. Жөндөмө, жак-таандык мүчөлөрүн кабыл алат: *Жакшы адам менен жүз көрүшүп калганга не жетсин (Т.К.). – İyi insanlar ile yüz görüşeceye ne yeter. Алардын аткаларына ишенем. - Onların yapacaklarına emin olacağım*

3. Кыймыл атоочтор менен синоним катары колдонула берет: *Бирөө ичерге (ичүүө) суу таппай жүрөө, бирөө кечерге (кечүүө) кечмелик таппайт (Макал).- Birileri içecek (içmeğe) su bulunmаса, birisi geçecek (geçmeğe) geçit bulunmaz. Касымжан аны түшүнөр-түшүнбөсү (түшүүр-түшүнбөсү) бүдөмүк (Э.Т.). – Kasımcan onu duyar-duymаzı (duyar-duymаğı) belirsiz.*

4. Сүйлөмдө ээлик, толуктоочтук, баяндоочтук милдет аткарат: Унчукпаганы – макул болгону. – Susanı - razı olanı. Келгенүүздөн, кабардар болду. - Geldiğünüzden haberimiz olsun.

Сирконстанттык атоочтуктар - Tümlеç görevli sıfat fiiller. Кеп ишмердүүлүгүндө мейкиндик, мезгилдик, себеп, максат маанилерин камтыган атоочтуктар да кеңири колдонулат: *Дүйнөнүл атка мингенде өзүн ажалдан бошонгондой сезді. - Dünyönküл ата bindiğінде kendin ecel' den kurtarılan gibi hissetti. Теңирберди күн ылдыйлаганга дейре Сарыбайды жанынан жылдырбады. - Tenirberdi güneş alçalana değın Sarıbaу' ı yanından bıraktadı. Эки атчан бир дөбөдөн нары имерилип кеткенге чейин тиктеди да. - İki süvari bir tepeden öbür tarafa gidinceye kadar gözlerini almadan baktı. Миң өчүн, кайра миң жанын сүйгөнүм үчүн кимде айып. – Bir kere söniр, bin kere parlayıp sevdiğim için kimde suç.*

Көпчүлүк түркологиялык илимий адабияттарда мындай атоочтуктар затташкан (субстантивдешкен) атоочтуктар менен бирге каралган [1, 436- 439; 3, 240-243; 4: 231; 9]. Н.А.Баскаковдун Каракалпакский язык деген эмгегинде *Акеш өлөндөн кийин ага жаман болду. Жаши чырпыктын ийилгени – сынганы, жаш жигиттин уялганы - өлөңү. Май кармаган бармагын жалайт [1: 438]* сыяктуу сүйлөмдөрдөгү; Грамматика хакасского языка аттуу грамматикасындагы В.Г.Карповдун авторлугу астында жазылган *Этиш бөлүгүндө Чоохтасчатханда мин автобустун парыбысханын көрбүн халгам. – Сүйлөңүл турганда мен автобустун кантип кетип калганын байкабай калгам. Тогынганнарда азырал агылганнар. – Иштегендерге тамак алып келишти [4: 231]* деген сүйлөмдөрдөгү атоочтуктардын бардыгы (затташкан) атоочтуктар деп берилет. В.Н.Тадыкин аталган окумуштуулар сыяктуу эле жогоркудай атоочтуктарды субстантивдешкен атоочтуктар деп атайт. Бирок алардан айырмаланып, субстантивдешкен атоочтуктарды эки типке бөлүп, биринчи типтеги атоочтуктарга нагыз атоочтуктарды, б.а., аныкталгычтары түшүрүлүп айтылгандыктан, затташып келип алардын ордуна колдонулган атоочтуктарды киргизет: *жортын болбас жол бузар, айдын болбас, сөс бузар, уялбаган кам болор, жалкурбаган ус болор. - Жортун бүттөс жол бузар, айтын бүттөс сөз бузар, уялбаган жаман болор, эринбеген уста болор.* Ал эми экинчи типтеги субстантивдешкен атоочтуктарга төмөнкүдөй типтердеги атоочтуктарды киргизет: *Элик тура түжерде, жастыра атканыма ачынадым. – Элик токтой түшкөндө, жаза атканыма өкүнөм. Мен школдо үрөнгөннен бери беш жыл жөттү. – Мен мектепте окуганымдан бери беш жыл өттү.*

Затташкан атоочтуктар менен сирконстанттык атоочтуктардын окшош белгилери:

Экөөнүн тең аныкталгычтары болот. Мисалы: *Коркконго (адамга) кош жүрүнт (Макал).- Korkcağ' a (adam' a) çift görünür.. Илэндинин малы көчкөндө (убакта, маалда) жок болот (Макал). – Çараçulun mal' ı göçtiğінде yok olur.*

Биринчи сүйлөмдөгү *коркконго - korkcağ' a* деген –затташкан атоочтук, ал түшүп айтылган *адам* деген аныкталгычынын ордуна колдонулуп, *ким?* деген суроого жооп берип, заттык мааниде колдонулду. Экинчи сүйлөмдө *көчкөндө - göçtiğінде* деген – сирконстанттык атоочтук, аныкталгычы *убакта* деген сөз, бул атоочтук качан? деген суроого жооп берип, мезгилдик мааниде колдонулду.

Экөө тең көмүскөдөгү аныкталгычтарынын грамматикалык формаларын кабыл алып, алар билдирген маанилерди камтыйт: Сал: *корккон (адам) + -га – коркконго / korkcağ (adam) + -а - korkcağ' a; көчкөн (убак) + -та (-да) – көчкөндө / göçtiğ (vakit) + -inde- göçtiğінде.*

Затташкан атоочтуктар менен сирконстанттык атоочтуктар айырмачылыктары:

1. Эки тилде да затташкан атоочтуктар аныкталгычтары менен бирге колдонулган учурда нагыз атоочтуктарга айланып, алардын ар бири өз алдынча суроого жооп берип, ар башка синтаксистик милдеттерди аткарат. Сал: *Шаунас (ким? – затташкан атоочтук, ээ) иштин жайын билет. – Acele etmez (kim? – adlaştımış sıfat fiil, özne) iş' in gözün bilir. Шаунас (кандай? – нагыз атоочтук, аныктооч) адам иштин жайын билет. Acele etmez (nasıl? – yalın sıfat fiil, belirten) adam iş' in gözün bilir.* Сирконстанттык атоочтуктар аныкталгычтары менен бирге келгенде да ошол маанисинде калып, аныкталгычтары менен бирге бир суроого жооп берип, бир сүйлөм мүчөсүнүн милдетин аткарат. Сал: *Адам ооруганга чейин (качанга чейин? – мезгил бышыктооч) ден-соолуктун кадырын билбейт. – Adam haste olana değın (ne kadar? - tümlеç) sağlığın kadirin bilmez. Адам ооруган мезгилге чейин*

(качанга чейин? – мезгил бышыктооч) ден-соолуктун кадырын билбейт. *Adam haste olan vakif edeğin (ne kadar? - tümleç) sağlığı'nı kadirini bilmez.*

2. Затташкан атоочтуктар маанилик, грамматикалык жактан толук затташса, сирконстанттык атоочтуктар логикалык жактан гана затташат.

3. Затташкан атоочтуктарда заттык маани басымдуу болсо, сирконстанттык атоочтуктарда кыймылдык маани басымдуу болот. Мисалы: *Өзү **тойбостун** (адамдын-кимдин? – затташкан атоочтук) көзү да тойбойт (Макал).- Kendi **doymaz'ın** (adam'ın – kimin – adlaştırmış sıfat fiil) gözü hem doymaz. **Берерим** (эмнем? -нерсем, затташкан атоочтук) жок ага (Т.С.). – **Vereceğim** (nem?- şeyim, – adlaştırmış sıfat fiil) yok ona. Осмонбек ажыга кетеринде (качан? – сирконстанттык атоочтук) болуш шайлатып кеткен (Т.К.) – *Osmonbek haciya gittiğinde (качан? – tümleç görevli sıfat fiil) boluş seçtirip gitmiş.**

4. Затташкан атоочтуктардын аныкталгычтары контекстте конкреттүү болсо, сирконстанттык атоочтуктардын аныкталгычтары ага караганда абстракттуу болот. Натыйжада затташкан атоочтуктар түздөн-түз аныкталгычтарды талап кылса, сирконстанттык атоочтуктар түздөн-түз аныкталгычтарды талап кылбайт. Мисалы: *Сал: **Бутунан жаңылган** (ким? затташкан атоочтук) турат, **тилинен жаңылган** (затташкан атоочтук) турбайт. – **Ayağı'nan yanılan** (adlaştırmış sıfat fiil) durar, **sözünön yanılan** (adlaştırmış sıfat fiil) durmaz. Келгенден бери (качантан бери? – сирконстанттык атоочтук) атасын көрө элек (ооз.к.). - *Geldiği'nden böyle babası'nı**

5. Затташкан атоочтуктарга жөндөмө аатегориясы мүнөздүү, алар бардык жөндөлөрдө толук жөндөлөт. Бардык учурларда бир эле лексикалык маанини туюндуруп турат. Ал эми сирконстанттык атоочтуктар жатыш жөндөмөдө, ошондой эле, жандоочтор, функционалдык кызматчы сөздөр менен айкалышып келгенде атооч, барыш, чыгыш жөндөмө мүчөлөрүн кабыл алат, бирок толук жөндөлүү касиетине ээ эмес. Мисалы:

Затташкан атоочтук	
Кыргыз тилинде	Түрк тилинде
Аракет кылган берекет табат.	Özenenbereketliolur.
Аракет кылгандын берекети болот.	Özeneninbereketiolur.
Аракет кылганга берекети болот.	Özenenebereketolur.
Аракет кылганды ийгилик коштойт.	Özenenibaşarırefakateter.
Аракет кылганга берекети болот.	Özenendebereketolur
Аракет кылгандан берекетке жетет.	Özenenenbereketeyeter

Бул мисалдарда *аракет кылган* деген затташкан атоочтук бардык жөндөмөлөрдө келгенде бир эле мааниде, тактап айтканда, кыймыл-аракетти аткарган адам маанисинде келери ачык көрүнөт. Ал эми сирконстанттык атоочтуктарда мындай касиетке эмес. Мисалы: *Жоо кеткен соң кылычыңды ташка чап – **Cehg gittiğin sonra kılıç'ını taş'a vur** деген сүйлөмдөгү **жоо кеткен соң -- cehg gittiğin sonra** деген түрмөктү алып карасак, мындагы атоочтукту башка жөндөмөлөрдө колдоно албайбыз. Анткени мындай атоочтуктар жөндөлбөйт.*

6. Затташкан атоочтуктар сүйлөмдө, негизинен, ээлик, толуктоочтук, аныктоочтук, айрым учурларда (ээси да, баяндоочу атооч жөндөмөсүндөгү сөздөрдөн түзүлгөн сүйлөмдөрдө) баяндоочтук милдет аткарат: ***Көрбөс** төөнү да көрбөйт. – **Görmez** devein hem görmez. **Айткандын** оозу жаман, **ыйлагандын** көзү жаман (Макал). - **Konuşmanın sözü yaman, ağlayanın gözü yaman.** Алар – **жеңгендер**. - **Onlar - kazananlar.***

Ал эми сирконстанттык атоочтуктар жөнөкөй сүйлөмдө бышыктоочтук милдетти, багыныңкы сүйлөмдөрдө баяндоочтук милдетти аткарып келет: *Касымжан шапкан бойдоң кетти. – **Kasımcan şaştığına gitti.** Ал абышканын басып келаткан дабышын узак замат бурулуп карап, алдын тосо басты. - *O, yaşlı adamın adımların sesini **duyur duymaz** dönerek baktı ve karşılıyarak ona doğru yürüdü. Сен келгенде, ал жок эле. - **Sen geldiyin vakte, o yoktu.****

7. Сирконстанттык атоочтуктар маанилик өзгөчөлөгүнө карай ич ара төмөнкүдөй түрлөргө бөлүүгө болот:

- 1) мезгилдик маанидеги атоочтуктар,
- 2) мейкиндик, орун маанисиндеги атоочтуктар,
- 3) себеп-натыйжа маанисиндеги атоочтуктар,
- 4) максат маанисиндеги атоочтуктар (караңыз бет).

Окшоштуруу, салыштыруу, болжолдоо маанисиндеги атоочтуктар Benzerlik, tahmin anlamlısı fat fiiller. Атоочтуктардын окшоштуруу мааниси жөнүндөгү алгачкы маалыматтар

Н.А.Баскаковдун эмгегинде берилген. Окумуштуу -гандай аффиксин экинчи даражалуу учур-келер чактагы окшоштуруу атоочтук формасы [1, 434, 437] деп белгилейт. Туунду жана тубаса этиш сөздөргө -гаң, -ар, -бас, -оочу, -а+элек аффикстеринин жалганып келиши аркылуу жасалган биринчи даражалуу атоочтук формаларынан айырмаланып, экинчи даражалуу атоочтуктар этиштин биринчи даражалуу атоочтук формаларын уюштуруучу аффикстерге окшоштуруу, салыштыруу маанисин билдирген -дай аффиксинин жалганышы аркылуу түзүлөт –дейт [1: 434]. Д.С.Насыров да -гандай аффиксин экинчи даражалуу учур–келер чак аффикси деп атайт. Дагы бир окумуштуулар -гандай аффикси окшоштуруу, салыштыруу маанисин берүү менен гана чектелбестен, жогоруда белгиленгендей, болжолдоо, күмөндүүлүк, мүмкүнчүлүк [9; 14] маанилерин да билдире аларын белгилешет. Ч.Хидирова окшоштуруу, салыштыруу, болжолдоо маанисиндеги атоочтуктарды атоочтуктардын өз алдынча маанилик түрү катары карап, алардын өзгөчөлүктөрүн башка маанилик түрлөрүнө салыштырып көрсөткөн [13: 59-66].

Кыргыз тилиндеги окшоштуруу, салыштыруу, болжолдоо маанисиндеги атоочтуктар -ган, -оочу/ -уучу, -а,-е (й)+элек формасындагы атоочтуктарга окшоштуруу, салыштыруу маанисин камтыган -дай аффиксинин жалганышы же сыяктуу, сымал, өңдүү жандоочторунун айкашып келиши аркылуу жана -гыдай /-гудай аффикстеринен жасалат. Түрк тилинде -mış, -dik, -ar, -maz мүчөлөрүнө gibi жандоочунун айкашуусу менен уюшулат. Алардын мүнөздүү белгилери төмөнкүлөр:

1) Окшоштуруу, салыштыруу, болжолдоо маанисиндеги атоочтуктар нагыз атоочтуктардан айырмаланып, окшоштурулган, болжолдонгон, салыштырылган кыймыл - аракет, ал-абал менен байланыштуу болгон белгини билдирет. *Asel айласы түгөнгөндөй туруп калды. – Asel çaresiz olan gibi durdu. Жутуп уйчүдөй көрүндү. – Yutar gibi göründü. Имтер адам бакыргандай балбалактар улуп, каң шылап нары-бери чуркап жүрдү. – Köpekler sanki insane bağıyormuş gibi uluyp, çenileyip ileri geri koşturuyorlardı.*

2) Алар тигил же бул чакка тиешелүү салыштырылган, болжолдонгон маанини өзү аныктап, тактап турган заттын, субъектинин белгиси же субъектинин негизги кыймыл-аракетинин кошумча белгиси катары көрсөтүп, кандай? кантип? деген суроолорго жооп берет: *Өзү да алда нерседен корккондой төштү карай арбаң дап чуркап жөнөдү. - Kendisi de pek çokseyden korkmuş gibi yatasa doğru koşarak gitti. Анын кулагына баласы чакыргандай үн угулду. – Ona çocuğu çağırmiş gibi ses duyuldu.*

3) Сүйлөмдө, көбүнчө, аныктоочтук жана бышыктоочтук милдеттерди аткарат.

4) **Окшоштуруу, салыштыруу, болжолдоо маанисиндеги атоочтуктар** жөндөмөлөр боюнча өзгөрбөйт. Бул төмөнкү мисалдан эле ачык көрүнөт: *Анын келгидеи түрү жок. Анын келгидеи жок* түрүндө колдонулбайт.

Жыйынтыктап айтканда, атоочтуктар билдирген лексика-семантикалык маани бир түрдүү эмес. Аларды үч негизги маанилик түргө бөлүп кароого болот: нагыз атоочтуктар, затташкан атоочтуктар жана ар түрдүү маанидеги атоочтуктар. Ар түрдүү маанидеги атоочтуктар ич ара да майда маанилик түрлөргө бөлүштүрүлөт. Алардын ар биринин ички семантикасын тереңдетип иликтөө өзүнчө бир иликтөөлөрдү талап кылат.

АДАБИЯТТАР:

1. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. М: 1952.
2. Батманов И.А. Грамматика киргизского языка. Вып. 3 (Типы отглагольных образований и их функции). Фрунзе: Киргосиздат, 1940. – 72 с.
3. Грамматика азербайджанского языка. Баку: 1971.
4. Грамматика хакасского языка. М: 1975.
5. Дмитриев Н.К. Грамматика кумыкского языка. М-Л: 1940.
6. Иванов С.Н. Очерки по синтаксису узбекского языка. Л: 1959.
7. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. -М-Л: 1956.
8. Кудайбергенов С. Атоочтуктар жана кыймыл атоочтор // Мугалимдерге жардам. Фрунзе: 1956, № 3, 58-64-б.
9. Кыргыз адабий тилинин грамматикасы. Ф: 1980.
10. Мураталиев М., Турсунов А. Кыргыз тилиндеги сүйлөм мүчөлөрү.-Фрунзе: Кыргыз ССР АН, 1961. – 148 б.
11. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: морфология. М: 1988.
12. Хидирова Ч. Кыргыз тилиндеги атоочтуктар. Бишкек: 2006.
13. Turganbaev C. Kırgız Türkçesinde Sıfat-Fiil ve Zarf-Fiil ekleri. Şekil-Anlam-İşlev ve Türkiye Türkçesi ile Karşılaştırma. Konya: 2002.

Ы.АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ

ШАЙМЫРЗАЕВА Б.А., КИСТАУБАЕВА А.Н.

А.Назарбеков атындағы №87 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

Резюме. В статье представлено исследование писателя ЫбырайАлтынсарина.

Summary. The article presents the research of the writer YbyraiAltynsarin.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиеті мұраларын жинақтап, насихаттау мақсатындағы, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты көкейкесті мәселелерді толғаған еңбектері қазақ мәдениеті тарихынан көрнекті орын алады. Өз заманындағы уақыт талабына сай кемел білім алған, талантты қаламгер, білікті ұстаз қазақ әдебиеті мен педагогикасы саласында соны көзқарас, тың қадамдарымен дараланды. Дәстүрлі тақырыптардағы өлеңдермен қатар ғылым мен білім жетістіктеріне, жаңа заманның ағымына қатысты елді ілгері бастыратын, ойлы озық шығармалары қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған бағытты ашқандай еді. Білім, талап, еңбек пен зейнет тақырыбы енді Ыбырай Алтынсарин шығармаларында әдебиеттің жаңа дәстүр арнасында өрбіді. Ақынның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер, білім бар жұрттар» секілді өміршең ойлы шығармалары күні бүгінге дейін қазақ әдебиетінің тарихынан лайықты орнын алды. Халықты өнер мен білімге үндеген ондай терең ойлы туындылар сол замандағы қазақ халқының әлеуметтік жағдайынан туындаса, одан былайғы кезеңдерде жаңа толқынның рухани бағдарламасына айналды.

Ыбырай Алтынсарин 1861 жылы Торғайда мектеп ашуға рұқсат алғанда, қазақ даласындағы патшалық басқару реформасының түпкілікті жеңген тұсы еді. Бұл мектепті ол көп күшпен тек 1864 жылы ғана аша алды. Осы кезеңнен бастап Ыбырай Алтынсарин өмірінің екінші бетбұрысты кезеңі әрі ең жемісті шығармашылық жылдары басталды. Сол тұстағы педагогикалық қызметті, халыққа білім беру ісін жүйелі түрде, сауатты жүргізіп, өзінің қаламгерлік ізденістерімен де ұштастырып, байытқан санаулы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин мектебі мен дәстүрі ерекше жарқын із қалдырды. Діни тәлімді зайырлы білім мен тәрбие беру мектебінен алғаш ажыратып, жаңа үлгідегі мектеп бағдарламаларына ден қойған ұстаз Ыбырай Алтынсарин еді. Ол қазақ поэзиясына өз ойымен, ұстаздық тәлімдік көзқарасымен, өзіндік тақырыптарымен келді. Қазақ қоғамының тіршілігіндегі әлеуметтік сарынның сыншыл шыншыл сипатын жаңа әдебиет тілінде аша білді. «Азған елдің хандары» деп басталатын өлеңі ақынның сол тұстағы саяси көзқарасын айқын танытады.

Азған елдің байлары,
Ұлық тұтар басын-ай.
Қайда дәулетті адам болса,
Берер соған асын-ай.
Көзін сүзіп бір кәріп,
Төгіп келсе жасын-ай,
Бермек түгел, бейшараны
Масқара қылса керек-ті.

«Бұл тақырыптағы шығармалары қазақ өлеңінің өз тұсындағы дәстүрін сақтаумен бірге, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ақындарының бір тобы ұстанған ұлттық мұратты айқын мегзейді. Бұған дейін қарудың ұшымен, халықтың күшімен бой сақтап, ел қорғаймыз деген ниеттегі отаршылдыққа қарсы күніреніп, күйінген, сонымен бірге іш қазандай қайнаса да, күресерге дәрменсіздікті де сезген жырлардың орнына, енді оқу-білім, халықты сауаттандыру, ағарту мақсатын көздеген туындылар сөзі алға шыққандай еді» [1, 476].

Ыбырайдың ел, жер, ұлт тағдыры туралы көркем әдеби шығармалары да қазақ әдебиетінің осы үрдісімен іштей тамырласып, үндесе шығып отырды. Бұл ұлттық әдебиеттің тұтастығы мен замана көшіне сай тіл ұстартып, қайрат көрсетіп отырғандығының белгісі. Ыбырай өлеңдері бұл орайда өзінің көркемдігінің, тіл оралымдылығының үстіне тақырып жаңалығымен, ғасырмен парықтас интеллектуальдық парасатымен ерекшеленді.

Әлпештеген ата-ана
Қартаятын күн болар.
Қартайғанда жабығып,

Мал таятын күн болар.
Ата-енен қартайса –
Тіреу болар бұл оқу.
Қартайғанда мал тайса –
Сүйеу болар бұл оқу, –
деген. Ыбырай:

Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз қалыспай,–

десе де ақын насихаты ұлт мүддесінен туындайтыны айқын. Ақын өлеңдері ой қанықтығымен, халық даналығын ұтымды кіріктіруімен де тілге жеңіл, түсінікке оңтайлы шығып отырады. Насихат өлеңдермен бірге табиғат лирикалары қазақ әдебиетінің тарихында өзгеге ұқсамас өрнегімен, әуезімен берік орын алады.

Сәуірде көтерілер рахмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы...
Үшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы, –

деген кестелі зерлі жолдармен басталатын «Жаз» өлеңі қазақ поэзиясының үздік туындыларының қатарынан саналады. Ыбырай Алтынсариннің әңгіме, көркем хикаяттары жаңа әдебиеттің бастау арнасындағы проза жанры саласындағы шеберлік тұрғысындағы алғашқы көркем туындылардың қатарында айырықша бағаланады. «Қыпшақ Сейіткүл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Аурудан аяған күштірек», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», тағы басқа көркем прозалық шығармалары XIX ғасыр әдебиетінің шынайы да, талантты мұрасы ретінде әдебиет тарихынан түпкілікті орын алады. Ыбырай Алтынсариннің поэзия, проза жанрларындағы туындылары шынайы көркем бітімді, талантты шығармалар болумен бірге, автордың педагогтық парасатының шұғыласымен нұрланған өзгеше бөлек бітімді ұстаздық дастан сынды тәрбиелік мәні терең жазбалар. Бұл орайда оның әрі жазушылық, әрі ұстаздық таланты табиғи жарастылықпен кіріге келіп, өзгеге ұқсамайтын дара бітімді әдеби шығармалардың тууына жол ашқан. Қазақ әдебиеті тарихында да Ыбырай Алтынсарин мұрасы осы сипатымен қадірлі.

Қазіргі кезде қазақ әдебиетінің тарихы әріден, біздің дәуірімізге дейінгі уақыттан басталып оқытылып жүр. Қазақстан жерін мекендеген арғы замандардағы халықтардың рухани мұрасы–қазақ халқының да еншісі. Сол орайда арғы әдебиет, орта ғасырлардағы түрік әдебиеті бастан кешкен өркениет, өрлеу дәуірлерінің бар тарихы біздің қазіргі төл әдебиетіміздің де тарихы. Ол тарихта жазу мәдениеті де болды, жазба әдебиет те болды. Тарихтың ұлы көшінде қазақ халқының дербес мемлекеті қазақ хандығы тұсында жазба өркениет жаугершілік замана ағымына орай ауызша өркениетпен алмасты.

Ендігі өріс – бірнеше ғасырлық өріс негізінен ауызша әдебиеттің өрісі болды. Бұл жөнінде басы ашық айғақ та мол, айтылған сөз де аз емес. Қазақ хандығы тұсында жазба мәдениеттің болуы да даусыз, алайда бізге тасқа басылып жеткен әдеби мұра жоқ. Ол замандардың әдебиет нұсқалары кейінге ауызша ғана сақталып жетті.

XIX ғасыр әдебиетіндегі, Ыбырай Алтынсарин шығармашылығындағы жаңа беталыс, бағыты, бағдарлар туралы аударма маманы, аударма теоретигі Сәйділ Талжановтың пікірлері сол әдебиеттің жанрлық сипаттамасын жасауда ойда болатын қысындар. С.Талжанов: «Қазақ елінің оқығандары дүниежүзілік мәдениетті меңгеруге XIX ғасырда-ақ жұмыла кірісті дей келіп, Ыбырайдың орыс әдебиетінен аудармаларының жанрлық ерекшелігіне айрықша тоқталады. Ыбырайдың аудармадағы қайсыбір тәсілі, еркін аударуы, қайсыбір тұста тақырыбын, кейде мазмұнын өзгертіп беруі, шығарманың баяндау тіліндегі өзіндік өрнектердің басым болуы, сол себепті аударманың кейде төл шығарма болып қабылдануына тоқталады»[2, 34б.].

Осы тұста Ыбырай өзінің аудармаларында Шығыс әдебиетіндегі нәзира дәстүрін еркін қолданып, нәзира жанрындағы шығармаларды туғызған деп айтуға болатын сияқты. Көп уақыттар бойы қазақтың XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиеті тек орыс, еуропа үлгісінде туып қалыптасты деген пікір басым болды. Осы мәселе, әсіресе, Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармаларына

қатысты көп айтылды. Сөз жоқ, Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясында» орыс жазушыларының шығармаларын аударып берді. Көптеген шығарманың жазылу жөні, құрылымы да орыс әдебиетінен ауысқан.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының ұлттық, халықтық негізі де біршама айтылды. Ал Ыбырай және Шығыс әдебиеті деген мәселені арнайы сөз еткен Ш.Сәтбаева еді. Негізінде, бұл жай кеңіте зерттеуге зәру.

Шәмшиябану Сәтбаева «Ы.Алтынсарин өрнектерінің кейбір сырлары» атты зерттеуінде былай деп атап көрсетеді: «Алтынсарин қызметінің ағартушылық-демократияшылдық мазмұны мен бағыты оның Батыс Европа және Шығыс әдебиеттері үлгілеріне де творчестволық қатынасын, көзқарасын анықтап, белгіледі. Мұны мысалы халықаралық кейіпкерлер саналатын Ескендір-Александр Македонский, Дәуіт, Сүлеймен туралы оның өлең шығармаларынан, басқа елдердің өмір-тұрмыстарынан алып жазған кейбір әңгімелерінен көруге болады» [3, 123б.].

Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен,

Патша боп бұл дүниеге даңқы жеткен.

Отыз ұлы бар ғой деп көптік ойлап,

Құдайым отызын да әлек еткен.

Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,

Өзінің пенде екенін сонда біліп,

Мұнан соң Тақ Сүлеймен туды дейді,

Отыз ұлға бір өзін жора қылып–

дейтін өлең шумақтарының сыры мол.

Ш.Сәтбаева: «Сөйтіп, қазақ ағартушысы дүниежүзі халықтарының көбі әңгіме еткен аңызға айналған тарихи адамдар туралы өлеңдер, әңгімелер жазып, онда өз көзқарасымен қатынасын анық білдірді. Мұның өзі Ыбырай Алтынсарин мұрасының шеңбері айтарлықтай кең, өрісі биік қазына екендігінің тағы бір айғағы, тағы бір маңызды қыры»,– деп жазды [15, 125б.].

Ыбырай Алтынсариннің көркем туындылары жанрлық, стильдік жақтан біршама зерттелді. Ыбырайдың жазудағы үлгі, өнеге мектебі мәселесі де белгілі бір дәрежеде қарастырылды. Қазірде сол негізінде қамтылған мәселелерді жүйелеу арқылы Ыбырай Алтынсариннің қазақтың жаңа жазба әдебиетін қалыптастырудағы орнын айқындай түсудің жолдары ашылып отыр.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ тарихындағы елеулі еңбегі ағартушылықпен байланысты болды. Сол бағытта Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын оқытатын мектептерге арнап оқулық еңбектерін жазды. «Қазақ хрестоматиясы» қазақ баласына өнеге үйрету құралы болумен бірге, XIX ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдебиетінің жанрлық негізін салды, қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің стильдік арналарын ашты.

Бұл жөнінде қазақ филологиясында Ыбырайтанудың көкжиегін кеңіткен көп құнды тұжырымдар жасалды. М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Б.Сүлейменов, Ә.Дербісәлин, Х.Сүйіншәлиев, Р.Сыздық, Б.Әбілқасымов, С.Хасанова, Б.Ысқақов, М.Жармұхамедұлы, т.б. ғалымдардың Ыбырай Алтынсариннің жаңа жазба әдебиет жанрларын жасаудағы, қазақ тілінің тазалығы, қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастырудағы орны жайлы айтқандарының негізінде осы мәселені жинақтай түсуге, сол арқылы Ыбырайдың жазушылық еңбегінің ішкі иірімдеріне үңіле түсуге мүмкіндік туып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Садықов Ә. Ыбырайдың педагогикалық көзқарастары. – Алматы: Ғылым, 1998.–189б.
2. Талжанов С. Ой-толғамдар.– Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2001.–120б.
3. Сәтбаева Ш. Ы.Алтынсарин өрнектерінің кейбір сырлары. – Алматы: Жалын, 2011.–289б.

ӘОЖ 82. 85

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЕҢБЕГІНІҢ ӘДЕБИ МӘНІ

АХМЕТОВА К.А

№137 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

Резюме. В статье рассматривается литературное значение произведения Кожа Ахмеда Ясави «Дивани хикмет».

Summary. The article examines the literary meaning of the work of Kozha Ahmed Yasawi "Divani Hikmet".

Ықылым заманнан бергі өткен дәуірде қазақ топырағына табаны тиген сандаған ұрпақтың өкілдері Қожа Ахмет Ясауи есімін ауызға алғанда, ең алдымен қасиетті Түркістанды түркі жұртының кіндік қазығына айналдырған ұлы әулиенің көкпен таласқан күмбезін, ал аузындағы аңыз-әңгімелердің даңғайыр сарынымен қарапайым халықтың көкейіне өшпестей болып ұялаған кемеңгер сұлбасын бір сәт көз алдына келтірері хақ. Бірақ та Шығыс әлеміне Ясауи есімі қаншалықты белгілі болса, оның өмірбаянын, тағдыр жолын анықтайтын деректер соншалықты күнгірттік қойнауында жатыр. Біз ақынның пірі боп танылған Хамадани сопы мен Хамадани мектебіне қатысты жазбалардағы мәліметтерге сүйене отырып қана Ахмет Ясауидің XI ғасырдың соңғы ширегі мен XII ғасырдың бірінші жартысында ғұмыр кешкенін айта аламыз. Әл-Уағиздің «Рашахатында», Ибн Халликанның «Уафайат, ҮІІ», Шағаранидің «Табакат ал-кубра» жазбаларында, Халис Ефенди кітапханасынан табылған «Жауахир-ул-әбрар мин әмуажи-л-бихар» риуайатында, Жәמידің «Нафахат ал-унс», Науаидің «Насойиму-л-махаббат» деген еңбектерінде Ахмет Ясауи өз заманының білікті маманы, атақты сопысы екенін және де шәкірттік жолын Хамадани мектебінен бастап, кейіннен осы мектептің халифасы, яғни, жетекшісі болғанын хабарлайды. Бірер жылдар бұрын танылып, ғалым М.Жармұхамедовтың зерттеуіне енген «Насаб-нама» сияқты құнды деректер, Қ.А.Ясауи болмысын уақыт тұманынан ажыратып, тарихи тұлғасын таныта түскендей болды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Қожа Ахмет Ясауи туралы тараған аңыз-әңгімелерді ел аузынан жинақтап жүруі бізге өнеге. Бірақ кеңес заманында Ясауиді дін уағыздаған сопы ретінде ғана танып, оның шығармаларын зерттемек түгіл қолға алу кесепат болғандықтан, Ясауитану біразға дейін шаңға көміліп қалды. Идеологиялық қыспақтың тіл байлағанына байланысты Міржақып Дулатов [1], Жүсіпбек Аймауытов [2] сияқты азаматтарымыз ақын творчествосына бір жақты баға берумен шектелуге мәжбүр-тін.

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» мұрасын қазақ жұртшылығына таныту барысында біраз хикметтері аударылып, көпшілік басылымдар арқылы ұсынылуда. Оған М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, М.Шафиғовтың 1897 жылғы Ыстамбул нұсқасын аудару еңбектерін, Б.Сағындықовтың аудармасының «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқу құралына енуін, мерзімді баспасөз беттеріндегі С.Дәуітовтің, З.Иманжановтың, С.Битенұлының аудармаларын, Жарасқан Әбдірашев ақынымыздың көркем аудармалары негізге алынған.

XI-XII ғасырларда жасаған атақты сопы Қожа Ахмет Ясауи қазіргі Шымкент қаласы жанындағы Сайрам елді мекенінде туып, сондағы ауылдық молдадан дәріс алған. Жастық шағы да сонда өткен. Әкесі Ибраһим өз кезеңінің сауатты, көзі ашық білімді, діндар адам болған. Анасы Қарашаш (енді бірде Айша деп те айтылады) елге қадірлі, ақылды да-аяулы адам болған делінеді. Ел-жұрт бұл кісілер дүниеден өткенде, екеуіне де күмбез тұрғызып белгі соққан, осы ескерткіштер әлі күнге дейін Сайрам елді мекенінде сақталған. Аңыз бойынша, жас Қожа Ахмет Ясауи ұстазы Арыстан Бабпен алғаш жолығып, Мұхаммед Пайғамбардың өзіне арнаған құрмасын алатын көпір де сол Сайрам елді мекенінде. Алайда, Қожа Ахмет Ясауидің Сайрамдағы жастық шағын баяндайтын деректер жоқтың қасы. Десекте Қожа Ахмет Ясауидің жастық шағы мен ата-бабалары туралы қызықты деректері бар бір құнды шежіре кейінгі жылдары табылды. Осы шежіре бойынша басылған «Шажараи-Саодат» атты кітапшада бұрынғы біз жариялаған «Насаб-намедегі» секілді Қожа Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим атаның арғы бабалары Мұхаммед Пайғамбардың інісі, әрі күйеу баласы Әзіреті Әлидің Мұхаммед Ханафия атты ұлынан тарайтыны айтылады. Бұл аталған шежіре 90-жылдардың бас кезінде Сайрам қаласындағы ескі, бұзылған үйдің қабырға жапсарынан табылған. Тапқан Сайрамдық Саидикрам Саидакбаров деген кісі. Кейін бұл алты метрлік Қытай қағазына жазылған қолжазба Шымкент қаласында жеке кітапша болып басылды. Мұнда Қожа Ахмет Ясауидің жастық шағы мен алғашқы оқыған ұстазы жөнінде бұрын ешбір деректе ұшыраспаған тың мәліметтер келтірілген.

Қожа Ахмет Ясауидің ізгі істері мен атақ-даңқының шарықтап өсуі, кемелденуі жер бетіндегі алпыс үш жылдық өмірімен тығыз байланысты. Халықтың әйгілі Түркістанды «Жарты Мекке» деп атап, Қожа Ахмет Ясауиді «Түркістан пірі» деп марапаттауында да үлкен мән бар. Ол мұсылман ілімінің асқан білгірі, соның тынымсыз насихатшысы болумен қатар, өзінің жеке тұлғасының жұртқа үлгі болар өнегесі де аз емес еді. Білімді шәкірттер дайындап, ол сол тұстағы сопылық мектептің Ясауилік жаңа үлгісін қалыптастырды. Бұл орайда алқа-қотан «һу-һулеп» зікір айту дәстүрінің алғаш

негізін қалағанын айтсақ та жеткілікті ғой дейміз. Сопы ауру-сырқау, мүгедек жандардың дертіне дәрман болуда да бойындағы дарыны мен күш-қуатын аямаған. Алайда мақсатқа жету жолында ол талай шырғалаңы мол қайғылы оқиғаларды басынан өткерген. Алғаш жастай әкесі, одан кейін анасы қаза тауып, үміт күткен жалғыз ұлы Ибраһимнің зұлымдар қолынан мерт болуы да өшпес із қалдырған:

Отыз жасқа кірдім, қылдым қасірет,
Уә, дариға, өтті ғұмырым, қане тағат?
Қанағатшыл Хақ қасында хош-сағадат,
Қызыл жүзім тағат қылмай солды, достар...
Елу алты жасқа кірді мұңлық басым,
Тоба қылдым, ағар ма екен көзден жасым.
Жарандардан ләззат алмай көңілім қалды,
Бір және барым, дидарыңды көрермін бе?.

Осылайша бар өмірін Алланы тану мен соған беріле құлшылық етуге арнаған Қожа Ахмет Ясауи Мұхаммед Пайғамбар жасы – алпыс үшке келгенде, «Құлым, жерге кір» деген «Алладан жарлық – хабар алып» дайындалған жер астындағы мекен-жайға түсіп, қалған күндерін сонда өткізеді. Бұл сопы өміріндегі естен кетпес елеулі де әсерлі оқиға болғаны аңғарылады.

Ал енді, ақынның қанша жыл өмір сүргені (жер бетіндегі 63 жас пен жер астындағы 63 жылын қосқанда) туралы мәселеге келсек, жоғарыда келтірілген жолдардағы өзі айтқан жер астындағы 63 жылын есепке алғанда, ол ең кемі 125 жыл жасаған болып шығады. Ендеше туған мерзімі 1103 жыл болса, онда қайтыс болған кезі 1228 жылға орайлас келеді.

Қожа Ахмет Ясауидің өз хикметтеріне алтын арқау еткен басты мәселесі: Алла Тағаланың пенделеріне деген кеңшілігі мен олардың жасаған күнәларын кешудегі қайырымдылығы, нұр шапағатын талмай сипаттап бергендігі дер едік. Ол бұл мақсатта Құдай дидарына ғашық болған пенделерінің өзге қызықтың бәрінен баз кешіп, күндіз-түні тек Аллаға құлшылық етуі қажет, бұл жолда жан мен тәнін де аямауы керек. Сонда ғана хақ дидарын көруге болады деген пікір ұсынады.

Қожа Ахмет Ясауи бір Аллаға деген қалтқысыз сенім-нанымның ақыры оған жан-тәнімен берілген шын сүйіспеншілікке, ғашықтыққа ұласуын қалайды. Егер адам тек сырттан ғана құдайшыл болып, іштен басқа пейілде болса, ол екіжүзділікке, опасыздыққа ұрынады деп баяндайды. Мұндай алдамшы, аяр жандар сабырсыз, төзімсіз келеді, оның соңы надандыққа (жәһілдікке) ұрындырады деген ой ұсынады.

Қожа Ахмет Ясауи Құдайға беріліп құлшылық етушілердің өзін жалған ғашықтар, шын ғашықтар деп жүйелейді. Жалған ғашықтары, жоғарыда айтылғандай, екі жүзді аярлар, надандар делінсе, шын ғашықтары Алла жолына жан-тәнімен берілген даналар деп сипатталады. Осының бәрін ол екі әлемнің (ол дүние мен бұл дүниенің) сыр-сипаттары тұрғысынан шендестіре суреттейді.

Ғұлама өзі жеті жасында пайғамбарымыздың Мұхаммед Мұстафа ғалайссаламның арнап қалдырған құрмасын табыс еткен Арыстан Бабтың айтқан ақылдары мен үлгі-өсиеттерін зор ілтипатпен еске ала отырып, ұстазының рухани тазалығын, адалдығы мен шыншылдығын өзгелерге үлгі тұта сөйлейді. Осыған орай ол кейбір надан шәкірттер мен арам сопылардың бет пердесін жұлып алып, олардың шын мәнісінде қандай жандар екенін айқара ашып әйгілейді:

Тақуамын деп зор санар, көзіңнен шықпайды жасың,
Көңілдерінде дерті жоқ, қалай ауырар басы.
Өтірік, айла қылса да, Құдайға мәлім бар ісі,
Арыстан Бадам сөздерін есітсеңіз тәбәрік.
Шәкіртімін деп айтады, көңілінде жоқ шындығы,
Шын шәкіртті сұрасаң, іші-тысы гәуһәр дүр,
Хаққа аян сырлары, жемістері таза дүр,
Арыстан Бадам сөздерін есітсеңіз тәбәрік!

Сөйтіп, арамдық пен өтірік-өсектен, нәпсі құмарлықтан жиіркенбейтін шәкірт сымақтарды ақын өлтіре сынап отырып, «ғарыптардың ұлығы, заты таза» Арыстан Бабты сондай пасықтарға үлгі етіп ұсынады [3, 48б.].

Қожа Ахмет Ясауидің есепсіз көп хикметтеріндегі негізгі түйін: адам баласының жалған дүниеден бақилық өмірге өтудегі үмбеттік жолдың дұрысы мен бұрысын көрсету, Аллаға шын берілген құлдың іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Осы орайда оның, ең алдымен, қандай ауыр қиыншылыққа тап болсаң да, шыдамдылық, сабырлылық танытуға мән бергенін көреміз. Әулие бабамыздың айтуынша, әр іске төзімділік, шүкірлік етіп Құдайға жалбарыну, одан шапағат күту, дүние-мүлік, байлық үшін жанын жалдап, өтірік-өсекке ұрынбау тәрізді мәселелер күнәдан

арылудың басты-басты талаптары делінеді. Сондай-ақ, ол адамның Аллаға деген сенімінің, ой-пиғылының тазалығына баса назар аударады. Осыдан барып Құдайға деген ықылас артып, мұның ақыры оған қалтқысыз берілген шын сүйіспеншілікке ұласады деп көрсетеді.

Шын ғашықтықтың ұшына шыққандарын Алланың сүйген құлы – жарандар деп жүйелейді. Құдай жолына біржола бет қойған, соның азап-қиыншылықтарына бас қойған ғашықтықты ол ең қиын, машақаты мол жол деп бейнелейді.

Қожа Ахмет Ясауи өз заманының қоғамдық санасының дамуында екі прогрессивті құбылыстың иесі, бірінші–Ясауи оқуы болса, екіншісі–«Диуани хикмет» жазба мұрасы. Егер Ясауи оқуы діни-пәлсапалық танымның түркілік вариантының бастамасы болса, оның шығармалары түркі тілдес халықтардың биік рухани жетістігі болып саналады. Бұл екеуін бөліп-жаруға болмайды, өйткені, Қожа Ахмет Ясауи сол дәуірдің қоғамдық санасының жемісі ретінде, «Диуани хикмет» осы қоғамдық сананың әдеби тұрғыдағы бейнесі ретінде, бірінсіз- бірі қарастырылуы мүмкін емес.

Қожа Ахмет Ясауи сопылық идеяларды уағыздаған әдебиеттің өкілі, сондықтан оның әдеби шығармаларының мазмұнын түсіну үшін, алдымен суфизм мәнін түсіну қажет. Өйткені, сопылық идеялар Ясауи поэзиясының әлеміне сапар шегуде. Темірқазық жұлдызындай бағдар көрсеткіш екені сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дулатов М. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 2002.–335б.
2. Аймауытов Ж. Шығармалары. –Алматы: Атамұра, 2010.–298б.
3. Ясауи Қ.А. Диуани хикмет. Ақыл кітабы. –Алматы: Ғылым, 1993.–221б.

ӘОЖ 811.512.122

Ж.АЙМАУЫТОВ ПРОЗАСЫНДА ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ

КӘРІБЕКОВА А.Ж.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КӘРІБЕКОВА А.Ж.

№109 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

Резюме. Ж. Айтмауытов - один из государственных деятелей, имя и деятельность которого дороги стране. Труды великого человека о народной культуре и языке не теряют своей ценности до наших времен. Статья предназначена для историков, журналистов, учителей и исследователей.

Summary. Aitmauytov is one of the statesmen, whose name and activity are dear to the country. The works of the great man on folk culture and language do not lose their value to our times. The article is intended for historians, linguists, teachers and researchers.

Фразеологизм – көркем шығарма тілін жандандыратын, астарлау бейнелей суреттеудің құралы болып табылады. Халық тілінің осы бір байлығын Ж. Аймауытов өз шығармаларында өзіне ғана тән қолтаңбамен пайдаланады.

Жазушы шығармаларында фразеологизмдер шығарманың идеясын беруде, образ, характер жасауға, кейіпкерлер мінезін беруде, психологиялық жай- күйлерді бейнелеуде тілдік тәсіл ретінде қолданылған: а) теңеу негізді фразеологизмдер, ә) тұрақты эпитеттермен келген фразеологизмдер, б) метонимиялы фразеологизмдер.

Ж.Аймауытов шығармаларында кездесетін фразеологиялық тіркестерді көркемдеуші тілдік құралдардың бірі-теңеу.

Қаламгер қолданысындағы теңеу негізді фразеологизмдер халық тілінде бұрыннан келе жатқан, әлі де қолданыста бар тұрақты тіркестер. Мысалы: «Орыс тілін үйренген соң кеудеме нан піскендей өзіме-өзім әлдеқандай көріндім». Бұл сөйлемде «кеудеме нан піскендей» деген фразеологизм «мардымсыз» мағынасындағы тұрақты тіркес.

Шығармадағы теңеу негізді фразеологизмдердің көпшілігі зат есімге, есімшеге, етістікке «-тай; -тей; -дай; -дей жұрнақтары жалғану арқылы жасалған. Олар: ай мен күндей, аузын буған бұзаудай, алақанның аясындай жер, бүйі тигендей, үкідей ұшу; құлаққа ұрған танадай, еснқ пен төрдей жер,

биенің бірер сауымындай мезгіл, төбесінен жай түскендей, саулық қойдың жасындай, күбідей тарсылдау, іші мұздай, мұрттай ұшу, желдей есу, ақ мақтадай, еті уыздай, саны оқтаудай, мойны құйған шамдай, үрген торсықтай.

«Қазақта да мұндай жетік, орысшаға судай кісі болады екен-ау! –деп таңданған [1, 28-б.].

Сонымен бірге, сонау ауыз әдебиеті нұсқаларында кездесетін теңеу негізді тұрақты сөз тіркестері арқылы беріледі.

Әлде кім біледі, содан бері шыр жүкпай, инеліктей қатып ол кетті. [1, 34-б.].

Шағала көлдің беті айнадай. Сұлу құшқан жігіттей ай сәулесін құшақтап, көл жымың-жымың етеді.

Айдын көлге шомылған аққудай, көкторғайдай көкте сұлу ай жүзеді Төңірек құлаққа ұрған танадай, ауыл маужырап, ұйқыда [1, 42-б.].

Жігіттер желдей гулейді, судай толқиды [1, 49-б.].

Жазғы майдай кеш. Көк судай ашық [1, 67-б.].

... Басын тежеген жүйріктей, салмақты дауыспен салды. Мұң мен назы аралас Мұстапаның зарлы әні, жорғадай тайпалып, құйындай екпіндеген, Жарылғаптың «Алтыбасары» Дәрменді де қыздырды, салғай сайын оның асқардай асқақ, Арқадай байтақ, тұлпардай желді, алыптай еркін ащы айғайы аспанға құлаш сермеді... Саңғарады, күңгірлеу, айғайлаған сайын Дәрменнің алқымы кеуіп, күрелері білеудей болып, тер бұршақтай домалады [1, 68-б.].

Үлде мен бүлеге оранған, ай мен күндей бір сұлу қыз. Тәжім еткен келіндей сызылып, атқан таңдай жылмиып, кара көзі жаудырап көзіме түсіп кетті [1, 71-б.].

Еті уыздай аппақ, білектері, сандары оқтаудай жұмыр, мойны құйған шамдай, ақ етіне кара шашы салбырап, қос алмасы үрген торсықтай делдйіп тұрғанда жұтып қойғың келеді екен!

... Майданда.ы даулескер батырдай, жолдағыларды кеудемен соғып, сондай жол салады. Алыстан бұршақ теңдеген нөсер келе жатқандай, әйтпесе қамыс кешіп жолбарыс жүргендей, сеңге қақалған Ертіс булығып, кеудесі сыр-сыр етеді[1,74-б.].

Шырылдады, сыңғырлады, бірдемесі дабылдай дүмпілдеді ... Солдаттай сап құрып, күй тартып келе жатқан солар екен[1, 76-б.].

Ащы өзеннің бір мүйісінде ақ борықтай ауыр қотан ақтылы. Қой жусап жатыр [1, 78-б.].

Батыстан шыққан кетпендей кара бұлт жеңі ішіне тартып, уілдей бастады [1, 89-б.].

... Ана дүниеден иман тілеген, өлімге бас байлаған үмітсіз аурудай ендігі тілек-жол амандығы,денсаулығы[1, 94-б.].

Қозыдай жамырап, қойдай шулады[1, 113-б.].

Қарашолақ ауылы Қартқожаға қожадай қол беретін болды [1, 115-б.].

Ақ әскері басқан жерге шегіртке жайлағандай, бүйі тигендей болды.

Енді ішек құрттай жайлап, теспей сорып, жоғалтатын нәрсе – капитал, сауда-саттық[1, 133-б.].

Қартқожа жоғы табылғандай ... үкідей ұшып жөнелді[1, 139-б.].

Күнікейден безгендей, Күнікей мәңгі өлгендей, суық топырақ көмгендей, Айдарлымнан өзгесі шетінен түге ұмытып [1, 347-б.].

Күнікей Құлагердің баласындай үздік туып ... Шекер қызына қарлығаштай шыжбақ боп ... тұтқындағы жаннан бетер бағушы еді [1, 349-б.].

... Тау кеншіктей кара сирақ Қырықбайына ұстатып қойған екен [1, 355-б.].

... Абажадай боп адырдан суырылып келе жатыр екен [дай боп адырдан суырылып келе жатыр екен [1, 359- б.].

Біржанның төңкерілген даусымен, «Ешкіөлмес ел жиылды бауырында» дегендей-ақ Күнікейдің аққудай сұңқылдап, күмістей сыңғырлап, бұлақтай сылдырлап, бұлбұлдай құбылтып, бұлқындай жұтынып, жүйкені босата, сүйекті шымырлата сорғалатқан, кестедей нақысты, ботадай сүйкімді, балдай тәтті, күндей сұлу әніне көш бойындағы қыз-бозбала, қатын-қалаш жиылып қалды [361- б.].

Көзінің іріні шоқпардай болған тал-түйеші Жаманай да бойдақ [1, 365-б.].

Өйткені көсем серкедей алдына түсе кететін өжеттер кем еді [1, 380-б.].

Күнікейдің қиялы сағымдай бұлдырап, сол сағымның ішінен біресе екі тірсегі ботаникіндей майысқан, басы бір бөлек, кеудесі бір бөлек кейқуат тұяқ елестеді, біресе екі иығына екі кісі мінгендей, көзі алақандай, шүйдесі тоқпақтай Байман елестеді [1, 388-б.].

ә) Тұрақты эпитеттермен келген фразеологизмдер.

Жазушы тілінде тұрақты эпитеттер негізінде жасалған фразеологиялық тұрақты тіркестері де кездеседі. Ол көркемдеуіш құрал ретінде жұмсалған.

«Қара құрым кісі, қаптаған мал, шабуыл шартыл». Бұл сөйлемдегі «қара құрым кісі» деген тіркесті тұрақты эпитет негізінде жасалған фразеологизм деп көрсетуге болады, себебі бұл жерде

«қара құрым» халық тілінде тұрақты орын тепкен тіркес, эпитет. Ол «кісі» сөзімен тіркестіріле алынып, кісінің көптігін көрсетуде, айқындауда жұмсалып тұр.

Үйде кенеу болар тамақ жоқ, арықтан өлген бұзау-торпақтың су татыған жасығы жүректі кесіп, төмен тартады. Бұл сөйлемдегі «су татыған жасығы» «арық ет» мағынасында қолданылып тұр. Бұл фразеологизмнің жасалуына «су татығын» деген тұрақты эпитет негіз болып тұр. Ол «жасық» сөзінің айқын айшықты мәнін аша түсумен бірге тұрақты тіркестің ұтымды шығуына ұйытқы болып тұр.

Ж.Аймауытов шығармаларында тұрақты эпитеттермен келген фразеологизмдер: қысыр әңгіме, құдай десек құдасы, шеке қызар, минатар, уақыт, бармаған жер, баспаған тау, көк ит, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман, қырғи қабақ, қара тұман, алып қашты хабар, ой сүресі т.б.

Туғалы түз көрмеген сорлы [1, 53-б.].

... Ет бауыр жақын болып көрінді [1, 53-б.].

Жамбасты жайлаған жігіт [1, 66-б.].

Ай сәскелікке келгенде, бозбалалар қысыр әңгімеге көшті [1, 69-б.].

Сол үйдің келіні «ай десе аузы жоқ, күн десе көзі жоқ» бір перизат екен, не керек [1, 70-б.].

... Тамыздың тамып тұрған ыстық кезі [1, 70-б.].

Шықса, - құрғақ жер, көк майса шөп [1, 74-б.].

Жаныс орман ішінде Қартқожа бәрін бастап келеді.

Қызыл шеке төбелес [1, 77-б.].

... бақа көзденген, жылан көзденген билер, ауылнайлар, елу басылар, аққа мінерлер отыр [1, 80-б.].

...Мынау қарны тоқ, қайғысы жоқ бордақы, мейірімсіз, тәкәппар адамдар... жауыздықтың ұясы тәрізді көрініп, ішінен лағнет айтады [1, 82-б.].

Бұл ауылдың итіне дейін зорлықшыл, ұлы кеуде екен деп ойлады [1, 83-б.].

Өңкей көкөрім, көген көз, жанмен жан асырап жүрген сорлылар [1, 93-б.].

Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз.

Шілденің шеке қызар, ми қайнар күні [1, 123-б.].

Әлде қазақ ұзын өріс, кең жайлаудан, көк шалғыннан, қалың таулардан айрылған соң, түйеге қом, атқа үйек, қойға шайыр, сиырға мике бітпей, малдан шұрай кетіп, мәйектен алмай өні жұқарғаннан қысқа шыдамсыз болды ма? [1, 130-б.].

Қожа болу түгілі, 30-40 үйге жазы-қысы қоныс болғандай ұлтанды шабындысы, шиманды егіндігі бар қандай жер бар? [1, 131-б.].

Мынау қу жондағы найман қалай отырады?

Бұл сорлылар осы тау-тасқа, сор тақырға отырып қалғанда, не күн көреді? [1, 131-б.].

Жүрісі шабан,

Бәрін айдап бара жатқан –күн көріс қамы [1, 136-б.].

Қол бостық, жатып ішер жалқаулық емес... [1, 143-б.].

Ноқаң ауылы өзге елге барғанша, жанын соны шалғанына қарай шүйгіп, аш қасқармен арпалысып, малының түсін тартса, майы шығады [1, 353-б.].

... Қошқар түмсықты, қызыл шырайлы, ат жақты, келбетті жігіт еді [1, 366-б.].

б) Метонимиялы фразеологизмдер

Фразеологизмдердің шығу көзі сөзді метонимиялы сөйлеуден туады.

Жазушы тіліндегі мол метонимиялы фразеологизмдер табиғатына көз жіберсек, олардың жасалуына адамның дене мүшелеріне қатысты метонимиялар деп қарастыруға болады. Мәселен, «бас» сөзі метонимиялық мағынада қолданылып, образды сөз тіркестерін жасаған. Қызылдар тарпа бас салды [1, 117-б.]. Олардың арманы бар ма екен –деген ойлар оның басын қатырған. Бас қатыру – «Ойландыру» мағынасында.

«Құлақ» сөзі – «ой, зейін» деген ауыс мағынада келеді.

Сол жағынан еміс-еміс бір дауыс естіледі. Құлағын түріп келеді. Құлағын тұру- тыңдау, зейін салу.

... Орталарында жорғақтатып, төмен қарап келе жатып, әңгімелеріне құлақ салды. Құлақ салу – тыңдау, зейін қою.

«Көз» сөзі арқылы жасалған метонимиялы фразеологизмдер бар. Бастар күнмен бірге соңғы демі бітті, көзі жұмылды [1, 37-б.].

Көзі жұмылды – өлді, жан тапсырды деген мағынада метонимияланған.

Сөйтіп жүріп, тілмаштан хат танып, көзім ашылған.

Көзі ашылу- сауаттану мағынасындағы тіркес.

Қас қарайды [1, 53-б.].

Екі жас жастықтың әңгімесімен қас қарайғанша жатты [1, 41-б.].

Дәрмен күреске шыққанда тақымын қыспаған, жүрегі селтетпеген, бойы шымырламаған жан болған жоқ шығар [1, 62-б.].

Тыңдаушылардың сай-сүйегі сырқырап, көзіне жас алды [1, 69-б.].

Бас жарылды, тіс сынды, мұрны бұзылды, көз көгерді, құлақ қыршылды [1, 77-б.].

Қорыта келгенде, жазушы фразеологизмдерді өз мәнінде жұмсаумен қатар, оны творчестволық түрде өзінің мақсатты ойына лайықтап жұмсайды.

Жазушы халық тілінде молынан қолданылатын фразеологиялық тұрақты сөз тіркестерін қажетіне жаратып кең түрде қолданып [2, 42-58-б.], қазақ әдеби тілін байытуға мол үлес қосқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, Жазушы. 1989 ж.
2. Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. Алматы, 1972.

ӘОЖ 7:37.01

Т.ЖҮРГЕНОВ - БІЛІМ БЕРУ ІСІ МЕН АНА ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

КӘРІБЕКОВА А.Ж.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші сарапшысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

КӘРІБЕКОВА А.Ж.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Т.Жургенов – один из государственных деятелей, имя и деятельность которого дороги стране. Труды великого человека о народной культуре и языке не теряют своей ценности до наших времен. Статья предназначена для историков, учителей и исследователей филологии.

Summary. T.Zhurgenov is one of the statesmen, whose name and activity are dear to the country. The works of the great man on folk culture and language do not lose their value to our times. The article is intended for historians, linguists, teachers and researchers.

Темірбек Жүргенов – жан-жақты білім иесі, ұлттың ұлт болып қалыптасуына, өзгелермен терезесі тең іргелі ел болуына барын салып, сол жолда жанын пайда еткен ұлы тұлғалардың бірі еді. 1933 жылы тағайындалған Ағарту ісі жөніндегі жаңа комиссардың бірден қолға алған шұғыл шараларының бірі – елді сауаттандыру, өнер мен әдебиетті өркендету болды. Мәдениеттің алтын қазығы – мектеп жұмысы жолға қойылған кезде, халықтың мәдениеті де жан-жақтанады. Осы оймен жаңа комиссар 20-жылдар басында А.Байтұрсынұлы құлшына кіріскен, бірақ ол кезде орын алған саяси ахуал орындауға мүмкіндік бермеген үш міндетті – мектеп жүйесін кеңейту, оқу кітаптарын молайту және оқытушы кадрлар даярлау ісін жүзеге асыруға белсене кірісіп кетті. Осы жылдары жарияланған мақалалары мектеп ісін білгірлікпен талдауымен назар аудартады. «Мектеп жұмысындағы кемшіліктерді жою үшін» атты мақаласында, Т.Жүргенов кемшіліктерді жоюда нендей нақты шаралар алынуы керек екенін нақты келтіреді.

Осылайша оның оқу-ағарту, мәдениет, ғылым, өнер салаларындағы қат-қабат шаруалары басталып кетеді. Әуелі сауатсыздықты жою, жаппай бастауыш мектептер ашу ісі қолға алынады. Комиссариат жанынан ересек адамдарды оқыту жөнінде басқарма құрылады, оның сауатсыздар, шала сауаттылар және жоғары типтегі мектептер атты бөлімдері болды. «Төте оқу» атты газет шығып тұрды. Ағарту халық комиссары Т.Жүргеновтің тікелей қатысуымен республика басшылығы бірнеше қаулы-қарар қабылдады. Енді бастауыш мектеп - 4 кластық, орталау мектеп - 7 кластық, орта мектеп — 10 кластық болып белгіленді. Елімізде 1929 жылы оқу-ағарту ісіне бір адамға шаққанда 3 сом бөлініп келсе, 1935 жылы 33 сом, ал 1937 жылы 90 сом бөлінетін болды. Мемлекет қаржысына 3000, колхозшылар күшімен және 1000 жана мектеп салынды, бұрыннан бар мектептер ұлғайтылды. Осылайша 1937-38 оқу жылында Қазақстанда оқушылар саны 1,0 млн-нан асты. Орталау мектеп саны 417-ден 1097-ге, ал орта мектеп 31-ден 315-ке дейін көбейді.

XX ғасырдың отызыншы жылдарының басында Қазақстан мектептерінде арнаулы білімнің бол-маса да, икемділігін, сауатын болса мұғалім болып жұмыс істеу күнделікті шаруа еді. Т.Жүргенов осы проблеманы шешуді, мектептерді дипломы бар мамандармен қамтамасыз етуді өзінің алдына негізгі міндет есебінде қойды [1].

Т.Жүргенов қазақ балаларын, әсіресе, қабілетті балаларды оқуға тартуға көп жұмыс атқарды. Осыған орай, 1935 жылы 4-шілдеде балалар үйлерінде тәрбиеленуші қабілетті балалардың слёті ұйымдастырылды. Слеттің қорытындысы бойынша балалардың қай бағытта қабілеті бар екені анықталып, олар тиісті оқу орындарына емтихансыз қабылданды [2].

Ұлтты ұлт ететін басты критерий – тіл. Т.Жүргенов өз ұлтына мәдениетті ең әуелі өзінің ана тілі арқылы сіңіруге тырысты. Оқу-ағарту жүйесін ана тілі арнасына түсіруді, сөйтіп, сол тілде білім алған, сол тілде күллі әлемнің озық ілімін бойына сіңірген болашақ зиялы қауымды тәрбиелеп шығаруды армандады. Халық комиссары бақылауды күшейтуді, ал ана тілін оқытатын барлық мұғалімді тексеруден өткізіп, ана тілін оқыту үйірмелерін ұйымдастыруды тапсырды.

Аз жылдың ішінде бұл бастама нәтижесін бере бастады. Ұлт тілінде оқытатын мектептер көптеп ашылды. Шын мәнінде, ұлттық орта мектеп жүйесі Қазақстанда осы тұста қалыптасты. Ұлт тілі, әдебиеті, тарихы сол кезден бастап мектепте оқылатын пәндер қатарына кірді. Оған қоса, Қазақстан жоғарғы мектебі туып қалыптасты. 1928 жылы ашылған Қазақ университеті (кейін Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институты) қатарына ауыл шаруашылығы, медициналық, тау-кен институттары қосылды. 1934 жылы Қазақ университеті ашылды. 1937 жылғы мәлімет бойынша, республикада 22 жоғары оқу орны, 85 техникум жұмыс істеді.

Т.Жүргеновтың тіл танымдық көзқарастарын дұрыс түсіну үшін қазақ лексикасының сол кездегі, оған дейінгі терминдеу тарихына шегініс жасау керек. Тіл тарихын зерттеушілердің тұжырымдауынша, қазақ терминологиясы қалыптасуындағы бастапқы кезең 1910-1930 жылдар аралығын қамтиды. Бұл жылдары ана тілінде оқулықтар жазу барысында ол салалардағы арнаулы ұғымдарды қазақша ұғымдарды қазақша атау қажеттілігі туды. Алғаш болып Ахмет Байтұрсынов тіл, әдебиет, жалпы мәдениетке қатысты терминдерді жасап, айналымға енгізді, сөйтіп тілімізде терминжасам тәжірибесінің негізін салды.

Ғылым тіліне 1917 жылдан бастап М. Әуезов те назар аударады. Оның «Қайсысын қолданамыз» (1917 ж.), «Ғылым тілі» (1918 ж.) мақалалары термин жасау ісіндегі бірі ғылым тілін қазақтың өз тіл байлығының негізінде жасауды, одан қалса туысқан түркі тілдерінен алуды, басқа тілден алғанның өзінде қазақшалап алуды ұсынған, екіншісі халықаралық терминдерді өзгеріссіз алуды жақтаған айырым екі пікірді сарапқа сала келіп, бұл істе әлі бір тұжырымды көзқарастың болмауына өкініш білдірді. «Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аршылып арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болса дан, ғылым жолына түсе бастағанда тіл кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жамау қылып неше түрлі болып аламыштанады», - деп сақтандырған [3].

Тіл тазалығы үшін талмай күрескен А. Байтұрсынов та, Халел Досмұхаметов та, ғылыми аталымдарды қазақы өң беріп, дыбысталуы мен айтылуын тілімізге бейімдеп алуды жақтай тұра, халықаралық аталымдардан бас тартпаған. Бұл жердеге мәселе – екі ортада «өгіз де өлмес, арба да сынбас» мәмілелі оңтайлы жол тауып, қиындықтан сытылып шыға білуде еді. Бұған 1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының I-съезінде алғашқы қадам жасалып, қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми принциптері өмірге келді. Оларға терминдеудің А. Байтұрсынов қолданған, қазақтың төл сөздері мен ұғымдарынан метафоралау, морфологиялық және синтаксистік тәсілдермен термин жасау, ұғымдар жүйесіне де, термин жүйесіне де бірдей мән беру принциптері негіз етіп алынды. А. Байтұрсынов бұл орайдағы түпкі ойын 1926 жылы Бакуде өткен Түрікшілердің I-ші құрылтайында былай білдірген: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступным произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям» [4]. Осы жолмен ұлттық терминология саласы біртіндеп бір ізге түсіп, тәртіпке келе бастады. Осы жылдары оқулық, еңбек жазған көптеген авторлар – М. Жұмабаев педагогика, Ж. Аймауытұлы психология, С. Қожанов арифметика, Е. Омаров геометрия, Ж. Күдерин биология, т.б. салалар бойынша терминдер мен ғылыми ұғым атауларын ана тілінің негізінде жасады және соның көбі сәтті шықты. Алайда ұзамай бұл шоғыр түгелімен репрессияның бірінші толқынына ілікті де, жарастықты басталған іс тоқтап қалды. Айта кету керек, қазақ терминологиясының бастауында тұрғандардың бұл жолдағы ізденістері түгелімен табысты бола қойған жоқ.

Тоталитарлық жүйенің тіл саясаты біртіндеп қалыптасып келді де, ол осы салаға басшылық жасап отыратын терминологиялық комиссиялар, комитеттер құруға ұласты.

Қазақстанда мұндай мекеме – Мемлекеттік терминология комиссиясы 1933 жылы құрылды. Комиссияның бел алып жұмыс істеу уақыты – 1933-35 жылдар Т. Жүргеновтің осы саладағы қарқынды қызметімен тұспа-тұс келді. Халық ағарту комиссары мәдени құрылыстың аса маңызды осы саласына білек сыбана араласты, Мемтерминкоммен тығыз жұмыс істеді. Термин жасау саласының өткен кезеңіне Мемтерминком берген баға профессор Қ. Жұбанов пікірімен тұжырымдалған. Ол 1935 жылы комиссия бюллетенінде жарияланған мақалаларының бірінде «Жалпы қабылданған терминдер аударылмайды» деген тұжырым жасайды.

Осы жылы 20-мамырда мәдениет құрылысы қайраткерлерінің Бүкілқазақстандық бірінші съезін өткізу белгіленді. Съездің күн тәртібіне негізгі мәселелердің бірі ретінде қазақ тілінің, соның ішінде қазақ терминологиясының мәселесі қойылды. Съезге осы мәселені әзірлеу мақсатында Мемтерминком кеңейтілген сессиясын өткізіп, 10 мыңнан аса терминге талдау жасады. Бұл іске сондай-ақ, ғылыми қызметкерлер, ғылыми-зерттеу мекемелері тартылды. Халық ағарту комиссариаты бұл істен сырт қалу былай тұрсын, оны басқарып отырған [5]. Мемтерминкомның бұл сессиясы математика, физика, химия, қоғамдық ғалымдар және және бірқатар ауыл шаруашылық-агрономия саласының терминдерін тексерді. Қолданылып жүрген терминдерді бекітуге негіз етіп алынуы тиіс жаңа принциптер жасалды, сол негізде ертеректе қабылданған терминдерді қайта қарау белгіленді:

- Әдеби тілдер тәжірибесінде ұлт тілдеріне аударылмай алынып жүрген революция, совет, теория, практика, тенденция, медицина, хирургия, климат, абсолютный, конкретный тәрізді терминдерді сол күйінше алу.

- Әдеби тілдер тәжірибесінде ұлт тілдеріне аударылып жүрген өндіріс, еңбек, ақша, сабақ (өсімдік сабағы), бұлшық ет, бөлу, көбейту тәрізді халықаралық терминдерді қазақ тілінде алу. Егер аударылатын терминнің қазақ тілінде баламасы (эквиваленті) болмаса, не қазақ тіліне аударғанда ол түсініксіз болып шықса, мағынасы бұрмаланса, сәйкес орыс сөзі қабылдануы керек, мысалы, сословие, состав, клетка, слет, т.б.

- Өртүрлі пәнсалада, бірақ бір мағынада не өзара жақын мәнде қолданылатын, өзара әлдебір байланысқа ие терминдерді бір ыңғайда алу: форма (философияда, физикада), материя (философияда, физикада) түбір (математикада, ботаникада және лингвистикада), реакция (химияда, биологияда, саясатта), т.б.

- Халықаралық терминология тәжірибесінде қолданылып жүрген және қазақ тіліндегі суффикстермен ауыстыруға келмейтін ист, изм секілді суффикстерді, ре, син, де, суб, анти, контр сияқты префикстерді қазақ тіліне енгізу... [6].

Бұл жерде ұзақтау үзінді келтіруімізге себеп – айтылған принциптерге Т. Жүргеновтың тікелей қатысты болғандығы. Жұртшылық осы мәселе жөнінде хабардар болып, съезге шақырылған делегаттар дайын ой-пікірмен келуіне жағдай жасау мақсатында әлгі принциптермен жасалған терминдер Мемтерминком бюллетенінде жоба түрінде алдын ала жарияланып отырды, осы тақырыпта мерзімді баспасөз бетінде мақалалар жариялау көзделді. Осындай мақаланы бірінші болып Ағарту комиссарының өзі жазып, ол «Казахстанская правданың» екі нөмірінде жарияланды. Бұл мақаланың негізгі түйінді жері – автор өзі «ұлтшылдық тіл практикасы» деп атаған, дәл осы жылдарға дейін қазақ жазба тілінде басым болып келген үрдіс пен пролетарлық мәдениеттің арақатынасы, яғни бірінші күштердің әдеби тілді пролетарлық революциядан соң баи түскен жалпы халықтық тілден айыруға, бөлектенуге ұмтылып отырғандығы. Т.Жүргенов тілдегі мұндай келеңсіздіктің басты-басты екі себебін атап көрсеткен, «басқару-бақылау органдарының салдыр-салақтығынан әркім өз білгенін жазған, дәлірек айтқанда, таңдап алған терминдердің мағынасын берген кезде өз ауылдарында аймақтық сөздерді алып отырған; мұндай келеңсіздікке сонымен бірге бұрынғы Халық ағартукомиссариаты не басқа ұйымдар ұсынған ұран-лозунгтердің де теріс әсері болған. Соның салдарынан өткен кезеңде жат сөз тұлғалар, бөгде орамдар мен сөйлемдер көбейіп, баяғының аудармашыларының жаргондарынан айырмашылығы шамалы ерекше жаргондар пайда болды» деп түйеді Т. Жүргенов.

Алдымен интернационалдық терминдерді, соның ішінде қазақ тілінде барабар (адекват) баламасы жоқ орысша терминдерді өзгеріссіз қалдыруды ұсынған. Осы тұрғыда Т.Жүргенов өзі «аударуға келмейді» деп есептейтін кей сөздердің қазақшасын сынайды. Сыншының терминология саласындағы ойларының бірқатары күні бүгінге дейін мәнін жойға жоқ. Солардың ішіндегі ең бастысы – дүние жүзі елдері бірдей қабылдап отырған интернационалдық терминдер алу принципі.

30-жылдары терминология саласындағы өзгерістер зерттеушілер тарапынан бүгінде «Ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі» деп аталып жүр. Осыған орай бірқатар тілтанушы ғалымдар Т.Жүргеновті осы істе барынша белсенділік танытқан басты идеолог деп таниды. Ол да

дұрыс шығар. Себебі, ол, ең алдымен, туған тілінің тазалығы үшін күресті. Мәдениет саласын, халықтың рухани мұрасын қалай қорғаса, қазақ тілін де дәл сондай деңгейде қорғады. Осы істің басында болуын, ұлтжандылық қасиетін жаңа жүйе өкілдерінің қырағы көзі байқап, кейіннен 37-жылы оған алашордашылдық бағыттағы ауыр кінәнің бірі етіп тақты.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Т.Жүргенов мұрасындағы «Қазақстандағы мәдениет революциясы» делінетін көлемді еңбектің орны бөлек. Бұл мақалада Қазақстан мәдениетіне жан-жақты сараптама, талдау жасалады, мәдениетті дамытудың жолдары, қағидалары, проблемалары, т.б. жайында айтылады. Автор осы мақаласында тіл мәселесіне қайта айналып соғып, бұрын айтқан ойларын нақтылай түседі. «Қазақтың әдебиет тілін, білім тілін тудыру жөнінде біздің негізгі мақсатымыз – сол тілді көпшілікке барынша ұғымды қылу, сол тіл арқылы өнер біліміне, техникасына ие қылу». Мұндай толғаулы ой, толымды пікірлердің дер кезінде айтылуы, айтылып қана қоймай іске асуы, осы бағытта сан-салалы жұмыстардың жасалуы Т.Жүргенов тұлғасын зорайта түседі. Мақаладағы «Қазақ тілінің өзін білу – үлкен мәдениет. Құр аты қазақ, туысы қазақ дегеннің барлығы мұны біле бермейді. Білем деушілер тіл ілімін өркендетудің орнына кесірін тигізсе, ол біз үшін білгендік емес» деген жолдардағы айтылған ойлар, тұжырымдар күні бүгін де өз мәнін жойған жоқ. Т.Жүргенов кезінде қазақ тілінің болашағы, оның мемлекет тілі болып қазақ халқына қызмет етуі үшін көп қажыр-қайратын жұмсады. 1935 жылы қазақ мәдениеті қызметкерлерінің съезінде «тіл адамның дүниетанымы дәрежесін көрсетіп қоймай, оның адам болып қалыптасуында да үлкен рөл атқаратынын» атап айтты. Тіл тазалығын мұғалімдерден бастауды ұсынды. «Дүниежүзілік мәдениетке ана тілі арқылы барамыз», – дей отырып, жас ұрпаққа таза ана тілінде сөйлеуді міндеттеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Мұрағаты., 141-қор, 1-тізбе, 6604-іс. 359-361 пп.
2. ҚР ОМА 81-қор, 3-тізбе, 313-іс, 111-п.
3. Әуезов М. 12 т. шығармалар жинағы, II том. – Алматы, 1969. Б. 13.
4. Байтұрсынов А. // Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 425 б.
5. Жүргенов Т. О чуждых явлениях в казахском литературном языке // Казахская правда, 1935. 17 мая
6. Жубанов К. О специфике слов – терминов // Исследования по казахскому языку. – Алматы, 1966. - 274 с.

ӘОЖ 821.512.122:37.013.2

Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «ҚАРТҚОЖА» РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯ

КӘРІБЕКОВА А.Ж.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші сарапшысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

КӘРІБЕКОВА А.Ж.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Ж.Айтмауытов - один из государственных деятелей, имя и деятельность которого дороги стране. Труды великого человека о народной культуре и языке не теряют своей ценности до наших времен. Статья предназначена для историков, журналистов, учителей и исследователей.

Summary. J. Aitmauytov is one of the statesmen, whose name and activity are dear to the country. The works of the great man on folk culture and language do not lose their value to our times. The article is intended for historians, linguists, teachers and researchers.

Ж.Аймауытов шығармашылығын талдай отырып, нақты алғанда, «Қартқожа» романын қарастыра отырып, басты күрделі мәселе – адамгершілік мәселесінің берілу сипатын, мән-маңызын ашу қажеттілігін байқаймыз. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымы үшін әлі де болса тың жатыр. Сонымен бірге қоғам қажеттілігінен туындап отырғанын да ескеруіміз керек, қазақ «ой қоссаң ауылыңмен»,

«өле жегенше бөле же» деп жатса, батыс мәдениеті: адамды жалғыздыққа, ешкімге сенбеуге үйретеді ... Рухани өміріміз дағдарысты бастан кешіруде (1; 96,100-б.) екендігі ащы шындық болып алаңдатып отырған қазіргі уақытта маңызы зор еңбек болмақ.

Жазушының бұл «Қартқожа» романында қастерлейтін негізгі қасиеті – адалдық, шындық, сенім, достық, ізгілік. Осы орайда, ерекше назар аударатынымыз – Ж. Аймауытовтың өмірдегі әрбір ұсақпен елеусізді де қалтарыста қалдырмайтын жіті байқағыштық қабілеті өте күшті және сол байқауларын әсерлі де түсінікті, мәнді жеткізе алатын суреткерлігі жоғары ойшыл жазушы екендігі.

Енді осы тұжырымымызды дәлелдеуге келейік. Романның бас кейіпкері Қартқожа кішкентай бала кезінен шындық іздейді, зорлық –зомбылыққа күйінеді: «Жас күнінде бай балалары талай қарға да аунатқан, койнына қар да толтырған, тонын да жыртқан, кітабын да шашқан, өгізшесінен аударып қуып жіберіп, талай жаяу да қалдырған. Қайсыбірін айтарсың, қорлық-зорлығы толып жатыр. Осының бәрі Қартқожаны ойландырды, жанын кейтті: «Әттең, менің кедейлігім-ау! Әйтпе- се солардың менен ақылы артық па? Зейіні артық па? Артық болса, малы артық, Дүние шіркін-ан! Кегімді алатын да күн болар ма екен!...» деп, ішінен зығыры кайнап жүрді. Ол онымен тұрсын. Жалғыз өз басы ма? Күштілер әкесіне де зорлық етпеді ме? Мақымет бай үйлерінің бір құнан өгізін қарызға алып, неше сұраса да, ол бермей қойды. Мақымет болыспен құда: оған шамасы қалай келсін? Оның үстінен кімге шақсын? Қыстай қала- даласына мінетін жалғыз кер қасқа атты өзінен сұрамастан: «Тілмашка керек, үйіне барып келеді»— деп, шабарман ұстап әкетіпті. Ол аттың «ай» дегенде, тулағын алып еді, зорыққан екен: Бір жұмадан соң пышаққа ілінді, бір-екі рет алым төлей қоймадың деп, ауылнайдың дікілдеп, боктағанын да Қартқожа естіп жүрді; көрші ауылда Бұқабай би шабындысын тартып шауып алғанын да, әкесінің әркімге барып, сандалып, түк өндіре алмағанын да Қартқожа жақсы біледі. Мұның бәрі Қартқожаның жүрегіне түйткіл болды» (2;27-б) .

Қартқожа жаны ізгі, адалдығы мен адамдығынан айнымайтын, қандай қиянат көріп жатса да, кіршіксіз таза жүрегін ғана ұсынатын қалпынан роман соңына зейін айрылмайды: «Қартқожаның есі- дерті оқуға кетті. Өзіне-өзі «оқимын» деп серт етті. Қалай оқиды? Қайдан оқиды? Қайда барады? Қаражатты қайдан табады? О жағымен ісі болмады, ойына да келмеді, қайтсе де оқымақ болды» (2,29-б.)

Қартқожаның жасы жетпесе де болыс оны солдатқа жазып жібереді, сонша жылқысы тұрса да, бай баласы Қартқожаның байталын мініп, ойнап кетеді, атының шаужайына жармасқан Қартқожақ бай жалшысынан таяқ жейді, молдадан («Пидия» тарауы), болыстан («Болыстікінде», «Долы жүрек» тараулары), ұры-қарыдан («Майдан», «Қараңғылықтан жарыққа», «Партия»), Әмірбек, ауыл ақсақалы Аймамбайдан («Жайланған соң»), Омбыдағы қазақ оқығаны Жайдарқаннан («Зарыққанда») қанша зәбір-жапа шексе де, өмірден түңіліп, өзі де қастық, жауыздық, кек ойлау қаперіне кірмейді. Тек қана оқысам, оқу болғанда да орысша оқысам, мен де, ел де бір тілегіне жетер еді-ау деген сенім бар. Осы сеніммен Қартқожа өз дегеніне жетеді («Кім?» тарауы), бұдан кейін де Қартқожа түзелген тұрмысына марқайып, тоқмейілденіп отырмайды: «Жалпы адамгершілік, жалпы әділдік болу мүмкін бе екен? Бұған жауап қарау керек екен деп ойлауды да, тағы да кітап қарайды» (2;143-б.) .

«Қартқожа» романының сюжетіне келсек, негізінен тарихи әлеуметтік, саяси өзгерістерге, оқиғаларға құрылған. Романда «Июнь жарлығы», 1916 жылғы ұлт- азаттық көтерілісі Кеңес өкіметінің орнауы, осы кезеңдегі қала мен бала өмірі, тұрмысы кең тыныспен көрсетіледі. Барлық оқиға ішінде Қартқожа жүреді, («Майдан»), не болмаса, достары, ақын Сұлтанмахмұт, орыс досы Андрей, Полидуб («Қараңғыдан жарыққа»), ауылдастары, жолаушылардан сұрап, газет-журналдан оқып танысады (Яғни жазушы кезең көріністерімен оқырманды осындай әдіспен таныстырады), қалай дегенмен, Қартқожаның өзі бастан кешіріп, әртүрлі ойлар ойлаумен жүреді («Құлақ естігенді көз көрді»).

Шебер суреткер Жүсіпбек Қартқожа ойлары арқылы оқырманға ой тастайды, әрбір оқиға, құбылыс соңынан Қартқожаның алғашқы аңғал түсініктерінен бастап, ел үшін еңбек қылғысы келетін кемеліне жеткен парасатты ой-ниеті беріліп отырады. Сауалдарының қорытындысы беріліп отырады. Осы жағынан алғанда, романның тарихи оқиға, кезең суреттеріне байланысты тақырыптық жағынан тарауларға құрылуы, әр тарау соңынан бас кейіпкердің ой-сезімінің, мақсат-мұратының түйіні түйінделіп, «Неге бұлай, қайтсе дұрыс, оң болады?» деген қаумалаған сауалдары беріліп отыруының оқырман үшін танымдық мәні зор болып шыққан.

Бірақ «Қартқожа» романын тарихи туынды деп қарауға болмайтыны жөнінде С.Қирабаев С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романымен салыстыра отырып баяндалған. Осы орнықты тұжырымға біз де қосыламыз. Осы негізде қорытындылай айтсақ, Ж.Аймауытов «Қартқожа» романында өз дәуірінің кең тынысты бейнесін жасай отырып, тарихи оқиғаларды творчестволық

материал ретінде алып, ол оқиғаларды, адамдарды барлық мінез- істерімен өзінің дағдылы идеясына ыңғайлап пайдаланады.

Ж.Аймауытовтың романда ұстанған, оқырманға жеткізгісі келген негізгі мазмұны – адамгершілік. Қоғамдағы өзгерістерге байланысты 19 ғасырдың ортасынан бастап қазақтың алдыңғы қатарлы ойшылдары толғантқан адамдық тұлға, адамгершілік мәселесі Ж.Аймауытовтың «Қартқожасында» биікке көтерілген. «Бұл кезеңде қолға қару алып, егемендік үшін күресу мүмкін емес еді, енді халықтың мінез-құлқын, ішкі әлемін сақтау арқылы ғана ұлтты сақтап қалу қажеттілігі туды және ол қажеттілікті бірінші Абай көрді» (3;16 -б).

Мұны Абай шәкірттері, қазақ ағартушы ғалымдарымыз, сол үшін құрбан болған ел перзенттері ары қарай жалғастырып әкетті. Ж.Аймауытов «Қартқожа» романында адамгершілік аздығы үшін қоғамды кінәлап, адамның өз жауапкершілігін азайтуға болмайтынын басы ашық мәселе ретінде Қартқожа арқылы түсіндірген. Білім, оқу, өнер арқылы ғана жақсылыққа жету мүмкін емес екендігін Омбыдағы қазақ оқығаны Жайдарқан арқылы көрсетіп, адамның адамгершілігі, оқу-білім арқылы кемелденуі арқылы ғана өмірде жарық сәуле көруге болатынын Қартқожа бейнесі арқылы танытады. Бұған «Еңбекті елге қыл» соңғы тарауы ашық көрсеткен, жазушының өзі үкім айтқан Қартқожаның:

-Сөз емес, іс керек. Жоғалсын бас қамы! Құрысын надандық! Жасасын жұртшылық! Жасасын елге еңбек қылған ерлер!» (2;145-б) деген жігерлі сөзі айқын дәлел.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қыраубайқызы А. Өзімізді іздеу. Ұлт тағылымы 1998ж. №1
- 2.Аймауытов Ж. Шығармалары. –Алматы, Жазушы. 1989 ж.
- 3.Әбдікова Қ. Жүсіпбек Аймауытов туындыларындағы тұлға. –Алматы, 1998 ж.

ӘОЖ 82:180

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ «ҰШҚАН ҰЯ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

УСКЕНБАЕВА Г.А.

Мұқағали Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме. В статье рассматривается система образов в творчестве Бауржана Момышулы.

Summary. The article examines the system of images in the work of Baurzhan Momyshuly.

Жауынгер жазушының қаламынан туған алғашқы көлемді шығармасы – «Ұшқан ұя». Бұл – Бауржанның балалық шағын баяндаған, өскен тәрбие алған ортасын суреттеген өмірбаяндық шығармасы. Повестің бірсыпыра көріністері С.Мұқановтың «Менің мектептерім» мен М.Әуезовтің «Абай» романындағы суреттелген қазақтың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып картиналарын еске салады. Алайда, «Біздің семьяда» Бауржан Момышұлының өзінің түсінігі, өзіндік дүниетану тұрғысы және өзіндік көркем суреттеуі көзге түседі. Бұл повесть жазушының өзіне тән суреткерлік бетін танытты. Шыншылдық, нақтылық, өмір материалын жетік білушілік жазушыға көптен көп қажет қасиеттер.

Қалың халық ортасында, қарапайым семьяда туып өскен, жастай шешесі өліп, ақылды ана, қарт ана, үлкен әжесінің қолында тәрбиеленген Бауржанның жасынан сезімтал, елгезек, ойшыл болып өскенін көреміз. Бала кезінен көрген-білгені, өмірден алған әсері жүрегіне жазыла берген тәрізді де, қар суындай бойына сіңе берген тәрізді, енді келіп сол жан түкпіріне іркілген қор есейген шағында, өмірдің ауыр кешуінен өткен шағында бұлақ суындай қайнап, бүркылдап сыртқа шыққан тәрізді. «Біздің семьяны» қызығып оқисың, сүйсініп оқисың. Бауржанның жастық шағын өз басыңнан өткергендей сезімге бөленесің. Мұның сыры неде? Мұның сыры шығарманың көркемдік, суреткерлік қасиеттерінде, сыншылдық сипатында. Повесте шиыршық атқан сюжет жоқ. Бар әңгіме бір семьяның тағдырын, он-он бес жыл ішіндегі бастан кешірген өмір құбылыстарын баяндайды. Сондықтан шығарманың тартымдылық себебін автордың әлгі айтқан суреткерлік қабілетінен әңгімешілдік шеберлігінен, ағынан жарылып, ақтарыла адал сөйлейтін адамгершілік сарынынан табамыз. Мысалы, повесте автор үлкен әкесі Имаш, өз әкесі Момынәлі жайында былай әңгімелейді:

«Менің бабам Имаш 1911 жылы тоқсан екі жасында дүниеге салған. Орта бойлы, орақ мұрын, от жанарлы сол шымыр шалдың төртінші перзенті-менің әкем Момынәлі екен. Оны жұрт Момыш деп кеткен. Әжемнің аты Қызтумас еді. Қартайғанда сары кемпір атанған. Жарықтық аса сабырлы, ажарлы, ақ дидарлы кісі екен. Ондай ару ол кезде ел арасында некен-саяқ. «Үл біткеннің бәрі қазанның түп күйесіндей әкесіне тартып қара болды, қыз жағы өзіме тартып аққубаша ажарлы шықты» деп отыратын еді, жарықтық. Әжем өзінің ұлдарына өңшең аққубаша аруларды айттыруға ынтық болған. Соның кесірінен менің әкем Момыш отыз үш жасында да салт басты, сабау қамшылы жүріпті. Әжем оған: -Әй қара құл, мен құдайдан саған ай көрікті ақ перизат жолықтырғай деп тілеймін. Ты болмаса немерелерімізді жиіркенбей сүйейін, -дейді екен [1, 59б.].

Біркезде көрші ауылда үлкен той өтіпті. Той ойын сауықсыз болған ба? Үлкен киіз үйдің ішінде жігіттер мен қыздар айтысып жатса керек. Той дегенде қу бас та домалайды. Кемпір-сампырларымен ілесіп менің Қызтумас әжем де келген екен. Кәрі құлағы елең етіп, киіз үйден шыққан айтыс әнін естіп қалады.

Біздің ауыл Мыңбұлақ басын ала,
Басындағы орамал жасыл-ана
Көңілің бізде болса, а құдаша,
Біразырақ отыршы қасына ала.

Қыздың даусы жайдара естілсе де, жалтара жауап қатып отыр екен. Кәдімгі бас қосқан жердегі бастама өлеңнен үзай қоймапты. Дегенмен, сөз арасында «жақсы жігіт» дегенді жиілете берсе керек. Қызтумас әжем оны сезіпті.

Қарашаға, ендеше, қарашаға,
Кисе киім жарасар аласаға.
Бас қосыптық бұл тойда жақсы жігіт,
Өлең айтсақ болмай ма тамашаға.
Бірақ жігіт жағы алғашқы екпінінен танбай ынтық көңілін ұсына беріпті:
Мыңбұлақ сулары сылдырайды,
Сұлу қыздың бұрымы бұлдырайды.
Құдаша деп сыртыңнан құмартушы ем,
Ескергейсің ендігі біздің жайды.
«Құдашасына сонша өзеуреп отырған кім екен», -деп әжем есіктен сығалап қараса:
Қара батыр, құдаша, қара батыр.
Жау қайырар жасқанбай дара батыр.
Тәңір айдап өзіңмен бас қосыппыз,
Осы келе сіз жаққа бара жатыр,-

деп бір бойжеткен қара қызға аяқты бұрып тұрған өз Момышы екен. Әжем сонда ұлына айқай салып:

«Өзің қазанның күйесіндейсің, күйеге күйе жүкса не болмақ, құдайым-ау!-деп баласын үйден қуып шығыпты».

Әкем содан айтыс қуып, әндетіп жүре-жүре 33 жасында Байтана руынан Әбдірахманның Рәзия атты қызына үйленіпті. Ол менің шешем еді. Рәзияның тұңғышы Үбіш, онан кейінгілер Үбиан, Сәлима, Әлима кілең қыз бала болды.

Момыш әкемнің айтуынша, мен 1910 жылдың қасында, ескіше декабрьдің жиырма төртінде туыппын. Әкем ол күні Әулиеата шаһарында екен. Мен туған Имаш бабам жан-жаққа кісі шаптырып әкем де хабаршы жіберіпті. Біздің ауылдың Байтоқ деген кісі алпыс шақырым Әулиеатаға ат сабылтып жетіп, әкем жатқан үйге кіріп келіп, бір ауыз сөз айтуға дәрмені келмей, Момышты құшақтап жылай беріпті. Әкемнің қарындасының үй-іші үрпиісіп, бір жаманат хабар жеткен екен деп қорқып қалады. Ақыры бәрі Байтоқты жұлмалай «не болып қалды, айтсаңшы» деп тақақтағанда ғана, Байтоқ:

-«Женешем, үл тапты», -депті. Үрейден үрпиіскен жұрт енді мәз-мейрам болып, қуаныштары қойындарына сыймай Байтоққа сүйіншісін беріп аттандырыпты.

Осылай жансырындай сақталған естеліктерден сұрапталып, сомдалып жасалған адам образдары шығармада жаңадан өмір сүргендей әсер туғызады. Сырттай қатал, іштей мейірімді азиз жан, ардақты әженің образы бір тоға, «Тура Момыш» аталған әділ, еңбекқор, өнер иесі әке мен алып күшті, аңғал мінезді, Момынкүл ағаның образы, түп нағашысы тәкаппар, әпербақан Серкебайдың образы, шабандозшал мен ең алғаш әйел теңсіздігіне қарсы тұрған қайсар Зейнептің образы, коммунист Садық Абламовтың жағымды образы және толып жатқан пасық бай, зәлім молда, жебір болыстардың образдары көз алдыңнан кетпейді.

«Образдар жүйесі кесте бойынша, қолдан жасаған сияқты емес, өмірде шын болатын табиғи қалпында құралған. «Рас, осындай болған, өз көзіммен көргем де» дейсің ішіңнен және дәл осы жас бала Бауыржанның көшімен көргені есіңе түседі.

Ұнамды, ұнамсыз дейтін образдар жазушының күнілгері әзірленген ұғымына сай жасалмай, нағыз өмірдің өзінен тікелей ойып алынғаны көрінеді. Қалыптасқан кестелі ой образ туғызған емес, жанды образдан жемісті ой туған. Образдар дүниесінің нанымды да әсерлі болатын себебі сол» [2, 135б.].

Повесте алабеттен ой туғызатын әженің образы. Бұл образ мынадай бір суретті көз алдыға әкеледі: Жапан түзде, ысылдаған ыстық құмның ортасында жападан-жалғыз біткен тораңғы дейтін ағаш болады. Өзі мықты бұтақты, саялы. Жел мен боранға, аяз бен аңызқаққа-бәріне төзген, мәңгі шөлдеген, тарыққан күйінде жаратылыстың не бәле-батранының бәріне табалдырықпен төтеп берген сіңірлі ағаш. Бауыржанның әжесі де осы тәрізді аздап, зардабының бәрін бастан кешсе де соған төтеп берген, бойына тарытпаған ақылды, қайсар, саналы да саялы әзиз ананың образы болып шыққан. Болашақ батырдың ең алғаш дүние тануына, характерінің жастай қалыптасып, адал, табанды, ержүрек боп өсуіне игі әсер еткен осы әже М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы Зере сықылды Бауыржанның әжесі де қазақ халқының қашаннан өмір қазанында қорыған ұзақ тәжірибеде шындалған даналық ұғымдарын, ізгі салт-дәстүрлерін бойында сақтаған адам, өмірдің сұлулығын, еңбектің поэзиясын, достық пен бірліктің, адамгершілік пен адал семьяның қадірін, қажеттігін ұғынған жан және осы ұрықтарды өз төңірегіне, әсіресе сүйікті немересінің жүрегіне бала кезінен бастап екен ана.

Сөйтіп, әженің образы жазушының алдымен атап айтарлық табысы. Бұл образ, сөз жоқ бүкіл шығарманың көркемдік қуатын танытатын өзекті образ. «Онда мен бесте ме, әлде алты жаста шығармын. Әжеммен бірге жатушы ем. Әже құшағы қандай ыстық, қандай мейірбан десеңізші. Көзім ұйқыға кеткенше, әжем айналып-толғанып арқамнан қағып жатқаны. Еркелеп жатып қалғып кеткенінді өзің де аңғармай қаласын», деп ыстық ықыласпен асыл әжесін еске алған автор енді бірде:

-«Әжем малдың» «тілін» ұғуды үйретуші еді.-«Қозы маңырайды, бұзау мәңірейді, құлын кісінейді, бота көзі мөлдіреп аңсайды, кодық ақырады... Әжем бұған зұлым қасқыр, жымысқы түлкі, дәрменсіз қоян, сүйкімді құс, сұрапыл сұңқар жайлы ертегілер айтатын», -деп жазады [1, 85б.].

Повесте Баукең тек мейірбан әжесін еске түсіріп қоймайды. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі-бала тәрбиесіне көңіл бөледі:

«Ертексіз өскен бала-рухани мүгедек адам. Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертек айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын.

Ал, менің кәрі апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын. Арада неше заман өтті, Қызтумас апамның сүйегі әлдеқашан қурап кетті, ал әлди ән айтқан үні әлі тұр құлағымда. Бөстекке отырып алып басымды бауырына қысып, кәрі алақанымен арқамнан томп-томп қағып қойып:

-Балам менің қайда екен?

-Қыздарменен тауда екен.

-Тауда неғып жүр екен?

-Алма теріп жүр екен.

-Алмасынан кәнеки?...-

-Жаңа теріп жүр екен.

-Қызыл алма қолында

-Қыз-бозбала соңында,-

Кейде қиястықпен қыңқылдап мазасын ала берсем алдында алып отырып:

Жылама бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін.

Жілігінің майы жоқ,

Жіпке тағып берейін.

Көк сиырдың сүтінен

Көже жасап берейін

Оның тұзын кім татар

Жыламайтын ұл татар,-

деп мәпелейтін еді. Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып балбырап ұйықтап кетер едім.

Повестік өзіндік бір ерекшелігі жазушының қазақ тұрмысындағы салт, әдет-ғұрыптарды, өмір құбылыстарын, тарихи оқиғаларды (ас, көкпар, қалың мал, қашаған қу, жыл санау, жүт, айтыс,

беташар, неке қияр, өлік жерлеу, наурыз, 1916 жылғы көтеріліс т.б.). Үлкен ұқыптылықпен, зергерлікпен суреттеуі. Бұл тұста повестің болашақ ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі де мол.

«Әулиеатадан әкем қайтып келгенде ағайын-жекжат құтты болсынға жиналып қалған екен.

-О, Момыш, балаңның бауы берік болсын!

-Ақментей бабасындай батыр болсын!

-Ақмоладағы Батырбасындай мәрт болсын

-Бәйдібек батырдың әруағы қолдасын!

-Домалақ-анамыз жар болсын!-десіпті.

Сөйтіп, шілдехана тойға ұласыпты. Той соңында Имаш атам алақан жайып ел қарияларынан бата сұраған екен.

–Төл немерең, бел немерең ғой. Бата жөні де өзіндікі,-десіпті ақсақалдар. Сонда Имаш бабам былай деген:

Алатаудың қыраны мол еді-

Қырағы болсын, құлыным-

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор-

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді-

Құмары болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді-

Сыңары болсын, құлыным.

Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен.

-Атасының қолын ұзартып, қолқабыс беруге келді,-депті шешем ізетпен иіліп.

Атам еміреніп мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып:

Құрық деп берсем-күл болма,

Шыбық деп берсем-шіл болма.

Бәрінен де, шырағым,

Баяны жоқ ұл болма,-

деп келініне мені қайтарып берген екен.

Атасымен алғашқы дидарласуының құрметіне деп, алғашқы өсиет өмірлік өнеге болсын деп әкем сол күні кешке мал сойып ауыл ақсақалдарының басын қайта қосыпты» [1, 78б.].

Сәби Бауыржанның санасында бұлдырап қана қалған елестермен ес біліп, есейе бастаған шағындағы немесе кейінгі куәгерлер естеліктерімен толықтырылған айқын суреттер жеке композициялық құрылымдары бойынша новеллалық желілер салады да, көптеген ортақ философиялық-эстетикалық факторлар тұрғысынан тұтас шығарманың берік арқауын түзеді. Қаламгердің өмір құбылыстарын іріктеп, типтік жағдайларда көре білуі, болған оқиғаларды тартымды детальдармен үтқыр бейнеленуі шығарманың ой-мазмұн толымдылығын арттыра түскен. Мұндай ерекшелік –жазушының барлық көркем туындыларына тән.

«Автор өз семьясына байланысты алуан оқиғаларды жүйелі суреттей отырып, Қазан төңкерісінің қарсаңы мен алғашқы жылдарындағы қазақ аулы бастан кешірген тарихи -әлеуметтік жағдайларды жинақтай көрсетеді. Көп тұрғыластарына қарағанда көзі қарақты, табан ақы, маңдай терісіне сүйенген, әділ, турашыл, біртоға мінезді әкесі Момыш пен қызба, ұрыншақ, әйтсе де намысқой, бауырмал, ізетті Момынкүл көкесі, әсіресе, ертегісі көңіл ерітетін, сәби санаға ізгілік, адалдық нұрын құятын ақылды әжесіне қатысты беттер жазушы тарапынан шынайы лиризм, айшықты психологиялық шрихтармен нанымды бейнеленеді. Ақкөңіл, қолы ашық нағашысы Серкебай, әкесінің еркін қылықты апасы Айшаға қатысты ұлттық характер ұшқындарын аңғартарлық юмор астарларында керемет сезімталдыққа қоса, ыстық сүйіспеншілік табы бар» [3, 121б.].

Этнопсихологиялық ыңғайдағы толымды көріністер Үбианның ұзатылу тойы мен көкпар ойындарын мол дәлдікпен, ынта-ыждаһатпен баяндайтын тұстарда кең сарапталады.

Қазан төңкерілісінің игі ықпалын «тура Момыштың» отбасы орыс халқының момын өкілдері-Гончаровтар семьясымен бірге еңбек ете жүріп сезіне бастайды. Өзге ұлт өкілдеріне деген бауырмашылдық бала Бауыржан көңілінде құрдасы Васильмен бір пештің үстінде жатып, бір әліппені жаттайтын ынталы шәкірттік дәуренге аяқ аттау мезетінен өрістеген. Шығармада ұлттар арасындағы қарым-қатынастың да бірден дұрыс қалыптаса қоймағаны, қазақтардың көп уақытқа дейін бөтен дін, бөгде қылықтың адамдарын жан түсіне алмау шақтары, бауырмал туыстық егіншілік

кәсіп, білім алу талаптарына сәйкес күш алғаны реалистік ауқымда, сюжет шынайылығымен бейнеленеді.

Қорыта айтқанда, жазушының ағынан жарылатын адал жаратылысы, бастаудай тұнық сезімі, табиғи адамгершілік сапарлары, өткенге бүгіннің биігінен қарайтын терең дүние танымдық бағдары шығарманың зор идеялық-көркемдік қасиеттеріне айғақ. Повестегі негізгі идея-дүрбелең тарихи кезең қарсаңында туып, социалистік сана жолында қан мен тер төккен патриот, интернационалист, ер жүрек азаматтың эволюциясын, қаһармандықтың моральдық-философиялық алғы шарттарды таныту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Момышұлы Б. Үшқан ұя. – Алматы: Санат, 2018. – 240б.
2. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Атамұра, 2001. – 223б.
3. Елеукенов Ш. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы: Білім, 2011. – 321б.

ӘОЖ 82.120

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

УТЕГЕНОВА Н.Ж.

№1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

СЕРІК МӨЛДІР

№1 мектеп-гимназиясының 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

Резюме. В статье представлено исследование творчества Ибрая Алтынсарина.

Summary. The article presents a study of the work of Ibrai Altynsarin.

Қазақ халқының азаматтық тарихында және бүкіл қоғамдық ой-пікірінде Ыбырай Алтынсариннің алатын орны ерекше. Орыстың революциялық-демократтық қозғалысы туып, дами бастаған тұста аренаға шығып, қоғамдық қызметке араласқан ол өз әріптестерінің алдыңғы қатарлы ой-пікірін қуаттап, қазақ жерінде оқу-білімнің, бүкіл ағарту-ісінің, демократтық-педагогтік көзқарастың негізін салды, өз заманының озық ойлы азаматы болды. Феодалдық-патриархалдық тұрмыс билеген, екінші жағынан патша өкіметінің отарлау саясаты езген қараңғы ортаға Ыбырай мектебінің қонырауы тұңғыш сыңғырлап, ұлы ағартушы-педагогтің ой-пікірлері, өлең-жырлары халық санасына жаңалық бос сіңді. Ол қоғамдық әділетсіздікке, надандық пен білімсіздікке қарсы күресті. Бүкіл өз өмірін туған халқын ағарту ісіне, оларды алдыңғы қатарлы білімді елдердің қатарына сүйреуге арнады, болашаққа қарады.

Ыбырайдың өмір сүрген дәуірі – XIX ғасырдың екінші жартысы. Бұл дәуір қазақ тарихындағы ең бір қайшылықты, өнімді кезең. Бұл кезде Қазақстан Россияның отары болып, әбден оның қарамағына кірді. Қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік тіршілігіне өзгерістер ене бастады. Патша әкімшілігінің езу, қанау саясатына қоса бұл тұста қазақ халқының біраз бөлігі арасында орыстың оқу-біліміне, мәдениетіне ұмтылушылық, отырықшылыққа, шаруашылықтың пайдалы түрлеріне қарай іш тарту фактілері байқалды. Орыс-қазақ халқының достығы осындай екі жаққа да пайдалы ынтымақ, келісім негізінде туды да, екі елдің еңбекшілері өздеріне ортақ мүдде тапты, әділдік үшін бірігіп, күреске шықты. Ыбырай–осы қозғалыстың басында тұрған, дамудан мешеу қалған қазақ қоғамына оқудың, прогресс жолының қажет екенін Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаевтармен бірге алғаш түсінген адам. Оның ағартушылық, педагогтік көзқарасы негізінен, орыс-педагогтарының ықпалымен қалыптасты. Алайда, ол тақыр жерге біткен терек емес, қазақ халқының ұлттық тәрбиесіне сүйеніп өсті. Халықтық педагогиканың адамгершілікті, үлкенді сыйлауды, өнерге үйренуді уағыздаған негізгі қағидаларын, қазақ қоғамының өзіндік моральдік кодексін ол жақсы біліп, басқа озат халықтар педагогикалық ой-пікірімен толықтырып дамытты.

Ыбырайдың өз заманында атқарған ісі мен қалдырған мұрасы Қазақстанның ағарту ісі тарихында тұтас бір жүйе болып саналады. Ол қазақ даласында мектеп ұйымдастыру ісін өз қолымен атқарып, оның жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі ролін, міндеттерін тұжырымдады.

Ыбырайдың ағартушылық-педагогтік ой пікірлері, негізінен қазақ халқының болашағына, қабілетіне деген сенімнен нәр алады. Ол қазақ халқын езіп, надандыққа қамап отырған феодалдық-патриархалдық қоғамның кертартпа жақтары мен отаршылдық саясатты сынай отырып, туған халқының келешегіне сенді, оған үлкен оптимистік көзбен қарады. Ыбырай: «Қазақ халқы–ұғымтал, ақылды, дарынды, бірақ оқымаған халық», «Қазақ халқы–қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен көп жақсылық табамыз», «Қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық»,– дейді [1, 42б.]. Сондықтан сондай халықты оқу-білімге баулып, оның дарынын ашуды өзінің басты мақсаты етіп қояды. Қазақ даласында мектеп ашу, оларда оқуды заман талабына лайық ұйымдастыру, оған қажет оқулықтар дайындау, оқу-методикалық құралдар шығару–Ыбырайдың өмір бойғы арманы ғана емес, қажымай-талмай, әртүрлі қиыншылықтарға қарамай еткен еңбегі.

«Алтынсариннің педагогикалық қызметі кезінде Н.Н.Ильминскиймен тығыз қарым-қатынаста өткені белгілі. Бірақ соншама жақын, араласа жүріп, Ыбырай Ильминскийдің миссионерлік көзқарасын қабылдамаған. Ол орыс педагогының адамгершілігін, оқу-ағарту жүйесіндегі еңбегін сыйлаған, идеологиясын бойына дарытпаған. Бұл Ыбырайдың бүкіл педагогикалық еңбегінің туған халқын оқу-ағарту ісіне, оның ұлттық дарының дамытуға арналғанынан бір танылса, екінші жағынан ол жас ұрпаққа мектепте орыс дініне үйренуге, сөйтіп оларды шоқындыруға қарсылығынан тағы байқалады. Қазақ мектептерінің бақылаушы инспекторы В.В.Катаринскийге жазған бір хатында ол: Бессонов деген мұғалімнің 3-4 класс оқушыларына інжіл мен оның парыздарын уағыздағанына реніш білдіреді. Мұның қазақ балаларының орысша оқуына зиянды екенін көрсетеді. Мектеп инспекторы Бессоновтың бұл ісіне қатаң тыйым салады. Сол кісіге жазған тағы бір хатында Ыбырай Красноуфимскідегі ауыл шаруашылығы мектебінде мұсылман дәстүрлерін елемей, қазақ балаларына шошқа етін асып беріп, оларға шошқа бақтыру, орыс оқушыларымен бірге ғибадат еткізу фактілерінің кездескенін күйініп жазады» [2, 12б.].

Бұл жайлар Ильминскийдің қазақтарды хрестьян дініне тарту жөніндегі ойларының Алтынсарин арқылы іске аспағанын, оған бұл жөнінде әсер ете алмағанын көрсетеді. Ыбырай мұсылман дінінің догмаларын да мектептен аулақ ұстауға тырысқан. «Молдалар өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр... Молдалар оқытып жүрген татар, араб, парсы кітаптарының бәрі де адам баласын дұрыс ойдан адастырады, кері кетіреді. Ал, басқа халықтар сияқты қазақтарға да олардың өздеріне түсінікті тілде жазылған, оқығанда ақыл беріп, ой түсіретін кітаптар керек»– деп жазады ол [3, 27б.].

Дін қағидаларын бұрмалап, оны көпшілікке түсініксіз етіп отырған молдаларға қарсы Ыбырай «Шариат ул-исламды» жазған [4, 18б.]. Онда ол «бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, екінші жағынан, қазақ жастарына өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман, дінінің рухына толық сай, діни оқытуға құрал бола алатын» кітаптың қажеттігін көрсеткен. Оның үстіне автор «Қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуін», «Қазақтың жазба тілінде татар сөздері орынсыз көбеймеуін» ескертеді.

Жалпы қазақ тілінің тазалығы үшін күрес Ыбырайдың ағартушылық, демократтық көзқарасында көрнекті орын алады. Ол қазақтың әдеби тіліне татар, парсы, араб тілдерінен кірген қоспаларды көбейтіп, ұлттық жазба тілді былғаушыларға батыл қарсы шыққан. Қазақтың жазба тілін шұбарлықтан арылтудың бір жолын ол ана тілінде кітаптар басу ісін көркейтуден іздейді. «Мәселенің мәнді жері–қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу, қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін бірте-бірте, бірақ шын құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек» – деп жазады ол [3, 42б.].

Ыбырайдың Орынбор сияқты қалада оқуы, өз бетімен ізденуі, орыс ителлигенциясымен араласуы оның ой-өрісінің, өсуіне, өмірге көзқарасының қалыптасуына көп жағдай жасайды. Осындай ұзақ та, тұрақты ізденіп оқу арқылы ол өз мақсатын айқындай алады. Тілмаш болып, кеңсе қызметінде қалып қоймай, халқына қызмет етуді арман етті. Сол арманының алғашқы қадамы 1861 жылы Торғайдан мектеп ашуға рұқсат алып аттанған сапарынан басталды. Ыбырай бұл мектепті тек 1864 жылы ғана аша алды. Оған дейін өз үйінде 4-5 баланы жинап оқытып, болашақ мектеп оқуының негізін сала берді. Өзінің тәжірибесін арттырды. Осылайша 1864 жылы салынып біткен тұңғыш мектепке үлкен даярлықпен жеткен Ыбырай оқыту жұмысына құлшына кірісті.

«Мен балаларды оқытуға, қойға шапқан аш қасқырдай, өте қызу кірістім»,– деп жазды ол Н.И.Ильминскийге [3, 29б.]. Осы хатында өзінің қалай оқытатыны туралы да айтып, оқыту әдісіне жетілген шебер педагог екенін танытады. Бұл ретте жас педагогтың грамматика сабағын жүргізу әдісі өте тартымды және қызық. Ол сабағын белгілі жүйемен жүргізіп, бірте-бірте ілгерілеп, тереңдей

береді. Ыбырайдың бала оқыту жүйесі бірыңғай жүре берген жоқ. Ол Торғайдағы уездік басқармада әр түрлі қызмет атқарып тұруға тиіс болды. Іс жүргізуші, уезд бастығының аға көмекшісі, уездік судья қызметін атқарады. Бұл жұмыстарын тындырып істесе де, бәріне де көңілі толып қанағаттанған емес. Қайта ол әкімшілік жұмыстардан жалығып, амалсыздан істеп, босқа кеткен уақытына өкінеді, қалайда өз жүрегі қалаған творчестволық жұмыспен шұғылдануды арман етумен болады. Бұл пікірлерін Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында ашық айтады. «Менің қызметіме бастықтарым өте риза, бірақ міндетті қызмет мені мүлде тойғызып барады. Ендігі барлық ойым бұрынғыша ғылымда және ресми жағдайдан тыс қоғамға араласуда ғана болып жүр»,–дейді [3, 31б.]. Ыбырай әкімдер ортасында болуан жалығады. Ол әкімдермен өткізген мағынасыз күндеріне өкініп, Н.И.Ильминскийге шағынады. Торғай ұлықтары, майор мырзалардың ертеден қара кешке дейін бос өткізетін көңілсіз өміріне жирене қарайды. Менменсінген топас майордың мінез-құлқын келемеж етеді. Ол «өзінің майор екенін есімізге салып, еркелік те істейді», карта ойнаудан басқа кәсібі жоқ, арақ ішіп, аузына келгенді қыза сөйлеп отырады деп,–олармен өткізген түгел бір күнін бастан аяқ суреттейді [3, 32б.]. Тіпті, олардың әңгімелерінің өзі көңілсіз, өрісі тар, уақ адамдар екенін дәлелдерлік мәнсіз сөздерін келтіреді.

Ыбырай–көрнекті ақын, талантты жазушы. Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқандай маңызы зор көркем шығармалар туды. Ол өзінің бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін зор нысанасы–қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу. Сондықтан Ыбырайдың қоғамдық-педагогикалық, жазушылық қызметі өзектес, оның ізгі, көкейтесті ойларының туындысы.

Ұлы педагог-ақын өзінің өлеңдері арқылы оқудың, өнер-білімнің маңызын түсіндіріп, надандыққа қарсы шықты. Ол қазақ балаларын білімге баулып, олардан болашақтың иелерін даярлауды бірінші мақсатым деп санады.

Өнер, білім–бәрі де
Оқуменен табылған...
Кел, балалар, оқылық!–

деп жар салды. Қазақ балаларына оқыған адамның қараңғылықтан құтылып, дүниенің шырағын жағып, ілгері нық басатынын ескертті.

Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап...
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар!

Адамды қор етіп, әбден аздыратын, ақылын тұсап, топастандыратын ең бір ауыр індет надандық деп білген ақын, елдегі небір алуан дөкірлік пен опасыздық осы надандықтың салдары деп бағалады.

Надандықтың белгісі –
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай
Ақ, қараны танымас.

Өнерлі, білімді адамды надандарға қарама-қарсы қойып, ақын олардың біріне-бірінің айырмашылықтарын тайға таңба басқандай бейнеледі. Өнерді ел бақыты, халықты мұратқа жеткізетін сенімді құрал, шын мәнісіндегі адамгершіліктің, дүние танудың бірден-бір анық жолы деп бағалады.

Оқу мен ғылымның материалдық мүмкіншіліктерін де ақын терең түсінді. Адам бойындағы ең жақсы қасиет, ақыл, мінез, дәулет. Тұрмысқа керекті бұйым – бәрі де оқумен, білумен, ізденумен табылатын адам ақылының жемісі. Дүниедегі ең ескірмейтін мұра да, өмірлік сенімді серік пен берік сүйеніш те, сарқылмас дәулет те – өнер-білім деп, ақын қазақтың мал байлығына өнер-білім байлығын жарыстырады. Білім еш арымайды, жұтқа ұшырамайды, ол мәңгі бақыт кілті деп танытады.

Ыбырай озбыр өкімет өкілдеріне жай ғана наразылық білдіріп қоймай, олардың бір кезде әділ қазы алдында жауап бермей кете алмайтынын ескертеді. Жарлылар арызын тыңдар күн туса, жеген малың ұртыңнан шығар, тіпті ақыр соңында, түбі бір әділдік тауып, кедейлер өздерінің кеткен еселерін қайтарар-ау деген сенім білдіреді.

Әділдіктен хан тайса–наным кетер,
Жылай-жылай жарлының малы жетер.

Ай, таксыр, бұл дүние өтер-кетер...

Мал иесі де артыңнан қуып жетер.

Жарлылар да бір табар әділ қазы

Таразылы күн болса арыз етер...

Ыбырай өлеңдерінің әлеуметтік мәні осы үзіндінің өзінен-ақ байқалады.

Қорыта айтқанда, ақынның момынға іш тартып, аяушылық білдіре, ақыл айта сөз қозғауы – үлкен батылдық. Бұл ақынның қоғам өміріне сын көзімен қарап, ондағы қайшылықтар сырын терең түсіне білгендігінің айқын көрінісі. Ел басындағы әлеуметтік теңсіздіктен туған ауыртпалықты көру, «жақсылар» тобының қиянатын айыптау, езілген халыққа ара түсу–ақын өлеңдеріндегі ең өзекті идеяның бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Алтынсарин Ы. Өнер – білім бар жұрттар: өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар жә не естеліктер / Ы.Алтынсарин; құрастырып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған С.Мақпыров.– Алматы: Жалын, 1991. – 235 б.

2.Ижанов З. Ыбырайдың кесімі // Ана тілі. –2003.–24 көкек (№16).– 12 б.

3.Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, хаттар / Ы.Алтынсарин. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.

4.Алтынсарин Ыбырай. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Шариат–үл– ислам / Ы.Алтынсарин.– Алматы: Қазақстан: ТПО Қаламгер, 1991.– 79 б. 195.

ӘОЖ 831.162

ҚАЗАҚ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

ЕСПЕНБЕТОВА Г.Т.

М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТАҒАМБАЕВА А.А.

М.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 1 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этом романе ярко изображена стойкость, искренность казахских женщин. Также показана выдержанность женщин и бытовым трудностям. Он всесторонне изучил национальную самобытность, духовый мир казахской женщины, девушки.

Summary. This novel vividly depicts the endurance and sincerity of Kazakh women. It clearly shows the tolerance of Kazakh women to the difficulties of life. He studied the national nature and spiritual world of Kazakh women and beauties.

Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы екенін ескерсек, бастау көзі сонау көне фольклорда, ежелгі әдебиет үлгілерінде жатқан тарихи тақырып дәстүрі қазақ әдебиетінде 60-80 жылдары мол көрініс бере бастады. Қазақ әдебиетіндегі проза жанрында тарихи тақырыпты игерудің үлгісін салып, көркемдіктің биік тұғырынан көрініп, әлемдік шығармалардың қатарында бағалануға қол жеткізген М.Әуезов шығармашылығының орны бөлек екені айтпаса да түсінікті.

Халқымыздың басынан өткен тарихи оқиғаларды тарихи романдарға арқау еткен жазушыларымыз бұрынғы дәуір қойнауына бойлай түсіп, халықтың еркіндік пен азаттық үшін жүргізген күресін көркем сомдады. Ұлан-асыр кең даланы білектің күшімен, найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен қорғаған хандар мен билердің, батыр ұлдар мен қыздардың нанымды тұлғалары жасалды. Қазақ халқымыздың әйелдерінің өжеттілігі, батырлығы, қайсарлығы кез-келген жазушының романдарынан көруге болады [1, 256 б.].

Әйел – ана ма, жар – жұбай ма, бұла – бойжеткен бе... Әйтеуір қияпаты бөлек қазақ қызының мінез-құлқын, іс-әрекетін, сыр-сезімін, қимыл-қылығын дәл, терең, нәзік суреттеуге келгенде шіркін шебер, алдына жан салмайды. Сонда әр бейненің тастан қашалғандай бедер табатыны сондай,

әрқайсысы-бір адам ғана емес, бір топ адамның жиынтық бейнесі боп оқырманның көз алдында тұрады да, есінде қалады. Сонда әр кейіпкер, әркімнің қашанғы таныс - бейтанысы боп шығады.

Тарихи романшылар Ә.Кекілбаев, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов шығармаларында қиын-қыстау күндерде ерлермен бірге атқа қонып, елін, жерін қорғаған батыр қыздардың, бейбіт күндері бесігін тербетіп, ұрпағын өсірген аяулы аналардың бейнесін сомдаса, С.Жүнісов, З.Ақышев, Ә.Әбішевтер өздері кестелеген бас қаһармандар ғұмыр кешкен замандағы әйелдер образын сомдауға күш салды. Әйел-ана, ару бейнелері авторлық ұстанымға орай әртүрлі деңгейде кескінделді. Олар биік адамгершілік-адами қасиетімен, рухани жан әлемінің тазалығымен, шынайы махаббатына адалдығымен, ақылдылығымен, сұңғылалығымен даралатын Ақтоқты, Үркия, Бәну, Бибі, Самал, Назгүл, Сапар, Сәния, Бопай, Күнімжан, Аққозы, Жаған бике, Нұрбике т.б. бейнелері ұлттық әдебиетіміздегі М.Әуезов сомдаған Зере, Үлжан, Тоғжан, Салтанат, Әйгерім, Керімбала, Ғ.Мүсірепов сомдаған Ақлима, Үлпан образдар галереясына тың, көркем бейнелердің қосылғанын айғақтаса керек.

Әйел – эстетикалық идеал. Ол – сұлулықтың, махаббаттың, даналықтың символы. М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов дәстүрі мен қазақ тарихи романындағы әйелдер образын жасаудағы автордың ұстанымы мен адам концепциясы, көркемдік-эстетикалық сипаттары ғылыми тұрғыдан талданды.

Тарихи романшылар “алыптар тобы” қалыптастырған, әсіресе, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов дәстүрін жете пайдаланып, көркемдік-эстетикалық ізденістерге негіз болған әйел-ана, ару бейнесін, қазақ әйелінің ұлттық болмысын, рухани әлемін жан-жақты зерделеді. Сұлулықтың, даналықтың, биік дүниетанымның символы – Зере, Үлжан, Тоғжандармен қатар қазақ әдебиетінде Ақтоқты, Үркия, Балжан, Майсара, Күнімжан, Бопай, Жаған бике, Бибі, Сәния сынды ана-әйел-ару бейнесі ұлттық болмысымен, мінез, сезім даралығымен, ақылдылығымен ерекшеленді.

Сонда бар ожданы тап-таза иманнан күйылғандай мейірім-шафқатқа толы Зере - әжелердің үлгісі; салқын қанды, сарабал, сабырлы, ақыл-иесі Үлжан-аналардың үлгісі; “сылдырлаған шолпысы әлдеқандай былдырлаған тілмен” бас сыры мен назын Абайға ғана құпия баян ететін “Ақ еті атқан таңдай әппақ” ару Тоғжан – алыстан арайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі; әні сәніне, сәні әніне астасқан асыл, аяулы Әйгерім- жас жігіттің нақ сүйер сұлу жарының үлгісі...

Тарихи романшылар бесігін тербетіп, бөбегін әлдилеген қазақ әйелінің ел шегіне жау тиген кезеңде қолына найза алып, ерлермен бірдей елін, жерін қорғаған ерлік істерін, қан мен тер төккен ұлтжанды өр мінезін, оның бойындағы қайсарлық пен батырлықты, қазақ әйеліне тән төзімділік пен ұстамдылықты, ақылдылық пен сұңғылалықты дәріптей көрсетті [2,336 б.].

Суреткерлер І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев, Ә.Әлімжанов, Қ.Жұмаділов шығармаларындағы көркемдік шешімнің нанымдылығы да олардың шеберлігін танытады. Тарихи романдардағы өмір турасындағы толғаныс, ұрпақ жалғастығы сынды көкейкесті мәселелер шебер философиялық толғаммен, қаламгердің талғамымен шебер үндесіп кетеді. Қаламгерлер жеке адамдардың тағдырын барынша қазып суреттеу арқылы адам құндылығын ірі қоғамдық-әлеуметтік өзгеріс аясында көрсетуге тырысқан. Романдағы махаббатқа берілген кейіпкерлердің жан толқыны, жүрек лүпілі арқылы жалпы адамзатқа тән сезім күшінің шексіздігін суреттеді. Автор ойының айқындығын, дәлдігі, сезім сұлулығы, нәзіктік, оқиға желісінің суреттілігі Ақан-Ақтоқты, Мәди-Самал, Мұса-Сапар, Естай-Дүрия, Кенже-Сәния, Әбу Насыр-Бибі желілері арқылы бой көрсеткен. Аталмыш желілер алуан түрлі тағдырлар, кейіпкер характерін ашуда тиімділік танытқан.

Жиырмамыншы ғасырдағы қазақ тарихи романы тарих, дәуір, адам атты ұғымдардың терең сырларына бойлай отырып, олардың арасындағы диалектикалық сабақтастық пен бітіспес қарама-қайшылықтың логикалық шешімін көркем кестеге түсірді. Кесек тұлғаларды, тарихи адамдарды сомдауда әр автор көркемдік ізденістерге, яғни әдеби бейне сомдаудағы стильдік ізденістерге ұмтылды.

Қазақ романшыларының тарихи туындыларындағы әйелдер образын жасауы – автордың суреткерлік идеалы мен эстетикалық талғамына, көзқарасына қатысты боп келеді. Осыдан кеп стиль ұғымының қылаң беретіне мәлім. Ал, стильден әр жазушының өмір шындығын таңдауы яғни шығарма тақырыбы, сол өмір шындығына берген автор ретіндегі бағасы, өмірлік материалға қатынасы мен көзқарасы яғни идеясы, түйіндей айтсақ, шығарма мазмұны мен пішінінің бірлігі байқалады [3, 328 б.].

Тарихи романдар композициясындағы әрбір көркемдік компонент туындының идеялық-эстетикалық мәніне, автордың мақсат-мұратына орай алынған. Қаламгерлердің шеберлігі эстетикалық мәні бар көркемдік компоненттерді (диалог, монолог, пейзаж, портрет, деталь, символ) шығарма композициясына кіріктіре алуынан көрінеді. Оқиғаларды дамыту, қаһармандардың тағдырын

суреттеу, характерді айшықтау мақсатында көркемдік тәсілдерді шебер пайдаланған. Жазушы Ә.Кекілбаев шығармашылығына полифониялық тәсіл тән болса, І.Есенберлин стиліне баяндау хроникалық сипат, панорамалық қасиет тән екені мәлім, ал қаһарманның ішкі жан дүниесін ашып көрсетуде С.Жүнісов психологиялық параллелизмді, символ, детальды ұтымды пайдаланса, З.Ақышев характерлі, этнографиялық баяндау тәсілін ұтымды пайдаланған. Ә.Әбішев, Ә.Әлімжанов, С.Жүнісов, Қ.Жұмаділов т.б. монолог арқылы қаһарманның ішкі жан әлемін, нәзік сезімдерін шебер ашқан. Мәди, Махамбет, Естай, Қабанбай, Дүрия, Ақтоқты т.б. қаһармандардың монологын адамның ішіндегі құпия ойлардың, сезімдер мен сауалдардың процесі ретінде ашуға тырысқан.

Қаламгерлер қазақ әйелінің ішкі жан дүниесінің терең иірімдерін зерттеуге ұмтылған. Тарихи романшылар ұлттық характер арқылы жалпыадамзаттық проблемаларға бойлай алған. Абай: “Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол жаратқан тәңірінің ісі” – деп бағалайды. Көркем шығарма атаулының да арқауы – махаббат, адамгершілік сезімі. Әрбір автордың өз шығармасында көздейтіні – осы қасиетті ұғымды барынша бедерлеп бейнелеп беру.

Қаламгерлер ананың баласына деген абзал қасиеті сынды тым нәзік, құпиясы көп, сыры мол құбылысқа өз көзқарасы, ой қорытындысы, ұлттық жаратылысымызға сәйкес психологиялық суреттеудің айқын деректі сипаттамасын бере білген. Әйел-ананың жан әлеміне тереңдеп енген сайын әйелдің мінезі мен жан дүниесіндегі нәзік те күрделі құбылыстарды жарқыратып жайып сала отырып, әр кейіпкерге әлеуметтік жүк арқалататын қасиеттерді танып, астарын ашқан әр қаламгердің өзіндік қолтаңбасын тану қиын емес [4, 271 б.].

Қазіргі қазақ тарихи романы қай түрғыда да толысу, кемелдену, іштей тармақталып, даму үстінде. Жанрлық, тақырыптық, проблемалық салаларымен қатар түр мен стильдік табиғаты, бітімі жағынан даралану, тоғысу сияқты бір-бірінен бөлек сипаттағы процестерді де бастан өткеруде.

Қазіргі таңда да әйелдер өз ұрпағына тәлім-тәрбиесін бере отырып, олардың болашақта елін қорғайтын азамат немесе сүйікті қызы болып өсуіне өзіндік үлесін қосып келеді. «Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» дегендей, Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжандай аналарымыз бен әжелеріміз де жетерлік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Арна. –Алматы: Жазушы, 1988. –256 б.
2. Бердібаев Р. Тарихи роман. –Алматы: Санат, 1997. –336 б.
3. Көшпенділер: Тарихи трилогия. –Алматы: Жазушы, 1986. – 328 б.
4. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: таным мен көркемдік. –Алматы: Білім, 1999. –271 б.
5. Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. –Алматы: Арна, 2011. –230б.

ӘОЖ. 811.526

ҚИМЫЛ ЕСІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ

ИГІЛКОВА Э.С.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТЕМІРХАН А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается общий характер и изучение действия существительных.

Summary. The article deals with the general nature and study of the action of nouns.

Етістік – өзінің күрделілігімен байланысты қазақ тілінде өте көп зерттелген сөз табы. Етістікті сөз табы ретінде А.Байтұрсынов анықтап, оның грамматикалық категорияларын белгілегеннен бастап, күні бүгінге дейін талай ғалымдардың зерттеу еңбектеріне нысан болды. Түркітанушыларды атамағанның өзінде, қазақ тіл білімінің ірі ғалымдарының көбі бұл мәселені зерттеп, ол туралы өз пікірлерін білдірген. Осы ретте Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М.Балақаев, І.Кенесбаев, А.Қалыбаева, В.А.Исенғалиева, Н.Оралбаева, Ы.Маманов, А.Әбілқасым, И.Қ.Ұйықбаев, Н.Т.Сауранбаев, Т.Р.Қордабаев, Ш.Ш.Сарыбаев, Р.Ф.Сыздықова, Ә.Т.Қайдаров, Б. Қасым, А. Салқынбай т.б. осы

сияқты ірі ғалымдардың еңбектерін атап өткен абзал. Біз осы мақалада етістіктің арнайы қарастыруды қажет ететін мәселелерінің бірі – қазіргі қазақ тіліндегі қимыл есімдерін қарастырамыз.

Етістіктің формаларының біразы категориялық формалардан тыс тұрып, белгілі бір сөз табының функциясын атқарады және қимыл- процестің сипаты мен модальды мағынасын аңғартады да, функциялық етістік немесе етістіктің функциялық формасы деп аталады. Мысалы, қазақ тілінің тілдік жүйесінде есімше қимыл- процестің нәтижесінде пайда болған белгіні білдіру арқылы сын есімге жақындайды, көсемше қимыл- процестің белгісін аңғартып, үстеу қызметіне өтеді. Ал аналитикалық формалар экспрессивті, эмоциялық, стильдік мағына жамайды.

Осы тұрғыдан келгенде қимыл есімдерінің шаққа және жаққа қатынасының жоқтығы бүкіл етістік түрлерінен өзгешелігін танытады. Ал септелуі, тәуелденуі, көптелуі зат есімге айналуына (субстантивтенуге) бейімдігін білдіреді.

Грамматикадағы белгілі бір жеке тұлғаға берілетін ереже сол тұлғаның морфологиялық, синтаксистік, жалпы алғанда, грамматикалық белгілері бойынша жіктелуі – ең негізгі шарт. Ал ондай тұлғалардың грамматикалық атауы, термині, оларға берілетін ережеге қарағанда екінші орындағы мәселе болғанмен, сол тұлғалардың мазмұнына сай болуы орынды. Соңғы ғылыми еңбек «Қазақ тілі грамматикасындағы» – у жұрнақты тұлғаны етістіктің «рай категориясы» тақырыбынан алып, өз алдына жеке «тұйық етістік» деп қараған бастаманы, ондағы негізгі ережені қуаттай отырып, бірақ оның атауы «тұйық етістік» емес «қимыл есімдері» деп аталуын дұрыс деп санаймыз. «Қимыл есімдері» деген атаудың ана тілімізге ешбір жаттығы, өрескелдігі жоқ. Осындай атаулар туыстас башқұрт /есім қимыл/, татар /есім фиғыл/ тілдерінде де кездеседі.

Қазіргі қазақ тілінде етістік – ең күрделі сөз табының бірі. Бұл оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формаларының қат-қабаттылығынан және олардың ара-қатынасынан, грамматикалық категорияларының әр түрлілігінен, жаңа сөз жасау жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемде атқаратын синтаксистік қызметінен т.б. лексика-грамматикалық қасиеттерінен байқалады. Етістіктің зат есім сияқты көне сөз табы екендігі, басқа сөз таптарын жасауға негіз болатындығы, яғни тарихи- генеалогиялық ерекшеліктері өз алдына бір төбе.

Ең алдымен, етістік семантикалық жағынан тілімізде қимылды, процесті, әр түрлі өзгеріс, құбылысты білдіретін сөздер болып табылады.

Қазіргі кезде сөздерді топтастырудың лексика-семантикалық, морфологиялық түрлену жүйесі, синтаксистік қызметі сияқты үш түрлі ұстанымның үлгілері етістік деп танылып жүрген сөздердің өн бойынан айқын байқалады да солардың негізінде етістіктің жеке сөз табы болып бөлінуі ешбір күмән тудырмайды.

Етістіктер басқа да мағыналы сөз таптары сияқты түбір күйінде де, өзіне тән әр түрлі грамматикалық тұлғаларда да қолданылады деп асығысайтып жүрміз. Бірақ, етістіктің осындай түр-тұлғаларының қолданылуында бірден сырт көзге іліне бермейтін ерекшеліктер бар екенін көрсеткен жөн. Ең алдымен, ол ерекшелік етістіктің түбір тұлғасының лексика-грамматикалық сипатымен байланысты. Қазіргі қазақ әдеби тілінде етістіктің түбір тұлғасы /негізгі түбір болсын, туынды түбір болсын/ сырт қарағанда етістіктің кейбір грамматикалық категорияларының формаларымен, атап айтқанда, бұйрық райдың 2-жақ анайы тұлғасымен сәйкес келеді. Бірден ескертетін жайт-егер бұйрық райдың /2-жақ/ формасы бірінші және үшінші жақ тұлғаларын жасауға негіз тұлға болса, онда ол 2-жақ бұл парадигма жүйесіне кірмеуі керек, яғни бір грамматикалық түрлену жүйесінің түрлері, бір жағынан, бір-бірінен функциялық, мағыналық, тұлғалық сияқты өзіндік ерекшеліктері арқылы ажырайтын, екінші жағынан бір-бірімен тең дәрежедегі тілдік құбылыс болып саналады.

Олай болса, бір ұғымды, яғни етістіктің белгілі бір тұлғадағы грамматикалық мағынасын және оны білдіретін грамматикалық формасын бірде - етістіктің түбір тұлғасы деп, екінші бірде - бұйрық райдың жекеше, анайы екінші жақ тұлғасы деп, екі түрлі атаудың қаншалықты қажеттігі бар? Біріншіден, бұл екеуі бір ғана грамматикалық құбылыс болса, оны бір-ақ түрінде ғана атау керек. Екіншіден, бұйрықтық, жақтық /екінші, анайы/ мағына етістік түбірге тән мағына болса, онда ол тұлға етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясының /райының/ бір грамматикалық түрі, көрінісі /бұйрық рай/ бола алмас еді. Етістіктің түбірі білдіретін жалпы грамматикалық мағына етістіктің барлық басқа тұлғаларында сақталып тұратын қимылды білдіру мағынасы да, ал 2=жақтық, бұйрықтық мағына - етістіктің белгілі сөздермен /сен деген бастауышпен/ сөйлемде белгілі /жақтық, жекешелік, бұйрықтық/ қарым-қатынасқа түсудің жәнәсоның негізінде белгілі тұлғада жұмсалудың нәтижесінде пайда болатын мағына. Яғни бірінші мағына толық мәнді сөз болғандықтан лексикалық мағынаның жалпылануы /жалпы грамматикалық/ негізінде /сөз табы ретінде/ қалыптасқан, түбірге тән қимылды білдіру - жалпы грамматикалық мағына да, екінші - сөйлеу процесінде сен деген сөзбен байланысқа түсу нәтижесінде /субъектілік-предикаттық қатынасқа түсу нәтижесінде/ пайда болатын мағына. Мысалы, қимылды білдіру етістік түбіріне тән болса, зат есім түбіріне заттық мағына, сын есім түбіріне заттың әр түрлі сынын, сапалық, қатыстық белгісін, түсін т.б.

мағыналарды білдіру тән болып келеді. Сөздің түбір тұлғасы білдіретін негізгі жалпы грамматикалық мағынасы сөз табына қарай топтаудың бір межесі болып табылады да, ол сөз сол сөз табының грамматикалық тұлғалары арқылы түрленудің нәтижесінде кейін сөйлеу процесінде пайда болатын категориялық грамматикалық мағыналармен қатар өмір сүреді. Яғни түбір тұлғаға жаңа грамматикалық форма жалғанып, оған жаңа /категориялық/ грамматикалық мағына үстелгеннен түбір білдіретін негізгі жалпы грамматикалық мағына жоғалып кетпейді.

Қазақ тіліндегі қимыл есімдер жайын сөз етуден бұрын негізгі қимыл есімдерін жасайтын тұлғалар туралы айтып олардың сыр-сипатына, тілдегі алатын орнына, мағыналарына арнай тоқтаған жөн. Бұл тарауда – осы ұсынылып отырған жұмыста *қимыл есімдері* деп танылып отырған, кейбір қазақ тілі грамматикаларында *тұйық рай* деп аталып жүрген – у жұрнақты тұлға мен етістіктердің *мақ сатты келер шақ* түрі – мақ тұлғаларының зерттелу тарихы, *қимыл есімдері* деп аталу себептері жайында сөз болады.

Түркі тілдері жайында жазылған ғылыми еңбектерде осы тілдерді зерттеушілер жалпы түркі тілдеріндегі тұйық рай /неопределенное наклонение/ немесе инфинитив мәселесі жайында, негізі бір-бірінен өте алшақ кетпесе де, әр түрлі пікірлер айтып келеді. Түркі тілдері жөніндегі ғылыми әдебиеттерде бұл категорияның аталуы да әртүрлі. Бірсыпыра грамматикаларда неопределенное наклонение /тұйық рай/ отглагольное имя /етістік түбірлі есім/, енді бірсыпыралырында инфинитив, имена действия /қимыл есімдері/ деп аталып келеді.

Біз сөз етіп отырған тұлғаларды тұйық рай деп қараушылардың бірі- проф. М. Казем-бек ғасырдың бірінші жарымында жарыққа «Түрік- татар тілдерінің грамматикасында» түрік және татар тілдеріндегі етістіктердің тұйық рай формалары –мақ тұлғалары арқылы жасалатынын сөз етеді де, бірақ ол тұлғалардың шын мағынасына қимыл есімдері екенін атап көрсетеді: «Неопределенное в турецком языке и во всех тюркских наречиях есть настоящее имя действия, склоняющееся в единственном числе»[2. 57]. М. Мелиоранский өз еңбектерінде тұйық рай көрсеткіштеріне –у, -мақ тұлғаларын жатқызады. Бірақ оған анықтама беріп, өзіндік қасиеттерін айыра көрсетпеген. Бұдан кейінгі қазақ тілі жайында жазылған В.В. Катаринскийдің «Қазақ тілі грамматикасы» атты еңбегінде қазақ тіліндегі тұйық рай деп, негізінен –мақ қосымшаларын жатқызғанмен тілде –урға, -уго, формаларының көбірек қолданылатыны жайында ерекше сөз етеді[2. 61]. Көпшілікке аян түркі тілдерін зерттеушілердің бірі – Н. Ф. Катанов «Опыт исследования урянхайского языка» деген кітабында тува тіліндегі етістіктің тұйық рай тұлғаларын тудыратын қосымшалар ретінде –арға, -әргә, -урға, -үргә, -ырга, -іргә – барыс септіктегі келер шақ есімше алынады /2]. Автор осындай тұлғалар арқылы етістіктің тұйық рай формалары жасалатын тек шор, татар тілдері екенін айта келіп, басқа түркі тілдерінде барыс жалғауындағы келер шақ есімше бар бола тұрса да, орыс тілі тұйық рай тұлғаларына /неопределенное наклонение/ балама бола алмайтынын ескертеді де. Ол тілдерде тұйық рай өзге жолмен – етістіктердің көсемше формаларының –ып, -іп, -а, -а, -қалі-галі, қосымшаларымен және етістік түбірлі зат есімнің –мақ, -мақ, -у, -у қосымшалары арқылы жасалатынын баяндап біраз тлдік фактілер келтіреді. Н.Ф. Катановтың жоғарыда келтірген тұлғаларға талдау жасау үстінде түркі тілі фактілеріне орыс тілі тұрғысынан қарағандығы анық сезіледі.

Ал, кітапта – пақ, – пек, – мақ, – мек, – бак, – бек аффикстерінің есім тудырудағы орны айрықша сөз болады. Проф. В.А. Гордлевский түрік тілдегі –мақ, -мектұлғаларын тұйық рай деп, олардың есімге тәндік қасиетін баса көрсетіп, септелетіндігін айтады. Проф. Н.А. Баскаковтың алғашқы кезеңде жазылған еңбектерінде –у, -мақ формаларын тұйық рай деп қарағанын көреміз [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1989. –245б.
2. Баскаков Н.А. Историко- типологическая морфология тюркских языков. М., 1979. –273С.
3. Баскаков Н.А. Тюркские языки. –М., 1960. –с.212

«АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ АНТРОПОНИМДЕР

ТҮРҒАНТАЙ А.Ә.

Әлихан Бөкейханов атындағы №1 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ӘБУТӘЛІП МАДИНА

Әлихан Бөкейханов атындағы №1 гимназиясының 10 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются ономастическое пространство и ономастическая структура в романе Шерхана Муртазы «Луна и Айша». Имена людей в романе Ай и Айша выбраны художественным мастерством автора в силу его заслуг и обязанностей в обществе, его образа в произведении, его достижений и недостатков.

Summary. The article discusses onomastic space and onomastic structure in Sherkhan Murtaza's novel "Ay and Aisha". "The names of the people in the novel AI and Aisha were chosen by the artistic skill of the author in accordance with their functions and duties in society, their image in the work, their achievements and shortcomings.

Әлемдік ғылым парадигмасында антропоцентристік бағыттың өзектенуіне байланысты лингвистика ғылымында да тілді когнитологиялық, этнолингвистикалық, этномәдени бағытта қарастыру жаңа бағыттардың біріне айналды. Тілдің ономастика саласын да аталмыш бағыттарда зерттеу тың нәтиже берері анық.

Қазақ тіл білімінде ономастикалық атауларды этимологиялық, танымдық, мәдени тұрғыдан зерттеу қарқынды дамығанымен, тарихи-тілдік байланысын анықтап, жалқы есімдерге тарихи-лингвистикалық талдаулар жасау және тіліміздегі онимдердің кумулятивтік (жиынтық) қызметін айқындау мәселелері ғылымнан шет қалып келеді.

Көркем шығарма тіл арқылы ұлттық-мәдени бағыттағы құнды ақпаратты ашуға септігін тигізуші ерекше материал болып табылады.

А.В Суперанская: «Жалпы есімдер қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерден хабар береді, тарихи реалийлерді өзіне жинап сақтайды. Жалқы есімдерде сақталған көптеген көне фактілер жалқы есімдерді талдау барысында ашылуы мүмкін» [1].

Сонымен бірге, көркем шығарма тілінің ерекшелігін онимдік лексика – әдеби мәтіннің поэтикалық жүйесінің мағызды элементі, әлем бейнесінің ақпаратты маңызды символдық белгісін зерттемей жатып сөз ету мүмкін емес. Сөз шебері әдеби мәтінге енгізген ассоциативті байланысқа бай, символдық мәндегі маңызды ақпаратқа ие.

Сондықтан да қазақ әдебиетінің реалист жазушысы Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы антропонимдердің уәжділігі мен құрылымын зерттеу көркем шығармалар ономастикасын зерттеуге қосқан үлкен үлес болар еді.

«Кез келген жалқы есімнің тууы да, қалыптасып дамуы да тарихтың қойнауында өтеді. Халықтың күн көрісіне, оның материалдық және рухани дүниесіне, тіліндегі атаулардың байырлығына немесе басқа тілден ауысып келгеніне, жалқы есімдердің қалыптасуы мен дамуына әсер етуші экстралингвистикалық және лингвистикалық факторларға – бәріне тарих куә. Жалқы есімдерге тарихтың қатынасы – олардың адам өмірімен жан-жақты байланыста болуында. Бұл тек тарихи дамудың алғашқы кезеңінен-ақ, өмірге деген қажеттіліктен туындаған. Сондықтан болса керек, дәуір және адам танымының деңгейі атаулардан көрінеді. Кез келген ономастиканы зерттеу кезінде тарихи сәтті аттап өту мүмкін емес».

Кез келген көркем шығармада поэтонимдер мәтін құрау жүйесінде ерекше қызмет атқарады. Кейіпкерлерді таңдау, сол кейіпкерлерге атау таңдау шығарма авторының шеберлігіне байланысты қалыптасады. Жалпы ономастикалық кеңістікте де, көркем шығарма ономастикасында да атау жайдан жай атау берілмейді. Кейіпкер есімінің рөлі шексіз. Бұл туралы Довлатов: «Кейіпкерлер өзін өмірге әкелушіден биікте, автор оларды жұмсамайды, қайта онимдер оларды нұсқайды» дегенді айтқан [2.64]. Демек, кейіпкер атауы сол кейіпкер туралы мәліметтер береді.

«Экспрессия - суреттеп, көркемдеп көрсететін, тілге ерекшелікпен эмоционалды бояу беретін сөйлеу сапасы» . [3.64].

«Б.Қ.Момынова «бағалауыштық - сөйлеушінің өз тарапынан құбылыс пен затқа, іс-әрекет атауына берген бағасы-көзқарасы, оған деген қарым-қатынасы» деп тұжырымдайды» . [4.64].

Демек, кісі есімдерінің экспрессивті-бағалауыштық сипаты – сол кейіпкердің образына, ерекшеліктеріне байланысты көркемдік атау беру сипаты.

Зерттеуге алынып отырған «Ай мен Айша» романында бас аяғы 396 есім анықталды. Бұл есімдерді экспрессивті-бағалауыштық сипатына байланысты төмендегідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Тірек антропонимдер;
2. Оккозионал антропонимдер;
3. Перифраз антропонимдер;
4. Қазақтың атақты тұлғалары;
5. Әлемдік атақты тұлғалар;
6. Өзге ұлт есімдері;
7. Еркелету, қысқарту мәнді есімдер.

Тірек антропонимдер кез келген мәтіннің тірек сөздері болатыны сияқты көркем шығарманың да тірек есімдері болады. «Ай мен Айша» романында тірек антропонимдер ретінде шығарманың бас кейіпкерлері алынды, олар: *Барысхан, Айша, Мұртаза*.

Барсхан – шығарманың бас кейіпкері. Оқиға Барысханның отбасында өрбиді. Барысханның прототипі – шығарма авторы, Шерхан Мұртазаның өзі. Барысхан мен Шерхан есімдері құрамы мен мағынасы жағынан да дәл келеді. «Шер» хинди тілінде, «барыс» қазақ тілінде аң патшалары арыстан, жолбарысты меңзейді. Қазақ танымында жан-жануар, аңдардың аттарын беру наным-сенімдерге байланысты туындайды. Арғы ата-бабамыздан көшпелі өмір сүрген халқымыз табиғатпен етене байланыста, гармонияда өмір сүрді. Ислам діні келгенге дейін табиғатқа табынды. Мұртаза мен Айша бір балаға зар болып, дүниеге келген балалары шетінеп кете берді. Құдайдан сұрап алған ұлына Шерхан атауын беруі де тегін емес. Барыс – жыртқыш аң, аңдар патшасы, ешкімнен қорықпайтын, батыл, жеңілуді білмейтін, өмір сүру қабілеті жоғары аң. Есім адам адам өміріне әсер етеді деген сеніммен ұлдарын барыстай бекем болсын деген ниетпен ырымдап қойылған есім.

Айша - шығарманың бас кейіпкері Барысханның анасы. «Айша» есімі романда да, Шерхан өмірінде де өзгеріссіз, реали есім. Шерхан Мұртазаның анасы. «Айша» араб тілінде гайшә - көне еврей тілінде айше - ұзақ өмір сүруші, өмірге құмар, құштар араб тілінде. Көне түркі және қазақ тілдерінде кішкентай ай немесе айға ұқсас, ай сияқты мағыналарын береді.

Араб, көне еврей тілдеріндегі мағынасы (*өмірге құмар, құштар*) кейіпкердің шығармадағы мінездемесін ашып көрсетеді. Айша - күйеуі Мұртаза «Халық жауы» атанып Сібірге айдалғаннан кейін үш баласымен жалғыз қалған ана. Сұрапыл заманда аштық пен жоқшылықтың ащы дәмін татып, бар қиындықты еңсеріп, мойымай балаларын жеткізген батыр, қайсар ана. Мұртазадан қалған үш ұлы – оның ендігі қалған өмірі. Балапандарын қызғыштай қорып, қандай қиындық болса да өмірге құштар еді. Айша бейнесі - сол сұрапыл замандағы қазақ әйелдерінің моделі іспеттес.

Көне түркі және қазақ тіліндегі мағынасы (*ай сияқты, айға ұқсас*) шығарма атауымен ұштаса отырып, космоимдер жөніндегі халық сенімімен байланысады. «Қазақ танымындағы Ай мен Күн туралы түсініктер ерекше, қазақтың мифтік әңгімелерінде Ай ару мен Күн күйеу туралы айтылады. Олар көк аспанға ғашық-машықтар еді. Олар ұдай қараңғылықты қуғындаумен айналысып, біреуі түнде көшіп-қонып, өмірбақи өріс-қоныстары айқаспағандықтан, бір-біріне қосыла алмаған екен. Көк жүзін кезіп, қанша іздесе де, кездесе алмапты, олар осы ауыр хальдеріне қайғырғанда, аспанды қара бұлт қаптайды, кейде қабақтарынан қар борайды. Сағыныштан саулаған жастары жаңбыр болып жауады. Кейде құсалықтан тұтанған күйі отты жүздерін жалып болып шарпиды, бұл сәттерде күннің көзі, айдың жүзі тұтылады» [2.79]. Дәл осы аңыздың сюжеті шығармада төмендегідей көрініс табады:

«Айша есіктің алдындағы ербиіп тұрған мені көтеріп алып, бауырына қысып, аспандағы топ-толық Айға қарап:

- О, Жаратқан, басқа-басқа мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді? – дейді.

...Жаңа ғана жарқырап тұрған Ай бұлттың ішіне сүңгіп кетті. ...Қорбиып қараңғы түн жан-жақтан қаптап келе жатты. ... Қанатына қырау қатқан жас балапан мен едім» [3.11]. Автор Айшаны осы сәтте аңыздағы Айға теңеді. Ғашығы Күннен (Мұртазадан) айрылып, қара бұлтты өмірге сүңгіп кетті.

Мұртаза – Шерханның (Барысхан) әкесі. Шығармада «Фамилия дауы» бөлімінде Барсхан интернатқа оқуға барғанда, директор Коргулин мен Барсхан арасындағы диалогте:

« - Неге Мұртаза?

- Әкемнің аты солай!

- Жоқ, балақай, Мұртаза емес Нұртаза болуы керек. Түзетіп жазайық

Жоқ, ағай, түзетпеңіз!

Неге? Мынау қате ғой. Нұр-нұр. Түсінесің бе? Күннің нұры. Нұрдай таза? Ал, Мұртаза деген түсініксіз...

Ағай, Көшім ханды білесіз ғой?

Иә, Көшім хан. Сібірдің ханы. Ермакпен соғысқан.

Ағай, сол Көшім ханның әкесі де Мұртаза ғой» [5.387-389].

Демек, автордың дәлелдеріне сүйенсек, Мұртаза есімінде ешқандай фонетикалық өзгерістер жоқ. Мұр+таза екі түбірден құралады. Араб, парсы сөздіктерінде «мұр» деп құбырды айтады. Бұл мағынаның кісі есіміне қатысы жоқ. Мұра - (ар. мурус موروث) – мұра ету, мұраға қалу. «Таза» - нағыз, дәл мағыналарын береді. Нағыз мұра, мирас деген мағынаны беруі мүмкін. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде «Мір — әмірдің қысқартылған түрі. Қазақ тілінде түбір күйінде, жеке дара қолданылмайды, «мірдің оғындай» тіркесінің құрамында келіп, «өткір, зәрлі, уытты» деген мағынада қолданылады.» деп беріледі. Сонда, ар.Амир – әмір – мір – мұр болып өзгерген. Ал, әмір сөзі – патша, билеуші мағынасын береді.

Әміртаза – нағыз патша, билеушінің өзі мағынасындағы атау болуы мүмкін.

Окказионал антропонимдер. «Окказионализм» термині тіл білімінде жиі қолданылады, бірақ оған берілген нақты анықтама жоқ. Негізгі мағынасын былайша ашуға болады: «окказионализмдер (лат. «occasionalis» – «кездейсоқ») – нақты бір стилистикалық мақсат пен жағдайға байланысты туындаған тілдік бірліктер (сөздер). Олар көбіне нақты берілген контексте «өмір сүреді», ал қарапайым күнделікті сөйлеу әрекетінде қолданылуы екіталай. Р. Сыздықова оларды «тосын сөздер» десе, Х. Нұрмұханов окказионализмдерді контекст қалауына сай тек «бір реттік қолданым» болып қызмет атқаратын сөздер деп атаған. Окказионализмдер, әдетте, номинативті және көркем әдеби мақсатпен туындайды. [4.11].

Окказионал есімдер қатарында Жуанқұл, Тасбет есімдерін қарастырамыз. Жуан+құл, тас+бет – жағымсыз мағынадағы есімдер. Бұл екі кейіпкердің Мұртазаның халық жауы атанып, Сібірге айдалуына қатысы бар. Колхоз бастығы мен бригадирі Мұртаза айдалып кеткеннен кейін де, жұбайы Айшаны «халық жауының әйелі», үш баласын «халық жауының балалары» атандырып, тыныш өмір сүруге маза бермеді. Тасбет пен Жуанқұлдың кесірінен олар Мыңбұлақтан көшіп те кетті. Сол кездегі бала Шерханның танымындағы әлемдегі ең қатігез, ең жауыз адамдар осылар еді.

Бұл екі есімде шығармада өз образдарын ашып тұр. *Жуанқұл* – кеңес үкіметінің құлы. Шенеуліктерге жағынам деп ардан да, ұяттан да, адамшылықтан да безген жуанның жуаны. Қолында билік бар адам. Ал *Тасбет* бригадир де Жуанқұлдың нағыз сыңары. Аты айтып тұрғандай беті тас, озбырлық жасаудан шімірікпейтін, бетін тілсе, қан шықпайтын адам.

Шығарма авторы бұл адамдардың шын атын атап, түсін түстемей, окказионал түрде ұсынады. Бұл адамдар өмірде болғанымен, Жуанқұл, Тасбет есімдері осы шығармада ғана өмір сүреді. Яғни автордың шығармашылық көркемдігі мен стилистикасынан, атау таңдау құқығынан туындаған есімдер.

Перифраз антропонимдер. *Перифраз* (гр. *periphrasis* — айналым) — құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыру тәсілі. Перифраз мәтіннің идеялық-эстетикалық және көркемдік байлығын арттырады. Мағыналық реңк пен оның әсерін күшейтеді. Мысалы, *орман патшасы (арыстан дегеннің орнына), дала кемесі (комбайн), қара алтын (көмір), тө ниден бақ и кетті, аққу ұшып көлге кетті (өмірден өтті), т.б.* Перифраз антропонимдер шығармада жиі кездеседі:

Протез қ олды дә у, Жантық Сайытқ ожа, Есен мылқ ау, Көк Кемпір (Дудар шаш), Қарашай қ амбашы Қоянерін Сарықұл қ атын, Қырғ ыз ата (Нұралы жездесі), Қодық Ақ тай. Сақ ау кемпір (Айымқ ыз). Сойдақ тіс Ертай. Темір ұ ста. Тұ мсық Мақ ан, Шақ ай ана (208. Бибісара ана), Старшын қ айынә а , Семіз сары құдаша, Бегамот Хасболат, Шұ бар мұғ алім, Шолақ Сияқұл, Шұ бар тілеміс ата, Ұлан мылқ ау, Ұзын Дембай.

Көк Кемпір (Дудар шаш кемпір) – Төрткүл көшесінің тұрғыны. Көк кемпірдің үйінен қашанда азынаған айқайдың дауысы естіліп жатады.

« - Битөре! Ойбай, Битөре-ее! Қайда жүрсің, жалғызым?! – деп айқайды салады дейсің. Төрткүл көшесіне Көк Кемпір әбден мәлім көрінеді. Бірақ осы көшемен қалаға кіретін Талас, Сарысу, Қаратау, Билікөл, Бурыл халқы үшін бұл оқыс оқиға. Олар Көк кемпірді жынданған деп ойлайды» [5.239].

Дудар шаш, Көк кемпір деген атау беру себебі: соғысқа кеткен жалғыз ұлын аңсап, қайта оралуын тілеп, жаны шырқыраған ана ағарған шашын жайып, зар илеп жылай беріп, жүйкесі тозып, көкбеттен сөйлейтін болған.

Қырғыз ата (Нұралы жездесі), Қарашай қамбашы (Хасан Өзденев), Шоқай апа (Бибісара) – **ұлты мен руына байланысты** туындаған перифраз антропонимдер.

Есен мылқау, Ұлан мылқау, Сақау кемпір (Айымқыз), шолақ Сиякүл, протез қолды дәу, Жантық (қисық) Сайыпқожа – **сөйлеуінде, дене бітімінде кемістігі бар** кейіпкерлер.

Қоянерін Сарыкүл қатын, Қодық Ақтай. Сойдактік Ертай. Тұмсық Мақан, Семіз сары құдаша, Бегамот Хасболат, Ұзын Дембай – **сырт бейнесі** ерекшеліктеріне байланысты перифраз антропонимдер.

Старшын қайынаға, Темір ұста, Шұбар мұғалім – **қызмет түрлеріне байланысты** перифраз антропонимдер.

«Ай мен Айша романында кездесетін қазақтың атақты тұлғаларының есімдері

2-кесте. Қазақтың атақты тұлғалары.

1	Әулие-әнбие есімдері	Айша бибі, Арыстан баб, Әулие Ата, Баба Түкті Шашты Әзіз, Бәйдібек баба, Түркістан баб, Тұрған ана әулие, Сайрам баб, Қарахан әулие, Домалақ ана.
2	Хандар	Абылай, Қоқан патша, Көшім хан, Кенесары патша, Жәңгір хан, Шыңғысхан.
3	Батырлар	Бөгембай батыр, Ақментай батыр, Бауыржан Момышұлы, Мәмбет батыр, Исатай, Махамбет.
4	Ақын, жазушылар	Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Ғабиден Мұстафин, Сәбит Мұқанов, Ғабдол Сланов, Кәрім Баялиев,
5	Қоғам қайраткерлері	Жақып Ақбаев
6	Әртістер	Шәріп Сәкиев, Күләш Сәкиева

«Ай мен Айша» романында кездесетін әлемнің атақты тұлғаларының есімдері

3-кесте. Әлемнің атақты тұлғалары

1	Патшалар	Александр патша	Ресей императоры (1801-25)
		Клеопатра	Мысырдың соңғы патшайымы
		I Петр	Ресей императоры (1721)
		Наполеон	Франция императоры (1804—1815).
		I Николай	11-ші Бүкілреселік император.
		хорон әл-Рашид	Араб халифі 786-809 жж.
2	Ғалымдар	Ибн Сина	Бұхаралық ғалым, пәлсапашы, астроном
		Ньютон	Ағылшын физигі, математигі.
		Эйнштейн,	Немісфизик-теоретигі
3	Өнер майталмандары	Бетховен	Немістің ұлы композиторы, дирижері және пианисі, үш Вена классиктерінің бірі
4	Жазушылар	Лев Толстой	Орыс жазушысы
		Омар Қайым	Парсы ақыны
		Джек Лондон	Американдық жазушы, журналист

5	Қоғам қайраткерлері	Ворошилов	Ресейлік революционер
		Калинин	Ресейлік революционер
		Черчилль,	Ағылшын саяси қайраткері
		Махатма Ганди	Үндістан ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері.

«Ай мен Айша» романында кездесетін қазақ жеріне жер аударылып келген өзге ұлт өкілдерінің есімдері

4-кесте

1	Орыс есімдері	Гришка, Наташа, Леха, Петька, Петренко.
2	Неміс есімдері	Отто-Бауэр, Эльза, Эмма, Вольф Анна.
3	Татар есімдері	Мир-Саид, Саид-Ақбар.

«Ай мен Айша» романында кездесетін еркелету мәнді қысқарған есімдер

««Ай мен Айша» романындағы ономастикалық кеңістік» атты еңбегімізде Ш.Мұртазаның көркем шығармасындағы антропонимдер мен олардың тілдік, танымдық, экспрессивтік-бағалауыштық ерекшеліктері анықталды:

Антропонимдер. Жалпы шығарма ішінде 396 антропоним анықталып,

1.Тірек антропонимдер;

2.Оккозионал антропонимдер;

3.Перифраз антропонимдер;

4.Қазақтың атақты тұлғалары;

5.Әлемдік атақты тұлғалар;

6.Өзге ұлт есімдері;

7.Еркелету, қысқарту мәнді есімдер ретінде қарастырылып, 263 есімге тілдік талдау жасалды.

Автор шығармасы реалистік бағыттағы мемуарлық роман екендігін ескере отырып, шынай және көркем шығармаға тән ойдан шығарылған, қияли, экспрессивті атаулардың қолданылғанына жеткіздік.

Зерттеу нәтижесі шығарма құрамындағы антропонимдерді тарихи-тілдік қабаттар сипатында қарастыруды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Жанұзақ Т. Есімдер сыры. – Алматы, 2004. –208 б
- 2.Иманбердиева С. Тарихи ономастикалық кеңістік.(X-XIY ғғ. түркі жазба ескерткіштері негізінде. – Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010. 378 б
- 3.Құламанова З., Жаңақұлов Т. Б. Момышұлы шығармашылығындағы топонимикалық атаулар: Оқу құралы. / З. Құламанова, Т. Жаңақұлов. – Алматы: Арыс, 2015. – 344 б.
- 4.Құламанова З.А. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2014. – 808б.
- 5.Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт 2005.Т.4. Ай мен Айша. Роман-диалогия. Бірінші, екінші кітаптар. – 448 б.

ӘОЖ 82-92

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚҰРМАШ ПОРТРЕТІ

ТЕЛБАЕВА Г.Д.

Төле би атындағы №8 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МӘЛІК М.Е.

Тараз қаласы білім бөлімінің
Төле би атындағы №8 гимназиясының 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье раскрыт образ прототипа Курмаша в произведении Шерхана Муртазы «Ай мен Айша», так же раскрыт образ молодого героя будущему поколению путем сопоставления и анализа портретов прошлого и настоящего.

Кроме того, в статье подробно раскрыт портрет прототипа Курмаша и предложен молодому поколению брать пример из нравственной жизни героя.

Summary. The article reveals the image of the prototype of Kurmash in the work of Sherkhan Murtaza «Ai men Aisha» and conveyed the image of the hero to the younger generation by comparing and analyzing portraits of the past and present.

In addition, the article reveals in detail the portrait of the prototype of Kurmash and suggested that the younger generation take an example of the moral life of the hero.

Шерханның Шерхан Мұртаза болып қалыптасуына анасы Айшаның орны ерекше болған. Жазушы өзі айтқандай, әкесі Мұртаза түсіне сирек кіреді. Өйткені, әкесі ұсталып кеткенде, ол бес-ақ жаста екен. Елесі еміс-еміс қана есінде. Ал, содан кейінгі халық басына түскен 30-40-жылдардың ауыртпалығын Барсхан-Шерхан анасымен, қарындасымен, інісімен бірге көреді. Оңай тимеді. Бала болса да, олардың көрген азабы мен қиындығы, оны жеңіп шыққан қажыр-қайсарлығы бір кітапқа жүк болды. Бұл жөнінде «Ай мен Айша» романында көркем суреттелген.

Гейнеде бір өлең бар. Генрих Гейне деген ақында ай туралы әдемі бір сонеті бар. Мағынасы былай: Күнге ғашық ай, сұлу, күн де оған ғашық сияқты көрінеді. Шүпірлеген көп бала тараған. Ол – жұлдыздар. күндердің күнінде арасынан әлдебір қара мысық өтті ме, әлдеқандай сызат бітті ме, екеуі содан екі жақта. Бірі – шығыс жақта, бірі батыста. Күн шықса ай батады. Ай шықса күн батып кетеді. Өмірбақи бір-біріне жолыға алмайды, осынау мұңлы сарыны бар. Ал адам баласының тағдырын алсақ, ері жанағы репрессияға ұшырап, не болмаса майданға кетіп келмей қалғандардың көбісі солай. Балалар қалды. Ері жоқ бір-біріне жете алмаған дүние. Жалпы, дүниенің философиясы сол. Ай деген арман болса, күн деген қиял болса, соны қуасың да жүресің. Қашан жетесің, белгісіз, соған байланысты алынған ат». [2.127-128 б.]

«Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романы әуелі «Жалын» журналында (1995,№5-12) жарық көріп, әдебиет сүйер қауымнан жақсы бағасын алды. Бұл өмірбаяндық шығарма. Ол: «Сен қайдан келдің ?- дегенде бір данышпан: - Мен Балалықтың елінен келдім,- деген екен», - деп басталады. Ендеше, біздің автор да сол балалыққа саяхат жасап, кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен сол туған еліне сапар шегеді.

«Түсімде ылғи балалық шағымды көремін.

Түсімде күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін.

Түсімде ылғи туған үйімді көремін.

Түсіме ылғи Айша кіреді. Мұртаза сирек кіреді, өйткені ол кеткенде, мен бес-ақ жаста едім. Елесі еміс-еміс қана» - деген лирикалық кейіпкер дүниенің төрт бұрышын араласа да, қандай сұлу табиғат, бай елде болса да, ол үшін Ақсу-Жабағылының орны бөлек» [3, 656-657б.]

Бұл романын ата-бабасының, Айшаның аруағына сиына отырып бастайды. Жарын халық жауы деп айдап алып кеткен соң, үш баласын жетілдіру мен заман тауқыметі өз басына қалған ана өмірі көркем суреттелген. Өмірінде талай қиыншылық пен азапты көргенмен ана жүрегі болашақтан тек жақсылықтан үміт күтеді. Бала Шерханды балалары үшін отқа түскен анасы алдындағы қарыздан қалай құтылам деген ой ертеден-ақ мазалаған еді:

«Ал мен болсам жатып аламын да ойланамын: анасы үшін о дүниедегі балалар отқа түсе жаздағанда, бұл дүниедегі біз сияқты пәндалар не бітіріп жүрміз? Не жақсылық жасадық анамызға?!

Мен паркке бара жатқанда, Қазыбек би көшесі мен Қонаев көшесінің қиылысында бір мәшке итті машина басып кетті. Жаңадан күшіктеген екен. Күшіктері арыққа төселген құбырдың ішінде қалған. Машина соларды таптап кетеді-ау деп, ана сорлы моторлы тажалға қарсы ұмтылған.

- Ана сүтін ақ ішкен адал ұлға, Дүниенің төрт бұрышы болар тұлға!- дер еді Айша...

Ана қарызынан қалай құтыламыз?!»[4, 99 б.]

Айша балаларына әрі ана, әрі әке, әрі әже болған нар адам болған.

«Сонда үш жетімін ұйықтату үшін, Айша неше алуан ертегі, қиссаларды айтады. Біз үшін бұл бір қадір түндері – Алланың ақ нұры жауған түндер. Анда –санда Айша осылай өзгереді. Ұзақ түнде бізге әр түрлі әңгіме айту арқылы өзі де азаптан арылып, уайымы жеңілдеп қалатын сияқты» [4, 32 б.]

«Ізбайша, Әзиза, Айшалар – құдай қосқан қосағынан ерте айырылып, өмірдің бар тақсиретін тартқан тауқыметі көп, балалары үшін жанын отқа да, суға да салған итжанды аналар.

Романға нәр берген бір жетістік – ұлттық характерге мән беру. Қазақ халқына ғана тән ұлттық ерекшеліктер жазушы кейіпкерлерінің бойынан көптеп кездеседі. Қазақ әйелдерінің ата-ене, өзінен жасы үлкен қайынаға, абысынымен бірге қайын сіңлі, қайын інілердің атын атамай, оларға ат қоюы, не болмаса бас әріпін өзгертіп айтуы – ұлттық әдет-ғұрыпымыздың бір нышаны. Айшаның ата-бабадан қалған керегені отқа жақпай сақтауы, елден кетерде бүкіл аруақтан кешірім сұрап, шаңырақпен қимай қоштасуы, «Мына иесіз қалып бара жатқан шаңыраққа бас-көз болып жүресің» деп, иесіз үйді көршісі Баянға тапсыруы – кие тұтқан шаңырақты қандай жүт келсе де, көздің қарашығындай сақтау біздің ұлтымызға тән қасиет екендігін көрсетеді. Үйдің оты сөнудің шаңырақтың шайқалуына балайтын қазақтың от анасын қадірлеуі – бес жасар Барысханның ойнап келіп, жетілік шамға түкіріп, отты өшіре жаздағаны үшін оңбай жазалануы арқылы бейнеленген.

Шығарманың шешімі – Айшаны елден безуі. Оны елден, туған жерден, ата-баба қонысынан бездірген Тасбет пен Жуанқұл. Олар - кешегі Рысқұлды елден бездірген Дауылбай мен Саймасайдың жалғасы» [3, 658-659 б.]

Бал балалықтың дәмін татып үлгермеген бұл шығармалардың авторлары үшін аналары мен әжесінің аяулы алақаны жанға дауа, тәнге шипа болғаны шығармаларынан-ақ көрініп тұр. Адам өміріндегі ең тәтті кез осы балалық шақ болса, оны еске ала шығарма жазбаған жазушы кем-кем шығар. Ұрпағына осы кезеңде қазақи тәрбиені үлестірген ана мен әжеден айналарсың. Мүмкін бұл әрекетті уақытысында жасағандықтан, қазақтың маңдайына біткен әдебиеттің майданында өз орны бар азаматтары бүгінгі дәрежеге жеткен шығар.

Мен Шерхан Мұртаза шығармаларын сүйіп оқимын. Жиен қарындасының әңгімесінен оның халқына сіңірген еңбегі, шығармалары туралы көп мәлімет алдым.

Соның ішінде «Ай мен Айша» романындағы басты кейіпкер – анасы Айша болса, Құрмаштың прототипі қарындасы Құрманкүл екенін білдім.

Прототип (грек. *prototypon* – түп, төркін бейне) – әдебиет шығарасындағы кейіпкердің бейнесін жасауға тірек, негіз болатын, өмірде болған адам, яғни өмірде бар бастапқы, түпкі тұлға.

Шығармадағы кейіпкер мен уақиға нағыз өмірден алынғанда да, олар қаламгердің өмірлік тәжірибесімен, бұрынғы көрген – көргендерімен ұштасып, оның қиялында тұған сізім – әсерлерімегі сабақтасады.

Өйткені өмірден көрген сол кейіпкер мен оқиға жазушы жанына жақын болмаса, ой – қиялымен, арман – мақсатымен жанаспаса, ол тіпті соларға елендемеген, мән бермеген де болар еді. Сөйтіп әдеби кейіпкердің тұлға – бейнесі, образы нақтылы бір прототипке негізделіп жасалғанымен, әдебиетке, көркем өнерге тән типтендіру, жинақтау принциптеріне сәйкес және жазушының нақтылы шығармасындағы идеялық нысанасына орай сомдалып, өзгеше сипат алады. Шығарманың кейіпкері әдебиетте бұрыннан белгілі көркем тұлғаға негізделіп жасалса, оны да прототипі бар образ деуге болады. Мысалы, пьесадағы немесе кинофильдегі белгілі эпостық жырыны негізделіп суреттелген, прототипті бар образ [7, 384б.]

Қазіргі таңда "қарындас" сөзі өзінің түпкілікті мағынасында көп қолданылып жүрген жоқ. Бұл сөздің түпкі мағынасы түркі жазбаларында "жалпы туысқан, жақын рулас адам" дегенді білдірген.

Асан қайғының "Ол күнде қарындастан қайырым кетер" дегенінде де, Шалкиздің "Жайынды білген қарындас, Ол қарындас һәм жолдас" дегенінде де бұл сөз әйел жынысты адам туралы емес, руластар жайындағы ойды білдіреді.

Қарындас сөзінің осы мағынасы қазақ мақалдарында "Ауру астан, дау қарындастан. Жан қарындас болса да, мал қарындас емес" деп кездеседі.

Махамбеттің "Тар қолтықтан оқ тисе, Тарыққанда қайрылар қарындасым менде жоқ" деген өлең жолдарынан соңынан еретін, демеу болатын жақындарын іздегенін аңғартады. Абай да "қарындас" сөзін ағайын, туыс мағынасында қолданған.

Әкесі Мұртаза тұтқындалғанда Құрмаш әлі есін біле қоймаған бала екен. Анасы Айшаны күнде таңертең Тасбет бригадир жұмысқа айдап кетеді. Кішкентай інісінің күні – алты жасқа аяқ басқан Шерхан мен төрт жасқа әлі толмаған Құрмашқа қарап қалады екен. Буындары қатпаған балаларға қараған күн қайбір оңған. Талай рет анасы Айшадан ұрыс та естіп, таяқ та жеген [2, 18б.]

Айша таңның атысы, кештің батысы қызылшада жүргенде үйдің шаруасы қаршадай қыздың мойнында болған. Өмірінің бәрі бейнетпен, еңбекпен өткен. Бесіктен белі шықпай жатып қайнаған сүм өмірге араласып кетті. 5-6 жасынан бастап тұрмысқа шыққанша Бердімбет сайынан су тасып (содан болар бойы өспей қалған), бойы жетпесе де кішкентай орындыққа шығып алып, келіге тары түйіп, тас диірменмен талқан тартып, күбі пісетін... Ауылдағы 7 жылдық мектепті тәмамдаған. Кейін

Әулиеатаға көшіп келген. 17-18 жас шамасында №5 мектепте мұғалім боп жұмыс істейтін, сиқым елінің баласы Ағыбаев Хасенге тұрмысқа шығады. Екеуі үш ұл, екі қыз сүйеді. Балалы болған соң қайта Жуалыға, Қайрат аулына қоныс аударады. Мұнда интернатта, балабақшада аспазшы боп жұмыс істеді.

Құрмаш жастайынан ертегі, аңыз-әңгімені сүйіп тыңдайтын. Күніге кешке аз ғана тақыл-тұқыл тамақтарын ішіп болған соң, шырағанды сөндіріп, ұйқыға жатады. Ерте жатқаннан ба, ұйқылары келмейді. Ерте жатпайын десе, жер май жоқ. Жер майды үнемдеу керек. Жер майсыз шырағдан жанбайды. Біреулер тоң майға білте салып жағады екен. Оған тоң май қайда? Тоң май табылса, қара көже ішіп несі бар? Қатпай ма, сол көжеге.

Әне, елдің қыста ерте жататыны, сондықтан.

- Апа, сенің бізден басқа балаларың болыпты ғой, - дейді Құрмаш.

- Әй, сен бөле қыз да қай-қайдағыны еске саласың, - деп Айша әуелі әңгімені ықылдасыз бастайды. – Болған. Бір емес, үшеуін бірдей Құдай өзі берді, өзі алды. Тұңғышымыз ұл болды. Мұртаза рахметі, жаны жаннатта болғыр, тұңғышымыздың атын Құттыбай деп қойды. Құт әкелсін дегені де. Соқыр әжем, жарықтық, өз бауырына салып, әлпештеп-ақ өсірді. Бір жасқа толар-толмаста шешектен кетті. Екіншісінің атын Мұртаза Елтай деп қойды. Ел басқарған сондай кісі болыпты ғой. Соның атын қойды. О да шешектен шетінеді.

Үшіншіміз қыз бала еді. Атын Сәткүл қойдық. Құдай сәтін салсын деп. Мұртазадан айнымаған аппақ, аршыған жұмыртқадай сұлу еді. Бейшараға көз өтті ме, ол да өліп қалды.

Бірінен соң бірі үшеуі бірдей шетінеген соң, Мұртазаның шашы ағарып кетті. Сөйтіп жүргенде колхоз деген келді. Малдың бәрін сыпырып алды. Ел ыңырысып ашықты. Адамдар аштан қырыла бастады. Сондай бір сұрапылда осы мына жатқан Барсхан келді ғой. Қырғи келген қыркүйектің аяқ мезгілі еді. Мұртаза айтатын 28-ші сінтәбір деп. Молда кісі еді ғой, кітапты көп оқитын.

Қу шешекпен бұл да ауырды. Жаман ауырып, енді өлді деп күдер үзіп қойғанбыз. Мұртаза жүнжіп, жүдеп кетті. Ашаршылық бір жағынан, қу шешек бір жағынан, адам өлімі деген бір лақтың өліміндей ғана бірдеңе. Құдай өмірлі қылсын, сол сұрапылдан аман қалды ғой бұл Барсхан, бұзық болғаны содан шығар. Тумай жатып азап көрген адам қайдан момын болсын. Ал, сен, Құрмаш, Батырхан екеуің шешектен аман өстіңдер.

Құдайдың мұнысына да тәуба, шүкір. Сонда деймін-ау, сол Құттыбай, Елтай, Сәткүл тірі болғанда, қазіргі халіміз бұдан тәуір болар ма еді... Қанша дегенмен, тірек қой. Жарық сәулені көрер-көрместен көздері жұмылды. А, Құдай, жандарын жаннатта қыла гөр! Мұртазамен табыстыра гөр. Онда Мұртазаның екі ұл, бір қызы бар, мұнда менің екі ұл, бір қызым бар. Теңдей бөліп беріпті ғой шебер Құдай. Кім біледі, олар бізден гөрі, бақыттырақ шығар. Мұндай сұм заман, қураған қу заман о дүниеде жоқ шығар...

Айша:

Ал ұйықтандар, - деп үнсіз үзіліп тынады. Құрмаш пен Батырхан екеуі екі жақтан Айшаға тығыла түседі [2, 36-38б.]

Мұртаза кеткен соң, ең жақын деген ағайын да, бірен-саран Құдайға қарағаны болмаса, бірте-бірте алыстай бастады. Әйнек әжелері де қартайды. Енді Айша өз шашымен өзі алысатын болды.

Тілерсекке түсетін қос бұрым Айшаның көркі болса, енді азабына айналды. Таң азаннан тұрып қызылшаға кеткеннен, күн батқанда бір-ақ келетін Айшаның шаш баптайтын халі болмады.

Қызылша алқабына жеткенше жалғыз аяқ пішен теңізін кесіп өтеді. Сонда Айшаның бұрымына ошаған мен түйе жапырақтың тікендері жабысып тұрып қалады. Оны теріп, ажыратып алу, бір қиямет.

Бір күні жұмыстан қайтқан соң, Айша қара қазанға суды толтырып, жылытты. Суды Бердімбет сайынан таситын – Шерхан. От жағып, жылытатын – Құрмаш. Айшаның үш баласы үшеулеп жатып, ошағын теріп, бұрымын әрең тарқататын.

Шерхан қолбақырмен Айшаның басына су құйып тұр. Айша сахарлы қара сабынмен шашын сабындап бола алмай жатыр. Шашының үш жағын Құрмаш ұстап тұрмаса, жерге төгіліп кетеді. Жуып болуына бір қазан су әрең жететін.

- Қараң қалғырдың шашын анау Аннаның шашындай шорт кесіп тастасам ба екен? – дейді Айша. Аннасы сол үйде тұратын неміс әйелі.

- Кеспей-ақ, бұрымыңды шұбар мұғалім сияқты төбене түйіп алмайсың ба? – дейді Құрмаш.

- Тәйт әрі!

Енді мұншама шашты тарау деген де ақырет екен. Қадақтап сатқан сары майдың ақшасына алған мүйіз тарақ шыдамай, тістері бырт-бырт сынып кете береді. Бір бұрымын Айша өзі, бір бұрымын Құрмаш тарайды.

- Құдай маған мұншама шаш бергенше, бармақтай бақ берсеңші, - дейді Айша тарақ тісіне ілініп түскен уыс-уыс шашты бір талына дейін қалдырмай мұқият жинап, шүйкелеп орап отырып. – Әй, бірақ өзі де сирейтін шығар. Баудай түсіп жатыр ғой. Мына сүм заман қойсын ба?!

Сонда қалың шаштың сиреуіне «сүм заманның» қанша қатысы бар? Сөйтсе, адам өзі тозбайын десе де, жазмыштан озбайды екен ғой. Тарпаң тағдыр табанына адамды салмасын. Бір салса, тас керен боп, айқаласаң да арызыңды есітпейді.

Айша Құрмаш екеуі қос бұрымды өріп болып, ұштарын баяғыдай шолпымен емес, жай көк шүберекпен түйіндеді.

Тарақтың тісіне ілініп түскен шашты айша уыстап отырып, әбден шүйкеледі. Сол қобыраған күйде сыпыра салса қайтеді? Жоқ, әлі шиыршықтап отыр.

Сонан соң, сабы күйген дәу қара пышақты алып, табалдырықтың түбін қаза бастады. Едәуір тереңдетіп барып, әлгі түйіншек шашты шұқырға салып, қайтадан өзінің сабымен таптады-ай келіп.

Құрмаш:

- Апа, бұл не қылғаның? – деді.

Айша біраз үндемей отырып, енді әлгі топырақты алақанымен таптап отырып:

- Менің сендерден басқа да балаларым бар ғой, - деді даусы дірілденкіреп. – Үшеуі де нәресте кетті. Құттыбай, Елтай, Сәткүлді айтам. А-а-аh! Мұртазаны алары бар Құдай тым болмаса, соларды тірі қалдырғанда, мұншама мұз тақырға отырмас па едік. Маңдайға сыймай кетті, қайтейін...

Басын көтеріп, бізге қарап:

- Ойбу, сорлы басым-ай, қайдағыны, жайдағыны айтқанша, Құдайдан сендердің өмірлеріңді тілесемші, - деп түрегелді.

Ұлдан гөрі, қыз бала пайымдырақ келетін шығар, Құрмаш қоймады.

- Сол өліп қалған үш баланың мына сен көміп тастаған шашқа қандай қатысы бар?

- Әйел баласы шашын бет алды тастамас болар, - деді Айша. – Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген иісін танып қояды екен де: «Анамыз тозақ отына түсіп кетті-ау!» деп шыр айналып шырылдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқарып алмақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен.

Әне, сондықтан шашты көміп таста. Далаға тастасақ жел ұшырып немесе күс ұя салып, әйтеуір, бір себептен отқа күйсе, о дүниелік нәрестенің обалына қаласың [2, 97-99б.]

Нағашым Шерхан мен Құрмаш әженің балалық шағы ауыр болды, зұлматты, соғыс жылдарымен сәйкес келді. Құрмаш апаның мына «Ақ жол» газетіне берген сұхбатынан осыны байқауға болады.

- Шерхан 5 жасында, мен 3 жасымда әкеміз ұсталып, айдалып кетті. Айша анамыз үш баламен жесір қалды. Айша жастай жесірлік азабын, біз жетімдік қасіретін шектік. Шолақ белсенділер шешеме күн көрсетпеді. Анамыздың шашы ұзын болатын. Атқамінерлер анамыздың шашынан талай сүйреп, қорлады ғой. Соғыс жылдары тартқан азабымыз ше, еш ұмытылмайды. Қайта Сәтжан деген жарамды нағашымыз бізге болысатын. Оның баласы Сейсен осы Әулиеатада полицияның бастығы еді. Сол Шерханды интернатқа алдыртты. Шерхан интернатта жақсы оқып, әрі қарай алып кетті. Одан Мәскеуде жұрттың қолы жете бермейтін университетте оқығанын білесіздер. Сөйтіп бірте-бірте жетілдік. Анамыз да ауыр күндерден арылды. Бірақ аурушаң еді. Бір дәтке қуат ететіні – Шерханның үлкен қаламгер, бас редактор болғанын көрді, балаларының, немерелерінің қызығына сүйсінді. Айша анамыз 1988 жылы 79 жасында өмірден өтті.

Шерхан бауырым өмірінің соңына дейін менің шаңырағыма да жиі келетін. Бір жолы: «Шешеме қарадың, шешемді асырадың», - деді. Өзі ылғи сыртта жүрді ғой. Анамызбен бір ауылда тұрғанымызды, жанашыр болғанымызды айтқан болар. «Теренсайдан жас күнінде су тасимын деп бойың да өспей қалды ғой сенің» дейтін көңілді кезінде әзілдеп. «Бұл Құрмаштың өз қолымен жасаған құртын Қонаев жеген ғой» деп көтермелеп, аспандатып, еркелетіп жүретін.

Ол жағдай былай болған. Жуалыға бірде Дінмұхамед Қонаев келетін болып, үлкен дайындық жүріп, дастарқан жасалады ғой. Ауыл белсенділері біздің үйден жарты қалта құрт алып кетеді. Қонаев сол сапарда өте асығыс екен. Жайнап тұрған дастарқанға көп бөгелмей, «Анау құрттан бес-алтау алайыншы, кішкентайларға», деп мен жасаған құрттан алыпты. Шерханның қоймай айтып жүргені сол. Көңіліме қарағаны ғой.

Бір жолы: «Немере сүйдің, шөбере сүйдің. Сенің күнің менің күнімнен жақсы ғой», - деп кетті. Бір кем дүние... Осы күні «Неге олай айтты екен?» деп ойлаймын. Шерханның үйіндегі Мария жеңгеміз өте жақсы адам еді. Жаны қалмайтын. Ол жеңгемнен көп жыл ілтипат көрдім. Алматыға бір барғанымда үйге жазушы Оралхан Бөкейді ертіп келді. Сол Оралхан Бөкейді Жуалыға, Мыңбұлаққа

ертіп келген. Ағам екеуі мақтап отырып, біздің үйде сақырлап қайнаған самаурынның шайын ұзақ ішкен.

Шерханның ұл-қыздарының шапағаты көп тиді. Сәулені де, Жанатты да жақсы көрді, оқытты, камқор бола білді. Соңғы сәтке дейін хабарын үзген емес. Жағдайымды біліп, іздеп тұрды. [3, 56.]

Қазіргі замандағы әдебиетте әжелер мен аналар жайында қалам тартқан жазушылар ішінде Шерханатаның алатын орны ерекше. «Оның шығармаларындағы басты ерекшелік: адам баласының жан күйзелісін, ыза мен кектен тығырыққа тірелер шарасыз күйін аса шебер сүйреттеуі; қазақы мінез-құлық пен табиғат көріністерінің адам жанымен астасып қаз-қалпында сөзбен бейнеленуі. Жазушы шығармаларында ұнамсыз құлықтарды шымшылап әзіл-оспақтың астына алмайды, кейіпкерлерін көркемсурет галереясындағы көріністей көз алдыңнан тізбектейді» [3,816.]

Шерхан Мұртаза анасы Айшаның, қарындасы Құрмаштың бейнесін еш боямасыз шынайы жеткізді.

Құрмаш апаның өнегелі өмірін зерттей келе, менің көңілге түйгенім және ұққаным –қиын-қыстау күндерді басынан өткізсе де, өмір ерте есейткен ақылды, еңбекқор,туған еліне, адамдарға деген ізгілігін жоғалтпаған кейіпкер екен. Шығармада туғандарына қандай жанашыр, мейірімді, камқор болса, өмірде де сол қалпынан тайған емес.

Бар қиындықты жеңіп, ұрпағын бүгінгі күнге жеткізген, әулетін жалғастырған Ана бақыты осында болар, бәлкім.

Мақаламызда алғаш рет шығармадағы Құрмаш бейнесін прототип Құрманкүл Мұртазақызының өмірімен салыстырып, зерттей отырып, жас буынды барды бағалауға, асылдардың өмір жолын үлгі тұтуға, туған-туыс арасындағы ізгі қарым-қатынастарды нығайтуға тәрбиелейді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Stud.kz/referat/show/39367
- 2.Шерхан Мұртаза. Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт. 2002.
- 3.«Ақ жол» газеті 15 қараша 2018 жыл
- 4.Оңғарсынова Ф. Шераға 60 жаста. Жұлдыз тағдырлы жазушы. Алматы. Атамұра. 1993.
- 5.Тарази Ә., Мұсалы Л. Көркемдік құпиясы. Алматы: Санат. 2000.
- 6.Қазақ әдебиетінің тарихы. IX том. ред. басқ. С. Қирабаев. Алматы. 2005.
- 7.Әдебиеттану. Терминдерсөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: "Ана тілі", 1998.

ӘОЖ 82.044

СЕРІК ТОМАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ӘУЕН КӨРІНІСТЕРІ

ТАМАБАЕВА Қ.Ө.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КЕМБАЕВА А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, филология магистрі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены сцены гражданской музыки в поэзии Серика Томанова
Summary. The article describes in detail the scenes of civic music in the poetry of Serik Tomanov

Өлең-сөздің патшасы екендігі бұрыннан-ақ белгілі. Сонау замандағы «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» жырынан бастап, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай атамызға дейінгі һәм одан кейінгі барша ақындар осыны дәлелдеп берді емес пе?!

Тоқсаныншы жылдардың бас кезінде ел тағдыры, елдік мұрат, ел мүддесі дейтін ұғымдарға ерекше екіпін түсіріле бастады. Жеке бастың гөй-гөйінен гөрі, егемен елдің бүгінгі мен ертеңі қалай болады

дейтін алаңдаушылық, жұртшылық жанарындағы үміт пен үрей, жолайрықтағы шарасыз халде тұрған жолаушыға бағыт нұсқаған бағдаршамның өшіп-жанған жарығындай, назар аудартты.

Осындай алмағайып уақытта да қолынан қаламы түспеген шабытты ақынның бірі, жалындаған ғұмыр, жасындай жарқырап өткен Серік Томанов еді.

Алғашқы жыр жинағынан бастап ақынның тақырыптық аясы кеңейе түсті.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа заманның мәселелерін өз шығармашылығына арқау еткен ақынның жырларында бодандық құрсауында әбден ез болған еліне бір әрекет етудің керек екендігі сөз етіледі, ақынның өршіл рухы бірден байқалады:

Талауға түскен жұртым бар,
Қанауға түскен құл сынды.
Сорлының сөзін кім тыңдар,
Сорасы көзден ыршулы.
Көзінің жасы кеппеген,
Жұртым бар жалтақ, жасқаншақ.
Кетпеген тепкі өкпеден,
Шыққанмен қанша аттан сап.

Шешілді шүкір - тұяқ бау,
Еркіндік бірақ жоққа есеп.
Бір қимыл керек сияқты-ау,
Мал болып мүлде кетпесек [1], - деп толғанады.

С.Томанов та өлең өлкесіне Отанын, елін жақсы көру арқылы келді.

Жырым менің, жанардан жас парлатып,
Заула жолдың құм-шаңын аспанға атып.
Көзі шығып көлдердің шарасынан
Таулар тынып, қалсын бір тастар қатып.
Заула жырым, жер шарын айнала шап,
Тұяқтарың талмасын ойған ошақ.
Жетерінді сеземін жүректерге
Орта жолда ор құшып жайрамасаң[1], - дей келіп,
жырын арғымақ жүйрікке теңейді.

Ақын арманы да өлеңмен өріліп жатыр.
Сөз киесін мойындаған Серік ақынның мына өлеңі оның төлқұжатына айналған.
Ақын екем мына мен айтары бар.
Ақын екем, мен соны жаңа білдім,
Ақындық ізінде емес қаламымның.
Ақындық - астында екен мына менің,
Жақсылыққа жасаған қадамымның.
Мен соны жаңа білдім [1].

Ақын - адамдардың күйзелісін, қуанышын жалпы көңіл-күйін, табиғаттың тылсым сырларын тереңнен ұғатын, қарапайым адамдар сезе алмайтын, түйсіне алмайтын нәрселерді сезе алушы болмыс иесі.

Жыр аспанында жасындай жарқырап өткен Серік Томанов: «Ақын деген атты алғаннан кейін мен тек қана ақын деген атпен қалуым керек», дейтін.

Қазіргі лирикадағы сан тарау ізденістердің негізі – шынайы сезінуден, толғанудан туындайтын сезімдерді жеткізе білуден бастау алса, бұл тарапта постмодернист Маралтай ақын пір тұтқан Серік ақын «мен өлсем аспанда бір жасын өлер» деп өмірден ерте кететінін сезгендей,

Жол бойына жерлеңдер мен өлгенде,
Өлген соң да не жетсін еленгенге.
Бейітімді көргендер есіне алсын,

Бейім еді өзі де өлеңге де, - деп аманатын айтып кеткен ақын шын мәнінде де сол жолдың бойына жерленді. Өлгеннен кейін еленгені де өтірік емес.

Өз эпатапиясын өзі жазып «Ақын өлсе өледі жүрегінен» деген Серік ақын лирикасының даму ерекшелігін сөз ету барысында суреттілік мәселесімен қоса, ондағы тақырыптық-идеялық ізденістерді қарастырып, мазмұндау қажет. Әдетте байыпты ақындардың бәрі де түрлі ізденістен бойын аулақтатпайды. Бұл ізденіс өлең түрлерін құбылтуға да тікелей қатысты. Әлбетте бұл саладағы жетістікке қол жеткізу бірер жылдың үлесі емес, ақынның ондаған жылдарға өркен жайған ізденісінен туатын жеміс екенін де ескертуіміз керек. Өлеңнің көркем компоненттері: ырғағы,

ұйқасы, шумағы, жолы, екпін сазы, бейнелі сөз айшықтары екені мәлім. Бұл компоненттерсіз көркемдік шығарма жоқ. «Іздегенге інжу ілінер» дегендей, қашанда қаламын тыңға салғыш ақындардың бірде болмаса бірде көркемдік олжаға қолы жетері даусыз екенін біз сөз еткен ақындар тәжірибелері талай рет дәлелдеп келеді. Қайткенде де әйтеуір бір түр шығарайыншы деп өзін-өзі қинағандықтан емес, жаңа бір өлеңнің табиғаты, тынысы көркемдік мұқтажы соны тілегендіктен ғана туған түрлер осындай. Мұнда зорлықтың әр дүмпуі, тізенің тегеуіріні қолданылмағанын әр өлеңнің емін-еркін, кең тынысынан, жарасымды құйылысынан-ақ сезілді. Егер қазақтың әр ақыны төл поэзиямызға ырғақтық және ұйқастық жүйе бойынша осыншама үлес қосса, құба-күп! Жас талапкерлер жаңа түрлерге ой көзін салса, нұр үстіне нұр!

Ақын шабытына қанат бітіріп келе жатқан - қазақтың елдігі мен ерлігі, халық өмірі мен замандастардың еңбегі. Осы тұрғыда, Серік ақын поэзиясында махаббат, туған ел мен жерге деген сүйіспеншілік, өмір туралы толғану, т.б. хақында өз «Мені» арқылы келелі ой толғап, сөзбен сурет сала білді.

Серік ақын кейде өзіне таныс емес әлемде кездейсоқ болып қалған адамға ұқсайды. Ол біз үшін қарапайым болып көрінген көп нәрсені өзінің поэтикалық ойлауы мен санасының призмасы арқылы қабылдады. Мүмкін, сондықтан оның жаны біздің қоғамның жамандықтарын қабылдамады, оларға қарсы болды. Бұл психикалық жағдайдың өмір шындығымен сәйкес келмеуі ішкі қолайсыздықты және тіпті наразылықты тудырды.

Ол қарапайым өмір сүрді. Оның отбасы екі бөлмелі пәтерді ақын қайтыс болғаннан кейін алды. Ал Серік көзі тірісінде сүр теріден тігілген пиджак киіп, суық мезгілде қара былғары куртқа киген. Ол қазіргі баз біреулер сияқты бюрократиялық кабинеттердің табалдырығын тоздырған жоқ, өзінің талантымен мақтанбады.

Ұлы Абайға арналған өлеңінде Өмір бойы надандық пен ақымақтықпен күрескен Серік Томанов: «сен далада мың ақымаққа қарсы жалғыз жауынгерсің, әлсізсің. Мен сені қалай түсінетінімді түсінемін...».

Оның кейбір шығармалары музыкаға аударылып, халық арасында танымал әндерге айналды. Мерекелік емес, философиялық және лирикалық, адам жанының жұқа ішектеріне әсер етеді. С.Томановтың «Сезімді қайтем тулаған», «Аққулар», «Аузынан айдың түскен қыз» өлеңдеріне жазылған әндерді махаббат әнұраны деп атауға болады.

Серік Томанов Сергей Есенинге жақындады. Қазақ ақынына оның лирикасы жақын болды. Рязаньдағы ақынға арналған өлеңде Серік ақын атақты ақынмен бір уақытта өмір сүре алмағанына өкінеді. «Біз бірге жүрер едік, әйелдерді көріп, содан кейін бір-бірімізге өлең оқыған болар едік, мүмкін сен мені мақтайтын да боларсың», - деп армандайды Серік.

«Өзегі дертті өкпешіл», «Қанауға түскен құл сынды», «Қасқырға жыртқыш таланған», «жүрегім шоққа айналды», «Орта жолда ор құшып жайрамасаң», «Жаралы жүректерге дем беріп өт», т.б. деген сияқты тыңнан табылған сөз бейнесі Серік ақын поэзиясының көркемдік қуатын арттыра түседі.

Ақындық өнер біздің ішкі жан дүниемізге әсер етіп, адамдық қалпымызды тәрбиелейді. Серік ақынның ақындық әлемі замандастарының ойын, сезімін, жанын тәрбиелеуге қызмет етеді. Өткен ғасырда Қазақстанның озат қауымын Мұқағали ақын тәрбиелесе, осы ғасырда жалындап өткен Серік сынды ақындар бізді сөзсіз тәрбиелейді.

Ақын замандасының жан түкпіріндегі, жүрек тереңіндегі сыры мен шынын ашу үшін өзінің де жүрегін соған сәйкес ашу керек. Мысалы:

Тарт қолыңды!

Ақынға тима, надан!

Ақымақтық - ақынды сыйламаған,

Ақын деген Аққуы адамзаттың,

Адалдықты қайта сен үйрен одан,

Ал Аққуға оңбайды тиген адам [1]. - дейді ақын.

Серік ақынның «Біздің ауыл» өлеңдер циклін оқып отырып, ғұмыр бойы адасып жүргенінді аңғарасың. Жақыныңды да, жекжат жерлес, сенімді ағаны басқа жақтан іздеп сарсаңға түскенінді сезесің. Күнделікті өзіміз көріп жүрген жыңғыл, жусанның қасиетін бағалай бастайсың. Ақындық қуат осындай болса керек-ті. Ағынан жарылған ақын:

«Ең жақыным – ел жақтағым,

Жасырайын мен несін.

Жыңғылдарым – жек-жаттарым,

Жусан біткен жерлесім

Ел жақта екен менің бағам,

Содан ба көп көксеуім
Сертке берік сенімді ағам
Селеу кешкен – сексеуіл» [2, 136.].

Ақын ауылының ауасына дейін ағайын деп, арқа-жарқа күй кешеді. Туған жерінің жыңғылдарын жекжаттарындай, жусан біткенді жерлесіндей көріп, сексеуілді өзі іздеп таппай жүрген сертке берік сенімді адамға балап, соларға құрметін білдіріп, солармен сыйласып, солармен сырласып жүрген лирикалық кейіпкердің кейпінен ақынның өз келбеті көрінгендей болады. С.Томанов ең алдымен өз поэзиясында азаматтық тұлғасын көрсетті, сол арқылы өлең өрнегіне тән қасиеттерді қолдану мәнерін тануға болады.

Қорыта айтқанда, поэзиядағы азаматтық әуен де ең алдымен ақынның азаматтық тұлғасына байланысты. Әдебиеттің халық алдындағы биік мақсат-мұратын дұрыс түсініп бағалаған, сөз өнерінің құнын ардақтай сыйлаған, өмір шындығын, қат-қабат құбылыстарын оның терең мазмұнына үңіле отырып суреттей алған ақын жыры әрқашан қоғамдық, азаматтық мәселелерді көтереді. Ақынның азаматтық тұлғасын оның шығармаларының азаматтық үні ғана таныта алады. Олай болса, С.Томанов поэзиясының да азаматтық әуені терең, оны зерделеу – болашақтың еншісінде деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://alashainasy.kz/>
2. Томанов С. Жұлдыздан терем өлеңді. Тараз, Сенім, 2006

ӘОЖ 82.044

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕБИ КЕЙІПКЕР БАЙЛАНЫСЫ

ТАМАБАЕВА Қ.Ө.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АМАНОВА Г.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются исследования связи художественной реальности и литературного героя в современной казахской прозе.

Summary. The article examines the relationship between artistic reality and literary hero in modern Kazakh prose.

Көркем прозада әдеби характер мен көркем шындықтың арасындағы байланыс маңызды мәселелер қатарына жатады. Оның көркемдік-эстетикалық қызметі, әлеуметтік мәні, қоғамдық құндылығы – арнайы зерттеуге сұранып тұрған тақырыптар. Характер мен шындықтың арасындағы байланыс арқылы әдеби кезенді, шығармашылық тұлғаны, көркем туындыны толығырақ танудың алғышарттары мен мүмкіндіктері жетерлік.

Қазақ көркем прозасы өз даму тарихында күрделі өзгерістерді басынан кешіргені белгілі. Қоғамдық шындықтардың жиі ауысып отыруы ұлттық әдебиетіміздің сапалық өлшемдерінің тұрақсыздануымен, әр түрлі күштердің үнемі әсер етіп отырғандығымен де байланысты. Өткен ғасыр көркем прозасы өзінің астарына «мәңгілік тақырыптар» деп аталып жүрген (өмір, өлім, жақсылық, жамандық, жалғыздық, жатсыну) сияқты шындық тудыратын ұғымдарды тұмшаламай, олардың адамға қаншалықты қайшылықты әсер ететінін де таразылап берді. Сондықтан да мына өмірде, қоғамда, табиғатта үстемдік етуші тәртіп пе болмаса, хаос па дейтін мәңгілік сұраққа жауап іздеу әлі де жалғасуда. Өмірдегі кейбір мағынасы тұрақты ұғымдардың мысалы жақсылықтың жамандыққа, дұрыстың бұрысқа айналып кетуі адамды тығырыққа тіреді. Кейде дәл осы тығырыққа тірелу қарама-қайшылықты өмірді танудың жаңа жағдайларын ұсынып отырды.

XX ғасырдың соңғы кезеңіндегі прозада күн сайын күрделене түскен объективтік дүниенің жеке адамға да көп салмақ сала бастағаны айқын көрінді. Әдебиеттанушылар мен сыншылар «характер мен шындық», «орта мен адам» мәселесіне ерекше мән бере бастады, бұл ізденіс кейін де

жалғасты. Қалай десек те, кеңес әдебиетінде жүріп жатқан үрдістердің жалпы тенденциялардың қазақ әдебиетінде де біршама көрініс тапқанын жоққа шығара алмайтын шығармыз. Адамның болмысын жан-жақты тануға деген ұмтылыс кейіпкерлерді бейнелеудің жаңа формаларына жетеледі. Шиеленісті тартыстар молайды, оларда мәңгілік рухани байлықтар мен сол кезеңдегі адам санасындағы, тұрмысындағы негативтік сәттер арасындағы қарама-қайшылық суреттелді.

Ә.Нүрпейісов, Ә.Кекілбаев, Д.Исабеков, С.Мұратбеков, О.Бөкеевтер адам мен табиғат арасындағы терең байланыстар бұзыла бастағаны, қоршаған орта эрозиясы сияқты өте маңызды адамгершілік мәселелерді талқыға салуға ұмтылды.

Кезінде ғалым-сыншы Р. Нұрғалиевтің: «Әдебиет – үлкен құбылыс, жанды дүние, күрделі процесс. Бір әдебиет – дария, бір әдебиет – бұлақ, бәрі де ағады, өседі, өрбиді. Халық бар жерде әдебиет бар» [1, 209 б.] деп жазғанындай, уақыт талабының мүддесінен шығып, адамның жан дүниесіне терең үңіліп, оның ішкі қайшылықтарын, психологиясын көрсетуде жетекші орын алар прозаның шағын түрінің жетпісінші жылдарда кеңге қанат жайып өркендей түсуі – заңды құбылыс. Себебі 60-70-жылдары қазақ прозасына келген Ә.Кекілбаев, Қ.Жұмаділов, С.Мұратбеков, О.Бөкей, Д.Исабеков, Т.Әбдіков, Т.Нұрмағамбетов, К. Сегізбаев сынды жазушылардың шығармашылықтарының ерекше тұстары таныла бастады, аталмыш құбылысқа назар да аударылды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық әдебиеттің негізі болып табылатын реалистік, романтикалық және модернистік шындықтар арқылы образ жасаудағы, характер бейнелеудегі авторлық тұрғыны шартты түрде беруде жаңа проза элементтерін қолданып жүрген қаламгерлеріміздің қатарына Д.Әшімхановты, Р.Мұқанованы, А.Алтайды, Н.Оразды, Қ.Аманжолды, Қ.Түменбайды, С.Оспановты, Қ.Жиенбайды, Т.Ахметжанды, Д.Рамазанды, А.Кемелбаеваны, Д.Амантайды жатқызуға негіз бар. «Батыстың кейбір жазушылары болмысты кейіпкердің сана-сезіміндегі күрделі толқыныстар арқылы беру тәсілін ұсынады. Рухани жалғыздықтан тартатын жапасын, өмірдің мәнін іздеуден тұратын ізденісін терең ашады. XX ғасырдағы көркем ойдың үлкен жаңалығы осы» [2, 53 б.] деген пікірде осы кезең жазушыларының прозасындағы шындық мен характердің байланысының жаңа қырларын табуға негіз бар.

Жатсыну сияқты философиялық категория – экзистенциализмнің күрделі концепцияларының бірі екені белгілі. Философияның ғылыми мәселесі ретінде жатсыну көп жылдар бойы маркстік-лениндік ілімге қарсы қойылып, тек біржақты түсініктердің ауқымында қалып қойды. Бүгінгі дәуірде әлемдік мәдениеттердің интеграциясы күшейген шақта, рухани ықпалдардың төркінін танып, өрісін барлау ғылым алдындағы маңызды істердің бірі екені анық. Жалпы жатсыну түрлері көп, адамдардың бір-бірінен жатсынуы, адамның өз-өзінен жатсынуы, адамның қоғамды жатсынуы, рухани, тарихи, дәстүрлік, т.б.

Жазушы Н. Ораздың «Қайыршының жұлдызы» әңгімесінде осыған дейін қазақ прозасында көрінген тенденцияның бірі адамның өз заманынан рухани тұрғыдан безінуі басты мәселе ретінде басқаша көрінген. Көпке танымал, болашағынан мол үміт күттірген жас актер аяқ астынан қайыршы болып кетеді. Қаламгер көркем шындықды парадокстік деңгейде ұйымдастырған.

Оқиға басы актердің тоғызыншы сыныпта оқитын қызы мектепте курткасын жоғалтып, суық тиіп ауырып жатып қалуынан, оған уақытында қайтадан киім ала алмағандықтан, әкесінің осындай жолға түсіп кеткен күрделі сәттен басталады. Әрі қарай жазушы характер мен шындық қатысына ерекше көңіл аударған. Расында да актер жігіт өзін тұрмыс әкеліп қамалаған қоршаудан шығу жолын іздеді. Өзінің жұртты тәнті еткен таланты бұл жерде дәрменсіз екенін сезінеді. Ол айналасындағылардан көмек сұрап қол жайды. Әңгімеде жас актердің осы кездегі шындығын жазушы: «Сол бір күндері оның қандай жан азабына түскенін көрсеңіз ғой. Өнер адамдарының көбінің көңілі нәзік, боркемік болып келеді емес пе, қатты күйгелектеніп, ұйқыдан да, күлкіден де қалып, екі жағы пышақ жаныған қайрақтай қушып, көзі шүңірейіп, бар-жоғы бес-алты күннің ішінде абақтыға түсіп шыққандай азып-тозып кетті. Оның үстіне әлгі жоғалған куртканың орнына бір жылы киім сатып ала қоятындай ақшалары да болмады» [3, 7 б.].

Осындай сәтте іштей мүжіліп отырған адамға рухани дем берген ешкім болған жоқ, бірақ материалдық көмек бергендер болды. Ол кавказдық бай кісі. «Егер қажетім болып жатса, мына телефонға хабарласа салыңыз» деп өнер адамына өз қажеттілігін айқын сезінген ақшалы кісі актер жігіттің өміріне ақырындап енген еді. Басына қиын шындық туғанда актер жігіт бірден оны есіне алды. Себебі оған өзінің жұмыс орнынан, мәдени басқару ұйымдарынан көмек сұрау бос әурешілік сияқты еді. Бай кісі бірден көмектесті, баласына сыртқы киім әперіп қуаныш сыйлады, бірақ мұның бәрі актер жігіт үшін қымбатқа түсті. Ол өзінің өнерін, бүкіл жан дүниесін саудаға салған еді. Енді өмірге басқа қырынан қарады. Оның осыған дейінгі өмір сүру дағдысы, қалыптасқан дүниетанымы толығымен өзгерді. Енді ол – басқа адам, ұстанымы өзгерді, бағыты ауысты.

Дегенмен, актер жігіттің ішін жегідей жеген бір қиналыстың болғандығын мына сәттен аңғаруға болады: «Қашан көрсен де тұнжырап, ауыр ойға батып жүреді. Өзі жоқта хабарласқан дос-жарандарына, театрдағыларға да телефон шалмайды. Үйіне келгенде кешкі асын апыл-ғұпыл асығыс ішіп, «Мені мазаламаңдар, шаршап келдім» деп ерте жатып қалады».

Қоғамдағы өзгерістер күрт өзгеріске ұшыраған талай тағдырларды шалды. Ішкі жан дүние, сана сезім мен сыртқы орта, қалыптасқан шындық бір-біріне кереғар болып келуі талайды тығырыққа тірегені анық. Бойындағы таланты мен дарынын басқа мақсатқа пайдаланып жүрген актер жігіттің рухани азып-тозып кеткені оның басқа шындықты қабылдауынан басталған.

«Сол екі-үш жылда оның жаны мен тәні түгел қайыршыланып кеткен болатын. Көзқарасы, әсіресе көзқарасы тым аянышты еді. Үлкен-кіші, бала-шаға, кемпір-шал демей ол айналадағы адамдардың бәрінен қайыр-садақа дәмектендей жауғандай қарайтын. Онымен әңгімелесуге, көңіл көтеруге, қонаққа баруға, жай әншейін қатар отыруға мүмкін болмай қалған-ды» [4, 66 б.] деген сәтте қалыптасқан құндылықты жоғалтудың трагедиясын айқындау тұр.

Өнердің, өнер адамының ізденістеріне, шығармашылық қиялдарына, ерік-жігерлеріне қолдау көрсетудің орнына кейде оларды жер етіп, базардағы саудагердің бір күнгі тапқанын бір ай жүріп таба алмайтын шындыққа жеткізген тұстар болған. Қаламгер қалыптасқан ахуалда адам рухының аяқ астынан, тез арада, көпке шыдамай морт сынуына себеп іздейді. Актер жігіт образ сомдау үшін қолданған тәсілдерін өзінің күнделікті өмірінде қолданып күн көрістің ойынында жүр. Бала-жар, дос-жаран деген жақын адамдарының күні ертең бұл тірлігіне қалай қарайтыны туралы көп толғанған жоқ, оны бағыттайтын рухани орта, хал, адамдар болмай қалды.

Әңгімеде шындық мен мінезді айқындайтын белгі – адам жұлдызы. Жазушыға осы бір трагедиялық шындықты баяндаған келіншектің де, актер жігіттің де жұлдызы Бикеш болатын. Жұлдыз дегенде адам санасына аспан, биіктік деген ұғымдар келеді. Ендеше кез келген адам биіктікті аңсайды, соған қол жеткізуді мақсат етеді. Жұлдызды ешкім де жерден іздемейді, оны тек биіктен көреміз. Белгілі бір мақсатқа жеткен, бақытын тапқан адамның жұлдызы жарқырады деп ойлаймыз. Әңгімеде үш кейіпкерге де ортақ белгі үшеуінің де жұлдызы – Бикеш. Бірақ өмір жолдарында, өз жұлдыздарын табуда үшеуінің жолы әр түрлі. Бірі – жазушы, бірі – тағдыр талқысына түскен әйел, үшіншісі – қайыршы болып кеткен жас актер. Жазушы айқындаушы шындық арқылы адам өз тағдырын өзі жасайды, әркімнің өмір жолында кездесетін қиыншылық оның тағдырындағы сын деген мәселе көтерген.

Қ.Жиенбайдың «Бизнесмен Құлшараптың Қожанасырмен қоштасуы», Д.Әшімхановтың «Аққабаның толқыны», Д.Рамазанның «Жан тәсілім», Т. Ахметжанның «Төрт қанден» әңгімелерінде шындықтың ортақтығы байқалғанымен, характерлер дараланған. Бұл шығармаларда Нұрлыбек, Құлшарап, Айдарбек бейнелері үшін өмірдің бар мәні, тіршіліктің тірегі ақша екені бірден байқалады.

Қорыта айтқанда, шындық мен характер арасындағы байланыстың әдеби үдеріс туралы тұрақты ақпарат көзі, пәрменді дерек қоры екендігіне мән беретін кез жетті демекпіз. Өткен ғасырдағы қазақ прозасындағы шындық мен характердің байланысы сан-салалы болды. Шындықты бейнелеп, оның қыр-сырын ашатын характер таңдау қаламгердің еншісінде десек те, оларды үйлестіру, сәйкестендіру немесе қайшылықта, шиеленісте көрсетуге сыртқы факторлардың әсері болатыны жасырын емес.

Әдеби туындыдағы көркем бейне мен шындықтың өзгеруі психологиялық ахуалдың толқымалы, өзгермелі, ауыспалы қасиеттеріне, ішкі және сыртқы дүниенің арпалыстарына, сананың сапырылысуына, өмірдің мәні мен мағынасы туралы толғаныстарға, тұлғаның «менінің» құбылыстарына тәуелді екені дәйектелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нұрғалиев Р. Арқау. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.
- 2 Байжанов С. Замандас туралы толғау: Монография. – Алматы: Жазушы, 1973. – 223 б.
- 3 Ораз Н. Қазығұрт оқиғалары. – Алматы: Санат, 1995. – 238 б.
- 4 Амантай Д. Қастерле мені. – Алматы, 2000. – 567 б.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ САНАНЫ ДАМУ

ОМАРКУЛОВА Л.К.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ШЕРДАЛИЕВА Ж.Х.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 1 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается о духовно нравственных качествах в словах назидания Абая Кунанбаева. В произведениях Абая рассказывается о возможностях развития человеческого сознания.

Summary. The article scribes the spiritual and moral qualities of Abay Kunanbayev in the word sofedification. Abay's works tell about the possibilities of developing human consciousness.

Табиғи әлемді жасанды дүниеден бөліп тұратын қазіргі қоғамда, рухани көзқарас және адамгершілікке бет бұру қажет. "Рух", руханилық" деген сөздер жиі Құдайға діни сенімнің, физикалық өлімнен кейін өмірдің көрінісі ретінде қабылданады. Бірақ "руханилық" - діннің шығу тегі емес, этикалық-философиялық ой тарихындағы орталық категориялардың бірі. Әрине, адам рух және оның шынайы жағдайы-рухани, бұл өткен және қазіргі барлық ұлы ойшылдар атап өтті. Рухтың ерекшелігі табиғат заңдылықтарының көрінісі ғана емес, сондай-ақ аяқталған мәндік модельдерді, нормаларды, қағидаларды қалыптастыруға ұмтылу болып табылады. Біздің ішкі рухани әлеміміз қолда бар болмысты еңсеруге, оны ізгілік, махаббат, ақиқат құндылықтары негізінде қайта құруға ұмтылады. Руханиятсыз адам қызметі мүлдем жоқ. "Руханилық, сайып келгенде, мағыналық космогонияға, жеке тұлғаның адамгершілік Заңымен әлем бейнесін біріктіруге әкеледі. Адамның рухани және тіршілігінің байланысы басқа да терең аспектіден тұрады. Оның мәні-рухани құбылыстар, руханилық адамның үлкен билігіне ие, олар бүкіл өмір сүруге қатысты императив ретінде әрекет етеді [1,450б.]. Абайдың рухани жолы көптеген тәжірибемен қатар ащы өмірге де толы болды. Абай Семей қаласындағы Ахмет Риза татар медресесінде алған білімдерін ол әрқашан ұстанған өмірлік позициясын анықтап берді. Абай Құнанбаев қазақ руханиятының дамуы бұрынғы қалыпта дами алмайтынын терең түсінген. Егер бұрын ол қазақ халқының өткеніне көз жүгіртсе, онда Абай проблеманың өзін түбегейлі өзгертті-ол қазақ халқының ағымдағы және алдағы Тарих ағымындағы орнын ұғыну міндетін қойды. Ол ақын ретінде бастағандықтан, бұл бүкіл қазақ рухани әлемінің негізі болып табылатын қазақ көркем әлемінің іргелі реформаларына қатысты болды. Бірақ, көркем сөздің қазақтардың өзін-өзі тануында қандай ерекше орын алатынын, өзінің принциптік шекарасы бар екенін түсіне отырып, ол өзінің поэтикалық шығармашылығының шеңберінен тыс адымдады. Абай өз халқының ойшылы болды. Қазақ халқының әлемдік мәдениеттегі орны мен адамзат халықтарының арасындағы болашағы Абай қазақ қоғамының қазіргі заман талабына сай артта қалуының бірқатар іргелі себептерінің ашылуына алып келді. Ол өзінің шығармашылығында Шығыс пен батыстың ойшылдарына қарады. Бұл жерде оның заманына қарай қалыптасқан нақты тарих көрінісінің барлық ауқымдылығы әсер етті [2, 286б.]. Абай өмір бойы шындықты іздеді, бірақ шындық процесс бар. Осы себепті олар ешқашан барлық істелінген сезім меңгермеді. Сондықтан оның өмірі-рухани даму, Мәңгілік іздеу, жан-дүниенің қауырт жұмысы. Абай өзінің шығармашылығымен туған халқын әлемдік өркениеттің байлықтарына қосып, оған қазақ этносының үздік рухани құндылықтарын енгізді.

Ойшыл-қазақ халқының ұлттық оянуына, олардың әлеуметтік-саяси және философиялық-этикалық ойының дамуына, ғылым тілінде "қоғамдық сана" түсінігімен белгіленеді. "Қара сөздерін" ("Қара сөздерін") оқып, он жыл бойы Абай шығармаларының шыңына айналған. «Қара сөз» деген атпен 45 сөз, Мұқият көркем, стилистикалық өңделген проза түрінде берілген шағын аяқталған фрагменттер біріктірілген. Бұл оқырманға тікелей үндеу, ашық әңгіме-әңгімелесу, бұл "суық бақылаулардың ақыл-ойы мен жанкешті жүректері", бұл халық тағдырының аясында жеке адамның өмір философиясы. Абай "соқыр сенімге" қарсы қоя отырып, саналы сенім деп аталатын ағартылған Ислам уақытының ағымымен ұштасқан, өткеннің ең жақсы дәстүрлерін, ата-бабалар рухын жаңғырту сияқты басқа жолдарды көрмейді. Әрине, мұның барлығы асыл және таза "жүректен" бағытталатын ақыл-ойдың мәдениетімен байланысты, дейді Абай. Ол тек мансап құралы ретінде білімді тар пайымдау түсінігіне қарсы барынша қорғайды. Абай халықтың ағартушылық және дәстүрлеріне шын

мәнінде тек өзінің жеке мүддесіне жаратушы адамдарға қарсы шығуға тырысады. Олар халыққа жалған құндылықтарды, батылдықпен ептілікті, қулықпен қасиетті, байлықпен абыройды, ырымшылдықпен беделге бөлейді.

"Қара сөз" деген негізгі сезім-бұл халықтың негізгі бөлігінің дамымағандығына байланысты ауырсыну және үміт, тарихпен жинақталған сана мен ішкі потенциалға деген сенім. Олар терең философиялық сипатқа ие, жүрек тереңіне енеді, ол өзінің айқындылығы мен татымалығымен таң қалдырады, ол айыптайды және тәрбиелейді. Өз өткірлігін зақымдайтын сөздер саған тыныштық бермейді және бәрі анық және оңай болады. Және сен жаман сөйлеуді жалғастыру немесе бұрылыс сөздерді айту екіталай. Бұл жерде Абай Құнанбаевтың жан-тәнін кездестіруге мәжбүрлейтін күші бар. Абай Құнанбаев құбылыстарды, табиғат пен қоғам құпияларын, қоршаған ортаны терең танып білу қажеттілігі туралы айтады. "Қара сөздер" - өмір заңын білетін даналықтың сөзі. Ойшылдың басты бағыты прогрессивті дамыған қоғамға ұмтылу болды, онда адамдар қоғамның материалдық және рухани құндылықтарына қол жеткізе алатын "ақыл-ой, ғылым, ерік" туралы айтады. Ағартушының халық массасының шығармашылық күштеріне деген сенімі, қоғамдық прогреске деген үміті егіншілік, қолөнер және сауда сияқты экономика салаларының дамуымен, қоғамның өндірістік Күшін ынталандырумен байланысты. Абай Құнанбаевтың шығармашылығында болашақта қоғамның қарама-қайшылықтарын ақылға қонымды шешу үшін ұтымды ұсыныстар айтылған. Абайдың педагогикалық жүйесінде адамгершілік үлгісі мен тілдеріне ерекше мән беріледі. Ана тілі арқылы алғаш рет әлемге терезе ашылады. Енді көзқарас, жалпы адамгершілікке міндеттейді, басқа халықтар тілдерін үйренуге бағыттайды» [3, 158б.]. "Ақыл-ой, ғылым, қайрат" адамның үйлесімді дамуының бірлігінде тұрған адам Абай бойынша кемелді адам. Өзіне аспаған және әлемнің көрінетін және көрінбейтін құпияларын түсіндірмеген адам адам бола алмайды. Мұндай адамның жан дүниесінің болмысы басқа ұлттың болмысынан еш айырмашылығы жоқ. Өйткені, бастапқыда Құдай адамды жануардан айырды. Неге есейген біз балалық шақта тамақ пен ұйқы туралы ұмытуға мәжбүр еткен қызығушылыққа қанағаттанбаймыз, және білім іздеген адамдардың жолын таңдамаймыз? Абайдың бұл мәселелері ХХ ғасырдың басындағы Орталық Азияның кең аумағындағы болашақ қазақ реформаторларының ағартушылық қызметінің негізіне айналды [4, 61б.]. Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы өлеңдерден, поэмалардан, философиялық прозадан, аудармалардан және ән өуендерінен тұрады. Абай қазақ әдебиетіндегі сыни реализмнің негізін қалаушы, сондықтан да ақынның негізгі азаматтық парызы – "шындықты жырлау" деп санаған. Абай Құнанбаевтың философиялық көзқарастары тек бір ел, бір мәдениет, бір халық аясында қарастырылмайды. Абай тұрақты, ол уақыттан тыс. Оның көзқарастары жалпы әлемдік сипатқа ие, осыдан бір ғасыр бұрын ол ағарту, еңбек, халықтың рухани бірлігі сияқты жалпыадамзаттық идеалдарға ой салды. Абай Құнанбаевтың шығармашылығы бірнеше мәдениеттің синтезі: дәстүрлі ұлттық мәдениет, орыс және батысеуропалық. Осы мәдениеттердің көмегімен философ әлемді оның бірлігі мен әралуандығында түсінуге тырысты.

"Алаш" басшылары Абайды қазақ ұлтының бірегейлігі мен қайта өрлеуінің символы ретінде қабылдады. А.Бөкейханов Абай Құнанбаевтың алғашқы өмірбаяндарының бірі болды. А.Бөкейхановтың пікірінше, Абай Құнанбаев өз халқы үшін көп нәрсе жасады. Қазақ прогрессшілері мен ықпалды тұлғаларында ол құрметке ие болды. Ә. Бөкейхановтың пікірінше, белгілі ақын өз ұлдарын ағартуда елеулі соманы қаржыландыратын алғашқы қазақ қайраткерлерінің бірі болды. Шығармашылықтың гүлденуі. Құнанбаева қазақ зиялыларының тайпалары қалыптасқан дәуірге келді, ол өз қатарында лайықты орын алды. Абай шығармашылығын талдай келе, Әлихан Бөкейханов өзінің мақаласының қорытынды бөлімінде былай деп атап өтті: "орыс мектептеріндегі оқушыларға қырғыз балаларына қаскөйлікке қырғыз балаларының пара, жазушы, жасырын адвокат, полиция шенеунігі болуға ұмтылысын ұра отырып, оларға Толстой, Щедрин оқуға ұсыныс жасайды және олар сияқты болуға ұмтылады" [5, 207б.]. Дала оның туындысы мен дана шешімдерімен толысты.

Абай өмірі мен шығармашылығы терең адамгершілік мағынаға толы. Халық тәрбиесі тұрғысынан оның шығармаларының маңызы ерекше құнды. Олардың қарсыластарына берген қатал есеп қызықты. Абай өз дәуіріндегі қазақтарға тән құндылықтар мен бағдарлар туралы шын мәнісінде айтады: басқалардан артықшылық туралы жалған өзін-өзі тану, жалқаулық, индивидуализм және топтастық, ұсақ-түйек, тіскілік және ақымақ күлкі, ар-ождан, жоғары талпыныстың жоғалуы, келісім мен бірліктің жоқтығы, соғыстарға, зұлымдыққа және алаяқтарға құрмет секілді істерді сынайды. Халықтың қоғамдық прогресінің артта қалуы мен аяқталмауына негізделген әлеуметтік қарым-қатынастардағы шиеленіске толған адам ақаулары Абай сынының "қара сөздерінде" және басқа да көптеген шығармаларда маңызды объектісі болып табылды. Мәдени мұраны сақтау-тәуелсіз мемлекеттің табиғи функциясы. Екіншіден, біз адамдар біздің мемлекетіміздің басты субъектісі болып

табылатындықтан, ол әрбір адамның ішкі дамуына тиісті қамқорлық жасау. Сонымен қатар, мәдени мұраны сақтау мен игеру мұнда тұратын барлық этностардың өзіндік санасын нығайтудың маңызды элементі болып табылады, олардың толыққанды өзара – этносаралық, мәдениетаралық, конфессияаралық өзара іс-қимылының негізі болып табылады. Ал бұл өз кезегінде Қазақстанның ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі. Осылайша, мәдени және философиялық мұраны белсенді игеру ұлттық сана-сезімнің өсу динамикасының, халықтың ұлттық бірегейлігін нығайтудың маңызды құралы болып табылады [6,34б.]. Қазақ халқының прогрессивті мәдениеті тарихында, Қазақ ағарту тарихындағы ұлы ойшыл, философ, ағартушы, ақын, композитор, қазақ жазба әдебиеті мен Қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың рөлі зор. Әлем Абайдың өлшеусіз талантының, ойының тереңдігінің, халыққа деген жанашырлығының арқасында білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Барулин В.С. Социальная философия. – М.,1999. – 450 б.
2. Назарбаев Н.А. В потоке истории.- Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
3. Касымжанова А. А. Құнанбаев // Простор, - 2015. №4. С.157-164
4. Муканова Г. Абай // Мысль, - 2015. - №10. С. 60
5. Айтмухамбетов А.А. Казахские служащие Российской империи: формирование, профессиональная и общественно-политическая деятельность в XIX – начале XX вв. Семей, 2010.
7. Нысанбаев А. Н. Культурное наследие и развитие философии современного Казахстана // Вопросы философии. – 2009. №11.2009 С. 27 – 34.

ӘОЖ 82.145

РОЗА МҰҚАНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

КУЛЬМАГАНБЕТОВА С.Т., АМИРОВА С.Р.

Талапкер ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы

Резюме. В статье представлен психологический анализ внутреннего духовного мира героев произведений Р.Мукановой. Изучены особенности национального самосознания в рассказах писателя.

Summary. The article presents a psychological analysis of the inner spiritual world of the heroes of R. Mukanova's works. The peculiarities of national identity in the writer's stories are studied.

Қоғам дамыған сайын адамның да рухани болмысы, санасы өзгеріске түседі. Бұл-заңды құбылыс. Адамдар, ұлттықты айтпағанның өзінде, жаңа қоғамдық, рухани құндылықтарды іздейді. Адам өзінің өмірінің мәніне, уақыт пен кеңістік секілді мәңгілік ұғымдардың астарына қарапайым өмір құбылыстары арқылы үніледі. Ал қазіргі әдеби процесте «қазіргі қазақ жазушыларына осы заманғы әдебиеттің жағдайына сәйкес уақыт қойып отырған үлкен міндеттің бірі – «адам жанының диалектикасын ашу». Дәлірек айтқанда, кейіпкердің ішкі рухани әлеміне үнілу, жан сарайына психологиялық талдау жасау саласында терең толғану, тынбай іздену керек болып отыр» [1, 142б.]. Зерделей қарасақ: «көркемдік әдіс-мазмұн, психологиялық талдау-пішін. Психологиялық талдаудың тағы бір көркемдік мәні мынада деп ойлаймыз, атап айтқанда «ол-жазушы үшін толыққанды образ, өміршең тұлға жасаудағы бірден бір қолайлы да, оңтайлы тәсіл». Расында, образ, характер жоқ жерде көркем шығарма рухы түгілі оның елесі де жоқ екені мәлім.

Қазіргі қазақ прозасында қарымды қаламымен ерекшеленіп, ұлттық рух, шығармашылық зертхана, қаламгердің көркемдік әлемі туралы өзекті тақырыптарды шығармаларына арқау етіп жүрген жазушы Р.Мұқанова бір сұхбатында:«Кейіпкерлеріңіз тым еркін. Бұғауға көнбейтін, ешқандай сенім мен қағиданың құлы емес. «Түтқын», «Патша қатын У», «Мұқағали», «Құбыжық» сияқты әңгімелеріңізде «меннің» тым биіктеп кеткендігі байқалады. Кейіпкер өзіне тым сенімді. Тіпті, оқырмандағы еркіндікке қол сұғады» – деген сауалға төмендегідей жауап қайырады. « – Кейіпкерлерім әуелі менің талғамымнан шығу керек. Егер мендегі суреткерлік талғам кейіпкерді ұнатса, оған міндетті түрде жан бітеді, тағдыр сыйланады. Өзім бар ынтаммен бас иіп, таңдап алған кейіпкерімді неге оқырманның тобығына тастай салуым керек. Бәлкім, олардың Сіз айтып отырғандай «мені» де күшті болар. Қызығы кейіпкерлерімнің «менің» жек көрмеймін, ол сол «мені»

арқылы Өзінің жағына өзгелерді шығарып алып, жақсы көргізіп қояды. Сіз айтып отырған «ақымақ, қатал, ұлы әумесер, есерсоқ» кейіпкерлерім жай қарабайыр, жеңілтек, көпшілік әдебиетті мансүк еткен оқырманнан бөлектеу болса деп ойлағанмын. Ол жынды бола тұра ақылдыларды менсінбейтінін қайтерсіз. Мүмкін тосын кейіпкер, тосындау оқырманын қалайтын болар. Кім білсін...» [2, 76.]. Бұдан байқағанымыз әр суреткер өз шығармасындағы суреттеп отырған бейнесін қиялынан тудырып, талғамынан өткізіп, оған өзінше мінез, қимыл-әрекет беріп шығарманың өң бойында жандандырады.

Ал, Роза Мұқанованың әңгімелерінің дені әйел психологизмі, адам өмірінің өзгеше қырлары мен шығармашылығындағы философиялық түйіндерді шешуге тырысады. Сондай әңгімесінің бірі әйел тағдырына, психологиялық сезімге толы «Күнә» әңгімесі. Оқиға түнде болады. Оқиғаның басы-қасында үш адам–бала туған Гүлбарам, баланы өлтірген тоқал, куә болған Ақ Баян. Осы тұста автор табиғаттың суретін ерекше етіп суреттеген: «Сескеніп, дірілдеп таң көтерілді. Сол күнгі бозамық таң қандай паң еді. Жерде тұрған үш мүсәпірге сұқтанып, күнәсін мойнына салып, үшеуінің де құлын дауысын шырқыратып сазайын бермек» [3, 506.]. Ақ Баян-елге байлығымен аты әйгілі Әбілқасымның келіні. Қайын сіңілісі Гүлбарам оң босағада отырып жүкті болады да түн ішінде баласын өлтіруге келіседі, ел-жұрттың табасынан, байдың қаһарынан қорыққан тоқал «бетімізге шіркеу, сүйегімізге таңба болмасын» деп, дүниеге келген сәбидің аузына тотияйын күйып өлтіреді.

Сол түнгі күнәсі елу жыл бойы Ақ Баянның жанын жаныштап, еңсесін көтертпейді, өйткені жазықсыз сәбидің өмірін қию-күнәлардың ең ауыры. Күнәсі кемпірдің санасын сарсаң етіп, екі көзінің жасын күрғатпайды. Бүкіл ғұмыры жылаумен өтеді. Автор әңгімеде қандықол тоқалдың ішкі дүниесіне терендемейді, істеген әрекеттерін суреттей отырып, сұрқиялығын айшықтайды. Ал Гүлбарам мен Ақ Баян жанының жанышталуын суреттейді. Гүлбарам болса, өмір бақи баласыз тұл, бақытсыз ғұмыр кешеді. Ақ Баян да күнәсі үшін Алладан кешірім сұрап, елу жыл ғұмыры жылаумен өтеді. Пәк сәбидің киесі ұрған екі мүсәпірдің өмірінде мән-мағына жоқ. Жастықпен, албырттықпен, балалықпен жасалған күнәсі арада елу жыл өтіп, ел жанарып кетсе де, ағарып атқан таң есіне сол түнді салып, бетіне басады.

Әңгімеде Таң мен Түннің ғұмыр бойғы «итжығыс күресі»-жақсылық пен жамандықтың бітіспес айқасындай көрініс береді. Ақиқатында, мақпал түннің де өз сұлулығы бар. Бірақ әңгімедегі Түн-жазықсыз сәбидің өлімімен, әйелдердің күнәсімен астасып жатқандықтан да, ауыр күнәһарлықтың куәсі әрі белгісі. Гүлбарам мен Ақ Баянның тіршілігі сол түндей қара түнекке айналған. Біздің санамызда түн-қараңғы, қара түнек, қапас, қара істің мекені. Қап-қараңғы түн-ауыр күнә, адам өмірін қию, адам өлтіру-күнәнің күнәсі. Өз күнәсін сол қараңғы қапаста ұстап азаптан сәл де болса құтылғысы келеді. Таң атса азапты күн қайта басталардай. Кемпірдің күнәсін жеңілдетер-түн. Түн-азап, күнә, таң-таза, бейкүнә. Біздіңше, автор сәбиді тікелей өлтіруші тоқалдың ішкі жан сарайын ашуға саналы түрде бармаған. Ол сәбидің аузына тотияйынды шімірікпестен құя салады. Қылмысты ойланбастан-ақ, қайғы шекпей-ақ жасайды. Ондай адамның жан азабына түсуі екіталай. Тоқалдың жауыздығы оның сөздерінен көрінеді. Сәби өлімін жалған ар-ұятпен бүркемелеген тоқал үшін кие, обал ұғымдары жат. Ендеше тоқалдан басқаны күту мүмкін емес. Албырт жастықтың жетегіндегі Гүлбарам сәбидің өліміне келіссе де, Ақ Баян бұл шешімге шошына қарап, екі қолын кезек сермеп, не айтып, не қойғанын білмей, есі ауысқан күйге түседі. Тоқал оның есін жиғызбай, ойлануға да мүршасын келтірмей әп-сәтте қылмыстың ізін жасырып үлгереді. Бәрі қысқа уақыттың ішінде өтеді. Ғұмыр бойы ақталумен келген Ақ Баян тек Алладан ғана рақымшылық күтеді. Адамның өз күнәсін мойындауы оны жан азабынан құтқарады, жанын тазартады деп жатады білетіндер. Әсіресе іштей шеккен қайғының уы басылмай, жаны дертке ұласып, анасынан бір ілтипат іздеп келген еді түн жамылып. Сол түн дірілдеп-қалшылдап отырып: «Апа-ау, менің жазам ауыр. Мені бар ғой, Құдай оңдырмайды енді», - деген.

- Тек! Онысы несі, не болды тағы О, Құдай, деп аңқау шешесі ошақ басын шыр айналып шоқ басқандай аяқ асты жынды болып қалмап па еді. Күнәсін жан анасына ғана жыр етіп айтып, ақталмақ еді бұл сонда.

- Ойбай, жаман, қар. Не дейді мынау? Не дейді мына сорлы. Өлтірген кім? Егер өлтірген сен болсаң, жарымассың жалғанда. Адам өлтіргеннен ауыр күнә жоқ... АДАМ ӨЛТІРГЕННЕН АУЫР КҮНӘ ЖОҚ... [3, 526.]. Ақ Баянның да, Гүлбарамның да бақытсыз мүсәпірлерге айналуы-жазықсыз сәби киесінің ұрғаны емес пе?! Мұнда таң-болашақтың жаршысы, тоқал-мейірімсіздіктің, қатыгездіктің белгісі, ал түн-қылмыс пен күнәнің символы іспетті. Енді күнәлілер жазаларын алды ма? Иә, Ақ Баян тікелей жасамаған, алайда куәсі болған түн, содан бері елу жыл өтті, елу жыл бойы жайраңдап бір күлмепті. Мұнда әйел затының бала үшін туған болуы шарт емес екендігі, ана үшін

балаға деген махаббат пен мейірімділіктің орны бөлек деген ойға жетелейді. Ал, Гүлбарам: «Өзі сүйіп қосылған сол жігітпен тұрмыс құрғанымен, бейшара өмір бақи тұл болып өтті. «Бір шикі өкпе бұйырмады-ау маған, Ақ жеңеше. Мендей күнәһарға бала бітпес»,—деп зарлап өтті жалғаннан». Қазақ қызының қырық үйден тыйым бұзып шыққан «жетімдікті, жесірлікті, сәби өлімін жалау еткен, жанашылдықты» таң өзіне жат көрді. Адам баласына керегі тек байлық пен атақ емес, қалыптасқан салт, сана мен дәстүр, рухани құндылықтар мен ізгілік, парасат бар жерде адам –АДАМ екендігін пайымдауға болады.

Міне түн – күнә, таң – ақталу. Ананың аналық сезімінің елу жыл өтсе де сол күнәсінің алдында ақталуы, бала ананың бауыр еті деп бекер айтпаған дана халқымыз. Қазақтың даналығының тағы бір дәлелі адам ағзасының барлық функциясын сонау медицина дамымай тұрғанда ақ біліп қойғандығы нағыз көрегендіктің белгісі. Бірге туған апкеміз не ағамызды «бауыр» дейміз, барлық дене құрылысының ішінде бауырды ауыстыру мен емдеудің техникасы дамыған заманның өзінде емі табылмайды. Яғни бауыр деген ол сенің ажырамас бір бөлшегің. Сол себепті де бала- бауыр етің. Ал бала өлтіріп күнә жасаудан ауыр ештеңе жоқ екеніне көз жеткізеді.

«Күдірет-кие» атты тарихи әңгімесін жазар алдында, Шыңғысхан жайлы тарихи деректерді ала отырып, Шыңғысхан мен інісі Хасар кейіпкерінің егжей-тегжейіне дейін біліп, оқиғаны жазар алдында өзіндік қолтаңбасы мен пайымына сүйенеді. Шыңғыстың әкесі-Есугей батыр. Оның бірінші, әрі басты әйелі Оэлун. Шыңғыстың қол астындағы Көкеш деген адам оның билігіне таласады. Бұл дерек тарихта жазылған. Ал, Р.Мұқанова осы сюжетті өзіндік шеберлігімен тарихта болған Шыңғыс хан мен әңгімедегі кейіпкері екеуінің нақты бейнесін ашуға тырысады. Шыңғысхан Көк тәңіріге қатты сенеді. Өйткені, өзіне дарыған ақыл Көктен деп біледі. Жалпы, түркі халықтары Көк тәңіріге табынған. Оған деген сенімі мен түсінігі ертеден сонау Күлтегін тасынан да аңғарылады. Автордың көркемдік тәсілінің бірі- шығармаларында культтік фразеологизмдер жиі ұшырасады. «О, тәңірім», «Жасаған ием», «Күдайға күніне мың да бір тәубе қылушы едім», «Күдай біледі», «Алладан күт». Ананың балаға деген, баланың бауырға деген, ал бауырдың билікке деген сезімдері көрініс береді. «О, тәңірім, азаптан күтқар, жәрдем бер! Бауырымнан шыққан өз балам бір-біріне дұшпан болып ұстасса, заманымда не қасиет қалғаны. Онда ел анасы атанған Өлең сорлыда не қадір бар. Тар құрсағымды кеңітіп, тас омырауымды иітіп, кеудеме басқан қос сәби ер жетіп, ел иесі атанғанда бір-бірімен неге бола, кімге бола жауықты? Жүрегімді жарып шыққан қос құлын бұл күнде неғып суынып, теріс айналып, берекесі қашты? Жауға қатал болам деп, қатігез болып кеткен бе? Бір анадан туған қос батыр - Шыңғыс пен Хасар ағайыншылығын ұмытып, көздеріне қан толғанда, қайсысына кінә артып, қайсысынды ақтаймын» [3, 3б.]. Алайда әңгіменің басты тақырыбы-АНА. Аналық сезім. Әңгіме кейіпкері Өлең шешенің балаларына деген аналық сезімі, ханның да қараның да анадан туғанына, ана алдында Шыңғыстай әлемді билеген ханның өзі де бас иетіндігі. Бірақ не үшін, неге бола өлім үкіміне Шыңғыс ханның бұйырғанын түсінбеген. Білетіні - ол қатал, өзі айтқан жарлықтан ешқашан да бас тартпайды. Басын аламын десе, бесіктегі сәбидің де қылшадай мойнын қия салатын. Өлім. Әсіресе Шыңғыстың қолынан бұйырған өлім, қасиетті, күдірет жіберген, тәңірі сыйлаған ажал деп түсінетін. Қызғаныш пен ашудан арыла алмаған хан өзінің інісінің малын талатып, жұртын көшірткізеді. Мұның барлығы ханның көзіне толған қан еді. Автор психологиялық бейнелеудің бір түрі. Түс көру тәсілін шебер пайдаланады. Бұл тәсіл біздің әдебиетімізде кейіпкердің ішкі өмірін беруде жиі қолданылатын әрі берік дәстүрге енген көркемдік компонент. Оны жазушы жиі қолданбаса да ең онтайлы сәттерде сәтті пайдалана да біледі. «Түс көру тәсілі - психологиялық бейнелеудің бір түрі. Бұл тәсіл біздің әдебиетімізде кейіпкердің ішкі өмірін беруде жиі қолданылатын әрі берік дәстүрге енген көркемдік компонент. Оны жазушы жиі қолданбаса да ең онтайлы сәттерде сәтті пайдалана да біледі. Тегінде, түс көру тәсілін қолданған қаламгерлер екі мақсатты мұрат тұтады. Бірі-түстің мазмұнын психологиялық талдау тұрғысынан интерпретациялағысы келсе, екіншілері –сюжеттік желіге арқау болар түс көру эпизодын поэтикалық қуаты мол әдеби құрал ретінде қарастырады» [4,91б.]. «Шыңғыс хан түншығып жатыр екен, ұйқысынан шошып оянды. «Ойпыр-ай, -деді жалғыз өзі. –Мен бір сұмдық түс көрдім,-деді жан-жағына қарап. –Күдірет-кие... – Күдірет-кие...екен деймін. Әміршім мені дүниеге әкелген Өлең-шешем екен деймін». Көздері шатынап, Шыңғыс хан жаңағы түсті тағы есіне алды. Дағар жерге түсіп үлгермей аузы ағытылып келіп, ішінен бөлшек-бөлшек болып домалаған Өлең-шешесінің бейнесін көреді. Кесілген басы, қол-аяғы сатырлап бөлек-бөлек болып құлап жатыр екен. Жаны бар шешесінің басын не дағарға қайта саларын, не жерден алмайын деп екіұдай күйде тұрғанда, жаңағы шешесінің басы: «Көтер! Ал мына басты»,-деп әмір етеді. –Бұл – Күдіреттің ісі. Оған сенің әмірің жетпейді. Шыңғыс балам. Көтер енді, қара жерге тастай көрме» [3,13 б.],-дейді.

Мына әлемді адамдардың бір-біріне деген тартылыс сезімі бар. Ол ана мен бала махаббаты. Оның күдіреттілігі әңгімеде былай беріледі: «Шыңғыс келе жатыр. Анасының аяғына бас ұрып, кешірім сұрамақ. Рахымы түсіп, кешірім етсе, бұл дүниеде Өлең-шешенің алдынан кесе өтпейді деңдер!» -деді. Осы сөзді Шыңғыс хан теріс қарап, иегі кемседеп, жанарына жас толып, қатты босап айтты. Бұл жолғы ұлы жорық бір ай кешігіп басталды [4, 136.]. Әңгімеде бүкіл әлемді бағындырған әміршінің ана алдында әмірші ғана емес, ана үшін ол оның перзенті болып қалатындығы мен әйел-ананың Алла берген күдіреті де көрінеді.

Жетім мен жесір тағдырын шымырлата жазу арқылы ұлттың да наласын, аласы мен құласын, бір-біріне жаны ашымайтын қатыгездігін көрсетеді. Роза апайымыздың өзінің: «Көргенімді айтып, бетіңе таңба қылсам, Уақыт – сенің азғаның. Нақақ айтып күнәға батсам – менің азғаным», - дейтіні бар. Ол осы бағытта алып дала төсіндегі үлкен қайғы – қасірет понарамасын жасай бастаған. Оның «Өзің», «Мұқағали», «Дүние кезек», «Үркеккерім» атты әңгімелерінде психологиялық талдаулар дарынды тұлғалардың төңірегінде туындаған аңыздарды шындықпен беттестіреді. «Мәңгілік бала бейне» атты әңгімесі оқырмандардың жүрегінен ойып тұрып орын алды. Жазушыны жаңа қырынан танытты. «Сарықаншық», «Күнә», «Сормаңдай», «Монастырь» атты әңгімелерінде баяндау, суреттеуге қарағанда сана ағымына құратын қаламгер кейіпкерлерін іштей қатты пікірталасқа түсіреді. Роза Мұқанова шығармаларында ұлттық болмыс ерекшеліктерімен астасқанда, әлеуметтік сипаты тіптен күшейе түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 225б.
2. Мұқанова Р. «Көркем сөз – көнерген сөзге айналмасын десек» // Әдебиет айдыны №47. 2006. – 7б.
3. Мұқанова Р. Муза. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: Жазушы, 2004. – 185б.
4. Пірәлиева Г. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2007. – 207б.

ӘОЖ 81'1:81'32

АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КАЙКЕНОВА А.А., БАЙСЕРКЕЕВА Ж.Т.

Талапкер ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы

Резюме. В статье подробно проанализированы художественные особенности произведений А. Кемелбаевой. В его произведениях рассматривается мастерство описания недостатков в современном обществе через героев.

Summary. The article analyzes in detail the artistic features of the works of A. Kemelbaeva. His works consider the skill of describing shortcomings in modern society through heroes.

Қазақ әдебиеттануында соңғы жылдары арнайы тақырыпқа айналып, жиі-жиі әдеби пікірталас тудырып жүрген қазіргі прозадағы қаламгер қыздар қолтаңбасы қайта құру кезеңімен бірге келген жаңа көркемдік кеңістік пен уақыттың лебін танытады. Бұрындағы да өмірдің құндылықтарына қатты көңіл бөлетін қыздар прозасы бүгінде махаббат, отбасы, ұлт пен ұрпақ қамы, әке мен бала, ер мен әйел, ана мен бала, қыз бен жігіт, т.б сынды дәстүрлі тақырыптардан биіктеп, олардың мәнін психологиялық тұрғыдан тереңдетіп, философиялық мазмұнын арттырып, кейіпкерлерінің ішкі жан әлеміне, санадағы сапалық өзгерістерге өзгеше өң беруге әуес. Қазіргі әдеби кеңістікте көрініп жүрген сан алуан бағыт пен тақырып төңірегінде талпыныс жасап жүрген жас прозашылар кәдімгі дәстүрлі көркем прозадан гөрі мистикалық сарындағы туындыларымен оқырмандарын баурауға бейімделіпті. Айталық, Роза Мұқанова, Айгүл Кемелбаева, Мәдина Омарова, Лира Қоныс, Діләр Мамырбаева, Гүлзат Шойбекова, Әсем Қозыбағарова, т.б сынды жастардың осы жанрға жандары

жақын. Оқушысының санасын сескендіріп, үнемі үрейде ұстап отыруды саналы түрде таңдаған туындыгерлердің табысы мен тосын ерекшелігінің өзі де осы тұста жатқандай.

А.Кемелбаеваның «Мұнара» романының «Бала бағушы» деген бөліміндегі бас кейіпкердің: «Асылы, мистикаға сенбейтін адамдар дүниеде ештеңеге де иланбас меңіреу, надан жандар. Өмір расында адамзатқа жұмбақ жасыра беруден жалықпайды, оның шешуі жарықтың арғы бетіндегі жарықта ғана» деген сөзіне кейде дау да айта алмасын анық [1, 18-б.]. Шынында да табиғаттың тылсым сырлары, жаратылыстың жұмбақ қырлары көп-ақ. Бала кезде ертегілер арқылы естіп, санаға сіңген үрейлі оқиғалар, мистикалық кейіпкерлер, жаратылыстың сенбесіне қоймас құпия жұмбақтары заманның осындай бір өтпелі, ауыспалы шақтарында өріс алуы да әдебиет тарихынан таныс жәйттер. Белгілі кезең аралығындағы бос рухани кеңістікті толтыруға, халықтың рухани жүдеуіне жол бермеуге талпынған, мифологиялық логикаға негізделген мистикалық сарынды кие тұтқан көркем шығармалар да осы тәуелсіздік жылдары көптен көріне бастады. Бұған, бәлкім батыс әдебиетінің де әсері мол болар.

Дәл қазіргі рухани құндылықтар қадірі құлдыраған заман бейнесін берерлік қатігездікті осындай эфсаналық сипаттағы мораль кодекстері, ойлы дүниеге опасыздық танытқандарға ой саларлық оқшау оқиғалы, оғаштау ойлау жүйелері, жаңаша жазу стилдері бүгінгі көркемдік танымдағы өзгеше өрнекті, тың талпыныстарды танытады. Қазіргі прозадан біз көбіне өзіне де өміріне де, қоғамға да көңілі толмайтын өздерін әлеуметтік ортадан шеттетілген, керексіз дүниедей сезінетін кейіпкерлерге кез боламыз. Олардың сорақы сандыраққа толы, қауіп-қатерге толы тағдырлары авторларының бүгінгі өмірге деген көзқарастарын танытады. Таптық идеологияға тән, не жақсы не жаман болып бір жақты бейнеленетін кешегі прозадағыдай қахармандық қасиет жоқ десек те болады. Идеал деген жоқ. Қаһармансыз кейіпкерлердің романдағы көрінісі жалпы қазіргі қоғамға тән кемшіліктерді өрнектейді. Осы ретте ұлы жазушы Л.Н.Толстойдың: «Көркем өнер дегеніміз суреткердің өз жанына терең үңілу арқылы көпке ортақ құпия сырларды ашып, көрсетіп беретін микроскоп сияқты»,- деген сөзін еске алсақ, қазіргі қазақ прозасының көркемдік міндеті де бүгінгі болмысты, өмір құбылыстарын зерделеп, соны халыққа таныту болып табылса керек [2, 310-стр].

Аталған қаламгер өз заманының рухани қажетіне сай ықшам жазылған, тез қабылданып, жедел оқылатын аз көлемді шағын жанрдағы психологиялық мәтіндерді жазуға мәжбүр. Көркем өнердің мәңгілік құндылығынан гөрі бүгінгі өмір ырғағына көшкен, көңіл көтеруге бейімделген, барлық жастағы оқырманға бағышталған көпшілік әдебиеттің – детектив, триллер, мелодрама, фантастика, бестселлер, т.б сынды жанрлық түрлерінің дәурені де бүгінгі дәуір. Жазылу мәнері жағынан түрлік ізденістерге толы көркемдік танымдағы тәмсіл-толғаныстар, эссе-суреттер бүгінгінің болмыс бейнесін бедерлейді.

Айгүл Кемелбай прозасындағы исламдық мотив Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамында болып жатқан түбегейлі өзгерістер әлеуметтік рухани өмірімізді жаңа белеске шығарды. Кеңес кезіндегі саяси шектеуден, сотсиалистік реализм құрсауынан босаған қазақ көркем сөзі алғашында абдырап қалғаны рас. Мұның өзі қоғамды «қазақ әдебиеті тоқырауға ұшырады, бүгінгі заманның жедел даму қарқынына ілесе алмай қалды» деген пікірлер тудырды. Алайда көркем өнер тез күш жинап, уақыт көшінен қалмай, жемісті ізденістерге батыр кіріскенін зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. Ұшқыр да оңтайлы жанр – поэзияны былай қойғанда, шығармашылық толғанысты ұзаққа кететін проза жанры ширақ қимылдап, жаңа заман биігінен қарап жазылған бірқатар үлкенді-кішілі шығармалар жаңа тақырып, тың сюжеттерді алып келді.

Қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңістік жүйе кезіндегі жазылмақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Алдымен, халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салған тарихи романдармен қоса қазақты ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме повестер пайда болды. Қаншама жылдар бойына қазақы болмысымызды кеңес адамының көлеңкесі көлегейлеп келген әдебиетте енді қазағым, елім, жерім деп еңіреген ерлердің бейнесі келді. Сонымен қатар еліміздің әлеуметтік өмірінде қоғамдық-саяси шешуші рөл атқарған қазақ тарихының ақтандық беттері – 1986 жылғы «Желтоқсан», «Семей-полигон», «Ауған» тақырыптарына қазақ жазушыларының еркін шабыттана жазуының арқасында біраз сүбелі еңбектер дүниеге келді. «Дін-апиын» деген желеумен кеңес үкіметі жылдарындағы атейстік идеологияның кесірінен мүлде тиым салынған дін мәселесінде прозамызға исламдық сарынмен жазылған алғашқы прозалық шығармалар легі келді. Қазақ әдебиетінде Алла-тағаланы дәріптеп, салауат айтқан, пайғамбарлар мен сахабаларды құрметтеген, періштелер өмірінің үзік сыр шерткен, адамзат үшін әлі күнге дейін жұмбақ, тылсым дүние саналып келген жұмақ пен тозақ әлемі турасында бірқатар көркем дүниелер жазылды. Күрделі ХХІ ғасырда өмір сүріп, мүсылмандық сенімге, Аллаға бет бұрып, шарифат жолымен жүруге ниеттенгендік көбейгенмен, бұл тақырыпта

жазылған шығармалар саны саусақпен санарлықтай ғана. Сонымен, қазіргі қазақ прозасындағы көңіл аударар келісті мәселенің бірі тұмшаланып келген дін тақырыптарының көрініс табуы. Мәселен, Алла тағалаға бас ию мен Мұхамед пайғамбардың (с.а.с), сахабаларының өмірі мен ізгілікті істерін арқау еткен көркем шығармалар бір шоғыр. Ұзақ жылдар үстемдік еткен кеңестік жүйенің тұсында мұсылманшылдықты дәріптеу, пайғамбарлар өмірінен мөлтек сыр шерту екінің қолынан келе бермейтін дүние еді. Бұған, біріншіден социалистік қоғамда үстемдік құрған атеистік тәрбиенің ықпалы болса, екіншіден қалам тартып жазғысы келгенімен мұсылмандық сауаты, мағлұматы аз болғандықтан, ал үшіншіден бұл тақырыпқа бел шешіп кірісу үшін исламдық діні берік, мұсылмандық махаббатқа толы үлкен жүрек иесі болуы шарт еді. Бұл өзі көзге көрінбейтін, жүреппен ғана сезілетін жайт. Сондықтан да поэзиямен салыстырғанда прозада бұл тақырыпқа қалам сермеу анағұрлым күрделі болатын.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас!» деп ұлы Абай жырлап кеткендей мұсылмандық сауаты, даярлығы бар блғанымен Аллаға, Мұхамед пайғамбарымыздың атын дәріптеп, құрметтеп жазған шығармалар санаулы-ақ. Сонау алаш боздақтарының әдебиетінен М.Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңін алсақ, оның өзі аударма түрінде көз қылып жазылған өлең. Ал, бертінге қарай ойыссақ, алдымен кеңестік жүйе кезінде астармен жазылған Ғ.Мүсіреповтің «Ана жыры» мен «Әзірейілмен сұхбат» әңгімелеріне соқпай өту мүмкін емес. Тәуелсіздік кезінде қазақ прозасындағы А.Кемелбаеваның «Ғибадат» әңгімесі де Исламдық тақырыпқа өзіндік тұрғыдан келуімен ерекшеленеді. «Асылында пана Алланың нығменттері есепсіз болатын» - бұл әңгіменің лейтмотиві осы: Аллаға мадақ пен Жаратушы Иеге деген шексіз махаббат. «Ғибадат» - адам баласының құдайды қалай іздеп тапқаны туралы әңгіме, шынайы құлшылық, сүйіспеншілік [3, 104б.]. Мұнда ислам дінінің негізгі қағидалары сақталады. Адамзаттың жаратылысы туралы ойлар қасиетті Құранда бар шындыққа қиғаш келмейді. Мұсылман дінінде Алла тағаланың 99 көркем есімі бар. Автор Алланы «Асылпана» деп атаса, Құрандағы сүрелердің басталуында бар сөз: аса мейірімді, рақымды Алла. Аллашылдық идеясы қалай ашылады? Қазақтың өз аңыздарынан алынған идеяны автор шебер пайдаланады. Ол мұсылманға ортақ тажал туралы ой. Ақырзаман болғанда жер бетіне тажал шығып, тіршілік атаулыны жалмап қояды. Ақырзаман азан даусы естілгенде болады. Әңгімедегі жасөспірім қыз баланың ауылда намаз оқитын кемпір-шал азайған сайын шошынатыны туралы ой бұл гуманизм мұраттарын биік қоятын үлкен әдебиеттің өз еншісі. Егер осы бір көркем ойдың түбін қазса, мәңгірттікке қарама-қарсы ұлы идеяның тап өзі болып шығар еді. Бұл кейінгі көркем прозада сирек кездесетін құбылыс. Әдебиеттанушылар мен философтардың терең зерттеуін қажет ететін таңғажайып бір мезет осы. Әңгіме мәтіні тіпті діни трактатқа ұқсап тұратын тұстары мол. Автор ислам дінін шала білетіндерден емес. Себебі діннің ғылыми негізі көркем прозада сақталады, долбар мен жаңсақтық жоқ. Адам санасы мен психологиясы туралы терең иірімдер бар. Ал әңгіменің Құран сүрелерінің аяттарымен аяқталуы дүниежүзілік әдебиетке тән тәсіл. «Айгүлдің прозасын оқығанда, оны әдебиетші адамның жазғаны бірден білініп отырады. Айгүл Кемелбаева қазақша жазса да, топырағының иісін шығарып тұрып жазса да, шетелдік прозаны керемет меңгергендігі байқалады. Джойс, Кафка, Прусты былай қоғанда, қазіргі модернистік, постмодернистік ортада жүрген жазушылармен таныс екендігі білігнелі. Неліктен? Жаңағы Тұрсынжан сияқты Айгүл де әдеби тәсілдерді жетек меңгере отырып, бәрібір, жазушы ретінде жазады. Айгүл өз туындыларына саналы түрде еуропалық мифтік есімдерді кіргізіп, отырады. Оны әңгімесінің атына қояды, не әңгіменің ішінде жүреді. Бұл эксперимент болғанымен, өте сәтті пайдаланылған амал. Өйткені, дүниежүзілік әдебиетті біле отырып, сол деңгейде ойлана отырып, қазақша стильдік тәсілдерді дүниеге әкелуде». Исламдық сарын аталмыш автордың «Тобылғы сай» атты әңгімесіне де етене тән. Ұлы дене бәрін аңдауы құдайшылдық идеясы. Бұл әңгімедегі « әңгіме ішіндегі әңгіме» тәсілмен берілетін төрт әңгіменің түпкі ой, сарыны да осы құдайдың құдіретін ұлықтау болып табылады. Алмұрт ағашы өмір ағашы туралы аңыздың желісіне сәкес. Бұл фәниде киелі заттар болатын себебі, оны Алла жаратқаннан деп түйіндейді автор. Ал «Мұнара» атты романның тұтас сюжетін Аллаға деген сенімі мен көмкерген. А.Кемелбаеваның «Тобылғысай» әңгімесіндегі исламдық сарын мүлде бөлек [3, 87б.]. Бұл әңгіменің сипаттары: «Нәресте жер жүзін анасындай аймалап, жарылқап тастайды» - күнге теңестірілген. Әңгіме кейіпкері Бижан – ауыл жігіті. Ол терең сайлардан шөп шабады. Адам мен табиғат үндестігі тұнып тұр. Әңгіме идеясы туған жердің қасиет – киесі адамды жамандықтан қорғап қалуы, ұлы жаратушының пенде атаулының ғана емес, тіршілік атаулының қорғаны екендігін еске салуы. Ол қазақ халқының өзіне тән өмір философиясымен астасып жатыр. «Беймәлім ұлы дене адам ұланын күтіп жатқандай, көзінің астымен әр қимылын бағып, бұға қалғанға ұқсайды көзге мұқтаж емес, бірақ көреді, одан таса жер жоқ. Ауасы балдай даланың шегірткесі шырылдауық, құсы сайрауық болған соң, ұлы дене һәм сергек, қауіпшіл, һәм кінәшіл қарауыл екенін ұғыну қиын емес.

Табиғатты меңіреу деп қабылдау адасқанды жарға шығады» бұл Құран сүрелеріндегі аяттардан алшақ кетпейді. Исламда Алланың өзіне тән көру, есту қабілеттері бар, ол көрнеуді де, көмескіні де көреді делінген.

«Сондайда көкек шақырады сайдан. ... уызы кеппеген мынау момақан тыныштықтың астарында асқан мейірім құпия сырдай, тұңғыық судай тұнып тұрғаны» - аят басы «Аса мейірімді, рақымды Аллатағаланың атымен бастаймын» -деп басталады. Бижан шөп шапқан кез құдайдың мейірін жан – тәнімен сезінген кез. «Адам ұлы игілігін еңбектен табады сонда». «Айнала сүттей ұйып, арайлы дүние жарқырап жатады», «Үлкен әтеш ұшып жеткенде әлдебір ұлы сағынышқа елтіп, дарқан даланың қасиетті түгіне аунайды» - ұлы сағынышты жан-жануар тек Жаратушы Аллатағаласына сезінері сөзсіз. Әңгіме ішіндегі әңгіме «Тобылғысайдың» жанрлық ерекшелігі. «Жезтырнақ» - қазақтың өз мифологиясынан алынған. Идеясы: құдайдан таса жер жоқ бұл жалғанда. «Қақпаншы» - бұл да қазақтың ауыз әдебиеті. Идеясы: құдайсыз қурай да сынбайды. «Кірпі» - қазақтың ұлттық мінезі. Бижан кірпіні асықшы иіріп, ордан тасқа лақтырып, құтқарып жібереді. Қазақ баласының дүниетанымы «Алмұртта» бар: Бижан Алмұртты тауып алғанына сүйінші сурайды. Аллаға сыйыну, өмір сүйгіштік бұл әңгіменің күллі негізі, тіні, рухы. Аллаға құлшылық пен Алланы сүю негізгі пафосы. «Алмұрт» - расында астарлы түрде айтқанда «Древо жизни». Мифтік ағаш. Өмір мұраты қандай қиыншылықта болса да оның жемістерін теріп адал еңбекпен теріп жеу. Бижан образы сол асыл мұратты ұлықтайды. Қаламгер «Қияда» әңгімесінің кейіпкері қиялдан тумағанын, өмірде болған адам екенін анық көрсетеді. Деректі дүниені көркем прозаға айналдыру автордың басты міндеті болғанға ұқсайды. Әңгімедегі шежіре деректер де бұл ойдырастайды. Қазақтың этногенездік болмысы бұл прозада айқын. Ұлттық дүниетаным Сарыарқаның қырларында жөңкілген қалың жылқыдай жосылады. Бұл әңгіме несімен құнды? Мұнда нағыз қазақтың образы бар. Түсіпхан өлгенде ауылы 40 күн жоқтау айтуы салт-дәстүрді мықты сақтайтын елдің анық дерегі. Әңгімеде ажал тақырыбы құдайшылдық сеніммен берілген. Сырғауыл тиелген арбаның астында бір түн басылып жатқан жас жігіт Алласын қарғамайды, себебі жақсылық тек алладан, жамандық адамның өзінен деп дүние таниды. Ажал тақырыбы мұнда ерекше бір мистикалық қуатпен берілгені сонша, кезінде символизм рухымен Мағжан жырлаған «Мені де өлім, әлдиле» - идеясы 2005 жылдан бастап қазақ әдебиетінде кенет тың күшпен көбейтіп кеткені нақ осы әңгіменің әсерінен десек болар. Әсіресе, жас жазушылардың әңгімелерінде өлім тақырыбын күштарлана жазу белең алды. Асылында өлім әдебиеттің о бастан ең негізгі тақырыбы. «Қияда» - бұл әңгіменің жанрлық басты ерекшелігі жоқтаумен аяқталуында. Проза поэзиямен көмкеріледі. Үлкен әдебиетте мұндай көркемдік ерекшелік айрықша бағалы. Абай қазақтың ұлттық қасиетін айтқанда ең әуелі осы өлең, жырға тым бейімдігін айтады: «Өлеңменен жер қойнына кірер денен».

Түсіпхан бейнесі ұмытылмастай сомдалған, себебі ол шындықтан шыққан бейне. Жоқтау жырлары әңгімеде ұлттың өзінің импровизациялық қасиетін мол ашады. Ахмет Байтұрсынов бастырған қазақтың 33(33 шамасы) жоқтау жырларындағы үлгіден бөлек. Суырып салып, қайғы қысқан ет жақын туыстардың құсалы жүрегінен, бауырды зарлап жоқтаған жылау арқылы төгіледі. Бұл әңгіменің эмоциональды табиғатын күшейтіп жібереді. Бұл әңгімені басқа прозаға ұқсатпай, оқшаулап тұрған да осы бір жоқтау жырлары, автор көне мәдениеттен бар тылсым жанрды жаңғырта білген. Әңгімеде романтикалық прозаға тән теңеулер айшықты. Ал исламдық мотивтерден құрылған туындылар басынан бастап интермәтінді болып келеді, алайда, бұл жерде исламдық мәтінге сюжеттік мотивтермен леймотивтерді қалыптастыратын әдеби реминисценциялар, аллюзиялар қабаттастырылатыны мәлім болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кемелбаева А.«Мұнара»романы. – Алматы. -2003.-149б.
- 2.О литературе. М.,1955, стр. 310
- 3.Кемелбаева А. Тобылғы сай. – Астана, 2001. – 120 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – АҒАРТУШЫ ҒАЛЫМ

КАРИБАЕВА А.Ө.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается признание образовательной деятельности Ибрая Алтынсарина и основоположника казахского литературного языка, ученого развивающего основы терминологии казахского языка.

Summary. The article considers the recognition of Ibrai Altynsarin as an educator and the founder of the Kazakh literary language the scientist who formed the basis of the terms of the Kazakh language.

Қазақ халқының көрнекті демократ – ағартушы ғалымы, әрі жазушысы Ыбырай Алтынсарин өзінің 48 жыл ғұмырының ішінде халқына өшпестей із қалдырған. Ол қазақ халқының сауатын ашып, қалың бұқараны оқу-білімге насихаттаған алғашқы ағартушы ғалым. Оның азаматтық және қоғамдық борышы халыққа білімді ұлттық тілде беруді талап етеді. Сондықтан, оның қазақ тілін дамытудағы ролі мен ағартушылық қызметі бір-бірімен тікелей байланысты болды.

Ыбырай Алтынсариннің әдеби шығармалары, прозалық туындылары, оқу құралдары, хрестоматиялары т.б. еңбектері бар. Ол қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған шағын әңгімелері арқылы новеллалар стилін жасады. Сонымен бірге қазақ әдебиетінің тарихында, алғаш рет көркем проза стилін бастаушы және көркем прозаның негізін салушы болып танылды [1, 166.]. Ы. Алтынсарин ұсынған бұл стильде өз өлеңдері мен әдеби тілдің көркем үлгілерін оқушыларға тіл ұстарту үшін ұсынды.

Мектеп оқушыларына арналған әңгімелер жанры көлемі жағынан шағын, тілі түсінікті, сөйлемдері қысқа әрі нұсқа, ал фразалары өте аз қолданылған. Ал оның тіліндегі фразеологизмдердің баршасы халықтың сөйлеу тіліне тән болып келеді. Мәселен, *сөзге семірді, жаны көзіне көрінді, көңіліне жел кірді т.б.* Негізінен, көркем әдебиеттегі теңеулер, эпитет, метафоралардың өзі халықтың сөйлеу тілі мен ежелгі әдебиет үлгілерінен алынған. Мысалы, *адамды құстай ұшырды, қорғасынды оқтай балқытты*, - деген теңеулер мен жарқыраған алтын, жұмсақ шырай тәрізді эпитеттер оның әңгімелері мен өлеңдерінде кездеседі. Сондай-ақ, ол Абай, Шоқан сияқты қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің негізі етіп, жалпыхалықтық сөйлеу тілі мен байырғы әдеби тілін қалаған. Сондықтан оның шығармалары да осы негізде жазылған.

Ал өзінің әйгілі «Хрестоматиясының» алғы сөзінде Ыбырай татардың кітаби тілін сынға алып, оның араб-парсы сөздеріне толы екендігін айтып, оның сауатсыз қазақтарға түсініксіз екендігін дәлелдеді. Татар тілінде басылып шыққан кітаптардың көпшілігі дін туралы жазылғандықтан, олар орыс-қазақ мектептерінде пайдалануға болмайтынын, әрі қолайсыздық тудыратынын айтты.

Қазақтың жазба әдеби тілінің даму бағытын белгілеудегі Ы. Алтынсариннің ролі мен орнын сөз еткенімізде, оның араб-парсы тілдері мен орыс тіліне қатысын айқындап алу қажет. Өйткені, Ыбырай қазақ әдеби тіліне араб-парсы элементтерін кітаби тілдегіше молынан және өнімді түрде енгізуді қаламады. Бірақ жалпы айтқанда, араб-парсы сөздерінен үзілді-кесілді бас тартқан жоқ. Себебі, қазақтың сөйлеу тілінде де, байырғы әдеби тілінде де араб-парсы сөздері мол қолданатынын және көпшілігі қазақ тіліне сіңісіп кеткендігін ол жақсы түсінді.

Оның Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында, осы ойын қайталап: «қазақ оқушыларының діни оқуға пайдаланатын құралдары, көбінесе татар кітаптары, бірақ бұл кітаптарда ешқандай жүйе де, тіпті мағына да жоқ» - деп өз ойын айқын білдіреді.

Ыбырай шығармалары тілі мен оның лексикалық құрамы жағынан қазақ әдеби тілінің мол байлығынан алынған. Ал грамматикалық құрылысында ол кітаби тілге тән тұлға тәсілдерді қолданбайды. Сондай-ақ ол сол кездегі қазақтың әдеби тілін пайдаланған. Орфографиялық дәстүрді де қабылдамай, қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарын ескере отырып, қазақша жазу принципін ұстанды. Бұған Ыбырайдың қазақ жазуы үшін, орыс графикасын пайдалануды ұсынуы себепкер болды. Сондықтан, Н.И. Ильминскийге жазған хатында: «меніңше қазақ жазбалары үшін осы тілдің өзінде жоқ сөздердің орнына парсы немесе араб сөздерін алуға болатын тәрізді» - деген өз ойын білдіреді [2, 2156.].

Ол оқу орнын – медресе, мұғалімді – молда, патшаны – патса, патсазада деп әлеуметтік топтардың атауын қолдануымен қатар, ораза, намаз, иман, жұмақ, тозақ т.б. сол сияқты діни сөздерді қолдануы арқылы дәлелдейді.

Өйткені, Ыбырай араб-парсы сөздерін екі жағдайда ғана актив қолдануды ұсынады: оның бірі ежелден тілімізге еніп, қазақ тіліне сіңісіп, ауызекі сөйлеу тілінде әбден қалыптасқан сөздер тобы болса, ал екіншісі қазақша баламасы жоқ ұғымдардың араб-парсыша атаулары болатын. Мәселен, соңғы топқа дінге, оқу – ағартуға, әлеуметтік қоғам өміріне қатысты сөздерді жатқызады. Ал жана сөз жасауда, дерексіз ұғым атауларын атауда ол араб-парсы сөздеріне жүгінбейді. Мысалы: *ұқыптылық, мейірімділік, салақ тылық, талаптылық* т.б. дерексіз ұғым атауларын қазақша ұсынады.

Ыбырай Алтынсариннің тіл білімі саласындағы істеген еңбегі – шағын сөздік құрастыруы және қазақ тілі грамматикасынан мәлімет беретін материалдарды жұртшылыққа ұсынуы. Ол сөздікті 1871 жылы жарық көрген еңбегінде тақырыптық топтарға бөлген және орыс тілінің грамматикасын қазақ тілімен салыстыра отырып зерттеген және таныстырған. Бұл негізінен оқу құралы емес, бірақ ол сөйлесуде, жазуда ғана тілдің негізгі заңдылықтарын дұрыс пайдалана білу үшін жол көрсететін алғашқы құрал болған [3, 26].

Ыбырайдың ойлаған мақсаты, қазақ балаларына орыс тілін ана тілі арқылы үйрету болса, ал бұл грамматика қазіргі қазақ тілі грамматикасындай нормалаушы роль атқармаса да, оның сол кезеңдегі кейбір категорияларды танып білуінде үлкен мәні болды, – дейді С.Хасанова [4, 206].

Қазақ тіліндегі тұңғыш лингвистикалық терминдер осы еңбекте жасала бастаған. Бірақ бұлар қазіргі терминдерге сәйкес келмейді. Өйткені, қазақ тіліндегі оқу-педагогикалық және ғылыми стильдер элементтерінің алғашқы нұсқалары пайда болып, одан әрі қарай олардың дамуындағы мәселелерді Ыбырай Алтынсариннің еңбектерінен көреміз, – дейді Р.Сыздық [5, 245б.].

Мәселен, теңеу, эпитет, метафора, көркем проза стилі, новелла стилі т.б. Солай етіп, Ы.Алтынсарин көркем проза стилінің негізін қалады, әдеби тілдің стильдік тарамдалуына жол салды. Ол өзінің жариялаған қазақ тілінің грамматикасы туралы шағын жұмысы мен этнография ғылымы саласынан жазған мақалалары арқылы ғылыми қызметін бастады.

XIX ғасырдың соңында, тіл білімі саясатында Ы.Алтынсариннің ұстанған принципін, прогрессивтік мәнде дұрыс бағалаған және баспасөз бетінде мақұлданды. Оның дәлелі ағартушылық еңбегінің жүйесі туралы жүргізілген пікірсайыста айқындалды. Сөйтіп, Ы.Алтынсарин еңбектерінің тілін зерттеген оның ізбасарлары: тілі -жалпыхалықтық, әрі айқын, әрі қазақ халқына түсінікті,- деп ой түйеді [6,15б.].

Ойымызды түйіндей келе, Ыбырай Алтынсариннің қазақ халқына жасаған қызметі мен ағартушылық еңбегін бағалай отырып, оның тіл біліміндегі және қазақ әдебиетіндегі ерекше орны, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы және тіл біліміндегі терминдердің негізін қалыптастырушы ғалым ретінде танимыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ана тілі. –160б.
2. Ильминский Н.И. Воспоминание об Ибрае Алтынсарине. – Казань. –1891. С.215.
3. Алтынсарин И. Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку. –Оренбург, – 1871, –С.2.
4. Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. – Алматы: Жазушы, –1972. – 20б.
5. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Арна. –2004. –283б.
6. Оренбургский листок. –1884, №15.

II СЕКЦИЯ

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОЖ 73. 154.880

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

НУРАХМЕТОВА А.Т., БАЙШОРАЕВА Г.Р.

№71 мектеп лицейі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме. В этой статье обсуждается как использовать интерактивные методы в процессе обучения.

Summary. This article discusses how to use interactive methods in the learning process.

Интерактивті әдістердің мәндік сипаттамасы – бұл субъектілер әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара эмоционалдық, рухани бірігуі.

Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде оқушылар түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, олардың тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ оқушыларды өз бетімен ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, интерактивті оқытуда оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі оқушының белсенділігіне орын береді, ал педагог тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады.

Интерактивті оқыту – таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Оның мақсаты – оқу процесінің өнімділігін арттыратын, оқушының ақыл-ой мүмкіндіктерін, өз жетістіктерін сезінетіндей жайлы жағдай тудыру. Оқытудың интерактивті моделін қолдану өмірлік жағдаяттарды модельдеуді, рөлдік ойындарды пайдалануды, мәселені бірлесіп шешуді көздейді. Мұнда оқу процесінде белгілі бір тұлғаның немесе идея иесінің үстем болуына жол берілмейді. Белсенді оқыту әдістері сыныпты танымдық әрекетке тұтас жұмылдыратын оқу үрдісін ұйымдастыруға жол ашады және бастауыш сыныптарда оқушыларды біліммен қаруландырып, дағдылар мен біліктерді қалыптастыруда тиімді әдіс. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, жансыз затпен) сұқбаттасу режимінде болады [1, 4б.].

Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұқбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады:

- білім субъектілерінің бір мағыналық кеңістікке келуі;
- күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу;
- тапсырмаларды шешуді жүзеге асыратын әдістер мен құралдарды таңдауда келісушілік;
- жақын эмоциялық жағдайларда онсол күйге бірге түсуі, тапсырмаларды қабылдау мен жүзеге асыруда бойда болатын үндес сезімдерді бастан кешуі.

Интерактивті әдістер пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады. Бұл әдіс әсіресе бастауыш мектеп оқушыларына мәтіндерді сөз тіркестеріне талдау жасауда сабақ үстінде еркіндік беруімен құнды. Сабақта оқушылар бір-бірімен тығыз танымдық, қатысымдық байланысқа түсіп, белсенді іс-әрекеттер жасап, өтілген материалдарды және алдарында тұрған тапсырмаларды ұжым болып шешеді, бірін-бірі оқытады, үйретеді. Интерактивті әдістердің ішінен «Синектика» және «Ойғашабуыл» әдістерінің тиімді екені тәжірибеде байқалды.

Синектика әдісі бойынша, оқушылар белгілі бір кейіпкер немесе зат орнына өзін қойып әңгімелейді. Оқушылар өздерін сол кейіпкерге сұрақтар қойып немесе кейіпкер атынан сөйлей алады. Сонымен қатар бұл әдіс арқылы балалардың тілі дамып, метафориялық, бейнелі сөйлеуі жетіліп, қиялы өркендейді. Жалпы синектика — Дж. Гордонның 1961 жылы ойлап тапқан психологиялық тұрғыдан шығармашылықты дамытатын әдіс. Қазақ тілі сабақтарында синектика әдісін тиімді

қолданып жүрген Ж.Дәулетбекова синектика әдісі туралы мынадай ой қорытындылайды: «Белсенді оқыту әдістері сыныпты танымдық әрекетке тұтас жұмылдыратын оқу үрдісін ұйымдастыруға жол ашады. Мысалы, оқушы белсенділігін арттыратын, олардың шығармашылық, талдау қабілеттерін жетілдіретін әдістердің ішінде синектиканың тиімділігі ерекше. Оның ерекшелігі оқушылардың ізденіс жұмыстарын жеке де, бірлесіп те жүргізуінен, эмоциялық-бейнелі, метафоралық ұқсастықтарды бірге талқылауынан көрінеді. Тікелей аналогиялар қолданылады, атап айтқанда: бір тектес тапсырмаларды шешудегі жеке және эмпатикалық ұқсастықтар, символикалық ұқсастықтар, фантастикалық ұқсастықтар ұсынылады»[2, 32б.]. Р.А.Пономарева: «Синектика—оқушылардың интуитивтік-бейнелі, метафоралық ойлау қабілетіне сүйене отырып жүргізілетін оқу-ізденімдік және ұжымдық-шығармашылық тұрғыда әрекет ету және ұқсас жағдайларда әр қилы элементтерді біріктіру әдісі»,— деп, синектика әдісінің тиімділігіне баса назар аударады [3,43 б.].

Синектика әдісі арқылы оқушылар жансызды жаны барға айналдыруы, жаны барды жансызға айналдырады. Бұл тікелей аналогия болып есептеледі. Сонымен қатар Д.Цезеранидің көрсетуі бойынша синектиканың өзіндік мынадай тәсілдері бар:

- «При **прямой аналогии** рассматриваемый объект сравнивается с более или менее похожим аналогичным объектом в природе или технике. Например, для усовершенствования процесса окраски мебели применение прямой аналогии состоит в том, чтобы рассмотреть, как окрашены минералы, цветы, птицы и т. п. или как окрашивают бумагу, киноплёнки и т. п.

- **Символическая аналогия** требует в парадоксальной форме сформулировать фразу, буквально в двух словах отражающую суть явления. Например, при решении задачи, связанной с мрамором, найдено словосочетание «радужное постоянство», так как отшлифованный мрамор (кроме белого) — весь в ярких узорах, напоминающих радугу, но все эти узоры постоянны.

- При **фантастической аналогии** необходимо представить фантастические средства или персонажи, выполняющие то, что требуется по условиям задачи. Например, хотелось бы, чтобы дорога существовала там, где её касаются колёса автомобиля.

- **Личная аналогия (эмпатия)** позволяет представить себя тем предметом или частью предмета, о котором идёт речь в задаче. В примере с окраской мебели можно вообразить себя белой вороной, которая хочет окраситься. Или, если совершенствуется зубчатая передача, то представить себя шестерней, которая крутится вокруг своей оси, подставляя бока соседней шестерне» [4].

Қорыта айтқанда, белсенді оқыту әдістерінің өзіндік артықшылықтары: оларды дұрыс әрі мақсатты түрде қолдану оқытудың дамытушылық сипатын арттырады, оқушыларды іздендіруге мол мүмкіндік береді, оқушы мен мұғалімді жағымды эмоциялық күйге бөлейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лошкарева Н.А. Формирование системы общих учебных умений и навыков школьников. –М., 1982.
2. Дәулетбекова Ж. К проблеме переноса умений и навыков в трудовом обучении младших школьников.– Ярославль, 125-131 стр.
3. Пономарева Р.А. Формирование у младших школьников обобщенных трудовых умений и навыков. – Эл., 1967.
4. Селевко Г.К. Технология развивающего образования.-М.:НИИ школьных технологий.– 2005.

ӘОЖ 373.1.014

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

ТУМАТОВА Л.Т., САПАРОВА Д.С.

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме. В данной статье рассматриваются эффективные способы использования самостоятельной работы в процессе обучения.

Summary. This article discusses effective ways to use independent work in the learning process.

Бүгінгі күні бастауыш сынып оқушыларының жеке қабілеттерін жетілдіруге арналған түрлі оқытудың белсенді амал-тәсілдері мен әдістері қолданылуда. Бұл - кейінгі кезде белең алып келе жатқан белсенді педагогиканың жемісі. Сондықтан оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушылардың білімдерін жетілдіріп, олардың оқуға деген түрткілерін нығайтатынын ескере отырып оқыту үдерісінде өзіндік жұмыстарды үнемі пайдалануға тырыстық. Өзіндік оқу іс-әрекеті психологиялық тұрғыдан алғанда оқушының өзі үшін саналы түрде еркін таңдалған, іс-әрекетіне іштей түрткі туғызатын деңгейде болуы қажет. Ол оқушыдан құрамына енетін мынадай біртұтас іс-әрекеттерді орындауды талап етеді: мақсатты саналы ұғу, оқу міндеттерін белгілеу, оған жеке тұлғалық мән беру, басқа қызығушылықтарының осы міндетті орындауға жұмылдырылуы, өз іс-әрекетінің формасын анықтау, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда уақытын бөле білу, тапсырманы орындауда өзіне-өзі бақылау жасау. Ғалымдардың пайымдауларында өздік жұмыстар: "... олардың сыныпта не сыныптан тыс, мұғалімнің тікелей көмегінсіз орындалатын жеке және коллективтік оқу әрекетінің жиынтық түрлері. Бұл тапсырмаларды орындау оқушылардан белсенді ой қызметін, әртүрлі танымдық мәселелерді өздігінен шешуді, бұрынғы меңгерілген білімді қолдануды талап етеді. Өздік жұмыстардың әр түрін орындау нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділігі және ізденімпаздығы арта түседі" [1, 783б.].

Педагогикалық сөздікте берілген өздік жұмыстың сипаттамасы жоғарыда келтірілген пікірмен мағыналас: "Оқушылардың өздік оқу жұмысы олардың оқу үдерісіндегі мұғалімнің тапсырмасы, басшылығы бойынша, бірақ оның тікелей көмегінсіз орындалатын іс-әрекеті. Оқушылардың өздік жұмысын талап ететін тапсырмалар олардың ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып, беріледі. Мұндай жұмыстар жүйесі негізделген сатылыққа, ізденімпаздық деңгейінің және мазмұнының күрделене түсуіне сүйенеді" [2, 321]. Осы тектес пікірлер Г.П.Семенов, П.И.Пидкасистый, В.Б.Бондаревский, Н.Д.Никандров, М.К.Гарунов, Р.М.Микельсон және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты көрсетілген. Біз қазақ тілі сабақтарында қолданылған өздік жұмыстардың міндеттерін анықтауда профессор Т.Сабиrowтың төмендегі пікірімен келісеміз. Себебі, оқыту үдерісінде қолданылған әрбір өзіндік жұмысқа белгілі бір міндет жүктеледі. Бұл міндет оқыту мақсатына сай анықталады. Т.Сабиrow оқушылардың өзіндік жұмыстарының мынадай басты міндеттерін көрсетеді:

" 1) Оқушылардың дербестік қасиетін мейлінше арттыру.

2) Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.

3) Оқушыларда оқуға қажет біліктер мен дағдыларды қалыптастыру.

4) Оқушылардың таным, ақыл-ой қабілеттерін дамыту.

5) Оқушыларды сыныптан және мектептен тыс дербес білім алуға әзірлеу.

6) Оқушылардың оқуға ынтыласын арттырып, үлгермеушілікті болдырмауға әсер ету" [9, 45б.].

Ғалымдардың өзіндік жұмыстардың бастауыш сынып оқушылардың танымдық дербестігін дамытушы құрал екені туралы пікірлерін қорытындылай келе, біз өзіндік жұмыстарды орындау барысында бастауыш сынып оқушыларының мынадай танымдық дербес әрекеттерін жасайтынын аңғардық:

1. Оқушылар тапсырмаларды өздігінен орындау барысында ақыл-ой, интеллектуалдық күш-жігерін жұмылдырады;

2. Өздігінен ізденімпаздық әдістерді қолданады;

3. Өздігінен тапсырманы дұрыс орындауға ұмтылады;

4. Өз білімін бағдарлау, өзін-өзі бағалау дағдылары жетіледі.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін, сөз мәдениетін табиғи жағдайлар тудыра отырып қалыптастырудың ең шешуші жолы ретінде ұжымдық, топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыруға ерекше мән бердік. Мұнда, ең алдымен, сабақ барысында оқушылардың өздігінен әрекет ету, бірлесіп шешім іздеу дағдыларын дамытуға жол ашылды. Сонымен қатар қазақ тілінің табиғатына сай бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын жетілдіруде де осы топтық жұмыстардың үлес салмағының зор екендігі айқындалды. Әсіресе, топтық жұмыстардың бастауыш сынып оқушыларының өмірлік дағдыларына іргетас қалайтын тілдік, танымдық, тәрбиелік тұрғыдағы мынадай іскерліктердің кешенді меңгерілуіне мүмкіндік беретіні анықталды:

1) Сабақта барлық оқушының белсенді қатысуына қол жеткізіледі;

2) Бастауыш сынып оқушыларының топта жұмыс істеу дағдылары дамиды;

3) Бірін-бірі тыңдау әдебіне үйренеді;

4) өз сөзіне жауапкершілікпен қарауға үйренеді;

5) табиғи жағдаяттарда сөз орамдарын қолдануға төселеді;

6) пікірталас мәдениеті талаптарына сай сөйлеу машықтарын меңгереді;

- 7) қарсы сұрақ қоюға, аяқ астынан қойылған сұраққа жедел жауап қайтаруға үйренеді;
- 8) бірігіп шешім жасауға дағдыланады;
- 9) әр оқушы топтағы атқаратын рөлін (топбасы, хатшы, таймкипер, үйлестіруші, спикер, т.б.) орындау арқылы топ намысы үшін әрекет етуге ұмтылады;
- 10) ортақ мүдде үшін атсалысуға жаттығады;
- 11) бірін-бірі тәрбиелейді;
- 12) білім үрдісіндегі демократиялықты сезінеді;
- 13) объективтік көзқарас білдіруге төселеді;
- 14) өзін де, өзгелерді де бағалауға үйренеді, т.б.

Топтық жұмыстарды орындатуда бірнеше педагогикалық талаптар ескерілді. Біріншіден, оқушыларды топқа бөлудің объективті болуына мән берілді. Топқа бөлуде мұғалім бейтарап қалдырылды. Оқушыларға түрлі сипаттағы жеребелер ұсынылды. Бірде олар өздері таңдаған мақал-мәтел немесе тілге, тәрбиеге қатысты нақыл сөздер құрамындағы сөздер бойынша біріксе, енді бірде сурет кесінділерін құрастыру арқылы, енді бірде әдебиет пәнінде оқыған (жаттаған өлең шумақтары бойынша қарай топтастырылды. Мұндай тәсіл, бір жағынан, оқушылардың қызығушылығын арттырса, екінші жағынан, тосын топтарға бірігу арқылы ешкімнің ренішсіз, объективті жағдай бойынша бөлінуіне ықпал етті.

Екіншіден, топтық жұмыстардың үнемі жарыс сипатында орындалуына көңіл аударылды. Өйткені жарыс, бәсекелестік оқушыларды қырағы, жылдам, ұтқыр болуға мәжбүрлейді.

Үшіншіден, топтарға бірдей тапсырмалар ұсынылды. Себебі тапсырмалардың әр түрлі деңгейде болуы оқушылар тарапынан дұрыс қабылданбайды. Оларға үнемі басқалардың тапсырмасы оңай секілді көрініп тұрады және жұмыстың объективтілігіне күмән тудырып, сабақтың нәтижелілігіне кедергі келтіреді.

Төртіншіден, топтық жұмыстарды бағалауға міндетті түрде екі-үш оқушыны бөлек алып тағайындау дәстүрі енгізілді. Бұл оқушылардың бір-біріне сенімділігін арттырып, объективті қазылық етуге мүдделілігін тудырды. Себебі әділ қазылыққа лайық оқушыларды сыныптың өздері таңдауын ұйымдастырып отырып, бұл міндеттің мәртебесі көтерілді. Бағалау объективті болу үшін топқа ұсынылатын әр жұмысты бағалау критерийлері алдын-ала даярланды. Бағалау әр жұмыстан соң жария етіліп қана қоймай, неге осындай балл қойылғаны әділ қазылар тарапынан дәйектеліп отырды. Бұл өз кезегінде қазылардың да тек сырттай бақылаушы болып қалмай, өздеріне артылған міндетке жауапкершілікпен қарауына және белсенділік танытуына жол ашты. Осы орайда, олар қазылық етуге қатысты сөз орамдарын қолдануға үйренді, сөйлеу мәдениеті дамыды.

Қазіргі педагогика ғылымында оқушы құзіреттілігінің негізінде алынуы тиіс қабілеттер кешені былай топтастырылған:

- “- білу: танылатын нысанды ақиқат деп санау;
- түсіну: өзін, басқаларды, қоршаған ортаны;
- бағалау: адамгершілік-эстетикалық критерийлер тұрғысынан өзін-өзі, өзара қатынастарды, басқа да құбылыстарды, оқиғаларды;
- қатынасын білдіру: аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау;
- қолдану: жаңа аспектіде, шығармашылықпен;
- шешу: тапсырмаларды, оқу жағдаяттарын, өмірлік мәселелерді;
- келісім және өзара әрекет ету: командада жұмыс істей алу [2,10б.]. Біз эксперимент арқылы дәйектеген топтық жұмыстар осы аталған қабілеттерді өз дәрежесінде қалыптастыруға мүмкіндік беруімен ерекшеленді. Біз төменде эксперимент барысында оқушыларға ұсынылған білім мазмұны мен жаттығу, тапсырмалардың үлгілер шоғырын беріп отырмыз.

Өздік жұмыстар қолданылған сабақтарда барлығына бірдей бір тапсырма не әр оқушыға бөлек-бөлек тапсырма берілуі мүмкін. Бұл оқу бағдарламасына қарай сабақ мақсатын таңдағанда анықталады.

Қорыта айтқанда, өздік жұмыстарды қолдану арқылы оқушылардың белсенді ой қызметін, әртүрлі танымдық мәселелерді өздігінен шешу, бұрынғы меңгерілген білімді қолдану дағдыларын дамытуға болады. Сондықтан өздік жұмыстар оқушылардың тапсырмаларды берілген мақсатты саналы ұғынуына, өздігінен оқу міндеттерін белгілеуіне, тапсырмаларды орындауға жеке тұлғалық мән беруіне, өз іс-әрекетінің формасын анықтауына, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда уақытын бөле білуіне, тапсырманы орындауда өзіне-өзі бақылау жасауына үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Педагогическая энциклопедия /Под ред. И.А.Каирова, Ф.Н.Петрова. – М., Советская

энциклопедия, 1966. – т. 3. – 880 с.

2. Педагогический энциклопедический словарь — М.: БРЭ, 2003. – 528 с.

ӘОЖ 373.012

САЛЫСТЫРМАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫМЕН ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

КӨШІМБЕТОВА С.А.

М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Педагогика» кафедрасының профессоры,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КУТУМБЕТОВА Б.А.

№3 орта мектебінің директоры, Қазақстан Республикасы,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

Резюме. В статье рассматриваются актуальные вопросы, вытекающие из важности сравнительного образования.

Summary. The article discusses topical issues arising from the importance of comparative education.

«Үздік халықаралық тәжірибе елдің бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейінің ең маңыздысы – білім беру және денсаулық сақтау саласының жоғары сапасы жататынын растайды», деп көрсетті Елбасы. «Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында: «Білім жүйесі тек білім ғана емес, сонымен қатар, оны әлеуметтік бейімделуде қолдану білігін беруі тиіс», деп атап көрсетілген. Осыған орай, Мемлекет басшысы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын одан ары дамыту қажеттілігін атап өткен болатын.

«XXI ғасыр идеялар мен инновациялық технологиялардың бәсекелестік ғасырына айналып барады. Жаңа идеялар тудыра білу қабілеті – міне, осы ғана қандайда бір елдің ғаламдану жағдайында алатын орнын анықтайтын болады. Сондықтан қазақстандық өскелең ұрпақ бәсекеге қабілетті білімге ие болуы керек»

Салыстырмалы білім беруді зерттеудің арттықшылықтарымен қатар, түрлі елдердің білім беру жүйесін салыстыру барысында зерттеушілердің ескеруі қажет, көзге анық түспейтін мәселелерде баршылық.

TIMSS халықаралық зерттеудің негізгі мақсаты – әр түрлі елдердегі білім жүйесі мен орта мектеп оқушыларының жаратылыстану- математикалық дайындық деңгейін салыстырмалы бағалау және осы дайындықтан кейін әсер ететін факторларды анықтау. TIMSS халықаралық зерттеуі 4 және 8 - сынып оқушыларын математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын 4 жылдық мерзіммен өткізілетін зерттеу. Зерттеуге бірнеше (63) елден аса әлем елдері қатысады.

PIRLS зерттеуі – бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған. Халықаралық жоба 5 жылдық мерзіммен өткізіледі.

Зерттеу кезінде білім алушылардың білім жетістігімен қатар, бағдарламаға қатысатын елдердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік беретін факторлар қарастырылады. Бұл жиынтық сұрақтар оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастырудан бастап, отбасында баланың дамуына қажетті жағдайлар жасауға кешенді баға беріледі.

Зерттеу нәтижелері отандық білім берудің негізгі мәселелер көрсетіп берген. Осының нәтижесінде салыстырмалы білім беру – бүтіндей білім беру жүйелері немесе олардың компоненттері жайлы түсінік беретін және оны зерттеуде салыстырмалы - салғастырмалы әдіснама қолданылатын ерекше зерттеу аймағы. Біз, осы тәсілдеме арқылы қол жеткізетін мәліметтерді қолданудың күшті және қауіпті жақтарын нұсқайтын боламыз.

Салыстырмалы білім беру дегеніміз, білім беру аспектілерін салыстыру, қандайда бір ұқсастық пен айырмашылықты түсіндіріп бере алатын себептерді іздестіру деген сөз. Оны негізінен бір елдің білім беру жүйесін (немесе аспектілерін) екінші елдікімен жан – жақты салыстыру үшін қолданамыз. Білім берудің үш бағытын қарастыратын болсақ:

1. Ғылыми бағыт білім беру жүйесінің қалай жұмыс жасайтыны мен олардың түрлі қоғамда қалай өзара әрекетке түсетінін түсініп, ол жайлы теория күрумен айналасады.

2. Прагматикалық бағыт отандық саясат пен тәжірибені жақсарту үшін неге арқа сүйеу керектігін анықтау мақсатында басқа жүйелерді зерттейді. Прагматикалық бағыт басқалардың жасағанын өздеріне бейімдеуден немесе сол қалпы көшіріп алудан тұрады.

3. Халықаралық білім беру – жаһандық бағыт. Бұл бағыт халықаралық түсінік пен бейбітшілікке бастайды деп есептейді. «Жаһандану үдерісі адамдардың әлемнің алыс аумақтарына қарасты деп есептелген күштердің күнделікті өмірге қалай әсер ететінін түсіну талап ететіндіктен», салыстырмалы білім берудің маңыздылығы да арта түседі. Арнов (2013: 9)

Ғалымдар халықаралық зерттеу нәтижелерін кейбірін ғана тандап түсіндіретін саяси бастамаларды сыңға алады. Негізінен салыстырмалы тәсілді қалай қолданатынына көңіл бөлу аса маңызды. Осы пікір аясында, экономикалық әлеуметтілікті арттыру үшін, білім саласына әсер ету керек, сонда экономика нәтижелілігімен бәсекелестік артады делінеді.

Жүргізілген зерттеулер анализ жасау үшін мол мәліметтер базасын ұсынады, оның ішінде контекстке байланысты мәліметтерде бар. Атап айтқанда, респонденттің білім деңгейі, карьерасы, тіл білу деңгейі туралы мәліметтер, тіпті бір қарағанда елеусіз көрінетін (бірақ іс жүзінде маңызы зор) баланың үйінде қанша кітап бар екеніне дейінгі деректер. Отандық білім беру саласындағы жалпы жағдайдың қандай екенін білу үшін қолда бар мәліметтерді басқа да деректермен байланыстыра отырып қарастыру керек, атап айтқанда, Білім беру жағдайы туралы ұлттық есеп немесе Дүниежүзілік банк пен Дүниежүзілік экономикалық форумның баяндамасын қоса қарау керек. Сонымен қатар, қолда бар деректерге сүйене отырып бірнеше негізгі трендті анықтауға болады.

Дегенмен, зерттеу қорытындысы жағдайды жеке – жеке талдап, дұрыс нәтиже шығаруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013 ж.
2. Ушинский К.Д. Шығармалар жинағы. 10 т. М., -Л., 1950 ж. 436-440 беттер.
3. Днепров Э.Д. Три источника и три составные части нынешнего школьного кризиса. – М., 1999 ж. 21 бет.
4. Днепров Э.Д. Общеобразовательный стандарт-инструмент обновления содержания общего образования. – М., 2004 ж. 9 бет.
5. Днепров Э.Д. Три источника и три составные части нынешнего школьного кризиса. М., 1999 ж. 39 бет.

УДК 371.3

ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННОГО УРОКА В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОЙ СИСТЕМЫ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

ЖОЛАНОВА Г.Е., АЛИМКУЛОВА А.М.

Средняя школа № 35 им. А. Гайдара, Республика Казахстан, г.Тараз,

Түйіндеме. Оқыту әдістері-бұл мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттесу тәсілі, нәтижесінде оқыту мазмұнында қарастырылған білім, білік және дағдыларды беру және игеру жүреді. Оқыту қабылдау (обучающий прием) - нақты білімді, іскерлікті, дағдыны беруге және меңгеруге бағытталған оқытушы мен оқушылар арасындағы қысқа мерзімді өзара іс-қимыл.

Summary. Teaching methods are a way of interaction between a teacher and students, as a result of which the transfer and assimilation of knowledge, skills and abilities provided for by the content of training takes place. Teaching reception (teaching reception) is a short-term interaction between a teacher and students aimed at transferring and mastering a specific knowledge, skill, skill.

Не секрет, что в последнее время происходит снижение интереса школьников к обучению. Мы должны не просто научить ребёнка, но и воспитать в нём такие качества, как нравственность, духовность, целеустремлённость, гармоничность, стремление к познанию окружающего мира. Мы должны научить ребенка творчески думать, мыслить, анализировать.

Сейчас наше общество находится в состоянии непрерывного развития и перемен. Система образования в таком обществе должна быть изменена и усовершенствована в соответствии с запросами общества и государства. Одним из таких подходов является внедрение инновационных технологий преподавания в систему образования, и соответствовать требованиям времени. Деятельность современного учителя невозможна без применения современных методов обучения, поэтому в моей педагогической деятельности особое место занимает изучение и внедрение современных технологий обучения в образовательный процесс.

Методы обучения это способ взаимодействия между учителем и учениками, в результате которого происходит передача и усвоение знаний, умений и навыков, предусмотренных содержанием обучения. Приём обучения (обучающий приём) - кратковременное взаимодействие между преподавателем и учениками, направленное на передачу и усвоение конкретного знания, умения, навыка.

Существенной составляющей педагогических технологий являются методы обучения. Методы обучения - это способы обучающей работы учителя и организации учебно-познавательной деятельности учащихся по решению различных дидактических задач, направленных на овладение изучаемым материалом.

Методы, используемые в учебной деятельности, должны вызывать интерес у ребенка к познанию окружающего мира, а учебное заведение стать школой радости.

Необходимость систематически изучать, использовать в своей работе инновационные методы.

Выбор методов обучения зависит: от общих и конкретных целей обучения; содержания материала конкретного урока; от времени, отведенного на изучение того или иного материала; от возрастных особенностей учащихся, уровня их познавательных возможностей; от уровня подготовленности учащихся; от материальной оснащённости учебного заведения, наличия оборудования, наглядных пособий, технических средств; от возможностей и особенности учителя, уровня теоретической и практической подготовленности, методического мастерства, его личных качеств.

Современный урок - свободный урок, урок, освобожденный от страха: никто никого не пугает и никто никого не боится.

Особенности современного урока:

- создаётся доброжелательная атмосфера;
- формируется высокий уровень мотивации;
- предаётся большое значение способам учебной работы;
- уделяется специальное внимание развитию у учащихся умений самостоятельной познавательной деятельности, творческого отношения к учебному процессу;
- работают все и работает каждый;
- интересно мнение каждого и радуют успехи каждого;
- все благодарны каждому за его участие, и каждый благодарен всем за свое продвижение к знаниям;

-доверие к учителю как к руководителю групповой работы, но каждый имеет право на инициативное предложение;

-все и каждый имеют право высказать мнение относительно проведенного занятия.

Наиболее продуктивными методами современного урока являются:

- игровые формы;
- организация групповой, парной и индивидуальной работы;
- постановка вопросов, активизирующих диалог;
- проблемные методы [1, стр 32].

Метод «Игровые формы». Дидактические игры - вызывают живой интерес к процессу познания, активизируют деятельность учащихся, помогают легче усвоить учебный материал. Ролевые игры - это маленькая сценка, разыгрываемая учениками, помогающая наглядно.

Метод «Пары и группы» даёт ученикам больше возможностей для участия и взаимодействия. Работа в парах и группах формирует у детей умения принимать общую цель, разделять обязанности, согласовывать способы достижения предложенной цели, соотносить свои действия с действиями партнеров, принимать участие в сравнении цели и работы.

«Проблемные методы» способствуют развитию интеллектуальной, предметно-практической мотивационной сфер личности.

Проблемный вопрос - вопрос, который требует интеллектуальных усилий, анализа связей с ранее изученным материалом, попытки сравнить, выделить наиболее важные положения.

Проблемная ситуация - сравнение двух или более взаимоисключающих друг друга точек зрения.

Проблемные задания - задания, которые ставят перед учащимися задачи и ориентируют их на самостоятельный поиск решений.

«Метод проектов» это метод, идущий от детских потребностей и интересов, стимулирующий детскую самостоятельность, с его помощью реализуется принцип сотрудничества ребенка и взрослого, позволяющий сочетать коллективное и индивидуальное в образовательном процессе. Этот метод нацелен на развитие исследовательской, творческой активности учащихся, на формирование универсальных учебных действий. Использую в основном на уроках окружающего мира. «В гости к зиме», «Мои домашние питомцы», «Тайна моей фамилии».

Самым быстрым и современным способом передачи любой информации является презентация. Использование информационных технологии на уроке позволит воздействовать на три канала восприятия человека: визуальный, аудиальный, кинестетический и, следовательно, способствует эффективному усвоению учебного материала. Использую для демонстрации мультимедийных презентаций и развлекательного материала (логические задания, ребусы, кроссворды); а также при организации словарной работы (объяснение, проверка орфографии) на контрольном этапе (тестовые задания). Поэтому на уроке нужно применять элементы игровой технологии в виде кроссвордов, загадок и т.д.

Предпочтительность же использования активных методов обучения в рамках технологии проблемного обучения и развития критического мышления, обоснована и подкреплена следующими данными, полученными педагогами и психологами в результате опыта педагогической деятельности и экспериментов, из которых следует, что человек запоминает:

-10% того, что читает;

-20% того, что слышит;

-30% того, что видит;

-50-70% запоминается при участии в групповых дискуссиях;

-80% когда обучающийся самостоятельно обнаруживает и формулирует проблему;

-90% когда обучающийся непосредственно участвует в реальной деятельности, в самостоятельной постановке проблем, в выработке и принятии решения, формулировке выводов и прогнозов.

В наш современный век по обновлённой программе приоритетной целью современной образовательной концепции стало развитие личности, готовой к самообразованию, самовоспитанию и саморазвитию.

В связи с этим одной из задач современного урока является формирование у учащегося способности к рефлексивному контролю своей деятельности как источника мотива и умения учиться, познавательных интересов и готовности к успешному обучению.

Ученик активен, если осознает цель учения, его необходимость, если каждое его действие является осознанным и понятным. Обязательным условием создания развивающей среды на уроке является этап рефлексии. В структуре урока, рефлексия является обязательным этапом урока. Особый упор делается на рефлексии деятельности учащегося, предлагается проводить этот этап в конце урока. При этом учитель играет роль организатора, а главными действующими лицами выступают ученики.

Рефлексия помогает учителю контролировать класс, уже в ходе урока видеть, что было понято, а что осталось на доработку. Не стоит забывать и о том, что рефлексия - это то новое, к чему стремится современная педагогика: учить не науке, а учить учиться.

Рефлексия помогает ребенку не только осознать пройденный путь, но и выстроить логическую цепочку, систематизировать полученный опыт, сравнить свои успехи с успехами других учеников.

Рефлексия учебной деятельности дает возможность осмысления способов и приемов работы с учебным материалом, поиска наиболее рациональных.

Этот вид рефлексивной деятельности приемлем на этапе проверки домашнего задания, защите проектных работ. Применение этого вида рефлексии в конце урока дает возможность оценить активность каждого на разных этапах урока, используя, например, прием «лестницы успеха». Эффективность решения поставленной учебной задачи (проблемной ситуации) можно оформить в виде графического организатора «рыбья кость» [1, стр 63].

Приемы рефлексии результатов учебной деятельности, или оценки личностных учебных достижений достаточно широко известны: «Оценочная лесенка», «Диаграмма успешности», «Эссе», различные виды Портфолио, «Письмо самому себе», «Лист достижений».

Обычно в конце урока подводятся его итоги, обсуждается то, что узнали, как работали на уроке. Каждый оценивает свой вклад в достижение выставленных в начале урока целей, свою активность, эффективность работы класса, увлечённость и полезность выбранных форм урока. Ученики по очереди высказываются одним предложением, выбирая начало фразы: было интересно, было сложно, я смог, меня удивило.

Для подведения итогов урока можно использовать упражнение «Плюс - минус - интересно». Ученикам предлагается таблица, в которой необходимо ответить на вопросы, используя «плюс-минус».

Так же можно использовать условные обозначения в виде геометрических фигур. Зачёркнутый крестиком квадрат - «отлично»; квадрат - «хорошо»; круг - «плохо»; треугольник - «совсем плохо».

Концепция обновлённой программы развивающего обучения предполагает научить учащегося работать в разных направлениях: индивидуально, в группах, коллективно. Чтобы показать ученикам, как они работали в группе, анализируется не только результат, но и процесс работы.

Таким образом, рефлексивно-оценочная деятельность на уроке позволит: зафиксировать новое содержание, изученное на уроке; оценить собственную деятельность на уроке; установить затруднения как направления будущей учебной деятельности. Позволит педагогу проводить анализ и оценку деятельности учащихся, своей деятельности, определять новые подходы в организации эффективного взаимодействия на учебных занятиях с целью включения самих учащихся в активную деятельность.

Список использованной литературы:

1. Программа повышения квалификации учителей. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2017 г.
2. Руководство для учителя. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2015 г.
3. Игибаева А. К. Формирование педагогической культуры как условие совершенствования профессионализма в педагогической деятельности / А. К. Игибаева, Б. Р. Айтмамбетова // Пробл. и повышение профессионализма и продуктивности пед. деятельности. - УстьКаменогорск ; Л., 1989. - С. 84-85.

ӘОЖ 373.5 (574)

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

БАЙСЕЙТОВА А.А.

С.Әлібекұлы атындағы № 19 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Меркі ауданы

ЖЕКСЕН А.А.

С.Әлібекұлы атындағы №19 ЖОББМ, 7 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматриваются вопросы воспитания и обучения творчеству Ибрая Алтынсарина.

Summary. The article discusses the issues of education and training in the creativity of Ibrai Altynsarin.

Еліміздің Тәуелсіздігіне 30 жыл толу қарсаңында азаттық үшін ағартушылық ісімен тәуелсіздікке үлес қосқан қайраткерлердің бірі Ыбырай Алтынсарин халықтың мұң-мұқтажы мен арман-тілегін орындау мақсатында көпшілік арасында қыруар жұмыстар атқарды.

Осыдан біржарым ғасыр бұрын қазақ сахарасында мәдениет пен оқу-ағартудың туын көтерген, халыққа қажетті бар байлық, бақыт та, жақсылық та біліммен келетінін насихаттаған, ғылыми еңбегімен де, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі-өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсаринның педагогикалық мұраларының маңызы ерекше. Ыбырай еңбектері өз алдына жеке жинақ болып он шақты рет басылды. Оның академиялық жинағы шықты. Дүниеге көзқарасы, педагогтық, қоғамдық қызметі өз алдына бөлек зерттелді. Оның педагогтық қызметі мен

ағартушылық идеялары туралы Қ.Бисембиев пен Б.Сүлейменов, М.Ақынжанов зерттеулер жүргізді. Бұларға қоса, орта мектепке арнап оқулық жазған авторлардың бәрі де Ыбырай творчествосына талдау жасап, оның еңбектеріне тиісті бағаларын беріп келеді.

Ә.Сыдықов «Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеялары және ағартушылық қызметі» атты еңбегінде Ыбырай ашқан мектептердің жүйесін, оқу-тәрбие ісінің мазмұнын саралай келе, оқытудың ағартушы ұстаз ұсынған дидактикалық принциптерін: «Алтынсариннің педагогикалық жүйесі халық ағарту саласында, пайдалы рөл атқарады, оның көптеген қағидалары осы күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Оның ілімі өз алдына дербес, тұтас бір педагогикалық жүйе болып табылады. Онда көңілден шыққан сын да, жаңашыл бастаманы қолдай да, өзіндік ой-пікірді де орынды айта білу де бар» деп түйіндейді. Сол заманның өзінде дәл бүгінгідей қазақ халқының келешегі тек өнер-білімде деп таныған Ыбырай өз ойын іске асыруда көптеген кедергілерге кездесе отырып, табандылықпен жеңе білген, өмірінің соңғы сәтіне дейін өз мақсатын берік ұстанған.

Ыбырай И.Ильминскийге жазған хатында: «Қазақ халқы деген – оқу-білімге сусап отырған халық, әттең бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде күйінесің. Бұл жағынан алып қарағанда, кейде жылы сөзге ынтызар жетім бала сияқтымыз. Қандай қиыншылықтарға кездесек те, біз әйтеуір өз ойымызды орындап келеміз», – деген еді. Оның халықтан қаражат жинап, мектеп ашуы, инспекторлық қызмет атқара жүріп, мектептер санын көбейтуді, оқулық, әдістемелер жазып таратуы – «Қазақтарға, осы дарынды ақылы мол халыққа қазір, кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру – қалай дегенмен аса қажет болып отыр» дегені пікірінің іс жүзіндегі көрінісі.

Өз іс-тәжірибесінде дүние жүзі педагогикасының классиктері Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский т.б. гуманистік идеяларын басшылыққа алып, өзінше қолданып байытып отырған. Сол кездегі мектептердің басты мақсаты етіп «Баланың жеке басының ақыл-ойын өсіру үшін, мінез-құлқын жетілдіру үшін нақтылы білім беру керек», – дегенді алға қояды. Бұл ойы қазіргі оқу мен тәрбиенің бірлігі, жан-жақты білім беру мәселесі жөнінде бүгінгі күнмен де сабақтасып жатқандай. Ол оқу процесін ұйымдастыруда:

1. Мұғалімнің рөлі

2. Оқу материалдық базаның шешуші маңызы

3. Оқулықтарды қазақ мектептеріне пайдалану үшін жарамдылығы жағынан ұқыпты тексеріп отырудың қажеттілігі мәселесіне ерекше ден қояды. Мұғалімдердің білім көтеруі үшін мектеп кітапханасына педагогикалық-әдістемелік кітаптарды алу үшін қаражат бөлген. «Жақсы білім беру керек, қалай болса солай оқытуға болмайды. Оқытатын кітаптар ғылымға негізделуі тиіс», – деп, қалай оқыту, не үшін оқыту керектігі жөнінде педагогикалық талдаулар жасаған.

1860 жылы облыстық басқарма Ыбырайға Орынбор бекінісінде, Торғай қаласында қазақ балаларын оқытатын бастауыш мектеп ашуды жүктейді, әрі өзі сол мектепте орыс тілі пәнінің мұғалімі болып тағайындалады. Ағарту ісіне жан – тәнімен құлшына кіріскен ол ауыл – ауылды аралап халыққа білім берудің маңызын түсіндіреді. Ондай мектептер ашу үшін қаржы – қаражат жинауды қолға алды. Осындай ақшаның алғашқы үлесін Ыбырайдың өзі қосты. Осыдан бастап оның ағартушылық және педагогикалық қызметі басталды. 1864 жылы 8 қаңтарда салтанатты түрде мектеп ашылып, алғашында оқуға үгіт жұмыстарының нәтижесінде 16 бала жазылады. Ыбырайдың жүргізген үгіт жұмыстарының нәтижесінде бұл мектепте оқушылардың саны арта бастайды [2, 345 б.].

Оқу мынадай бағытта жүргізілді:

-қазақ тілі: оқу және жазу;

-орыс тілі: оқу және жазу;

-татар тілі: оқу және жазу;

-көркем жазу;

-арифметика: қосу, алу, көбейту, бөлу;

-жер шары: Еуропа, Азияның басты-басты қалалары мен мемлекеттері оқытылды.

Жыл соңында арифметикадан емтихан, көркем жазу, қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға аудару емтихандарын тапсырды. Ыбырай балаларға сабақты өте қызықты түсінікті етіп беруге тырысты. Нәтижесінде молладан сабақ алған балалар бір жылда әзер хат таныса, Ыбырай оқытқан балалар небәрі үш айда оқи алатын, орысша, татарша жаза білетін болды. [4-138б.]

Ы.Алтынсариннің мектебінде оқушылар болашақта екіжүзді парақор болып шықпасын деп, адамгершілік тәрбиесіне баса көңіл бөлінді. Бұл мәселе бүгінгі күннің де мектептерінің алдында тұрған мақсат. “Мектеп - қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектепте ғана”, – деді Ы.Алтынсарин.

Ыбырай мектептегі оқытуды, негізінен, ана тілінде жүргізді. Сол кездегі белең алған жаттамалы оқуға қарсы шығып, олардың оқыту әдіс-тәсілдерін сынға алады. Зерттеу еңбектерінде, бірінші сатыда – тіл дамыту, екінші сатыда - әліппе бойынша оқыту, жазу, үшінші сатыда – оқу кітабы бойынша оқу, жазу, салыстыра оқыту, сыныптан тыс оқыту сияқты жүйе бойынша оқыған шәкірттері қысқа мерзімде сауаттанып, тез меңгергендігі айтылады. Орыс тілін меңгертуде аударма әдісін пайдаланып, екі тілде де еркін сөйлеу, ойлау, жазуын қалыптастырған. Оның негізгі себебі – тілді үйренуді ережеден емес, сөзді үйретуден бастауында екен. Қазіргі жаңа буын оқулығын өмірге енгізуде Қазақстан Республикасы Білім мазмұны тұжырымдамасы бойынша базалық оқу жоспарындағы пәндердің рөлі қандай болмақ дегенде, «Қазақ тілі бүкіл пәндерді игерудің негізі болуы керек, қазақ тілін оқытуда, ең алдымен тілді өзінің табиғатына қарай, қарым-қатынас құралы ретінде таныту керек» - деген тұжырымдар жоғарыдағы ой-пікірлермен үндеседі. Білім беру жүйесіндегі бүгінгі жаңаша бетбұрыс кезеңінде Алтынсаринның педагогикалық идеялары, әдістемесіндегі көтерілген мәселелер өзінің өміршендігін танытып отыр.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың білім беруді демократияландыру мен ізгілендіру, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білімнің дамытушылық сипаты, білімнің, ғылымның, өндірістің интеграциялануы, оқушыларды кәсіптік бағдарлау т.б. ұстанымдар осыдан біржарым ғасыр бұрын халыққа қызмет еткен Ыбырай шығармашылығында көрініс тапқан, педагогикалық көзқарасындағы ұсынған балаға еркіндік беру, жүрек жылуын беру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, оқушы бойынан жақсы қасиеттерді табу тәрізді ұстанымдар білім беруді дамытудың өзекті мәселесіне айналуда.

Бүгінгі күнгі жаңартылған білім берудің де алға қойған қағидасының бірі баланы мәжбүрлі емес, білім алуға қызықтыру арқылы білімге деген уәжін арттыру арқылы оқушыны құзыретті тұлғаға айналдыру. «Егер балалар бірденені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кіналауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кіналауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде, ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық көрсетуі керек» деген ой-пікір бүгінде ұстаздардың ең басты мәселесі. Ыбырай дәстүрі осылайша білім мазмұныны, оқыту әдістерін жетілдіруде кең қанат жайып, молыға түсуде. Асыл қазынаға айналған мұралары бүгінгі таңда оқу бағдарламалары мен оқулықтарға еніп, ана тілі, тарих, 1-сыныптан 10-сыныпқа дейінгі әдебиет сабақтарында, сыныптан тыс жұмыстарда таныстырылып келеді. Бүгінгі күні маңызды мәселеге айналып отырған отансүйгіштікке, халық дәстүрін қастерлеуге, еңбекке, адамгершілік пен салауатты өмір сүруге тәрбиелеуге қызмет етіп келеді.

Ыбырай Алтынсарин – «Қазақ хрестоматиясы» деп аталатын ана тіліміздегі тұңғыш оқулықтың авторы. Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» - «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлені. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай армандаған «өнер-білімі бар жұртқа» - терезесі тең, шаңырағы, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендемек емес.

Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғысөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім», - деп тұжырымдаған. Хрестоматия бұл екі міндетті де толығымен атқарды. Оқулықтың революцияға дейінгі мерзімде бірнеше мәрте қайталап жарық көруі, оның өз кезегінде ғана емес, одан кейінгі ұзақ жылдар бойында да, бүгінге дейін де талай жас ұрпақ үшін білім, өнеге көзі, рухани қазына бастауы болып келгендігін көрсетеді. Бұл «Қазақ хрестоматиясының» қазақ мәдениетінің тарихындағы өзіндік үлкен орны мен маңызын айқындайтын факт. Өйткені хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ орыс педагогтары мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық- идеялық мазмұнынан біз Ыбырайдың ұстаз – тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелерін көреміз. Олар: жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата-ананы сыйлау, қадірлеу, өнер-білімді байлық-дәулеттен жоғары қою, тағы басқалар.

Ыбырай ер балалармен қатар қазақ қыздарын да білімге тарту, оларға түрлі кәсіптік мамандық беру жөніндегі жұмыстарды алғаш ұйымдастырушы болғанын айта кету маңызды. Ер балалардың өзін оқытуға қырын қараған қытымыр заманда оның қыз балаларды оқыту, оларға арнап мектеп, интернаттар ашу қажеттігі туралы мәселе көтеріп, бұл ойын айтыса-тартыса жүріп дәлелдеуі біртіндеп іске асыруы шын мәніндегі азаматтық ерліктің, гуманизмінің үлгісі емес пе?

Ол төл туындыларын жазғанда да, орыс және Европа халықтары әдебиетінен аудармалар жасағанда да бір мақсатты қатты ұстанды, ең алдымен ол туындылардың балалар ұғымына сай, олардың қиял ойын шарықтататындай тағылымды да, қызықты болуына баса назар аударады. Сондықтан оның әңгімелерінен балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың барлығы да, атап айтқанда, туындының көлемінің шағындығы мен құрылымының қарапайымдылығы, тілінің таза, түсінікті әрі шырайлылығы, тәрбиелік-танымдық мәннің жоғарылығы, оқиғалардың балалар ұғымы мен жасына сай, көркем әрі қызықты баяндалуы, балаларға тән мінез, әрекет, ой-қиялдың табиғи, шынайы ашылуы толық көрінеді.

«Қазақ хрестоматиясы» төмендегідей алты бөлімнен тұрады:

1.«Өлеңдері». Бұған Ыбрай Алтынсариннің көпшілікке танымал өлеңдері мен орыс ақыны И.А.Крыловтың аударған үш мысалы енді.

2.«Төл әңгімелері» деп аталады да, бұған жазушының хрестоматия оқулыққа жазған төлтұындылары жинақталады.

3.«Аударма сипатты әңгімелері» бұл бөлімде ағартушының орыс педагогтарының оқулықтарынан, орыс жазушыларының балаларға арналған туындыларынан, сондай-ақ орыс және Европа халықтары әдебиеті мен фольклорынан өзінше әңгімелеген шағын әңгіме мысалдары жинақталып берілді.

4.«Ауыз әдебиеті үлгілерінен жинағандары» Оның ел аузынан жинап, сұрыптап, алғаш рет «Қазақ хрестоматиясында» жарияланған мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, аңыз-әңгімелер орын алды.

5.«Оқу-ағарту мәселелері жайында жазбалар» деп аталынып, бұған Ыбырайдың қазақ даласындағы оқу-ағарту жайы мен оны өркендетуге қатысты жазбалары жаңа материалдармен толықтырылып, енгізіліп отыр.

6.«Хаттар». Мұнда Ыбырайдың қызмет бабына және тағы басқа жағдайларға байланысты жазған хаттары іріктеліп, берілді.

7.Ыбырай Алтынсарин шығармалары жас буынға эстетикалық тәрбие ғана емес, үлкен жүйелі білім, және қоғамдық ұғым береді.Жастарды адамгершілікке, ағартушылық идеясына, қоғамдық міндетке баулиды.

8.Ыбырай халықтық педагогиканы да ең басты орынға қояды. Оқу-ағарту саласындағы еңбектерінде, өзінің төл шығармаларында да халықтық негізді, дүниетанымды, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты, ізгілік қасиеттерді арқау етеді.

Халық ауыз әдебиетін жоғары бағалаған И.Алтынсарин жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақтың позитивті әдет-ғұрыптарын, сан ғасырлық даналықты қамтитын мақал-мәтелдерді қолданды. Ал И.Алтынсариннің әңгімелері – негізінен, дидактикалық прозаның жақсы үлгілері.Балаларға ақыл айтып, ой салмайтын оның бірде-бір әңгімесі жоқ. Әр адам өз еңбегімен күн көріп, кәсібін, өнерін жетілдіруі тиіс дейді.Малын бағып, жерін өндеп, саудасын жасап, бейбіт еңбек етсе ғана адам мұратына жетеді.Борыш та, зорлық, ұрлық адал адам түсер жол емес.Ондайдан аулақ болу керек. Жазушы өзінің өлеңдеріндегі сияқты, әңгімелерінде де, еңбекті негізгі мәселе деп көтереді.Адамды мұратқа жеткізетін ең бір күдіретті күш еңбек деп біледі. Еңбек тақырыбындағы «Өрмекші, құмырсқа ,қарлығаш», «Бай мен жарлы баласы», «Байлық», «Асыл шөп», «Қыпшақ Сейткүл» т.б. әңгімелері - өзінің өнегелілігімен, образдылығымен ерекше мәнді тәлім берер күші мол көркем шығармалар. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде баланы үшқан күс, түрлі жәндіктердің тіршіліктерімен таныстырады, олардың әрекеттерін мысал етіп, баланы еңбекті сүйуге тәрбиелейді. Ыбырай творчествосында еңбекке тәрбиелейтін әңгімелерінің ішіндегі ең биік шыңы – «Бай мен жарлы баласы».

Халық педагогикасы саласындағы оның тәлімгерлік ой-маржандарын оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда, үлгі-өнеге ретінде пайдалануда берері көп.

Заман ауысып, жаңарып, қилы тарихы қайта түлеп, іргелі, өркениетті ел болу сапарына аттанып отырған қазақ елінің зерделі қауымын әлемге таныстырған Ыбырай Алтынсариннің есімі мәңгілік. Ыбырай қалдырған асыл мұра ешқашан ұмытылмақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ хрестоматиясы. –Алматы: Білім, 2007. – 248б.
2. Әлемдік педагогикалық ой-сана, 10 том. –Алматы: Таймас, 2010. –256б.
3. Қазақ әдебиеті 9-сынып. –Алматы: Мектеп, 2013. –189б.

4.Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин және оның орыс достары мен ізбасарлары –Алматы, Қазақстан, 1988. –162б.

ӘОЖ: 37.018

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ИБРАЕВА Г.Б., КАРПАЕВА Н.К.

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме. В этой статье рассматривается методики преподавания казахского народного фольклора для учащихся начальных классов.

Summary. In this article teaching methods about national Kazakh folclor for pupils in pre-intermediate classes are analyzed.

Бастауыш сынып оқушыларының бойында рухани-ұлттық дүниетанымын қалыптастыру және қазақ фольклоры туралы білім беру, олардың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктеріне, әртүрлі іс-әрекеттегі көрсеткен білім сапасына сай жүргізілуі тиіс. Бастауыш сынып оқушылары балалар фольклорын орынды қолдану арқылы тереңірек қабылдауға бағыт алады, мазмұнын түсініп қана қоймай, ертегілер мен әңгімелердегі жарқын, бейнелі сөздерді естеріне сақтап, кейіпкерлерге деген өзінің пікірі мен көзқарастарын білдіруге тырысады [1, 19б.].

Бастауыш сынып оқушыларының еліне, туған жеріне, табиғатына сүйіспеншілік сезімі мен талғамын, ата-бабаларымыздың сан ғасырлық қазынасы – қазақ балалар фольклорына қызығушылығын арттыра отырып, олардың бойында рухани мәдениеті жоғары адам тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі болып отыр.

Балалар фольклоры деген ұғымның ауқымы кең. Бұған ауыз әдебиетінің көптеген жанрлары мен жанрлық түрлері жатады. Балалар фольклорының арнайы сала болып бөліну себебі, оның өзіне тән көптеген ерекшеліктерінің болуында. Халқымыздың балалар фольклоры жанрлық құрамы жағынан сан салалы, олардың атқаратын қызметі де түрліше. Зерттеу еңбектерде оларды үлкендердің балаларға арнап шығарған, бірақ негізінен балалардың репертуарында сақталған шығармалар және балалардың өздері таратқан өлең-жырлар деп екіге бөлу қалыптасқан. Балалар фольклорының халық педагогикасымен тығыз байланысты. Балалар фольклорының үлкен бір саласы - ойын өлеңдері. Тілі шығып, сөйлей бастағаннан, кәмелетке толып, есейген шағына дейін баланың жасына лайықты сан түрлі ойын ойналған. («Саусақ санау», «Қуырмаш», «Бес саусақ», «Соқыр теке», «Кім ұшты?», «Қаламақ», «Сұрамақ» т.б.). Балалар фольклоры балалардың ойын ұштап, қиялына қанат беріп, әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеп қана қоймайды, сонымен бірге тапқырлыққа, шешендікке де баулиды [2, 36б.].

Балалар фольклоры – халық фольклорының арналы салаларының бірі. Ол халықтың дәстүрлі бала тәрбиесінің негізінде туып қалыптасқан, ауқымы кең көркем шығармалар шоғырынан тұрады. Мазмұны ғибратты, тілі көркем, жеңіл жатталатын, ғасырлар бойына халық даналығына, тәжірибесіне суарылған Қазақ балалар фольклорын балалардың мінез-құлқын, көркемдік талғамын танытатын, шығарма қуат көзін ашатын асыл мұра. Ол өзінің бала табиғатына лайықтылығымен, жүйелілігімен, өнегелі мазмұнымен, ойнақы жеңіл түрімен, нәрлі тілімен балалардың рухани азығына айналған тәрбие қайнары болып табылады. Қазақ балалар фольклорын шығу тегі мен орындаушыларына қарай – үлкендер тарапынан балаларға арналып айтылатын және балалардың өздері орындайтын шығармалар болып екі топқа бөлінеді. Алғашқысының қатарына бесік жыры, маусымдық жырлар, мәпелеу жырлары, жұмбақ, жаңылтпаш, т.б. шығармалар жатса, соңғысы қаламақ, санамақ, сұрамақ, тақпақ, т.б. балалар өлеңдерін қамтиды. Сонымен қатар, Қазақ балалар фольклорын ірі-ірі төрт арнаға жіктеп қарастыруға болады. Олар: 1) әлпештеу поэзиясы. Әлпештеу поэзиясына жататын жырларды шығарушылар да, орындаушылар да – ересектер. Ол жырлар сәбидің шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап оны бағып-қағуға арналған түрлі салт-дәстүрлерді сүйемелдейді, ата-ананың, қалың жұртшылықтың сәбиге деген сүйіспеншілігін, арман-тілегін, халықтық идеалды жыр тілімен өрнектейді. Бөбектің денінің сау, ауру-сырқаудан аман, ширақ болып өсуімен қатар, ең бастысы, оның рухани жетілуіне қызмет етеді. Бұлардың өзі мазмұны мен

атқаратын қызметіне қарай бесік жыры, сәбилік ғұрып жырлары, мәпелеу жыры, уату-алдарқату жыры деп іштей төрт түрге жіктеледі;

2) Жеткіншектер жыры. Бұл топқа балалардың өздері шығарып, өздері айтатын және ересектер фольклорынан ауысып, балалардың орындауына көшкен жырлар жатады. Ол әлпештеу жырларынан кімдер орындайтындығымен ғана ерекшеленбейді, поэтик. құрылымымен де, атқаратын қызметімен де, тақырыптық, мазмұндық жүйесімен де ажыратылады. Бұл топқа балалар мен ересектердің орындауында қатар өмір сүріп келе жатқан наурыз жыры, жарапазан, маусымдық жырлар, арнау-тілек өлеңдер, тақпақ, сұрамақ, қызықтама, өтірік өлең, мазақтама сияқты өлең-жырларды топтастыруға болады;

3) Ойындық фольклор. Мұның қатарына балалар ойыны кезіндегі ойынға шақыруға ойынды бастауға, оны жүргізуге қызмет ететін өлеңдер (қаламақ, санамақ, т.б.) мен өлең ойындарды (тәжікелесу, жаңылтпаш, жұмбақ, балалар айтысы) қосуға болады. Жалпы, балалар фольклорына тән шығармалардың барлығында ойындық белгілер болатыны сөзсіз, бірақ ойындарға арналған балалар фольклорына жататын туындыларда, бұл сипат ерекше басым көрінеді, оларда ойынға тән драматизм мен қимыл-әрекет, динамизм күшті. Ойынға шақыру өлеңдері, қаламақ, санамақ, ойын ішіндегі өлеңдер тікелей балалар ойындарымен бірге өмір сүрсе, халық арасында кең тараған жұмбақ, жаңылтпаштар, тәжікелесулер сөз арқылы ойналады; 4) Балалар тіршілігінде қара сөзбен айтылатын балалардың прозалық фольклоры. Балалар күнделікті өмірде ересектер аузында айтылатын магиялық фольклордан бастап, аңыз-әңгімелерге дейін үйреніп, жаттап, соларға еліктеп айтып жүреді. Солардың ішінде әсіресе, ертегілердің алдыңғы орында тұратыны белгілі. Бірақ сәби, жеткіншек жасындағы балалар ертегілердің барлығын игере бермейді. Ол балалардың жас ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырады. Сондықтан балалардың прозалық фольклорының қатарына оқиғасы жеңіл, шағын да тартымды, тілі жатық тізбекті ертегілерді, себептік мифтерді, үрейлі әңгімелерді, кейбір батырлық аңыздарды жатқызуға болады [3, 42б.].

Халқымыз бала тәрбиелеуде баланың жан дүниесінің қалыптасуына, өмірдің сұлулығын әсемдік тұрғысында түсіне білуге, рухани марқаюына ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атайды. Бұл тіркес халық әдебиетінде балаларға арналған өлең-жырдың бар екендігін ілкі зерттеушілердің ешқайсысы жоққа шығармайды. Фольклор жанрындағы балаларға арналған шығармалар легі, олардың көңіл-күйіне тез әсер етіп, олардың есту және сезу қабілетін, эстетикалық талғамын дамытады, әдемілікке деген көзқарасын байытады.

Сондықтан да балалар фольклоры- қарапайым да нәзік, күрделі де қызық әлемнің көркем дүниесі. Айналамыздағы қоршаған орта, өмірдегі түрлі құбылыстарды балалардың ересектерден мүлде басқаша қабылдайтынын, балалар өмірі ересектер тұрмысына тәуелді болса да өзінше бір кіші әлем құрайтынын дана халқымыз ертеден-ақ ескерген.

Балалар фольклоры жанрларының тәрбиелік мүмкіндіктері мол. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі ұрпаққа мирас етіп қалдырған. Бастауыш сыныпта оқу-тәрбие үрдісінде фольклор жанрын пайдалану баланың көңілін өсіріп, ойын сергітіп қоймай сонымен бірге эстетикалық тәрбие алуға олардың эстетикалық ляззат алуына, көркемдікке, әсемдікке тәрбиелейді.

Ғалымдар арасында «балалар фольклорына» тек балалар айтып, өздері орындайтын, бүлдіршіндер арасында ғана өмір сүретін шығармаларды енгізейін десе, бірқатар зерттеушілер балалар фольклорына тікелей бала тәрбиелеуге қатысты барша шығармаларды жатқызу шарт, сондықтан оған үлкендердің балаларға арнап айтатын туындылары да енеді деп пайымдады. Жалпы бүлдіршіндер мұрасының өзіндік табиғатының аса күрделілігі де бар. Біздіңше, балалар іштей саралауда назар аударып, есте ұстайтын шарттар мыналар: Шығармаларды кім шығарып, кімдердің орындайтындығы және қалай орындайтындығы. Мәселен, бесік жырын ата-аналар шығарып, негізінен солар орындайды. Көптеген шығармалар балаларға байланысты әдет-ғұрып, салттар негізінде болып келеді. Ал, мазақтамаларды балалар өздері шығарып, өздері орындайды. Осыған орай, бұл шығармалар түрлі топтарға жүктелмек; Ал келесі ескертетін мәселе – шығармалардың атқаратын қызметі. Бұл шарт балалар фольклорын іштей саралауда маңызды міндет атқарады. Мәселен, бесік жырын да, алдарқату жырын да ересектер орындайды, бірақ екі шығарманың атқаратын міндеті екі басқа. Бірі-баланы тыныштандырып, ұйықтауды мақсат етсе, бірі алдандырып, көңілін сергітуді мұрат етеді. Немесе, тақпақ пен ойындардың қай-қайсысын болмасын балалар өздері орындайды, бірақ шығармалардың міндеті әртүрлі; Шығармаларды саралауда балалардың жас ерекшеліктерін ескерген жөн. Тағы ескертетін негізгі шарттарының бірі-шығармалардың поэтикасы. Яғни, балалар шығармасының, тақырыптық, мазмұндық, сөз саптасына, тіл кестесіне көңіл аударған жөн [4, 65б.].

Қорыта келгенде, халықтық педагогика көптеген ғасырлар бойы, тіпті жазу-сызу пайда болғанға дейін де қалыптасып, дамып отырды дедік. Оған оның тамаша идеялары мен дәстүрлерін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде халықтың ауызекі шығармашылығы айрықша рөл атқарады. Ол – халықтық педагогикада балалар мен ересектер тәрбиесінің таптырмайтын құралы, әдіс-амалы, тәсілі, белгілі ережелері мен әдет дағдылары болды; құнды адамгершілік қасиеттерін (қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, бауырмалдық, туыстық, достық, жолдастық сезім, туған жерге, елге сүйіспеншілігін, ұлттық намыс, ата-баба дәстүріне сыйластық көзқарас, отансүйгіштік, интернационалдық көзқарас т.б.); психологиялық-эмоционалдық қасиеттерін (болмыстағы қуанышты сүйіспеншілік сезімімен қабылдау, байыптау, елестету, есте сақтау, ойлау т.б.); эмоционалдық-эстетикалық қасиеттерін (өнердегі, табиғаттағы әдемілікті, әсемдікті, сұлулықты талғаммен, сүйіспеншілік сезімімен қабылдау, ляззат алу, әсерлену, эстетикалық тұрғыда баға беру т.б.) қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Матыжанов Қ. Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы. – Алматы, 1974.–176б.
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы.– Алматы: Мектеп, 1980.
3. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – Алматы, 1974ж.
4. Балалар әдебиетінің бүгінгі мәселелері кітапханашы көзімен // Үркер №12(112) желтоқсан, 2017ж..

ӘОЖ 82-95:821.512.122

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА SMART ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН ТІЛІН САЛЫСТЫРА МЕНГЕРТУ

ИМАТАЕВА А.Ж.

М.Х. Дулати атындағы ТарМУ-дың филология магистрі, аға оқытушы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

АБДЫХАНОВА Ғ.Т.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В настоящее время есть все возможности для получения знаний нескольких языков, степень владения языками открывает окно в большой глобальный мир с его колоссальным потоком информации и инноваций. Трехязычное образование - это современное требование, основной целью которого является развитие и формирование многоязычного, социально и профессионально ориентированного, культу

Summary. Currently, there are all the opportunities to acquire knowledge of several languages, the degree of language proficiency opens a window into a large global world with its colossal flow of information and innovations. Trilingual education is a modern requirement, the main goal of which is the development and formation of a multilingual, socially and professionally oriented, cultured person.

Қазіргі заманда орта, жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне тек білім беру, тәрбиелеу ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің интеллектуалдық капиталын инновациялық жұмыстар арқылы қалыптастыру да енеді. Білімнің, ғылымның және өндірістің үштұғырлы қағидалары қазақстандық оқу орындарының оқытудың зерттеу моделіне көшу жолдары арқылы жүзеге асырылады. Үштұғырлы тіл туралы идеяның негізі Қазақстанды бүкіл әлем халқы жоғары білімді мемлекет ретінде тану болса, осы бағытта балабақшадан бастап жоғары оқу орындарында, тіпті кейбір мемлекеттік, жекеменшік мекемелерде де үш тілде білім берудің тиімді жүйесін дамыту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілуде.

Қазіргі кезде білім алушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Білім ордаларында шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео өнімдер кешендері – білім алушылардың

ауызша және жазбаша аударудағы білімін жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады.

Үш тілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Инновациялық технологиялар білім алушының тілдік білім сапасын арттырып, қарым-қатынаста еркін қолдана алу мүмкіндіктеріне жол ашады. Практикалық сабақтарда тілді жан-жақты игертуге қатысты инновациялық технологиялардың әдістерін қолдану білім алушының үш тілді еркін меңгеріп, үйренуге деген ынтасын, зейінін, қызығушылығын дамытып қана қоймайды міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, жаңа мүмкіндік деңгейлерін ашады. Еліміздің білім беру саласында соңғы жылдары өз нәтижесін бере бастаған инновациялық технологиялар баршылық. Соның ішінде оқу үдерісінде қолданылып, тәжірибеге енгізіліп жатқан бірнеше технологияны атап айтуға болады:

- 1.Проблемалық оқыту технологиясы
- 2.Кері байланыс технологиясы
- 3.Жобалап оқыту технологиясы
- 4.Интерактивті оқыту технологиясы
- 5.Ойын технологиясы
- 6.Қатысымдық оқыту технологиясы
- 7.Модульдік оқыту технологиясы және тағы басқа көптеген заманауи технологиялар.

«Педагогикалық технологиялар – оқыту үдерісін жобалау, ұйымдастыру және өткізудің ойластырылған моделі» (В.М. Монахов) десек, қазіргі жаңа технологиялардың алдына қоятын мақсаты – тіл үйренушілердің дербес ерекшеліктерін ескере отырып, өз бетінше ізденуін, шығармашылығын арттыруды көздейді. Тілді үйрету, бір тілді шет тілі ретінде оқытудың мазмұны пән оқытушысы пайдаланатын оқыту әдістемесі арқылы анықталады. Оқыту әдістемесі – ұстаз бен білім алушының өзара қарым-қатынас үдерісі. Себебі өзара әрекеттестіктің арқасында педагог өзіндік ұстаздық тәжірибесін және әртүрлі амал-тәсілдерді қолдану арқылы оқу бағдарламасы мен мазмұнында белгіленген жоспар мен мақсатқа сай білім алушыға білім беру, тілді меңгерту әрекеттерін іске асырады..

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгешеліктер жүріп жатыр. Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолданатын Жолдауының негізгі тірегі – әлемдегі стандарттар деңгейінде білім беру болып табылады. Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу, тәуелсіз еліміздің болашағы-жастардың білім алуына ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі таңда оқытудың жаңа техникаларын пайдалану - өмір талабы. Жалпы «XXI ғасыр инновация мен индустрияның заманы». Қазіргі кезеңде бұрынғы дәстүрлі болған қалыпты сабақ беру әдісін жаңа мазмұнда ұйымдастыру және жаңа технологияны пайдалана отырып түрлендіру - уақыт талабы. Өйткені бүгінгі қоғамдағы өзгерістермен бірге білім беру жүйесі сабақтың жүргізу барысына жаңа талап, жаңа міндет алып келді. Инновация өздігінен пайда болмайды, ол- ұжымның шығармашылықпен зерттеулері мен ізденістерінің озық педагогикалық тәжірибелерінің нәтижелері. Инновация ағылшын тілінде жаңаны енгізу, жаңаша бастау деген мағынаны білдіреді. Бұл мағынаға тереңінен бойласақ оның ауқымды астарында ғылымның жетістіктері мен озық тәжірибеге негізделген техника мен технологияларды және еңбекті ұжымдастыру мен басқару салаларындағы жаңалықтарды өмірге енгізу болып табылады.

Туған тіліміздің тарихи даму кезеңдерін негізге ала отырып, қазақтың шынайы болмысын айқындайтын, шұрайлы тілімізді әлемге танытатын кез келді. Осы орайда «Үштүғырлы тіл- бәсекеге қабілетті ұлт болудың бірінші сатысы, болашақтың бағдары» екендігін әрбір қазақ, қазақстандық санасына сіңіре отырып, тіл саясатының дамуына өз үлесін қосуы тиіс. Елбасы Жолдауын қолдай отырып, қазақ тілі сабағында қазақ тілімен бірге ағылшын тілін меңгертуді, білім алушылардың үштүғырлы тілдің дамуына үлес қосуды мақсат ете келе, заманауи SMART технологияларды пайдаланып өткен сабағымның жобасын ұсынамын.

Мен өз сабағымда төмендегі SMART бағдарламаларды пайдаландым. Олар:

- 1.**Prezi.com** веб сервисі арқылы онлайн презентация көрсету.
- 2.**MS PowerPoint** бағдарламасының анимациялық эффектілері.
- 3.**Eclipse Crossword** бағдарламасында кроссворд шешу.
- 4.**ActiveInspire** бағдарламасындағы флипчарттардың мүмкіндіктері.
- 5.**Kahoot және TeamViewer** бағдарламалары.

Бірінші Prezi.com веб сервисі арқылы Қазақ тілінің синтаксис саласы бойынша «Сөйлем және оның түрлері» тақырыбына кеңінен тоқталып, онлайн презентация көрсетілді. Бұл ерекше құрылымы

бар интерактивті мультимедиялы презентацияның артықшылығы білім алушы материалды санасына оңай сіңіреді және берілген ақпаратты асқан қызығушылықпен қабылдайды.

Екінші, көпшілігімізге таныс MS PowerPoint бағдарламасының анимациялық эффекттерін пайдалану арқылы тапсырма орындалады.

Үшінші, білім алушыларға Hot Potatoes бағдарламасында кроссворд шешкізу арқылы тақырып бойынша өтілген материалдың қаншалықты меңгергендігін тексеріледі.

Төртінші, ActiveInspire бағдарламасы арқылы ағылшын тілін меңгерту жолдарын флипчарттар арқылы көрсетіледі. Сондай өтілген тақырып бойынша қазақ тілі мен ағылшын тілін салыстыру арқылы, ұқсастықтар мен айырмашылықтарын анықталып, түсіндіріледі. Білім алушыларды жалықтырмас үшін туыстық атауларды видео көрсету арқылы ағылшын сөздерін еске сақтау жүзеге асырылады. Жаңа сөздерді Сиқырлы сөздік арқылы үйреніп, берілген ереже бойынша сөйлем құрауға машықтанады.

Бесінші, білім алушылар өтілген тақырып бойынша тренингте ағылшын тілін қаншалықты меңгергенін көрсетеді. Сабақ түсіндірілген кезде олар сөздерді А3 форматтағы параққа маркермен түртіп отырады Сондай- ақ түрлі тапсырмаларды орындауда «Түртіп алу» әдісінің зор көмегі тиетіні тапсырмалар орындау кезінде өз нәтижесін береді.

Алтыншы, Kahoot бағдарламасы арқылы тест оырындатылып, білім алушылардың ағылшын сөздерін меңгеру деңгейі тексеріліп, бағаланады. Бұл сервистің артықшылығы компьютер арқылы бір мезетте бір тесті әртүрлі гаджеттермен қатыстыра аласыз. Яғни білім алушылар өз смартфондарымен негізгі компьютерге қосылып, тест тапсырмаларын орындайды. Ең маңыздысы Kahoot – білімді тексеруде ыңғайлы әрі қызықты ресурс болып табылады.

Өтілген тақырып бойынша сабақты қорытындылау кезеңінде білім алушылар TeamViewer бағдарламасы арқылы «Формативті бағалау» әдісімен бір-бірін бағалайды. Бағалау процесі интерактивті тақтада барлығына бірдей көрініп тұрады.

Біз Елбасының сарабдал саясатын қолдаумен бірге өңірлер болып, жұмыс орнында ұжым болып, тіпті жеке тұлға ретінде өз үлесімізді қосып, өз Отанының патриоты, тіл жанашыры ретінде үш тілді жылдам меңгеруде қызығушылық таныту керекпіз.

Қосымша

Оқытудың заманауи технологияларын пайдаланып өткізілген сабақтың сценарийі

Р/с	Оқу фрагментінің атауы мен мазмұны	Интеракция	Инновациялық толықтыру	Білім алушылардың білімін бақылау	Оқу фрагментінің мақсаты
1	Кіріспе сөз. Өткен сабақты еске түсіру, жаңа сабақтың тақырыбын, дайындық әдістемесін жариялау. «Prezi» бағдарламасының презентациялары арқылы тақырыптың мазмұнын ашу, интерактивті әдістердің көмегімен студенттерге ғылыми тұжырымдар, видеолар көрсету.	оқытушы ↔ білім алушы	«Prezi» бағдарламасымен https://prezi.com сайты арқылы презентациялар көрсету	Түсіндіру, талдау	Өткен сабақтарды еске түсіру, оның жаңа сабақпен байланысын анықтау. Сабақтың мақсатын, міндеті мен мазмұнын нақтылау.
2	Тақырапқа байланысты берілген тапсырмаларға жауап беру арқылы студенттердің белсенділігін, өтілген тақырыпты қаншалықты түсінгендігін анықтау.	білім алушы ↔ оқытушы	Ой қозғау стратегиясы Power Point бағдарламасының презентациялары	Сұрақ-жауап	Қазақ тілінің синтаксис саласы бойынша «Сөйлем және оның түрлері» тақырыбын түсіндіру, оның қолданылу өрісін анықтау.
3	Студенттерге Hot Potatoes бағдарламасында кроссворд шешкізу арқылы тақырып бойынша өтілген материалдың қаншалықты меңгергендігін тексеру.	білім алушы ↔ оқытушы	Hot Potatoes бағдарламасы	Сұрақ-жауап	Жай сөйлемнің айтылу сазына, құрамына, құрылысына қарай бөлінуі бойынша сұрақтарға жауап беру. Аудиторияның мәтінді қабылдауын болжау.
4	ActiveInspire бағдарламасында ағылшын тілін меңгерту жолдарын флипчарттар арқылы көрсету.	оқытушы ↔ білім алушы	ActiveInspire бағдарламасының флипчарттары	Түсіндіру, талдау Сұрақ-жауап	Өтілген тақырып бойынша қазақ тілі мен ағылшын тілін салыстыру арқылы, ұқсастықтар мен айырмашылықтарын анықтау, түсіндіру.
5	«Smart технологияларды пайдалана отырып студенттерге кіріктірілген сабақ үлгісімен қазақ-ағылшын тілін салыстыра меңгерту» тақырыбында тренинг	оқытушы ↔ білім алушы	Түсіндіру, талдау Сұрақ-жауап	Түртіп алу әдісі	ағылшын тілін қаншалықты меңгергенін көрсетті. Сабақ түсіндірілген кезде олар сөздерді А3 форматтағы параққа маркермен түртіп отырды Сондай- ақ түрлі тапсырмаларды орындауда зор көмегі тиді

6	Kahoot бағдарламасы арқылы тест орындату.	оқытушы ↔ білім алушы	Kahoot бағдарламасы	Сұрақ- жауап	Білім алушылардың ағылшын сөздерін меңгеру деңгейін тексеріп, Kahoot бағдарламасы арқылы тест орындатып, бағалау.
	Team Viewer бағдарламасы арқылы студенттердің бір- бірін бағалауы	оқытушы ↔ білім алушы	Team Viewer бағдарламасы	Формативті бағалау әдісі	Шапшаңдық пен интеллектуалдылықты басты назарға ала отырып, білім алушылардың 2 топқа бөлініп, тренингке қатысуы
8	Сабақты бекіту және үй тапсырмалары	білім алушы ↔ оқытушы	Ой қозғау стратегиясы	Оқу жоспары бойынша үй тапсырмасын беру	Білім алушылардың білімін бекіту

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бұзаубақова К.Ж. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Тараз. 2014ж
2. Қиябаева З. Интерактивті тақтамен жұмыс әдістемесі
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
5. Интернет ресурстар

ӘОЖ 37.011.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БУЛЕКПАСОВА Б.Ш., БУКЕТОВА Г.К.

№63 мектеп гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме. В статье рассматриваются особенности использования инновационных методов в казахском языке.

Summary. The article discusses the features of the use of innovative methods in the Kazakh language.

Қазақ тілін оқытатын ұстаз ұлттың ертеңіне жол көрсетіп, бағыт беріп қана қоймай, ұлттық таным мен қазақылықты сақтайтын ұрпақты тәрбиелеп өсіретіндігін әркез жадында сақтайтыны сөзсіз. Қазақ тілі пәнінің оқу мазмұнын меңгертуде қолданылатын әдіс - тәсілдерді жан-жақты талдай отырып, тапсырмалар түрлері мен ерекшеліктерін анықтау – заман талабы. «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жана моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттауға қажет» [1]. Қазіргі кезде табысты болу үшін білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ой бәрімізді де ойландырмай қоймас. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әр түрлі салада қолдана білуін талап етері анық. Осы тұрғыдан алғанда білімді дәл осылай меңгеру оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгертуге мүмкіндік береді.

Заман талабына сай білім беруде оқушылардың бойында қалыптастыру үшін мынадай құндылықтар мен дағдылар анықталған. Құндылықтар:

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу

Дағдылар:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда);
- жеке және топпен жұмыс істей алу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар [2].

Ахмет Байтұрсынұлының «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», деп айтқаны болашаққа көрегендікпен жол сілтеген тәрізді.

Ұстаз – білім алу, оқыту процесінде міндетті түрде қажет тұлға. Мұнда Л.Выготскийдің «жақын арадағы даму аймағын» есімізге түсірейік: біз білетін біреудің (ересек, ұстаз, білімі бар құрдастардың) ықпалымен, көмегімен үйренеміз... Алайда мәселе ұстаздың бұрынғы «үйретуші», «білім беруші», «білім көзі», «бұлжымас бедел», « мұғалім» сынды рөлдерінен бас тарту

керектігінде. Ендеше, педагог үйрену процесін өзара әрекеттесу деп қабылдап, ендігі өз қызметін «ұйымдастырушы», «бағыт-бағдар беруші», «жөн сілтеуші» деп түсінуі керек [4].

Қазақ тілін оқытуда білім алушылардың жеке және топпен жұмыс істей алу қабілеттерін ескере келе, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану қажет. Осы тұста «оқу пирамидасын» ескерсек, оқушылардың алған ақпаратты сақтауының орташа пайызы оқу 10%, аудио-визуалды қабылдау – 20%, көрсетілім – 30%, талқылау – 50% тәжірибеде жасау – 75%, өзгелерді оқыту – 90% көрсетеді [3].

Демек, қазіргі таңда білім алушылармен жұмыс жасау барысында осыны ескергеніміз жөн деп санаймын. Үйренудің ең тиімді әрекеті – басқаларды үйрету! [4] Яғни, оқушылар топта, жұпта жұмыс жасау барысында өзара қарым-қатынас жасау арқылы бірін-біріне үйретеді, өзгелерді оқыту арқылы тапсырманы 90 пайыз есте сақтауға болады. Сонымен әр сабақта мүмкіндігінше пікірталасты, оқушылардың белсенді әрекеттерін (ойлану, өзіндік ой мен идеялар қалыптастыру, таңдау жасау, шешім қабылдау, сызу, салу, жазу, т.б), олардың бірлескен жұптық немесе топтық жұмысын қолдану керек.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұны бойынша мұғалім оқу барысында тақырыпқа сай оқу мақсатын басты назарға алады. Оқушы оқу мақсатына қол жеткізу үшін тапсырманың қадамдарын құрастыруда, оны іске асыруда мұғалімнің әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдап алуы маңызды рөл атқарады. Осы орайда қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану мақсатқа жетудің басты құралы болып табылады.

Қазіргі инновациялық технологиялар – білім сапасын арттырудың кепілі. Оны өз дәрежесінде пайдалану – оқушыны шығармашылыққа төселдіруге ықпалы өте зор. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін өз сабақтарымда М.Жанпейісованың "Модульдік оқыту технологиясы", Н.Оразақынова "Сатылай кешенді талдау әдістері", С.Мирсеитованың «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» технологияларымен жұмыс жүргізуді қолға алып жүрмін. Бұл технологиялардың ерекшелігі – оның оқушыға жан-жақты ықпал етуі. Яғни, тек білімді немесе оқу бағдарламасын меңгертіп қоймай, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін, танымдық процестерін (есту, көру), өзін-өзі өзектендіру, бекіту, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге деген ықыласы мен іскерлігін, оқу-танымдық ынтасын жетілдіру, әрі жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға жетелейді.

М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясында» сабақтың үш кезеңдік құрылымы орын алған: «Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, сөйлеу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады» [4].

Модульдік оқыту технологиясында сабақ «Кіріспе-Сөйлесу-Қорытынды» құрылымында өткізіледі. Ал елімізде 1997 жылдан бастап қолданылып келе жатқан «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы да сабақтың үш құрылымдық кезеңін ұсынады: «Қызығушылықты ояту-Мағынаны ажырату- Ой-толғаныс». Бұл құрылым ойлау процесінің қалайша өрбитіндігін сипаттап, әрбір оқушыны «өзінің курстастары және мұғаліммен жүргізетін рефлексиялық диалогқа жұмылдыруды» көздейді [4].

Жоғарыда аталған жобادا сабақтың әр кезеңінің ерекшеліктері мен мақсаттарын қалайша сипаттайтындығына тоқталсақ: «Қызығушылықты ояту» кезеңінде білім алушылар білім процесіне ниеттеледі, айрықша көңіл аударады, жаңа материалдарды игеруге ынталанады. Бұл кезеңде үш мақсат жүзеге асады:

Қарастыратын тақырып бойынша білім алушылар бұрынғы білімдерін есіне түсіреді.

Білім зерттеу - жаңаны ескімен байланыстыратын процесс, жаңа білім міндетті түрде қандайда бір жеке тәжірибе негізінде (бұрынғы білім) құралады. Өзінің өткен жеке білімін еске түсіру арқылы білім алушылар белсенді түрде өздерінің білімін анықтап, оны талдайды және алдағы уақытта қарастырылатын жаңа мәліметтермен байланыстырады.

1. Білім алушылар белсенді әрекеттерге жұмылдырылады.

Білім игеру- белсенді әрекет. Саналы білім алу үшін білім алушылар білім игеру процесіне белсенді түрде араласуы керек: ойлау, сөйлеу мен жазу арқылы өз білімдері мен түсініктерін өзгелерге жеткізе білуі керек.

2. Үйренудің мақсаттарын айқындау арқылы білім алушылар ойлау жұмысына ынталандырылады. Шығармашылық белсенділікті көтеру үшін бұл кезеңде білім алушыларды зерттеу мақсаттарын айқындауға жұмылдыру керек.

«Мағынаны ажырату» кезеңі жаңа материалды игеруде туындаған сұрақтарға білім алушылардың өз тәжірибелері тұрғысынан жауап берумен ерекшеленеді.

Бұл кезеңде білім алушылар жаңа ақпаратпен немесе идеялармен тікелей қарым-қатынас жасап, оларды дербес түрде зерттейді, ізденеді.

«Ой-толғанис» кезеңінде білім алушылар жаңа мәліметтерді өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстыра отырып өзгертеді.

Осы кезеңде олар сұрақтар, ұсыныстар, пікірталастар, зерттеулер арқылы алғашқы түсініктерінің негізінде жаңа білім құрастырады. Бұл кезеңде білім алушылар өз ойлары мен түсініктерін өздері игерген мәліметтер арқылы жеткізеді, бір-бірімен ой бөліседі.

Сонымен, сабақ кезеңдеріне сай әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану қажет. Қазақ тілін оқытуда тілдік дағдыларды (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дұрыс іске асыру үшін тиімді әдісті өткізетін сабақ тапсырмасына сай алған жөн. Сабақ басында оқушы ойын шоғырландыру мақсатында « Бағыттаушы сұрақ», «Артығын алып таста», «А-дан Я-ға дейін», «Мағыналас сөздер», «Күпия қонақ» т.б әдістерді қолдануға болады. Оқушылардың тыңдалым дағдысын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер: «Сипатта, суретін сал», «Жалған мәліметті тап», «Мен ұнататын тұлға» т.б.[5].

Сабақ ортасында оқушылар мәтінмен жұмыс жасауда «оқылым» әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алғанымыз дұрыс. Мысалы, «INSERT» әдісі түртіп алу жүйесі арқылы жүргізіледі. «V таныс ақпарат», «+ жаңа ақпарат», «- осы тұсына келіспеймін», «!? іздемін». Бұл әдіс сабақтың тұтас өтілу барысында оқушының тиімді жұмыс жасауына ықпал етеді. Сондай-ақ «ЖИГСО» әдісі қазақ тілі сабағында тапсырманы меңгеруге тиімді әдіс- тәсілдердің бірі. Мұнда білім алушылар жеке өзі де, топта да бірлесе жұмыс жасай алады. Білім алушылар «жанұя» және «жұмыс» орындарында топтасады. «Жанұя» тобында мәтін бөлігімен жұмыс жасаса, «жұмыс» тобында талқылау, постер, қорғау жұмыстары жүзеге асады. Сол сияқты «Ойлан, жұптас, талқыла», «Төрт бұрыш», «Ішкі шеңбер, сыртқы шеңбер», «ТӨДК», «Артықшылығы неде?», «РАФТ» т.б әдістері жаңа тақырыпты меңгертуге нәтижеге қол жеткізуге болады.

Сабақ соңында қорытындылау үшін мынадай әдіс - тәсілдер тиімді деп санаймын. «КНДС» әдісі – к-көзқарас, н-негіздеме, д-дәлел, с-салдар. Бұл тәсіл бойынша сөйлем көлемін шектеу арқылы жүргізген дұрыс. Себебі білім алушы нақтылыққа дағдыланады. Сонымен қатар «Ішіне, сыртына» , «ВЕНН диаграммасы», «Сөйлемді ақта» т.б әдістері.

Сабақ соңында оқуды арттыру мақсатында кері байланыс жүргізіледі. Кері байланыс- адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы. Кері байланыстың негізгі идеясы жасалған істі бағалау емес, керісінше, не жасалу керектігін анықтау [4].

Кері байланысты ауызша және жазбаша алуға болады. Әдіс-тәсілдердерді таңдауда білім алушылардың көзқарасын білдіре алуына ықпал жасау керек. Мысалы, «Миыңның суретін сал»әдісі, «Бес саусақ» тәсілі, «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі, «Бағдаршам» әдісі, «Тақтадағы сөйлемді аяқта...» т.б әдіс-тәсілдер.

Бүгінгі күннің мұғалімнен маман ретінде талап ететіні – белсенділік, өзіндік сыни көзқарасы бар, педагогикалық ситуациялардың шешімін таба білетін, мәдениетті, рухани жаны таза, дүниетанымы кең, адами асыл қасиеттердің қазынасы, әрі кәсіби білікті маман болу. Білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сәйкес білім беру мүмкін емес.

Сонымен инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолданумен қатар қазақ халқының ұлттық байлықтарын сабақтастыра отырып, білім алушының өзіне деген сенімін туғыза отырып, қоғамдық қарым-қатынастың дамып, жалпы еліміздің оқыту сапасын жетілдіріліп, жоғары деңгейге көтеруге болатынына сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Қазақстан халқына жолдауы. – 31 қаңтар 2017ж.
2. Назарбаев Зияткерлік мектептері. ДББҮ Мұғалімге арналған нұсқаулық. ПШО, 2016. –8б.
3. Назарбаев Зияткерлік мектептері. ДББҮ Мұғалімге арналған нұсқаулық. ПШО, 2015. –60б
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. –Алматы, 2015. –67б.
5. Умиралиева Б., Сапарбаева З. Сабақ тиімділігін арттыратын 370 әдіс. –Шымкент, Нұрдана LTD, 2017. –15б

МҰХТАР ШАХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

ИБРАЕВА Ж.К., СМАКОВА Ж.А.

36 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается роль преподавания, произведений Мухтара Шаханова в воспитании будущих поколений.

Summary. The article examines the role of teaching, the works of Mukhtar Shakhonov in the upbringing of future generations.

Танымдық қызығушылық оқушылардың өлкетану деректерін сапалы меңгерудің негізгі діңгегі болып табылады. Оқушылардың таным процесін жетілдіру – олардың дамуының алғышарты. Таным процесі – күрделі процесс. Таным процестері арқылы оқушылар жаңа материалдарды саналы меңгеруге талпынады. Сондықтан, бастауыш мектепте өлкетану деректерін оқытуда оқушылардың танымдық қабілеттерін жетілдіруге ерекше назар аудару керек. Балалардың таным іс-әрекеттерін орындау арқылы пәнге, сабаққа мотивтері (қызығушылық, ықылас, тілек) артып, баланың түсінігі мен дүниетанымы кеңейіп, ойлау қабілеттері жетіледі. Бірқатар ғалымдардың еңбектерінде таным процесінің анықтамасы туралы ғалымдар былайша топшылайды: «Таным – адам санасын дамытудың негізі» [1, 31б.]. және «Таным – бұл қоршаған болмыстың, оның элементтерінің белсенді ақыл-ой және көңіл күй іс-әрекеттері мен олардың нәтижесі, яғни білім, жалпыланған теория, заңдар мен ғылыми ұйымдардың санада бейнеленуі» [2, 38б.].

Демек, таным дегеніміз адамның өзін қоршаған әлемін тануы, соны топшылауы және санада бейнелеу арқылы ұғынуы. Адам дүниетанымының өрістеуіне оны қоршаған орта әрқашанда ықпал етіп отырады. Бұл әсер, әсіресе, сәби шақта, адам санасының уыз мезетінде мықты болады. Ананың әлдіі, бесік жыры да поэзия тілімен нәресте санасына сіңетіні белгілі. Бұл туралы Ж. Аймауытов: «Баланы бұзуға, яки түзеуге себеп болатын бір шарт –жас күнінде көрген өнеге. Ол өнеге әкешешесінің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата-ананың берген дұрыс тәрбиесі баланың мінезіне салған ізге байланысты. «Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» деп, атамыз қазақ тауып айтқан. Балаға қайырымдылықты, қаталдықты, кішіпейілділікті, күйгелектілікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол, әрине ата-ананың тәрбиесі.

Баланың бойына басынан сіңген мінезді қайта түзету қиындық келтіреді. «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» – деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді...» – деп, автор бала мінезін қалыптастырудағы отбасы мүшелерінің, әсіресе әке-шешенің ықпалын айқын ашып көрсеткен. Ол бала мінезін жас шыбыққа теңейді. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаған бала өскенде қисық ағаш сияқты болып өсетінін, отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбиелеудің үлкен қиындық келтіретінін айта асқан мұқияттылықтың қажет екендігіне көңіл бөлген. Қазақ халқы – елін, жерін, оның табиғи, мәдени байлығын, өнері мен тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қорғап, рухани-адамгершілік тағлымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын бағдарламалар, оқулықтар, дидактикалық материалдардың ұлттық психологиялық ерекшеліктерге сай жасалуын өмірдің өзі талап етеді. Мұны М.Шаханов «Төрт ана» жырында анық бейнелеген [3, 45б.].

«Тағдырыңды тамырсыздық індетінен қалқала,
Мазмұн жоқта мазмұнсыздық шыға келер ортаға.
Әр адамда өз анасынан басқа да,
Ғұмырына етер мәңгі астана,
Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек күдіретті төрт ана:
Туған жері – түп қазығы, айбыны,
Туған тілі – мәңгі өнеге айдыны,
Жан байлығы, салт-дәстүрі – тірегі,
Қадамына шуақ шашар үнемі,
Және туған тарихы,
Еске алуға қаншама

Ауыр әрі қасіретті болса да,
Күдірет жоқ төрт анаға тең келер,
Онсыз санаң қаңбаққа ұқсап сенделер.
Өзге ананың ұлылығын танымас,
Төрт анасын менсінбеген пенделер».

Поэзиясында азаматтық асқақ үн басым жататын М.Шаханов әрбір адамда оның жарық дүниеге келуіне себепші болған, ақ сүт берген анасынан өзге ғұмырына мәңгі тірек болар күдіретті төрт анасы болуы қажеттігін өзгеше өрнекпен санаға сіңіреді.

Адам тағдырының тірегін М.Шаханов төрт ана ретінде бейнелеп, оның тәрбиелік астарын айшықтап, мазмұнын байыта түскен. Осы тұрғыдан келгенде акын жырларының тәрбиелік құндылығы әрқашанда өзгеше мағынада болатыны анық. Ел ықыласының жоғарылығының және бір мәні қаламгердің қайсыбір еңбегіне зер салсаңыз да әрбір адамның көкейінде жүретін түйткілді мәселелерді дөп баса біліп, соны танып, таразылап жыр тілімен ұсына алатындығында жатса керек-ті. Сонымен қатар, адамзатқа ортақ мәселелерді батыл да жүйелі, орынды да көкөйкесті сипатта көтере, жырымен қоғамдық ойға қозғау сала білуінде де үлкен тәрбиелік мән бар. Адамның ғұмырының төрт тірегінің мазмұнына, М.Шаханов жырлаған төрт анамыздың кісі тағдырындағы алар орны мен рөліне жекелеп талдау жасасақ.

Ең әуелі әрбір адамның – туған жері туралы ой қозғамақпыз. Мұндайда атамиз қазақтың, «Ит – тойған жеріне, Ер – туған жеріне» деген мақалы ойға бірден оралады. «Кісі елінде сұлтан болғанша, Өз елінде ұлтан бол» — деген бабалар нақылында да үлкен мән бар. Акын жырында туған жерді адамның түпқазығына, айбынына балап отыр. Мұнымен ешкім де дауласа алмайды. Адамзат кіндік кесіп, кір-қоңын жуған туған жеріне деген мәңгі сағыныш пен үлкен құрмет сезіміне бөленіп өтеді. Қастерлі мекен шырын шақ – сәби кезеңнің куәсі, өміртанымның алғашқы дәріханасы. Аяғын апыл-тапыл басқан нәрестенің жерден таяқ жеп, тізе қаната жүріп еңсе тіктеген құтты ордасы.

Ұлтарақтай жер үшін қасық қанын қиған бабалар ерлігіне тағзым ету бүгінгі ұрпақ борышы. Бес қаруын асынып, түн қатып, ұйқы қашырғандағы аталар мақсаты жер шетін дұшпан баспасын, ұлын күл, қызын күң етіп, қорлықта ұстамасын деген асқақ арман болған. Осы жолда кеудеден басы кеткенмен ұланғайыр жер кейінгі ұрпаққа мирас болды. Ердің еңсесі туған жерінде биік, абыройы асқақ. Сол үшін де М.Шаханов түпқазық, айбын есебінде дәріптеп отыр туған жерді. Акынның өз тағдырында да туған жерінен жырақта жетілу сыбағасы бар ғұмырдың. Себебі, әкесі Шахан діндарлығы үшін бір жерде байыз тауып тірлік кеше алмаған. Қатал да қайырымсыз уақыт ылғи көшіп-қонып жүруге мәжбүр еткен. Ұланғайыр жерімізге көз алартушылардың аз болмағандығы тарихтан мәлім. Олардың көзқұртына айналған шұрайлы жеріміз сан түрлі қантөгістің себепкері болды. Қан төгілсе де арын таптатып, намысын жықпаған бабаларымыз аманаттарына адал болды.

«Туған жерге туың тік!» дегенде бабаларымыз осындай өрімі өзге өнегеге үндейтіні белгілі. Туған жерге тағдырын телген әрбір перзенттің адымы ашық, мақсаты айқын, келешегі кемел.

Екінші діңгек туған тілі – мәңгі өнеге айдыны екенін бейнелейді «Төрт анада» Мұхтар Шаханов. Әлбетте, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады».

Акынның шығармашылықпен қатар, күрескерлік жолда бел шешпей еңбектеніп келе жатуының мәні осы туған тіліміздің жағдайына азаматтық Іһәм перзенттік борышпен алаңдаушылық пен жай-күйіне бейтарап қарай алмаушылықта жатыр деп білеміз.

Бабаларымыздың берік тұтынған ұстанымының бірі ұрпақ салауаттылығы мен тіл тазалығы. Тілдің шұрайлы да шырайлы қадір-қасиетін әрбір жас өркен бала жастан сезініп өскен. Атадан балаға мұра болып келе жатқан мол қазынаның бағасын біліп, ауыз әдебиетінің құндылықтарына тұшынып өскен.

Жеткіншек тіл байлығының мол болуына тиімді көмектің бірі оны жас күнінен құйма құлақ етіп тәрбиелеуде жатыр. Үйге сыйлы, аузы дуалы қонақ келгенде балалардың сол жақсы-жайсаңдар әңгімесіне зер салып, сөз маржанын сүзіп, асылын көкейлеріне тоқуына мол мүмкіндік жасаған. Жақсыларға жанаса өскен бала, әлбетте, ана тілдің қазынасын бойға жетік сіңіреді.

Біздің бабаларымыздың шетінен суырып салма ауызекі сөзге ұста болуының бір сыры осында жатыр. Тілді шебер меңгеру оның құндылығын терең сезінуден басталады. Әрине, әуелі ата қаны, ана сүтімен дарыған қасиет те болуы қажет. Сосын, мықты орта өскін жастың санасына үлкен әсерін тигізеді. Ел ішіндегі небір аңыз әңгіме, батырлық жырлары мен қисса-дастандар балғынның көңілін қозғап, қиялына қанат, талабына от береді.

М.Шаханов жырлағандай, мәңгі өнеге айдыны ретінде тілдің орны біздің ғұмырымызда қашанда өзгеше, маңызы ерек. Өлмес өнегені де халқымыз тіл арқылы таныған, ұрпақ жадына өшпестей етіп сіңірген. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан бабалар мирасы тіл арқылы бүгінгімізге талмай

жетті. Яғни тіл осы ретте ақпарат тасушы міндетін де атқарып тұр. Атаның өлмес мұрасын ұрпағы осы тіл арқылы, оның ауызша өнегесімен қабылдаған, көкейіне түйген.

Адам тағдырында жетекші рөл ойнап, қадамына шуақ шашар үшінші ұстаным – ұлттың жан байлығы, салт-дәстүрі.

Жан байлығынсыз, рухани кемелдіксіз адам ғұмыры мағынасыз. Материялдық құндылық қанша жерден қажет болғанымен ол рухани байлықсыз тұлдыр болмақ. Салт-дәстүр адамның әдепті тәлім алуына жол ашады, азамат ретінде қалыптасуына септігін тигізеді.

Ата насихаты мен бабалар өсиеті – жарық күндей жол нұсқаушы болады. Ылғалды ауадай қажеттілік ол салт-дәстүрде жатыр. Онсыз адам баласы бұрыс жолмен кетіп, рухани мешеулікке ұрынуы ықтимал. Мөлдір судай кіршіксіз тәрбие жан байлығының негізі. Дәстүр ғасырлар бедерінде қалыптасатын ізгі әдептер жиынтығы. Оның жолынсыз тірлік кешкен адамның ғұмыры түзсіз тағамдай ауыз тұшылмайды. Қаламгер еңбегінде төртінші тірек сипатында баяндалатын ТУҒАН ТАРИХ тағылымы ерекше осы күшімізбен бейбіт тіршілігіміз үшін.

Ақын жырға қосқандай, еске алуға қаншама ауыр әрі қасіретті болса да тарихтың қойнауына үңіліп, сырын зерделемей бүгінгіміздің бағасын толық бере алмаймыз. М.Шаханов айтқандай, «Тарих дегеніміз – кесек-кесек айтулы оқиғалардың жиынтығы» [4, 78б.]. Тәуелсіз ел атанған кезеңнен бермен қарайғы уақытты салалап қарасақ, тарихты жете білмеушіліктен әрі нақты фактілермен қаруланбағандықтан деректерді қилы дәрежеде сөйлетушілік белең алғаны да жасырын емес. Соған сәйкес, тарихта аттары қиратушы, адамзаттың өркениетке ұмтылысын тежеуші ретінде қалған тирандарды ақтап алуға ұмтылу пиғылы белең алғаны жасарын емес.

Бұл теріс те орынсыз әрекетке ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты кезінде М.Шаханов өзінің «Тарих гуманистік көзқарасты қажет етеді» деп аталатын мәлімдемесі арқылы тойтарыс берген болатын: «Еуропа мен Азияның кейбір мемлекеттерінде өз заманында жазықсыз, кінәсіз адамдардың қанын судай сапырған тирандарды ақтап алу былай тұрсын, оларды бейбітшілік пен әділдік күрескері, бостандық пен ізгілік жаршысы етіп жариялауға құлшыныс басталғалы біршама уақыт өтті. Мәселен, өзбек ағайындар Ақсақ Темірді өз мемлекетінің ең басты өнегелі тұлғасы ретінде бекітіп алды. Рас, Темір қолбасшының сәулет өнері саласындағы өрелі істерін ешкім жоққа шығара алмас. Бірақ оның 70 мың адамның бас сүйегінен мұнара соқтырғанын, Үндістанда бір күнде 100 мың адамның басын алуға бұйрық бергенін және бірнеше мың адамды тірідей салынып жатқан үйдің іргетасына қалатып жібергенін ақсақал тарих ұмыта қойған жоқ» — деп, тарихқа әділетті көзбен қарауды шегелей мәлімдеп, қанша жерден ақтасаңыз да зұлымдықтың сол күйінде қалатынын қаперге салады. Ділгір мәселені көтерген қайраткер қаламгер ойын былай сабақтайды:

«Монғол Республикасының астанасы Ұлан-Батырда Шыңғыс ханға биіктіп 20 метрлік зәулім ескерткіш орнатылмақ. Егер әрбір ел өз заманында адамзатты қызыл қанға бояған тирандарға әділдік пен шындыққа көз жұма отырып, ескерткіш қоюды науқанға айналдыра беретін болса, онда Гитлерді де ақтап алатын күн алыс емес» [5, 43б.]. Гуманист ақын бұл мәлімдемесі арқылы қоғамды үлкен дерттен сақтандырады. Себебі, мыңдаған адамның қанын жазықсыз төккен, сәнді қалаларды жермен-жексен еткен қиратушыларды орынсыз ақтап алушылық белең алса, ұрпақтың ақ пен қараны ажырата білу қасиеті төмендейді. Зұлымдық дәріптелген қоғамда, әрине, қиратқыш мүддеге оң иығын беріп тұратындар тәрбиеленеді.

Сондықтан да қаламгер адамзатты қасіретке ұрындырар қадамға бармауға шақырып, оның залалын өзгеше түйіндеп қаперге салып, сақтандырады. М.Шахановтың бұл тұжырымынан төрт ананың қадыр қасиетін танимыз. Ақын пайымына сүйенсек, төрт анасын менсінбеген пенделер өзге ананың да (ақ сүт берген туған анасымен қоса) қадіріне жете алмайды, ұлылығын танып білмейді. Жеке адам тұрмақ, төрт анасын сыйламаған ешбір халық молшылыққа кенеліп, бақ-жұлдызы жанбайды.

Психологтардың пайымдауынша, мектеп қабырғасында жасөспірімнің интеллектісі, даралық қабілеттері, әлеуметтік қатынастары өзгеше болады. Ұлттық мазмұнда берілген шығармалар оның танымдық белсенділігі артады, талғамы өседі, қабылдау дағдысы жетіледі, логикалық есі мен ерікті зейіні тұрақтанады. Сондықтан мектепте оқушыға берілетін білім өмірлік қажетті білімдерінің бастауы болуға тиіс. Ана тілі сабағында М.Шаханов шығармаларын оқыту арқылы оқушы дүниетанымын кеңейтуге, олардың тілдік талғамын жетілдіруге іргетасы қаланып, баланың бастауыш сатыда меңгерген сауаттылық дағдылары ғылыми пайымдауларға ұласады. Оқушының тілдік сезімі, танымдық қабілеті дамытылады, ойлау жүйесі шындалады. Сондықтан оқушыларды ұлттық рухта тәрбиелеу — қазіргі егеменді тәуелсіз еліміздің әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайында ерекшеленіп отыр.

Қорыта айтқанда, М.Шаханов шығармаларын мектепте оқытудың ұрпақ тәрбиесі үшін маңызы орасан зор деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Немов Р.С. Психология М.: Просвещение, 1995. –239 стр.
- 2.Педагогика. Дәріс курсы Алматы: Нұрлы Әлем, 2003. – 368 бет.
- 3.Шаханов М. Мәңгүрттенбеу марсельезасы: Өлеңдер, балладалар, поэмалар, әндер. Алматы: Рұх-Дари», 2008. – 288 бет.
- 4.Шаханов М. Желтоқсан эпопеясы: Деректі роман. I том. – Алматы: ЖШС Жедел басу баспаханасы, 2006. – 624 бет.
- 5.Шаханов М. Ұлт анасы – тіл. Рұхани толғаныстар кітабы. – Алматы: ЖШС Жедел басу баспаханасы, 2010. – 424 бет.

ӘОЖ 37.440.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ

КЕМАЛОВА Л.У., РАИМОВА Г.Ж.

36 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается применения игровых технологий в процессе обучения.

Summary. The article discusses the use of gaming technologies in the learning process.

Оқыту үрдісінде ойындарды қолдану жолдарын қарастырып, әдістемелік негіздерінің қалыптасуына үлес қосып, арнайы зерттеу нысанасы еткен, теориялық және әдістемелік тұрғыдан зерттеп, оқыту технологиясы болып қалыптасуына белгілі ғалымдар: Ш.Хайдаров [1], А.Нұрахметова [2], Т.Иманбеков [3], Г.А.Ляпина [4], Ү.Төленова [5], Ж.Сардарова [6], Р.Кенжебекова [7] өз үлестерін қосты.

Ойын – адамдар генінде қаланған инстинкті жеткізуші. Балалар ойнау арқылы өмір тәжірибесімен танысады, ересектердің қимылын қайталайды, сол арқылы өмірге қажет қимылды, іс-әрекетті және ойлау, сөйлеу дағдыларын меңгереді.

Ойын балалардың қиялынан туындайды, ойын - бала шығармашылығы. Баланың қиялы ойын арқылы шарықтайды, олар ойнау процесінде «басқа әлемге» енеді.

Ойындар – белгілі бір білімді, іс-әрекетті үйретуші құрал. Мәселен, бұрынырақта шахмат ойыны соғыс өнерінің тактикасы мен стратегиясын үйреткен. Кейінгі кезеңде жұртшылыққа кең тарап, спорттық ойын түріне жатқызылды. Мұндай мысалға қазақ халқының аударыспақ, жамбы ату т.б. ойындарын да жатқызуға болады [5] т.с.с.

Демек, ойындарды бастауыш мектеп оқушыларын белгілі бір іс-әрекетке үйрететін құрал етіп пайдалануға болады екен. Сондықтан кіші жастағы оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру үшін ойындарды қолдану арқылы да нәтижеге жетуге болатындығын байқаймыз.

Оқыту процесінде орынды қолданылған ойындар оқушылардың тілдік материалдарды саналы меңгеруін қамтамасыз етумен қатар олардың сыныптастарымен, жалпы қоршаған ортамен тілдік қарым- қатынасқа түсуге, білімді сапалы меңгеруге әсер етеді.

Сабақтың тақырыбы: Буын

Сабақтың мақсаты: Оқушыларды ауызша сөйлеуге дағдыландыру.

Бір-біріне көмектесу қасиетіне тәрбиелеу.

Көрнекілігі: аңдардың суреттері, 1-10 сандары, алмалар, шарлар, оқу құралдары.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.

2. Ұй тапсырмасын сұрау

Жана сабақ . Балалар біз бүгін саяхатқа аттанамыз.

Кәне, бәріміз автобусқа отырайық

Саяхатымызды әнмен бастайық. «Айгөлек» әнін айтамыз.

1 Аялдамада. Аю қолын көтеріп тұр. Тоқтаймыз ба?

Ол қолына түрлі-түсті шарлар ұстап тұр. Ол шарларда сызғыш, қалам, кітап, өшіргіш, дәптер т.б сөздер жазылған. Балаларға табуға оңай болу үшін бір сөзді бірдей түсті шарларға жаздық. Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрайық. Оқу жабдықтарына тағы нелер жатады.

2 Аялдамадағы Түлкіге көмектесейік.

а
а * а
а * * а
а * * * а

а-па, ал-ма, а-ла-ша; а-та, ал-ша, а-ра-ла т.б.

3 Аялдамада ит қолына қағаз ұстап тұр. Кім оқиды?

СА-ҢЫ-РАУ-ҚҮ-ЛАҚ

Бұл не? Балалар біз осы сөздегі буындардан бірнеше сөздер құрастыруымыз керек (құлақ, лақ, салақ, құрау, ұл, т.б.).

4 Аялдамада тоқылдақ сергіту сәтін өткізеді.

Орманның біз емшісіміз,

Тоқ,тоқ,тоқ.

Құрт біткенді жоқ етеміз,

Жоқ, жоқ, жоқ.

5 Аялдамада мысық жылап тұр. Сөздерінің әріптері ұшып кетіп оқи алмай отыр екен, көмектесіп жіберейік.

к*з, о*ыр, дәпте*р, қа*аз, саба*, та*та, а*а*.(ө,т,е,ғ,к, қ, д, м.)

6 Аялдама. Үйге келдік.

Сабақтың тақырыбы: С дыбысы мен әрпі

Сабақтың мақсаты: С дыбысы мен оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың С дыбысы бар сөз, сөйлем табуына назар аудару.

Көрнекілік ретінде кеспе әріптер, әріп таңбасы, суреттер.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күзде қандай өзгерістер болады?

Құстар жайлы не байқадыңдар?

Күз айларын атаңдар.

Апта аттарын кім айтады? Аптада «С» дыбысынан басталатын қанша күн бар?

-Балалар, с дыбысын айтып көрейік.

-С қандай дыбыс ?

-Неліктен дауыссыз?

-С дыбысына байланысты кім кім тез сөздер тауып айтады?

Жұмбақ: Жоқ өзінде бас та,

Қас та, мойын да.

Ұзындығы жазулы түр бойында.

(Сызғыш)

Сызғыш сөзіне дыбыстық талдау жүргізіледі.

Ойын: «Сөйлемді толықтыру»

1. Өзімнен кіші бауырым.....(сіңлі)

2 Қыз құлағындағы әшекей.....(сырға)

«**Орамал тастамақ**» ойыны, ойын кезінде мұғалім өтілген әріп бойынша сөз айтып, балаға орамал лақтырылады. Қағып алған бала сөз ойлап келесі балаға тастайды. Ойын осылай жалғаса береді.

Ойыннан кейін оқушыларда мынадай біліктер қалыптасты:

- сұраққа дұрыс жауап берді;
- сөздердің мағыналарын меңгерді;
- эвристикалық ойлауы жетілді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Хайдаров Ж.С. Теория и практика организации игровой деятельности студентов в учебном процессе дис. к.п.н – А., 1982 – 121 стр.

2.Нұрахметова А.Р. Влияния игровых методов обучения на формирования научных

знаний студентов по химии.–Алматы, –202стр.

3.Иманбеков Т. Қазақ балабақшаларындағы оқу тәрбие жұмыстарында ұлттық ойындарды пайдалану.– А., 1995.. – 143 б

4.Ляпина Г.А. Игра как средство активизация учебно- воспитательного процесса в средних классах общеобразовательной школы дис. к.п.н.– А., 1972 – 172 стр.

5.Төленова Ү. Балабақшадағы аралас топ балаларын ұлттық ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. диссерт. п.ғ.к.–Атырау, 2002-118 б.

6.Сардарова Ж.Дамытушы компьютерлік ойындардың дидактикалық мүмкіндіктері.–Алматы, 1996-178б.

7.Кенжебекова Р.Сыныптан тыс жұмыстарды математикалық ойын есептерін пайдалану әдістемесі.– Шымкент. – 183б.

ӘОЖ. 37.019

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ЖҰМЫСТАРЫ

ШАНТАСОВ А.С.

Талапкер ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы

ШАНТАСОВА А.Қ.

Экономикалық лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме. Статья посвящена развитию языка одаренных учеников.

Summary. This article is devoted to the development of the language of gifted students.

Үстаз болу жауапты да әрі қиын мамандық, оның үстіне жас өркеннің бойындағы табиғат берген ерекше құбылысты, дарындылықты тани білу, дұрыс бағыт-бағдар бере білу екі есе қиын. Үстаз деген мәртебелі атқа ие болған кез-келген адам осындай ерекше құбылыспен бетеп-бет келгенде қателіктер жіберуі мүмкін [1, 125б.].

- Ең бастысы - бала мектеп қабырғасында жүріп өзіне деген үлкен сүйіспеншілікті, қамқорлықты, қолдауды сезініп көруде.

- Дарынды балаларды шығармашылық жұмысқа баулудың әдіс-тәсілдері, жолдары зерттелді.

- Бала дарынын дамыту үшін білім беруге жаңа мазмұн беріліп, озық технологиялар енгізіле бастады.

- Дарынды балаларға ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ізденіс жұмыстарындағы ерекше шығармашылық қабілеттерін іске асыруда қамқорлық көрсетіліп, жағдай туғызылды.

Дарындылық – ең алдымен сана мен жүйкенің сапалық көрінісі. Ол өзіне танымдылық, ерік-жігерлік, жеке дамулық ерекшеліктерді біріктіреді. Сондықтан табиғаттың бұл дара құбылысын тани білу тек жүйелік деңгейде, өзін қоршаған ортамен тығыз байланыста, ерекшеліктерін екшеуде жас мөлшері, қабылдау деңгейі көлемінде жүзеге асырылуы керек.

Дарынды балалармен жұмыс жүйесіндегі негізгі тұлға – мұғалім. Мұғалім баланың ата-анасымен бірге оның дарынын алғаш байқаушы, дамытушы. Балаға білімін тереңдетуде, өз бетімен білімін көтеруге ақыл кеңестерін береді, көмектеседі, көп жағдайда оқушының болашақ кәсіптік тағдыры мұғалімге байланысты деуге болады [2, 78б.]. Қазіргі кезде дарынды балаларды анықтауға, қолдауға, дамытуға көп мән беріліп отырғанына қарамастан мұғалімдерді дарынды балалармен жұмыс істеуге дайындау мәселелері қарастырылмаған. Мектептерде мұғалімдердің бұл мәселеде тәжірибелері аз, тіпті жоқ деуге болады. Сондықтан әр мұғалімнің дарындылықты анықтау, дамыту, зерттеуде өз көзқарастары қалыптасқан.

Соңғы уақытта қазіргі мектептің негізгі проблемасы оқушы емес, мұғалім деген пікірлер көптеп айтылуда. Мұның шындығы да бар. Педагогика мен психология, тіпті өз пәні бойынша білімдері таяз, әдістемелік біліктері кемшін, технологиялар жайлы хабары тым аз, тіпті сауаттылық деңгейі сын көтермейтін мамандарды әр мектептен кездестіруге болады. Бұл ең алдымен болашақ маманның жоғары оқу орындарындағы дайындығы барысында кеткен ақаудың көрінісі болса, содан кейін маманның өз біліктілігіне өзіндік талабының төмендігінің нәтижесі және білім беру

мекемелерінде әдістемелік жұмыстардың әлеуетінің толық пайдаланылмауының салдары екендігі айқын [3, 59б.].

Мұғалімдердің кәсібилігі мен шығармашылық шеберлігін арттырудағы, ұстаздардың тұлғалық мәнді қажеттіліктерін қанағаттандырудағы, мамандардың «жеткіліксіз» құзырлықтарын қалыптастырудағы әдістемелік жұмыстардың алатын орны мен ролі орасан зор. Ал олардың мән-маңызына үстірт қарау, мазмұнын ортайту, тиімді ұйымдастырылуына деген салғырттық, мүмкіндіктеріне берілетін бағаның төмендегі бұл бағыттағы жұмыстардың жүйесіз, формальді түрде болуына, нақты тәжірибеден алшақтауына әкелетіні мәлім.

Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер барысында білім беру мекемелеріне қойылып отырған жаңа міндеттер барлық деңгейдегі әдістемелік жұмыстардың жаңашылдық тұрғысынан жандануын талап етіп отыр. Тек мұғалімдердің педагогикалық қабілеттері мен шығармашылығын дамытуға бағытталған мақсатты, жүйелі, үздіксіз және сабақтастықта жүргізілетін, ғылыми тұрғыда негізделген әдістемелік жұмыстар ғана білімнің ақырғы нәтижесі мен оның сапасына тікелей ықпал ете алады.

Мұғалімдердің жаңашылдық жағдайында жұмыс жасауларына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық ахуал орнатып, шығармашылық орта жасауда да ескерілетін мәселелер жеткілікті. Олай дейтініміз, кез келген өзгерістер, егер оларды дұрыс ұйымдастырып басқармаса, ұжымдағы қарым-қатынасқа әсер етеді. Атап айтар болсақ, инновациялық жұмыс жағдайында біреудің алға шығуы мен енді біреулердің керісінше «көшінің түзілмеуі» немесе жаңашыл мұғалімнің жұмыс ретіне қарай басшыға көтеріңкі талаптар қоюы, педагогикалық ортадағы қалыпты жағдайдың күрделуіне әкелетін мәселелер. Көптеген мұғалімдердің өз жұмысына өзгеріс енгізуге жасқанып, «тек жүрсең, тоқ жүресін» бағытын ұстануы содан болар.

Білім – қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты-ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Әр оқушыны біздің ертеңіміз, болашағымыз екенін терең ескере отырып, жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың білім деңгейінің әлемдік деңгейіне жетуіне күш салу – біздің міндетіміз деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Гузеев В.В. Методы и организационные формы обучения.– М.: Народное образование. 2001. 130 стр.
- 2.Арстанов М.Ж. Пидкасистый П.И., Хайдаров Ж.С. Проблемно – модельное обучение: вопросы теории и технологии. –А.: Мектеп 1980
- 3.Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения.– М.: Изд- во Института профессионального обучения МО России, 1995

ӘОЖ 343. 111

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

АЙДАРАЛЫ Н.Б.

№6 жалпы орта білім беретін мектептің 9 сынып оқушысы, Қазақстан Республикасы,
Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Резюме. В статье рассматривается о сформирований системы образования в Казахстане.
Summary. The article discusses the formation of the education system in Kazakhstan.

Баһадүр бабаларымыздан аманат болып ауысқан Қазақстанның Тәуелсіздігіне 30 жыл толу қарсаңында азаттық тарихындағы ағартушылық ісімен елеулі үлес қосқан педагог – Ыбырай Алтынсариннің атын атамай кету мүмкін емес. Оның есімі мыңжылдықтан уақыт сынынан мүдірмей өтіп, қазақ халқымен бірге жасасып келеді. Ыбырай өмірі өз Отанын шексіз сүйіп, оған бүкіл жан-тәнімен қызмет етудің тамаша үлгілерінің бірі болып табылады. Ағартушының өнегелі өмірі мен өрісі биік таланты бір кезде қандай жарқын да жанды қасиеттерімен көрініп, қазақ мәдениетінің тарихында айқын іздерін қалдырса, оның ағартушылық идеялары бүгінгі таңда да өте өзекті. Себебі әрбір ұлы адамзатпен бірге жасайтын мәңгі өшпес, ескірмес идеяларды көтереді. Сондықтан олар арада бірнеше ұрпақтың өткеніне қарамастан, әрбір жаңа ұрпақ, жас қауымға

алыстан қол созып, «жол болсын» айтып тұрғандай болады, уақыт өткен сайын биіктей, мән-маңызы қадір-қасиеті арта түседі. Тәуелсіздігіміздің тарихында Ыбырай Алтынсарин дәл осындай саңлақтардың бірі болған еді. Ол өзінің бүкіл шығармашылық өмірін бір ұлы мақсатқа арнады. Ол мақсат қазақ халқын ғасырлар бойы езіп келген надандық пен қараңғылықтың шырмауынан босатып, өнер-білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосу болатын.

Педагог қазақ халқының өзіне тән ұлттық-тәрбие үрдістерін ағарту ісімен ұштастыра отырып, бүгінгі педагогика саласындағы бірнеше бағыттардың негізін салды. Халықтың ұлттық тәлім-тәрбиесі негізінде ол Қазақстандағы ұлттық мектептердегі оқыту ісінің әдістемесінің іргетасын қалады. Ол Қазақстандағы мектептердегі оқыту, білім беру ісін бір жүйеге келтіруді талап етіп, соны белгілі жолға қойды. Оның жаңашыл әдістерінің бірі - оқытудағы оқу үрдісін ана тіліне негіздей отырып, орыс тілін меңгеру болса, оқу үрдісіндегі жаңашыл идеясының бірі – оқулықтар мен оқу құралдарын орыс графикасына сүйене отырып, жаңа алфавит негізінде жасау болды.

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің "желкілдеп өскен көк шөптей" жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге, қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған. Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді, сөйтіп, туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды.

Бала Ыбырайдың білім-ғылымға деген талпыны жастайынан өзегін жарып шығып, атасы Балғожа бидің батасымен дарыды десек қателеспейміз. Балғожа Жаңбыршин ел басқару ісінің шебері, би, аса бай адам болған. Немересін жасынан адалдыққа, тура сөйлеуге, шешендікке баулиды. Ыбырай өзі де табиғатынан алғыр, зерек, еңбекқор болды. XIX – XX ғасырларда Қазақ елі Ресей империясының құрамына толық енгеннен кейін қазақ даласын басқаруға тәжірибелі қазақ шенеуніктері қажет болды. Сондықтан қазақтарға арнап орыс- қазақ бастауыш мектептері ашыла бастады. Осындай мектептердің бірінде Ыбырай Алтынсарин де білім алды. Ыбырай оқыған мектепте жаратылыстану, гуманитарлық пәндер оқытылған: ана тілі, орыс тілі, татар тілі, география, арифметика, геометрия, ән-күй, гимнастика. Әрі әдеби кештер ұйымдастырылған. Көреген, дана атаның тәрбиесі мен сол заманның озық үлгідегі мектебінен білім алған Ыбырай Алтынсарин өз бойындағы қасиеттер мен білімін өз ұлтының балаларына дарытуға бүкіл ғұмырын арнады.

Алтынсариннің демократиялық - ағартушылық бағыты, оның педагогикалық көзқарасының үш бірдей саласынан көрініс тапты.

Біріншіден, бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға және соған оқу құралдарын жазып шығаруға арнады.

Екіншіден, ұстаз тәлімгерлер даярлауға, оларға күнделікті ғылыми - әдістемелік басшылық жасауға көңіл бөлді.

Үшіншіден, шығармаларында қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық өмірінде болған саяси әлеуметтік мәселелерді жан - жақты қамтып жазуға жұмсады.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай жаңағы екеуінің де ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп, ол екеуі де істеген тың тарихтың ұзақ өрісі бар, зор келешегі бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы». Бұл ғалымның пікірінен біз Ыбырайдың қоғам өміріндегі ағартушылық қызметінің, педагогикалық еңбектерінің үлесін аңғарамыз.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының жастарды еңбекке баулу. Өзінің барлық педагогикалық теориясында жас жеткіншектердің ұлттық тәрбиесін қалыптастырып, жетілдіруде қазақ халқының ғасырлар бойы тәрбие саласында жиган бай тәжірибесін негізге алу қажет деген пікірді ұстанған. Ол жастарды оқу – білім, өнерге үндегенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, айтпақ пікірін оқушы зердесіне сіңіру үшін әр түрлі ұстаздық амал тәсілдерді қолданады.

Бір Аллаға сыйынып,

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық! – деген өлеңінде білім алуға үндесе, екінші жағынан, өмірдің бір қызығы тек байлықта деп ұғатын, оқу, өнер, ғылым – білімге мән бермейтін, кертартпа көзқарасқа соққы береді.

Өмірдің қуатты қаруы – білім екендігін айта келіп, оған қол жеткізу үшін ерінбей, жалықпай еңбектенудің керектігін түсіндіреді. Ыбырай Алтынсарин өзінің төл туындыларында тәрбиелік, нақыл – насихаттық мәніне ерекше көңіл аударып отырды. Сол арқылы жас буынды адамгершілік пен ізгілікке, еңбек пен зейінділікке, өнер – білімге баулуды көздейді. Ол ел жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы жүзеге асады деп санады. Ыбырай Алтынсарин 1860 жылдардан бастап жергілікті жерлерден мектеп ашу ісімен айналысады. Сол өңірдегі қазақ балаларына арналған алғашқы мектеп 1864 жылдың 8 қаңтарында Торғай қаласында ашылып, Ыбырайдың өзі соған мұғалім болады. Сөйтіп Ыбырай Алтынсарин 1864 жылдан 1889 жылға дейін жиырма бес жылдық өмірін қазақ балаларына арнап мектеп ашу, оларды оқыту, тәрбиелеу, оларға арнап оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік кітаптар жазу жұмысына сарп етеді. Осы жылдардың ішінде ол қазақ қыздары үшін мектеп-интернат, ауыл шаруашылық және қолөнер училищелерін аштырды. Өйткені ағартушы ғалым, әрі өз халқының ұлы патриоты қазақ халқының жарқын болашағын тек оқу-ағарту ісімен, білім-ғылыммен, сол білім-ғылымды ел ішіне көптеп тарата алатын мектеппен байланыстырған. Сондықтан да ол: «Мектеп – қазақтарға білім берудің басты тұтқасы. Үміт мектепте, қазақ халқының келешегі мектеппен байланысты», - деп жазған болатын.

Ыбырай қазақ балаларына арнаған мектеп ашумен бірге онда қызмет істейтін, балаларды оқытып, тәрбиелейтін кадрларға, атап айтқанда, мұғалімдерді даярлауға аса зор мән берген. Ол мектептегі ең басты тұлға – мұғалім деп есептеген. Жақсылап салынған мектеп үйі, болуы мүмкін, тамаша жазылған оқу құралдарын да табуға болады. Бірақ бұлардың жақсы мұғалімсіз берері шамалы деп есептеген. «Халық мектептері үшін ең керектісі оқытушы. Тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы өкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілген инспекторлар бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды. Сондықтан да мен жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін», - деп жоғары балады.

1879 жылы Ыбырай Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалды. Оның еңбегінің арқасында білім беру саласы қазақ даласында кең орын алды. Атап айтқанда, облыстың барлық уездік қалаларында училищелер ашу қолға алынды. Ол осы мақсатпен Торғай облысының қазақ ауылдарын түгел аралап шықты. Халықтан қажетті қаржы жинастырды. Соның нәтижесінде Ырғыз, Николаев, Торғай және Елек уездерінде екі сыныптық орыс-қазақ училищелерін ашты. Оларды мұғалімдермен және оқушылармен толық қамтамасыз етті. Ол мектептердің жабдықталуына, олардың жанында шағын кітапханалар ұйымдастыруға ерекше күшті мән берді. Қазақстанда қыз балаларға білім берудің басталуы да Ыбырай Алтынсариннің есімімен байланысты. Аса көрнекті халық ағартушысының басшылығымен қыз балаларға арналған бірнеше мектеп ашылды. Ол мектептердің жанында интернаты болды. 1886 жылы мектеп-интернаттарда 211 қыз бала оқыды. Ыбырай Алтынсарин мектепті халық ағарту ісінің маңызды буыны санады.

Ыбырайдың ағартушылық қызметінде балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысы ерекше орын алатындықтан, оның шығармаларының көбісі оқу-білімге, ағартушылық идеяларға бастайды. Өзінің мектеп өміріндегі тәжірибесін Ушинскийдің, Толстойдың педагогикалық озат пікірлерін, тағы басқа да материалдарды қорыта отырып, Ы.Алтынсарин – «Қазақ хрестоматиясы» (1879 жылы) мен «Қазақтарға орыс тілін оқыту жөніндегі бастауыш басшылық» деген екі кітабын жазды. Бұл еңбектер кезінде қазақ халқының мәдениетінің тарихында аса зор оқиға, үлкен ғылыми табыс ретінде жарыққа шығуы өз кезінде қазақ халқы үшін сирек кездесетін тамаша жаңалық болды. Алтынсарин алғаш балаларға арнап жазған әңгімелерін өзінің төл өлеңдеріне қосып сол хрестоматиясына енгізді. Осы қысқа әңгімелерінде ол жас шәкірттерді адамгершілікке, ізгілік пен бауырмалдыққа, адал еңбек пен әділдікке, әдептілік пен сабырлыққа, зейінділік пен білімді еркін игеруге шақырады. Ыбырай прозасының басты ерекшелігі қазақ халқының мәдени - әлеуметтік өмірін арқау ете отырып, жаңа буын жастардың өсіп жетілуіне қажетті түзілім міндеті туралы Н. Н. Ильминскийге жазған хатында: «Қазақ балаларына, меніңше мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер керек. Өлең жағын мен мүмкін болғанынша қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын. Екінші кітабымды мен балаларға қызықты етіп, табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы, тарих және географиялық ғылыми әңгімелер келтірмекпін». Бұдан тұңғыш ұстаздың шәкірттерге ғылымын әр саласынан тыңғылықты білім беретін пәндік оқуды енгізуді ойластырғанын көреміз.

Сондай-ақ, жазушының балаларды әдеп пен әділеттілікке, қанағатшылдық пен жомарттыққа, сақилық пен тазалыққа, ізеттілік пен бауырмалдыққа шақыратын әңгімелеріде бір төбе. Бұлардың ішінде жан – жануар тіршілігінен алып жазылғандары да аз емес. Мысалы, «Түлкі мен қарға», «Сауысқан мен қарға», «Қарға мен құрт» және т.б. Алайда, оның балалар табиғатына жақын, қазақ өмірінен алып жазған шығармаларының өзі аса елеулі. Осы орайда қара сөзбен келсе де айтыс өнерін еске түсіретін «Жан – жануарлардың дауласқаны», «Байұлы», «Жәнібек батыр» тәрәзді топтамалары тапқырлық, шешендікке баулуды мақсат етеді. Ыбырай өз әңгімелерін де шешендік, нақыл, аталы сөздерді жиі қолданып отырады. Айталық, ол «Әке мен бала» әңгімесінде ақыл – насихатқа толы: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың. Азға қанағат ете білмесең, көптен құр қаларсың» жолдарды ұсынса, «Қыпшақ Сейітқұлда»: «Сейітқұл жұрт ағасы болды, енді сол жұртының адал бейнет, табан ет, мандай термен тапқан дәулетін аңдыған жаудан, ұрыдан, даладағы бөріден сақтаудың қамын ойлап, уайымға қалды», - деп шешендік үлгіде сөйлейді.

Ыбырай әңгімелерінің негізгі түйіні: жас буынды өнер – білімге үндеу, адамгершілік мінез – құлыққа тәрбиелеу болып табылады. Ол ел- жұртқа қажет білім мен өнерді игерудің төте жолы тұрақты мектептер арқылы іске асады деп санады. Сондықтан ағартушы қазақ халқын егін егіп күн көретін отырықшылыққа шақырады. өз әңгімелерінде отырықшылықтың артықшылығын дәлелдеуге ерекше зер салады. Ыбырайдың «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй» деген ықшам жазылған қысқа әңгімелерінде дәл осындай жағдайлар суреттеледі.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген «Тәртіптің шындыққа айналуы тәртіптілік сезімін тудырады»-деген ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Сондай-ақ тәртіп оқушының мектеп ережесіне бағына білу мен шын еркіндіктің табиғи бірлігі дегенді де ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин жазған. Міне, кезінде аса көргендікпен көпшілікке ұсынған осы ұғым тұжырымдары қазір де қажетімізге жарап жүр.

Еңбекті қадірлеу-оның шығармаларының басты тақырыбы өсиет, өнеге айта отырып, ой саларлықтай салмақ тастады. Адамның мінез-құлқын қалыптастыруда тәрбие рөлінің ерекшелігіне тоқталып, «бағып-қағып үлкен мән бер бала тәрбиесіне» жеміс ағашын өсіруші бағбан еңбегімен парапар. «Дүниедегі жақсы атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен бойымызда дарып, сіңеді»-деп тұжырым жасайды.

Ыбырайдың оқу-ағарту ісіндегі тағы бір жаңалығы қазақ жастарына кәсіби мамандық беру мәселесін қолға алуы болды. Ол Торғайда, Қарабұтақта қолөнер училищесін, Қостанайда ауылшаруашылығы училищесін ашып, қазақ жастарына қажетті мамандар даярлау ісіне зер салды. Ыбырай Алтынсариннің ұсынысымен және Орынбор оқу округінің белгілі қайраткері В.В.Катаринскийдің қолдауымен қолөнер мектебі 1883 жылы Торғауда ашылды. Бұл мектеп Орскіде де ашылды. Қазақ жастарын орыс мәдениеті мен біліміне тартуда Ы. Алтынсариннің басшылығымен қазақ қыздары үшін ашылған пансионаты қыздар училищелерінің маңызы зор еді. Қазақ қыздарына тұңғыш білім беру ісіне жол ашқан да Ы.Алтынсарин болды. Ол Ырғызда қазақ қыздарына арнап интернаты бар мектеп аштырды. Мұнда негізгі оқу пәндері-тігіншілік өнері болды, онымен бірге қазақ қыздары орыс тілін (жазу,оқу) және арифметиканы оқыды. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесінің жетістігі барлық типті мектептердегі қазақша-орысша оқытудың сабақтастығы еді.

Ыбырай өзінің бүкіл саналы өмірін қазақ халқының жаңа буынын тәрбиелеп, олардың озық мәдениетті елдерден үлгі ала отырып, білімді де саналы азамат болып жетілуіне айтарлықтай үлкен үлес қосты.Ыбырайдың бұл тарихи қызметі кезінде өзінің замандас достары Н.И.Ильминскийдің, А.А.Мазохиннің, Ф.Д.Соколовтың, А.В.Васильевтің, А.Е.Алекторовтың, Ф.Балғымбаевтың естеліктерінде жылы ілтипатпен аталып жоғары бағаланды. Алайда ұлы ағартушының сан қырлы педагогикалық, ғылыми зерттеулері, сондай – ақ өлеңдері мен прозасы , аудармалары біздің заманымызда ғана терең зерттеліп, өзінің тиісті , әрі байсалды бағасын алды. Қоғамдық ой – сананың дамуына өзіндік үлес қосқан ұлы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин есімі де тұрады.Ұлы ғалым – педагог Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және «Таза бұлақ» деген оқу – әдістемелік еңбектері қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында аса зор оқиға болып бағаланады. Және болашақ ұрпақтың ақыл ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік , эстетикалық еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі болып есептеледі. Жеке тұлғаны оқу мен өнерге , мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор – қазақ фольклорына ерекше назар аударды. Бұлдан ұлы ағартушының істеген

ісінен, шығармаларынан бала тұрғысынан қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.

Қазіргі уақытта қазақ қоғамы үшін адал еңбек ету, әсіресе жас ұрпақтың жалқаулық, ұрлық, сыбайлас жемқорлық сияқты келеңсіздіктерден аулақ болғаны мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін қажеттілік. Сонда ғана мемлекетіміз еңбекпен өскен, көркейген, өз байлығын өзі игерген әлемдік деңгейдегі елдер қатарына қосылды. Ал бұл жастарымыз бойында оқумен, біліммен, тәрбиемен, жалпы руханиятымызбен ұштасқан дүниетанымызбен қалыптасатын дүниеліктер. Бұл істің жүзеге асуында Ыбырай Алтынсарин сияқты ағартушы-ұстаздың таным- тағылымдық, тәрбиелік мәндегі әңгімелерінің де өзіндік орны бар екені ақиқат.

Сонымен, Ыбырай Алтынсарин – XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның білім беру жүйесінің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлесін қосқан ағартушы. Жаңаша мектептер ашып, жаңаша білім беру жүйесін құруға еңбек сіңірген ұстаз. Қазақтың оқу-ағарту саласының темірқазығы саналатын Ыбырай Алтынсариннің мұраларын жеткізе зерттеп, оны ұстаздардың ұстазы деп қастерлеу, қадір түту – біздің міндетіміз. Оқу-тәрбие ісінде Ыбырай салған ағартушылық жолды жалғап, Ыбырайша жанашылдықпен дамыту – басты бағдарымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2007. – 214б.
2. Әлемдік педагогикалық ой-сана, 10 том, “Таймас” баспа үйі, 2010ж.
3. Қазақ әдебиеті 9-сынып “Мектеп” баспасы 2013ж.
4. Ы.Алтынсарин тағылымы. – Алматы 1991 ж.
5. «Қазақ тілі мен әдебиет» журналы. 2008ж, № 4,5
6. Бес ғасыр жырлайды. I том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 245б.
7. Өзіндік таным № 2, 2007. № 5-6, 2006.
8. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Білім, –320 б.

ӘОЖ 343. 211

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

БАЙДУАН Н.Ф.

№ 18 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается просветительская ценность произведений Ибрая Алтынсарина.

Summary. The article examines the educational value of the works of Ibrai Altynsarin.

Қай халықтың да өсіп, кемеліне келіп – ғасырлармен саналатын ұзақ процестің нәтижесі, қорытындысы. Мұны ғылым жолымен алуан заңдылықтар арқылы да дәлелдеуге болады. Ал халықтың күнделікті өмірінде тіршіліктің өзіндей қарапайым заңы болып келген. Ол жақсылығы мен жамандығын өмір сабағы, тәжірибесі көрсетіп, дәлелдеп отырған нәрсенің жаманынан қашып, жақсысына ұмтылу, сөйтіп тұрмысын, тіршілігін сақтау, ұлғайту, жалғастыру.

Ыбырай өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды. Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүниежүзіндегі педагог – ғалымдардың ертеден бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогі Ыбырай Алтынсарин. Бұл мәселе жөнінде ол көптеген педагогтердің, әсіресе орыстың алдыңғы саптағы ұлы педагог – ғалымдары К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Бунакаковтармен пікірлес болды.

Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін елдің "желкілдеп өскен көк шөптей" жас ұрпағын оқытып, тәрбиелеуге,

қазақ жерінде жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландыруға, кәсіп түрлеріне үйретуге арнаған.

Ы.Алтынсарин өз шығармаларында адамның бойындағы ұлы қасиет – адамгершілік, рухани тәрбиенің маңыздылығын ең басты құндылық деп санады. Ыбырай әңгімелерінің құрылымы, мән-мағынасы, тәрбиелік мәні бала санасына ерекше әсер етіп, баланың қызығушылығын оятып, баланың бойына тереңнен тәрбие нәрін құйып, қоғамда адамгершілігі жоғары адамдар қалыптастырады.

Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі. Ибалы ұл, инабатты қыз – өмір көркі. «Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені» – деп келер ұрпаққа тәрбие беріп, адал ниет, ақ тілек білдіріп отырған. Рухани-адамгершілік тәрбиесі өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани - адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе. Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады.

1882 жылы Торғай облысындағы оқу жұмысының жайы туралы есеп кітапшасында, Ы.Алтынсарин Торғай обылыс, мектеп инспекторы қызметін атқарғандағы мектептегі оқу және тәрбие жұмыстары жайлы өз жазбасында былай делінген: «Жалпы айтқанда, біздің негізгі сеніміміз бойынша, қазақ балаларына, басқа білімнің барлығына да гөрі, мүмкін болғанынша орыс тілі мен жазуын жіті білу керек. Сондықтан, менің қарамағымдағы мектептердің басты міндеті қазақ балаларына орыс тілі мен орысша дұрыс жазуды үйрету болып табылады. Осы себептен, мысалы, тарих, география сияқты пәндердің бәрін оқыту жұмысы басты міндетке байланыстыра қойылып отыр; бұл пәндер түсініп оқуды, оқығандардың ауызекі айтып шығуды, ал одан кейін жазба түрде баяндауды талап етеді, сондықтан, оқушылардың осы пәндер жөніндегі білімдерін көбейтумен қатар, олардың орысша түсінесе білуіне және өздерінің сөзбен түсіндіргендерін, ойларын жазып бере білуіне айтарлықтай көмектеседі...

Бірақ бұл арада мектептер өз бетімен жеңе алмайтын бір жаман жағдай бар. Көптеген қазақ балалары сүйектеріне біткен тиянақсыздық себепті, оқуларын бітірмей, мектепте бір немесе екі жыл оқығаннан кейін аулында қалып қояды, бұған кейде ата-аналары себепші болады; мысалы осы есеп беріліп отырған жылдар ішінде 19 бала, 1881 жылы 18 бала, 1880 жылы 21 бала оқудан шығып кетті. Сонымен, кейбір реттерде оқытушылардың да және оқушылардың да еңбектері ешкімге елеулі пайда келтірмей босқа кетеді. Мұндай жағдайдан құтылу үшін, мен кейбір оқытушылар мектебінің үлгісі бойынша, балаларын мектепке алмастан бұрын олардан балалары оқуын толық бітіргенге дейін мектептен шығарып алмаулары жөнінде қолхат алынатын, ал мектепті бітірмей алып кеткен күнінде балаларын уақытша тәрбиелеуге жұмсалған шығынның бәрі олардан өндіріліп алынатын болсын» - деген ұсынысын білдірген, бірақта аталған ұсыныс облыс бастықтары тарапынан мақұлданылмады. Жоғарыда айтылған Ы.Алтынсарин есебіне мән берер болсақ, қазақ балаларының болашағы мен олардың біліміне деген жанашырлық пен үлкен еңбектерін байқауға болады [2, 150 б.]

Ұлы ағартушы, біріншіден, орыс-қазақ мектептеріне тек орыс тілін ғана оқитын, оқу, жазуды ғана үйрететін мектептер деп қарауға болмайтынын ескертіп, ол мектептерден оқушыларды, тазалыққа дағдыланатын, әрнәрсеге де дұрыс ақыл-оймен қарай білетін етіп шығару керектігін айтқан болатын.

Екіншіден, қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құрғақ, жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп қарады [1, 28 б.].

Үшіншіден, Ыбырай Алтынсариннің бала тәрбиесіне қатысты ұлы ағартушылық идеясы оның көркем шығармаларында да, ғылыми мақалаларында көрініс тапты. Ол өзінің әңгімелері арқылы қазақ балаларының заманына лайықты озық азаматтық көзқарасын қалыптастыруды көздеді. Оның бұл педагогикалық қағидалары күні бүгінге дейін бала тәрбиесіндегі маңызын жойған жоқ.

Алтынсарин көркем шығармаларын жұртшылыққа түсінікті тілде жазды. Оның шығармаларында халықтың көркем сөздіктері қорытылып, біркелкі қалыпқа түсірілді. Ыбырай Алтынсарин мектеп үйлерін, жөндету жұмыстарымен айналысты. Сонымен қатар, мектептердегі оқу, тәрбие жұмыстарын да тиісті дәрежеге көтеріп, шаруашылық жағын тұрақты қалыпқа жеткізудің шараларын қарастырады. Жастарға білім мен тәрбие беруде тек қазақ балалары ғана емес, сонымен қатар өзге халықтардың да балаларына тиісті көңіл бөліп, лайықты қамқорлық жасау интернационалист ағартушы Ыбырай Алтынсарин әр кез өзгеше биік деңгейде көрсетеді.

Ыбырай Алтынсарин уездік қалаларда 4 орталық орыс-қазақ училищелерін, бір қоленері училищесін, 5 болыстық мектептерді, орыс балаларына арнап 2 мектеп ашып, оларды тегіс жабдықтады. Ол ағартушылық қызметінде балаларды оқыту және тәрбиелеу, мұғалімдердің беделін кетеру, рөлін арттыру мәселелері үлкен орын алады. Ол мұғалімдер оқушыларын өз балаларындай көрулері керек, сонда ғана оқу жұмысы ойдағыдай ілгері басады деген болатын.

Халық ағарту жұмысын ілгері дамытудағы мұғалімдердің рөлін Ыбырай Алтынсарин былайша бағалады: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді, сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісімізде де, қазақ мектептерінің бар келешегі, кебінесе, істің қазіргі басталуына байланысты; сондықтан да мен кәзір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат керемін... Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы [1, 28 б.],– деп жазды. Ыбырай Алтынсарин, – тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» [1, 28 б.] деген.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағынасы қызғылықты ұсақ әңгімелер жазды. Автордың бұл әңгімелерінің балалар үшін, тәрбиелік рөлі ерекше болғандығы күмән туғызбайды.

Қазақ балаларын оқып білім алуға шақырған үндеуін «Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдері арқылы жеткізді. Ыбырай Алтынсарин өзінің белгілі шығармасы «Қазақ хрестоматиясында» (Орынбор, 1879 жыл) «Сөзбасы» деген атпен бастырды. Демек, бұл өлеңінде қазақ жастарын автор оқып білім алуға үгіттеді, өткір тілмен, майда сөзбен үндеу ретінде жазды. «Балғожа бидің баласына жазған хаты» сол «Қазақ хрестоматиясының» ішінде «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаты» бөлімінде басылған өлеңінде балаларға оқудың маңызын ұғындырды.

Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Аурудан аяңған күштірек», «Мейірімді бала», «Палқан деген ит», «Қанағат», «Өтіріктің залалы», «Төкаппаршылық» т.б. бұл әңгімелері жастарды әдептілікке, сабырлыққа, салмақтылыққа және әділ, мейірімді, қайырымды болуға тәрбиелейді. Оның басқа әңгімелерінің де түйіні жастарға өнегелі тәрбие беру екендігін көреміз.

Ол өзінің «Сәтемір-хан», «Талаптың пайдасы», «Зиректік», «Білгеннің пайдасы», «Әдеп» тағы басқа әңгімелерінде балаларды білім алуға, зирек болуға үгіттеді. Мысалы, «Талаптың пайдасы» деген әңгімесінде, ынтасымен оқудың, зеректіліктің нәтижесінде осы әңгіменің кейіпкері Матвей деген кісі бүкіл Ресейге белгілі суретші болып шығады. Басқа әңгімелерде де автор білімді дәріптеді. Бірсыпыра әңгімелерінде жастарды еңбек сүйгіш болуға, ұқыптылыққа дағдылануға шақырады. Бұл тақырыпқа арналған әңгімелері: «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бір уыс мақта», «Дүние қалай етсең табылады» тағы басқа шығармаларынан көруге болады.

Үй салу, егін кәсібімен шұғылдану, т.б. халқымыздың дәстүрлі шаруашылық мәдениетін ұлттық тұрмыс-салтын жастарға дәріптеуінен, Ыбырай Алтынсарин бірнеше әңгімелер жазды. Әсіресе, «Қыпшақ Сейітқұл», «Малды пайдаға жарату», «Киіз үй мен ағаш үй» деген әңгімелерінде, автор қазақ жастарына көшпелі өмірден отырықшылық тұрмыспен айналысу, жер кәсібімен шұғылдану заман талабы екендігін сездіртсе, «Бай мен жарлы баласы», «Лұқпан әнін», «Малды пайдаға жарату» деген әңгімелерінде, автор сол кезде қазақ жастарына, тұрмыс тіршілікке бейімделуге шақырған нақты мысалын көреміз.

Балаларға арналған шағын әңгімелерін жазуда, ол орыс жазушыларының (Крылов, Толстой т.б.), орыс педагогтерінің (Ушинский. Паульсон) шығармаларын үлгі етті, немесе солардың кейбір қызықты әңгімелерін қазақ тіліне аударды, аударғанда оны қазақ балаларының мінез-күлқына қазатын ұлттық тәрбиесіне сәйкестіре, өзгерте аударды. Ол орыс жазушыларының әңгімелерін сөзбе-сөз аударған жоқ, мағынасына да, сөз құрылысына да өзгерістер енгізіп аударды. Ол өзінің балаларға арнаған әңгімелерінде қазақ балаларының халқының ұлттық мүддесін көздейтін елжанды патриот жастарды тәрбиелеуді көздеді. Оның жазған мысал әңгімелері күні бүгінге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жойған жоқ.

Өз өмірін түгелдей білім беру ісіне арнаған Алтынсарин негізін қалап берген білім беру жүйеміздің ақыры жаман болмағанын бүгінгі өміріміз көрсетіп отырғандай. Ыбырай – халқымыздың шын мәніндегі тұңғыш институты. Оның өшпес идеялары тек өзінен кейінгі ондаған жылдарда ғана толық жүзеге асып, өлмес, өшпес сипат берді. Ыбырайдың есімі де, еңбегі де туған халқымызбен бірге алдыңғы сапта мәңгі өмір сүре береді, күресе береді.

«Туған елге пайдалы іске қолдан келгенінше үлес қосу – әрқайсысымыздың міндетіміз», – деп кеткен ғұламамыздың сөзі де, ісі де әрқайсысымызды өмірге құлшынып, жаңа ғасырлардан жалғасын таба беруі керек [3, 182 б.]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы: Білім, 1955. – 413 б.
2. Балалар мен жасөспірімдер кітапханасы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 315 б.
3. Әнуар Дербісалин. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Арна, 2005. – 215 б.

ӘОЖ 343. 211

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІ – БАЛАЛАРҒА РУХАНИ АЗЫҚ

САПАРБЕКОВА А.Д.

№ 18 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье рассказывается о воспитательном значении рассказов Ибрая Алтынсарина. Основная идея произведений Ибрая Алтынсарина – воспитание детей. Отмечается, что очень важно воспитывать ребенка с раннего возраста на нравственность и доброту, честность и великодушие. В статье проанализированы некоторые произведения великого учителя. Выражена большая мотивация педагога-просветителя к обучению детей и трудности в открытии школы. Статья посвящена трудам учителя Великой степи, призвавшего народ учиться и призывает народ чтить великие имена.

Summary. This article describes the educational significance of the stories of IbrayAltynsarin. The main idea of the works of IbrayAltynsarin is the upbringing of children. It is noted that it is very important to educate a child from an early age on morality and kindness, honesty and generosity. The article analyzes some of the works of the great teacher. The teacher-educator's great motivation to teach children and difficulties in opening a school are expressed. The article is devoted to the works of the teacher of the Great Steppe, who called on the people to learn, who called on the people to honor great names.

Халқымыздың ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған зиялылар көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы, қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп, ел игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсеткен, XIX ғасырдың екінші жартысында шолпан жұлдыздай жарқырап әлем көгіне шыққан, ұлт тарихында аты мәңгі өшпейтін кемел тұлға-Ыбырай Алтынсарин қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алған педагог, демократ. Ыбырай Алтынсариннің қазақ даласына, қазақ баласына еткен еңбегінің бағасы өте жоғары. Халқына шын жанашыр тұлға десе мен Алтынсаринді айтар едім. Ұлы педагог, ақынның әр шығармасы үлгі-өнегеге толы. Тәрбиенің таза бұлағы дер едім. Шығармаларынан адамгершіліктің жоғары көрінісі мен тәрбиенің тереңдігін көреміз. Осындай асыл тұлғаның туылғанына биыл 180 жыл толып отыр. Ұлы ағартушының осынау мерейтойы қарсаңында шығармаларына тереңірек үңіліп талдау жасауды жөн көрдім.

Мектепті үздік бітірген ол 1857-1859 жылдары арасында өз атасы Балқожа бидің писері (қағаз көшіруші) болады да, 1860 жылы Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаштыққа орналасады. Кейіннен өз қалауы бойынша Торғай қаласындағы бастауыш мектепке мұғалім болып келеді, ел ішінде орын алған сауатсыздық пен білімсіздікке қарсы ашық күреседі.

Осы кезден бастап, бұл бағыттағы асыл арманы Алтынсариннің ағартушылық педагогикалық қызметі басталады. Сонымен бірге, Ресейде басталған азаттық қозғалыстың өрлеу кезінде қазақ ағартушыларының демократиялық идеяларының белсенді жаршысы болды. Ағартушылық қызметінің алғашқы қадамдарында кездескен кедергілердің бірі-ол кездердегі шалғай түкпірдегі мектеп ашудың қиындығы, қаражат, мектеп үйі, оқу құралдарының жетіспеуі. Оның үстіне осындай ізгілікті іске қараңғы орта -облыстық басқармадағылар да, жергілікті әкімшілік те салқын қарайтыны, оқу мен білімге деген надан әкімдердің енжарлығы да болды. Бірақ соның бәрі оның талабын қайтара алмады, ағартушылық идеямен қанағаттанған Ыбырай халықтың мұң-мұқтажы мен арман тілегін

орындау мақсаты оның көздеген мақсаты болып сол арманға жетуге құлшына кірісті. Ол мектеп ашуға ел-елді аралап қаражат жинауға кірісті.

Сонымен, Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылысын, тұнғыш берілетін білімнің бағыт-бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке қажетті оқу-құралдарын дайындады. Мектеп ашып, балаларды білім нәрімен сусындату асқақ арманы болды. Осы игі ісін қолдаушылар мен даттаушылар да кездесті. Қараңғылықтың белең алып тұрған тұсында бұл қиындықтардың болуы заңды да шығар.

Қазақ халқының ұлы ағартушысы Ыбырай Алтынсарин шығармалары қазақтың қара домалақ балалары үшін үлкен мағынаға ие. Әсіресе, оның «Қазақ хрестоматиясы» оқулығы мектеп табалдырығын енді ғана аттаған бүлдіршіндерге рухани азық болды. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілейін деп тұрған өтпелі кезеңінде Ыбырай жас жеткіншектерге ой салатын, тәрбиелік мағынасы мол, түрлі қызықты әңгімелерді көптеп жазуға тырысып бақты. Мысалы, ағартушының «Мейірімді бала» әңгімесі тәрбиелік мағынаға тұнып тұр десек артық айтпағанымыз. Оған дәлел ретінде Сейіт бала туралы мына бір әңгімесіне құлақ түріп көрелік: Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалады. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып танып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатады. Сонда сынықшыкісі:

-Аяғың ауырмайма, қабағыңды да шытпайсың? -депсұрайды. Сейіт, шешесі шығып кеткен соң, демін алып сынықшыға сыбырлайды:

- Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, әжем де қиналып, жүдемесін деп, шыдап жатырмын,- дейді.

Сейіт өзінің жас шамасына қарамастан жіберген қатесін түсінді. Ол екінші рет зар жылап, көз жасын көлдететін болса, ардақты ананың баласының еңіреген даусын ести алмай, талып қалатынын алдын ала сезгендей болды. Онсызда баласының қамын ойлап, зыр жүргіріп жүрген анасына қосымша жүк болмауды ойлады. Ер жігітке тән мінез көрсетті. Ішінен: «анашым сәл шыда өсуіме аз қалды» дегендей сезім қалдырды. Сейіттің мұндай іс-әрекеті екі түрлі мағына береді: алғашқысы балалықтан өтіп жауапты да дербес жетілгендікті білдірсе, екіншісі түн ұйқысын төрт бөлген анасын ерекше қастерлегенін айшықтайды. Ыбырай Алтынсарин «Мейірімді бала» әңгімесінде адамдық қасиеттерді жақсы сипаттаған. Бүгінгінің тілімен айтқанда ана мен бала арасындағы ерекше байланысты психологиялық тұрғыда еркін жеткізген.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының бүгінгі күнге дейінгі жеткен тәрбиелік мәнінің мазмұны әлі де қолданыста. Жақында мектебімізде Ыбырай Алтынсариннің мерейтойына қарсы ұйымдастырылған іс-шарада мектеп оқушылар мен мұғалімдері әңгімелер желісінде көріністер құрып, оқушыларға мағынасын тереңірек меңгертті.

Ыбырай Алтынсариннің ұрпағына қалдырған мұрасы –ұлан-ғайыр. Небәрі жарты ғасырға жуық өмір кешкен ұстаздың өнегелі еңбегі жан – жақты зерттеліп, туған халқының керегіне жарауда. Оның күні бүгінге дейін мектеп оқушыларының әнұраны іспетті «Кел, балалар, оқылық» атты өлеңінің неге тұрады?! «Біз болмасақ, Сіз барсыз, үміт еткен достарым», - деп өзі бастаған оқу – ағарту жұмыстарының алуан қырлы асқарлы істерін, бүкіл ұлт болашағын келер ұрпағына үлкен үмітпен жүктеп, келешектен қуаныш күткен ұлы ұстаздың тындырғаны көп болса да, түнек құрсауындағы қалың елінің білім нәрінен жаппай сусындатып, ғылым мен өнер үйренуінен армандауымен кеткен. Ыбырай салған сара жол – бұл күндері қанатын кеңге жайған, тамырын тереңге жіберген, экономикасы мен мәдениеті дамыған тәуелсіз Қазақстан Республикасының білім шаңырақтарында жалғасын табуда.

Ыбырай Алтынсаринның шығармаларын зерттеу арқылы ол шығармалардың жеке тұлғаны қалыптастыруда алатын қаншалықты маңызды екенін көрсету. Алтынсаринның шығармаларының, соның ішінде әңгімелерінің және өлеңдерінде айтылған мәселелердің әлі күнде өзекті екендігін айқындау. Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүниетанушылық көзқарасын кеңейту үшін «Қазақ хрестоматиясының» тек өз кезі ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да ол талай жылдар талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелер: еңбек сүюшілік, оқу, өнерге ұмтылушылық, отанын-елін сүюшілік, талаптылық, жігерлілік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әрекеттерден аулақ болуына жол көрсетті. Мысалы, Хрестоматияға енгізілген

өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана-сезіміне лайықталынып, педагогика ғылымының міндетті түрде тәрбиешілерден талап ететін әдіс мәселесінің берік сақталынуы өз алдына, сонымен қатар жоғарғы аталып өткен оқу, еңбек, талап, мейірімділік, тағы басқа тақырыптарға арнаулы, қолға таяқ ұстатқандай әңгімелерді әдейі, саналы түрде таңдап алғандығын да көрмей кетуге болмайды.

Оның «Хрестоматиясының» бірінші беттерінен-ақ балаларды оқуға, өнерге, ұқыптылыққа, тазалыққа, мейірімділікке шақырған әңгімелер мен өлеңдер жиі кездеседі.

Ыбырай шығармаларының басты тақырыбы – еңбек. Ол еңбек адамның өмірі үшін ерекше маңызды рөл атқарады, еңбексіз өнер де, білім де қолға келмейді деп еңбекті бірінші орынға қойып, тәрбие негізі адал еңбекте деп тұжырым жасайды. Оның бұл тақырыпта жазған көптеген әңгімелері бар. Мысалы Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш, Бай баласы мен жарлы баласы, Қыпшақ Сейтқұл, т.б. Жазушының бір топ әңгімелері адамгершілік тәрбие мәселесіне жазылған. Адамзат баласы шыр етіп жерге түскеннен бастап ата-ананың аялы алақаны мен ыстық ықыласына бөленіп өсетіні белгілі. Ата-ана баласына небір асыл қасиеттерді үйретіп, жақсы азамат болуын тілейді және үміттенеді. Бұл тақырыпта да жазған шығармалары бар. Мысалы Асыл шөп, Бақша ағаштары, Таза бұлақ т.б. Әр әңгімесінде тәрбиенің ізі жатыр. Оны түсініп оқыған адам ғана ұлы ұстаздың шебер тәрбиеші екеніне көзі жетеді.

Әңгіме – оқиғаны баяндауға негізделген қара сөзбен жазылған көркем шығарма. Әңгімеде бас-аяғы жинақы, тиянақты бір оқиға айтылады. Ыбырай шығармалары қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Себебі, әңгімелерді бастауыш сыныптан бастап оқып жүрміз. Әңгімелердің мазмұны жеңіл, есте тез сақталады әрі тәрбиелік мәні де терең. Аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді.

Сондықтан да Ыбырай Алтынсаринді балалар әдебиетінің негізін салушы дейміз. Бүгінгі сабағымыздың нысанасы әңгімедегі тәрбие мәселесі. Тәрбие мәселесі бүгінгі өмірде де өз маңызын жойған жоқ, тіпті күн тәртібіндегі өзекті мәселе екенін де білеміз. Ана мейіріне қанып, әке өсиетін тыңдап өскен бала ғана түбінде жылы жүректі азамат болары сөзсіз, олай болса, Ыбырай әңгімелерінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымдар беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин шығармалар жинағы. – Алматы: Білім, 1955 – 275б.
2. <https://surak.baribar.kz/surak.png> сайты
3. Zharar.com сайты

ӘОЖ 343. 211

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ДАНАЛЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІККЕ БАУЛИТЫН ТҮЛҒА

УСЕНКУЛОВА А.А

№ 18 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В этой статье рассказывается о значительном вкладе выдающегося просветителя-демократа второй половины XIX века Ибрая Алтынсарина в историю процветания общественной мысли Казахстана. Особое внимание он уделил вопросу воспитания подрастающего поколения. И.Алтынсарин предложил основные подходы и пути решения социально-педагогических проблем в Казахстане. Основатель заложил основы строительства первой школы, определил направления начального образования, объяснил его содержание и значение для широкой общественности, подготовил необходимые для начальной школы учебные пособия.

Summary. This article tells about the significant contribution of the outstanding educator-democrat of the second half of the nineteenth century, IbrayAltynsarin, to the history of the prosperity of public thought in Kazakhstan. He paid special attention to the issue of educating the younger generation. I. Altynsarin proposed the main approaches and ways to solve socio-pedagogical problems in Kazakhstan. The founder

laid the foundations for the construction of the first school, defined the directions of primary education, explained its content and significance to the general public, prepared the textbooks necessary for primary school.

Қазақ тілін үйренудің даму тарихи кезеңдеріне көз жүгіртсек, тіл үйренушінің сол кезеңдегі мұқтажын, талабын қанағаттандыруға және заманауи талапқа сай қызмет еткендігін білеміз. Елдің тарихи дамуына байланысты қазақ тілінің дамуына нақты қойылған міндеті де болды. Тіл үйренудегі туындаған мәселе заман талабына сай өзгеріп отырды. Сонымен қатар пікірлер де алмасып, идеялар да толықтырылып отырылды.

Қазақ халқының ұлы перзенті Ыбырай Алтынсарин – қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырып, тұңғыш халық ағартушысы атанып қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күресіп, халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсетті, бүгінде білім беру мазмұны Ыбырай Алтынсаринның жасаған игі істерімен жалғасын тауып жатыр. XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократ – Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол өзінің орыс достарына жазған бір хатында «... Мәселенің мәнді жері мен мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек. Сөйтсек ол кітаптарды жұрт бірден қолға алып оқиды, бұл кітаптар, татар кітаптарымен қатар, татар кітаптарымен қатар, зор күш болар еді»- деп, өзінің шынайы ағартушылық идеяларын орыс-қазақ мектептерін ашу және шәкірттерді өз ана тілінде оқыту арқылы идеяларын іске асырып отырды.

Ы.Алтынсарин қазақ шәкірттерінің таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдарын жазу мәселесімен шұғылданғанына К.Д.Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н.Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Б.Ф.Бунаковтың «Әліппесі мен оқу құралы», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» оқу құралдарын басшылыққа алған. Орыс педагогтарының үлгісімен Ыбырай шығарған «Қазақ хрестоматиясы» мен «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» сол кездің баға жетпес құнды құралы болып табылды.

Педагогтың еңбектері тіл үйренушілерге ұсынылатын тілдік материал ең алдымен лингвистика ғылымына негізделген. Ал лингвистика әдістеме үшін базалық ғылым болып саналады. Оның ережелері шет тілге үйрету жүйесін құрудың негізін қалайды. Тіл біліміндегі тілдік фактілердің нақты, дау тудырмайтын, шешімін тапқан мәселелері ғана тіл үйренушілерге жеткізіледі. Тіл үйренушілерге берілетін білім мазмұны, көлемі және оны оқытудың жүйесі жан-жақты сараланып, ғылыми мәліметтер жалаң теория түрінде ғана емес, өмірмен байланыстыра отырып ұсынылады. Ұлы педагог ғылым негіздерін балаларға қызықты, түсінікті етіп беруге ерекше көңіл бөліп орыс тілі, ана тілі, арифметика сабақтарына, сөзді бір тілден екінші тілге аударуға ерекше назар аударған. Мысалы, арифметиканы қазақ тілінде оқытып, мысалдарды балалардың күнделікті өміріне жақын фактілер келтіре оқытуды, біртіндеп жеңілден ауырға қарай жылжуды талап еткендігі оның А.А.Мозохинге, Ф.Д.Соколовқа, Ғ.Ғалымбаевқа т.б. мұғалімдерге жазған хаттарында келтірілген. Ол мұғалімдердің балаларға тиянақты білім беру, оны өмірмен байланыстыру, оқыту әдістерін жетілдіру мәселелері жайында көптеген ақыл-кеңестер берді. Өмірмен тығыз байланыстыра білім беру заман талабына сай білім беру екендігін сол кезден-ақ көре білген ұстаз оқушыларының озық ойлы азамат болуын көздеген.

Ы.Алтынсариннің еңбектеріне назар аударғанда тілдік мәліметтердің талаптары да және тек тілден ғана емес оқушыға берілетін білімде дидактиканың басты категориялары – білім беру, сабақ беру, оқу, оқыту ұстанымдары, оқыту үрдісі және оның құрамдас бөліктері, міндеттері, мазмұны, формалары, әдістері, құралдары, оқытудың нәтижесі жүйелі сақталғаны анық көрінеді. Ағартушының білім беру мен оқыту мәселелерін терең зерттеуге, педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтауға және оны оқыту үрдісіне енгізуге байланысты жұмыстары оқыту үрдісінің заңдылығын ашу, білімнің мазмұнын анықтау, оқытудың барынша тиімді әдістері мен ұйымдастыру түрлерін жасап шығаруды қарастырып, оны өз тәжірибесінде қолданғаны ұсынылған еңбектері айғақ.

Кез келген тілді оқыту әдістемесі дидактика теориясына негізделу арқылы жүзеге асып, зерттеледі. Қазіргі жағдайда бәсекеге қабілетті азамат қалыптастыруда уақыт талабының бірі қазақ-орыс-ағылшын тілдерін жетік меңгеру. Тілді шет тілі ретінде немесе екінші тіл ретінде оқыту әдісінің қазіргі мәселелерінің бірі – тілдің жасанды ортасын құру. Жасалған жағдаяттардың көмегімен бірден бірнеше оқушыны белсенді түрде қатыса алатын сөйлеу әрекетінің төрт түрінің екеуі тыңдап түсіну мен сөйлеуге үйрету. Тыңдап түсіну нәтижесінде оқушы қабылдаған хабардың мәнін ұғына алады. Тілді оқытуда қандай әдіс қолданылса да, ол әдіс оқу үрдісінің алдында тұрған дидактикалық міндеті

шешуі керек. Оқу үдерісінде бұл әдіс ұлы педагог тәжірибесінде жасанды түрде емес, нақты ашық қолданылғаны екі ұлттың балаларын тікелей қарым-қатынасқа түсіруі. Мысалы, «Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары» кітабында былай деп келтірілген: «... Ыбырай Алтынсарин балаларға сабақты қызықты, түсінікті етіп өткізуші еді. Ыбырайдан оқыған балалар небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды. «Шәкірттерім аздап орысша сөйлей біле бастаған кезде мен оларды орыс балаларымен араластырып жіберемін. Оған менің заң жағынан хақым бар. Қысқасы, бұл шәкірттерім төрт жыл ішінде, мектепті бітіргенге дейін, әжептәуір сөйлеп, ол-пұлды біліп қалар деген үмітім зор» [1, 274б.].

Педагог іс-әрекетінің тиімді болуы және белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін өзі жақсы меңгерген әдістері болуы қажет. Ол кейде бір әдістің өзін бірнеше мақсатқа пайдалануы мүмкін. Бірақ оқытушы қай әдісті таңдамасын, оның тіл үйренушінің қабылдауына жеңіл, тиімділігі мол, нәтижелі болуын, ең негізгісі, дидактикалық мақсат-міндеттерге сәйкес келуін ескеруі керек. Бұл қағиданы ағартушы «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралында» жақсы, ұғынықты көрсете білген. Ол өз кітабындабылай деп жазады. «Әуелі оларға зат есімге ғана жататын зат аттарын үйретемін, солардан кейін заттың сынын көрсететін сын есімді үйретемін. Осылардан кейін зат есімді зат есімді олардың сынымен қосып-ақ адам сияқты сөйлем құрып үйретемін». Осы еңбегінің келесі бір жерінде ол: «... қазақ балаларына орысша кітаптарды оқытуға, оқығандарын, түсінгендіріп отыруға кіріспей тұрып, олардың жеке сөздерді болсын және негізгі грамматикалық ережелерді болсын бірқатар жүйелі әзірлікпен өткізу керек болды. Мұндай алдын ала әзірлік жасалмаса, оқушылардың түсінігі тым шалағай болып шығады, ешбір грамматикалық ереже жайында белгілі бір түсінік алуға оқушылардың шамасы келмей қалады, көпке дейін «она» деген сөздің орнына «он» деп, «иду» деген сөздің орнына «шел» деп тағы сол сияқты қателер жасап жүретін болады» [1, 122б.]

Педагог өзінен білім алған оқушылардың білімді жай ғана жаттап алып, үстірт меңгермей, санасынан саралай өткізіп, әрбір мәселеге терең бойлай түсінуін талап етті. Ыбырай барлық пәнді осылайша жүргізудің қажеттілігін, яғни К.Д.Ушинскийдің тілімен айтқанда, оқу әрекетіне барлық мүшелерін (көз, құлақ, тіс т.б.) қатыстырып, оқушылардың қызығуын, белсенділігін арттырудың ерекше маңыздылығын атап өтті. Ұлы ұстаздың құрастырған «Орыс тілін қазақтарға үйрету туралы бастауыш құрал» кітапшасының алғысөзіне назар аударсақ төмендегідей жайға тап боламыз:

1.«...Жетекші құралда VIII бөлімнен тұратын пәндердің атауларын оқушылардың жатқа білуі жөнінде әрбір бөлімнің аяғында көрсетілген грамматикалық ережелерге жетекші құралдарда жасалғаннан гөрі біршама көбірек тоқталу керек, сондай-ақ соңғы үлгілерін берілген мағлұматтары бойынша оқушыларға жаңа сұрақтар беру және сөздердің родқа, жекеше-көпше, септік жалғауларына және т.б. қарай белгілі бір өзгерістерін олар игергендерінше осыған теңдес мысалдарды көрсету керек.

2.Оқушылар осы жетекші құралды өткеннен кейін олардың әр қайсысы қол жеткен даярлығына сәйкес және жетекші құралдың аяғына берілген үлгіге сәйкес шәкірттердің қазақ тілінен орыс тіліне жазбаша аударуына жаттығуын ұдайы жүргізуін ұсынады. Өйткені аудармалар үшін құрастырған «Қазақ хрестоматиясы» тым тиімді болады. Сондықтан ол осы жетекші құралдың жалғасы қызметін атқарады.

3.Сонымен бұл жетекші құрал толыққанды грамматика емес, қайта тек қана орыс тілінен және оның негізгі заңдарымен әңгімелесу және жазу кезінде дұрыс пайдалану үшін осы тілмен танысуға арналған жетекші құрал ғана болғандықтан, мұғалімдер, кейіннен шәкірттер орыс кітаптарын енді түсіне бастаған кезде осында келтіре алмаған грамматиканың неғұрлым егжей-тегжейлі әрі жеке ережелерімен таныстыруға тиіс. Мұның өзі ұсынылып отырған жетекші құрал бойынша оқытылатын тілдің негізгі ережелерін игерген оқушылар үшін қиынға соқпайды.»

Қорыта айтқанда, Ы.Алтынсарин еңбектерінде балаларға білім беруде қолданған әдістері практикалық түрде тілді тез меңгеруге бағытталған әдістер. Оқушының тілдік дағдыларын, толыққанды білім алуын қалыптастыруға бағытталған жұмыстардың бірі. Педагог тілдік материалды бір-бірімен сабақтастыра, байланыстыра беру тақырыпты меңгеруге зор ықпалын тигізетінін 1879 жылы жазып, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеп берген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1955. –274б.

TEACHING ENGLISH TO YOUNG LEARNERS

КЕРИМБАЕВА А.Б.

Талапкер ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы

Түйіндеме. Мақалада ағылшын тілін оқытудың әдіс-тәсілдері қарастырылған.

Резюме. В статье описана методика обучения английскому языку.

The main principles of teaching English to young learners, children's specific perception of language and peculiarities of learning process, how it is organized, what is to be taught, which clusters of concepts are to be taken into consideration. It is important to study the process of teaching English from the scientific point of view, to point out the advantages and disadvantages of the process.

The transition from home to school, whether it occurs at a preschool or in kindergarten or grade one, marks an important turning point in terms of language development. At home, children develop both their physical and conversational skills in unstructured circumstances. The greater part of their experience is often with one caregiver. Even when more than one is involved, the number is usually limited and they are delighted to focus exclusively on the child. Learning, although it is spontaneous and unstructured, is nevertheless steady and involving for the child [2].

The function of schools is to broaden children's range of experiences, introduce new possibilities, systematize the process of learning, help develop thinking skills and, ultimately, empower students to take responsibility for their own learning[1]. The strategies children have developed at home to make sense of their world, to talk about their experiences and to wonder about what is new or imaginary continue to be effective. These strategies should not be supplanted by the school but augmented by teachers skilled in helping all children discover their potential.

Mary Ashworth told that knowledge cannot be transmitted in isolation, but must be reinvented as the learner brings to each new situation his own previous experience and background and interprets new information from that perspective. We agree with her on the point that by the time children come to school, they are already successful communicators. They know what language is for and how to use it competently. As they experience new situations and interact with new adults and children, they continue to use language to interpret, ask questions, negotiate, comment and wonder. With skillful guidance from and the understanding of teachers, children's language continues to grow and blossom in the school environment [4].

"Meaning-making in conversation is a collaborative activity," Patricia Wakefield wrote. The wise early childhood teacher knows how to create an atmosphere in which children's experiences outside school are valued and talked about, where their ideas and comments are listened to with respect, and where they learn to reflect on what they know. Language is the key to creative thinking, solving problems and collaborative learning. The growth and development of language is a lifelong activity, an essential component of successful living [5].

Although they may not be able to express themselves in English very well, the young English learners are, in fact, experienced language users. Cognitively and linguistically, they are as well-developed as their English speaking counterparts, but this development has taken place in another language and culture. Now they must begin the process of transferring what they know to a new context and continuing their development in two languages. However, there are some facts about language phenomenon that are important to keep in mind:

Language is a human universal. All cultural groups have a language system that their members master in order to communicate with each other.

Language is systematic. Every language has its own characteristic way of combining sounds, words and sentences.

No language is wholly regular. Exceptions to the rule are found in all languages. All languages enable speakers to create new utterances. However, these utterances must conform to the rules established over the centuries by speakers of a particular language. Language is both creative and functional. A speaker of any language can both create and comprehend an infinite number of utterances based on a finite number of rules. These utterances can cover a multitude of functions, such as requesting, refusing, promising, warning, denying, agreeing, disagreeing and expressing emotions. Languages change. For example, new words can be created to meet the scientific and technological demands of the modern world. Human beings have an innate

capacity to learn language. All children, unless they are severely neurologically impaired, are capable of learning a language. Language can be non-verbal as well as verbal. Facial expressions, gestures and other body movements may convey messages, the meanings of which are culturally specific. Language and culture are closely related. Customs, traditions, values, stories, religion, history and other manifestations of culture are transmitted to a large extent through language.

Language and thought are closely related. Children and adults use language to share their thoughts and to expand and clarify concepts. Although there are many similarities between the way first and second languages are acquired, there are also important differences that cannot be ignored.

Young English-speaking children do not know another language; children who learn the English as a foreign language do. They have mastered many of the skills involved in listening and talking. They know what language is and how to use it to request, demand, invite, socialize and much more [3].

All young children are highly motivated to learn language. Surrounded by love and attention, encouraged and complimented for all their vocal efforts, they continually make every attempt to communicate. Children learning a second language, however, may not feel the same urgency to communicate in English as their English-speaking counterparts. They can already make themselves understood in their home language. Their initial efforts to speak English at school may be met not with praise and encouragement, but with misunderstanding and ridicule. In addition, they may hear English only at school, never at home, so that their exposure to comprehensible input is limited.

Children are widely perceived to learn second languages more rapidly than adults, and a number of proposals have been made to account for this perception. However, there is still an extensive debate in progress over whether in fact children are better at learning than adults. Penny Urr [6] believes that they (young children) may not be better at learning, but may simply have far more favourable opportunities than adults. Young children, after all, are in permanent learning environment, with friends, parents, and teachers all contributing to their development. Social pressures and personal needs alike strongly push children to learn. It is extremely difficult to determine whether their learning benefits from these external conditions, or from some internal characteristics of the young brain or the young character [6].

Nonetheless, a number of different proposals have been made, and it may be helpful to distinguish the key elements that scholars have discussed. One claim is that maturation process favours early learning of language. The main source of this view is David Vale whose “critical period” hypothesis suggests that up to about puberty the child’s brain is particularly adaptable and capable of acquiring language without apparent effort – and that this adaptability extends to second language, when opportunity is there [7]. So, we share his idea that children are much more disposed to acquiring a foreign language with apparent effort. When people learn second language after puberty, it is argued, they use different, and usually or self-conscious, strategies. However, the effect on this on performance, even if it is true, seems to be limited to the ease of acquisition of a foreign accent. There is no strong evidence that any other linguistic features are intrinsically harder to acquire at a more advanced age, and even the claim about the accent has been disputed.

Emotional and affective factors may be seen as the most significant element. He reviews these, and suggests that children are less likely to be ill-disposed towards new languages or new cultural experiences than adults. Other commentators have suggested that children have opportunities for integrating their new-language experience with real communication more satisfactory than adults. Child language, it is suggested, depends more on immediate environment than adult language, and consequently is more fully supported for learning than ordinary adult interaction is.

A fourth factor which suggests that young learners have advantages is the simple one of time. Apart from the fact that an early start allows more total time for learning over a school-life, it is also likely that young learners have more learning time at their disposal than adults, who are surrounded by family and work responsibilities which cut into their learning time [7].

Graham J. concludes a survey of the role of age in second language acquisition by commenting that “although most theorists would agree that there is at least some potential advantage to an early start in childhood, there is a little consensus on the precise nature of such an advantage” [5]. We totally agree with Graham J. on the point that early start of learning English gives advantages to young learners in obtaining the foreign language, quickly developing and improving early literacy and language proficiency.

Список использованной литературы:

- 1.D. Larsen Freeman. Each lesson is a different lesson for every learner. Sydney.-1988.- 285p.
- 2.Quirk Jay. Using English Your Second Language.1990, 195 p.
- 3.Lynne Cameron. Teaching Languages to Young Learners Cambridge University Press.- 2001. –

258 p.

- 4.Snow C. and Hoefnagel-Höhle M. The critical period for language acquisition: Evidence from second language learning. Child Development 49:4.- 1978
- 5.Ashworth Mary, Patricia Wakefield H. Teaching the world's children ESL, Pippin publishing corporation.- 2004
- 6.Ur Penny. Language and philosophy. New York. 1969, 257 p.
- 7.David Vale. Teaching Children English: A Training Course for Teachers of English to Children.- Cambridge Teacher Training and Development.-1995

ӘОЖ 342.73 (043)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ-ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ЖАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ

САМАРХАНОВ Р.А.

Тараз қаласының №59 орта мектебінің құқық негіздері пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ТУРҒАНБЕК А.С.

2-ПБ ЖПКБ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются виды наказания в традиционном обыичии права казахского народа.

Summary. The article examines the types of punishment in the traditional custom of the law of the Kazakh people.

Көне дәуірден келе жатқан және Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» қазақтың дәстүрлі құқықтарының басқа да жазба мұраларында жазаның төмендегідей түрлері атап көрсетілген.

Оған: өлім жазасы, денеге зақым келтіру жазалары, масқаралау жазасы, күн төлеу, айып салу, зынданға тастау, жәбірленушінің немесе оның туысқандарының еркіне жәбір көрсетушіні қызметке беру, жәбір көрсетушінің барлық мүлкін тәркілеу, оны қауымнан қуып шығу тәрізді жаза түрлері кірген.

Өлім жазасы – Тәуке хан заңы бойынша, айыпкер адам кісі өлтірген жағдайда, әйелді еркінен тыс алып қашып, зорлағанда немесе осындай ойға аңсары ауғанда (оқталғанда) және бірнеше мәрте қайталап мал ұрлағаны үшін берілетін болған. Осы аталған заң бойынша өлім жазасы мәжбүр көрушінің немесе оның жақын туыстарының келісімі бойынша билер соты мұндай қатаң үкімде қолданылатын жазаның басқа шаралары: күн төлеттіру, құлдыққа беру, денеге зақым келтіру немесе ел ішінде масқаралау жазаларымен алмастырылған.

Тарихи жазбаларға қарағанда, Тәуке ханның тұсында өлім жазасы сирек қолданылған. Адам тағдырын шешетін мұндай ауыр жазаны жеңіл жазаға сіңіру ханның өзі немесе сұлтанның мақұлдауымен өткен билер кеңесінде бекітілген үкім бойынша қолданысқа енген. Билер сотының мұндай үкімі халық тұтастай жиналған кезде орындалатын болған.

«Жеті Жарғыда» құқық бұзушылыққа барғандарға жазаны белгілеу және оны жасаған қылмыстың ауырлығына, қауіптілігіне байланысты белгіленетіні айқындалған.

Негізінде жазаның түрі үшке бөлінеді:

- 1) жан жазасы
- 2) мал жазасы
- 3) ар жазасы

Жан жазасына қылмыс істеген адамға өлім жазасын кесу жатады, оны қанға – қан, жанға – жан принципі негізінде іс жүзіне асырады. Өлім жазасына билердің үкімімен кесілгендер негізінде ағашқа асу, асау ат күйрығына байлап жіберу, садақпен ату және қыл арқан салып қылқындырып өлтіру арқылы іс жүзіне асырылып отырған.

Мал жазасына істеген әрекеттерінің қауіптілігіне байланысты күн және айып төлеу, яғни қылмыскерге мүліктік айып салуды (композиция) және талауды жатқызады. «Жеті Жарғының» талаптары бойынша өлген немесе мерткікен адамның рулас туыстарының қалауы бойынша мүліктік композициямен жазаны ауыстыруға құқылы. Мысалы, өлген адамның құнын мал төлеу арқылы қылмыскер өлім жазасынан босатылады.

Қүн – біреудің қолынан қаза тапқан кісі өлімінің орнына туыстарына төлейтін мүліктік айып.

«Жеті Жарғы» ерлердің құнын 1000 қоймен, ал әйелдердің құнын 500 қоймен бағалайды және бұл норма төре тұқымдары мен қожаларды өлтіргендерге қолданылмайды. Соңғы екі санаттағыларға өлтірген кісілер жеті есе құн тартуға міндетті.

Бұл шарт қазақ қоғамында төрелер мен қожалардың ерекше санатқа ие болғандығын аңғартады. Осы нормалардан басқа «Жеті Жарғы» үстеме құн төлеуді енгізген. Үстеме құн негізінде өнер құны және сүйек құны болып екіге бөлінеді.

Өнер құнына топтан озып шыққан, атақты, аймаққа танымал болған ақындар, қолбасшылар, атақты балуандар, шешен билер, оқымыстылар кіргізіледі. Оларды өлтірген адамдар екі кісінің құнын төлеуге міндеттелінеді.

Сүйек құнына өлген кісінің сүйегін, денесін өлтірген адам жоқ қылып жібергенде немесе өлтіргеннен кейін кейбір себептерге байланысты өлік туған-туыстарына тимей жоқ болып кеткен жағдайда екі адамның құнын төлеуді жатқызады. Мысалы, өлген адамның сүйегі туған-туысқанының қолына түспей, жоқ болып кетсе, ол үшін айыпты екі адамның құнын төлеу керек.

Айып төлеудің түрлері неше түрлі болған және оны қолдану құқық бұзушылық жасаған адамның әрекеттеріне байланысты қолданылған. Мысалы, ұрлық істеген адамға ең ауыр жаза ретінде айбананы қолданып отырған.

Бұл қазақтың әдеттік құқық жүйесінде айтуы бар, бірақ алуы жоқ айып деген атпен танылады. Бірақ бұл айыпқа кесілген адам бір қой және оған қоса мата төлеугеміндетті болып саналады. Талауға салу қылмыскердің малын би үкімі бойынша бөліп алу болып табылады. Үкім бойынша кімге қанша алам десе де өз еркінде. Таланған мал алған адамның меншігіне өтеді. Жалпы қазақ қоғамында малды талауға салу Тәуке ханнан Қазан төңкерісіне дейінгі уақыт мерзімі ішінде өте сирек қолданылып отырған, әдебиетте бұл жазаны қолданғаны туралы деректер сақталмаған.

Жазаның үшінші түрі – ар жазасы. Бұл жаза негізінде рулас, ағайын арасында, болған теріс қылықтарға қолданылып отырған.

Ар жазасы екі түрге бөлінеді. Біріншісі – масқаралау, екіншісі – елден қуу. Жазаның негізгі мақсаты – құқық бұзушылық істеген адамды ел арасында ұялту. Масқаралау жазасына кесілген адамның мойнына құрым киіз, бетінеқара күйе жағады да оны сиырға немесе есекке теріс отырғызып, бүкіл ауылды айналдырады. Оны бүкіл ел, бала-шаға мазақ етеді. Ұялған адам екінші рет теріс қылық жасауға бармайтындығын айтып, уәдесін бүкіл халық алдында береді.

Қазақ қоғамында масқаралау жазасын негізінде ата-анасына, жасы үлкен қарияларға тіл тигізген немесе қол жұмсаған адамдарға қолданылған. Елден қуу масқаралаудың екінші түрі ретінде жалпы өлімге кесуден де ауыр жаза деп танылған. Қазақ халқында «Етегін кесіп, елден кетіру» деген сөз қалған. Жаза ретінде елден қуылған адам абсолюттік еркіндікпен жазаланады, яғни елден қуылған адам қоғамға мүшелік болу құқынан айырылады, рулық территория кеңістігінен қуылады. «Жеті Жарғыда» ислам, яғни шарифат заңдарының тікелей әсер еткенін де байқамасқа болмайды.

Мысалы, өзін-өзі өлтірген адам бөлек жерленуі тиіс. Егер ру мүшелерінің бірі христиан дініне кірген жағдайда оның және жақын туыстарының малдары талауға салынатын болған. Ал құдайға тіл тигізген адамды жеті адам растаса, ол таспен атып өлтіріледі.

Әдет-ғұрып заңдарында жаза басымен тартатын жаза, малымен тартатын жаза деп екіге бөлінген. Басымен тартатын жазаға «қанға – қан, жанға – жан» принципінің негізінде туындаған, өлім жазасын, дарға асу, қол-аяқты кесу, масқаралау, тас тас боран ету, қара сиырға теріс мінгізіп, бетіне күйе жағу, байлап қойып сабау, дүре соғу сияқты ауыр жазаларды жатқызған.

Сондай-ақ, жазалардың ежелгі түрлері де қарастырылған, мысалға, «қара найза». Қылмыс істеген адамды жерге қағылған ұштары жоғары түйіскен үш найзаның астына отырғызып қоятын. Туысқандар мен бір қандас ру ішінде масқаралау, елден қуу жазасы қолданылған.

«Тұяққа-тұяқ, құлаққа- құлақ» принципіне малымен тартатын жазаларды жатқызған.

Оған: айып төлеу, құн төлеу, тоғыз айып тарту, ат-тон мен шапан кигізу және т. б. жатады. Тоғыз айып тартудың үш түрі болады.

1. Тоғыздың бірінші түрі – үлкен де ауыр түрі болып саналады. Ол тоғыз ірі малдан, атап айтқанда бір түйе, сауылатын екі бие, екі тайдан тұрады. Сауылатын екі бие үш малға тән еміп жүрген құлын, төл және биенің өзі;

2. Тоғыздың екінші түрі тоғыз малдан – бір жылқы, екі сауын сиыр (екі бұзауымен) және төл, бір жасар екі ірі малдан тұрады;

3. Тоғыздың үшінші түрін тоқал тоғыз деп атайды. Сегіз малдан – қозысы, төлі бар екі қойдан, бір бойдақ қойдан және бір текеден тұрады. Ат – тон айыптың «азусыз ат, жиексіз тон» және «астарсыз шапан» деген түрлері болған.

Мүліктік талаптар қоя отырып жазалау ғана емес, келтірілген шығынның орнын толтыру және кекті қанағаттандыру деп те аталады. Ауыр жағдайда кісі өлтіргендерге «қанға – қан, жанға - жан» принципі қолданылған. Ауыр жағдайда қасақана кісі өлтіргендер қанға жауап берген.

Көшпелілер үшін қанды кек орынды құқық, қасиетті борыш, әрі міндет болып табылады. Ол қазақтардың дүниетанымы мен көзқарасының құрылысымен олардың «о дүниеге», «ата-бабаларының аруақтарына» деген сеніммен байланысты болған. Қанды кек арқылы қаза болған адамның рухын тыныштандыруға, оның аруағын разы қылуға тырысатын болған.

«Жеті жарғы» бойынша, әрбір қылмыстық іс-әрекет жасаған адамның күнәсіне, жеке басына және т. б. жағдайларға қарап әр түрлі жаза түрлері қолданылған.

Соның бір түрі – айып. Осы жаза түрінің өзі жеті түрлі және оның қолданылған аясы да кең болған.

Бірінші айып – «қара нар беру». Сол қара нармен, егер өлген кісі атақты адам болса, Түркістанға апарылып қойылатын болған.

Екінші айып – «қара қазан төлеу». Бұл айып – құныкердің шаңырағы ортасына түсті дегеннің символдық белгісі.

Үшінші айып – «қара мылтық ату». Бұл айып – құныкердің күшін алуды, қаруын жоюды сипаттайтын белгі. Бұдан кейін ол өлгенмен бірдей болады.

Төртінші айып – «қара шолақ бие жетектеу». Бұл айып – айыпкердің ырысы шайқалғандығының нысаны баланған.

Бесінші айып – «қара кілем ұстау». Бұл айып – тұралағандықтың көрінісі саналған.

Алтыншы айып – «жетім беру». Ол көңілде кірбіндік қалмасын, аралас-құраластық басталсынды меңзеген.

Жетінші айып – «жесір бастатқан тоғыз жөнелту» [19, 46б.].

Айып өзінің құрылымы бойынша, әртүрлі нормативтік ережелерден тұрады.

Сонымен, айыптың құрамына мыналар кіреді:

Біріншіден, жәбірленушіге, оның отбасына (руына) келген зардаптың құны мен шеккен зияны. Әдетте, оның көлемі айыптың 10- 15 пайызына тең. Мысалы, ұрланған малдың құны сол малдың және оның өнімінің құнына байланысты болған. Зиянды қайтару кезінде қылмыстың түрі мен мәніне ғана емес, жәбірленушінің әлеуметтік жағдайына да мән берілген. Әртүрлі қылмыс түрлеріне қарай белгілі бір айып мөлшері болған. Және айып мөлшері де әр аймақта әртүрлі болған. Мысалы, Төлен Көлбаевтың айтуынша, Н. Гродеков Құрман уезінде бір түйені ұрлағаны үшін 15 тилль алынғанын (1 тилль 3 рубль 80 тиын немесе бір айып қойына тең), 1 жылқы – 40 рубль, бір сиыр – 7 тилль, 14 қой – 8 рубль, 1 қозы - 2 рубль 50 тиын болғанын жазған.

Бізге жеткен ежелгі құқық ескерткіштерінде айыпты кімнің төлеуі керектігі қылмыстық құнның кімнің пайдасына түсуі керектігі біркелкі емес. Славян шындығы бойынша, айып жәбірленушінің жақын туысына берілген. Неміс құқығы бойынша, жәбірленушінің тұтас руына төленген. Байқап отырғанымыздай, жәбірленушінің отбасы, руластары өздерінің туыстарының біріне зиян келтіріп, ренжіткені үшін төленетін құнды бөлісіп, пайда көре отырып, қажет болған жағдайда өздерінің туыстары үшін де бірлесіп айып төлеуге тиіс екендерін түсінген.

Қазақтардың әдеттік құқықтық нормалары бойынша, айып тағушы – айыптаушы мүліктік құнды бөлісуге құқықты емес болатын, дәлірек айтқанда, оған қатты шек қойылатын. Поручик Аитов өзінің рапортында айыбы дәлелденген ұры ұрланған малды қайтаруға және тоғыз төлеуге міндетті екенін айтады. «Өзінің мүлкін қайтарып алған талапкер оны өзге қырғыздарға, тіпті, айыпкердің туыстарына да бөліп береді, бірақ, өзі ала алмайды және өзінің туыстарына да бермеуі керек.

Егер ұрланған мүлікті өзінде қалдырса немесе туыстарына берсе, мұның арты бақытсыздыққа әкелген» [20]. Хат жүргізуші А.Ячменов [21] пен қамқоршы Е.Белозеров та [22] ұрланған мал үшін берілген тоғызды өзінде қалдырса немесе туыстарына берсе, «бақытсыздыққа» душар болатыны өз алдына, әдет- ғұрып, салт-дәстүрді орындамағаны үшін қоғамнан қуылатынын қадап айтады.

XIX ғасырдың орта шеніне дейінгі қазақтардың құқықтық нормалары бойынша, жәбірленушінің өзі ғана емес, оның туыстары да айыппұлдың жоғары мөлшерін белгілей алмайтын. Бәрі де салт-дәстүр негізіндегі мөлшермен шектелетін.

Қорыта айтқанда, жазаның мөлшері өлген адамның әлеуметтік жағдайына да байланысты болды. Қазақ құқығында өлім жазасы, түрмелер мен зындандар, бас бостандығынан айыру, денеге зақым келтіру түрлері, қылмыстық жазалар болған жоқ. Барлық даулар және ең күрделі қақтығыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды және олар үшін мүліктік, мүліктік емес, ұялтатын, масқаралайтын бітімгершілік және өзге де жазалау нысандары қолданылды. Қазіргі таңдағы

қылмыскерлерге де жоғарыдағыдай жазалау шаралары қолданылса, қылмыс жасаушылар саны азаюы мүмкін деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Сматаев С. Қаз дауысты Қазыбек // Егемен Қазақстан, - 1991. – 16 қараша.
- 2.Аитов П.. О киргизских обычаях, имеющих в степи силу закона. В сб.: Материалы по казахскому обычному праву / Сост.: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. Алматы: Жалын, 1998. – 96 -107 бб.
- 3.Ячменов А. Свод киргизских обычаев, имеющих в орде силу закона. В. сб.: Материалы по казахскому обычному праву / Сост.: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. Алматы: Жалын, 1998. -134-142 бб.
- 4.Белозеров Е. Рапорт от 17 апреля 1846 г. № 2. В сб.: Материалы по казахскому обычному праву / Сост.: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. Алматы: Жалын, 1998. – 145-155 бб.

ӘОЖ. 37.028

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ХАЛЫҚ АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ

КАДРАЛИЕВ А.А.

«Бірлесу Еңбек» орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл ауданы

Резюме. В статье подробно рассмотрены труды И.Алтынсарина в области народного просвещения

Summary. The article describes in detail the works of I.Altynsarin in the field of public education

Ыбырай Алтынсарин – аса көрнекті ағартушы, этнограф ғалым, қазақ әдеби және жазба әдеби тілінің негізін қалаушы ақын әрі жазушы, орыс графикасы негізінде қазақ алфавитін жасаушы, жаңашыл педагог болған Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазанның жиырмамыншы жұлдызында Орта жүздің қыпшақ руында дүниеге келген. Әкесі 1844 жылы Кенесары шапқыншылығы кезінде қаза табады да, жас Ыбырайды атасы, белгілі би Балғожа Жаңбыршыұлы тәрбиелейді. 1850 жылы жиырма екінші тамыз күні Орынбор қаласында ашылған мектепке отыз баланың бірі тоғыз жасар Ыбырай болды. Ыбырай бұл мектепті жеті жыл оқып, 1857 жылы бітірді. Ыбырай ерекше зерек, дарынды болған.

Ыбырай қазақ арасынан көптеп мектеп ашуды аңсады: «Сірә, қазақ даласынан көптеп мектеп ашатын мезгіл қашан болар екен?» – дейді. Ол өнер – білімді, мәдениетті дәріптеп, халықты соған шақырып өлең, әңгіме, мақала жазды. Бұл жөнінде, басқаны былай қойғанда, оның «Өнер – білім бар жұрттар» деген өлеңі айқын дәлел. Әуел бастан-ақ Ыбырайдың бар ынтасы халық ағарту жұмысы болады. «Ыбырай ылғи оқу жұмысымен айналысуды, қазақ халқын ағарту жұмысына ат салысуды көксейтін. Бұл оған бақыт, рахат сияқты көрінетін» - дейді Ильминский. Сол үшін Ыбырай халық ағарту жұмысына өзі сұранып, соған ақыры 1864 жылы ауысады, 1869 жылы бірінші қыркүйекте Торғай облысының оқу инспекторы болып тағайындалады, өмірінің соңына дейін осы қызметте болады.

Оның алдында жалпы өнер – білімге, жаңалыққа, орысша оқуға барынша қарсы ғасырлар бойы қалыптасқан екі салт – сана, надандық ұғым тұрды. Әйтсе де, халқын сүйген, сүйген де оның жарқын болашағына шексіз сенген патриот, жігерлі күрескер Ыбырай Алтынсарин: «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта қайтпаймын», – деп Н.И.Ильминскийге (1884 жылдың он төртінші сентябрі) сеніммен жазғандай, сан-сала қиындақтармен табанды күресе жүріп әрі орыс достарының, әріптестерінің көмегін, ақыл-кеңесін де пайдалана отырып, алдына қойған негізгі мақсатын орындады. Ыбырайдың осындай қажырлы еңбегі, күресі арқасында 1864 жылы қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен – балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілді. Бұл ұлы мақсатқа ғұмырын арнаған жас ағартушының осы жолдағы алғашқы жеңісі, ал қазақ халқының өміріндегі әлеуметтік маңызды тарихи оқиға болатын. Сондықтан да болар, Ыбырай Алтынсарин бұл қуанышын (дұрысы жеңісін) Н.И.Ильминскийге жазған хатында:

«Осы жылы (яғни 1864 жылы) январьдың сегізі күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған он төрт қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар», – деп айрықша мақтаныш сезіммен жазды.

Ұлы ағартушы туған халқының тамаша болашағына сенді. Ыбырай Алтынсарин ер балалармен қатар қазақ қыздарын да білімге тарту, оларға түрлі кәсіптік мамандық беру жөніндегі жұмыстарды алғаш ұйымдастырушы болғанын білеміз. Ер балалардың өзін оқытуға қырын қараған қытымыр заманда оның қыз балаларды оқыту, оларға арнап мектеп, интернаттар ашу қажеттігі туралы мәселе көтеріп, бұл ойын айтыса-тартыса жүріп дәлелдеуі, біртіндеп іске асыруы шын мәніндегі азаматтық ерліктің, гуманизмнің үлгісі болды. Ыбырай Алтынсариннің айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – оның қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. «Қазақ хрестоматиясына» енген алуан жанрдағы шығармалар. Сондықтан оның әңгімелерінен балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың барлығы да атап айтқанда, туындының көлемінің шағындығы мен құрылысының қарапайымдығы, тілінің таза, түсінікті әрі шұрайлылығы, тәрбиелік-танымдық мәннің жоғарылығы, оқиғалардың балалар ұғымы мен жасына сай, көркем әрі қызықты баяндалуы, балаларға тән мінез, әрекет, ой-қиялдың табиғи түрде жазылуы. Мұның бәрі Ыбырай Алтынсариннің қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихындағы қадірлі орнын көрсетеді.

Ыбырайдың артында қалдырған рухани мұрасы аса бай және алуан жанрлы. Кітап алты бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім – «Өлеңдері». Бұған Ыбырай Алтынсариннің көпшілікке кеңінен мәлім өлеңдері мен И.А.Крыловтан аударған үш мысалы енді. Екінші бөлім – «Төл әңгімелері» - деп аталды да, бұған жазушының хрестоматия – оқулыққа арнап жазған төл туындылары жинақталды. Бұл бөлімде ағартушының орыс педагогтарының оқулықтарынан, орыс жазушыларының балаларға арналған туындылары. Бесінші бөлім – «Оқу-ағарту мәселелері жайында жазбалары» деп аталынып, бұған Ыбырай Алтынсариннің қазақ даласындағы оқу-ағарту жайы мен оны өркендетуге қатысты

Қазақ сахарасында мәдениет пен оқу-ағартудың туын көтеріп, халыққа білім беру, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау ісінде үлкен өнеге көрсеткен Ыбырай Алтынсариннің мұралары отызыншы жылдарға дейін арнайы зерттелмеген. Ол тек қырқыншы жылдардан бастап қана қолға алынады. Тарихшылардың ішінен Ыбырай Алтынсариннің өмірі, ағартушылық, жазушылық қызметі мен жазысқан хаттары туралы архивтік деректерге сүйене отырып, дұрыс та дәйекті жаза бастаған Бекежан Сүлейменов еді.

Ыбырай Алтынсарин мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалап: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, ол – мектептің жүрегі» – деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жоқ.

Ыбырай Алтынсарин – ақын, жазушы, балалар әдебиетінің атасы. Ыбырай бір жағынан ақын болса, екінші жағынан халық ағарту майданында қызмет қылған. Ең бірінші рет қазақтың ана тілінде оқу құралын жазған және сол ана тілінде қазақ баласын оқытқан ең алғашқы тұңғыш оқытушысы болған. Қазақ әдебиетін Европа жолына, өнер жолына бұрып бастаған ең тұңғыш жанашыл, суретші ақын.

Ыбырайдың шығармаларының мәні сол замандағы орыс елінің өнерге, өнеркәсіптеріне аяқ басуы арқасында орыс оқығандарынан шыққан, жаңашылдардың әсерімен және қазақ даласына сауда капиталының, отаршылдықтың мықтап шеңгел салуының әсерімен Ыбырай жастарды оқуға, өнерге шақырды. Енді одан басқа жолдың жоқ екенін біледі. Онан соң Ыбырай қазақ елінің білім майданында тез ілгерілеуіне үлкен бөгет болатын сол заманда – ақ білген, араб әрпіне қарсы болған. Сондықтан қазақтың ана тілінде жазған оқу құралын орыс әрпімен жазған. Бұл ретте Ыбырайды орыс миссионерлері пайдаланбақ болған, Ыбыраймен жақындасқан, Ыбырай олардан қашпай, оларды өзі пайдаланып жүрген, сондықтан қазақ ескішілдері оны «шоқынды» деп шығарған, талай өсектер таратқан.

Осы күнде кейбіреулер Ыбырайдың істерімен таныс болғандықтан, сол бұрынғы ескішілдердің таратқан өсектерінің қалдық-сарынымен Ыбырайдың заманында қазақ көпшілігіне кәдірсіз болған еді, – деген сияқты теріс сөздерге малданатын тәрізді. Расында, оқуға талпына бастаған қазақ жастарына Ыбырай айрықша болған адам. Жас буынға арнап шығарған Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылығын» жатқа білмеген оқушы болмаған.

Ыбырайдың өмірі мен ісіне көз жіберіп, оның жұмыс еткен жағдайын еске алсақ, таңқалмасқа болмайды. Ол армандары орындалмады. Оқып білім алып, өз тізгінін өз қолына алған күннен бастап ақ Ыбырай туыстарынан іргесін бөлек салды.

«Жақсы әдетті балалардың бойын сіңіруде жанды мысалдан артық әсерлі күш жоқ», – деген К.Д.Ушинский пікірін жазушы жан-тәнімен қостады. Ыбырай шашқан тәлім-тәрбие ұрығы зая

кеткен жоқ. Ыбырай мектебі кейін қазақ ішінде білім ошағының жүздеген жаңа орындарына негіз болды. Ыбырайдың еңбек, ғылым, өнер жолында аңсаған арманы ең сенімді қолдаушыларын тауып, еңбек үстемдік еткен қоғамда мүлтіксіз жүзеге асырылады.

Ыбырай – көрнекті ақын, талантты жазушы. Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқандай маңызы зор көркем шығармалар туды. Ол өзінің бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас.

Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітіретін зор нысанасы – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, оны озық мәдениетті елдердің қатарына қосу. Сондықтан Ыбырайдың қоғамдық-педагогикалық, жазушылық қызметі өзектес, оның ізгі, көкейтесті ойларының туындысы. Ыбырай қызметінің басты саласы–бала оқыту, ұстаздық. Ол тұңғыш рет Еуропа үлгісіндегі жаңа мектеп ашып, жаңа оқу құралдарын жасаған адам. Оның әңгімелерінің өзі педагогикалық мақсатты көздеген. Ыбырай–халық ауыз әдебиетін алғаш жинаушылардың бірі. Мысалы «Тайбурылдың шабысы», «Жанак пен баланың айтысы» сияқты ауыз әдебиетінің үлгілерін жазып алып, өзінің «Хрестоматиясына» қосқан.

Қорыта айтқанда, Ыбырай – өзі жасап жатқан істің маңызы мен мақсатына тереңнен түсінген, нысанасы айқын, жаңашыл адам. Ағарту саласындағы істерінің қазақ үшін үлкен жаңалық екенін, бұл ретте өзі ауыр кезеңде жасап отырғанын айқын таниды. Ыбырайдың әлеуметтік беті оның көркем шығармашылығында айқын.

Ыбырай Алтынсарин – нағыз халықшыл жазушы, ағартушы ақын, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кемеңгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Екітомдықшығармаларжинағы. – Алматы: 2013ж. 18 – 21 б.
2. Алтынсарин Ы. Қазақхрестоматиясы. – Алматы: 2013 ж.
3. Алтынсарин оқулары.– Алматы: Білім, 2015ж. 5-7б.
4. Әбдікәрімова Т. Ана тілі. Оқулық. 3 сынып. – Алматы: 2013ж.
5. Әлімханұлы Д. Біруысмақта. –Астана: Таным, 2013ж. №5
6. Рахметова С. Ана тілі. 2 сынып. – Алматы: Атамұра, 2012ж. 4, 61б.
7. Бәшірова Ж. Ы. Алтынсаринимандылықтуралы. – Алматы: Бастауышмектеп, 2012 ж. №118.

ӘОЖ. 37.019

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ БІЛІМ ОШАҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ

ЗАМБАЕВА Р.С.

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы
АКТАЙЛАКОВА Ж.

Әлихан Бөкейханов атындағы орта мектебінің 10 сынып оқушысы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы

Резюме. В данной исследовательской статье говорится о жизни, о труде, о культурно-просветительских делах великого учителя, педагога, писателя-Ибрая Алтырсарина. А также об его вкладе в области педагогики и открытии школ. Цель этой работы показать нелёгкий путь и трудности, с которыми столкнулся Ибрай Алтынсарин во время открытия нескольких школ. Когда я работала над статьёй, использовала дополнительную информацию, прочитала много книг и просмотрела множество видео. В итоге, я собрала очень ценную информацию о великом просветителе, который зажгёт свечу знаний. Ведь писатель потратил всю свою жизнь, чтобы мы имели возможность учиться. Мы будущее поколение, должны знать об этой великой личности! Наш долг: доказывать каждый день, что его жизнь прожита не зря!

Summary. This research article talks about life, work, cultural and educational activities of the great teacher, educator, writer - IbraiAltynsarin. And also about his contribution to the field of pedagogy and about opening schools. The goal of this work is a difficult path and the difficulties that IbraiAltynsarin faced during the opening of several schools. When I was working on the article, I used additional information, read many books and watched many videos. After all, the writer spent his entire life so that the future generation would have the opportunity to learn. It is our duty to prove every day that his life was not lived in vain!

Бүкіл ғұмырын балаларды оқытуға, мектеп ашуға сарп еткен Ы.Алтынсарин – 1841 жылы қазан айының жиырмасында қазіргі Қостанай облысы, Затабол ауданында дүниеге келген, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Азан шақырып қойған аты – Ибрагим. Қыпшақ тайпасының Ұзын руынан шыққан. Әкесі – Алтынсары, анасы – Айман. Алтынсары өз еңбегімен тіршілік еткен қарапайым шаруа адамы болған. Ал анасы Айман арғын руының ішіндегі Шеген деген бидің қызы. 1844 жылы Ыбырайдың үш-төрт жасында әкесі Кенесары шапқыншылығы кезінде қаза тауып, бала Ыбырай атасы Балғожа бидің қолында тәрбиеленеді. Балғожа би атақты әрі беделді кісі болған. Ел ішіндегі көп билікті қолында ұстаған ол Орынбор әкімшілігінің алдында да белгілі тұлға еді. Балғожа би немересін кішкентайынан адалдыққа, шешендікке баулыған. Әрқашан өзімен бірге жиын тойларға ертіп, билік айтқызып, қанатын қатайтқан. Ыбырай жасынан зерек, білімқұмар болып, алғырлық танытып, топты жарып, көпшілік құрметіне бөленіп өсті. Балғожа би жетістікке жету үшін оқудың керектігін ұғып, 1846 жылы бесінші наурызда ашылғалы тұрған мектепке немересін күні бұрын жаздырып қояды. Балғожа би Орынбор Шекаралық комиссиясының председателі генерал-майор М.В.Ладыженскийге өтініш жазып, тоғыз жасар Ыбырай сол жылы 22 тамыз күні орыс-қазақ мектебіне қабылданды.

Мектепте оқып жүргенінде Ыбырай Шекспир, Гёте, Байрон, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Фирдауси, Низами, Навои және т.б сияқты әлемдік әдебиет классиктерінің шығармаларын өз бетімен оқып зерттеді. Сонда жүріп, Шекара комиссиясында қызмет еткен шығыстанушы В.Григорьевпен жақын араласады. Тіпті, Григорьевтің үйіне барып, оның кітапханасын қолданды. 1857 жылы жаз мезгілінде Ыбырай Орынбордағы мектепті үздік тәмәмдап шығады. Осыдан кейін екі жыл төңірегінде атасы Байғожа бидің хатшысы болып істейді. Кейін Орынбор облыстық басқарушысына кіші тілмаш болып қызметке алынады.

«Ыбырай ылғи оқу жұмысымен айналысуды, қазақ халқын ағарту жұмысына ат салысуды көксейтін. Бұл оған бақыт, рахат сияқты көрінетін» – дейді Ильминский [1, 29 б]. Содан 1860 жылы облыстық үкімет Ыбырайға Орынбор бекінісінде (Торғайда) қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашуды тапсырып, оны орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындады. Бірақ жергілікті үкімет Алтынсаринге қол ұшын соза қоймады, сөйтіп мектеп ашу ісі ұзаққа созылды. Ыбырайдың армандаған мектебі араға төрт жыл салып, 1864 жылы 8 қаңтарда салтанатты түрде ашылды. Мектепті Алтынсарин төрт жыл бойы жинаған ақшасына ашып, 14 оқушы қабылдады.




1864 жылы Торғай аласында Ыбырай Алтынсарин ашқан тұңғыш мектеп. Қазіргі уақытта мұражай ретінде сақталып тұр. [8, 1 сурет]

Биыл ұлы ағартушы ашқан мектепке 157 жыл толып отыр. Осынша уақыт өтсе де қазір ХХІ ғасырда бұл мектеп Ыбырайдың көзі ретінде сақталып тұр. Ыбырай ашқан алғашқы мектеп ғимараты іргетасынан қайта көтеріліп, бүгінде мұражайға айналған. Мұнда ағартушының жеке бұйымдары, ғалым қолданған қоңыраулар сақтаулы. Ал қазақ орта мектебінде қазір 540 оқушы білім алуда. Осындай ұлы тұлға балаларды оқытқан мектепте қазір білім алудың өзі бір ғанибет. 1864 жылы 16 наурызда Ыбырай Алтынсарин: «Қаңтардың сегізі күні менің көптен күткен ісім жүзеге асып мектеп ашылды және оған қазақтың тамаша да, сүйкімді де, зерек те 14 ұл баласы қабылданды. Қойды қуған

аш қасқыр секілді, мен қызу түрде балаларға білім беруге кірістім. Және осы балалар үш айдың ішінде, тіпті орыс және татар тілдерінде оқып, жазуды үйреніп алды. Бір сөзбен айтқанда, бұл жақсылар курс аяқталғанша, 4 жылдан кейін бір нәрсе үйреніп, лайықты сөйлей алатын болады деп үміттенемін. Сондай-ақ, кейін олар жемқор болып шықпас үшін, бар ынта-жігеріммен тіпті, олардың моральдық әрекеттеріне де әсер етуге тырысамын», – деп Ильминскийге хатында жазған. Алтынсариннің мектептегі жұмысы жақсы бағаланады. 1864 жылы 22 қаңтарда Торғай қаласындағы Орынбор мен Самара генерал-губернаторына мектеп мұғалімі Алтынсарин туралы: «Алтынсариннің үлгі болатын тәрбиесі мен көрнекі қамқорлығының арқасында мектеп өте жақсы және таза... Қырғыз оқушыларының аз уақыттағы жегістігі, қысқа мерзімде жақсы үміт беріп, осындай керемет Торғай мекемесінің жемісін жегізетіні және өздерін ақтайтынына сенімдіміз деген [2, 186.].

1879 жылы Алтынсарин Торғай облысы бойынша орыс-қазақ училищелерінің инспекторы болып тағайындалды. Бұл оның қолын ұзартты. Торғай, Жітіқара, Обаған, Қарабалық, Әулікөл болыстарында және Қостанай қаласында тағы он бес мектеп салынды. 1882 жылы Ыбырай Алтынсарин барлық мектепке ән-күй сабақтарын енгізді.



Торғай ауданының орыс-қазақ училищесі [8, 2 сурет]

Жергілікті, ауқатты ел азаматтарынан ақша жинап, кітапхана ашты. Алтынсариннің қаламынан білім беру ісіне арналған көптеген туындылар туды. Олардың бірі 1869 жылы жарық көрген екі «Қырғыз хрестоматиясы» мен «Қырғыздарды орыс тіліне үйретудегі алғашқы басшылық» атты оқу құралы. 1869 жылы уезд бастығының аға жәрдемшісі болып тағайындалды. Осындағы екі жыл жұмыс барысында Ыбырай көп тәжірибе жинап, көрші ауылдарға қызмет бабымен жиі барып тұрған. 1871 жылы аралығында Торғай уезінің судьясы болып жұмыс атқарды. Өз халқының аса қажетті мүдделері неде екенін жақсы білді. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындарының сайлауына қатысып жүрді. Ол сайлау кезінде дауысты сатып алудың, паракорлық пен қиянат жасаушылықтың орын алуына жол бермеуге тырысты. 1874 жылы орыс географиялық қоғамына мүше болып сайланды. Бұл Ыбырайдың беделін көтеріп, ел арасында ықпалын күшейтті.

1875-76 жылдарды Орынбор, Қазан, Петербург қалаларына сапар шегіп, ол жақтан оқушыларға қажет әдістемелік және т.б кітаптар әкеліп, ағартушылық ісіне қызу кіріседі. Әсіресе, елдің көшпелі өмір салтын ескеріп, Ресейдің халық ағарту жүйесіне жаңа үлгілі білім беруді ұсыныс етті.



1884 – жылы Ыбырай Алтынсарин құрған Қостанай екі сыныптық орыс-қазақ училищесі [8, 3 сурет]

1879 жылы 1 қыркүйекте Торғай облысындағы мектептердің инспекторы болып тағайындалды. Инспекторы жұмысына көріскенше соң, оқу-ағарту ісіне көбірек көңіл бөлді.

Сонымен қатар Ы.Алтынсарин қазақ қыздарын оқытуға да көп күш салды. 1887 жылы 15 қарашада Ырғыз қыздар училищесінің негізін қалайды. 1888 жылы қыздарға арналған 12 орындық мектеп интернат ашады. Ол үшін Ыбырай Алтынсарин Орынбор әскери губернаторына 12 қыркүйек күні рапорт жазады. Кейін 6 қаңтарда Алтынсарин Ырғыз қыздар училищесінің жанынан қазақ қыздарына арналған он орындық интернат ашуға рұқсат сұрады. Соған сәйкес қазан айының 28 жұлдызында қазақ қыздарына арналған 12 орындық интернат ашылды. Қаңтар айының бірінші

жұлдызында Торғайда қыздар мектебін ашуға рұқсат сұрады. Бірақ, рұқсат Ыбырай дүние салғаннан кейін, 1890 жылы берілді. Интернаты бар қыздар мектебі Торғайда 1891 жылы, Қостанайда 1893 жылы, Қарабұтақта 1895 жылы, Ақтөбеде 1896 жылы ашылды. Орысша-қазақша бес қыздар мектебіндегі оқушылар саны 1896 жылы екі жүз он бірге жетті, олардың жүз қырық бірі орыс, жетпісі қазақ қыздары [3, 466.]. Қазақ қыздарына білім беру ісі де Ыбырайдың атымен тікелей байланысты. Ол патша үкіметі тарапынан кедергілерге тап болады... В.В.Катаринскийге жазған хатынан былай деп хабарлайды. «Қазақ қыздарына арнап ашылмақ мектептің табысты боларына губернатордың күдігі бар... ал мұндай маңызды істі бастамаса, ешқашанда ештеңе де болмайды ғой. Бұл істің Ырғызда оңға басатындығына мен қазірдің өзінде кәміл сенемін» [6, qasym.buketov.edu.kz]

«Аса қадірлі Василий Владимирович! Осы хатыммен бірге доверенность жіберіп отырмын. Я, ұмытып бара жатыр екенмін ғой. Ырғызда қыздар мектебін ашу үшін тамыздың аяғында сонда боламын. Оның үстіне, Бөрте болысында болыстық мектептің ашылуын тездету үшін Елек уезінде болуым керек. Бұл мектепті ашуға рұқсат алынды. Бұл мәселелер осында губернатор келгеннен кейін әбден анықталмақ. Қостанайға келуіңізді қатты тілек етемін», Қостанай 28 мамыр 1887 жыл В.Владимировичке жазған хатынан үзінді [7, <https://adebiportal.kz>]. Ы.Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, тілашар ретінде халықтың ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырды. Ол өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жан. Осындай елім деп еңіреген азаматтарымыздың арқасында ел болып қалыптастық. Олардың бұл ерлігі ешқашан ұмыт болмауы тиіс! «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім мектептің жүрегі,»-деп ерекше ой салған алғашқы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің сөзімен ғылыми-практикалық жұмысымды аяқтадым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ыбырай Алтынсарин «Таза бұлақ». – Алматы, 2008ж.
2. Серікбай Оспанұлы «Ыбырай жолы». – Алматы, 2021ж.
3. Ыбырай Алтынсарин «Ғұмырнама». – Павлодар, 2017ж.
4. wikipedia
5. sputnik.kz
6. qasym.buketov.edu.kz
7. <https://adebiportal.kz>
8. yvision.kz

ӘОЖ 37. 089

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ПРОЦЕСІ

БЕРКЕН Ж.Қ.

Бауыржан Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының бастауыш сынып пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Г.Қ.

№1 балалар Өнер мектебінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жуалы ауданы.

Резюме. В статье рассматривается влияние обучения на развитие привычных процессов младших школьников. Особенности мыслительного процесса всесторонне проанализированы на основе исследований ученых.

Summary. The article examines the influence of learning on the development of habitual processes of younger schoolchildren. The features of the thought process are comprehensively analyzed on the basis of research by scientists.

Қазіргі кезде білім беру саласындағы әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар мектеп оқушыларының ойлау белсенділігін дамытып, білім мен біліктерін өмірдің жаңа жағдайына пайдалана білуге үйрету қажеттілігін туғызады. Адамның барлық нағыз адамдық қасиеттері өз өміріне тәлім-тәрбие нәтижесінде қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларының таным процестері дамуына оқытудың тиізетін әсері өте үлкен. Дамыта оқыту проблемалары ХҮІІІ ғасырдан бері зерттелуде. Швейцар ғалымы И.Г.Песталоцци оқу барысында балалардың қабылдау және еске сақтау қабілетін дамыту проблемасын зерттеуді бастаған. Бұл идеяны К.Д.Ушинский, Л.С.Выготский жалғастырған. Д.Б.Занков дамыта оқытуға қазіргі технологияларды қолданып, жалпы ақыл-ойды дамыту жолдарын анықтаған. Қазіргі бастауыш мектеп бағдарламасы, барлық таным процестерді жедел дамыту жолдарын ескере отырып жасалған оқулықтар мазмұны ойлауды дамытуға үлкен үлесін қосады. Дегенмен, осы проблеманы шешу үшін әр мұғалім ойлау қабілетінің ерекшеліктерін, оны дамыту жолдарын толық түсінуі қажет.

Бастауыш сыныптарда оқыту барысында балалардың таным процестерін дамытуға, олардың тіл байлығын және өз ойын сөйлеу арқылы басқаларға жеткізу тәсілдерін қолдаудың ойлау процесін дамытуға қосатын үлесі өте үлкен. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев осы тәсілдер ретінде халық педагогикасы элементтерін қолдануды ұсынады.

Адамның ойы әрқашан да сөз арқылы білдіріледі. Біреу екінші біреуге пікірін білдіргенде, өзін естісін деп дауыстап сөйлейді. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәйектеліп, дәлелдене түседі. Ойлау мен сөйлеуді бірдей деп, бұлардың арасына теңдік белгісін қою дұрыс емес. Ой сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғарғы формасы болса, ал сөз ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал болып табылады.

Бала тілі шықпай тұрған кезде де ойлай алады. Нәресте айналасындағы дүниені 1-сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы үлкендермен қарым-қатынасқа түскенде ғана оның ойлау шеңбері кеңейетін болады.

Ойлау адамның сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасау процесінде туындап отырады. Адам ойлауының мазмұнын билейтін – объектив шындық. Адамға мақсат қойып, оған жетуге ұмтылдыратын – оның қажеттіліктері.

Ойлау - өзіндік ішкі қарама-қайшылықтарға толы процесс. Бұл қайшылықтар ойлау дамуының және асуының қозғаушы күштері болып табылады, яғни ойлау осы қарама-қайшылықтарды, басқаша айтқанда, проблемалық жағдаяттарды шешу барысында өрбиді [1, 85 б.].

Бастауыш сынып оқушыларының ойлау процесі эмоционалды-образдылықтан абстрактылы-логикалыққа қарай дамиды. Осыған байланысты осы жас кезеңіндегі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде олардың ойлауын жаңа сапаға, яғни себеп-салдарлық байланыстарды түсіну дәрежесіне дейін жеткізу маңызды міндет болып табылады. Ж.Пиаже [2], содан кейін Дж.Брунер [3] өз зерттеулерінде баланың ақыл-ой дамуын кезеңдерге бөліп қарастырған. Олар балалардың түрлі әрекеттер мен операцияларды меңгеруін ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері деп есептеді.

Ж.Пиаже осы стадияны екі кезең бойынша қарастырады: 1) сенсомоторлы (0-2 жас) кезеңде баланың әрекеті ұғым түсініктер ретінде ішкі жан-дүниесіне аударылмаған. 2) операциялдық ой (2-7 жас) кезеңінде тіл, символдық ойындар, ым-ишаралар сияқты символдық функциялар дами бастайды. Соның негізінде ойдың әрекетке қарай интериоризациялану мүмкіндіктері туындайды. Сондай-ақ бұл кезең балаларда қайтымды операциялардың, заттардың саны мен шамаларын сақтау принциптерінің болмауымен сипатталады. Сондай-ақ балада өзін өзге адамның орнына қоя алмайтындығында байқалатын ұғым-түсінігіндегі эгоцентризм тән болады. Өйткені бала өзін қоршаған адамдарға өзінің пайымдауларын, сол пайымдау негізінде пайда болатын қарама-қайшылықтарды түсіндіріп бере алмайды. Бұл жайт балалардың танымдық іс-әрекеттерінде де тепе-теңдік әлі де пайда болмағандықтан, оның танымдық тіршілігі эффективті тіршілік ету сияқты үшқалақтық, тұрақсыздық сипатта болады.

Екінші саты (нақты операциялар сатысы) баланың алғашқы мектепке барғаннан бозбалалық жасқа келгенге дейінгі кезеңді қамтиды. (6-7-10-11 жас) Егер бала I сатыда негізінен заттарды қолданып әрекет жасаса, бұл сатыда ол сол заттармен қатар, заттардың символдары мен олардың арасындағы қатынастарға назар аударып, нақты операциялар орындауға көшеді. Операция қарапайым әрекеттен өзгеше болады немесе мақсатты бағытталған екі белгі бойынша ерекшеленеді: 1) ол интериоризацияланған, яғни бала енді қандай да бір мәселені сынап көру немесе қателесу әдістері арқылы шешпей, алдымен ойланып-толғанып әрекет етеді; 2) қайтымды, яғни операцияның әрекеттері қандай да бір кері операцияны қолдану нәтижесінде жоққа келтіруі мүмкін.

Бұл сатыда бала санасында операцияның орындалу объектісі мен құралы ретінде қызмет ететін ішкі құрылымдары дами бастайды. Бұл құрылымдар символдардың интериоризацияланған жүйесін құрайды, олар арқылы бала әлемді қабылдай бастайды. Бала қандай да бір ұғымды меңгеруі үшін, сол ұғымдарды осы ішкі құрылымдардың мәніне аудару қажет.

Бұл сатыда бала күнделікті өмірде кездесетін заттарды рет-ретімен қабылдай алады, алайда бұған дейінгі жинақтаған тәжірибесі жоқ болғандықтан ол заттарды тікелей қабылдауға мүмкіндіктері жетіспейді. Сондықтан олардың меңгерген операциялары нақты операция деп саналады.

10-12 жаста бала соңғы III сатыға (формальды операциялар) өтеді, шамамен 14-15 жасқа қарсы оларда ересек адам логикасы қалыптаса бастайды.

Бұл сатыда баланың ақыл-ой әрекеті гипотетикалық пайымдауларға сүйеніп, іс жүргізу қабілетіне негізделген және оның тәжірибесімен шектелмеген. Бала ойша мүмкін оқиғаларды көз алдына келтіре алады және одан ары эксперимент немесе бақылау жолдары арқылы тексерілетін потенциалды қатынастар туралы қорытынды жасай алады. Бұл сатыда бала бұған дейінгі сатыда мәселені шешкенде басшылыққа алған, бірақ формальды деңгейде жүйелеп баяндай бере алмаған нақты идеяларды формальды көрсету қабілетін иемденеді [2, 49-51бб.].

Біз ілгеріде Ж.Пиженің 7-11 жастағыларға тек қарапайым, яғни нақты ой операциясы кездеседі дейтінін ескерттік [2]. Мәдени-тарихи теорияны жақтаушылардың (Л.С.Выготскийдің және т.б.) пікірі бойынша оқымай келген бала оқуға кірген соң ойы мен интеллектісі үлкен өзгерістерге ұшырайды: бала қарапайым, яғни натуралдық ойдан мәдени, яғни ұғым арқылы ойлануға көшеді. Соңғы пікір қазірге дейін үстем алып келсе де әлі де жете тексерілмеген. Нақты ой нақты бейнелерге негіздеп ойлану, көбінесе елестету не керекті заттардың бейнесіне сүйеніп операция жасау арқылы түйінделеді. Бұндай түйіндеу талдау мен топтаудан, салыстырудан, абстракциялау мен нақтылаудан құралады.

Ой операцияларының осы түрлері бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекеттерінде әр түрлі тереңдікте кездеседі. Бірінші сынып оқушылары нақты затқа, не солардың көшірмесіне (үлгісіне, суретіне, т.б.) сүйене отырып, тапсырманы орындайды. Сол затты не оның көшірмесін көз алдынан алып тастаса, тапсырманы орындау қиынға түседі. 2-3 сыныптағылар бірте-бірте заттың жеке қасиеттерін, әсіресе негізгі белгілерін есінде қалдырып, соларды мүмкіндігінше топтастыра алуға үйренеді. Осының өзі сол заттың не оның көшірмесі жоқ кезінде қарабайыр тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

Ойлау ұғымына әр түрлі ойлау операциялары кіреді. Олар: салыстыру, талдау және жинақтау, жалпылау және нақтылау. Ойлау – ақиқат дүниенің мида жанама түрде ұғымдар арқылы барлық қасиет, байланыс қатынастарымен бейнеленуі. Ойлау адамның сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдей отырып, адамның сезім дүниесінен тыс құбылыстарды танып-білуіне мүмкіндік жасайды. Ойлау операциялары ойлау формалары мен деңгейлері арқылы өзара әрекеттесіп, ақыл-ой дамуының сапасына әсер етеді. Сонымен қатар салыстыру, жалпылау, нақтылау, бейнелеу ұғымдарына әсер етеді, сөйтіп ойлау формасын анықтап, ойлаудың бейнелеу деңгейін нақтылай түседі. Өз кезеңінде талдау мен синтез де талқылау және қорытындылаумен өзара әрекеттестікте болады. Бұдан ойлаудың не тәжірибелік, не бейнелеу, не теориялық деңгейі туындайды, ал бұл өлшемдер ақылдың сапасын, оның дербестік, сыншылдық, шығармашылық сипатын айқындайды.

А.В.Брушлинскийдің пікірінше, «ойлау» ұғымы төмендегідей сипатталады: «ойлау» ең болмағанда ең аз дәрежеде жаңа нәрсені танып-білумен анықталады, ол әрқашан продуктивті шығармашыл, дербес болады» [4, 19-44бб.]. Репродуктивті ойлау деп әдетте адамға өзіне жақсы таныс типтегі және құрылымдағы мәселелерді оңай шешуге көмектесетін ойлауды айтамыз. А.В.Брушлинскийдің «ойлау» ұғымын: «ең аз дегенде мәні бар жаңаны анықтау (сол индивидтер үшін жаңа болып саналатын) және ол белгілі бір мөлшерде өнімді, шығармашылықты, дербес болады», - деп түсіндіреді [4, 19-44бб.].

А.В.Брушлинский репродуктивті ойлауды адамның өзіне бұрыннан жақсы таныс типтегі тапсырмаларды жеңіл шеше алуымен сипаттайды.

Мысалы, бастауыш сынып оқушылары шынайы нәрселердің, жануарлардың, адамның суретін салуда кеңістікте объектілердің жарық ранктеріне байланысты өзгеру заңдылықтарын жақсы меңгергеннен кейін, тақырыптық суреттің мәнін түсініп, дұрыс сала бастайды. Бұл пікірді қолдаушылардың ойынша, адамдар нені болса да репродуктивті ойлаудың әсерінен емес, керісінше, продуктивті шығармашылықты ойлаудың нәтижесінде танып-біледі. Біздің ойымызша, репродуктивті ойлау дегеніміз жай ғана естің өзі (өздік ойлау). «Продуктивті шығармашылық ойлау» терминдеріне келсек, бұл жағдайда ойлау шын мәнінде әрқашан шығармашылықты сондай болып табылады.

Қазақ халық педагогикасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ойын дамыту мәселесі өте күрделі болғандықтан, біздің жұмысымызда бұл мәселе толық шешімін тапты деуге болмайды. Алдағы уақытта қазақ арифметикалық есептерін бастауыш сынып оқушылары ақыл-

ойының негізгі сапа-қасиеттерін дамытуда және қазақ арифметикалық есептерін бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой іс-әрекеттерінің тәсілдерін меңгертуде пайдалану, қазақ арифметикалық есептері арқылы бастауыш сынып оқушыларының интеллектуалдық дағды, іскерліктерін қалыптастыру және т.б. мәселелер жеке зерттеуді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейталиев Қ. Жалпы психология: Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2007. – 360 б.
2. Пиаже Ж. Психология труда учителя: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1993. – 192 с.
3. Брунер Дж. Исследование развития познавательной деятельности. – М., 1971. – 256 с.
4. Брушлинский А.В. Психология мышления и проблемное обучение. – М.: Знание, 1983. – 96 с.

ӘОЖ 37.2К14

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ – ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ САНА САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ КЕПІЛІ

САРЫБЕКОВ Қ.Н.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доцент м.а., п.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КЕЛИМБЕТОВА А.Ф.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Ребенок должен дорожит своей страной, своей землей, ставит статус родного народа выше личных предпочтений. А эти качества усваиваются ребенком только через духовно-нравственное воспитание.

Summary. A child should cherish his country, his land, puts the status of his native people above personal preferences. And these qualities are acquired by the child only through spiritual and moral education.

Қазіргі заманғы Қазақстан жағдайында Отанға деген махаббат ұлттық және құқықтық сана-сезім, азаматтық өнеге мен табиғи түйсіктерді: өз отбасы, елі, халқы ауданы, ауласы, спорттық клубы, қаласын қолдауының – бастауы болып саналатын патриотизм үлкен орын алады. Осылайша, патриотизм негізінде халық рухында, ұлттық түсінікте, шығармашылыққа ұмтылуда, белсендік әлеуметтік салада тамыр алып жатқан – саналы талпыныс пен импульс жатыр. Патриотизм туған табиғат пен өзінің топырағы арасындағы қатынас болып табылады, ол әлеуметтік мәдениет тұтастығы мен тұлғалар өмір сүретін рухани адамгершілік ортаны көрсетеді.

Халқымыз «Жас шыбық өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар, қоғам үлкен орын алады. Рухани- адамгершілік тәрбие - екі жақты процесс.

Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан тәрбиеленушілердің яғни бүлдіршіндердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым - қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асырады, Отансүйгіштік, адамгершілік ықпалдың әр - түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетістіктеріне зер салып отыруы қажет.

Мектепке дейінгі жаста балаларды адамгершілік ке тәрбиелеудің негізгі міндетгері мына жайттармен байланысады: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым - қатынасы (тұрмыстық қарапайым ережелерін орындау) кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау, ортада өзін дұрыс ұстау және қоршаған ортаға деген махаббат.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар - ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу және қалыптасып келе жатқан индивидтің санасын қалыптастыру.

Рухани адамгершілік тәрбие – бұл ұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқымен іс - әрекетін анықтайды.

Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. «Жақсымен жолдас болсаң - жетерсің мұратқа, жаманменен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа», «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» - деген мақалдардан көруге болады. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс - әрекет, түрлі ойындар арқылы беріледі. Сол мақсатта балабақшада балалармен «Болады - болмайды» ойын - тренингін қолдануға болады:

Мейірімді болуға..... (болады),
Кешірімді болуға..... (болады),
Мақтаншақ болуға..... (болмайды),
Шыншыл болуға..... (болады),
Жаман болуға..... (болмайды) [1]

Көрнекті педагог В.Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», – дейді. Демек балаға жан-жақты терең білім беріп қана қоймай, оның жүрегіне адамгершілік тің Отансүйгіштік асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қазақстан Республикамыздың басқа да рухани-адамгершілік тәрбие бере алатын өнер болсын, шығармалар болсын оқу процесіне қосып, қолданысқа еңгізу қажет. Отан туралы ән орындап, мақал - мәтелдер, тақпақтар айтылуы, ұлттық ойындар ойнатылуын қадағалау. Қолөнерден «Оюлар сыры» тақырыбында оқу іс - әрекетін ұйымдастыруды ұсынса артық болмас. Баланың туған елі Қазақстанға, табиғатына деген сүйіспеншілігін арттырып, елінің байлығы, халқының тұрмыс - тіршілігі, ұлттық бұйымдар, қазақтың ою - өрнек түрлерімен таныстыру. Ұлттық нақыштағы киім мен бұйымдар көрсетілімі, ою - өрнек, мақал - мәтел, тақпақтар, әңгімелеу арқылы баланың Отансүйгіштік рухани - адамгершілік қасиеттері кеңейе түсті.

Тәрбие берудің негізгі мәйегі - мейірім мен сүйіспеншілікте. Бала кімнен мейірім көрсе, сол адамды ерекше жақсы көреді. Ендеше, сүйіспеншілік - бала тәрбиесіндегі негізгі қағида болмақ.

Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті. Оның негізгі белгілерінің бірі - өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық ар-намысты ардақтау, әруақытта жақсылық жасауға дайын болу және соған ұмтылу. Арлы -ардақты адам адамгершілік тің асыл қасиеттері: Отансүйгіштік, мейірімді, адал, еңбекқор, ақылды, әділ, парасатты қасиеттердің жас ұрпақтарымыздың бойынан табылуына ықпал ету педагогтың парызы.

Жақсы мінез бен ақыл күші біріксе – бұлар адамгершілік қасиеттер (Ыбырай Алтынсарин). Адамгершілік-рухани тәрбие. Адамгершілік - адам бойындағы ең асыл қасиет және адамзат баласының ең жоғарғы мақсатына бағытталады. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, елін, отбасын сүюге, құрметтеуге үйретеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өз - өзін сыйламайды және сәйкесінше отанға деген құрметі болмайды. Рухани - адамгершілік тәрбие - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Жас балаларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу - бүгінге қажетті, кезек күттірмес мәселе. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны мен жүргізілетін жұмыстар осы жастағы балалардың ерекшеліктеріне сай келуі тиіс. Негізгі міндет - балалардың жақсы әдет пен мінез - құлықын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани - адамгершілік қасиеттері қалыптасады [2]

Халқымыз «баланы ойын өсіреді» деген сөзі тегін айтылмаса керек. Бала ойнап жүріп, ойланады, жүйкесі тынығады, ойы сергеді, денесі шымырланады. Өздерінің құрбы - құрдастарымен жақсы араласуды үйренеді. Сан алуан ойындар баланың дене тәрбиесін дамытып, жас өсіп келе жатқа өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік, сүйіспеншілік, кішіге көмек, үлкенге ізет көрсете білуге, қиыншылықтан қорықпауға, мақсатқа жетуде төзімділікті ұлғайтуға тәрбиелеуде ерекше мәні бар. Ең бастысы, ойынның баланы жан - жақты, тез ойланып шешім қабылдауға, ойынды шыншыл ойнауға, кешірімді болуға, жанашырлыққа тәрбиелейтіні анық.

Адамгершілік тақырыбы - мәңгілік. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру - ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті болып саналады.

Отанды сүюге, басқа ұлт өкілдерін құрметтеуге тәрбиелеудің ерекше маңызы бар. Мектепке дейінгі балалардың ерекшелігі еліктеу, көргенін қайталау қабілеттілігінің айқын көрінуі болып табылады. Тәрбиеші балаларда үлкендерге құрмет көрсетуді, өз қатарларымен дұрыс қарым-қатынас жасауды, заттарға ұқыпты қарауды білдіретін сан алуан мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады және тәрбиелейді. Бұлар әдет бола отырып, мінез-құлық нормасына айналады: сәлемдесу мен қоштасу, біреудің көрсеткен қызметіне рақмет айту, алған затын орнына қою, қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстау, өтінішін ізеттілікпен білдіру әдебі. Мектепке дейінгі естияр жаста үлкендермен, өз қатарларымен мәдениетті қарым-қатынас жасау, шын айту, тазалық, тәртіп сақтау, пайдалы іс- әрекет жасау, еңбек ету әдеті қалыптаса береді. Мектепке дейінгі ересек жаста балалар қылығының адамгершілік мазмұнына ой жүгірте отырып салыстыра қарау негізінде дамыған адамгершілік дағдылар мен әдеттер едәуір берік болады. Тәрбиеші балалардың адамгершілік нормаларына бағына білетін, саналы түрде меңгерілген мінез-құлыққа тәрбиелейді. Адамгершілік нормалары: қайырымдылық, сыпайылық, әділдік, қарапайымдылық, қамқоршы, және т.б. ұғымдарды тәрбиеші бірте-бірте балаларға түсіндіру арқылы меңгертеді. Балаларды құрбы- құрдастар ұжымында тәрбиелеу ғана емес жеке-дара оқыту тәсіл заңдылығымен де жүзеге асырылады, мұнда жас ерекшеліктерін, адамгершілік түсінік дәрежесін және баланың мінез-құлық тәжірибесін есепке алуды ескеру керек. Бұл заңдылықты жүзеге асыру үшін тәрбиешіден әр жастағы баланың психо-физиологиялық ерекшеліктерін және әрбір тәрбиеленушінің дамуының жеке-дара ерекшеліктерін терең білуді қатаң талап етеді. Әрбір топта тәрбиеші балалардың жас жағынан мүмкіндіктерін ескере отырып еңбекке дұрыс көзқарас қалыптастырады. Мысалы, сәбилердің алғашқы еңбек әрекетін басқара отырып, тәрбиеші олардың жұмысқа қосылу жөніндегі қандай тілектерін болса да қолдайды, оның сапасы мен нәтижесіне кешіріммен қарайды, білмеген жерінде көрсетіп отырады. Мектеп алды даярлық топта мақсатты бағыттауды қалыптастырады, сондықтан ол балалардың басқа жаққа көңіл аудармауына талап қояды және балалардың назарын істеген ісіне жұмылдырады. Тәрбиеші жұмыстың сапасына, әсіресе балалардың қатысу тәжірибесі көп еңбек түрлеріне жоғары талап қояды, мұндағы мақсат - олардың ынталылығын қалыптастыру, қойылған міндетке сай нәтижеге жету [3]

«Отаным маған қандай жақсылық жасай алады деп сұрама, мен Отаныма не жасай аламын деп ұра өзіңнен» – деп айтқан ұлы ғұламаларымыз. Отанды сүю от басынан басталады. Отан баланың үйі, өскен жері, ауылы, қыстағы яғни оның кіші отанынан бастау алған. Отанға деген, өз халқына деген махаббат біртіндеп оянады, ол өздігінен немесе үлкендердің сөзбен айтуымен қалыптасуы мүмкін емес. Мұндай сезімді қалыптастырушы алғашқы баспалдақ – баланың ең алдымен туған жанұясына, туыстары мен жақындарына одан кейін тәрбиеші ұстаздарына деген сүйіспеншілігінен басталып, “Кіші Отанына” деген мақтанышпен ұласады. Бүгінгі күні біздің басты байлығымыз от жүрег іОтан деп соғатын азамат тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймағанбетова К.А. Майкова Г.Ж. «Познаю мир»: Метод. Рекомендации для воспитателей- – Алматы: Просвещение Казахстан, 2007 жыл
2. Бала тәрбиесі № 8 2011 ж
3. А. Мецжанова Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы; Рауан, 1992.

ӘОЖ. 37.411

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ӘСКЕРИ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

ҮСЕН Б.М., ТУРСИНБАЕВ М.М.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно проанализированы основные аспекты воспитания воинского патриотизма у подростков.

Summary. the article analyzes in detail the main aspects of the education of military patriotism among adolescents.

Қазіргі дамыған отыз елдің қатарына қосылуды көздеп отырған тұста жастарды патриотизмге тәрбиелеудің өзектілігі – олардың бойында жоғарғы сананы дамыту, өзінің елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, Отанының мүдделерін қорғау, қастерлеу, аялау арқылы азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерін орындауға дайындығын қалыптастыру басшылыққа алатын негізгі принциптеріміздің басым бағыттары болуы тиіс. Осы орайда бүгінгі оқу – тәрбие ісінен бастап, мемлекеттік саясатамызға дейін назар аударып, көп көңіл бөлуді қажет ететін салалардың бірі патриоттық тәрбие екені даусыз.

Жастарды патриотизмге тәрбиелеу ісі ұлы дала тарихында ықылым замандардан келе жатқан үрдіс. Сөз жоқ, қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата – бабаларымыздың бостандық үшін елі мен жерін қорғаған ерлік істері, батырлық дастандары, аңыз, әңгімелері, жырлары, мақал – мәтелдері, шешендік өнері ғасырлар бойы өз ұрпағын адамгершілігі, ар – ожданы жоғары азамат етіп тәрбиелеп келген.

Еліміздің Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу-мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы»-деген еді [1].

Қазіргі жаһандану жағдайындағы әртүрлі әлеуметтік процесстер сонымен бірге алыс-жақын шет елдерде орын алып отырған жағдайлар жас жеткіншектерді тәрбиенің өзге түрімен бірге патриотизмге тәрбиелеу ісін де тиімді жүзеге асыруды көздейтіні анық.

Білім беру мекемелеріндегі әскери патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты жастардың бойында еліне, жеріне, отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру. Жастарды әскери патриотизмге тәрбиелеудің негізгі міндеттері:

- жеткіншектердің бойында өздеріне деген сенімдерін, еліміздің мәдени және тарихи өткеніне, бабалар мұрасын қастерлеуге негіз қалау;

- жастарда Отанға шын берілудің дамуын қамтамасыз ететін тиімді, жеке әскери-патриоттық жүйе құру;

- әскери-патриоттық тәрбие жүйесінің тұтас қызмет ету әсерін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінде қызмет етуге деген даярлығын қалыптастыру және т.б. жатады.

Жалпы білім беру мекемелеріндегі алғашқы әскери дайындық сабағының жүзеге асырылуының да өз тарихы бар. Ұлы Отан Соғысы кезінде, Кеңес үкіметі соғыста жеңіске жеткеніне қарамастан, 43 миллионға жуық адамынан айрылды, ал Германия жағынан бұл көрсеткіш 6 миллион ғана. Соғыста көз жұмған қазақстандық жауынгерлердің саны – 600 мың. Майданға аттанған әрбір үшінші қазақ азаматы мерт болды. Оның үстіне 1945-1991 жылдары, әлемдегі екі саяси жүйе КСРО мен АҚШ арасында «қырғи-қабақ» қарым қатынастың орын алуына орай, елде әскери саламен бірге оқу-тәрбие процесінде жастарға әскери тәрбие беру мәселесі жолға қойылды.

Бастапқыда мектеп жастарын әскерге баулу ісіне тәрбиелеу құпия жүргізілгенімен, уақыт өте келе барлық білім беру мекемелерінде міндетті болып бекітілді.

Сонымен, Ұлы Отан Соғысының соңына қарай әскери-патриоттық жұмыстар жаңа бағытта жүргізілетін болды. Бұған «Мектептерде білім сапасын жақсарту туралы іс-шаралар» - деп аталатын КСРО-ның ХҚК (халық комиссарлар кеңесінің) 1944 жылғы 21 маусымындағы Қаулысы ықпал етті. Оқушыларды социалистік патриотизмге және ғылыми әлемдік көзқарасын қалыптастырудың құралы дамыды [2, 696.].

Мектеп оқушыларымен туған жерді танып білуге, жауынгер-қаһармандардың фашистік басқыншылармен ерлік күресінің беттерін, батырлар туралы белсенді түрде материалдар жинақтау және тағы басқа да жалпыодақтық тәрбиелік іс- шаралар жүргізіле бастады. Барлық мектептеде дерлік тарихи-танымдық мұражайлар, даңқ бұрыштары, социалистік еңбек ерлерінің қызметі туралы фотосуреттер, соғыс және еңбек даңқы бөлмелері ұйымдастырылды.

1979-1980 жылдар аралығында көбінде мектептегі патриоттық жұмыстар, отан қорғауға дайындау бағытымен байланыстырылды. Мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру, оларды Отан қорғау ісіне дайындау, қоғамдық жұмыстарға қатыстыру – Одақ кезіндегі Қазақстан мектептерінің мақсаты болды. Тәрбиелік сағаттар мен танымдық іс-шаралар отан қорғау ісінің маңызын ашып көрсетуге тырысты. Демалыс кездерінде және сабақтан тыс уақыттарда оқушылармен соғыс болған жерлерге жорықтар ұйымдастырылған. Ұлы Отан соғысына қатысқан жерлестері туралы материалдар жинаған.

Ұлы Отан соғысы батырлары туралы мәліметтер жинау, кездесулер мен салтанатты жиналыстар өткізу, әскердегі мектеп түлектерімен хат алысу жұмыстары жүргізіліп отырған[3, 126.].

1970-1980 жылдар аралығында Қазақстан мектептеріндегі сабақтан тыс жұмыстары экскурсия негізінде біршама табыстарға жетті. Мысалы: тек қана Жамбыл облысының көптеген мектептерінде қызыл ізшілер және мергендер үйірмелері жұмыс істеп, онда мыңға тарта оқушылар қамтылды.

Осы кезеңдегі жастарды әскери патриотизмге тәрбиелеу бағытында жүргізілген іс-шараларды қорыта келе төмендегідей – ой түйіндеуге болады:

1. Туристік өлкетану жұмыстары бұл кезеңде жақсы жолға қойылғандықтан, мектепте оқушылар мұғалімдердің басшылығымен мәдени жорықтарға шығуы, туған жердің табиғатымен, тарихымен танысу жұмыстары көптеп жүргізілді.

2. Бұл іс-шаралар жеткіншектерді туған жердің, Отанның, тарихын үйретіп қана қоймай жергілікті жердің табиғатын мәдениетін, тарихын сүйеге тәрбиеледі. Дегенмен, мектептердегі оқушыларды жергілікті соғыс ардагерлерінің ерлік істерімен таныстыру, сонымен бірге экскурсиялық жұмыстар жүргізудің орны бөлек, алайда әскери-патриотизмді тек соғыс жайлы материалдармен ұйымдастырудың сыңаржақты тұстары да бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Қазақстан өз алдына мемлекет болып құрылғаннан кейінгі әлеуметтік саяси-экономикалық қатынастардың, өзгерістерге ұшырауына байланысты қоғамдық сана мен халықтың ой-пікірі де басқа арнаға бұрылып, жаңа ізденістерге ауысты. Осы өтпелі кезеңде мектеп оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу ісінің бәсеңсігені де жасырын емес. 1990-1995 жылдары білім мекемелерінде алғашқы әскери дайындық пәні тоқтатылды.

Өтпелі кезеңде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу жұмысының арқауы жаңа мемлекетіміздің рәміздері: Әнұран, Отанымыздың Көк байрағы, Елтаңба, Ата заңды құрметтеу болды. Отан, туған жер, атамекен деген ұғымдар патриоттық тәрбиенің тоқтап қалмауына себеп болды. 1996 жылдың 1 қарашасында алғашқы әскери дайындық пәні Қазақстан өкіметінің қаулысымен қайта жүргізіле бастады да, патриоттық тәрбие беру ісі қоғам сұранысына сай жаңа арнаға көтерілді.

Мектептерде оқушыларға патриоттық тәрбие беру: батыр бабалардың дәстүрлерін жалғастыру; соғыс ардагерлерінің ел қорғаудағы істерін, өмір жолын үлгі тұту; ұлттық салт – дәстүр, әдет – ғұрыпты насихаттау; оқушыларды «Жас ұлан» әскери-спорттық ойындарына қатысуға дайындау; әр түрлі әскери патриоттық тақырыптарға байқаулар өткізу; әскери мамандықты тандаған мектеп түлектерімен кездесулер; әскери – патриоттық мәндегі көркем фильмдерді насихаттау тәрбие сағаттары хақында жаңа мәндегі жұмыстармен тәрбие жолға қойылды.

Осындай тәрбие жұмыстарының әсерінен жеткіншектер Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің даму тарихымен, сипаттамасымен, ерекшеліктерімен танысады. «Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет» туралы т.б заңдармен, әскери ант, әскери жарғылардың талаптарын оқып үйреніп, атыс қаруларының үлгілерімен жете танысып, азаматтық қорғанысқа қажетті мәліметтер мен іс-қимылдарға үйренеді. Жастарды әскер қатарында қызмет атқаруға дайындау, келешек Отан қорғаушыларды тәрбиелеу қазіргі мектептің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр.

Мектеп қабырғасында оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие тек 10-11 сыныптарда жүргізілетін алғашқы әскери дайындық сабағында ғана емес, барлық сынып оқушыларына сыныпта және сабақтан тыс өткізілетін іс-шаралар арқылы да беріледі.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, патриоттық тәрбие барлық қоғамдық қатынастарды ізгілендірумен тығыз байланысты жүргізілді. Сондықтан бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарды байланыстыра отырып, қабілетін, талантын ашу, бесекелестікке қабілеттілікке ықпал жасау, бүгінгі замандағы басты міндет болып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев қай Жолдауында болмасын келер ұрпақты Қазақстандық патриотизмге бағыттау, олардың әлеуетін арттыру мәселесіне назар аударылуы, күн тәртібінен түскен емес. Бұл мәселе әсіресе бәсекеге қабілеттілік пен дамыған елдер қатарына қосылу аясында ерекше маңызға ие болып отыр.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қоғамда «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» деген ұғымдар жиі пайдаланылды. Осы орайда, ұлттық патриотизм – өзіңнің ұлтыңа оның мәдениетіне, тіліне, дәстүрлеріне деген сүйіспеншілік пен жанашырлық ұғымымен байланысты болса, Қазақстандық патриотизм дегеніміз – елімізде тұратын ұлт өкілдері, яғни қазақстандықтардың Отанымызға, елімізге, жерімізге деген сүйіспеншілігі. Әрине, Отанды сүйу – әркімнің сана-сезіміне байланысты, қасиетті сезім. Бұл сезім әркімді әр кезеңде (яғни әртүрлі жаста) оянып, кейін кәмілетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық, әлеуметтік институттардың әсерімен қалыптасады. Сондықтан да Қазақстандық жаңа патриотизмді қалыптастыру мен дамыту бүгінгі күн талабы [4, 236.].

Жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізге, болмысымызға үлкен мән берілуі керек. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 15 желтоқсандағы «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» тақырыбында халыққа Жолдауында: «Қазақстандық патриотизм» туралы: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл, ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек» – деп көрсеткен болатын. Ұлттық тарих ұлттық рухты күшейтуші, тарихи танымды арттырып, ұлттық сананы қалыптастырушы роль атқарады. Сондықтан, ұлттық тарихтың тәрбиелік мәнін тарихи тұрғыдан зерттеп-зерделеу қажет.

Сөзімізді қорытындылай келе айтарымыз, Қазақстандық патриотизмді дамытудың басты шарты, барлығымыз бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтау. Патриотизм жасанды болмаған жағдайда ғана өз жемісін береді. Патриотизмнің объектісі, қайнар көзі Отан. Ал оның мазмұны табиғаты, оның байлықтары, жері, тарихы, тілі, т.б.. Сондықтанда патриотизмде ұлттық мазмұн болуы шарт. Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана ол сіңімді әрі әсері ықпалды болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. – Астана: Елорда, 2006. – 44 б.
2. Байдалиев Д.Д. Өлкетану негіздері. - Тараз: Тигу, 2013. - 128б.
3. Шаухитдинов Е. Патриоттық қанға сіңген қасиет пе? //Ақиқат. 2000, №11 28 – 30 б.
4. Жұмаханов Ә. Орта мектептің жоғары класс оқушыларын аға ұрпақтың ерлік және еңбек дәстүрлеріне тәрбиелеу. –Алматы: Қазақ университеті, 1991, 48б.
5. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» тақырыбында Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан, 2012, 14 желтоқсан.

ІІІ СЕКЦИЯ

ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҰСТАНЫМДАР

ЭОЖ 82. 078

АЛАШ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МАХАМБЕТОВА А.Б.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается история изучения литературы Алаш.

Summary. The article discusses the history of the study of Alash literature.

Алаш қайраткерлері ұлттық сана-сезімді мемлекеттік деңгейге көтере білді. Алаш партиясы сол қиын уақыттардағы тығырықтан шығуға бағытталған шешімдер жиынтығын ұсына білген қазақ дала-сындағы алғашқы саяси ұйым еді. Алашшылардың негізгі ұраны осы күнге дейін өзінің өзектілігін жоғалтпаған елдің береке-бірлігі болды. Алашордашылар заман ағымына сай өздерінің позициясын табандылықпен қорғап қана қоймай, әккі саясатты да ұстана білді. Алаш қозғалысының басты мақсаты – мемлекеттік басқару жүйесін құру, елдің даму жолын таңдауда ұлттық болмысқа ден қою, Ресейдің ішкі губернияларынан қазақ жеріне шаруаларды жаппай қоныстандыруды доғару, әлемдік озық тәжірибелерді негізге ала отырып қазақ қоғамын жаңғырту болды.

Абай заманында өмірге келіп, өркен жая бастаған жазба әдебиеттің нағыз бағбаншылары Алаш ұранды әдебиет өкілдері болды. А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ғ.Қараш, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, М.Әуезов, Қ.Кемеңгерұлы, Б.Күлеев т.б. Алаш қозғалысының белді, белсінді мүшелері Қазақтың жазба әдебиетін тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан байытты, кеңітті. Яғни, негізінш ауызша айтылып, тыңдалып жүрген көркем сөз үлгілері хатқа түсіп, жазу түрінде газет, кітап беттеріне көше бастады. Бұл әдебиеттің өмір сүру, таралу типін ғана өзгертіп қоймай, ең бастысы, жазудың мәдениетін арттырды. Көркем ойды жеткізудің тілдегі стилистикалық мүмкіндіктерін еселеді. Соған орай жаңа көркем түрлер пайда болды, тың сөз тіркестері мен сөйлемдер жасалды. Жазба әдебиет үлгілері дайындықпен, қажетті материалдар жинаумен, ұзақ толғанумен жазылатын дүниелер болғандықтан, мұнда ұлт тілінің барлық байлығы мен бейнелілігін сарқа пайдалануға зор мүмкіншіліктер туды. Туған тілінің осы мүмкіншіліктерін тумысынан талантты, ұлтына ұлы махаббаттары табиғи Алаш ұландары ұтымды пайдалана алды. Сөйтіп қандай да бір қасаңдықтан ада, адами құндылықтарды ту еткен, халқының халіне, ұлтының ұйысуына зерек ой, адал ниетпен көмкерілген көркем туындылар дүниеге келді. Бұл «Алаш әдебиеті» деп аталатын жаңа әдеби дәуірдің бастапқы кезеңдерінде ұраншылдық, насихатшылдық басым болғанымен, шамамен жас дарындар Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезовтердің шығармалары жазыла, жарық көре бастаған тұстан бері қарай көркемдігі кемел дүниелер бой көрсете бастады. Осы эволюциялық жол – Алаш әдебиетінің тез өсіп, жедел жылдамдықтармен ілгерілегенін көрсетеді.

Қазақ әдебиеті сонау Күлтегін мен Тоныкөктің ақыл сөздерінен басталса, оның басына ақ сәлде киген өкілдері бар екенін, «Айтарыңды ойлап сөйле, жүректі Ер! Ауызыңды бақ, енер содан кесел де!» деп өсиет айтқан ата-баба сөзін енді ғана санамызбен сезінудеміз. Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, А. Йасауи, А. Йүгінеки, М. Хорезми, М.Х.Дулатидің ғибратты асыл сөздері қазақтың ата-баба дәстүрінің ғана ізі емес, жалпыадамзаттық ақыл мен парасаттылық, имандылық пен ізгіліктің үлгісі болып қала бермек. «Құтты білік» жазылған кезде «Игорь жасағы туралы жыр», «Монғол құпия шежіресі» әлі дүниеге келмеген де еді. Қазақ жерінде о бастан асыл сөз ғибраты болғанын, яғни ата-бабаның ежелгі әдебиеті бар екенін дәлелдеп келе жатқан ғалым Ә.Дербісәлі 21 әл-Фараби, 8 әл-Йасауи, 12 әл-Тарази сияқты асыл сөз иелерінің мұрасын тәуелсіз әдебиеттану мен тарихқа енгізіп отыр. Көне Сығанақ шаһарынан шыққан Сығанакидің үш томдық еңбегін Каирден тауып әкелді. Шығыстанушы ғалым Түркияның атакты Сүлейман кітапханасында Кердерінің он томдық мұрасы

бар екенін айқындап, Қашқардан шыққан бірнеше ғалымдардың мұрасын тіл білетін зерттеушілерге беруге әзір екенін мәлімдеді.

Ғалымның біз әлі қадірін түсіне алмай келе жатқан руханилығы мол қазына М.Х.Дулатидің «Жаһаннамесін» бүгінгі қазақ тілінде ғылымға енгізуі үлкен жақсылық. М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашидиі» – асыл сөз үлгісі ғана емес, ұлттық сөз өнерінің тарихылығын дәлелдеп тұрған әдеби жәдігер. Бұл екі басылым –әдебиет о баста тектілер ісі болғандығының тағы бір дәлелі. Олай болса, тәуелсіз әдебиеттану ғылымы өзінің төл дәстүріне қайта бұрылып, осыншама ғибратты ата-баба асыл сөзін бүгінгі тұрғыдан меңгеруі қажет.

Тәуелсіздікпен бірге тұрмыс-салтымыз, имандылығымыз, мәдениетіміз, кеңес кезінде жазықсыз репрессияға ұшыраған әдебиетіміз бен оны танытатын әдебиеттану ғылымы қайта оралып, жан-жақты жаңа зерттеулерді талап етуде. Кеңестік кезеңде цензураға ұшыраған әдеби көркем мұра біртіндеп жөнделу үстінде.

Құтты ел болу үшін не істеу керек? Ол үшін адам қандай, қоғам қандай болуы тиісті? Бақ-дәулет, құт – береке қонған ел болу үшін қанағат, рақым қажет екені белгілі. Себебі, өмір өткінші, ал басты рухани құндылықтар өзгермеген. Бұған дәлел –асыл сөз жәдігерлері.

Х. Досмұхамедұлы сонау 1928 жылы « Аламан» атты ғылыми зерттеуінде отандық – әлеуметшілдік міндетін анықтап берген: « Отан сезімі, мемлекет сезімі кем, менмендік сезім күйлі құлықты аламандық дейміз», – дейді [1, 576.]. « Отан бірлігі, Отан намысы, Отанды сақтау сезімдерін» Алаш әдебиетшілері бізге осылай анықтап берді. Ол үшін әлеумет міндеті туралы ой қажет. Абайша әдебиет – Отанды сүю үлгісі. «Отан бірлігі, Отан сүю сезімі, әлеуметшілік міндеті секілді бүтін мемлекетке керек сезімдерді, менмендік, бәсекелестік, ерегіс секілді аламандықтың жеңгенін ел арасынан жиналған ескі сөздері анықтап көрсетіп тұр.

«Қазақ әдебиеттануы алғы бастаулары бар (әл-Фараби, Абай), ата-баба толғауларында дамып, ХХ ғасыр басында кәсіби ғылым саласы ретінде Алаш әдебиетшілері еңбектерінде осылай қалыптасты. Бұл әдебиеттану сол кездегі қоғамда өзіне тиісті орнын алып, ұлттың рухын, еңсесін көтеретін істің басынан табылды. Алаш әдебиетшілері әдебиетті тарихпен бірге қарастырды» [2, 102б.]. Алаш әдебиеттануы асыл сөз ғибратты, текті сөз болуын бізге аманат етіп берді. Қазақ ұлтының еңсесін көтеретін, оның рухын, намысын оятатын алаш әдебиеттануының сарыны бүгінгі тәуелсіздік ғылымына қажетті рухани үлгі. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабай, Х.Досмұхамедұлы, С.Сәдуақасұлы т.б. еңбектеріндегі «Оян, қазақ!» деген азаматтық ұран тұрғысынан іске асқан ғылым бүгінгі әдебиеттануға сын болып табылады.

Әдебиет о баста тектілердің ісі болғанын Алаш әдебиеттануы толық дәлелдеді. Күлтегіннен басталған қазақ жазбаларында текті сөз ғана өмір сүрді. Ол атадан балаға беріліп отырды. Бұл қазақ елінің мәртебесін, мерейін көтеру үшін айтылған ата-бабамыздың асыл сөзі еді.

Алаш әдебиеттануы-қазақтың бектері мен тектілерінің, жыраулары мен шешендерінің толғауларының талдауы. Сондықтан Алаш әдебиеттануы-тектілер ғылымы. Алаш әдебиеттануының әдеби-теориялық тұжырымдары М.Бахтин, Б.Томашевский, Л.Гинзбург ойларымен тең келуі бұл ғылымның классикалық екенінің айғағы. Алаш әдебиеттануы бұл қағиданы ақтап келе жатқанына жиырма жыл болыпты.

Алаш әдебиеттануы лауазы, дәреже алу үшін жазылмаған. Қасіретті «Тар жол, тайғақ кешу» кезде Алаш ғалымдары жүректен сөйледі. Өздерінің қазақ елі үшін құрбандыққа барғанын о баста мойындап алғандай. Алаш ғалымдарының ғылыми еңбектері «Бисми-ллахи-рахмани-рахим» деп басталады.

«Жаздым, сөз жаным ашып Алашыма» тұрғысынан күмбірлеген Алаш әдебиеттануы – бүгінгі ғылымға сын болып табылып, ұлттың ғибратты ілімінің бойын түзеуін талап етеді. Текті әдебиетшілердің сөзі мен ойы ісімен бір екенін олар бізге осылай дәлелдеп кетті.

Олай болса, «Отанды сүю –иманнан» тұрғысынан іске асқан Алаш ғылымын олар аңсаған тәуелсіз кезде іске асыру бізге парыз. Алаш зиялылары сияқты әр қазақ өз ұлты үшін, өз ісі үшін, өз кезеңі мен заманы үшін жауапты екенін сезіне білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. –Алматы: Алаш,1991. –345б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. I том. «Әдебиет танытқыш». Жауапты редактор, құрастырушы филология ғылымдарының докторы А.С.Ісімақова. –Алматы: Жібек жолы. 2002.–207-б.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ЖУНИСОВА Б.У.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются жанровые особенности традиционной литературы XIX века.
Summary. The article examines the genre features of the traditional literature of the 19th century.

Қай дәуірдің болмасын әдебиетін көркемдік даму жөнінен қарастыру – сол кезең әдебиетінің әрбір жеке өкілінің шығармашылық ерекшелігін, нақтылы бір ақындық топтың шығармашылық дәстүрін, белгілі бір кезеңдердің саяси бағдар, беталысын, т.б. әрқилы көркемдік негіздерді мүмкіндігінше тұтас қамтып қарастыру.

“Әр дәуірдің өз шындығы бар. Бұлар бірін-бірі қайталамайды. Олай болса, әр дәуірдің шындығын сәулелендірген шығармалар да бірін-бірі қайталамайды; тектері мен түрлері үқсас болғанмен, Шекспир трагедиясы Мүсірепов жазған трагедиядан, Бальзак романы Әуезов романынан, Абай поэзиясы Жансүгіров поэзиясынан өзге екені даусыз. Мұны да историзмпринципінен қарағанда ғана аңғарамыз. Міне, осы өзгешеліктерді ажырату әрекетінің өзі жанр мәселесін тарихи тұрғыдан толғауға әкеледі.

Әр халықтың әдебиеті ол өмір сүрген тарихи дәуірлердің әр кезеңінде әр халде, әр қалыпта болып отырады. Әдеби процесдегеніміздің өзі – осы.

Көркемдік дамудың әдеби процестен танылатын құбылыстары алуан-алуан: бірін әдеби шығарманың тақырыбынан аңғарсақ, бірін идеясынан, енді бірін адам образынан аңғарамыз. Әдеби жанрлар тағдыры да осы құбылыстарға тығыз байланысты. Мұның егжей-тегжейін күллі әдеби құбылыстарды тарихи тұрғыдан топшылау, талдау арқылы ғана білуге болады”, – дейді академик З. Қабдолов [1, 306 б.].

XIX ғасыр әдебиеті қазақ әдебиеттану ғылымында жеке үлгілер, жекелеген тұлғалар шығармашылығы негізінде де; кезеңдік тұтас сипаттар жөнінен де зерттеу нысаны болып келе жатыр.

Бұл әдебиеттің жанрлық құрамы, тілдік құрылым, өлең үлгісі, әдеби әдіс-тәсіл жөні, көркемдік-тарихи негіздері қазіргі кезеңде толымды зерттеулер арнасына айналып отыр.

Әдебиет тарихының мәселелері түпкілікті қозғала бастаған жиырмасыншы ғасырдың басынан бері XIX ғасыр әдебиеті айрықша назарда болды.

Бұл дәуірдің әдебиет үлгілері, оның туу, жасау себептері тек қана сырт мазмұндау емес, көркемдік негіздермен дәлелденіп, айғақтала бастады. XIX ғасыр әдебиетінің сан-саласы, оны туғызушылардың өмірбаяны, шығармашылық мұрасы ғылым назарына ілікті. Өкінішке орай, түрлі саяси қаулы-қарар; әдеби мұраны әрі тартып, бері тартып саясаттың, идеологияның көкпарына айналдырған тұста көркемдік әлем, сөз өнері жайлы ғылым жаландыққа, жасандылыққа барды. Тоқтамасқа да тоқыраған сәттері болды. Ол құбылыстардың XIX ғасыр әдебиетін танып, таратуда да өзіндік кері әсерлері болды. Сонау ғасыр басында ғылыми негізі қаланған таным көбіне саяси, мазмұндық талдау, бағаның тасасында қаға-беріс қала берді.

XX ғасырдың басында Х. Досмұхамедұлы халық әдебиетін көркемдік жөнінен жіктеп отырып, XIX ғасыр әдебиетінің бір қырын көрсетер мына бір жайларға тоқталады.

“...Кейбір мәліметтерге қарағанда бұндай авторлық XIX ғасырдың бірінші жартысынан басталады деп жобалауға болады. Бұл қазақтың жазба әдебиетінің басталуы. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және ғибраттық түрлерінен іздеу қажет” [2, 33 б.].

Х.Досмұхамедұлы әдебиет тарихындағы XIX ғасырда басталған тағы бір елеулі жайды атап көрсетті. “Халық әдебиеті” XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі түрде хатқа түсе бастады. Әдетте оны қызығушылар мен Радлов, Потанин, Ильминский, Мелиоранский сияқты шығыстанушы мамандар жазып алды. Қазақ халық әдебиетінің нағыз жинаушысы этнограф Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев болды. Қырық жылдан астам уақыт бойы ол шаршамай-талмай қазақ халық әдебиеті үлгілерін жинады, жүйеледі және орыс тіліне аударды”. Диваев соның 86 баспа

табағын революцияға дейін орыстың түрлі журналдарында бастырған. Халық әдебиеті үлгілерін Омбыдағы орыс оқымыстыларының, зиялыларының тапсыруымен Шыңғыс Уәлихановтың, Шоқан Уәлихановтың жиыстырғаны белгілі. XIX ғасырдың соңына қарай қазақ тіліндегі баспасөзде “Түркістан уәлаятының газетасы”, “Дала уәлаятының газетасы” беттерінде әдебиет материалдары, оларға қатысты пікір, сыни ойлар жарияланды. Яғни әдеби өмірде жазбаша әдеби санның туа бастағаны да осы уақыт.

XIX ғасыр әдебиетіне байланысты Сәбит Мұқанов 1942 жылы мынадай тұжырым жасады: “XIX ғасыр әдебиетінің дәуірлері одан бұрынғы ғасырлардың әдебиет дәуірлеріндей көмескі емес, айқын, ашық. Мәселен: XIX ғасырдың алғашқы жартысында ұлт бостандығын жырлайтын әдебиет жасалды. XIX ғасырдың 50-70-жылдарында “Зар заман” әдебиеті басым болды, XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап просветительдік (мәдениетке үндеуші) әдебиет туды.

XIX ғасырдан бұрынғы ғасырлардың ешқайсысының әдебиетін біз нақ XIX ғасыр әдебиетіндегі кезеңді дәуірлерге жүйелей алмаймыз”. Сәбит Мұқанов XVIII-XIX ғасырлар әдебиетінің бірнеше өзгешелік, өзіндік ерекшелігі тізбелеп келіп, мынадай тоқтам айтты: “XIX ғасырдың одан бұрынғы ғасырлардан өзгешелігі – бұл ғасырда шын мағынасындағы жазба әдебиет туды”. Сәбит Мұқанов XIX ғасыр әдебиетінің өзіндік тағы бір ерекшелігін атады. “Жер жүзіндік классикалық әдебиетпен қазақ әдебиетінің шын мағынасында араласуы XIX ғасырда ғана” [3, 8 б.]. С. Мұқановтың сол тұста айтқан әдебиет тарихын жасау мәселесі, әдебиет мұраларын жарыққа шығару мәселесінен анағұрлым қиын, себебі жүйеге түспеген деген пікірі әр уақытта да есте болар шындық.

Мұқанов жіктеуінде, бөлуінде (1942 ж.) сыншыл реализм атауы, жоқ. Абай дәуіріндегі әдебиетті мәдениетке үндеу деп бөледі.

XIX ғасырдағы діни-ағартушылық бағыттың ағысты арнасының бірі – ежелгі нәзира дәстүріндегі қайта жаңғырған қисса-дастандар. Қисса-дастандардың жандану себептерінің түп-төркіні отаршылдық, миссионерлік саясатта жатты. Белгілі бір тарихи кезеңнің қазақ сөз өнері көтерген ауыртпалығының бірі – осы дін жайы, миссионерлік ағым. XIX ғасырда, XX ғасыр басында қазақ арасына кітап болып басылып тараған қисса-дастандардың шыға бастаған уақытын зерттеушілер 1800 жылмен даталайды. Ә. Каримуллиннің XIX ғасырда Қазан төңкерісіне шейін жарияланған кітаптардың саны, мазмұны туралы деректері түрлі жыр, қисса-дастандардың үздіксіз, бір шығарманың өзі әлденеше рет басылып, ел арасына мыңдаған дана болып таралғанын көрсетеді.

Кеңестік кезеңде XIX ғасырдағы қиссалар “Батырлар жыры” (1964), “Ғашықнаме” (1976), “Қисса дастандар” (1980), “Дастандар” (I, II том 1990) жинақтарында басылды. Қытайда қиссаның 12 томы жарық көрді. XIX ғасырда қазақ арасына кең жайылған қисса-дастандар зерттеушілер деректеріне қарағанда сол ортағасырлық нұсқадан қайта басылып та, нәзирагөйлікпен қайта жырланып та тарап отырған. Бір шығарманы, бір желіні бірнеше ақынның өзіндік өзгешеліктерімен жырлап, бастыруы да қисса-дастанның жасау үрдісіне айналған. Ал, сол ортағасырлық туындылардың ықпалымен үлгісімен жаңадан туған, қазақ өмірінен алынған шығармалар – өз алдына бір әдеби әлем.

1959 жылғы әдеби мұраға көзқарас талқыланған ауқымды ғылыми жиындағы жарыссөзде Х.Досмұхамедұлы қиссалардың жөнін, мәнін мейлінше айқын қойып сөйлейді: “XIX ғасырдың соңғы ширегінен XX ғасырдың алғашқы 15 жылында Москва мен Петербург, Қазан мен Уфа, Ташкент пен Омбы, Орынбор мен Троицк, тағы басқа қалаларда қандай кітап басылсын, соның бәрі “қисса” аталды. Осы тізбек, осы серияның ішінде “Қобыланды” мен “Ер Тарғын”, “Қыз Жібек” пен “Қамбар”, “Айман-Шолпан” мен “Алпамыс” және кейбір қазақ ақындарының жыр, толғау, поэмалары да болды. Бұған қарағанда “қисса” деген терминнің әуелде қайдан шыққанын, қиссалардың қандай идеялық, көркемдік мәні болғанын, әдебиеттің қай тегіне баланғанын дәл айту өте қиын. Тегі қиссалар фольклорлық шығармалар мен жеке автордың дастан, романдарына әрі ұқсас, әрі ұқсас емес, сондықтан да әлі күнге зерттелмей келген, қиындығы да, қайшылығы да көп тың дерлік жанр” [2, 240 б.]. XIX ғасыр әдебиетіндегі қисса өлең дәстүрінің ғылыми негізделуі, жүйеленуі сол XIX ғасырдың орта тұсынан бастау алады.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті көп жанрлы, көп түрлі бай рухани мұра. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті негізінен орыс отаршылдығы түрлі саяси-экономикалық актілерді жүзеге асырған кезеңде туып қалыптасты.

«XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көркемдік негіздері жайлы А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ә.Қоңыратбаевтың, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, тұжырымдамалары негізінде ол әдебиетті әрі қарай зерттеу – ғылым мүддесі» [4, 17 б.]. Қазақ хандығы дәуірінде әдебиет негізінен дәстүрлі жыр, толғау, жыраулық поэзия түрінде дамыды.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде де дәстүрлі жыр үлгісіндегі жанрлар жасалып дамыды. Сонымен бірге жаңа өлең түрлері туып дамыды.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдағы тарихи жырлардың табиғатында назар аударуды қажет ететін бірнеше ерекшелік бар. XIX ғасырдағы тарихи жырдың ауыз әдебиеті үлгісі немесе жазба әдебиет туындысы есебінде танылу мәселесін қарастыра келіп, нақтылы тарих ізі жатқан, авторы бар бұл жырлар фольклор үрдісімен де шығарылды дегеннің өзінде, таза фольклор үлгісіне жатқызуға болмайтын шығармалар деген ойға тоқтадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. –366б.
2. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 2008. – 176б.
3. Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктер. – Алматы: Білім, 2002. – 272б.
4. Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Астана: Фолиант, 2005. – 279б.

ӘОЖ 82. 078

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

МЫРЗАҚҰЛОВА Ф.Е.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

ПЕРТАЕВА Э.Қ.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается изучение произведений Шортанбая Канайұлы.

Summary. The article deals with the study of the works of Shortanbai Kanayuly.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы төңкерістен бергі ғылыми-зерттеушілік жұмыста әдеби мұрасы бұрмаланып, біржақты бағаланып келген дарындарымыз аз болған жоқ. Олар тек кітаби, діншіл ақындар саналған М.Көпеев, Ф.Қарашев, Ш.Жәңгіров, Ш.Бөкеев немесе «ұлтшыл-- алашордашыл» аталғандықтан, кейінде ғана ақталған қазақ зиялыларының бір тобы ғана емес. Бұлар секілді шығармаларын басуға тыйым салынып, қазақ әдебиетінің тарихынан сызылған, өз өмір сүрген кезеңіндегі әдебиетте көрнекті өкіл саналса да, шығармаларының басты бағыты хандық, феодалдық-реакцияшыл идеологияны жақтаушы, ескілікті көксеуші, дінді насихаттаушы болғанын ашып бағалау қажеттігі қатты талап етілген ақын-жырауларымыз да аз емес. Олардың қатарына Дулат, Мұрат, Шортанбай, Албан Асан, Нарманбеттерді жатқызар едік.

Негізінен алғанда, «зар заман» ағымы ақындары шығармаларын жинап-жариялау және ғылыми бағалаудағы алғашқы қадам XIX ғасырда қолға алынған. Олардың ішінде отаршылдық саясатқа қарсы осыған дейінгі толғау жанрынан өзгеше бағытта, жалпыға ортақ сарындағы әдеби құбылыс ретінде танылған «зар заман» ағымын туғызған Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» атты толғауы орыс ориенталист-фольклористерінің назарына ілікті. Ол 1870 жылы В.Радловтың «Түркі халықтарының әдебиет үлгілері» атты көп томдық еңбегінің үшінші томында жарияланды. Шортанбайды қазақ поэзиясының көрнекті өкілі ретінде алғаш бағалаған да осы В.Радлов болды. «Зар заман» мен «Заман ақыр» тәрізді ғибрат өлеңдер Ертістің шығысындағы дала қазақтарының моллалары шығарған қолтума дүниелер» деп баға бергенде, осы дәуірдегі әдебиетте жаңашыл сипатта дамып отырған бұл ағымға баса көңіл аударды.

Ал ұлттық әдебиеттанудағы қазақ әдебиетінің тарихын зерделеудегі алғашқы талпыныстарға сай алғанда Ы.Алтынсаринді атар едік. Ұлы педагогтің «Қазақ қайғысы» аталатын қолжазбасы Орынбордың вице-губернаторы В.Ильинге арнайы жолданған зерттеушілік мәні бар еңбек болатын. Оның орыс тіліндегі «Горе киргиз» деп аталуында үлкен мән-мағына жатыр. Бұл оның Түркістан өлкесіндегі қазақ ақындарының «Зар заман» шығармалары жайындағы қорытынды талдауы еді. Ы.Алтынсарин қазақ әдебиетінде осы «зар заман» ағымының тууының тарихи себеп-салдарларын нақты көрсеткен. «Зар заман» әдеби ағымын патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен жұтқа ұшыраған ашаршылық пен жалаңаштық кезең туғызды» дей келе, осы «Зар заман» туралы қазақ

жерінде өлең-жыр жазбаған адам жоқ. Біз жақында Я.Лютштің «Қырғыз хрестоматиясынан» осы өлеңдерге ұқсас болып келетін Түркістан өңірі қазақтарының «Зар заман» өлеңін де кездестірдік» деп атап көрсетеді. Осы кітапта «Зар заман» деген атаумен бірнеше өлеңдер топтамасы жарық көрген. Әрине, оның барлығы да Шортанбайдың өлеңдері емес екені даусыз. Бұл өлең-жырлардың авторлары көрсетілмегендіктен де, оларды салыстыра зерттеу қажеттігі өз-өзінен сұранып тұр. Оны Ы.Алтынсарин нақты анықтау мақсатында «Түркістан өңірі қазақтарының «Зар заман» өлеңдері» деп атап көрсетуінің өзі нақты дәлел.

Қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, әйгілі жыр жүйрігі Шортанбай Қанайұлының шығармашылығын ел мүддесімен, ұлт тағдырымен орайласатын зар заман поэзиясынан бөліп қарау мүмкін емес. Рухани әлемімізде ерекше орны бар, бұл ағым туралы сөз болғанда оның өміршең өлең-толғаулары мен өсиет-өнегесі жөнінде айтылмай қалмайды. Өз дәуірінің жырын жырлап, жоғын жоқтаған Шортанбай мұрасы ғасырдан ғасырға жалғасатын қастерлі құндылық ретінде әлі күнге дейін сан ұрпақтың кәдесіне жарап келеді.

«Зар заман» атауын әдеби термин ретінде алғаш рет Мұхтар Әуезов қолданысқа енгізді. Ол өзінің 1927 жылы жарық көрген «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде зар заман ақындарына арнайы бөлім арнап, күрделі кезең поэзиясына жан-жақты талдау жасады; зар заманның өкілдерін атады; бұл дәуірдің басы мен соңына дейінгі аралықты белгіледі; сондай-ақ тарихи және теориялық негіздемелерін ұсынды. «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «зар заман ақындары» деп ат қойдық» [1, 192], – деген М.Әуезовтің тұжырымды сөзі кейінірек әдебиеттану ғылымында нақты ұғым ретінде қалыптасты. М.Әуезовтің байыптамаcына сәйкес «отаршылдық дәуірде жасаған, ортақ сарынмен жыр төккен» ақындардың жалпы атауына, тұтас әдеби құбылыстың анықтамасына негіз болған Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» толғауы 1870 жылы академик В.Радловтың «Оңтүстік Сібір және Жоңғар даласындағы түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» атты көп томдық еңбегінің қазақ фольклорына арналған үшінші томында басылып шыққан [2, 714-724бб.]. Кейіннен қазақ әдебиетіндегі тұтас бір ағымның атауына айналған шығарма туралы В.Радлов осы кітаптың алғы сөзінде былай дейді: «Зар заман» мен «Заман ақыр» тәрізді ғибрат өлеңдер Ертістің шығысындағы дала қазақтарының молдалары шығарған қолтума дүниелер» [2, 21-22бб.]. Бұл жерде әңгіме Шортанбай жөнінде болып отырғаны анық. Сондай-ақ, Шортанбайдың Орынбай ақынмен айтысы да осы кітапта жарияланған [2, 43-46бб.].

Заманға сын айту қазақ ақын-жырауларының шығармаларында бұрыннан бар. Әйтсе де, тасқа басылған Шортанбай өлеңінен кейін «зар заман» тіркесі қасіретті кезеңнің, аянышты халдің жыр түрінде бейнелеуінің көрінісі ретінде қалыптаса бастаған. Ал, Ы.Алтынсарин «Қазақтың қайғысы» («Горе киргиз») деген қолжазбасында [3] атап өткен Я.Лютш жинаған Түркістан өлкесі қазақтарының әдебиет нұсқалары 1883 жылы Ташкент қаласында басылған. Сол кітапта да «Зар заман» деп аталатын өлеңдер топтамасы жарық көрген. Әлихан Бөкейханның мұрасын зерттеушілер ұсынған мына бір дерек назар аударарлық: «Санкт-Петербургқа 20 жасында келген Әлиханның студенттік күндерін қалай өткізгендігі жайында Англияның әйгілі білім ордасы – Оксфорд университетінің «Орталық Азияны зерттеу қоғамы» өзінің «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар туралы» атты кітабында «Ә.Бөкейхан жас күнінде орнықты революционер, социалист болды және «Зар заман» атты орыстарға қарсы әдеби топтың мүшесі болды» деп жазады» [4, 10]. Бұл ұйымның қашан құрылғандығы, қанша адамның мүше болғандығы, топтың іс-әрекеті жөнінде толық мәліметтер жоқ. Дегенмен, XIX ғасырдың аяғында ұйымдасып, жұмыс жүргізген осы топтың бұлай аталуына 1870 жылдан бастап сол Санкт-Петербургдың өзінде шыққан кітаптарға енген Шортанбайдың «Зар заман» толғауының әсері болуы мүмкін деп топшылаймыз.

«Зар заман» атауының мән-мағынасын ашып, әдебиеттанудың ұғымы ретінде орнықтырып, осы ағымның өкілдерінің шығармаларына жанашырлықпен қарап, жалықпай зерттеп-зерделеген жазушы-ғалым Сәбит Мұқановтың еңбегі өлшеусіз. Ол 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты кітабының бір тарауын «Зар заман» деп атады. Бұл топтың жұрт ұғымында қалыптасқан өкілдері – Шортанбай Қанайұлы мен Мұрат Мөңкеұлының қатарына Шернияз Жарылғасұлын қосты. Сонау М.Әуезовтен желі боп тартылып келе жатқан «Зар заман» ұғымы жөнінде С.Мұқанов мынадай ғылыми байыптама жасады: «Бас бостандығынан, жерден айырылған, кедейленген халық, бұл зорлыққа қарсы басын көтере алмады, көтерем дегенге үкімет көтертпей, қозғала бергенде тарпа бас салып, орнында езіп тастап отырды. Осындай қолдан күш, бастан ерік кеткен кезде, қайғыдан тұншыққан халықтың зарынан туған көркем әдебиетін біз

«Зар заман» әдебиеті дейміз» [5, 120-121бб.]. Шортанбай мен Мұраттың шығармаларын жинап, жұртқа кеңінен таныстырған С.Мұқанов олардың ардақты есімдерін әр түрлі дау-дамайдан арашалауға да үлкен үлес қосты.

Елуінші жылдардың қырағы көздері Шортанбайларды Абайға қарсы қою арқылы оларды әдебиет аулынан аулақтатуға тырысқаны мәлім. Тіршіліктің бары мен базарын келелі келешектен емес, өткен өмірден іздейтін ақындардың өлең-жырларын түншықтыру үшін бұл таптырмайтын тәсіл саналды. Әсіресе әдебиетшілер ілгері басудың орнына кейін тартып, жаңаны жирене қабылдаған зар заман жыршыларын орыстың оқуын оқып, тілін үйренген Абайдың қолымен таяқтатқысы келді. С.Мұқанов алдымен осыған қарсы тұрды: «Біреулер Абайға қоятын шартты Шортанбайға да қойғысы кеп, «неге ол Абайдай бізді прогреске, орыс мәдениетіне шақырмайды» дейді. Сөз емес олай деу. Абай орыс мәдениетімен таныс та, Шортанбай таныс емес. Таныс емес нәрсесіне қалай шақыра алады ол?» [6, 75б.]. Кеңпейіл жүреппен, қазақы кең қолтық мінезбен айтылған бұл пікір айқын көзқарасты танытады. Көрнекті жазушы Абай өлеңіндегі Шортанбай шығармашылығына байланысты ой-тұжырымды талдау кезінде таптық таным шеңберінде қалып қоймайды. Мәселенің мән-жайына тілдік-көркемдік, эстетикалық тұрғыдан үңіледі. 1959 жылы 15-19 маусым аралығында Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған ғылыми-теориялық конференцияда аты ең көп аталған ақын Шортанбай Қанайұлы болды. Діншілдік ұғымы туралы жасалған тұжырымның бәрі соның өлеңдерімен түздықталды. Кертартпа бағыттың өкілдерін санамалап көрсеткенде алдымен ауызға ілінді.

Ұлы Абайдың «Сөзінің бірі – жамау, бірі – құрау» ақындарды нұсқағанда Шортанбайдан бастайтыны тәрізді, басқосуда пікірталасқа түскен шешендер осы ақынға ерекше шүйілді. Шортанбайдың шығармалары да, оны зерттегендердің еңбектері де сынға түсті. Солай болғанына қарамастан, Сәйділ Талжанов ақын туралы баяндамасында жиындағы дәстүрлі талдау ауқымынан шығып, оң көзқарас танытты. Зерттеуші-ғалымның ұғымында, ол – өмір шындығын айқын көрсетуші, отарлаушы ұлықтарға қарсы күресуші, ауыз әдебиетін жазба әдебиетке жеткізуші. Зар заман поэзиясын жабыла сынаған сол конференциядағы С.Талжановтың: «Шортанбай – өз заманындағы әлеуметтік өмірді жетік білген, кем-кетігін сынай отырып, көргенін қаз-қалпында айнаға түсірген шебер ақын» [7, 185б.], – деген шынайы бағалауы күні бүгінге дейін құнын жоғалтқан жоқ. Оның Шортанбайды «ақтау жағына бейім болып, әрбір сыннан арашалап алуға» тырысқанын Мұхтар Әуезовтің өзі де атап өтті [7, 368б.].

Осы басқосудың қаулысында Шортанбайдың әдебиеттегі орны туралы мынадай қорытынды жасалды: «Шортанбай Қанаевтың творчествосы жайында конференция сол дәуірдің негізгі идеялары мен әлеуметтік өмірдегі ерекшеліктерін еске ала отырып, ақын бір жағынан патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының салдарынан туған әлеуметтік жайларды сынай отырады да, екінші жағынан хандық дәуірді мадақтайды, шығармаларында ислам дінінің идеяларын уағыздайды деп қорытады. Бұл сияқты ақындардың творчествосына жоғары мектептің программаларында орын беріліп, негізінде ағартушылық, халықтық бағыттағы әдебиеттің осындай кертартпа ақындармен күрес үстінде дамығанын көрсету үшін аталуы керек» [7, 372б.]. Әрине, бұл қаулыдан кейін аталмыш ақындардың өлең-жырлары жарыққа шықпайтын болды. Олардың шығармалары мектеп оқушыларына тәрбие беру ісінен аулақтатылды. Сол құжаттан соң қайта жазылған оқулықтар жас ұрпақтың қолына «құлағын кесіп құнтитқан, мұрнын кесіп шүнтитқан» күйінде жетті.

Ал, Шортанбай өзі «зар заман» деп атаған дәуірдің тұтастай болмысын былайша бедерлейді: Мына заман қай заман? Азулыға бар заман, Азусызға тар заман. Тарлығының белгісі: Жақсы жаннан түңілген, Жаман малға жүгінген. Мұның өзі зар заман, Зарлығының белгісі: Бір-бірлерін күндеген, Жайына тыныш жүрмеген. Ақын заманның жайын толғағанда өзінің «Әуелгі қорлар зор болды, Сондай зорлар қор болды» тұжырымынан ой туындатады. Қоғамда жақсылық пен жамандықтың, тектілік пен шалағайлықтың, парасаттылық пен пасықтықтың орын алмастырғанын поэтикалық антонимдер қатарын түзу арқылы танытады. «Арғымақ ат тасырқап, Тағалы болған замана. Мәстек жабы жалданып, Бағалы болған замана», – осының бір мысалы. Шын асылды тұсаулаған, өресізді еркінсіткен дәуірдің сиқы қарама-қайшы құбылыстарды, өткен мен бүгінді салыстыру тәсілімен айқындалады. Шортанбай адамның азғандығын елге билігін жүргізетін ақсақалдардың өзара ұстасуынан, өнегесіздіктің тамыр жаюынан көреді. Дау-дамайды әділ шешіп, жұртты жөнге салатын ақылман қария мәртебесінің төмендегеніне, ақсақалдықтың құны түскеніне көңіл аударады. Жалпы, ақынның өлеңдерінде замана адамының азғанын «балық басынан шіриді» тұжырымына бағындыру үрдісі әр тұста байқалып қалады. Бұл, әсіресе, оның ел басшысының не би-болыстың бейнесін кескіндеуінен көрінеді.

Қорыта айтқанда, Шортанбай Қанайұлы өзі өмірге келгеннен бергі екі ғасырға рухани азық боларлық қастерлі қазына қалдырғанын көреміз. Аумалы-төкпелі заманға тап келсе де қадірі кемімеген ақын мұрасы бүгінде алмастай жарқырап, баға жетпес құндылыққа айналып отыр. Сөзі салмақты, ойы оралымды, танымы терең жыр жүйрігінің өлең-толғауларының табиғаты әлі де толық ашылған жоқ. Ілім-білімге жетік ғұлама ақынның күрделі көркемдік кестесі талай зерттеулерге жүк болары анық. Ендеше, Шортанбай ғұмырнамасы мен шығармашылығының өміршеңдігін танытатын қос ғасырдың тағылымы алдағы кезеңде де жалғаса бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: «Ана тілі», 1991. – 240 б.
- 2.Радлов В. Нарьчія тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. I отделение. Образцы народной литературы. Часть III. Санктпетербург, 1970. – 778 с.
- 3.Алтынсарин Ы. Қазақтың қайғысы (Горе киргиз). Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, 25-қор, 1-тізбе, 2022-іс.
- 4.Базарбаев М., Аққұлыұлы С. Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (Алғы сөз) // Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы: ҚЭ Бас редакциясы, 1995. – 478 б.
- 5.Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. 1 бөлім, Алматы: ҚМББ., 1942. – 248 б.
- 6.Мұқанов С. Ана тілі мен әдебиет сабағы // «Қазақ әдебиеті», 1953, 12 сәуір.
- 7.Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы: Қазақ ССР ҰҒА баспасы, 1961. – 376 б.

ӘОЖ. 82. 148

Ғ.МҮСІРЕПОВТІҢ «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҮЛУ» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КИРБАСОВА А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются исследовательские труды известного ученого А. Тажибаева о казахской драматургии, внесшего значительный вклад в развитие казахской литературоведческой науки.

Summary. The article examines the research works of the famous scientist A. Tazhibayev on Kazakh dramaturgy, who made a significant contribution to the development of Kazakh literary science.

Драматургия теориясы, қазақ драма өнерінің даму арналары мен көркемдік ізденістері, содан туындайтын ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулар, оның әлемдік дәстүрмен байланыстырыла зерттелуі, сөз жоқ, ұлттық әдебиеттану ғылымының өзіндік тарихы, даму жолы бар күрделі бір саласы болып табылады.

Бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы драматургияның зерттелуін, алда тұрған шешілуі тиісті күрделі мәселелерін Ә.Тәжібаевтың іргелі зерттеу еңбегінсіз тану, жұмыс жүргізу толымды емес деп білеміз. Ғалымның драматургия жанры мен теориясы, театр өнері, оның ұлттық әдебиет пен мәдениеттегі көрінісі, шеберлік туралы монографиялық еңбектері қазіргі уақытта тиянақталған, әдебиеттану ғылымында жоғары бағаланып мойындалған, көптеген жұмыстарға методологиялық негіз болған маңызды зерттеу.

Ғалым мақсатты зерттеуінде қазақ драматургиясының жанрлық өркендеуіне айтарлықтай үлес қосқан көптеген сахналық туындыларға ғылыми талдау жасады. М.Әуезовтен кейін халық әдебиетіне ерекше көңіл бөлген, ел сүйген жырларды өзінің драмалық шығармаларына шебер пайдаланған Ғабит Мүсірепов.

Ғабит 1959 жылы әдебиет мәселесі туралы жасаған бір баяндамасында былай деді: «Сонау отызыншы жылдары ескілікпен екі арамыз тап қазіргісіндей алшақ емес еді. Ескілік етегін жинап, тайып түру былай тұрсын, қайта тамыры терең, азу тісі балғадай қабырғасы бүтін тұрған шағында

халықтың рухани қазнасын ісі жаңаның бәріне қарсы жұмсай бастаған соң, біз сол асыл қаруды жұлып алып, сүртіп, тазартып, жаңартып, халықтың өз қолына ұстатуға ұмтылдық («Жұлдыз», 1959 жыл төртінші сан) деген еді.

Ғабит дұрыс және рас айтты. Отызыншы жылдарға дейін өскен, ілім, өнер жинап үлгірген біздің советтік жазушыларымыз ескімен айтысу, сынасу ғана емес, олармен өнер салыстыратын, өнер жарысында олардан оза алатын дәрежеге жеткен-ді. Өзге мәдениетті елдердің классикалық үлгілерінен үйрене отырып, өзіміздің халық байлығын игеруге Ғабит те күш салды. Оған, әрине, ең алдымен бұл салада М.Әуезовтың шығармалық тәжірибелері көмек етті.

Әрбір дарынды жазушының өз тіліндегі асыл шығармаларды оқымауы, олардың жақсы жақтарынан үйренбеуі мүмкін емес. Сөйтіп отырып ол өз тәжірибесін байытады, өнер дүниесіндегі өз жолын салады. Ғабит Мүсіреповтің драмалық шығармасындағы бір асылы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» десек, оған ол әуелі «Қыз Жібекті» жазу арқылы жетті. Жазушыға көргені мен білгенінің бәрі пайдалы екені рас, бірақ ең пайдалысы: оның өзінің ізденгені, өзінің еңбектенгені[1].

«Қыз Жібек» әуелі музыкалы пьеса болып жазылды. Мұхтар «Айман – Шолпанды» комедияға айналдырғаннан кейін Ғабит – лирикалы, ән-күйлі Жібегін шығарды.

«Қыз Жібек» кейін опера либереттосына ауысты, әлі күнге сахнадан түспей келеді, биыл мыңыншы спектаклі де ойналды. Бұл шығармадағы адам мінездерінің айқындығы, драмалық тартыстың халыққа бұрыннан қызықтылығы сондай көптеген халық театрлары жеңіл-желпі музыка қосып-ақ ойнай береді. Кейбір халық театрларында Қыз Жібек, Төлеген,

Бекежандар өлең айтатын жерде көрермендер де қосылып әндете беретін көрінеді. Осының бәрі «Қыз Жібектің» ел арасында барынша ұнамдылығы көрсетеді. Дегенмен драматургиямыздың тарихи даму жолын, оның биік өнер табу, белестен белеске көтерілу қозғалысын сөз еткенде әңгіме «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» туралы болу керек. Өйткені «Еңлік – Кебек», «Қаракөздер» орнатқан әсем дәстүрді – биік трагедия туғызатын ақындық дәстүрді осы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» ғана дамыта алады.

Дүние жүзіне даңқы жайылған ғашықтар туралы эпосты көптеген ғалымдардың білгенін, жазып алғанын, олар дастанды аса биік бағалағанын әдебиет тарихы жақсы баяндаған. «Бұл, жер жүзіндегі ең қымбат әдебиет мұраларына жататын шығарма» депті Потанин - «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» поэмасын басқа дастандармен салыстыра келіп, қазақ дастанының бір қолжасбасы (әрине орысшалағаны) Пушкиннің үйінен табылған. Ұлы ақын ғашықтар туралы әңгімені ұнатқан, қызыққан көрінеді. Амал қанша жазуға үлгірмейті. «Қозы Көрпеш» орыстың қатардағы ақындарының бірі Тверитин жазғанның өзінде қандай құлпырды, орыс оқушыларын қатты таңдандырған поэма болып шықты. Мінеки осы халықтық дастаннан сахналық трагедия жазу міндетін Ғабит Мүсірепов мойнына алды.

«Қозы Көрпеш» драматург үшін пісіп тұрған тақырып,- дегенді М.Әуезов көп айтатын. Оның бұл пікірі 1926 жылғы мақаласында да жазылғанын біз жоғарыда келтірдік. «Романнан пьеса қып жазған дұрыс. Драмадағы шарттылықтар ақындық шарттылықтарға көбірек үйлеседі дейтін Мұқан. «Қозы Көрпеш – Баян сұлуға» өзі де қатты қызығатын. Мұндай тақырыпты кісі қаны қызу, жүрегі әлді кезде жазу керектігін күлкі ретінде айтқандай сөйлейтін. Бірақ онысы маған жақсы армандарының, жақын арада іске айналдырсам деген армандарының біріндей болып сезілетін. Ол, Мұқанмен екеуіміздің кешкі тамақты бөлек ішпейтін кезіміз еді. Әсіресе оқыс әсер алған күндеріміз жайлы бірге кеңесіп, бірге түйетінбіз. «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» сахнадан көргеннен кейін де бірер кешті бірге өткіздік. Мұхтар оқтын-оқтын, ұзарта сөйлеп кетіп, толқыған көңіл баса алмай отырды. Кейде артистердің ойындарына да байланыстырып айтады. Бірақ көбінесе-ақ пьесаны сөз еттік. Сабағынан үзіліп түскелі тұрған қызыл алмадай Баян, сол алмаға қолын созған, ғашық алдында құлшылық зарын айтқан Қозы көз алдымыздан кетпейді. Кейде лезде жадымызда жатталып қалған сараң шалдың сөзін айтып күлісеміз. Ішімізде қуаныш сезімі ғана бар. Көптен күдік боп байланған, алдырмай, жеңдірмей жүрген үлкен бір жұмысымыз тынғандай сезінеміз. Сонымен бірге қызығуымыз, ең жақсы мағнада қызғануымыз да жоқ емес сияқты.

Биік махаббат дегеніміздің өзі – биік сенім ғой. Сене білмейтін жанның махаббаты да толық емес. Қозы күнге, айға, жарық пен қараңғыға қандай сенсе, адамға да сондай сенеді. Оның сақтана білмес аңғалдығы да осы сенгіштігіне байланысты. Сөйтіп «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» образдардың бәрі де қонымды, сенімді шыққан бейнелер. Мүсірепов трагедия геройларын айқын да жұмыр көрсету үшін өзге жағымсыздарды тізгіндеп, тартпақтап ұстамайды. Олар өз еріктерімен әрекеттеніп, демдерінің жеткен жерлеріне дейін қимылдап бағады, көркемдік логика бұзылмайды. Сөйтіп отырып махаббат аңызына айналған ғашықтар әңгімесін еш жерде әлсіретпейді. Біз пьесаның ақырында Қозы Көрпеш, Баян сұлудай дос, туыс тауып тұрамыз орнымыздан.

Әрине, жақсы жасалған үлкен дүниенің мол денесінен сығалап қарағанда көрінер ұсақ міндер табылуы да мүмкін. Нығмет Ғабдуллиннің Қозыны өлтірген Қодардың өкінішіне сенбеуі заңды сияқты, оған мен де қосыламын [2, 143 б.].

Ғабит Мүсіреповтың қай жанрда болмасын тілінің байлығы, дәлдігі мен өткірлігі, ақындық серпінге толықтығы белгілі. Оның пьесаларындағы монологтар мен диалогтары оңай жатталып, жұрттың аузында жүреді. Осындай жанды, жалынды сөздер «Қозы Көрпеш – Баян сұлуда» да молшылық-ақ. Тілдің ойды, сезімді жеткізер, сурет салар, атып, шалып шығар күштілері Ғабитте жетіп артылады. Ия, кейде артылып жатады. Әсіресе сезімді айтқан сөздерінде кездесіп отыратын сияқты. Кейде қысқа айтылған, қысылып шыққан, шала айтылған күйікті сөздерден-ақ көп нәрсе аңғарылады ғой. Сөздің сезімге байлығы табиғилығы болып көрінеді. Сөзге сенсек болды; сүйсініп, я күйініп айтқан сөздер біздің сезімімізге жетсе ар аржағын сұрамаймыз. Өйткені ар жағын іштей болса да өзіміз аяқтаймыз. Бұл да бір ғажайып жарастық, жарастық қана емес-ау, жазушы мен оқушы арасындағы творчестволық байланыс, бірін бірі табиғи толықтыру, тілдің, ұғымның қашаннан бергі ішкі заңдылығы. Мақпалдың Қозыға бата берердегі сезімі, алдағы бастан кешіретін жалғыздығын зарлы, мұңлы сөздермен айтуы бізге түсінікті. «Зеңгіртау, сен боласың да мұңдасым!» дейді ана. Біз бәрін түсініп жатырмыз. Тауда қалған жалғыз анна талай күндерді, талай түндерді жалқы отырып бастан кешіретін өзіміз де ұғына, үрейлене бастаймыз. Бірақ автор біз ойлағанша тағы да үстемелей соғып кетеді: «Айсыз түн, сен боласың да сырласым... Ай мен күн, сен боласың да көзге түсерім...» тағысын-тағылар. Осы сияқты қалыңдау, артығырақ жағылған бояуды Баянның «Қияда қыранды көрдім...» - деп басталатын монологынан да кездестіретін сияқтымыз. «Қияда көрсең қыран дерсің, қалыңда көрсең жолбарыс дерсің, асқар көрсең биігі дерсің...» деген сияқты сөздердің тізбегі қызық көрінгенімен бірінен бірінің тегеуріні асып жатқан жоқ. Әрине, бұл ақындық серпін үстінде ағылып келген қуатты сөздерге ие бола алмай қалушылық. Асау сөздердің кейде осылай асау жылқыларша бой бермей кететіні болады. Өйткені бұлар эпостық дастандарда көп қолданылып, көп айтылғандықтан ақындардың аузын билеп, тыңдаушының құлағын билеп, жұртты басына бастаған «қулар». Енді Ғабитті де билеп-төстеп сахнаға үмтылғандарын көріп отырмыз. Ия, бұлардың бәрі үлкен шығарманың мол денесіндегі ұсақ міндер.

Белгілі отаның-ұлттың болмай, оның көркемдікке сай тарихы, рухани байлығы болмай, белгілі дана шығарма тумайды. Ондай шығармалар тумаса, әдебиетте жаңа жанрлар да тумайды. Ал бізде жаңағы аталған үш пьесамен драма жанры туып қана қойған жоқ, көне грек пен Рим Европадағы Ренессанс, XIX ғасырдағы орыс драматургиялары сияқты солармен қатар тұрған биік те берік мұнараларға көз тастағанда қуана, құмарлана қараймыз.

Әдетте, драматургияның өсу тарихы театр тарихына байланысты тексеріледі. Театр есеймей, драматургия есеймейді дейтіндер де бар. Тарихта мұндай шындықтардың да бары рас. Бірақ ол бірден-бір ақиқат, айнымастай заң емес сияқты. Кейде керісінше әуелі драматургия әлді болып туып, оның театрдың жедел көтерілуіне себепші болатыны да бар. Оған біздің тарихымыз дәлел. Мәселе адамдардың шығармалық қуатына байланысты. Біздің әдебиетке Мұхтар сияқты драматургтің барлық жағынан әзір болып ерте келуі, оған дәл Мұхтардай өнерлі және талантты драматург Ғабиттің қосылуы – драматургиямызды туғызып қана қойған жоқ, театрымызды да қатты көтеріп кетті [3,78 б.].

Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуын, жанрлық кемелденуі мен поэтикасын зерттеуде академик Әбділда Тәжібаевтың көп жылдық зерттеу еңбектері ұлттық әдебиеттану ғылымына бағалы үлес болып қосылды. Ол өзіне дейінгі драматургия теориясы мен қазақ драма өнерінің қалыптасуы, бастау көздері мен даму арналары туралы пайымды теориялық тұжырымдарын білдірген академик М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Т.Нұртазин, С.Ордалиев, М.Дүйсенев, Р.Рүстембекова, Е.Жақыпов, тағы басқа ғалымдардың ой-пікірлерін қазақ драматургиясындағы жаңа туындылар, тәжірибелер негізінде тереңдетіп дамытты. Сондай-ақ кейінгі ғалымдардың драма жанрына, жекелеген авторлардың драматургиясына қатысты зерттеулеріне Ә.Тәжібаевтың теориялық негізді, практикалық талдау мен қорытуларға мейлінше бай, көп жылғы қорытылған ғылыми еңбектері методологиялық және әдіснамалық негіз болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. Монография - Алматы: Жазушы, 1971. – 415 б.
- 2.Кенжебаев Б. Жиырмамыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті. Алматы, 1961.-143 б.
- 3.Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. Алматы, Жазушы, 1962.-78 б.

ЛЕКСИКАЛЫҚ НОРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

БЕРКЕНОВА Р.А.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МАХАМБЕТОВ Қ.М.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается изучение норм литературного языка. Подробно проанализирована лексическая норма и сфера ее применения.

Summary. The article deals with the study of the norms of the literary language. The lexical norm and the scope of its application are analyzed in detail.

Академиялық сөздікті адамның өзі бұрыннан білетін сөзінің қолданылу ерекшеліктерін айқындау, біле түсу мақсатымен құрылатын кітап ретінде, ал анықтамалық сөздікті тек қана сөздің мағынасын анықтау мақсатымен қаралатын кітап ретінде қарастырады.

Академик Л.В.Щерба өзінің «лексикографияның жалпы теориясын жасау тәжірибесі» атты бағдарламалық мақаласында сөздіктердің негізгі типтерін анықтауды мақсат етеді. Ғалым академиялық типтегі сөздікті анықтамалық сөздікке қарсы қоя отырып, түсіндірме сөздік аталып жүрген бір тілді сөздіктерді екі топқа бөледі [1,89 б.].

Ғалымның пікірі бойынша, түсіндірме сөздіктер әдетте белгілі бір әдеби тілге қатысты не сол әдеби тілдің қалыптасуына, нормалануына қызмет ету мақсатымен («Француз академиясының сөздігі») немесе сол әдеби тілдің белгілі бір себептермен түсініксіз болып отырған элементтерін айқындау мақсатымен, демек, бұл жолы да әдеби тілді қалыптастыру, оны байыту, ең бастысы – оның байлығын жақсы меңгеру мақсатымен жасалады. Ғалым академиялық және анықтамалық сөздік терминдерінің шартты түрде алынып отырғандығын ескертеді, яғни ғылыми терминнің шарттылығын мойындайды.

Адамдардың нормативті (немесе академиялық) сөздікке біліктерін тексеру үшін және белгілі бір контекске қажетті сөзді іздеген кезде қарайтындығын, ал өздеріне оншалықты таныс емес өзге тілдердегі мәтіндерді, әсіресе сол тілдердегі кәсіби әдебиет мәтіндерін оқуға, сондай-ақ ана тілінде жазылғанмен, өте көне дәуірлерге жататын ескі мәтіндерді оқуға қажеттілік туған кезде анықтамалық сөздікке қарайтындығын сөз етеді. Бірінші типтегі сөздіктердің негізінде белгілі бір уақыт кезеңіндегі белгілі бір адамдар қауымының бірбүтін сана-сезімі жататындығын, ал екінші типтегі сөздіктерде жинақталған сөздердің түрлі тарихи кезеңдерге, түрлі қауымдарға қатысты екендігін атап өтеді.

Ғалым академиялық типтегі сөздіктердің әлеуметтік негізін айқындаудағы қиыншылықтарды сөз етеді: «Әдеби тілге әдеби сөйлеу тілімен қатар әдеби жазба тіл де кіреді. Біз өткен ғасырлардағы шығармаларды да оқи береміз. Ал, бірақ солардағы сөздердің көпшілігін түсінгенмен, оларды айтпақ былай тұрсын, жазбаймыз да. Себебі қазіргі тілдік норма басқа... осы жерден келіп актив сөздік қор, пассив сөздік қор мәселелері шығады...». Осы тұрғыдан ғалым әдеби тілдің сөздігіне қазіргі ұрпаққа түсініксіз сөздердің кірмеуі қажеттігін, ондай сөздікке, мәселен, орыс тіліне қатысты алғанда, А.С.Пушкин қолданған сөздердің ішіндегі қазіргі тілдік нормаға қайшы келмейтіндері ғана енетіндігін ескертеді. Бір тіл үшін екі сөздік жасаудың қажеттігін, оның біреуі – нормативті, екіншісі – тарихи анықтамалық болуы қажеттігін сөз етеді. Нормативтілік туралы: «Жақсы нормативті сөздік – нормаларды ойдан шығармайды, ол тілде бар норманы ғана сипаттайды», - дейді. Ғалым екі сөздік жасауға мүмкіншілік болмаған жағдайда ымыраға барып, барлық жағдайын ашық атап өту қажет дейді.

1970 жылдары лексикографияның теориялық мәселелерін зерттеумен арнайы айналысқан белгілі маман В.П.Берковтың нормативтілікке қатысты айтқан пікірлеріне назар аударатын болсақ, ғалымның: «Түсіндірме сөздік, бір жағынан оқырманның сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықтауына мүмкіндік беретін анықтамалық құрал, екінші жағынан, ол тілдегі лексиканың ғылыми сипаттамасы бола алуы керек. Түсіндірме сөздіктер көптеген жағдайларда сонымен бірге лексиканың нормативтік сипаттамасы да бола алды. Алайда түсіндірме сөздіктердің нормативтіліктің көрсеткіші болуы міндетті емес», - дегендей ойлар айтқанын байқаймыз [2, 53 б.]. Демек, бұл жердегі ғалымның

пікірі Л.В.Щербаның пікірінен сәл өзгешелеу болып отыр. Л.В.Щерба академиялық сөздік пен нормативті сөздікті және әдеби тілдің сөздігін сөздік бір түрі ретінде қарастырады [1, 69б.].

В.П.Берковтың түсіндірме сөздікті ғылыми шығарма ретінде қарастыруы және анықтамалық құрал болу міндеті мен ғылыми еңбек болу міндетін бір сөздікке ұштастыру, үйлестіру жолдарын көрсетуі [2, Б:82-87]. Еліміздегі лексикографияның теориялық мәселелері бойынша жаңа бағдардың нышаны еді. В.П.Берков тілдегі сөздік бірліктерді қолданылу жиілігіне қарап сұрыптау мен нормаға қарап сұрыптаудың үнемі сәйкес келе бермейтіндігін, тілде жиі қолданылатын қарапайым сөздердің нормаланбаған лексикаға жатқызылып жүргендігін ескертеді. Осыған байланысты ғалым Б.Эвенс («Түсіндірме сөздік сөздікшенің пиғылы бойынша жасалмайды») пен И.А.Бодуэн де Куртенэнің «Тілді зерттеуші әдепсіз, келіссіз сөз дегенді білмейді. Ол үшін сөздердің бәрі де бірдей әдепті, келісті сөздер. Ешқандай екіжүзділік,...болмасын!»...[3,143б.] деген пікірлерін келтіреді.

В.П.Берков норманың белгілі бір дәрежеде субъективті ұғым екендігіне тоқталып, бұл туралы Б. Эвенс айтқан сөзді («there is no standard for standard») келтіреді. Ғалым мұны тілдегі бір сөздің түрлі сөздіктерде әр түрлі стильдік белгілермен белгіленуінен, сондай-ақ бір тілде сөйлеуші адамдардың бір сөздің стильдік сипатын әр түрлі бағалауынан көреді. Ғалым норманың маңызды белгілері қатарында: 1) тілдік деректердің бұрынғы жазушылар тілінде қолданылуын және ол деректердің тілде ұзақ уақыт болуын; 2) тілдік деректердің тіл заңдылықтарына сәйкес болуын, яғни тілде оларға ұқсас құбылыстың болуын; 3) тілдік деректердің таралымын атай отырып, олардың кемшіліктерін көрсетеді. Тілдегі ресми норма ретінде көбінесе нормативті құралдарды жасаушы адамдардың өздері жөн деп тапқан сөзқолданым қағидаларының жүйесі ұсынылатынын жаза отырып, түсіндірме сөздікті құрастырушы сөздікшілердің тілдегі қолданыста бар құбылыстың бәрін де сөздікке тіркеп, анықтама берулері жөн екендігіне тоқталады. Жалпы Л.В.Щерба мен В.П.Берковтың норма, нормативтілік туралы жазған ой-пікірлері ұзақ уақыт бойы еліміздегі сөздікшілер тарапынан қолдау таппай, қолданылмай, кейінге қалдырылып, лексикография мәселелерінде 1990-жылдардан басталған өрлеу кезеңінде ғана ескеріле бастағанын айтқан жөн.

Сөз байлығы тіл байлығы. Бірақ тілдегі сөз байлығының барлығының жұмсалы аясы бірдей емес. Халық тілінде бар сөздердің көпшілігі- ақ әдебиетте жиі қолданылып, жалпы халықтық нормаға айналды да, бірқатары қолданудан қалып қойды, немесе өте сирек қолданылады. Сөйлеу тілінде бар біраз сөздер әдебиетте кездескенімен, әдеби нормаға жатпайды. Мысалы, шаһар, кент, әм, өтеш, бойлай, жүдә сөздері бұрын-сонды жазушылардың шығармаларында кездеседі, бірақ олар әдеби емес те, - қала, және (тағы), қораз, ылғи (әрқашан), әруақытта (өне бойы), өте (аса, тым, мүлде) сөздері әдеби.

Сөздердің әдеби, әдеби еместігін айыру оңай да емес, біреуге асыл көрінген сөз екінші біреуге жасық көрінуі де мүмкін. Әдеби нормаға қай сөз жатады, қай сөз жатпайды дегенді субъективті көзқарас тұрғысынан болжамай, әдебиетте жалпы халыққа бірдей ортақ байлық ретінде жиі қолдана ма, жиі қолданылмай ма деген тұрғыдан болжау керек. Солай еткенде, әшейінде айтыла берілетін ас, шеге, тіс, су, өмір, сұлу, кір, түс, жүгір сияқты қарапайым сөздер де, махаббат, әсемпаз, дидар, жүрек, майталман тәрізді поэтикалық сөздер де, мүсін, құрылыс, өнеркәсіп, радио сияқты терминдік мәні бар сөздер де әдеби тіліміздің сөз байлығы болып есептеледі.

Сөйлеу тілі мен әдеби тіл тығыз байланыста болғандықтан, екеуіне де ортақ сөздер көп. Бірақ сөйлеу тілінде олар ауытқығыш, құбылмалы болады. Мысалы, «есеп» сөзі бір елде, кейде бір жанұяда түрліше айтылуы мүмкін (есеп, қысап, қисап, хисап), «көшет» сөзін біреу біліп, біреу білмеуі мүмкін, «құрылыс», «құрам» сөздерінің қайсысы қай мағынада екенін қарапайым шаруа айыра алмай, ауыстырып қолдануы мүмкін. Ал, әдеби тілде ондайға жол жоқ. Онда сөздер анық, дәл, дұрыс қолданылуы тиіс. Сонда ғана ойды ешбір қалтқысыз, мүлтіксіз дұрыс айтуға болады. Ол үшін сөздер әдебиетте жұмсала жүріп әбден қалыптасып кетуге тиіс [4,115 б.].

Көптеген сөздер осы күнге дейін әдебиеттен берік орын ала алмай, қиыр-шиыр болып жүр, бірталай сөздер екі-үш түрлі нұсқада айтылып, солай жазылып берекесі қашып жүр. Мысалы: маскара – машқара, тізе –дізе, домалақ –дұмалақ, шүберек –шүперек. Сөйлеу тілінде бір сөздің, осылай, түрліше айтылуы, сөздің бұзылып айтылуы, әрине, жақсы емес. Ал, әдеби тілде де солай болса, -оңбағаны. Әдеби тілі жіптіктей халықтарға мұндайлар өрескіл-ақ. Біз шөре-шөре сөздердің дұрысын әдеби тілдің арнасына қарай бет бұрғызуға тиіспіз. Сондай уақыт жетті! Ол үшін дублет сөздердің әдебиетте жиі қолданылатын нұсқаларын әдеби нормаға жататын сөз деп тауып, соларды ғана жаппай жаза беретін болу керек. солардың ішінде екі ұштылары да жоқ емес. Мысалы: айқай-айғай, жиналыс- жиылыс, сұрақ-сұрау, палуан-балуан, ғашық-ашық, адым-қадам. Бұлардың бәрі де әдебиетте жиі қолданылады. Сонда да, бір сыңарларын негізгі етуге келісіп, әдеби нормаға айналдырып жіберуге болады. Бір кезде, мысалы, және-жана, үшін-үшын, өйткені-үйткені, хат-қат,

қазір-кәзір сөздерінің қайсысын жазуды білмейтінбіз. Кейін әлгі сөздердің алдыңғы нұсқаларын қабылдауға патуаласыпедік, бұл күнде соларымыз баянды болған жоқ па? Ондай, түрліше айтылтын сөздер аз емес, оларды да бір сүрлеуге түсіру керек.

Мұндайда қиыны - бір заттың бірнеше сөзбен аталуы. Мысалы, орысша спичка дегеннің қазақ тілінде сегіз аты бар: күкірт, оттық, шырпы, сіріңке, іспіешке, шкпақ, шишақпақ, кеуірт. Орысша «петух» дегеннің қазақша екі аты бар: қораз, әтеш.

Мұндайлардың мынасын әдеби деу қиын. Сонда да, термин сөздерді қабылдап, жұртшылыққа ұсынып, бір ізге салып жібергендей, ондай сөздерге де келісім жасай отырып, жөн сілтеуге болады. Сөйтіп, қазақ тіліндегі сан алуан сөздердің әдеби тілге тәндері - әдеби нормаларға жататындары бар. Соларды айыра, таңдап, талғай жұмсасақ, әдеби тілдің лексикалық нормаларын тұрақты етуге мұрандық болар еді.

Сонымен, «лексикалық норма» дегеніміз - әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан тұлғада, жалпыға ортақ мағынада жұмсалуды. Нормаға түскен сөз қалпында қатып қалмайды, әдеби тілдің талабына лайық, заңды өзгеріске ұшырап отыруы да мүмкін.

Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер мыналар:

1.Диалектизмдер. Бірқатар сөздер жалпы халыққа бірдей түсінікті болмай, тек кейбір облыстағы, кейбір аудандағы қазақтардың сөйлеу тілінде кездеседі. Олар жер-жерде әдеби тілде бар сөздердің орнына жұмсалуды да мүмкін. Мысалы:жанғақ-шаттауық.

Жер-жерде әдеби тілде бар сөздердің тұрқын бұзып айту жиі ұшырайды. Олар диалектизм болуы да, ел аузында өзгеріске ұшыраған дөкер сөз болуы да мүмкін. Мысалы: дөңгелек-доңғалақ.

Диалектизмдер мен дөкір сөздерді диалогта қолдануға болады, ал автордың баяндауында қолдану тіл мәдениетіне кір келтіреді. Бірқатар авторлар оларға түксіе қараудың орнына, қызық көріп жаза салады. Мысалы: «Емешесі құрып», «тырли арық қара қатын» (Ә.Нүрпейісов). «Жақып дүзеліп қалды», «...дізесін бүкті» (Ғ.Мұстафин).

Мұндайды, әрине, әдеби тілдің нормасын бұзу деп қараймыз.

Әдеби тілде бар сөздің мағынасы әр жерде әр түрлі болуы мүмкін. мысалы, елек, елгезер сөздерінің орнына шығыста қалбыр сөзін қолданады екен, ал «қалбыр» әдеби тілде, үн емес, бидай, арпа, тары сияқты дақылдарды елейтін елеуіш.

Кейбір сөздердің әдеби тілдегі орныққан мағынасы бірнешеу болса, қарапайым сөйлеу тілінде нормаға жатпайтын басқа да мағынада жұмсалуды ықтимал. Мысалы, «тіл» дегенді адамның, жан-жанурдың дене мүшесі, адамның сөйлеу құралы деп түсінсек, сөйлеу тілінде оны «сөз» дегеннің де орнына айтады. Мысалы, Ғ.Мұстафиннің «Қарағандасында» Мейрам былай дейді: «Көмір» деген қазақтың ескі тілі. Тіл тегін жасалмайды. Әрине, бұл да әдеби емес. Автор бұл сөзді Мейрам емес, сауаты шамалы басқа біреудің аузына салса, жарасымды болар ма еді? Мұндайға мін таққысы келгендерге, кейбіреулер «Ел аузында бар сөз ғой» деген уәж айтады. қазақ тіліндегі сан алуан сөздердің әдеби тілге тәндері - әдеби нормаларға жататындары бар. Соларды айыра, таңдап, талғай жұмсасақ, әдеби тілдің лексикалық нормаларын тұрақты етуге мұрандық болар еді. Ел аузындағының бәрін қалдырмай әдеби тілге енгізе берсек, батыстағы қазақтардың «Ботташықты іңкөлға салып жесең, сірә жқсы болады»... дегендерінен де қашпау керек қой. Олай етсек, әдеби тілдің өзіндік қасиеттері жойылады, сөздер сөз шеберлігінің талғампаз елегінен өтпей, түбі тесік шелектен аққан судай болады да қалады.

2.Профессионализм. Жергілікті халықтардың кәсібіне, шаруашылығына байланысты сөздері болады. Мысалы, Каспий, Арал, Балқаш өңіріндегі балықшылар тілінде былайғыларға түсініксіз сөздер көп. Сондай-ақ, бау-бақша, мақта, күріш шаруашылықтарымен кәсіп ететін оңтүстік аудандарда сүдігер, көшет, әңгелек, масақ, собық, қарық, атыз тәрізді сөздер бар[5,191 б.].

Мұндай кәсіби сөздердің әдеби тілде баламасы болмаса, оларды әдеби нормаға айналдырып, әдеби тілдің байлығын арттыруға болады. Мысалы, дақыл, собық, атыз, қарық деген сөздер бұрын әдеби тілде қолданылмайтын, қазір бұлар жиі кездесетін болды.

Түрлі кәсіптегі еңбек ерлерін, олардың іс-әрекетін сөз еткенде, сол айналаның сөздерін айтпасақ болмайды. Мысалы, С.Мұқанов «Сырдария» романында күріш егісімен байланысты көптеген сөздерді, Ә.Сәрсенбаев «Толқында туғандар» романында блықшылардың көп айта беретін үкі, шоланда, батаға, талка тәрізді, Ә.Көшімов аңшылар өмірінен жазған повесінде аңшылыққа байланысты көптеген сөздерді енгізген.

3. Дөрекі, былапат және жаргон сөздер. Бұлар - әдеби тілдің, жалпы тіл мәдениетінің ата жауы. Сондықтан олар әдеби тілдің лексикалық нормалары қатарынан орын алуы мүмкін емес.Лексикада бірізділікті көбірек тілейтіндер – терминдер. Термин дегеніміз - өндірістің, ғылымның, техниканың, өнердің, мәдениеттің даму нәтижесінде пайда болған ұғымдарды білдіретін арнаулы сөздер. Қазақ

тіліне термин сөздер, негізінде, орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енді. Соның арқасында қазақ тілінде бұрын болмаған революция, шахта, депутат, актер, инженер, роман, мотор, хлор, химия, философия сияқты сөздер пайда болды және де тілде бар сөздер негізінде өндіріс, өнеркәсіп, қоғам, құрылыс, құрам, ғылым, білім, оқулық тәрізді терминдер жасалды. Бұл сияқты терминдердің дені ресми түрде қабылданғандықтан, жұрттың бәрі оларды бірдей, бұлжытпай қолдану керек. Ертеректе, мысалы, география – жағрапия, совет – кеңес, помещик – алпауыт, философия – пәлсапа, партизан – аламан болып айтылатын, не болмаса бір терминді әркім әр түрлі қолдана беретін. Сондай жаман әдет әлі де жоқ емес, әсіресе терминдік мәні бар сөздердің орысша-қазақша нұсқауларын араластыра беретіндер көп. Мысалы: совет-кеңес, жер серігі-спутник.

Шет тілден енген терминдерді қазақшаға аударуға болатыны да, болмайтыны да бар. Керекті шет сөздер, көбіне жалпыға бірдей ғылыми техникалық терминдер, аударуға келетін болса, керексіз де болар еді. Аудару тек оның мағынасын бұзады. Оны түсіндірудің орнына (аудару) шатастырады. Терминология қай сала да болса да, тек жаңа ұғымның пайда болуымен байланысты дамып отырады [6,63 б.]. Мысалы, «жазушы», «суретші» мамандық кәсіп болмай тұрғанда, ондай атау да болған жоқ. Кейін ондай жаңа ұғым пайда болған соң, жаз, сурет және т.б. сөздерге –шы, -ші жұрнағын жалғау арқылы жаңа сөздер жасалды: жазушы, суретші, үгітші, тәрбиеші. Осындай тілде бар байырғы сөздерге қазақ тілінің қосымшаларын жалғап, кейде ескі сөздің өзін жаңа мағынаға ие етіп, сөз бен сөзді біріктіріп жасаған жаңа атаулар да көп қазақ тілінде бұрын болмаған революция, шахта, депутат, актер, инженер, роман, мотор, хлор, химия, философия сияқты сөздер пайда болды және де тілде бар сөздер негізінде өндіріс, өнеркәсіп, қоғам, құрылыс, құрам, ғылым, білім, оқулық тәрізді терминдер жасалды. Бұл сияқты терминдердің дені ресми түрде қабылданғандықтан, жұрттың бәрі оларды бірдей, бұлжытпай қолдану керек. Мұндай жағдайда атаулар да баспасөз бетінде сыналып, мемлекеттік терминология комиссияның ұйғыруымен әдеби тілдің нормасына айналып отырмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. М.: Просвещ. 1957.
2. Берков В.П. Опыт изучения письма. М., 1982.
3. Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. М., 1963, II т.
4. Белбаева М. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. А., 1976. 116 б.
5. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. А., Санат. 1977.
6. Хасенов Ә. Тілі білімі. – Алматы: Санат, 1996. -416 бет

ЭОЖ 82:240

МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫННЫҢ ӨЗ БЕЙНЕСІ

КАЛМАГАНБЕТОВА Г.Т., ҚУАНДЫҚ Ж.Т.

№9 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қ.

Резюме. В статье рассматривается собственный образ поэта в поэзии Махамбета
Summary. The article examines the poet's own image in Makhambet's poetry

Махамбеттің бізге жеткен шығармасының саны – 80-ге жуық болса, соның 20 шақтысы көтеріліске дейін туғаны сезіледі. Солардың біразында жас ақын жыраулық дәстүрді ұстанғаны көрінеді. Ол бірде ежелден қалыптасқан, көп жырау қолданған, тіпті эпосқа да кірігіп кеткен тұрақты формулалар мен шумақтарды пайдаланса, бірде көрген-түйгені мол мосқал адамша нақылдап сөйлейді, ендігі кезекте ақыл айтып, көп нәрсені қорыта, жинақтай баян етеді. Мәселен, көтерілістен бұрын шыққанға ұқсайтын бір өлеңі – “Арғымақтың баласы”. Мұнда да Махамбет бұрынғы жыраулық үрдісті сақтап, нақыл айтады, дүниедегі текті адамдар мен асыл жануарлардың, басқа да нәрселердің басты-басты қасиеттерін сипаттап, неге солай деген сұраққа “Арғымақтың баласы») атты өлеңінде ақын былай деп жауап береді:

Арғымақтың баласы
Арығанын білдірмес,

Арқамнан қосым қалар деп.
Хас жақсының баласы
Арада тұрып сөйлемес,
Жауым таба қылар деп...

Ақынның осы өлеңі – жоғарыдағы біздің ойымызды толық дәлелдесе керек. Шынында да, Махамбет өзінен бұрын өмір сүрген жырау мен ақындарды үлгі тұтқан, өзі соларға ұқсауға тырысқан, ал шығармашылығында олардың жыр-толғауларын қажетінше пайдаланып отырған. Бұл жерде Махамбет біреудікін алды немесе пайдаланып кетті деген ой тумауға тиіс. Себебі орта ғасырларда, Махамбет заманында да әдебиеттегі авторлық туралы ұғым басқаша болған. Әсіресе, ауыз әдебиетінде ақын-жыраулар өзіне дейінгілердің өлең-жырларын сақтай отырып, өз жанынан да қосып отырған. Оның үстіне, ауызша туып, ауызша орындалып, ауызша тараған поэзияда бір тіркестер тұрақты формаға айналып, бірден бірге көшіп жүреді. Бұл – ауыз әдебиетінің өз заңдылығы. ауыз әдебиетінде бір шығарманың екі-үш варианты болуы да осыдан. Соған қарамастан, әр ақын, егер арнайы түрде өзінен бұрынғы ақынның шығармасын орындайтын болса, оның сөзін ұстазынан үйренген, я болмаса басқа біреуден естіген күйінде айтуға тырысқан. Ал ондай мақсат болмаса, оған өз сөзінде қосып жіберетін болған. Махамбет те осы дәстүрді ұстанғанға ұқсайды. Оның кейбір өлеңдерінде Қазтуғанның, Шалкиздің, Доспамбеттің, Ақтамбердінің бірен-саран тармақтарының кездесуін осы дәстүр тұрғысынан түсінген жөн.

Қазақ әдебиетінде бұрын соғыс сахнасын дәл көрнекі, әрі нақты етіп ешкім суреттеген емес-ті. Тек батырлық жыр мен кейбір жыраулардың өлеңдерінде шайқастың барысы баяндалады, бірақ оларда әрбір эпизод мүншалықты жинақы, әрі жүйелі, бірінен соң бірі көрсетілмейді. Рас, Махамбет бұл өлеңінде эпостың дәстүрінен де қашпайды, оны ұтымды пайдаланады. Әсіресе, көтерілісшілердің қалың қол болып жиналғанын, ұрыс алдындағы Исатайды, оның астындағы атын бейнелеген тұста эпос стилі үстемдік еткен:

Жау қарасы көрінді,
Жиылған әскер білінді,
Исатай – басшы, мен – қосшы,
Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында,
Зығырданы қайнайды.
Астына мінген Ақтабан
Ақ бөкендей ойнайды.
Артына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды.

Міне, Исатай – кәдуілгі эпос батыры. Ол қалың жаудан беті қайтпайтын ержүрек қолбасшы, ал оның мінген аты – нағыз батырға лайық тұлпар. Оның Ақтабан аталуы, ақ бөкендей ойнауы – батырлық жырдың әсерін қабылдау белгісі.

Көтерілістің әр кезеңінде туған Махамбеттің өлеңдері бір ұрыстың өзін ғана емес, әр ұрыстан бұрын, я болмаса одан кейін болған жағдайларды суреттеуге арналған. Көбісінде ақын сарбаздардың, өзінің иен далада түн қатып жүргенін, ойлағаны іске аспай, шаршаған жолдастарының көңіл-күйін көрсетеді де, оларға арнап жалынды сөздер айтады, істің нәтижемен аяқталатынына, Жәңгір ханды мұқататынына сенім білдіреді. Осындай шығармалар қатарына: “Әрайна”, “Мұнайма”, “Алты күндей алаулап”, “Құлжа қуған текешік” атты толғауларды қосуға болады.

Махамбет Өтемісұлының көтерілісте жеңілгеннен кейінгі өмірі мен тағдыры сан жағынан алғанда, ең көп шығармасының арқауы. Ақынның бұл кезеңдегі туындылары ой тереңдігімен, философиялық түйіндермен, лирикалық нәзіктігімен, психологиялық тебіреніс, толғамдарымен ерекшеленеді.

Исатай қаза болғаннан кейінгі Махамбеттің өмірі екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – ол Жайықтың бергі жағына шығып, қайтадан қол жинауға күш салып, көп әрекеттенген кезі. Екіншісі – ол ойы жүзеге аспай, сегіз жыл сергелдеңге түсіп, қуғында болуы және сатқындықпен өлтірілуі.

Адай мен Әлім жұртынан қол жинап, елді қайта көтерем деген ниеті мен осы бағытта атқарған істері барысында Махамбеттің: “Әй, Шонты би”, “Айныман”, “Жайықтың бойы көк шалғын”, “Алтын жақса, жарасар”, “Аймақ көл”, “Біз неткен ер” секілді шығармаларынан аңдауға болады. Осы өлеңдердің біразы елдің игі жақсыларына, ер азаматтарға арналған да, ақын оларды әділдік үшін, елдің қарапайым жұрт пен кәдімгі бала-шағаның қамы үшін көтеріліске шығуға шақырады. Бірақ алғашқы жойқын соққыдан шығын шегіп, беті қайтқан жұрт оның артынан ере қоймайды. Махамбет

аз ғана сенімді серіктерімен жалғыз қалады. Осы мезеттен бастап, оның сергелдені басталады, өшігіп алған жаулары оған тыным бермейді. Ақын қайда барса да, соңында тыңшы жүреді.

Сөйтіп, Махамбет жалғыздықты сезініп, өзінің ойлағанын жүзеге асыра алмағанына, өзін көпшіліктің түсінбегеніне күйініп, қапаланып, біршама өлең-толғаулар шығарады. Бұл – Махамбет өмірі мен шығармашылығы жолындағы ең ауыр, жан күйзелісіне толы кезең. Оның мұңға толы, сезімге бай, көркемдігі кемел өлеңдері мен толғаулары осы мезгілде туған. Олар – ескірмейтін, сыры мен сыны бұзылмайтын, таза поэзия үлгілері. Өйткені бұларда “әлемдік мұң теориясына” (“теория всемирной скорби”) лайық терең де тұнық сезім, шынайы да мәңгілік тұлғаға айналған әр адамның басында, жүрегінде болатын мұң, күйік, тарығу, жабығу, жалпы айтқанда, өз заманынан, қоғамынан озған, сол себепті түңілген ойшыл жанның жалғыздықтан шеккен жан азабы бар. Мұндай әлемдік мұң Гете, Гейне, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Абай, Мағжан сияқты ұлы ақындар поэзиясына тән, сол себепті олардың мұрасы өміршең, әр дәуір, әр ұрпақ, кез келген ұлт пен қоғам оларды жай ғана оқып қоймайды, қадірлейді, қастерлейді. Міне, Махамбеттің көтерілістен кейін туған шығармаларының дені осындай. Мысалы, “Мінкен ер”, “Мұнар күн”, “Аспанда ұшқан ақ сұңқар”, “Қайда бар?”, “Абайламай айрылдым”, “Істеген ісім кетті далаға”, “Өлең айтып, толғадым”, “Қаршыға деген бір құс бар”, “Қалы кілем, қара нар”, тағы басқа бір топ туынды – Махамбетті ойшыл да лирик ақын ретінде танытады.

Махамбеттің бұл тұстағы шығармаларының айрықша қасиеті – философиялық ой-толғамға, психологиялық параллелизмге құрылып, ақын өз тағдырын жалпыға ортақ байлам, ақиқат түрінде және табиғаттың құбылысына, аң-құстың мінез-құлқына, ісіне баламалап, әсерлі сипаттайды, сондықтан оларда сезім мол, сезімнің әр алуан түрі бар. Бірде шаршаған, бірде жалыққан, бірде ашынған, бірде тарыққан, енді бірде өткендегі жақсы күндерді сағынған, соларды армандаған ақынды көреміз. Өкініш те, күйіну де, жабығу да, тіпті түңілу де – бұл шығармаларда орын алған. “Қайда бар?” атты өлеңінде осы кездегі өз жайын ақын былайша баян етеді:

Қатын, бала, қара орман,
Баршасын жауға алдырған,
Қарулы жатқан жебеге
Құрсағынан шалдырған,
Асыра келіп ойласам,
Бү заманның шағында
Махамбеттей зарығып,
Мұнды болған қайда бар?

Бұл мұң қара басының қамынан туған мұң емес жоқ. Бұл – жалпақ жұрттың түсінбегенінің мұңы, жаудан жеңілгенінің мұңы емес, керісінше, күш-қайраты, абырой-атағы, беделі дұшпанымен бірдей бола тұра оған тиісті дәрежеде төтеп бере алмаушылықтың мұңы. Бұл – өзімен бірге көтеріліске шығып, қаза болғандарды сағыну, солармен бірге өткен күндерді ансау. Ең ақыры, бұл кеше ғана өзінің алдында құрдай жүгіріп, айтқанын істеп, айдағанына көнген жандардың қуғындауына түсіп, пұшайман болуы мен қорлануының күйігі, сөйтіп тағдырға налуы. “Ертеден кешке шейін зарласам, Бермей ме екен құдайым, Біздей тарыққан ердің тілегін”, – деп мұңаяды ақын.

«Өзгелерді өз алдына қойғанда өртке тиген дауылдай өлеңі» өзінен аумаған Қасым мен «күпі киген қазақтың қара өлеңіне шекпен жауып өзіне қайтарып» кеткен Мұқағали әдеби-эстетикалық сауатын бәрінен бұрын «Махамбет мектебінен» оқып ашқан» [1, 100б.]– деп академик З.Қабдолов айтқандай, Махамбет поэзиясындағы өшпес рух, сөнбес жалын, күш-қуат өзінен кейінгі ұрпақ өкілдерінің өлеңдеріне де сәулесін түсіргені анық. Мұны «Отты жырлар отты жылдарға жазылуға тиіс еді» [2, 101б.], – деп Қасым Аманжоловтың өзі де мойындап кеткендей.

Қасымның дауылды өлеңдерінде Махамбет сарыны қалайша жоқ дей аламыз. Ақын «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасында:

Қасиет күші ұлы Отанның
Қанатын бер қыран құстың.
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп.
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек! –

деп Абдолланың аузына сөз салса, «Өзім туралы» деген өлеңінде:

Өртке тиген дауылдай өлеңімді

Қасымның өзі емес деп кім айтасың! –
деп тебіренсе, шындығында да махамбет жырларының арыны да, жалыны да сезіледі.

Махамбет те, Қасым да қазақ өлеңіне соны леп әкеліп, жаңалық еңгізген жаңашыл да шыншыл, өрлікті, ерлікті ту етіп көтерген батыр ақындар. Екеуі мінездес, үндес, тамырлас.

«Топ шеңгелден пыр-пыр ұшты бөдене
Көз ұшында сағымданған немене?
Нұрлы өмірге Исатай мен Махамбет
Отты жырын қайта бастап келе ме?
Келсе игі еді, көрсе игі еді біздерді –

деп жырлаған Мұқағали Мақатаевтың осы «Құм нарында» атты өлеңіндегі «Шөккен нар-нар, бура-бура» деген жолы Махамбет жырларымен үндесіп тұрғанын байқау қиын емес.

Халел Досмұхамедов «Махамбеттің мінезі сотқар, қалжыңқой, бетің-көзің демей ойына келгенін айтып салатын батыл болған. Жауласқан мезгілде өте батыр, айлакер болған» [3, 80 б.]–деп жазса, А.Ф.Рязанов «Оралдықтар оларды қуып кетті. Исатайдың ізіне түсіп, олар шептерін кеңейте түсті. Астында жақсы аты бар Истомин Махамбет Өтемісовті қуып жетті. Махамбеттің жанында жебелі садақ тартынған оның сарбазы шауып келе жатқан еді. Истомин батырды тірідей қолға түсіргісі келді, алайда Махамбет оған қарсы оқ атып, маңына жолатпады. Тағы бірнеше казак Истоминге көмекке жетті. Олар тіпті жақын келді, батырды қаумалап алды. Бірақ, батыр астындағы көпшікті жұлып алып, дал-дал етіп, мамық қауырсын жүндерін жауларына қарай боратып жіберді. Казактар іркіліп қалды, көздеріне құс жүндері тығылып, ашытып барады. Батыр бұл сәтті бос жібермей, ағызып шауып кетті. Осындай тосын айла Махамбетті құтқармас өлімнен де, тұтқыннан да сақтап қалды» [4, 75б.]–деп, оның айлакерлігін, тапқырлығын айтады. Әлемнің біраз жерін шарлаған орыстың саяхатшы ғалымы, жазушы Егор Петрович Ковалевский (1808-1868) 1839 жылдың соңғы тоқсаны мен 1840 жылдың бас кезінде Махамбетпен, Есет батырмен кездеседі. Кейін «Құрлықтар мен теңіздерде жүрген саяхатшы» атты үш томдық кітап жазып, 1843 жылы оны Санкт-Петербургте бастырып шығарады. Сонда (I-ші томында) Махамбеттің орыс тілін жетік білетінін, тілмарлығы мен ақылдылығын, сауаттылығын, айлакерлігін, сол кездегі саясаттан да хабардар екендігін батырдың өз сөздері арқылы әдемі жеткізген. Әсіресе, екеуінің арасында болған диалогтегі: «Сіз менен өткір пышақтан қорыққандай қорқасыз, менің пышақ екенім рас, бірақ екі жүзді емеспін» деген сөзі Махамбет мінезіне дәл келеді.

Махамбет «Еркіннен еркін жатқан ел едік. Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, қиғаш үшін қырылды, тептер үшін тебістік. Теңдікті, малды бермедік, теңдіксіз малға көнбедік, ханның кірген ақ орда, бұзуын ойлап кеңестік» деп, «Қара қазақ баласын, хан ұлына теңгеруді» армандады. Елінің бірлігі, жерінің тұтастығы, халқының еркіндігі үшін ақ алмастай жарқылдап өтті.

Жыраулар поэзиясынан олардың мақсат-мүддесі, өмірге көзқарасы, мінез-кұлқы да байқалады. Олардың қай-қайсысы да өз бейнелерін өздері сомдап, мәңгі өшпестей ескерткіштер тұрғызып кетті. Махамбет те өз образын өзі сомдап, халық жүрегінде қалды.

Қорыта айтқанда, Махамбет жыраулар мектебінің нәрі мен әрін бойына сіңіріп, өткен үлгілерден үйренген, алған, өзіне дейінгі қазақ поэзиясының ғасырлар бойы қалыптасқан, шыңдалған, елек көзінен өткен табысын бір жерге түйіп тастап, оны әрі қарай жаңа бағытта жалғастыруға бет алған суреткер. Бұл – дәстүр сабақтастығы. Еліктеу-солықтаумен қалып қоймай, жаңашылдыққа бет бұрып, өзінше сөз саптап, өзінше ой түйіп, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған. Сөйтіп өзінен басқа ешкім айта алмайтын жаңа үлгі, жаңа бағыттағы керемет жырларын тудырған. Ақынның қай толғауын оқысаңыз да тек қана Махамбетке ғана тән өршіл рухты, тасқын-сел күш-қуатты сезінесіз. Оның әр жолы тот баспас қылыштай, өшпес өмірдің өзінен де бағалы дүниелер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қабдолов З. Тандамалы шығармалар. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1993. – 458 б.
- 2.Аманжолов Қ. Қазақ совет поэзиясының антологиясы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1977. – 329 б.
- 3.Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 51 б.
- 4.Рязанов А.Ф. Восстание Исатая Тайманова. – Алматы: Алтын-Орда, 1991.– 198 б.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ОРНЫ

ОЙСЫЛБАЙ А.Т

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

САДЕН Н.А

Керімбай атындағы №12 мектеп-гимназия оқушысы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены труды по языку, литературе, педагогике, историографии, опубликованные в XX веке деятелями Алаша.

Summary. The article comprehensively examines the works on language, literature, pedagogy, historiography published in the twentieth century by the figures of Alash.

XX ғасыр басында бүкіл қазақ сахарасына тараған оқу мен терең білім алуға деген талпыныс Алаш арыстарының ұлы есімдерімен өрнектелген «Рухани өрлеу дәуірі» елімізде аз ғана уақыттық қоғамдық-саяси жағдай қалыптастырды. Қазақ халқының көрнекті қайраткер ұлдары – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Құдайберген Жұбанов, Халел Досмұхамедұлы, Қошке Кемелгерұлы, Мұхамеджан Тынышбаев, Смағұл Сәдуақасұлы, Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов және тағы басқаларының қоғамдық-саяси, әдеби, ғылыми іс-әрекеттері елді елең еткізген тарихи оқиға болды. Бұлар Орта Азиялық Түркістанға ғана емес, сонымен қатар бүкіл түркі дүниесіне ықпал еткен зиялы қауым еді. Сол кездегі қазақ оқығандары жаңа рухани шығармашылық орта қалыптастырғаны белгілі. Кеңес заманында ұлт қамын, оның болашағын ойлаған ұлы тұлғалардың бәрі де сталиндік зұлматтың қанды шеңгеліне ілікті. Алайда, ортақ мақсатқа бағышталған игі істері із-түссіз жоғалмай, саяси жағынан да, азаматтығы жағынан да ақталып, есімдері де, еңбектері де туған халқына кеш те болса қайта оралып, ғылыми айналымға түсті.

Ғалымдар XX ғасыр басындағы қазақ прозасы даму, қалыптасу жолдары көркемдік түр ретінде дамыды, қалыптасты деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ, теориялық зерттеулер әдеби-тарихи деректер мен нақты шығармаларды талдаулар нәтижелеріне жалғасты. Зерттеушілер XX ғасыр басындағы қазақ прозасы дамуына әсер еткен басты фактор дәстүрлі әдебиетіміз бен халық прозасы деген ұстанымды алға тартты. Бұл сол жылдарда жаңа көзқарасқа негізделген пікір болатын. Зерттеуші Зенел-Ғабдол Бисенғалиев қазақ романының қалыптасуына ықпал еткен XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз бетіндегі прозалық шығармалар мен көркем аудармаларды, әдеби-сынды жан-жақты зерттеу барысында «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының әдеби қызметтеріне арнайы тоқталады. Сол кезеңде жарияланған прозалық шығармалар жүйелі түрде талданып, көркем проза тілінің қалыптасуындағы бұл шығармалардың рөлінің ерекше болғанын ғалым З.Бисенғалиев «XX ғасырдың басындағы қазақ романы» (1997) атты зерттеуінде роман теориясына қатысты мынадай пікір білдіреді: «XX ғасыр басында роман тарихы мен теориясы түрлі формалистік, идеологиялық, эстетикалық тартыстардың объектісіне айналды. Қыңыр, қисық теорияларды да бастан кешті. ...түрпайы социологиялық теорияларды да, таптық, партиялық принциптерді де, одан кейінгі «тартыссыздық» қағидаларынан да өтті. Қазақ романы да өз тарихында түрлі саяси-әлеуметтік, идеологиялық теорияларды көрді. Алайда қаншама қисық теориялардан қытымырлық көрсе де қазақ романы өз тарихында талай тамаша туындыларды дүниеге әкелді. Әрі ең бастысы, сыртқы субъективті факторларды ескере отырса да, ішкі табиғи, ішкі дамуынан, дәстүрлі бетінен жаңыла қойған жоқ. Көптеген шығармалар жарық көрген күнінен бастап, құлағынан шу, басынан қиқу кетпеді, әдеби айналымнан алынды, «қамалды да», соған қарамастан бүгінгі алып арнаға, адамзат ақыл ойының дариясына ірі сала болып қосылып отыр. С.Торайғыров пен С.Сейфуллиннің, Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің, С.Мұқанов пен Ф.Мүсіреповтің шығармалары бұған дәлел бола алады. XX ғасыр басындағы қазақ романдары – еркін ойы, өзіндік өрнек, тілі, бояуы бар өзге әлем» [1. 4-б]. Осы кезеңдегі қазақ қаламгерлері жарық көрген романдары арқылы заманына, оқырманына, айналып келгенде ұрпағына қажетті рухани мәдениетіміздің ұлттық бояуы қанық рухани құндылықтарын қалдырып кетті. Адам тағдыры яғни қоғам мен жеке адам арасындағы күрделі қатынас, өмір, тағдыр философиясының түрлі қырлары, тендік, махаббат жолындағы күресі арқылы қазақ қыздары жаңа өмірге, бостандыққа ұмтылады.

Ұлттық рухтың ұлы тіні дұрыс берілген білім мен ұлттық тәрбиеде. Рухани жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Ұлттық құндылықтар туралы сөз қозғалғанда ұлттық таным-түсінік, әдет-ғұрып, салт-дәстүр де назардан тыс қалмайды, өйткені біздің әдет-ғұрпымыз күнделікті тұрмыс-тіршілігімізбен біте қайнасып жатыр. Салт-дәстүрімізде көрініс тапқан ғұрыптық жоралғылар түптеп келгенде ұлттық тәрбиемен ұштасады. Мәдениет бар жерде, әдебиет те бар, әдебиет бар жерде өмір де болады. Ұлттық құндылығымыз, ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай рухани жаңғыру болмайтыны да белгілі.

Қазақ әдебиетінде «Алаш әдебиеті», «Алаш әдебиеттануы», «Алаш ғалымдары», «Алаш арыстары» деген ұғым-түсінік Тәуелсіздік кезеңмен бірге қалыптаса бастады. Осы ұғым-түсінікті әдеби-ғылыми ортада қалыптастырған ғалымдардың бірі әдебиеттанушы ғалым, профессор Айгүл Мұхамедсерікқызы Ісімақова болып табылады. Осы атауды ғылыми қауым да жылы қабылдады, сөйтіп, «Алаш әдебиеті», «Алаш әдебиеттануы» ұғымы тұрғысынан тұңғыш рет жүйелі түрде «Алаш әдебиеттануы» [2] атты хрестоматия-оқулық 2009 жылы жарияланды. Кітап хрестоматиялық негізді алға тартып, басты сөзді Алаш арыстарының әдебиеттану мен тілтану, ұлттану мен тарихтану мәселелеріне қажетті, құнды ойларын түпнұсқа бойынша берді. Ұлттық ғылымға Алаш арыстары қандай нақты үлес қосты? Алаш әдебиетшілері қазақ тіліне, дініне, діліне қалай қарады? Алаш ғалымдарының еңбектері неге «Біссімлла рахман рақымнан» басталады?, тағы басқа сұрақтарға кітаптан толық жауап табасыз.

Алаш қайраткерлері ақталғаннан бергі 33 жыл ішінде олардың қоғамдық-саяси, әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа журналист, заңгер, психолог, педагог (педагогика саласы бойынша), тарихшы, тілші ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп, кеңінен насихатталып келеді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихында 1991 жылдан басталған Тәуелсіздік кезеңі асыл сөз өнерінің тарихы үшін де ауқымды, тың теориялық тұжырымдар жасады. Қазақ әдебиетін, асыл сөз өнерін тану мен танытудың теориясы, тарихы мен сыны Тәуелсіздік кезең тұрғысынан жаңаша зерттелінген тарихи кезең боп саналады. Тәуелсіздікке қол жеткізіп, ұлттық руханиятымыздың зерттеу аясы кеңейе түскен сайын ұлттық сөз өнерінің құндылықтарын жаңаша зерттеудің ғылыми қажеттілігі туындады. Қазақ елінің тәуелсіздікке ұмтылуының нәтижесінде жалпыға бұрын елеусіз саналып келген рухани, мәдени құндылықтарымыз бен әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері ашылды әрі «советтік» тар шеңберден шығып, өзінің кәсібиленген шынайы зерттеулеріне қайта оралды. Тәуелсіздік ұғымының тарихи алғышарттары, әдебиеттанулық еңбектердің әдістемелік негіздері, шығарманың поэтикасы, мифтік ойлаудың көркем әдебиеттегі баяндау жүйесінің бағыт-бағдары да осы кезеңде жаңаша қалыптасты. Алаш ұранды әдебиеттанушылардың өмірі мен ғылыми-шығармашылық мұрасын зерттеу ісі де Тәуелсіздікпен қатар қолға алынғаны туралы жоғарыда сөз болды.

Тәуелсіздікпен қатар тұрмыс-салтымыз, әдет-ғұрпымыз, имандылығымыз, мәдениетіміз, «совет» кезінде жазықсыз репрессияға ұшыраған төл әдебиетіміз бен оны танытатын әдебиеттану ғылымы да жаңаша зерттеулермен іске асты. Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиетін таныту тұрғысынан алғанда Алаш ғалымдарының әдеби-ғылыми мұрасы бірнеше саланы қамтыды. Осы абыройлы міндетті орындау барысында отандық ғалымдар Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, т.б. шығармашылық мұрасы жаңаша көзқараста зерттелініп, алғысөздер мен ғылыми түсініктемелер жазылды.

Әлихан Бөкейхан - ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. Ә.Бөкейханұлының әдебиеттану тұрғысынан жазылған еңбектері ғалым Д.Қамзабекұлы тарапынан жан-жақты қарастырылады. Бұл зерттеуде Ә.Бөкейханұлының алғашқы еңбектерінің бірі ретінде «Женщина в киргизской бытине Кобланды» атты мақаласы сарапталған. «Туркестанские ведомости» газетінің бірнеше санында жарияланған. Ә.Бөкейхановтың әйгілі «Қобыланды» жырындағы әйел бейнесі» деп аталған мақаласы белгілі ғалым С.Қасқабасов тарапынан жан-жақты талданып, сол кездегі қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілгенін жеріне жеткізе айтылып: «Бұлар эпостың тарихилығы, «Қобыланды» жырының шығу мезгілі, қазақ фольклорының түрлері, жыршы және оның шеберлігі, қоғамдық ой-санасының жырда көрініс табуы, «Қобыланды» жырындағы әйелдер бейнесі, олардың атқарып отырған идеялық қызметі. Осындай ғылыми мәнді проблемаларды автор сол кездегі әлеуметтік, моральдық мәселелермен ұштастыра қарастырған», - делінген [3].

А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» – қазақтың асыл сөз өнерін әр қырынан қарастырып, әдебиеттің сыр-сипаттарын, тіл бейнелілігін, сөз кестесін баяндау, суреттеу тәсілдерін, стильдік ерекшеліктерін, өлең құрылысына қатысты көптеген ұғымдар мен пән сөздерін алғаш рет ғылыми жүйеге түсіріп, саралаған кәсіби теориялық еңбек. Зерттеу сан салалы, нақтылы талдаулардың, таратып берілген анықтамалардың барлығын жинақтап синтез жасауға, әдеби құбылыстарды тұтастай алып қарастыруға негізделген. Соның нәтижесінде ұлттық сөз өнерінің, поэтиканың, әдебиеттің табиғатын басты, ең маңызды ерекшеліктерін, тарихи-әдеби процесс заңдылықтарын, әдебиеттің әлеуметтік, көркемдік-эстетикалық мәнін толық ашып берген [4].

Халық тағдыры М. Дулатұлының прозалық шығармаларына да арқау болды. 1910 жылы оның «Бақытсыз Жамал» атты романы жарық көрді. Бұл роман жазушының шығармашылық жолындағы ірі табыс қана емес, бүкіл қазақ әдебиетіндегі елеулі көркем туынды болды. «Бақытсыз Жамал» қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұңғыш роман еді. «Бақытсыз Жамал» романының оқиғасына арқау болған мәселе де осы, ескі әдет- ғұрыптың қыспағына түскен қазақ қызының тағдыры. Сүйгеніне қосылып, бақытты өмір сүруді армандаған бойжеткеннің трагедиялық жолы.

Ж.Аймауытов ұлттық сөз өнерінің әр алуан саласында ерен еңбек етті. Оның қаламынан туған, әсіресе ақындық әлемін танытатын («Сарыарқаның сәлемі», «Көшу», «Нұр күйі», т.б.), кемел прозашылығын («Әнші», «Елес», «Жол үстінде», «Қара бақсы» - әңгімелер), «Күнікейдің жазығы», (повесть), «Қартқожа», «Ақбілек» (романдар), белгілі драмашылығын («Сылаң қыз», «Мансапқорлар», «Рабиға», «Ел қорғаны», «Қанапия - Шәрбану», «Шернияз»), айтулы аудармашылығын («Сараң сері», «Тас мейман» (А.С.Пушкин), «Бақылаушы» (Н.В.Гоголь), «Бейшаралар» (В.Гюго), «Дәмелі», (Ф.Дюшен), «Тау еліндегі оқиға» (С.Чуйков), сындарлы сыншылығын - «Мағжанның ақындығы туралы», «Аударма туралы», «Сұңқар жыры», жан жүйесінің білікті білгірі екендігін - «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Комплекспен оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» т.б. ғылыми еңбектері табиғи талант қырларын жан-жақты жарқырата көрсетті. Балаларға арналған - «Жаман тымақ», «Көк өгіз», «Шал мен кемпір», «Үш қыз» сынды ертегілер қарапайым мәтін мен көркем суреттің табиғи тұтастығы мен үндескен үлгісін терең танытады. Ең маңыздысы, бұл еңбектер бүгін де рухани-тәлімдік қырларымен мәнді.

М.Жұмабаев шығармашылығының үлкен бір арнасы – халыққа білім беру, педагогика саласы. Мектеп оқушыларына, мұғалімдерге арнап «Педагогика» (1922, 1923), «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» (1925) еңбектерін жариялады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының қаламынан терең ойлы, сыршыл лирик. өлеңдер, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» сияқты оқиғалы дастандар, «Әділ-Мәрия» романы және басқа да прозалық туындылар, аудармалар, тарихқа, философияға қатысты еңбектер, сазды өндер туды.

Тәуелсіз қазақ әдебиеттану ғылымы ұлттық сөз өнерін жаңаша танытуда көп мүмкіндіктерге жол ашып, жаңа әдебиет пен өнердің дамуын, кескін-келбетін қалыптастырды. Атап айтқанда, «совет» кезінде жазуға, айтуға тыйым салынған ұлтымыздың рухы саналатын халқымыздың ғасырлар бойғы мәдениетін, көркемдік мұратын, эстетикасын, жалпы алғанда, ұмытылған әдеби жәдігерлерді қайта қалпына келтіріп, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған «ақтаңдақ әдебиетті» зерттеу ісі де нақтыланып, ғылыми айналымға толық қосылды.

Алаш қайраткерлері халқымыздың жарқын болашағы үшін бар ғұмырын күреспен өткізіп, ұлтымыздың рухани мұрасын жан-жақты, терең зерттеді. Алаш арыстары ХХ ғасырдың басында аумалы-төкпелі заманда қазақ қоғамының өміріне жаңа бағыт, жаңа жол көрсеткен қайраткер ретінде қазақ мәдениеті, қоғамдық ой-санасының дамуына өлшеусіз үлес қосты және тарихта аты қалуға әбден лайық тұлғалар.

Ұлттық идея, ұлттық таным-түсінікті қалыптастырып, Отанға адал қызмет етуді ұлт мүддесімен ұштастырған Алаш зиялыларының шығармаларын оқып, ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеуде ғылыми-әдеби айналымға ендіріп, жаңаша көзқарастағы пайымдаулар әлі де қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Бисенғалиев З-Ф. ХХ ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 бет.
- 2.Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 бет.
- 3.Қасқабасов С. Жаназық : әр жылғы зерттеулер / Қасқабасов, Сейіт, - Астана : Аударма, 2002 . - 584 б.
- 4.Ойсылбай А. А.Байтұрсынұлы – әдебиеттанушы // А.Байтұрсынұлы және қазақ филологиясының мәселелері. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2004. – Б. 29-31.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

ОЙСЫЛБАЙ А.Т

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, ф.ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье акцентировано внимание на изображение национальных ценностей в казахских романах начала XX века. Основные приоритеты - пробуждение национального сознания, воодушевление народа, оказание почестей национальной идее, пропаганда национальных ценностей.

Summary. The article focuses on the image of national values in Kazakh novels of the early twentieth century. The main priorities are awakening the national creation, inspiring the people, honoring the national idea, promoting national values.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі асыл сөз өнерінің күрделі жанрларының бірі роман жазыла бастады. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік, рухани өмірдегі жаңаша өзгерістер қазақ романдарына арқау болды. Роман жанры осылай қалыптасты және басқа жанрлық түрлер де дамыды. Сол кезеңдегі қазақ романдарындағы ұлттық құндылықтарымыздың көркемдік негіздерін Рухани жаңғырту арқылы әр адамның бойындағы келешекке деген сенімін нығайтып, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды ұлттық рух аясында дәстүрлі сабақтастықта жалғастырсақ, ұтарымыз көп. Рухани жаңғыру халықтың ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, елді адастыратыны айдан анық. Халқымыздың тағылымы мол тарихы мен арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерімізді өркендеудің берік діңіне айналдыруымыз қажет.

XX ғасырдың басы қазақ әдебиеті үшін Рухани өрлеу кезеңі болды, олай дейтініміз сол ғасырдың 1900-1938 жылдарын Қазақстанның қоғамдық-саяси, мәдени өмірі ұлы адамдардың есімдерімен өрнектелген Рухани өрлеу дәуірі десек те болады. Еліміз Тәуелсіздік алғалы қазақ әдебиеттану ғылымында Алаштың көрнекті қайраткерлері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Құдайберген Жұбанов, Халел Досмұхамедұлы, Мұхтар Әуезов, Мұхаметжан Тынышбаев, Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Санжар Асфендияров, Мұстафа Шоқай, Қошқе Кеменгерұлы, Темірбек Жүргенов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және тағы басқаларының қоғамдық-саяси, әдеби-көркем шығармалары мен ғылыми-теориялық зерттеулерінің маңызы ерекше. Осы Үркердей зиялы, оқыған қауымның іс-әрекеттері Шығыс Түркістанға ғана емес, бүкіл түркі дүниесіне ықпал еткені тарихтан белгілі. Қатыгез заманмен ұстасқанда Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «...қанаты қатая бастаған ұлттық сананың басты қаруы әдебиет» болды. Ғылым, білімге ерекше көңіл бөлу, жас толқынды баулу және оларды өз Отанына қызмет етуге даярлауды Алаш қайраткерлері азаматтық парыз деп түсініп, Абайдан келе жатқан игі дәстүрді ары қарай жалғастырып, дамытты. Халқының ұлы ретінде Абай идеясын жай ғана уағыздаушы емес, сол идеяларды жүзеге асыруда өздерінің ерен іс-әрекеттерімен, қимыл-қызметтерімен нақты үлес қосқан белсенді қайраткер ретінде танылды. Алаш арыстары саналы өмірінде алдына азаттық идеясын қойып, түгелдей соған қызмет етті, тіпті ағартушылық қызметінің өзін сол азаттық идеясына, азаткерлік күреске құрал етіп пайдаланды. Халықты өнер-білімге шақыруды туған халқының саяси, экономикалық азаттығының, ел еркіндігінің бірден-бір жеміс берер тиімді жолы деп білді. Көркем шығармаларында өзінің кейіпкерлері арқылы әдебиетімізге саяси азаткер, күрескер бейнесі арқылы жаңа сипатты жазба әдебиетімізге жаңаша үлгі, соны сөз әкелді.

«Елім», «қазағым», «жерім» деген Алаш қайраткерлерінің ұлттық құндылықтарды ұстанған тарихи негізі бар ғылыми мұрасы мен көркем шығармалары кеш те болса жарияланды, зерттелді. Алаш арыстары XX ғасыр басында қазақ халқының тарихында ұлттық қозғалыстың басы-қасында жүрді және ұлттық азаттық алудың, оқу-білім, өнерді дамытудың жаңа жолдарын қарастырды. Сол кезде бүкіл Ресейде дамудың жаңа кезеңі басталғанын дұрыс аңғарған Алаш қайраткерлері ұлттық сана-сезімі оянып жатқан халықтардың қатарында қазақтардың да тұру керектігін жақсы түсініп, қоғамдық-саяси, көсемсөздік еңбегімен, ақындық-аудармашылық қызметімен, ғылым саласындағы ізденістерімен, көркем шығармаларымен туған халқын мәдени дамудың жаңа жолына түсуге бар күш-жігері мен ақыл-ойын жұмсады. Олардың осындай әрекетке баруына сол кездегі әлеуметтік-тарихи жағдайлар да себеп болды.

Алаш қайраткерлері ақталғаннан бергі уақыт ішінде олардың қоғамдық-саяси, әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа журналист, заңгер, психолог, педагог (педагогика саласы бойынша), тарихшы, тілші ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп, кеңінен насихатталып келеді.

Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Бүгінгі таңда кең қолданылатын код деген сөзді құлыпты ашатын құпия кілт ұғымында түсінуге болды. Қазақтың ұлттық құндылығы – қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, тұрмыс-салтының құндылықтарын айқындайтын белгілер. Ұлттық құндылықтар – тарихи тамыры тереңде жатқан, ұлтымыздың күні бүгінге дейін бәрінен жоғары бағаланатын қасиеттері, солардың сығымдалып тұжырымдалған формуласы, қазақтың ұлттық болмысының сырын түсіндіретін, қастерлеп сақтайтын құпия кілт. Рухани жаңғыруды көркем әдебиеттегі дәстүр мәселесімен сабақтастыра қарастырсақ, сол әдебиетті тудырған халықтың бүкіл ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы алдыңғы қатарға шығады. Қазақ халқының эстетикалық ой-арманы өткенінен күш-қуат алып, жаңа биік межелерге ұмтылуда. XX ғасыр басындағы қазақ романдарындағы ұлттық құндылығымыздың көркемдік негіздерін, ұлт жадының тұғыр-намасын тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрімізге сай зерттеуге тиіспіз.

Қазақ әдебиеті қашанда азаматтық үні асқақ, көркемдік дәрежесі биік, дәстүрге бай әдебиет. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары яғни болмысы ғасырлар бойы қалыптасып, бекем орныққан, сондықтан да ол қазақ рухын небір күйзелістерден аман алып келе жатқан айрықша қасиетке ие. Халқымыздың сол қасиетін танытатын формула күллі материалдық байлықтан адами құндылықты биік қоятындығымен ерекшеленеді. Өйткені бұрынғы заманда әділеттілік, адалдық, шыншылдық әлдеқайда артығырақ бағаланатын. Қазір заман ауысты, бір кездері құбылмалы саясат билеген уақыт ыңғайынан туындаған кемшіліктер кейіннен үлкен дертке айналды. Бұрындары «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» делінетін, барша игіліктен арды, ұятты, жоғары қоятын қазақтың өмір сүру салты қазір қатты өзгеріске ұшырады.

Қазақтың көркемдік дәрежесі биік, дәстүрлі бай әдебиеті Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда: «Дәстүр мағынасына характер де, түр де, оқу мен өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат, көрік-күй мәселесі – бәрі де түгел кіреді Бұл сөз ғылымдық жағынан анығырақ және көлемдірек ұғымды аңғартады» [1, 375б.]. XX ғасыр басында алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының, қоғам қайраткерлерінің азаттық, тәуелсіздік үшін, ұлттық мүдде үшін жүргізген күресін жазбауға болмайды. Олардың арман-мақсаты – қазақ халқының ұлттық мәдениетін өркендететін Ұлттық партия, ұлттық мемлекет құру болатын. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» атты мақаласында былай дейді: «Біз Алаш ұранды жұрт жиылып, ұлт автономиясын тікпек болдық... Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды. Мен сонан соң қазаққа Алаш партиясын ашуға тырыстым» [2, 46б.] дейді, себебі Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы болған. Алаш ұранды әдебиет өкілдері әр шығармасына халықтың дербестігі мен ұлттық мүдде, ұлттық намыс пен ұлттың тәуелсіздігін, азаттығын сақтауды арқау етті. Көркем шығармаларында осы идеяны кейіпкерлерінің ауызымен айтып, ісімен, мінез-құлқымен көрсетті.

Ұлттық құндылықтар... Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншісінен ерекшелендіріп тұратын: тілі, әдебиеті ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлық жырлары, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Тәуелсіздіктің даму жолына түскен кезде «жаһандану үдерісі келе жатыр, одан ешқайда қашып құтыла алмаймыз» деген пікірлер айтылды. Жаһандану дегеніміз тұрмысқа, ел басқару жүйесіне, шаруашылық, кәсіпорын, білім беру мен тәрбиелеу орындарының бәріне батыстың жаңа технологиясын ұсынған бұқаралық мәдениетінің жан-жақты шабуылы нәтижесінде пайда болатын заманауи жаңа түр болып шықты. Жаһандану үдерісіне біздің тарапымыздан ешқандай тосқауыл болмағандықтан жастардың санасын тез жаулап алды. Тіпті, ұлттық құндылықтарға деген көзқарастың өзі өзгеріске ұшырап, өз қағынан жери бастады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» романды «ұлы әңгіме» деп атап, оны былай анықтап береді: «Ұлы әңгіме шығарушылар (романшылар) роман жазғанда тақырыпты не өз заманындағы тұрмыс сарынынан алып жазады, не өткен заманындағы тұрмыс сарынынан алып жазады немесе алдағы заманның сарынын болжап жазады. ...Ұлы әңгіме – тұрмыс тілі. Өмір жүзіндегі ұлы-кіші ғамалдар, ұлы-кіші уақиғалар қалай бір-біріне оралып, шиеленісіп, байланысып, ұйысып, ұшы қайдан басталып, қайдан барып тоқтайтынын мысалмен көрсеткен секілдендіріп алдына әкеліп, түрлі жолмен, бағытпен байланыстырады, шиеленістіреді. Шиеленістіре барып немен тынатындығын көзге көрсетеді» [3, 327-328бб.].

Әдебиеттанушы Бейсембай Кенжебаев ХХ ғасыр басындағы қоғамдық жағдай мен сол кездегі әдебиет туралы «ХХ ғасырдың басынан қазақ арасында оқу-ағарту жұмысы күшейді, қазақ тілінде кітаптар, газеттер шықты. Қазақ халқының сана-сезімі ояна бастады ...саяси күрес, көтерілістер, сұрапыл соғыстар, төңкерістер өз кезеңдерінде қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмыстарына, қазақ тілінде шыққан кітап, журнал, газеттердің мазмұнына, ақын-жазушылардың көзқарастарына, қазақ әдебиетінің бағытына үлкен әсер етті», – деп жазады [4, 3-4бб.].

ХХ ғасырдың басы қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдайдың шиеленіскен күрделі кезеңі болды. Қанша қиындыққа ұшыраса да қазақ халқы ғылым-білім іздеуге талпынды. Ұлтымыздың тағдыры қазақтың зиялы қауымын ойлантты, толғантты, сол кезеңге сай жан-жақты дами бастады. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік жағдайларды шығармаларына арқау ете отырып, халықтың тілегі мен мұратын, мұң-мұқтажын бейнелеп, суреттеді. Әйел теңсіздігі осы ғасыр басында өмір сүрген барлық ақын-жазушылардың негізгі тақырыбы болғаны шығармаларынан анық байқалады.

Ұлттық әдебиет пен өнердің дамуына ұстын болған тәуелсіздік идеясы, ұлттық мүдде, ұлттық мінез, ел тұтастығы, ұлттық намыс пен елді өнер-білімге үгіттеу, қазақ қоғамының ақ патша жүргізген отарлау саясатына деген қарсылығы сол кезеңдегі қазақ жазушыларының көркем шығармаларына арқау болды. Бұл кезеңде сол уақыттағы қазақ қыздарының тағдыр-талайын, қоғамның әлеуметтік хал-ахуалы мен тұрмыс-тіршілігін қозғаған прозалық туындылар қатарында М.Дулатұлының («Бақытсыз Жамал», 1910), Т.Жомартбаевтың («Қыз көрелік», 1912), С.Көбеевтің («Қалың мал», 1913), М.Кәшімовтің («Мұңлы Мәриям», 1914), С.Торайғыровтың («Қамар Сұлу», 1914, «Кім жазықты?», 1915), Б.Майлиннің («Шұғаның белгісі», 1915; «Раушан – коммунист», 1923), С.Сейфуллиннің («Айша», 1922), М.Жұмабайұлының («Шолпанның күнәсі», 1923), Ш.Құдайбердіұлының («Әділ-Мәрия», 1925), М.Әуезовтің («Кінәмшіл бойжеткен», 1925; «Қаралы сұлу», 1925), Ж.Аймауытұлының («Ақбілек», 1927), С.Мұқановтың («Ботагөз» 1935) шығармаларын атауға болады.

Алаш жазушыларының шығармаларындағы кейіпкерлер – жер бетінде әділдік, теңдік орнату үшін аянбай алысатын нәзік жандар. Олар қоғам өміріндегі кемшіліктерді көріп, үндемей отыра алмайды, сол сорақылықты жойып, игілікті іс атқаруға ат салысып, өз үлесін қосады. Жазушылар ұлттық идеяны кейіпкерлері арқылы айтып, қаһарман тұлғасымен байланыстырады. Академик Серік Қирабаев жазғандай: «Біздің әдебиетіміз – өмір бойы тәуелсіздікті, бостандықты, бірлікті жырлаған әдебиет. Біздің бүгінгі идеологиямыздың негізі енді ғана тәуелсіз жолға шығып, мемлекеттік дербестік алған халқымыздың мүддесі жолында топтасу, ұлттық бірлікке үндеу болуға тиіс. ...егеменді ел болуға ұмтылған тұста осы идеяны жаңғырта жырлау, тәуелсіздік пен бірліктің сөзін айту әдебиеттің абыройлы міндеті болуға тиіс» [5, бб.]. Халқымызбен бірге әдебиетіміз де, өнеріміз де бостандықты, егемендікті аңсап жазғаны үшін, отаршылдықтан азат болуды армандағаны үшін «ұлтшыл халық», «ұлтшыл әдебиет» атанып, қудалауға түскенін тарихтан білеміз.

Біз көркем әдебиет қаһармандарына қарап бой түзеген, солардың идеясынан қуат алған, Отаншылдық рухта өскен ұрпақпыз. Ата-бабамыздың салт-дәстүрінен сусындап, тарихи тұлғаны үлгі тұтып өскен ұрпақ болғандықтан әдеби-мәдени құндылықтарымызды насихаттап, туған тілімізді, ділімізді дәріптеуге тиіспіз.

Жазушылар өз кейіпкерлері арқылы ақылды, оқыған, білімді, қарапайым қазақ қызының, ХХ ғасыр басындағы қазақ жастарының тұрмыс-тіршілігін, тағдырын роман жанрына арқау ете отырып, өз құқықтарын қорғай алмайтындығын да алғаш рет суреттеді. Сол кездегі қазақ қоғамындағы теңсіздікті суреттеу арқылы яғни әйелдердің құқығының аяқ асты болуына автор бей-жай қарай алмайтындығын азаматтық борышы деп санады. Тарих қойнауына енген ХХ ғасыр басындағы қазақ романдарындағы ұлттық құндылықтарымыздың көркемдік негіздері – халықтың ұлттық санасын ояту, елдің рухын көтеру, ұлттық идеяны ұлықтап, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау болып табылады. Кейіпкерлері автордың ыркымен жүрмей, нағыз өмірдің «ешкімге бағынбайтын» өз заңдылықтарын алға тартады.

1910-1930 жылдарда жарық көрген көркем шығармалар рухани санамызға үлкен рухани серпіліс әкелді. Қазақ жеріндегі нақты тарихи тұлғалардың көркем шығармалары да, олардың шығармашылығы да үлкен ғылыми мәселе. Бірнеше ғасырлар бойы туған даласынан алыстатылып, елеусіз қалған мәдениет пен ғылым ғұламаларын тәуелсіз елдің қазіргі қауымымен таныстыру, табыстыру ұлттық сананың жігерленуіне ықпал ететіні айтпаса да түсінікті. Кезінде біз ғылымы, білімі, әдебиеті, өнері, мәдениеті биік дамыған ел болған екенбіз деген ой жадымызға ата-бабалар ісі үшін мақтаныш ұялататыны да сондықтан.

ХХ ғасыр басында жазылған романдарда қазақ жастарының, әсіресе қазақ қыздарының бостандық үшін күресі басты назарда болды. Жазушылар романдарында халықтың ауыз әдебиетінде

кездесетін «зауықтама сөздер» мен мақал-мәтелдерді орынды пайдаланып, кейіпкерлер характерін даралап көрсетеді. «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу», «Қалың мал», «Кім жазықты?», «Мұңлы Мәриям», «Әділ-Мәрия», «Ақбілек», «Шұғаның белгісі», «Раушан – коммунист», «Айша», «Шолпанның күнәсі», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу» – ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде роман жанрының қалыптасуы мен дамуында аса елеулі орын алған шығармалар. Бұл романдарға қазақ қоғамының әлеуметтік өмірі, сол замандағы қазақ әйелінің хал-жайы, бас-бостандығы, теңдігі арқау болған. Туындыны оқыған әрбір оқушы шығарма арқылы адамгершілікке, сыйластыққа, Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа ұмтылады. Бұл көркем шығармаларда сол кездегі өмір құбылыстарын суреттеу, қазақ қоғамындағы сан алуан қақтығыстар үстінде көрінген күрделі бейнелер мен көркемдік құралдар бар. Қаламгерлердің көркем шығармаларын бір идеяға топтастырар болсақ, шығармалар тілінің тазалығы жағынан да, стилі мен көркемдігі жағынан да ерекшеленіп, оқшауланып тұрады. Аталған романдар сөзсіз қазақ әдебиеті тарихының алтын қорына қосылған шығармалар болып табылады. ХХ ғасыр басындағы қазақ романдарындағы әйел бейнесі сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік өмір мен отбасындағы ұлттық рухтағы таза қазақи шынайы суреттелуімен құнды.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз бен ұлттық құндылықтарымыз Ел игілігіне айнала береді. Ұлттық дәстүр мен ұлттық идеяны, ұлттық құндылықтар мен еліміздің тәуелсіздігін арқау еткен көркем шығармалар жалғаса береді.

Биыл Көк Туымыздың желбірегеніне отыз жыл толады. Тәуелсіздік ежелден еркіндік аңсаған Ер қазақ үшін де, қазақ әдебиеттану ғылымының дамуы үшін де өте қымбат саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 556 бет.
- 2.Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. Движение Алаш. Сб. Документов и материалов. Декабрь 1917 г. – май 1920 г. – Алматы: Алаш, 2005. – Т. 2. – 496 бет.
- 3.Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.І. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.– 384 бет.
- 4.Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Жетінші кітап. – Алматы: Білім, 1993. – 248 бет.
- 5.Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 бет.

ӨОЖ 82-85

ЖАЗБАША АЙТЫСТЫҢ ЖАНАШЫРЫ

САБЫРЖАН С.Ғ.

"Болашақ" жоғары медициналық колледжінің оқытушысы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье подробно рассмотрены научно-познавательные работы ученого М.Абибулы по модернизации письменных айтысов. В то же время подчеркивается способность молодых талантов и роль письменных айтысов в развитии национальных ценностей.

Summary. The article discusses in detail the scientific and educational work of the scientist M.Abibula on the modernisation of written aitys. At the same time the ability of young talents and the role of written aitys in the development of national values are emphasized.

Жазбаша айтыс қазақ халқының ұлттық құндылықтарының бірі. Бұл айтыс жанрының жас таланттарға әсер етер қуаты орасан зор екені белгілі. Себебі екі айтыскер өз ойларын бір-біріне қағазға жазып жеткізеді. Терең ойланып, жүрекке жетер сөздерін жазады. Осы тұрғыдан қарағанда қазақ әдебиетін дамытуда осы жазбаша айтыстың өскелең ұрпақты отаншылдық сезімде тәрбиелеуде өз орыны бар деп айта алар едік.

Қазақ әдебиетінде жазбаша айтыс туралы терең ойларын білдіріп, ғылыми еңбектер жазған ғалымдарды атап айтуға тиіспіз. Олар: Т.Кәкішевті, Н.Төреқұловты, М.Жармұхамедұлын, Б.Шойбековты т.б. атап айтуға болады.

Профессор Т.Кәкішев жазбаша айтыс туралы: "...Қазақтың ақындар айтысындағы сыншыл ой-пікірлер мен көзқарастың жаңа бір соны сілемдері Сыр бойы ақындарының айтысынан көрінеді.

Олар көбіне жазып айтысатындықтан және екеуара емес, бірнеше адам сөз сайысына түскендіктен жазба поэзияның сілемдері, эстетикалық сынның элементтері байқалады. Шығыс дәстүрінің ықпалдары, көбіне сюжетті әңгіме-аңыздары, жұмбақтары араласып, оның шешуін іздеу де, сондай-ақ өздерінің өмірін сынауы да, айтысушыларға төрелік айту да айтыстың жаңа бір түрі ғана емес, халықтық эстетиканың бір парасы болып көрінеді. Ол айтыстар тарихта аты қалған Шораяқтың Омары, Ізтілеудің Тұрмағамбеті, Кете Жүсіп, Таубай Жүсіп, Қаңлы Жүсіптердің өз ара сөз жарыстыруынан тұтанып, әлеуметтік-эстетикалық мәселелерді қозғап отырады..."-деп жазды [1].

Т.Кәкішев өз сөзінде жазбаша айтысқа тек ғана екі адам емес, бірнеше адамдардың (*ақ ындардың*) қатысатынын тілге тиек етіп отыр. Бұл қазақ жазбаша айтыс ақындарының әдісінде болатын табиғи дәстүр. Жазбаша айтыс қағазға жазылып ел арасына таралатындықтан жазбаша түрде айтысып жатқан екі айтыскер ақынның сөз сайысына үшінші, төртінші тіпті бесінші ақындардың араласып кетуінде пәлендей оғаштық кездеспейді. Сөйтіп, екі ақынның жазбаша айтысына тағы үш ақын араласып кетіп, қазақтың жазбаша айтысы өзіндік ерекшелігімен көрінеді.

Жазбаша айтысты халық арасына насихаттап, қайта жандандыра білген ғалым М.Әбілұлының орасан зор еңбегін бағалау-азаматтық парызымыз деп түсінеміз. М.Әбілұлының әдебиетке деген құштарлығын, әдебиетке деген ынтызарлығын ұмытыла бастаған жазбаша айтысты қайта жандандыруға қосқан үлесі дәлелдейді. Оған дәлел ретінде М.Әбілұлының жазбаша айтысты ұйымдастырып, тұрмыс-тіршілігімізге жазбаша айтыстың енуі, оның жастар арасындағы тәрбиелік мәні туралы тілші ғалымдар Т. Байжанов, А.Белботаевтар халықаралық, республикалық, облыстық газеттерде тұжырымды ой-пікір білдіріп мақалалар жазды.

2000 - шы жылдардың басында Жамбыл облысы, Тараз қаласындағы мектеп оқушыларының, студенттердің арасында жазбаша айтыс пайда болды. Бұл жөнінде филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Байжановтың Жамбыл облыстық "Арстан" атты газетте "Жазбаша айтысты қайта түлеткен" деген мақаласында былай деп жазғаны әлі есімде: "...Тәуелсіз ел болып, тереземіз өркениетті елдермен теңесе бастаған тұста Тараз қаласында жарық көретін қазақ тілді басылымдарда, атап айтар болсақ, республикалық "Имандылық әлемі", "Шақша" газеттерінде "Жазбаша айтыс" атты айдармен білімгерлердің жазбаша айтысы жариялана бастады. Бұл 2002-2003-жалдары еді..." [2].

Сөйтіп, осы жылдары Тараз қаласында М.Әбілұлының бастамасымен мектеп оқушыларының арасында, колледж, жоғарғы оқу орындарында студенттердің арасында, ақындардың арасында жазбаша айтыс қайта жандана бастады. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті студенттерімен "Тараз" институты студенттері арасында жазбаша айтыс ұйымдастырылып, бұл жазбаша айтыс туралы Жамбыл-Тараз теледидарында көрсету болды. Жамбыл облыстық "Ақ жол", "Тараз қалалық "Жамбыл-Тараз", Жамбыл облыстық "Ар-стан", республикалық "Имандылық әлемі" газеттерінде хабарлама мақалалар жарияланды. Сөйтіп, ұмытылып бара жатқан жазбаша айтыс Әулиеата өңірінде қайта жанданды. Әрине, мұның бәріне ғалым М. Әбілұлының ерекше белсене атсалысқаны шындық.

Ғалым М.Әбілұлы осы бір игі іске араласа жүріп 2003-жылы "Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы білімгерлерді шығармашылыққа баулу", "Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы мектеп оқушылары мен білімгерлерді шығармашылыққа баулу" атты оқу құралдарын жазды. Бұл оқу құралдарының сол кезеңде Тараз қаласындағы М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, "Тараз" институты, "Қайнар" университеті, Орталық- Азия университеті, "Әулие- Ата" университеті, А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студенттері мен профессор-оқытушыларына таптырмас оқу құралына айналғаны рас.

Тілші ғалым А.Белботаев былай деп ой-пікір білдірді: М. Әбілұлы жандандырған жазбаша айтысы туралы, оның жазған жазбаша айтыс туралы оқу құралдары туралы Халықаралық "Түркі әлемі" газетіне жазған мақаласында: "...Тағы да айта кететін жәйт- күні кеше ғана осы айтып отырған әңгімеміздің нақты дәлеліндей кафедраның аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, журналист-ғалым М.Әбілұлының "Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы білімгерлерді шығармашылыққа баулу" атты "Әдеби шығармашылық" курсы бойынша білімгерлерге арналған оқу-әдістемелік құралы жарық көрді. Бұл еңбектің құндылығы сонда-ол, сондай-ақ, жоғарғы оқу орындарының -әлем тілдері, филология, журналистика факультеттері оқытушыларына, аспиранттары мен магистрларына, қоғамдық ғылымдар саласындағы ізденушілерге таптырмас құрал боп шыққан..." [3].

М.Әбілұлы мектеп оқушылары мен студенттер арасындағы жазбаша айтысты кітапқа енгізіп, жинақтар құрастырды. Жоғарғы оқу орындарында еңбек етіп жүрген мұғалімдермен етене араласып, жазбаша айтыстың халық арасына таралуына атсалысты. "Тараз" институтында еңбек етіп жүрген Р.Қалматаеваның "Жазбаша айтыс" атты кітабының баспадан жарық көруіне көмектесті.

М.Әбілұлы мектеп оқушылары мен колледж, жоғарғы оқу орындарының студенттерінің шығармашылығын насихаттауда да еңбек етіп жүрген ұстаздардың бірі. Мектеп оқушылары мен студенттерді жазбаша айтысқа баулуудың ең тиімді жолы олардың жазабаша айтысын жинақтарға енгізу екенін жақсы біледі. Ол 2012-жылы "Отан. Тәуелсіздік. Ерлік" атты мектеп оқушылары мен студенттердің өлеңдер жинағын құрастырып, Алматыдағы баспадан кітап етіп шығарды. Осы кітаптың екінші бөлімі жазбаша айтысқа арналған екен. Осы кітапта ол былай деп жазыпты: "Қазақ әдебиетінде жазбаша айтыс деген жанр бар. Бұл жанр қазіргі таңда қайта түлеуде. Оның айқын айғағы-Тараз қаласындағы мектеп оқушылары мен білімгерлердің өзара жазбаша айтысы. Жазбаша айтыс-жазба әдебиетіндегі әдеби жанрлардың бірі. Жазбаша айтыстың ауызша айтыстан ерекшелігі-мұнда айтыскер ақындар қолына қалам мен қағаз алып жазып айтысады.

Әдебиетші О.Көбеев халықаралық "Түркі әлемі" газетіне былай деп жазды: "М. Әбілов ұмытылып бара жатқан жазбаша айтысты қайта түлетуге күш салды. Тараз қаласындағы №10, 47, 33 мектептерде, "Тараз-ғасыр" колледжінде оқушылар мен студенттер арасында жазбаша айтыс ұйымдастырып, айтыс мәтіндері басылымдарға жарияланды, кітап болып басылып шықты. 2003-жылы "Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы білімгерлерді шығармашылыққа баулу", 2006-жылы "Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы білімгерлер мен мектеп оқушыларын шығармашылыққа баулу" атты оқу құралдарын жазды.

Жазбаша айтыс 2005-жылы "Тараз" институтында ұйымдастырылды. Жазбаша айтысқа А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің студент ақындары мен Тараз институтының студент ақындары жазбаша айтыс жүргізді.

2007-жылы "Тараз" институты мен А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің дарынды студенттері арасында жазбаша айтыс ұйымдастырылды. Бұл жазбаша айтыс туралы облыстық "Қазақстан-Тараз" телеарнасы хабарлар таратты. Осы іс-шараларды ұйымдастыруда М. Әбілов көп еңбек етті [4].

М.Әбілұлы Халықаралық "Түркі әлемі" газетіне жазбаша айтыс туралы былай деп жазды: "Жазбаша айтысты білімгерлер мен мектеп оқушылары арасында жүргізу - жастардың рухани дүниесін байытады.

Сыр сүлейлері Қарасақал Ерімбет пен Шораяқтың Омары, Қаңлы Жүсіптің, Әулиеаталық Жүсіпәлі Өзбекұлының жазбаша айтыс мұраларын жастар арасында насихаттау, назым сөз бен ширатпа шумақты, көрікті ойды әрлендіріп, поэзиямен жеткізу - қазіргі өлең-жырға құмар жастардың бойынан табылсын десек, айтыстың осы түрін тұрмысымызға ендіруіміз қажет.

Шынында жазбаша айтыстың талантты жастарды шығармашылыққа баулуда өз орыны бар. Мектеп оқулықтары мен колледж, жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулықтарға жазбаша айтыс енгізілсе рухани байлығымыздың толыға түсуіне мүмкіндік болар еді. Ал, М. Әбілұлының осы салада еңбектеніп жүргенін ғылыми тұрғыдан бағалай білсек әдебиеттану ғылымында зерттелмей жүрген соны жаңалықтар ашыла бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Кәкішев Т. "Қазақ әдебиеті сынының тарихы" (оқу құралы), Алматы.-"Санат". 1994. 14б.
- 2.Байжанов Т. "Жазбаша айтысты қайта түлеткен" Жамбыл облыстық "Ар-стан" газеті. №4, 25-қаңтар, 2008.
- 3.Белботаев А. Халықаралық "Түркі әлемі" газеті, 2003.
- 4.Көбеев О. "Меңдібай Әбілұлының әдеби, ғылыми еңбектері", кітапта: Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің құрылғанына 10 жыл олуына орай өткізілген ғалым, жазушы-журналист, ақын Меңдібай Әбілұлының "Таразым-тарихтың бесігі" атты шығармашылық кешінде жасалған баяндамалары мен шығармалары, әдебиеттің өзекті мәселелері жайлы жазылған ғылыми мақалалар жинағы", Тараз.- 2018. 46б.

ӨОЖ 82. 042

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ЕЛ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

БЕКСЕИТОВА К.Т.

Д.Қонаев атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Панфилов ауданы

Резюме. В статье исследуется исследование Абай Кунанбаева о государственной службе
Summary. The article examines the study of AbaiKunanbayev on public service

Абай өмірінің соңғы жылдарынан біршама толық мәлімет беретін архивтік документтің бірі – патша өкіметінің жергілікті әкімшілігі тарапынан 1903 жылы 25 көкек күні ақын отбасына жүргізілген тінту іс-қағаздары. Бұл оқиғаға байланысты хатталған әр түрлі әкімшілік мекемелерінің жзбалары Қазақстанның Орталық мемлекеттік архивінде жинақталған. Қазіргі ғылыми ортаға белгілі болып отырған бұл үш архивтік іс (дело) Дала генерал-губернаторының канцеляриясы, Ақмола және Семей облыстық басқармаларының архив қорларында (фонд) сақталған.

Ал Абайдың ғылыми өмірбаянын жазу барысында аталған архивтік дерек көздерін қарастыруға ешқандай мүмкіндігі болмаған ұлы ақынның бас биографы М.О.Әуезов, тінту жұмысына қатысты оқиғаларды ел жадында ауызша сақталып жеткен естелік-әңгімелер негізіне сүйеніп жазған-ды. Сондықтан М.О.Әуезов: "... Елден Абайды жамандап түскен арыз болса, оны еркше ықыласпен тыңдайтын. Сондай жасырын шағым мына тұста да аз болмайды. Сондай шағымның бірін сылтау, себеп етіп 1903 жылы қырдағы Абай ауылына жандарал бұйрығымен Семейдің тыңшы кісілерінің бастығы полицмейстер өзі бастап, бір топ жандаралмен кеп, қатты тінту жасайды. Ниеті Абайды бір жазаға ілкірту еді. Бірақ ақынның халық арасындағы зор атақ, даңқынан, қадірінен жасқанып, батыл әрекет жасай алмай кетеді" [1; 216] – деп жазып, саналы түрде тінтудің басты себебін басқа арнаға бұрып, советтік идеологияның қас жауы болып табылатын панисламизм, мүсылман діни қозғалысы сияқты “кұбыжықтарды” айналып өтіп, “заманына қарай амалын тауып” ой-пікір білдіреді. Бұған қарап, М.Әуезов ұлы Абай басынан өткізген осы бір сойқанды оқиға туралы М.Әуезовке жоғарыдағыдай деп жазып, өзінше “маневр” жасауға тура келеді. Ол кезде басқаша істеудің басқаша ешқандай жолы да жоқ-ты.

Ақынның ғылыми өмірбаянын жазған екінші бір ірі тұлға – академик-жазушы Сәбит Мұқанов “Абай Құнанбаев” атты монографиялық еңбегінде осы тінту туралы: ”Құнанбай тұқымына өшіккендер Абайдың қайғысына елжіремейді, жала жабуын, түртпектеуін доғармайды. Сондай өшпенділікпен олар 1897 жылы Абайға екі түрлі қастық істейді. Біреуі – “үкіметке қарсы адамдар үйіне көп келеді” деп полицияға шағым береді. Бұл шағымсыз да Абай полицияның күдікті адамы болған. Оған себеп– Абайдың үйіне саяси қылмыспен жер аударылған адамдардың көп келуі, мәселен, орыс халықшылдары Михаэлис, Долгополов, Кавказдан қашып келген екі жігіт. Бұлар Абайдың үйінде айлап жатып, ат мініп, қаражат алып кететін болған. Полиция Абайдың бұл қылықтарын сырттан бақылап, тыңшы салып тексеріп жүрген. Осы күдікке Абайдың елдегі дұшпандары берген шағым қосылған соң, 1897 жылдың көктемінде Семейдің полиция бастығы Куприянов келіп, Абайдың үйін тінткен. Абай үйінің ұңғыл-шұңғылын түгел ақтарған полицияның қолына қазақтың белгілі ақыны, ауыз әдебиетінің үлгілерін иждиғаттап жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпеев жазған бір хаттан басқа күдікті ешбір зат түспеген. Бұл хатта Мәшһүр Жүсіп Абайға патша үкіметінің елге жасап отырған қиянаттары туралы жазып, оған қалай қарсы тұру жөнінде ақыл сұраған екен дейді. Полиция: ” Бұл хатқа не деп жауап бердің ?” – деп Абайды біраз айналдырып, Абайдан “ Жауап жазған жоқтан” басқа сөз ести алмаған соң, басқа байланысар дәлелі болмаған соң, Куприянов Абайды да жайына қалдырып жүріп кеткен” [2; 146] – деп ұзақ толғап, тәптіштей жазды.

Бірақ бұл ой-пікірдің де қисынға келмейтін, шынайы шындықтан тым алшақ кететін тұстары өте көп. Оларды қысқарта, жинақтай айтсақ, біріншіден, тінтудің мерзімі 1897 жыл деп қате көрсетілсе, екіншіден тінтудің басты себебі жаңсақ деректер негізінде баяндалған, үшіншіден болған оқиғаға ешқандай қатысы жоқ Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің есімі орынсыз қыстырылып кеткен, төртіншіден, тінту жұмысын Семей уездік полиция бастығы Куприянов жүргізді деп қателікке жол берген. Бұл жерде де, С.Мұқановтың дерек көзі ретінде ұлы ақын туралы естелік жазған Әрхам Ысқақов материалдарын пайдаланғаны байқалады.

Осы орайда ұлы ақынның басынан өткен көптеген оқиғаның куәгері болған, оның тәрбиесін көрген, білгені, естігені мол Ә.Ысқақовтың естеліктерінде абайтану ғылымына қосқан бағалы деректермен қатар кейінгі зерттеушілерді қателестірген жаңсақтықтары да баршылық екенін айта кету керек. Осы жаңсақ деректер, ұшқары пікірлер өз кезегінде абайтануда жалған таным-түсініктердің қалыптасып, орнығуына негіз болды. Сондықтан Ә.Ысқақовтың Абай туралы жазып қалдырған естеліктерін архив деректерімен салыстыра отырып, керекті тұстарын ерекше талғаммен пайдаланған жөн. Ал күмәнді, жалған пікір-тұжырымдарды дәйекті дәлелдер, архивтік айғақтар арқылы көрсете отырып, ақынның ғылыми өмірбаянынан алып тастау керек.

Абайтанушы М.Бейсенбаев ұзақ жылдардағы ізденістері нәтижесінде дүниеге келген зерттеу кітабында ол Абай отбасына жүргізілген тінту ісіне архив документтеріндегі дерек-мәліметтер негізіндегі былайша талдау жасайды: “... Қазақ жерінің әр түкпіріндегі дінбасы адамдары мұсылман дініндегі халықты біріктіргісі келіп, орыс елінен қазақ халқын алшақтату мақсатын көздеді. Аты дүйім қазақ еліне белгілі Абайды да тартып, сол арқылы халықты үгіттегісі келді. Осы мақсатпен сонау Көкшетаудан Қошығұлов Шаймардан деген Абай атына қайта-қайта хат жазып, көмек сұрады. Абай оған ешқандай жауап хат жазып, оның пікірін қостамады... Сонымен патша өкіметіне саяси сенімсіз адам ретінде көрініп оған тінту жасады, жауаптар алынды” [3; 65б.].

М.Бейсенбаевтың өзіндік ой топшылауының құндылығы сонда, ол отбасына жасалған тінтудің басты себебі–қазақ даласындағы мұсылмандық қозғалысқа байланысты екендігін алғаш атап көрсетті. Ал Ш.Қошығұловқа жауап хат жазбауы арқылы Абай бұл қозғалысты қолдамады деуі, әрине, ұшқары пайымдау.

Енді Абай отбасын тінту жөніндегі мәселеге қысқаша тоқталып өтейік.

Қазақ халқын түпкілікті отарлап, көнгенін шоқындырып, көнбегенін мүлдем жойып, оның кең байтақ даласына мәңгілік иелік етуді көздеген отаршыл патша өкіметі өзінің 1868 жылы 21 қазанда бекіткен “Временное положение об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской” атты заң-ережелері арқылы қазақ жерін мелекет меншігі деп жариялап, жер иелігінен айырумен қатар дін басқару ісін де Орынбор муфтилігінен бөліп алып, жергілікті әкімшіліктің билігіне береді. Осылайша экономикалық жағынан тәуелді ету саясатын біржолата шешкен патша өкіметі енді өзі әуел бастан өте жымысқы жүргізіп келе жатқан рухани отарлауды жеделдете түсу жолында шешуші қадамдар жасады. Түпкілікті мақсатқа тезірек қол жеткізу үшін қазақ даласын басқару туралы заң-ережелеріне реформалар жасап, жаңа ел басқару институттарын енгізді. Осы реформалар негізінде қазақтың рухани дүниесіне біраз өзгерістер жасалып, ғасырлар бойы қалыптасып орныққан дін тұтыну, оқу-ағарту ісіне шектеулер қойылды, мүлдем “жаңа жобалар” ойластырылды. Қазақ арасында көптен орыс-қазақ училищелері, қазақ қыздарын орысша оқытуға арналған интернат-мектептері, миссионерлік шоқындыру мектептері ашылып, ұлттық ой-сана мен дәстүрлі мәдениетті жоюға күш салынды.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың мәдени-ағарту саласындағы қызметінен мағлұматтар беретін архив документтері сан жағынан аз болғанымен деректерінің молдығымен, мазмұндылығымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, бұл саладағы архив деректерін танып-білу ұлы ақын шығармаларында жүйелі желі тартқан қазақ халқының оқу-ағартуға қол артып, мәдениетті жұрт қатарына қосылу арманының сыр-сипатын ашуға септігі мол.

Ақынның мәдени-ағарту саласындағы қызметі әлі де болса тереңдей зерттеуді және архив қорларынан тың дерек-фактілерді іздестіруді қажет етеді.

Қазақ әдебиетінің бірегей классигі Абай Құнанбаевтың қоғамдық-әлеуметтік қызметінің басты саласы – оның өз заманында ел басқару ісіне араласып, отаршыл патша өкіметінің қазақтарды басқару үшін белгілеп- бекіткен штаттық жүйесі бойынша болыс, би болып отырған кезі.

Абай ел басқару ісіне кезінде аға сұлтан болған әкесі Құнанбайдың ықпалымен өте жастай араласты. Ол ел басқару ісіне алғаш рет патша өкіметі 1822 жылы 22 шілдеде бекіткен “Устав о сибирских киргизах” атты заң ережесінің іс-жүзінде қолданыста болған соңғы жылдарында араласа бастап, онан кейінгі 1868 жылы 21 қазанда бекітілген “Временное положение об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской” деген заң-ереженің қазақтар “Жаңа низам” деп атаған билік құрып тұрған жылдарында өзі туып-өскен Тобықты елінде ұзақ жылдар болыс, би болып қызмет атқарады. Бірақ та ұлы ақынның осы ел басқару қызметі ғылыми тұрғыда түбегейлі зерттелмей келеді.

Ұлы ақын есімін қалың көпшілікке кеңінен таныстыруды мақсат еткен Ә.Бөкейханов, К.Ысқақов, А.Н.Седельников, Н.Рамазановтың еңбектерінде көбінесе оның творчествосына назар аударылып, ал ел басқару қызметін сөз етпегенін байқаймыз.

С.Мұқановтың 1945 жылы жазылып, кейін 1961 жылы жарыққа шыққан “Абай Құнанбаев” атты монографиялық еңбегінің ақын өмірбаянына арналған үшінші тарауында Абайдың ел басқару қызметіне тоқтала келіп, ол: “Абай 1870 жылдар шамасында Қоңыр Көкше деген еліне өкіметтің сайлаусыз тағайындауымен болыс болды. Жасы осы кездерде жиырма бестерде еді. ... Қоңыр Көкшенің болыстығынан Абай 1872 жылы босанды” [2; 36б] – деп дерек береді. Бірақ кейінгі табылған архив деректері С.Мұқановтың бұл мәліметтерінің жаңсақ екенін көрсетіп отыр.

Нақты архив деректеріне сүйенсек, олардың бірі–Абайды он шақты жыл бойы әуреге салған Үзікбай Бөрікбаев дегеннің арыздары бойынша тексеру жүргізген Семей облыстық басқармасының мәжіліс журналында хатталған мәліметтер шоғыры. Онда: “ ... На предложенным следователем

вопросы бывший волостной управитель Ибрагим Кунанбаев против обвинения его киргизом Буробаевым показал: что в должность волостного управителя Аркатской(бывший Кону-Кокче Тобуклинской) волости он вступил по выбору общества. Прежде числился в Кучук-Тобуклинской (ныне Чингизской) волости, по просьбе общества Аркатской волости подтвержденной приемным приговором он перечислился в Аркатскую волость и в том году единогласно, а не по большинству голосов, был избран на должность волостного управителя, в какковой должности он пребывал с 1875 по 1878 год. Утвержден в должности военным губернатором Семипалатинской области. По окончании трехлетия он отказался от должности волостного управителя и получил приговор общества, в котором выражена ему благодарность общества” [4; 42б] – деп жазылған.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың 12 жылдық болыстық қызметіне қатысты архивтік дерек көздері оның ғылыми өмірбаянын толықтыра түсетін біраз құнды материалдар береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әуезов М. Абай Құнанбаев (мақалалар мен зерттеулер). –Алматы: Жазушы, 1998. –346б.
- 2.Мұқанов С. Шығармалар жинағы. 16 том. –Алматы: Жазушы, 1995. –320б.
- 3.Бейсенбаев М.Абай және оның заманы. –Алматы: Жазушы, 2004. –186б.
4. ҚР ОМА, 64-қор, 1-тізбе, 1430-іс, 24-парақ.

ӘОЖ 821.512.122:371.3(043)

С.ТОРАЙҒЫРОВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ТІЛДІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

СЕЙДАЗИМОВА Э.Ш.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье речь шла о художественной деятельности языка в стихах поэта С. Торайгырова. Проведен анализ особенностей словообразования поэта и употребления пословиц и поговорок.

Summary. The article dealt with the artistic activity of the language in the poetry of the poet S. Toraiyrov. The analysis of the peculiarities of the poet's word formation and the use of proverbs and sayings is carried out.

С.Торайғыровтың өлеңдерінің поэтикасының негізгі ұнамды-ұнамсыз кейіпкерлеріне, солардың заманына, саяси-шаруашылық хал-жайына, қоғамдық-өлеуметтік қызметіне, тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, дүние, қоғам тануына байланысты болады.

Ақын кейіпкерлерінің дәуірдің, ортаның күй-қалпын, келбет-бейнесін, суретін айнытпай, дәл көрсететін сөздерді іздестіріп, табады, оларға лайықты сөздерді, солар айтатын, қолданатын сөздерді көп қолданады.Сайып келгенде Сұлтанмахмұттың негізгі, ұнамды кейіпкерлері – қазақтың кедей шаруалары, қазақтың әйел-қыздары. Қазақтың кедейі мен әйелі ХХ ғасыр басындағы, капитализм тұсындағы екі бірдей қанау дәуірлеп тұрған кездегі қазақ қоғамының саяси-шаруашылық жақтан да, рухани мәдени жақтан да мейлінше жаншылып, жапа көрген, түрлі соққы жеп, зар еңіреген мүшелері. Бұлардың бірі құл, бірі күң. Бірақ бұлар осы күйіне риза болып, «құдай салды, біз көндік», құдай бұл дүниеде басқаны жарылқаса, ол дүниеде бізді жарылқайды деп, шүкірлік етіп отырған құл мен күң емес. Көрген азабы шектен асып, арқасына заманның аязы әбден батып, тақат төзімі біткен, сағынған, қатуланып, қаһарына мінген, талап-арманы бар, соған сай жүрегі, жігері бар құл мен күң.

Құл мен күң аузын ашса, көрген азабын, өткен өкінішті өмірін сыр етіп шертеді, алдағы тілек-арманын білдіреді. Мұны олар өздерінің өмірі етіп, әңгіме, кеңес, айтыс, жар-жар, жылау түрінде айтады.

Жоқ, мен бұған разы тіпті болмаң!..

Бұған көніп жүргеннен өлген артық,

Іштен тынып жанғаннан сөнген артық!
Текке өлмей, тауға, тасқа басты соғып,
Жолына не кез келсе көрген артық! – [1.25б.]

деп зарлайды кедей. Малға, шалға көп қатын үстіне сатылған қыз жар-жарды «зар-зар» деп айтады:

Аққу құсты жапалақ
Қалай алар зар-зар.
Ойлап па едің ақ түйғын
Текке қалар зар-зар.
Қорлығына шыдамас
Дүние салар зар-зар.
Мал мен басың таланып,
Басың отқа қаланып,
Сұлу алғыш ақсағым,
Сонда болар зар-зар... [1.55б.]

Қоғамның екі бірдей қанауда езіліп, есінен танып жүрген мүшесі, әсіресе, құл, күң болып жүрген мүшесі сөзуар болмайды: сөзін айтайын деген ойын, мүддесін көркем, шебер сөз тауып, келісті, әшекейлі етіп айту былай тұрсын, бір келкі жөндеп те айта алмайды: ұзын ырғасын, жобасын, ізін аңғартады. Сөздері жай қарапайым болып келеді.

Осы сияқты, ашынған, қызын ашуланып, жылап, өксіп, сыңсып сөйлеген адамда сөзін келісті, қисынды етіп, көркем шебер айтып тұрмайды; ойына келген, аузына түскен сөздерін айта береді. Онысы қайнаған қанның, қиналған жанның, толғанған көңілдің сығындысы, жатқан күш, жігер болып шығады.

Онан соң, жаншылып, жапа көріп жүрген адам-күйінішті, шерлі, ызалы, көңілі жарым, жүрегі жаралы адам.

Сондықтан оның аузына күйініш, жиреніш, жалыныш, жалбарыныш сөздері көп түседі; оның сөзі көбінесе жүрек сыры болып, адамның ішкі дүниесі болып, зар арман болып келеді.

Міне шығармасының тақырыбы мен идеясына, кейіпкерлерінің заманына, әлеуметтік ортасына, қызмет кәсібіне, хал-жайына, мұң тілегіне сәйкес Сұлтанмахмұт шығармаларының өзіне тән тіл, стилдік кейбір өзгешіліктері, қасиеттері бар.

Сұлтанмахмұт өлеңдерінде жалпынышты, жалбарынышты, күйінішті, жиренішті сөздер, қайғылы, шерлі сөздер көп қолданылады. Мысалы: жүрек, жан, сыр, қайғы, шер, от, жалын, нұр, сәуле, әзәзіл, жын, шайтан, малғұн, арам, алла, құдай, жұмақ, дозақ, періште, о дүние, бұ дүние, пайғамбар, әулие, дұға, аят, парыз, ант, сезім, ар, намыс, сүю, махаббат, достық сияқты сөздер жиі айтылады.

Тілдің негізгі сөздік қоры - жалпыхалықтық тілдің байырғы тұрақты негізгі, жаңа сөздер туғызу, жаңа сөз тіркестерін жасау құралы; жалпыхалықтық тіл дегеніміз халықтың ғасырлар бойы жасаған, бұрынғы өткен ақын, жазушылар ұштаған тұрақты, жарасымды, әр алуан сөз өрнектеріне, сөз тіркестеріне толы, бай тілдер.

Ақын жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын, жалпыхалықтық тілдегі сөз тіркестерін пайдаланады; тек пайдалып қоймайды, өз заманына, өз тұсында халық өмірінде болған жаңалықтарға сай байытады. Осыдан жазушы шығарсының тілін зерттегенде ең алдымен анықталуға тиісті мәселе-жазушының өз шығармаларында жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік қорын қаншалықты, қалай пайдаланды деген мәселе болады.

Сұлтанмахмұт өз өлеңдерінде қазақ тілінің негізгі сөздік қорын қаншалықты, қалай пайдаланды деп, нақты жауап беру қиын. Себебі бұл сұрауға нақты жауап беру үшін кейбір қажетті жағдай керек. Алдымен, қазақ тілінің тарихы, сөздіктері болуы қажет. Оқушыға мәлім, бізде олар әлі жасалып жеткен жоқ.

Мысалы, бұрынғы ауыз әдебиетінде, жеке ақын шығармаларында, жұрттың ауызша айтатын сөздерінде адам-жас жігіт, жасөспірім, бозбала, боздақ, азамат, жас азамат, ер азамат деп аталатын да, жас жүрек деп аталмайтын; тек Абай ғана бір жерде «Жас жүрек жайып саусағын» деп келтірген.

Сол сияқты, бұрын күн, ай, от, шам, лампа, жарық, сәуле береді, сәуле түсіреді, шашады деп айтатын да, қиял, тәтті үміттің қиялы сәуле береді деп айтпайтын; жеке кісі ажалым жетсе, өлім келсе, ажал келсе, күнім бітсе, рызығым таусылса деп сөйлейтін де, «қазам келсе» деп сөйлемейтін.

Біз енді Сұлтанмахмұттың өз шығармаларында қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерін қаншалықты, қалай пайдаланғанын, өзі қанша, қандай тұрақты сөз тіркестерін жасағанын, олардың қаншалықты заңды, жарасты екенін анықтауымыз керек.

Сұлтанмахмұт қазақ халқының ауыз әдебиетін, әсіресе мақал-мәтелін өте жоғары бағалаған:

Тілімде әдебиет жаныма азық,
Әм болардай көңілге наным, қазақ.
Терең ойлар, дүниеге қарастар бар,
Көнекей сынап, байқап, тапшы жазық? [1.47б.] -дейді.

Осыдан да болуға тиіс, Сұлтанмахмұт өз өлеңдерінде қазақ тіліндегі ғасырлар бойы жасалған сөз өрнектерін, халықтың мақал, мәтелдерін, ақындардың шешен, кесек, өлең сөздерін өте көп пайдаланған. Ол шығармаларында барлығы жүзге жуық мақал, мәтел, кесек, өлең сөздер қолданыпты.

Сұлтанмахмұтты қазақтың бұрынды-соңды ақын-жазушылары ішіндегі өз шығармаларында мақал-мәтелдерді ең көп қолданған жазушы деуге болады. Себебі, басқасын былай қойғанда, кейбір зерттеулер бойынша, қазақтың классик ақыны Абайдың өзі де шығармаларында тек елу шақты ғана халық мақал, мәтелін қолданған ғой.

Сұлтанмахмұттың шығармаларындағы мақал-мәтелдерді үш топқа бөлуге болады:

- 1) Қазақтың мақал, мәтелдері мен шешен, кесек сөздері;
- 2) Абайдың мәтелдері мен мақал сөз болып кеткен өлеңдері;
- 3) Орыс әдебиетінен келген мысал, мақал сөздер.

Сұлтанмахмұт өз шығармаларында барлығы жетпіс шақты қазақтың мақал-мәтелін қолданған.

Олардың біразы мыналар;

1. Қыстайғы мал тезегі, қора сасық,
Қалпында тазартылмай қалды сасып.
Ілдебаймен «көш жүре түзелер» деп,
Қорадан көшті қазақ жабырласып [1.87б.]
2. Нас басқанды бит басқан,
Міне сұлу жұрт асқан [1.97б.]
«Халық айтса хате айтпайды» деген сөзбен,
Танысқалы жазамын, естіп жұрттан [1.124б.]
3. «Қыздың басы бес байтал» деген рас,
Сорлы қыз, әке сатса, малша көнбек [1.31б.]
4. Тас түскен жеріне ауыр... [1.31б.]

Кейде Сұлтанмахмұт өлеңінің ұзын шумағын тұтас тек қазақ мақалдарынан қыйыстырады.

Мысалы;

1. Заманың түлкі болса, тазы боп шал,
2. Қылышты соғып байқа өз саныңа,
Өз саның ауырмаса, біреуге сал.
3. Аспен ат, біреу таспен атса сені.
4. Мың сіз, бізден бір шыж-быж артық дейді.
5. Өз етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен көрмессің дәнеңені,
6. Торғай артық жердегі - қолыңдағы,
7. Ұшып жүрген тырнадан әуедегі.
8. Отқа жақ, алтын ерің атқа тисе.
9. Еңбек қыл да міндет қыл-деген еді.
10. Талаптан, нұр жауады талапты ерге.
11. Көрпеңе шақта, аяқты соза берме.
12. Басқа түрсын, астыңдағы атың мен.

Қойнындағы қатынына сенбе-сенбе,- деп құрастырған.

Бұл үзіндіде көбінесе Сұлтанмахмұт қазақтың сөзін бастапқы қалпында, тұлғасын көп өзгертпей қолданған мақал, мәтелдер келтірілді. Ол қазақ мақал, мәтелдердің көбін осылай өз қалпында қолданған да, біразын өзінше өңдеп, өткірлеп алған. Мысалы:

Түйедейді көрмейді, түймедейді көреді деген мақалды:

Өзінің түйедей мінін көзі көрмей,

Біреудің түймедейін іздеп табар – деп келтірген [1.31б.]

Сұлтанмахмұт орыс әдебиетінен барлығы 6 – 7 сөз тіркестерін алған. Олардың да кейбіреулерін авторын көрсетіп, кейбіреулерін авторын көрсетпей, халық мақалы ретінде, өзінше алған.

Сұлтанмахмұттың орыс әдебиетінен алған сөз тіркестері деп отырғанымыздың төртеуі И.А. Крыловтың «Аққу, шортан әм шаян», «Ала қойлар», «Есек» деген басняларының аттары мен мазмұны, екеуі Сократ пен С.Я. Надсонның екі сөзі. Оларды ақын былай келтірген:

1. Бізде бар аққу, шортан, шаян халқы

Біздің іс бүйтуменен еш оңбайды [1.476.]
Крыловтың баснядағы есегіндей,
Үстінде алтын болғанды қылып желік [1.1556.]
Ақыл мен ала қойды көбейтуге
Қойшы боп аю менен қасқыр баққан [1.2106.]
Кімде кім бостандыққа болса жерік,
«Бүкіл халық үшін» деп іздесе ерік,
Көп қойды қасқыр бақпай, иесі бақса,
Тізгінін бермейтұғын кім бар сеніп [1.1376.]

2.«Адам күл, өзін жеңіп ұстамаған»

Деген бір Сократтың бар нақылы [1.796.]

3.Надсонның айтқанындай: «Жауыз жолмен

Жүре алмай дымы құрыр онан әрі,

Талған күш, ауырған жан, қиналған тән,

Дертіне жақындықты етер дәрі [1.1606.]

Сұлтанмахмұт қазақтың мақал-мәтелдерін, пайдаланып қоймай, солардың негізінде өзі жаңа сөз тіркестерін, мақал, мәтел, нақыл болып айтыларлықтай етіп келісті сөз құрамдарын жасаған. Біздіңше оның мына өлең шумақтары мақал-мәтел боларлық шумақтар:

1.Шындықтың аулын іздеп түстім жолға,

Разымын не көрсем де осы жолда [1.1556.]

2.Жақсылық көрсем өзімнен,

Жамандық көрсем өзімнен.

«Тағдыр қылқы» дәулерді,

Шығарамын сөзіммен [1.826.]

Кесені қолыма алып қарай бердім:

Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп [1.276.]

Дүние бәрі у екен,

Мені алдаған қу екен [1.1026.]

3.Жасамаймын еңбектің

Жемісін көзбен көрем деп,

Жасаймын бір қолқабыс

Кейінгіге берем деп [1.1236.]

Сұлтанмахмұттың мақал, мәтел боларлық осы және басқа осылар сияқты шумақтарды оның шеберлігін, кесек ой, өткір сөз тапқыштығын көрсетеді.

Сонымен, Сұлтанмахмұт өз өлеңдерінде халық мақылдарын, өзінен бұрынғы ақындар жасаған келісті сөз тіркестерін көп және орынды, ұстартып қолданған. Өзі де жаңа сөз тіркестерін жасаған. Сұлтанмахмұт қолданған халықтың, бұрынғы ақындардың сөз тіркестері болсын, өзі жасаған сөз тіркестері болсын оның еңбекші бұқара жыршысы екенін айқын сыйпаттайды.

Ақын өз өлеңдерінде жалпы халықтық тілдің негізгі сөздік қорын, жалпы халықтық тілдегі мақал, мәтел, шешен, кесек сөз тіркестерін пайдалану, ұстартумен бірге, тілдің сөздік құрамын да пайдаланады, байытады. Оған заманында болған саяси шаруашылық, ғылыми-мәдени өзгеріс жаңалықтарға сай, солар туғызған жаңа сөздерді енгізеді.

Сондықтан ақын шығармасының тілін зерттегенде айқындалуға тиісті тағы бір мәселе – ақын жалпыхалықтық тілдің сөздік құрамын қаншалықты пайдаланды, оған қайдан, қанша, қандай жаңа сөздер енгізді, олары қаншалықты орынды деген мәселе. Соған лайық, біз енді Сұлтанмахмұт қазақ тілінің сөз құрамын қаншалықты пайдаланды, оған қанша, қандай жаңа сөздер енгізді, олары қаншалықты орынды, жарасты болды деген сұрауларға жауап береміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Торайғыров С. Шығармалар. Екі томдық. 1-т., – Алматы: Жазушы, 1993. – 277 б.
- 2.Торайғыров С. Шығармалар. Екі томдық. 1-т., – Алматы: Жазушы, 1993. – 205 б.
3. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар (Қазақ өлеңі хақында). –Астана, Таным, 2003.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, Санат, 2007. – 340б.
- 5.Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. –Алматы, Санат, 1994. –304б.
- 6.Кенжебаев Б. Сұлтанмахмұтты зерттеу, тану мәселелері. «Жұлдыз», №10, 1993.

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӨМІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің профессоры,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

БЕРКІМБАЕВАЕ.Ғ.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье речь идет об эпохе казахской литературы, о художественном воплощении в казахской литературе реалий жизни начала XX века.

Summary. The article is about the era of Kazakh literature, about the artistic embodiment in Kazakh literature of the realities of life of the early twentieth century.

XX ғасырдың басы қазақ тарихында елеулі кезең болғандығы белгілі. Ол қазақ халқының ойы озық, көкірегі зерделі көрнекті өкілдері ел тағдырына, өткені мен болашағына ой тербеген кезең болды. Сол кезең қазақ халқының қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, рухани өмірінде болып жатқан өзгерістер мен адамгершілік, демократтық, ағартушылық идеялардың жаршысы болды. Қазақ халқы өзін іргелі ел болуға, өнер – білімге шақырған демократ ақын – жазушылардың шығармаларына құлақ түріп, зейін қойды. Өйткені олардың үні сол заманның талабына сай, халық тілегіне жауап беретін еді.

Ғасыр басындағы қазақ әдебиеті С. Торайғыров, М. Сералин, М. Дулатов, Б. Күлеев, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев А.Байтұрсынов т. б. сияқты көрнекті ақын – жазушылардың талантты тобына аса бай әдебиет болды.

Бұл кезең әдебиеті сол дәуір алға тартқан идеялардың жаршысы болды. Қазақтың демократтық бағыттағы әдебиеті сол кезеңнің алға ұмтылуымен, рухани жағынан ояна бастаған халықтың азаттыққа ұмтылған күресімен тығыз байланысты болды.

XX ғасырдың басында алмасқан қоғамдық құрылыстар жіктеген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол заманның аласапыран шындығын әдебиет әлемінде үлкен суреткерлік пен бейнеленген қаламгердің бірі - Жүсіпбек Аймауытов еді. Ол қазақ халқының отаршылдық езгіге қарсы және ұлттық тәуелсіздік үшін күресі идеясымен сусындап, әдеби шығармашылығын революция қарсаңында бастады да, оны Кеңес өкіметі орнаған тұста айрықша дамытып жетілдірді.

Әдебиет өмір шындығының көркем бейнесі десек, әдебиет тарихы да халық тарихымен тығыз байланысты. Еліміздің рухани өмірінің жарқын көрінісі елеулі бір саласы ретінде көркем сөз өнері ел тарихымен бірге қалыптасып дамыды. Адам санасы, ой-өрісі мындаған жылдар бойы жетілегін тарихи құбылыс екендігін ескерсек әдебиет адамзат тарихындағы көркем ой жетістіктерінің бірі екендігі даусыз.

Қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ертедегі темір дәуіріндегі (б.з.д.VI-VII ғ.ғ) сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары, б.з. ертедегі орта ғасырлық мемлекеттер тұсындағы қарлұқ, оғыз, қимақ тайпалары, дамыған орта ғасырлық мемлекеттер кезіндегі наймандар, керейттер, жалайырлар, қыпшақтар тарихи мындаған жылдарға созылғандығын назарға алсақ, қазақ әдебиетінің тарихы да бұрынғы кеңес кезіндегідей XV ғасырдан емес көне заманнан басталады. Сол себепті ұлттық әдебиет тарихының негізгі мәселелерінің бірі дәуірлеу болып табылады. Себебі Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін екі мың жылға жуық тарихы бар қазақ әдебиетінің бүкіл елімізге ортақ дәуірлеу мәселесі қолға алынбаған еді. Бұл проблемаларға байланысты тоталитарлық жүйенің өзге ұлттардың тарихының даму процесін кеңестік тарихпен ғана байланыстырған біржақты ұстанымдарына қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан батыл тойтарыс бере отырып қазақ әдебиетінің көне заманнан бүгінгі күнге дейін дамуының өзіндік ерекшеліктері есепке алу негізінде әдебиет дамуының кезеңдерін халықтық жалпы тарихи даму процесін дәуірлеуден бөлек алып қарауға болмайды. Қазақстан аумағындағы феодалдық мемлекет кезеңі VI ғасырдан басталып, XX ғасырға дейін созылған ұзақ мерзімді қамтыды. Қазақ әдебиеті тарихының от кен дәуірлері де осы қоғамдық құбылыстың негізгі даму кезеңдері – қалыптасуы мен нығаюы, дамып өркендеуі, дағдарысы мен тоқырауы, қайта дамып қушыюуы, ең соңында, құлап ыдырауы сияқты тарихи жолдарына сәйкес келеді және де, өз кезеңдері бойына осы қоғамдық даму процесінің ерекшеліктеріне толыққанды сипаттама жасайды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы үшін күрес дәуірі болды. Дәуір болмысының шындығы, саяси ахуалы көркем әдебиетке зор ықпал- әсер етті. Осыған орай қазақ әдебиетінде азатшылдық, ағартушы – демократтық және туған топырақтан нәр алған ұлттық қасиет бағыттары өріс алды. Қазақ халқының бодандықтан бостандыққа ұмтылған арман-тілектері азатшылдық идеясын насихаттаған Оян, қазақ! (М.Дулатов), Тілек батам, Жұбату (А.Байтұрсынов), Бостандық (М.Жұмабаев), Алаш ұраны (С.Торайғыров), т.б авторлардың шығармаларынан көрініс тапты. Сонымен бірге, қазақ жұртшылығының кежегесінен кейін тартқан жалқаулықты, алауыздықты, сынап, оларды ерінбей еңбек етуге, оқу-білімге, әртүрлі өнердің түрлерін үйренуге шақырған ағартушылық бағыттағы өлеңдер туды. Тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ жұртына есімдері тарихта беймәлім болып келген алаш азаматтарының қайта оралуы халқымыздың сана – сезімін бір сілкіндіріп, рухани өмірімізге өлшеусіз серпін бергені тарихи ақиқат. Сондықтан, да біртуар ұлдарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу олардың әрқайсысының халық арасында насихаттау – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе болып табылады.

Академик М.Қаратаев та XX ғасырдың бас кезіндегі ақындардың творчествосын саралай келіп: «М. Көпеевтің қазақ әдебиетінде әрі ақын, әрі жинаушы ретінде алатын орны ерекше» – деп бағалапты [1,366.]

Мәшһүр ақын көпшіліктің берекесін алатын, жарастығын бұзатын озбырларға үнемі қарсы тұрып келіпті. Жан-жағын жұтып жіберердей алара қарайтын бай-шонжарлар, қысы-жазы ауыл маңы айғай-шу, бос дүрмек, оқу іздеп, өнер қуып жүрген бірде-бір жастарды көре алмаған ақын халыққа қарап: Қазағым, өнер ізден, ұрлық-зорлық,

Қыласың бір-біріңе неге озбырлық?

Болғаннан алты ауызды ынтымақсыз,

Басыңа келген жоқ па талай қорлық? [2, 316.]– деп ел ішінің ауыр жағдайын, береке-бірлігі жоқ жүдеу қалпын ашына айтады. М. Көпеев өлеңдерінің айрықша бір қасиеті –қарапайымдылығында. Ол ерекше бояу, тыңнан жаңалық іздемейді, жұртты таңырқата қояйын деген ой ақында атымен жоқ. Ақынның сөзі – жүрек түбінен шыққан сөз. Ақын сөз өнерін өте жоғары бағалаған. Адам баласы мен адам баласының табыспайтын, жақындаспайтын ұғыспайтын кезі болмайды.

XX ғасыр басындағы қазақ лирикасындағы Шәкәрім Құдайбердіұлының лирикалық өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктерін ұлттық және әдеби дамудағы көркемдік дәстүр мен үндестік, сабақтастық жағдайында әдеби тұрғыда кеңінен талдануы зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып танылады. Шәкәрім лирикасының жанрлық ерекшеліктері ұлттық әдебиеттану ғылымындағы лирикалық жанрдың дамуымен тұтастықта алынып қарастырылды.

XX ғасыр басында қазақ лирикасын жанрлық жағынан байытқан ақын мұраларының ғылыми айналымға енуі жұмыстың жалпы ғылыми мәнін айқындайды. Жұмыста Шәкәрім лирикасының ауыз әдебиетімен байланысты, ақынның стильдік ерекшеліктері, лирикалық әсемдік сипаты, ақын поэзиясындағы идея мен тақырып бірлігі, композициялық шешім сынды лирикалық құбылыстар жанрлық жақтан күрделендірген алғы шарт ретінде қарастырылды. Шәкәрімнің лирикалық туындыларындағы тақырыптық-мазмұндық сипаты жанрдың бітімін айқындар ерекшеліктер ретінде теориялық тұрғыдан қарастырылды. XX ғасыр басындағы ұлттық әдебиетіміз ұзақ уақыт бойы зерттеліп, зерделеніп келсе де, саяси идеологияның құрбаны болғаны ешкімге жасырын емес. Көрнекті зерттеуші, әдебиеттанушы ғалым С. Қирабаев: «Қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетінде ақтандақ тұстар өте көп... «Ақтандақтар» қазақ әдебиетін зерттеудің жеке бір проблемасы емес, оның бүкіл даму жолын түгел қамтитын күрделі мәселе» [3, 736.]–деп халық жадында жүрген ақтандақ тұстардың бірі – XX ғасыр басындағы қазақ лирикасы мен оның дамуына үлкен үлес қосқан Ш.Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды қаламгерлер туындылары бұл кезең әдебиеті мен мәдениетінен аяусыз шектетіліп, тыс қалғандығы еді. Халық мұңын жырлау, адамзаттың әлеуметтік мұратын таңбалау, адамзат бойындағы әр алуан қасиеттерді таразылау XX ғасыр басындағы ақындардың лирикалық шығармаларының негізгі сарыны болып, тақырыптың аясында айқындалды. Халық өмірінің әрбір тарихи сәтін мүлт жібермеуге ұмтылған Шәкәрім лирикасының жанрлық маңызы ерекше артты. «XIX ғасырдың II жартысында қазақ әдебиетіндегі азаматтық лириканың дамуы, оның үстінде орыс қоғамындағы ағартушылық-демократтық ой-санасының өрістеуі бұл кезде Абай арқылы қазақ поэзиясына жаңа леп әкелген болатын. Осы реалистік дәстүр, шынайы халықтық арна XX ғасыр басындағы ақындар шығармашылығының да негізгі идеялық-көркемдік нысанасына айналды.» деген әдебиетші ғалым Б.Әбдіғазиев пікірінің шындығы Шәкәрім лирикалық мұраларына, оның лирикалық жанр ерекшелігіне тікелей қатысты.

Ұлттық әдебиетіміздегі лирикалық жанрдың көрнекті өкілі Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылық мұрасы-қазыналы қазақ әдебиетінде ұлы кемеңгер Абайдан кейінгі ірі құбылыс болды. Шәкәрім – әдебиеттің әр алуан жанрларына қалам тербеген қаламгер. Ақын шығармашылығына тақырыптық арқау болған дүние-сол кездегі қазақ қоғамының жай-күйі. Ақын Абайдың тікелей шәкірті болғандықтан Шәкәрім ұлы кемеңгердің ақындық дәстүрін жалғастыруда, насихаттауда, үлгі етуде елеулі еңбек етті.

XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси және тарихи-әлеуметтік оқиғаларға, қазақ, жеріндегі өзгерістерге өзінің азаматтық, ақындық үнін қосқан талантты қазақ ақындарының бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Ақын өмір сүрген тарихи кезең патшалық Ресей жеріндегі алапат сілкіністер мен төңкерістер заманы еді. Сол себепті де Сұлтанмахмұттың ой-санасы ерте оянды. Жасынан жетімдік пен жоқшылықтың қиындығын көп көрген ол айналасына сергек қарады. Алдына биік-биік мақсаттар қойды. Соған жетуді ойлады. Ілгері ұмтылды. Оқуға, білуге күштар болды. Мақсатын, жүрек қалауын қашанда ашық айтты:

Шындықтың ауылын іздеп түстім жолға,
Разымын, не көрсем де осы жолда.

Шаршармын, адасармын, шалдығармын,

Бірақ бір табамын деп көңілім сонда [4,53б.], – деп өзі айтқандай, ақынның барлық саналы өмірі шындыққа, әділетті заманына жетсем, жақсылықты көрсем, халқыма осы жолда қызмет етсем деген ізгі арманның жетегінде өтті. Сол жолда өзінің қиналатынын, шаршайтынын, адасатынын сезсе де, қайраткер ақын оның бәріне көнуге өзіне-өзі серт береді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында осындай жігермен алға ұмтылған ол туған халқының тарихындағы от жүректі ақын әрі қоғам қайраткері, ұлтын шексіз сүйген азамат дәрежесіне көтерілді.

XX ғасырдың басы еліміздің рухани-мәдени тарихындағы қиындығы мен қайшылығы мол күрделі кезең болды. Қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға Мағжан Жұмабаевтың ақын болу, қалыптасу кезеңі – ұлттық көзқарастардың оянуы мен қоғамда жаңа жол іздеген дағдару дәуіріне тура келді. Дәл осы тұста Мағжан жалынды жырларымен ұлттың рухын көтерген алаш ұлдарының бірі болды. Мағжанды өз кезінде ақын ретінде танытқан да осы махаббат жайлы өлеңдері болатын. Бұл турасында кезінде Ж.Аймауытов «Ақын махаббатқа сенеді: жүрегі сезеді, махаббатсыз өмірде мағына бар деп білмейді. «Көңілді ашатын, жалынды басатын, жалғыздыққа, зарыққанда, талыққанда жүрекке ем болатын жалғыз ғана махаббат, адам шын сүйсе, махаббат – жүректі жаралайтын тікенек! Жар сүйсу жүрек жазылады, сүймесе өледі, махаббат – бір тәтті у, дүниенің у-шуы жүрекке махаббаттай күшті әсер бере алмайды», міне ақынның махаббатына көзқарасы. Бірақ махаббатты мәңгі деп ұқпайды. Кейде махаббат тез сөніп қалуға мүмкін деп қарайды» [5,421б.] – деп жазған болатын.

Қазақ әдебиетінің жан-жақты дамып, барлық жанрларда қарыштап өскен, ұлттың рухани сұранысына жауап берген бай-бағылан дәуірін тудырған XX ғасыр қаламгерлері, олардың ғұмыры, тағдыры, шығармалары туралы бүгінге дейін айтылып келген пікір, талдау, зерттеу енді жаңа тұрғыда толығып, соны пайым, жинақтау тұжырыммен қоюлана түспек.

Жасыратыны жоқ, кеңес өкіметі құлап, компартия билігі құрығанға дейінгі жетпіс жыл бойы әдебиет, өнер, гуманитарлық ғалымдар марксизм-ленинизмнің аузына қарады. Бейнелі өнер, ишарамен сөйлейтін әдебиет түп-тура саясат шапанын кие алмайды, бірақ әдебиеттану, сын саласында зорлықпен енгізілген қисындар көп болатын. Сондықтан да XX ғасыр әдебиетін жаңаша пайымдау, оның кезең-кезеңіндегі стильдік-жанрлық ізденістеріне, бейне, көркемдік қазынасына баға беру, талантты қаламгерлер шығармаларының эстетикалық байлығын анықтау, бір сөзбен бос топырақтан кенді аршып алу – жеңіл-желпі шаруа емес, бұл – көп қажыр-қайрат жұмсауды талап ететін ұзақ шиыр.

Қазақ халқының ұлттық рухының тамырына балта шабу үшін коммунистер ең алдымен осы қозғалыстың бастау көзінде тұрған Алаш көсемдерін, олардың избасар шәкірттерін бір қырып тастады да артынан большевизмді жақтаған, кеңес өкіметін мадақтаған коммунист зиялылардың өзін де сыпырып әкетіп, көзін жойды. Аман-есен қалған оқығандарды үнемі үркітіп-қорқытып отырды, анда-санда науқан жариялап, солардың ішінен де біреулерді жұлып алып, түрмеге тығып отырды.

Кеңес үкіметі, партиялық органдар қаншалықты қаталдық жасап, қырағылық көрсеттім дегенмен, алаш идеялары, ұлттық азаттық рухы, тәуелсіздік сарындары, әсіресе әдебиетте, өнерде, ғылымда жойылып кеткен жоқ.

Тарихшылар, әдебиетшілер еңбектерінде, оқулықтарда, түрлі құжаттарда, көркем шығармаларда, кинофильмдерде күні кешеге дейін партия, үкімет тарапынан қадағаланып, жоспарлы түрде бағытталып отырған арнаулы саясаттың нәтижесінде Алаш қозғалысы, Алаш

партиясы, Алашорда өкіметі туралы тарихи шындық бұрмаланып, қып-қызыл өтірік айтылып келді. Ең бастысы, Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының қас дұшпаны болып көрсетіліп, олардың шығармаларына тыйым салынды.

Әділіне келгенде, Алаш қозғалысына қатысқан азаматтардың басым көпшілігі ұлт мүддесіне арналған күнделікті аршынды іс, қарымды әрекеттермен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, ғылым, аударма салаларында орасан бай мұра қалдырды.

Кейін қолдарынан билік кетіп, халыққа қызмет етудің бір-ақ жолы – оқу-ағарту саласы ғана қалған аз уақыт тыныс шақта ұлт тілінде ғылымның барлық жүйесі бойынша оқулықтар жасауға кірісті. Алаш ұранды әдебиетті жасаған қаламгерлердің жеке басына, шығармаларына тән ортақ, сапалы белгілер олардың тағдырын, мұрасын біртұтас құбылыс ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Қоғамдық белсенді әрекетке, негізінен XX ғасыр басында шыққан бұл толқын 1905 жылғы алғашқы орыс революциясы, 1917 жылғы ақпан, қазан революциялары, өкімет басына большевиктердің келіп, кеңес өкіметінің орнауы секілді аспан жарылып, жер сілкінгендей ғаламат жарылыстар тұсында қайрат көрсетті. Осы ұлы ағыстардың баршасы олардың жеке өміріне, қоғамдық, шығармашылық тағдырына ықпал жасап, терең із тастады.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті әлемдік көркемдік тәжірибені меңгерген дарынды қаламгерлер жасаған, барлық жанрларда дамыған, сұлулық жүйесі қалыптасқан, биік эстетикалық деңгейге көтерілген маманданған өнер екенін тамаша туындыларымен әйгілеп берді. Алаш ұранды әдебиет мұраттары ілгері дамып, жай көзге оп-оңай шалына бермейтін, өнердің ғажайып ұлттық игілік, асыл арна, биік нысаналары көгала толқын іспетті ағыстар талантты қаламгерлер шығармаларында өрістен өріске көтеріліп, жаңа арналар тауып, буы бұрқырап жатты. Саясаттан қашу, тоталитаризм құрығынан құтылу үшін қаламгерлер шыншыл сөз өткізудің сан алуан тәсілін тапты: бүгінгі тақырыптардан кетіп, тарих қойнауына сүңгіді; астарлы, емеурін ой айту амалдарын меңгерді; сөз өнерінің табиғатына жат сарындардан безді. Көкейкесті сырларды бейнелі, суретті, ишара сырлы сөзбен айта білген үздік шығармалар халық махаббатына бөленді, ұлттың рухани игілігіне айналды; еліміздің тұрмыс-салтын, тарихын, мінез-құлқын өзге жұрттарға таныстырды.

Қысқасы, XX ғасырдағы қазақ әдебиеті – ұлттық өнердің алтын ғасыры, ол туралы айтылар сөз ұзақ болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М. Қаратаев. «Жомарт дарын». Кітапта: Қаратаев М. «Туған әдебиет туралы ойлары». – Алматы: 1998. – 237 б.
2. Көпеев М. Ж. Таңдамалы. II-том, – Алматы: Ғылым, 1992. – 240 б.
3. Қирабаев С. Әдебиетті қайта оқу. Әдебиеттік зерттеулер мен мақалалар / – Алматы: Балауса, 2010. – 318 б.
4. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы 1-т. – Алматы: Ғылым, 1993. – 280 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалар. Үш томдық. 1-т. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.
6. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым (XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басы). – Алматы: Білім, 2008. – 256 б.

ӘОЖ.81.367

Ш. МҰРТАЗА ДРАМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

КЕНЖЕБАЕВА Н.Е.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КЕМБАЕВА А.Т.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының аға оқытушысы, филология магистрі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены и проанализированы особенности тематики драматургических произведений народного писателя Шерхана Муртазы в области драматургии.

Summary. The article considers and analyzes the features of the subject of the dramaturgical works of the national writer Sherkhan Murtaza in the field of dramaturgy.

Шерхан Мұртаза – халқымыздың арда туған, болмысы биік тұлғаларының бірі. Халқының мұны мен жоғын жоқтап, қара басының немесе мансаптың құлы болмай, туған еліне шынайы қызмет жасап, шын жанашыры болған Шерхан Мұртаза тек белгілі қоғам қайраткері, көрнекті жазушы, қарымды журналист қана емес, тамаша драматург. Ұлттық драматургияның өрлеуіне үлкен еңбек етіп, сүбелі үлес қосқан Ш.Мұртазаның драматург ретіндегі шеберлігі, әсіресе, ел басына күн туған заманда басын қатерге тіккен тарихи тұлғаларды тұлғалаудағы ерекшелігі бірлі-жарым зерттеу мақалаларының өзегіне айналмаса, толыққанды зерттелмей келеді. Әрине, Ш.Мұртазаның суреткерлік шеберлігі, оның ішінде табиғаты ерекше драматургия жанрындағы ерекше қолтаңбасы – көп қатпарлы, жұмбағы мол рухани әлем. Дегенмен, Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлы, т.б. ерен ерлер мен Домалақ ана, Бәйдібек бабалар бейнесін тұлғалаған драмалық дүниелері арқылы драматург ретіндегі дара қолтаңбасын зерделеу маңызды.

Орыс халқының ұлы жазушысы М.Горький айтқандай: «Жазушылық – өзгеше өмірбаяннан басталады». Шыр етіп жарық дүние есігін ашқан сәттен-ақ Шерағаның сол өзгеше өмірбаяны басталған еді. Әкесінен ерте айырылған ол жетімдіктің тауқыметін көре бастады. «Жетімдік - жұрттың қабағын оқитын ілім» деген бар. Ылғи да жетімдігін, әкесіздігін айтып, «менде балалық шақ болған жоқ», - деп шағына беретін Шерхан тек жетім деген сөзді ғана арқалаған жоқ, сонымен қатар, әкесіне жазықсыз жабылған жаланы да көтеріп жүрді. «Рысқұловщина» деген белгісіз жаланың құрбаны болған әкесі туралы айтылған ауыр сөздерді ести жүріп, жетім Шераға іштей ширғып, рухани жетілді. Сондықтан да, Шерхан ата өмірінің отыз жылын Тұрар Рысқұлов туралы жазуға арнады. Бұны жазушы өзінің шоқтығы биік шығармасы, қазақ әдебиетінің алтын қазынасына қосылған сүбелі көркем дүниелердің бірегейі «Қызыл жебе» романының бесінші кітабында: «Қош, Тұрар, бауырым, көкем менің! Мен сізге дәл қазір алпыстан жаңа асқан жасымның жартысын арнадым. Отыз жыл бойы сізбенен қол ұстасып, бірге жүріп, бірге тұрдым. Отыз жыл бойы жан-дүниемді, ой-санамды билеп, ұзақ сапарға жол бастадыңыз. Ол аса қиын жол еді»[1,218б.], – деп айтып өтеді.

Ендеше, осылай басталған өмір соқпақтары жерлес бауыры, халқының біртуар азаматы Тұрар Рысқұлов туралы тек роман жазып қана қоймай, Ш.Мұртазаны драмалар жазуға да итермеледі. Сонымен Ш.Мұртаза «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» секілді драмалар жазды. Екі драманың да басты тақырыбы – ашаршылық жылдардағы халқымыздың қиын тағдыры, сол кездегі қазақ зиялыларының жанкешті әрекеттері.

Тәуелсіздік кезеңі тарихи тақырыптар сілеміне тыңнан жол ашқаны мәлім. Бұл кезеңде әдебиеттің барша жанрында тарихи тақырыптардың жаңғыра белсенді көтерілуі байқалды. Бұл драма жанрына да тән болды. Көркем прозасымен қазақ әдебиетінің қорын байытқан Шерхан Мұртаза драматургия жанрының да дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ театр сахнасының тұрақты репертуарына айналған «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Жалғыз үйлік зілзала», «Есек саудасы», «Домалақ ана», «Ноқтаға басы сыймаған» пьесалары драматургтің суреткерлік шеберлігін тағы бір қырынан танытты. Белгілі драматург Қалтай Мұхамеджанов «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» драмаларын «халықтық трагедияны екі тарихи тұлғаның өмірлік шындығы арқылы көрсетуге құрылған драма-диалогия» деп бағалаған болатын. Өзінің сүйікті кейіпкері Тұрар Рысқұловты сахнаға әкеліп, тартысты заманның шындығын тереңдей таныту драматургтің жеткен жаңа жетістігі еді. Голощекин саясатының қазақ даласына апат әкелгенін Сталинге хат түрінде жазған Тұрар әрекеті, ұлттың үлкен қасіретін жанымен түйсініп, оған жүрегімен қиналғаны «Сталинге хат» драмасынан барынша көрініс тапқан. «Қыл көпір» романының соңғы тарауларындағы Сталин мен Рысқұлов арасындағы сөз қағысулар сахнаға әкелініп, романда тоқталмаған жайттарға қаламгер пьесада орын берген. Ашаршылық жылдарындағы ел ішіндегі жағдайлар терең ашылған. Рысқұлов хатта жазғандарын Сталинге санамалап көрсетіп, Қазақстанға не керек екенін айтады. Соларды талап етеді. Сталин мен Тұрар арасындағы диалог астарлы ойлар қақ- 119 тығысына құрылған. Пьесаның соңғы шешіміндегі сахнаның екі бұрышындағы екі қара киінген адам Тұрарды 1937 жылғы зұл-маттың құрбаны күтіп тұрғанын меңзейтін символдық кейіпкерлер. Осы ашаршылық кезеңінің ащы шындығы «Бесеудің хаты» пьесасының да басты оқиғасы. Тарихтан белгілі, қазақ даласындағы қасіретті жағдайға ашынған бес қазақ жігіті Голощекин саясатының қателігін, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» науқанын әшкерелеп, өлкелік комитетке хат жазған. Бұл өрімдей бес жігіттің халыққа араша сұрап, өз бастарын қатерге тіккені Х. Есенжановтың «Жүнісовтер трагедиясы» романының оқиғасына да енген. Ғатауллин, Қуанышев, Дәулет-қалиев, Алтынбеков, Мүсірепов сияқты бес азамат қол қойған бұл хаттың халық тағдыры үшін мәні зор еді. Көрнекті қазақ қаламгері, қазақ әдебиетіндегі алыптар тобының өкілі, суреткер Ғабит Мүсіреповтің азаматтық

тұлғасын толықтырар оқиға пьесадағы тартыстың өзегіне алынған. Қаламгер Ш. Мұртаза қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірін зерттеу барысында мынадай түйінді ой айтады: «Мен Тұрар Рысқұловтың өміріне, қайраткерлігіне арнап «Қызыл жебе» атты роман жазу барысына көп ізденіп, көп материалдар жинадым. Рысқұловтың партия алдында, мемлекет алдында атқарған еңбегі орасан. Ол талант иесі айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан. Ұлан-ғайыр қызметінің бәрі рін жеткізіп айту да қиын. Ал соншалықты қайраткерлігінде ең ерекше, ерен қимылы неде? деген сұраққа мен: миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен екі кезеңі дер едім. Біріншісі – 1918-1919 жылдарда Орта Азияда, Қазақстанда үлкен аштық болды. Сонда Тұрар Рысқұлов аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай қырылудан аман алып қалуға барын салды. Екіншісі – тағы да аштық. 1932-1933 жылдары жаппай ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанда өрескіл бұрмалаушылық орын алды. Осының салдарынан халық көпе- көрнеу аштыққа ұшырап, өмірде сирек кездесетін нәубетке тап болды», - деп жазады Шерхан Мұртаза.

Әрине, ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен қуғын-сүргін заманда кім қайда босып жан сақтамады? Бұл өзі, шындығында, ұлттың өте ауыр трагедиясы. Қазақ ұлтының жартысынан астамын қырғызып жіберген аштық кімдердің қолымен жасалды, не жағдайлар себеп болды деген мәселелер автордың осы драмаларында шынайы мазмұндалады. «Сталинге хат» драмасы РСФСР Совнарком төрағасының орынбасары қызметіндегі Тұрар Рысқұлов пен бас хатшы Сталин екеуінің арасындағы диалог түрінде көрініс табады» [2,286.], драманың басты идеялық табысы – шынайы саяси ахуалды сөз етуі. Оның ішінде, Т.Рысқұловтың Сталинмен бетпе-бет отырып, халқының жағдайын жеткізіп, жазған хатына жауап сұрауы, бір емес, қайта-қайта халқы үшін Сталиннің алдына барып, өзін паналап келген қарындасы Түйметайдың жағдайын айта отырып, бүкіл ел басына төнген нәубетті жасқанбай айтуы, т.б. драманың көркемдік-идеялық сипатын тереңдете түседі. Әсіресе, Тұрар Рысқұлов кірген кезде Сталиннің құлағына бір мұнды музыканың естілуі, оның Тұрарды «Түркістанның Шыңғысханы» деп ат қоюы, қалай тұқыртса да, қайсарлығынан танбаған оның алдында Сталиннің өзі де ақиқатты танып, Голощекинді Мәскеуге алдыруы - драмадағы тартыс арқауы. Бір қарағанда, драмада шым-шытырық тартыс жоқтай көрінеді. Ал, тартыс Сталин мен Тұрар Рысқұлов арасындағы сөздердің өздерінен-ақ өріліп жатыр. Ш.Мұртазаның «Сталинге хат» драмасы 1988 жылы Р.Сейтметов режиссерлығымен Қазақ жастар мен балалар театрында қойылды. Текті ұрпақтың тұяғы Тұрардың бейнесін сахнадан көріп, Сталинмен сөз сайыстырғанын көзбен көрсетіп, көңілге түйсіндірудің шын мәнінде рухани маңызы зор болғаны анық. Бұл жерде де Шерхан атаның отыз жылдық ғұмырын Тұрардай ердің елі үшін еткен қызметін, өткен ғасырдың басында қазақ елінің басынан өткерген қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерді жан-жақты зерделеуге арнағанын еске түседі.

«Сталинге хат» драмасынан кейін сахналанған «Бесеудің хаты» пьесасы осы драмамен мазмұндас. «Сталинге хат» драмасы Мәскеуде болған жағдайға арналса, «Бесеудің хаты» Қазақстандағы жағдайға арналады. Драма прологті, эпилогті, екі бөлімді тарихи шығарма. Драмаға Ғ.Мүсірепов, Голощекин, Құрамысов, Жантоқов, Сталин, Рысқұлов, т.б. бізге белгілі адамдар қатысады. Драманың негізіне 1932 жылы болған оқиға алынған.

Бесеудің хаты – қазақ зиялыларының БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекинге жолдаған хаты (1932 ж. 4 шілде). Бастапқыда И.В.Сталинге арналып жазылған. Бесеудің хаты республикадағы мал шаруашылығының күйрегендігі салдарынан елді алапат ашаршылық жайлағандығын айтып сақтандырған алғашқы дабылдардың бірі болды. Хатта қазақ ауылындағы социологиялық қайта құрулар бүкіл халықтық қасіретке айналып, барлық әлеуметтік топтарды — байларды, орташаларды, кедейлерді қамтығаны, күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру, алым-салық жинаудағы қиянаттар жұрттың жаппай аштық пен індетке, ауа көшуіне әкеліп соққандығы шыншылдықпен баяндалды. БК(б)П Қазақ өлке комитетінің ауыл шаруашылығын басқару жөнінде жүргізген қатыгез саясаты сынға алынды. Бірақ құжатта жергілікті жерлерде жіберілген “асыра сілтеушіліктерге” солшыл коммунистер айыпты деп көрсетілді. Елді ауыр жағдайдан құтқарудың жолдары ұсынылды. Хаттың авторлары –жазушы Ғабит Мүсірепов (1902—1985), Қазақ мемлекеттік баспасының меңгерушісі Мансұр Ғатаулин (1903—1938), Алматы Комвузының басшы қызметкерлері Емберген Алтынбеков (1904—1954) пен Мұташ Дәулетқалиев (1904 – 1982) - (кейіннен жоғары партия мектебі болған) ректоры, Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының сектор бастығы Қадыр Қуанышев (1906 – өлген жылы белгісіз) қуғынға ұшыратылды. Хаттың жазылуына Халком Кеңесінің төрағасы Ораз Исаев түрткі болған. Бесеудің хаты қазақ зиялыларының тоталитарлық тәртіпке наразылығының бір көрінісі болып табылады [3].

Өз туындылары арқылы Ш.Мұртаза театр мен драматургия атты жұмбақ та сиқыр әлемнің көрнекті өкіліне айналды. Біз талдаған драмаларының барлығы дерлік жоғары бағаға ие болды. Драмалық шығармаларының сахналық зор табыстары суреткерді драматург ретінде одан сайын қанаттандырып, шабытына шабыт қосқан еді.

Осындай табыстардан соң-ақ Ш.Мұртаза драматургиясы көркемдіктің өзі биік дәрежеде екендігін дәлелдеді. Оның драматургиясындағы замана дәрісілі шыншыл да нақты күйінде еді. Осылайша, автор драматургиясындағы публицистикалық пафос – өнер пафосына, көркем пафосқа көтерілген еді.

Әділдіктен айнымаған ұлттық рухтың жанашыры туралы көптеген жазушылар, қаламдас әріптестері мен ғалымдар оң пікірлерін білдіріп, оның қаламгерлік болмысы мен қайраткерлік тұлғасын аса жоғары бағалаған. Замандасы Д.Исабеков: «Ш.Мұртаза – қазақ әдебиетінің көгінде жарқырай біткен айрықша жарық жұлдыздардың бірі. Ол халқына саф алтындай таза да құнды шығармалар беруімен ғана қадірлі емес, азаматтық, ұлтжандылық зор даусымен де қастерлі» [4, 36.] десе, Ә.Дүйсенбек «Шерағамның шеруі» атты роман-эссе жазды. Жалпы Ш.Мұртаза шығармашылығы, әсіресе, қазақтың біртуар ұлы Т.Рысқұлов туралы жазылған «Қызыл жебе» романы туралы, жалпы шығармашылық зертханасы, қаламгерлік машық-мәнері, авторлық ізденістері жайында зерттеулер көп жазылды, жазылуда. Ал, біз өз жұмысымызда қазақтың Шер-ағасына айналған Ш.Мұртаза секілді белгілі жазушының хаттарын талдау арқылы қайраткерлік болмысын айқындауға ұмтылдық. Көрнекті қаламгердің қоғам, ел, туған халқы туралы ойларын тиянақты таразылау арқылы шын ұлттың жанашыры ретіндегі қолтаңбасын бағамдауды мақсат еттік. Әсіресе, халық қалаулысы бола отырып, халқының мұңын мұндап, жоғын түгендеген қайраткердің ар-абыройдың ең биігінде тұрған ерен тұлға екендігін түйсіндік. Ардагер жазушының ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, шынайы халықтық қалпымыздан айнымауымыз үшін жанталаса еткен еңбектерінің, туған халқының әрбір мәселесіне бей-жай қарай алмаған қызметінің рухани мазмұны өте терең.

Ш.Мұртаза қаншама қызметтің тізгінін ұстаса да, ең бастысы әділдікті, отаншылдықты жоғары қойды. Халықтың сенімінен шығуға, әрбір ұсақ мәселесінің астарына терең үңіліп, оң шешілуіне үлес қосуға, тәуелсіздік алғаннан кейін егеменді еліміздің баянды болашағы үшін зор үлес қосып, өткенімізді дәріптеп, келешегіміз үшін толғанды.

Қорыта айтқанда, Ш.Мұртазадай ардагер жазушы шығармашылығы терең мазмұнға, сан сырға толы. Шығармашылығының бір ғана қырына, күрделі қырына саналатын – драматургия – тұнған тарих. Драмалық шығармаларының әрбірінен Ш.Мұртазаның еліне деген ерен сүйіспеншілігі мен мұңдалап тұрады. Соларды зерттеп-зерделеу – болашақ біздердің міндетіміз деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005
2. Мұртаза Ш. Жеті томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Қазығұрт, 2005
3. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Нысанбаев Ә. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998
4. Қазақтың Шерағасы. 7-том. - Тәуелсіздік жылдарындағы драматургия. – Тараз, 2014

ӘОЖ 94(574): 811.5/2.122

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫРДАҒЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ

МЫРЗАБАЕВА Б.Д., ТҮЙМЕБЕКОВА А.А.

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушылары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В данной статье речь идет об истории казахской письменности и влиянии реформ в сфере казахской графики, проведенных в XX веке, на фонетическую систему казахского языка. Изучены социально-политические основы реформ, проведение которых связано с историческими периодами казахской письменности, проанализировано влияние изменений на звуковую систему,

акустику и артикуляцию казахского языка. Представлен обзор научных мнений относительно букв и звуков, слогов, переносов, букв *и/й*, *у* в орфографии современного казахского языка, анализируются их проявления в современной речи.

Summary. In the given article the influence of Kazakh script and the reforms which were made in the XXth century on the Kazakh phonetic system is observed. The political and social basis of the reforms made according to the historical periods of Kazakh script is investigated, the influence of changes on the Kazakh sound system, acoustic-articulation is analyzed. Letters and sound, syllable, word wrap, *и/й*, *у* letters in the Kazakh spelling are researched from the scientific point of view, their reflection in modern speaking is analyzed.

Қазақ жазуының өзіндік даму тарихы бар. «Әліпби тек мәдениеттің өлшемі, өркениеттің белгісі ғана емес, ол- ұлттың таңбасы, елдіктің айшығы, мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығын айқындайтын символдардың бірі...» -деп Дархан Қыдырәлі айтқандай, жазудың тұтас бір халықтың өмірінде атқаратын қызметі зор әрі саяси, тарихи маңызы бар дүние.

Қазақ жазуы өзіндік дамуында бірнеше реформаларды өткерді. Ол реформалар елдің басынан кешкен тарихи оқиғаларымен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде жазу мәдениетімізде төл таңба ретінде танылып жүрген VI–X ғғ. көне түркінің руникалық жазбаларынан бастау алатын қазақ жазуының тарихының тамыры тереңде жатыр. Көне түркі әліпбиінің бір үлгісі Күл-Тегін ескерткішінде қашап жазылған ойма жазу үлгілерін тұңғыш рет 1893 жылы швед ғалымы Вильгельм Томсен ашқан. Орхон-енисей жазбасына ұқсас тарихи құнды дүние Алматыдан 50 км жерде Есік қаласындағы «Алтын адам» жерленген қорғанында табылған 2-«Есік жазбасы» деп аталған б.д. V–III ғғ. руникалық жазбасы, ол 26 таңбадан тұрды. Кейбір зерттеушілер Есік жазбасының ұрпағы классикалық Орхон-енисей жазбасы деп жүр.

Түркі әлемінде ислам дінінің тарауына қатысты б.д. IX – XX ғғ аралығында бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб әліпбиін қолданды. Араб әліпбиінде мұсылмандардың киелі кітабы «Құран» жазылғаны және мыңдаған жыл бойы көптеген ғалымдар, ағартушылар және ақындар өздерінің әлемдік ғылым, білім және мәдениет құндылығына енген еңбектерін жазғандары белгілі.

Дегенмен де, араб әліпбиі генеологиялық жағынан семит тілдеріне арнап жасалып, араб тілінің талаптарына бейімделгендіктен, түркі тілдерінің бай фонетикасын толық қамти алмады. Мәселен, оның кейбір әріптері түркі тілдеріне мүлде қажет болмады, керісінше, түркі тілдерінің бірнеше дыбыстарына бұл әліпбиде орын болмады. Нәтижесінде, түркі тілдері қолданған араб әліпбиіне өзгерістер енгізу үрдісі пайда болды.

Сондай тенденцияны алғаш болып түркі тілдеріне қырым-татарлық ағартушы Ісмәйіл Гаспралы енгізді. Осы үрдісті 1912 жылы қазақ тілі теориясының негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынов қазақ жазбасын араб графикасы негізінде «Төте оқу» болып танылған жаңа әліпбиге көшірді. Бұл үшін ол алдымен қазақ тілінің дыбыстық жүйесін жүйелеп және нақтылап, қазақ дыбыстары 24 дыбыс, оның ішінде 5 дауысты фонема, 19 дауыссыз фонемалар және 4 жіңішке дауыстыларды аллофондар (шындығында олар фонемалар) болады деп тұжырымдады. А. Байтұрсынов араб жазуына негізделген әліпбиді ұсынғанда, фонетикалық ұстанымды мақұл көрді. Ол: «Хасыл кәләм, менім ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әріпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым наху не сарф жолыменен ыспат етілсін», – дейді [1, 382б.]. Ол өзінің 24 әріптен тұратын әліпбиін осы ұстаным бойынша түзеген болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы латынға көшу кезінде араб әліпбиін жақтаған баяндамасында: «Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы...»-деп, жалпы әліпбиді түзудегі өміршең басты шарттарды тізіп айтып кетеді [1, 400б.].

Бұл әліпбиді біздің ел 1929 жылға дейін пайдаланды, ал басқа елдегі, мысалы, Қытайдағы, Ауғанстандағы және Ирандағы қазақтар, оған 3- *вы*, *фы*, *хы* дауыссыз дыбыстарын қосып, осы күнге дейін қолдануда. 1910 жылдардан бастап А.Байтұрсынұлы араб жазуын қазақ халқының сингармонизм заңына ыңғайластырып реформалады, оның реформалаған жазуы, емлесі - әлі күнге дейін озық жүйе ретінде ескеріліп, бүгінгі күнде жаңа әліпби мен емле түзуде басты шарт ретінде алынууда.

Жалпы А.Байтұрсынұлы негізін салған араб графикасын жақтағанда мынандай артықшылықтарын көрсеткен болатын:

- араб әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл бере алады;
- араб әліпбиі оқуға, жазуға, сауат ашуға қолайлы;
- өнер құралдарына орнатуға қолайлы;
- көзге көркем көрінеді;
- араб әрпімен жазғанда қол сағат тілінің бағытымен бірдей оңнан солға қарай жүреді;
- жазу машинасына, баспа машиналарына орнатуға араб әліпбиінің жаңасы артық;
- араб жазуы қасиетті құран тілі.

Ал, олардың қарсыластары «араб әрпі сауат ашуға, оқуға, жазуға қиын» себебі:

- бір әріптің 4 түрі бар(ش; ش; ش; ش);
- араб әрпінің көбі бір түсті;
- жазу оңнан солға қарай, ал цифрлар солдан оңға қарай жазылады. Бұл жазуда да, баспа

жұмысында да қиыншылық тудырады;

-ғылыми кітаптарда (алгебра, геометрия, физика т.б.) пән белгілері латын әрпімен жазылды, араб әрпі бұған жарамайды;

-араб әрпі нотаны жазуға жарамайды;

-араб әрпі баспахана жұмысы - теру, басуда көп қиыншылық туғызып, қымбатқа

түседі.

Осылайша, араб графикасы қазақ тілінің дыбыстық құрамын толық бере алмайды, тілінің байлығын көрсетуге мүмкіндігі жоқ деген сияқты себептермен 1929 жылы қазақ жазуын кириллицамен беру туралы шешім қабылданды.

Сөйтіп, қазақ жазуына тағы дареформа жасалып, 1929 жылы араб графикасы негізіндегі әліпбиді латын графикасына ауыстырды. Бұл әліпби біздің елде 10 жылдан астам қолданыста болды. Алғашқы кезде осы әліпбиді қабылдар алдында қазақ зиялылары екіге бөлінді: бірі – арабшылдар болса, екіншісі – түрікшілдер болды. Себебі 1928 жылы Түркияда Ататүрік жазуға реформа жасап, олар латын қарпін таңдаған еді. Соған байланысты Алаш зиялыларының басым көпшілігі латын графикасын қолдады. Осылайша ең алғаш рет латын әліпбиінің жобасын Х. Досмұхамедұлы жасады. 1926 жылы Баку съезінде көпшілік дауыспен латын әліпбиі қабылданғанымен, қазақ тілін бұл әліпбиге көшіру оңай болмады. Бұндағы қайшылық фонетикалық немесе морфологиялық ұстанымның қайсысы қолайлы болады деген күрделі сұрақтан туды. Латын әліпбиінің алғашқы жобасы 1927-1928 жж. «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас», «Тілші» газеттерінде 24 әріп, 1 дәйекшемен жарияланды. Латын әліпбиін енгізу әлі ерте деп Мәскеудегі жиналыста айтқанымен, латын жазуына негізделген қазақ жазуын жобасын Н. Төрәкұлов 28 әріп бойынша әзірледі. 1929 жылы Қызылордада Т.Шонанұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, Қ. Жұбанов т.б. қызу талқылаған конференцияда бұл әліпби жетілдірілді. Осы конференцияда профессор Қ.Жұбанов «Әліппеміз бұқарашыл болсын» атты баяндама оқыды. Онда: «...жазу бұқарашылданған соң ғана тілді біріктіруге болады. Адам өз тұрмысын да, тілін де өзгерте алады. Бірақ жалғыз жазумен ғана емес, түрлі шаруашылық-әлеуметтік шарттар арқылы өзгерте алады. Ол шарттар түрік тілдері түгіл барлық адам баласының тілдерін біріктіруі де мүмкін...» -дей келе, сөз негізі туысынша, ал жалғау дыбыс жүйесінше жазылу емлесін алғанда, қазақ жазуының басқа елдердің жазуынан кем түспейтіндігін және жалғамалы тілдің дыбысқа бай екендігін көрсетеді [2, 264б.].

Латын жазуына көшу баяу жүргеніне қарамастан 1929 жылы қазақ жазуы ресми түрде латын әліпбиіне 29 әріппен көшті. Жалпы Шығыс елдеріне жақын орналасқан дамымаған мемлекеттердің алғашқы жазу графикасы ретінде латын әліпбиінің енуі 1924-32 жылдар аралығын қамтиды. Байқап қарасақ, сол кезде латын графикасын дүниежүзі болып қабылдау мақсатын жүзеге асыру сияқты жаһандық проблеманы алға тарту көзделген болуы керек. Осындай саяси идеологияның негізінде Әзірбайжан түріктері, Қарашай, Түрікмен, Өзбек, Башқұрт сияқты елдерде латын графикасы қабылданып, шама-шарқынша қызмет етті. Сөйтіп 1925-1938 жылдардағы латын графикасына негізделген түркі тілдері әліпбилерін қарасақ, латын графикасы жазуы жоқ және жазба тілі кенжелеп қалған түркі тілді халықтардың жазба тілін дамытуға күшті серпін берді. Түркі тілдері әліпбилерін латын графикасына көшіру біршама жетістіктер әкеліп, қазіргі заманғы жазба тілдің құрылуына негіз болды.

Латын графикасы негізінде әліпби жүйесін алғаш түзген қазақтың дарынды дипломаты Нәзір Төрәкұлов. 1924 жылы Мәскеу қаласында «Жаңа әліпби туралы» атты кітабында өзінің жобасын

көрсетеді. Жобада 28 дыбысқа 28 әріп арнаған. Дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарын автор дәйекше арқылы айыруға болатындығын көрсетеді. Мысалы, «он (он) — он' (өн)», «ун (үн) — ун' (үн)» т.б. Кірме сөздер арқылы енген «ф», «ч» дыбыстарына әріп арнайды. Мысалы, «fylosofyа» (философия), «сепуон» (чемпион). Телжан Шонанұлы әріптердің бас түрін алмайды. Аталған әліпби жобасы 15-16 түркі тілдес халықтардың әліпбиімен салыстырыла түзілді деп баяндай отырып, ғалым әліпби түзудегі негізгі принциптерді көрсетеді. Ал, Мұхтар Мырзаұлы үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы үшін қазақ тілі дыбыстарының жуан-жіңішке болып жүп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алып, латын әліпбиіне негізделген жаңа әліпби жобасын ұсынады.

Ақыры соңында қабылданған латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жобасының артықшылығы мыналар:

- оқуға қолайлы, жазуға оңай, өте қарапайым;
- кірме әріптер жоқ;
- жол асты, жол үсті белгілері жоқ.
- бір дыбыс-бір әріп ұстанымы сақталды.

Сонымен қатар профессор Сәрсен Аманжолов латын жазуына негізделген қазақ жазуында:

«1) әліпбиде х, f, v таңбаларының болмауы;

2) и, у таңбаларының жоқтығы, соның салдарынан *миссисити, миссури* сияқты сөздердің 6, 7 әріптің орнына, 13-19 әріпке дейін жазылу;

3) фонетикалық принциптің басшылыққа алынуы;

4) кірме сөздердің әртүрлі орфограммалануы (*келі, динами*);

5) орыс тілі арқылы енген терминдерді нақты таңбалай алмауы;

6) сөз ішінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді деп, *зоология, биология, театр* сөздерінің *зологыйа, быйалогыйа, тыйатыр* болып таңбалануы...» сияқты кемшіліктердің барын көрсетеді.

Оның үстіне пантүркизм саясаты белең алуда деп, Б. Әбілқасымов мен Ш.Мәжітаева айтқандай: «1910 жылдардан бастап А.Байтұрсынов араб жазуын қазақ халқының үндестік заңына ыңғайластырып реформалады, оның реформалаған жазуын бірден алу түркі жұрты ең озық жүйе деп таныса да, орыс жазуын бірден алу түркі тілді халықтардың қарсылығын туғызатындығын түсінген орталық уақытша латын жазуын уағыздап, түркі халықтарына алғаш латын жазуын қабылдатты. 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргіннен кейін, зиялы қауымның көрнекті өкілдері атылып, айдалып кеткен соң, латын жазуынан орыс графикасына көшу идеясы көтеріліп, 1940 жылдан бастап түркі халықтары, оның ішінде, қазақтар да орыс графикасына халықтардың тілегі бойынша деген сылтаумен көшірілді». Міне, осылайша 1940 жылы қазақ жазуы кириллица негізінде қайта жасалды. Бәлкім, сол кезде кириллицаға көшірілмеген кезде, осы күнде латын графикасына көшу мәселесі талқыланбас та еді. Керісінше, түркі тілдері ішінде ең алғаш болып, латын графикасына көшіп, осы уақытқа дейін графика мен оған қатысты дүниелер жетілдірілген болар еді. 42 әріптен тұратын әлемдегі әрпі көп кириллицаға негізделген қазақ жазуы осылайша пайда болды.

Дүниежүзінде он екі мемлекет қолданатын кирилл графикасы 1940 жылдан бастап күні бүгінге дейін қазақ қоғамына қызмет етуде. Осы графикаға негізделіп Қазақ тіл білімінің жүйесі жасалып, орфографиясы қалыптасып, емле-ережесі бекітілді. Жазушылардың құнды шығармалары мен ғалымдардың жаңалықтары жазылды. Ауызекі сөйлеу стилінен бастап, әдеби нормадағы сөйлеу дағдылары жетілдірілді. 81 жыл, шамамен 1 ғасырға жуық уақыт қызмет еткен графиканың қазақ тілімен бірге қанына сіңе бастап, қазақтың табиғи тілдік ерекшеліктеріндегі сөйлеу мен ойлау дағдылары да өзгеріске түсті. Бірақ қазіргі кезде ғалымдар орыс тілі сөздері түпнұсқа принципіне бағынуын және кірме әріптердің қазақ әліпбиінде орын берілуін сөз етіп келеді. Осыған байланысты Н.Уәлиұлы былай дейді: «Әліпбидегі әріптердің саны шамадан тыс көп болуы мектеп табалдырығын аттаған оқушыларымызға да оңай тимейді. Ана тілінің дыбыстарын бейнелейтін әріптерді мектепке келген балдырғандарымыз дыбысқа (уәжге) сүйеніп, тез үйреніп алады. Сөйтіп дыбыс пен әріптің байланысы оқушы санасында білімге айналады. Ал *ъ, ь, џ, џ, ...* тәрізді таңбаларды дыбыстық уәжі болмағандықтан, жаттап алуына тура келеді. Қазақ тілінің дыбыс жүйесіне қатыссыз әріптерді жаттап, миға салмақ түсіреді. Бұл – мәселенің лингвистикалық-психологиялық жағы. 42 әріппен байланысты бұл қайшылықты, әсіресе ұстаздар қауымы жақсы біледі. Бұл жайт, жоғарыда айтқанымыздай, кирилше әліпбидің түкке алғысыздығынан емес, я болмаса кирилшені әуелде тіліміздің жүйесіне сай етіп ұқсата алмаған тіл мамандарының да кемшілігі емес. Қазақ лингвистерінің кәсіби біліктілік деңгейі қай кезде де төмен болған жоқ. Әліпбидегі түйткілдің түп-тамыры тоталитарлық жүйенің Кеңестер одағындағы тілдерді, ұлттарды бірте-бірте ассимиляциялау саясатымен байланысты болды. Кеңестік кеңістікте халықтарды бір тілге көшіріп, көктегі коммунизмге қол жеткізбек болған идеологиялық қысымның салдарынан кирилше әліпбиіміз

бұрмалауға түсті. Қазақ әліпбиіне енгізілген *в, ъ, ъ, ц, ц* тәрізді әріптер алдымен халықаралық терминдерді, советизмдерді, онимдерді (жалқы есімдерді) орыс орфографиясымен жазу үшін енгізілген. Қазақ орфографиясы да сиям егіздері сияқты қосамжар орфография болып шықты. Қазақ мәтіндерінде қазақша жазылатын сөздер мен бөтен тілдің бөркін киген сөздер аралас-құралас жүрді. Сөйтіп, советизмдерді, интернационализмдерді, онимдерді Орталық орыс орфографиясымен бұлжытпай жазу үшін *ч, ц, ю, я, ъ, ъ, ц ...* тәрізді әріптерді енгізуге тіл мамандарын мәжбүрледі» [3, 1946.] .

Сонымен, қазіргі қазақ әліпбиі ұлттық әліпби емес, қосамжар әліпби болып отыр. Осыған байланысты ғалымдар «кирилл жазуына негізделген әліпби қазақ тілінің дыбыстық жүйесін барабар жағдайда көрсете алмайды және оның орфографиясын күрделендіре түседі»деп, жалпы қазақ әліпбиінде 29 дыбыс бар. Ал қазіргі әліпбиімізде *в, ё, ф, х, ц, ч, ц, э, ю, я, ъ, ъ* әріптері қазақ тіліне жат екенін дәлелдермен айтып жүр. *Ф, х* әріптері 1938 жылдан қолданысқа енсе, қалған 10 әріп 1940 жылы орыс графикасына негізделген әліпбиге көшкенде қабылданған болатын. Бұл әріптер орыс тілінен енген сөздерді бұзбай, яғни түпнұсқасына жақындатып қолдану үшін алынды. Орыс тілінен енген *я, ю, ё, ц, ч, э* тәрізді әріптер қазақ әліпбиі үшін басы артық таңбалар. Сонымен кирилл әліпбиінің қазақ нұсқасында *я, ю, ё* графемалары қандай қызмет атқарады? *Я, ю, ё* әріптері әдетте дыбыстардың қосындысын білдіреді. Мұндай дыбыстардың қосындысы қазақ тілінде екі вариантта (жуан және жіңішке), яғни *йа – йә, йу – йү* түрінде кездеседі. Сондықтан мұндай әріптерді әліпби құрамынан мүлде алып тастауға болады. Өйткені қазақ орфографиясында *йа – йә* тәрізді әріптік тіркестермен беруге болатын прецедент бар. Сөз басында және дауысты дыбыстардан кейін келетін *я* әрпін қосынды *й+а* немесе *й+ә* арқылы таңбалауға әбден болады. Мысалы: *қойан, тайақ, айа, майа, сайа, қийа, сийа, тұйақ, сайақ*. Ал орыс тілінен енген кейбір сөздерде дауыссыз дыбыстардан кейін келген *я* әрпінің орнына *ә* әрпі, дауысты дыбыстан кейін және сөз басында келген сөздерде *й+а* қосар әріппен жазуға болады. Мысалы: *отрә д, снарә д, аккумуля тр; йадро, йахта, йарус*. Осы тәрізді *ю* әрпін әліпбиден алып, орнына *й+у* қосар таңбасы арқылы таңбалауға болады. Мысалы: *айу, ойу, кейу, көркейу, айуан, айуанат, хайуан, хайуанат, кейуана, миуа, диуана, қиуа, қиуаз*. Орыс тілінен енген сөздерде *й+у* дауыссыз дыбыстан кейін келгенде дара *у* әрпін жазуға болады. Мысалы: *бюджет, полус, лукс*.

Орыс тілінде дауыссыздың жіңішкелігін білдіретін *Её* әрпі қазақ жазуы үшін тіптен артық болып табылады, өйткені орыс тіліндегі *ё* дыбысын қазақ тілінде *й+о, й+ө* қосындысы арқылы және кей жағдайда *ө* арқылы да беруге болады. Мысалы *щётка – иөткі, ёлка (шырша) – йолкі* сөздерінде ғана кездеседі. Сондықтан латынша емледе бұл типтес сөздер қазақ тілінің ерекшелігіне байланысты дұрыс жазылуын қуаттаймыз.

Байқап отырғанымыздай, мұндағы қиындық тек орфографияда ғана емес екен. Жасанды жазылымда қазақ тілінің негізгі фонетикалық заңы бұзылады – сингармонизм, орфография айтылымға, орфоэпияға кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ әліпбиде «*ь*» (жіңішкелік белгі) әріптік таңбасының болуы дұрыс емес екендігін атап өткіміз келеді. Қазақ тілінде араб жазуы, латын жазуы болған кездердің өзінде бұл таңба ешқашан да қолданылған емес, өйткені, атап көрсеткеніміздей, қазақ тілінде дауыссыздардың жіңішкелігі қатар тұрған дауыстылармен анықталады. Осыған қарамастан кирилл әліпбиіндегі қазақ жазуында бұл таңба аса мол кездеседі, ал оның дауыссыздың жіңішкелігін емес, буынның немесе дауыстының жіңішкелігін білдіретіні оқырман үшін тиімсіз болып табылады және қазақтардың өзін және орыстілді қазақтарды шатастырады.

Сонымен біздің ойымызша, қазақ тілін өзінің лайықты орнына шығартпай отырған бірінші кедергі, ол – кирилл жазуы. Санамызға әбден орнығып алған орыс әріптерінен арылмайынша, ана тіліміздің екінші дәрежеде қала беруі заңдылық. Қазіргі кезде қазақ әліпбиінің орыс әріптерінің негізінде құрылғаны былай тұрсын, тіпті орыс тілінің көптеген ғылыми-техникалық және саяси-қоғамдық терминдері ешбір өзгеріссіз, ешқандай заңдылыққа бағынбай, түпнұсқамен жазылып жүр. Бір айта кететін жайт, сол орыс тілінен енген барлық сөздердің тегі орыстікі емес. Мысалы, *президент, конституция, цивилизация, функция, коммунизм, капитал* т.с.с толып жатқан орыс сөздерінің тегі латыннан шыққан. Тек орыс тілі жат сөздерді қабылдағанда, міндетті түрде өзінің тіл заңдылығына сәйкес етіп өзгерту арқылы енгізеді. Жоғарыда көрсеткеніміздей, 20-30 жылдары да қазақ тіліне кірген кірме элементтер тілдің заңдылығына толық бағынып заңдастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992, 382 б.
2. Жұбанұлы Қ., Қазақ тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2013, 263 б.

ӘОЖ 82:145

АҚЫНДАР АЙТЫСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ

НУРГУЖИН А.М.

№2 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қ.

НУРГУЖИНА Г.Ж.

№9 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қ.

Резюме. В статье рассматривается изучение жанра айтыса.

Summary. The article deals with the study of the genre of aitys.

Әдебиет өзінің қалыптасу үдерісінде сан қилы әлеуметтік-қоғамдық жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Соның ішінде айтыс өнері де басқа елдердің көркемдік өрісімен өріліп өрілмейді. Тіпті ұлттық негізде пайда болған әрбір жанр эволюциялық даму жолында сыртқы мәдениеттің әсерінен жетілдіріледі. Қазақ халық, поэтикалық, шешендік өнер ежелден қалыптасқан дәстүрлерден туған, бірақ оның жанрлық формалары бірнеше халықтардың әдеби-мәдени тарихымен тығыз байланысты дамыды. Осыған байланысты қазақ әдебиеті тарихында өте күрделі ғылыми мәселелер бар. Олардың бірі-жазбаша айтылымды зерттеу мәселесі.

Кеңес дәуірінде қаралған шығыс әдебиеті мен ислам дәстүрінің қазақ ақындарына әсері ғылыми тұрғыда жаңа ізденістермен толық қарастырылған жоқ. Мысалы, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында Бұхара, Тәшкен, Уфа, Қазан, Орынбор медреселерінде шығыстың классикалық әдебиетінен сусындап, ілім-ғылым негіздерінен терең білім алған Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Шәді Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Нұржан Наушабайұлы, Жүсіп Ешнияұлы, Омар Шораяқұлы, Қарасақал Ерiмбетұлы сынды және т.б. көркем сөз иелерінің туындыларында шығыстық сарындардың елеулі орын алғаны белгілі. Сондықтан олардың шығармалары көптеген жылдар бойы жарияланбаған. Шығыс поэзиясына үлгі болған Ұлы Абайдың ізбасары Шәкәрімнен бастап көптеген қазақ ақындары өздерінің тақуалықтары үшін ғана ата-баба жүйесінің бастауына айналды.

Қазақ ақын-жазушылары ежелгі және ортағасырлық түркі әдебиетін, араб-парсы классикалық әдебиетін өздеріне үлгі етіп қана қоймай, өздерінің дүниетанымы негізінде ең үздік, інжу-маржанды шығармаларды жаңаша жаңғыртып шығарды. Медреселерде оқыған қазақ шайырлары Алтын Орда, Мысыр қыпшақтарының (XIII – XIVғ.ғ.) әдебиетімен де жақсы таныс бола отырып, Орта Азияда қолжазба күйінде көп тараған классикалық үлгілермен танысты. Соның негізінде олар қазақтың жазба айтысын дамытуға орасан зор үлес қосты. Соның бірі – мүшәйра. Бұл әдеби жанр Шығыс поэзиясында ежелден келе жатқанымен, қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың екінші жартысында қайта жаңғырды десе де болады. Сондықтан мүшәйраның шығу тегінің түп-төркіні, жанр ретінде қалыптасып дамуы, көркемдік құрылымдық жүйесі мен Шығыс әдебиетімен типологиялық байланысы арнайы зерттелуді қажет етеді.

Ғасырлар қойнауынан азып-тозбай, өзінің асыл қасиеттерін сақтап бүгінгі ұрпақпен қауышқан қазақ поэзиясы жанларының бірі – мүшәйра. Оның туу, қалыптасу тарихында айтыс өнерінің маңызы ерекше. «Айтыс» – «айт» етістігінен туған зат есім. Өз мағынасында алғанда, «айтыс» – екі кісінің сөйлеуі. Бұлай сөйлесу қазақ тұрмысында қара сөз түрінде де болған. «Бәлен шешен мен түген шешен айтысыпты» деген сөз қазақ арасында көп ұшырасады. «Айтыс» кейде «талас» мағынасында қолданылып, біреумен біреу таласса, жанжалдасса «пәленше мен түгенше айтысып қалыпты» деп те айтады. Айтыстың мағынасы осындай кең болғанмен, «айтыс» ұғымындағы сөздердің ішіндегі ең басымы – өлеңмен айтысу» [1, 144б.], – дейді академик С.Мұқанов.

Айтыс жанрының түп-төркіні сонау қадім заманғы салттық өлеңдерден, «бәдік», «жар-жар» секілді тұрмыстық жырлардан бастау алатыны белгілі. Айтысты жоғары деңгейге көтеріп, ұлттық поэзияның алтын қорына үлкен олжа салған ақындардың еңбегін М.Әуезов былай бағалайды: «Қазақ халқының ақындық қабілет-дарыны өмірде ақынның ерекше типін туғызды. Бұл – біздің

заманымызға жеткен, бұрынғы ақындық қазыналарды сақтап келген әрі жыршы, әрі импровизатор ақын. Халық поэзиясындағы таңдаулы үлгілердің туып, таралып және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштымыз» [2, 157б.]. Әрине бірақ ертедегі ақындардың ешбір айтысы сақталмағандығын тек кейінгі жазу-сызу дамыған дәуірлерден бастап қана айтыс мұраларын сақтап, жарыққа шығаруға, сөйтіп бүкіл қазақ даласына таратуға мүмкіндік туды.

Бұл арада С.Мұқановтың «XIX ғасырға дейінгі тарихта аты мәлім айтыс ақындарын қазақ әдебиетінің тарихы әлі білмеуі және білу мүмкіндігі қиын да. Себебі, XIX ғасырға дейінгі қазақ поэзиясының қай түрін алсақ та, қағаз бетіне түскен, жазылып алынғаны жоқ». [1, 45], – деген пікіріне қосылуға тура келеді.

«Айтыс» жанры қазақ әдебиетінде біршама зерттелген. Атап айтқанда А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Сейфулин, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Р.Бердібаев, Е.Тұрсынов, М.Дүйсенов, М.Жармұхамедұлы, Б.Адамбаев, Ә.Дербісәлин, Н.Төреқұлов т.б. қазақ ғалымдарының еңбектерінде айтыстың тууы, қалыптасуы және жанрлық ерекшеліктері хақында түрліше ой-пікір, бағалы байыптаулар ұшырайды. С.Мұқанов, Е.Исмайлов, Е.Тұрсынов, М.Жармұхамедұлы жүргізген зерттеу еңбектерінде айтыстың генезисі мен оның ұлттық поэзиядағы маңызды рөлі жарқын мысалдармен дәлелденгенін ерекше атап өткен жөн. Сондықтан қазақ поэзиясында поэзия дамып келеді, соңғы кезде мүшайраның жанрлық шығу тегі, стилі мен тақырыптық аспектілері, сондай-ақ оның отандық әдебиеттегі басты өкілдері туралы сөз болып отыр.

Айта кету керек, айтыс тарихында кейбір шығыс терминдерін қолдануға қатысты асығыс, үстірт пікірлер бар. Бұған дейін М.Әуезовтің айтыс туралы мақаласында кейбір араб сөздерін зерттеу және тексеру мүмкін еместігі айтылған болатын. Осы мақалада ғалым: «Орта ғасырлардағы келттерде – фильдердің терістік Францияда – труверлердің, Орталық Еуропадағы – мейстензингерлердің, Скандинавия еліндегі – скальддердің, орыс еліндегі – скоморохтардың, ертедегі Иран, Үнді елдеріндегі «мүшәйра» мен Аравиядағы «мұғаллақатқа» қатысқан ақындардың бәрінің де суырып салма айтысқа өрендігін, бұл өнердің қазақтағы айтысқа барынша ұқсас» екендігін атап көрсеткенді [3, 12 б.]. Дегенмен «мүшәйра» ұғымының этимологиясының өзі айтып тұрғандай, әу баста араб елдерінде пайда болды деген нақты тұжырымға келуге болады.

Енді, егер мүшайраның нақты жан ретіндегі басты белгілеріне (өлшемдеріне) тоқталатын болсақ: біріншіден, ол жазбаша түрде, яғни хат алмасу арқылы немесе таза өлеңмен іске асырылады; екіншіден, жазбаша түрде, бірақ жұртшылық алдында ол барлық айтыскер ақындарға тән ауызша шешендік арқылы іске асырылуы тиіс; үшіншіден, конкурсқа тек екі ақын ғана емес, бірнеше ақын да қатыса алады; төртіншіден, мүшайра айтысына қатысатын ақындар ортақ тақырып төңірегінде сөз сөйлей алады, мысалы, мүшайра айтысына діндер, ілім-ғылым түрлеріне байланысты туындайтын әртүрлі тақырыптар; бесіншіден, бірнеше ақындар бір поэтикалық өлшеммен дауласады, бұл тенденция әсіресе араб-парсы әдебиетінде жиі кездеседі, мысалы, рубаидің төрт өлшемді айтысы немесе байит жолдары газалдың аруз өлшеміндегі канондық конвенциялардан аспауы керек.

Қазақ поэзиясындағы айтыс өнері – оның өз ұлтымен, халқымен қалай өмір сүргені, өз елімен "туылып, бірге өскені", ежелгі дәуірде тамыр жайғанының бір мысалы. Қазақ мемлекетінің көпғасырлық қоғамдық-саяси, тарихи-мәдени өзгерістері мен оқиғалары біздің әдебиет тарихымен тығыз байланысты. Қазақ хандығының ежелгі сақ, ежелгі түрік, Қарахан және Алтын Орда кезеңдерінде өз дәуіріне лайықты хас белгілері сақталған. Олардың кейбірінде, қандай да бір ғасырда біз ауызша және жазбаша әдебиеттің қатар дамып, қатар өмір сүргенін көреміз. Мысалы, ежелгі ғұн аңыздары мен сақ жазулары, ауыз оғыз-қыпшақ әдебиеті мен түркі сына жазулары, Дешті Қыпшақ әдебиеті мен жыраулар поэзиясы осыны айғақтайды.

Қазақ хандығы кезінде барлық ақындардың сауатсыз, білімсіз болғанына ешкім сене алмады. Ел билеушісінің жанында әрдайым елшілік жұмысын, көрші халықтармен хат алмасуды жүзеге асыратын бірнеше тілді білетін хатшылар болды. Олардың көпшілігі негізінен шешендер, ділмарлар, билер мен жыраулар. Дәл осындай үрдіс XIX ғасырдың басында жалғасты. Енді ғана жазушылық әдебиетке бет бұрған, қалам ұстап, өшпес мұра қалдырғысы келетін сауатты, білімді таланттар көбейе бастады. Кезінде Алаш зиялылары айтқандай жазу әдебиетіміздің тез қалыптасуына және кеңеюіне ықпал етті. Шығыс классикасынан, түркі-шағатай әдебиетінен бастау алып, оны Еуропа мәдениетімен байланыстыра отырып, Абай поэзиясы жаңа қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуында көшбасшы болды, шайырлар да Шығыс дәстүрлеріндегі назиральды бағытты ұстана отырып, ұлттың рухани қорына баға жетпес үлес қосты.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы біздің әдебиет тарихындағы ерекше құбылыс ретінде бағаланған "қисашыл", "кітап" ақындары жүздеген әңгімелер жазумен бірге Ташкент, Орынбор, Қазан, Уфа қалаларының баспа мекемелерінен ондаған кітап шығара алды. Діни-

ағартушылық, тарихи, фантастикалық, тұрмыстық-әлеуметтік және махаббат тақырыптарынан тұратын бұл шығармалар Назира үлгісінде туған әдеби-фольклорлық шығармалар болып табылады. Ақын Абай шәкірттерінің арасында аса ірі қазақ философы, талантты композитор, ислам мәдениеті мен Шығыс классикалық әдебиетін терең меңгерген Шәкәрім Құдайбердіұлын ерекше атап өтеміз. Қожа Хафиз Ширазидің шығыс әлемінің ұлы шайырының үлгісіне айналған Шәкәрім түпнұсқадан парсы ақынының бірнеше ғазелін аударғанын және Физулидің "Лейли-Меджнун" поэмасын жасағанын білеміз ғой.

Сондай-ақ, қазақ жерінде жерсіндірілген Ежелгі Үнді-Иран әуендерін жырлаған дүйім атақты шайырлардың Шығыс медресесінен қазақтарға тәлім беріп, ортағасырлық парсы, араб, түркі-шағатай ақындарының дәстүрінде көптеген көрнекті шығармалар жазғаны белгілі. Шығыс стилі, поэтика, Нұржан Наушабайұлы, Ақан сері, Кете Жүсіп, Данмұрын Кенжебекұлы және т.б. тәсілдерді қолдана отырып, діни-ағартушылық бағыт ізімен дарындарда назар аударуға лайық.

Қорытындылай келе, осындай ерекшеліктерге назар аударатын отырып, мұшайра жанры көп қырлы, күрделі, синкретикалық және симбиозды жанр деп айтуға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: «Қазақстан», 1974. – 236 б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығ. жинағы. 17-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 348 б.
3. Әуезов М. Айтыс өлеңдері // Айтыс. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1965, 9-51 б.б.

УДК 373.5 (574)

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН - ПЕРВЫЙ УЧИТЕЛЬ В СТЕПИ

СОКОЛОВА Е.А

Учитель начальных классов СШ №33 имени М.Ауэзова, Казахстан, г.Тараз

Түйіндеме. Мақалада қазақ халқының алғашқы ұстазы, ақыны, халық ағартушысы Ы.Алтынсариннің қазақ даласына ағарту жұмысына орай сіңірген ерен еңбектері мен жаңалықтары туралы жазылған. Еңбектеріне сүйене отырып, ол туралы зерттеген ғалымдардың да пікірлері негізге алынған.

Summary. The article describes the great achievements and discoveries of the first teacher of the Kazakh people, poet, people's educator I. Altynsarin, who contributed to the educational work of the Kazakh steppe. It is also believed that the scientists who studied it on the basis of their works are also based on their opinions.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.

Каждый из нас знает эти знаменитые строки, призывающие уже много лет к знаниям. Он – педагог, просветитель, писатель, поэт, учёный... Но в народной памяти он остался как первый учитель в степи. Его жизненный путь – это пример борьбы с невежеством и бюрократией за светлое будущее своего народа. Алтынсарин не только открыл первую народную школу в Казахстане, но и написал для неё учебник, используя новый казахский алфавит, который он сам же и создал. Он убедил простых людей отдать своих детей в школы, подготовил учителей. При этом ему противостояли царские чиновники и имамы.

С девяти лет Ибрай — ученик школы-интерната, в которой обучались местные чиновники низшего звена. Главы родов также старались дать детям образование именно там, чтобы в будущем усилить собственное влияние в обществе. Учащимся в школе предъявляли два обязательных требования: знать русский язык; поддерживать царский режим. Эти требования полностью устраивали Балгожи Жанбуршина, поскольку на тот момент это была единственная возможность

получить системное образование. Потому дед записал внука в школу, когда она только начала строиться. Ибрай (Ыбырай Алтынсарин) был одним из первых учеников интерната. [1,18стр.].

Его педагогические принципы были настолько универсальны и опережали своё время так, что даже спустя 180 лет, всё ещё актуальны. Никчемные чиновники 1 ноября 1841 года у известного бия Балгожи Жанбурчина родился внук Ыбырай. Дед сыграл в судьбе мальчика главную роль, так как отца Ыбырай лишился очень рано, в три года. Будучи бием, Балгожа хотел, чтобы и внук стал просвещённым и культурным человеком. И с самых ранних лет постоянно объяснял маленькому мальчику важность получения образования. Когда в 1850 году в городе Оренбурге открылась школа для детей степной аристократии, то Балгожа первым записал в ученики своего внука. В те времена школы создавались для подготовки грамотных людей для царской администрации, то есть будущих чиновников. Возможно, в этом и заключалась причина непопулярности образования, ведь казахская знать опасалась, что их дети, будущие преемники, вырастут верными чужим идеям или даже перейдут в христианство. Ыбырай учился только на «отлично» и неоднократно получал благодарности. Так как мальчик учился и жил далеко от дома, дед с внуком часто переписывались. Письма они обычно писали в стихах.

После окончания школы Алтынсарин работает переводчиком, но, охваченный высоким стремлением принести как можно больше пользы родному народу, он мечтает заниматься педагогической работой, в которой видел своё призвание. После долгих хлопот и трудностей ему удалось в 1860 году покинуть Оренбург и перевестись в Тургай, но и здесь местные царские власти долго не давали возможности Алтынсарину посвятить себя любимому учительскому делу, назначая его то помощником судьи, то судьёй, помощником начальника, исполняющим обязанности начальника уезда. Только в 1865 году Ыбыраю Алтынсарину удалось, наконец, перейти на педагогическую работу и открыть новую школу для оренбургских детей. К этому важному делу холодно отнеслось областное правление и местные власти. Первая школа и первые шаги Трудности, однако, не остановили Алтынсарина. Собрав у местного населения средства, он приступил к строительству школьного помещения. Вскоре оно было закончено. Это здание сохранилось до нашего времени. С этого дня Ыбырай Алтынсарин посвящает себя обучению детей грамоте, открывает школы для казахских ребятишек, детей русских переселенцев, школу для девочек. В этих школах дети обучались русскому и казахскому языкам, математике, географии, истории и другим наукам. В числе заслуг просветителя помимо собственного литературного творчества – составление хрестоматий на родном языке, которые назывались «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку» и «Киргизская хрестоматия» (1879 г.). В этих книгах использовался новый казахский алфавит, созданный на основе русской графики. Во вступительной статье к «Киргизской хрестоматии» Алтынсарин писал: «...Книг общеобразовательного содержания почти не имеется ни на одном из азиатских языков, мы вынуждены искать подобные руководства на ближайшем русском языке. Вследствие чего мы сочли за более удобное напечатать настоящую хрестоматию русскими буквами, чтобы она прямо соответствовала своей цели, то есть служила непосредственным путеводителем к более учёным и общепользным книгам, не противореча последним ни своим содержанием, ни алфавитом». Кроме того, он ввёл в своих школах обучение исламу. Но отношение к религии у него было особым, либеральным. Алтынсарин считал, что религия должна согласовываться с наукой и техникой и содействовать нравственному воспитанию молодежи. «...Стараюсь всеми силами, чтобы подействовать ещё на их (учеников) нравственность, чтобы они впоследствии не были взяточниками. Посмейтесь надо мною, я иногда являюсь детям в пустое от занятий время официально муллой и рассказываю, что знаю, из духовной истории, прибавляя к тому и другие полезные, удобопонятные рассказы...». Его стремление учить казахских детей таким образом, чтобы они могли быть полезными своему народу и приобщиться к достижениям земледелия, промышленности, встретили сопротивление с двух сторон.

Царская администрация была заинтересована в подготовке нижнего звена чиновников из местного населения, способных вести делопроизводство на русском языке, быть писарями, переводчиками, воспитанными в духе приспособленности к колониальной политике царизма. Поэтому она внешне не противодействовала инициативе Алтынсарина по обучению детей казахов русскому языку, но никакой поддержки идее широкого образования не оказывала. С другой стороны, местное духовенство противодействовало новшествам Ыбыраю, стараясь внушить, что он якобы хочет «крестить» казахских детей и подготовить их к «солдатской службе» в русской армии. Алтынсарин действительно выступал против невежества, суеверия, устаревшего кочевого быта, а также против тех служителей культа, которые использовали ислам в корыстных целях и даже в интересах имперской идеологии, согласно которой, «следуя Магомету, будьте слугами белого

царя». Как учили в первой школе Начав свою просветительско-педагогическую деятельность, Алтынсарин часто выезжает в аулы, разъясняет местному населению значение и цели, пользу светского образования, организует сбор средств для строительства школ. При нём открылись русско-казахские школы в Тургае, в казачьем городке Илецкая защита, Иргизе, Актюбинске. Он добивается открытия первой женской школы. В 1888 году в Иргизе была открыта первая школа для казахских девочек, позднее женские училища с интернатом – в Тургае, Кустанае, Карабутаке и в Актобе. »[1,56б.]. Ыбырай – не только педагог-просветитель, теоретик-этнограф, историк, экономист, но и чиновник, вынужденный отстаивать свои начинания и улаживать дела вопреки противодействиям, интригам, клевете. На пустом месте, с нуля он организовал учебные заведения, подобрал кадры, оснастил и снабдил школы всем необходимым. Брал на себя заботы о детях, мелочах быта, финансовую отчётность и т. д. «На нашу долю, – писал он, – теперь выпало самое тяжёлое, ответственное время, когда всё надо еще создавать, вводить эти нововведения в тёмную среду и освещать всё, насколько хватит у нас сил и умения... Вот и таскаюсь я по степям, выпрашивая деньги у обществ и разных общественных уездных и областных волостей». По его инициативе было открыто 7 начальных школ, 4 двухклассных училища для детей-казахов, в том числе первые школы для казашек с преподаванием в них предметов на родном и русском языках.

Но новое дело было очень важным для Ыбрая, а потому и со всевозможными проблемами он справлялся легко. Об этом свидетельствуют такие интересные факты: Он сумел преодолеть сопротивление казахов, убедив их в том, что детям необходима школа, даже если семья будет вести кочевой образ жизни и переезжать. В постоянных поездках из аула в аул он без усталости разъяснял жителям, что лишь в образовании заключается возможность достойного будущего для детей и внуков. Ыбраю удалось собрать достаточно средств и построить школу к 1864 году. В этом же году 16 мальчиков стали первыми учениками нового учебного заведения. [2,8б.],

В 1883 году в Орске была открыта казахская учительская семинария. На посту инспектора по народному образованию в Тургайском уезде он проявил себя выдающимся организатором, талантливым педагогом, известным писателем-просветителем и крупным общественным деятелем. «Школы – это главные пружины образования киргизов, казахов, – писал Ыбырай Алтынсарин, – ...на них, и в особенности на них надежда, в них же и будущность киргизского (казахского) народа». Алтынсарину как просветителю присущ культ знания и вера во всеспасительность знания для развития общества и каждой человеческой индивидуальности. Просветительская работа Ыбрая Алтынсарина включала обучение и помощь учителям, он призывал педагогов с уважением относиться к своим ученикам и понимал, что краеугольным камнем учебного процесса является квалифицированный педагог [3,44б.]. В школе Алтынсарин открывает педагогический класс, который позднее преобразуется в двухлетнее педагогическое училище. Он разработал систему общеобразовательного обучения и подготовки педагогов, адаптированную для казахских аулов.

В начале 80-х годов XIX столетия он открывает более десятка учебных заведений для казахских детей. Кроме школ, Алтынсарин организовал открытие ремесленных школ, где можно было обучаться профессиям – слесарное дело, мыловаренное дело, маслобойное дело и кожевенное дело. Все эти школы организовывались на общественных началах, на пожертвования местного населения. Перед смертью Алтынсарин завещал принадлежавшие ему земли сельскохозяйственной школе. Система Алтынсарина В системе школьного образования, разработанной Алтынсариним, главное место отводилось личности и моральному облику учителя. Он писал, что учительская должность «не служба, а Богом данное призвание. Во все времена ходили учителя в рубище. Высокую душу для этого следует иметь, способную отдать свою пламень другим людям, ничего не требуя взамен». Учителя в казахском ауле он представлял центром воспитания и примером во всём. Он призывал учителей не держаться слишком теоретического обучения, а преподавать согласно склонностям и успехам ученика. Ыбырай считал, что главное для родителей и учителей – любить детей и не гасить их любопытство и стремление к знаниям. Он рассматривал полученные знания и умения не с точки зрения формального образования, а с учётом их реальной пользы. Давая в своих пособиях разъяснения о разнообразных приёмах преподавания, он особо предупреждал, чтобы труд детей напрасно не растрчивался на бессмысленную зубрёжку, а методы преподавания должны иметь систему и смысл. Алтынсарин предлагал учителям использовать различные упражнения, обучать от простого к сложному, преподносить материал в интересной для ребёнка форме. И сегодня его пособия и учебники успешно используются учителями и родителями. Мог ли Ыбырай предполагать, как разрастётся, как шагнёт вперёд образование в Казахстане. В постоянной заботе о своём народе, о его просвещении он ездил по аулам на телеге по степному бездорожью и в холод, и в зной, что отразилось на его здоровье. В 1889 году в возрасте 48 лет великий просветитель казахского народа

ушъл из жизни. Первый педагог казахской степи мечтал видеть свой народ свободным и образованным.

И это сбылось во многом благодаря его титанической работе.

Список использованной литературы:

1. Женские училища // Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – Т. II.
2. Ақылбек ШАЯХМЕТ. АЛАСА АЛТЫНСАРИН, АСҚАҚ ПУШКИН.... <https://abai.kz>. Абай ақпараттық порталы (27.11.2014)
3. Алтынсарина ледник // Казахстан. Национальная энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. – Т. I.

ӘОЖ 821.521 – 94

ЖАПОН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КҮНДЕЛІК ЖАНРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

БАЙБОЛОВА Ж.К.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының 1 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассказывается об истории формирования произведений, написанных в жанре дневника в японской литературе, о стилевых особенностях авторов и литературном характере записей.

Summary. The article tells about the history of the formation of works written in the genre of the diary in Japanese literature, about the stylistic features of the authors and the literary nature of the entries.

Соңғы жылдары оқырмандар арасында «нағыз» дерекке, өткен дәуір мен қазіргі болмыстағы көркем шындықты айғақтайтын әр түрлі автобиографиялық шығармаға – эпистолярлық мұра, мемуар – белгілі қоғам қайраткерлерінің күнделіктеріне қызығушылық артты. Мұның өзі бұрынырақ тек жазушының өзіндік стилі, не көркем әдебиетке жатпайтын туынды деп қарастырып келген күнделікті әдеби теориялық тұрғыда талдауды қажет етеді. Осы мақсатты көздей отырып, мен бұл мақаламда күнделік жанры кең таралған жапон әдебиетіндегі осы тектес шығармалардың қалыптасу, даму, зерттелу тарихын саралап көрдім.

“Қазақстан” Ұлттық энциклопедиясында: «Мемуарлық жанрдың бір түрі болған күнделік – жазушының, ғалым, не саяхатшының өз көзімен көріп-білген жайларын есте сақтау үшін жазылатын шығарма» деп түсінік берілсе [1, 4б.], күнделік жанрын зерттеуші ғалым Н.Мещеряков «Күнделік» термині («никки» – күнделікті жазбалар) әр түрлі мазмұндағы мәліметтерді жинақтау ұғымын білдіреді» деген [2, 136б.]

Деректік жанрдың жапон әдебиетіндегі алар орны, оның қалыптасуы мен даму тарихын зерттеуде орыс әдебиеті ғалымдары көш бастады. Аталған жанрдағы шығармалардың құрылымы, әдеби, тілдік ерекшеліктері мен қоғамдық маңызы жайын А.Н.Мещеряков, Н.И.Конрад, В.Н.Горегляд, О.Г.Егоров сынды ғалымдар еңбектерінде мәселе етіп көтерді.

Күнделік – жапон әдебиетіндегі кең таралған жанр түрі. Тіпті өзге халықтар әдебиетіне қарағанда бұл халықта күнделік стиліндегі шығармалар оқырмандар арасында да өзіндік сұранысқа ие. Бірақ әр түрлі белгілеріне қарай жапон әдебиетіндегі күнделіктер еуропа ақын-жазушы күнделіктерінен өзгеше. Жазылу тіліне қарай оларды Н.И.Мещеряков 2 топқа бөледі:

1. қытай тілінде жазылған күнделіктер (камбуна);
2. жапон тілінде жазылған күнделіктер, мұнда қытай иероглифтері аз мөлшерде кездеседі [3, 5б.].

Біріншісінде көркем әдебиетке тән белгілер кездеспейді, ал жапон тілінде жазылған күнделіктерде троп түрлері қолданылған өлең жолдарын көруге болады, ал тілдік тұрғыда зерттеп қараған адамға көркемдік сапасын аңғару қиын емес.

«Никки» термині жапон әдебиеті тарихында VIII ғасырдан бастап кездеседі. XII ғасырға дейін бұл жазбалар қытай тілінде жазылып, онда әдеби сипаттағы күнделікке тән авторлық көзқарас болмады, тек басқарма сарайындағы болған оқиғаларды түзу мақсатында жүргізілген бұл

күнделіктердегі жазбалар тек тарихи құнды мәліметтер болып есептеледі. VIII ғасырдан бастау алған «жолжазба» күнделіктер де авторлық көзқарасқа құрылмайды. Күнделіктің бұл түрі жапон саяхатшыларының Қытайға жасаған сапарларында көрген-білгендерін түйіп, Қытай елін сипаттауға арналған. Мұндай жолжазбалардың алғашқы үлгісіне Киби Макибидің «Дзайто никки» (693 – 775), Энниннің «Нитто гухо дзюнрэй коки» (794 – 864) деп аталатын жазбалары жатады. Алайда Киби Макибидің жазбаларының мәтіні сақталмаған. Ал IX ғасырда будда монахи Энниннің сақталған дін жолында жасаған саяхаты барысы жайлы жазылған жолжазбасы (794 – 864) қытай тілінде жазылған. Автордың 838 – 847 жылдар аралығын қамтыған бұл жазбаларда Корей, Қытай елдеріндегі будда шіркеулеріне барғандағы көрген-білгендері жазылады. Мұнда тек құрғақ баяндауды көре аламыз.

IX ғасырдан бастап жапон басқарма сарайында «ішкі жазбаларын жүргізуші» қызметі болған. Оның міндеті – императордың арыздарға берген жауабын жинақтау. Ол шенеунік өз жұмысының барысын, сарайдағы маңызды салтанатты жиындар турасындағы жазбаларды «Ішкі жазбаларға арналған шенеунік күнделігі» деп аталатын арнайы журналға тіркеп отырған. Мұндай журналды Жоғары императорлық кеңестің хатшысы да жүргізген. Ол – «Сыртқы жазбаларға арналған шенеунік күнделігі». Осы сипаттағы жазбалар будда храмында да болған. Онда храм қызметкерлері келушілердің тілектерін жазған.

Одан кейінгі уақыттарда қытай тіліндегі күнделік жазбаларын көптеген жапон шенеуніктері жүргізді. Бұл күнделіктерде жаратылыс өзгерістерін, өздерінің ғашықтарымен кездесуін, сарайдағы мерекелік кештер мен шенеуніктер тағайындау кездері жайлы жазылды. Аталған күнделіктердің әдеби сипатынан гөрі тарихи, деректік жағы басым болды.

Жапон жазуының дамуы күнделік жазбаларына да әсер етті. Бұрынырақ қытай иероглифтерімен жазылған жазбалар енді жапон жазуына көшті. Белгілі зерттеуші ғалымдар Д.Гуди мен И.Уатт атап көрсеткендей, жазу тілі мен қарым-қатынас тілінің өзгеруі, автордың өзіндік көзқарасын білдірудегі ұлттық ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұл заңдылықты жапон тіліндегі мәтіндерден толық аңғаруға болады: онда ауызекі сөйлеу тіліндегі дыбыстық ерекшеліктер жазба тілде көрініс табады. Мұндағы тақырыптық ерекшеліктер де автор көзқарасымен үндесіп жатады. Мәселен, Хейан ақсүйектерінің жазбаларынан авторды тек әлеуметтік дәрежесі бар адам ғана емес, эмоционалды-психологиялық күйдің иесі ретінде тани аламыз. Бұл, әрине, күнделіктің әдеби сипат ала бастағандығының бір көрінісі.

«Тоса никки» («Тоса күнделігі») – алғашқы әдеби сипаттағы күнделік болды. Бұл жазбаның авторы Ки-но Цураюки. Жапон тілінде жазылғанмен, күнделікте қытай тілінің дыбыстық, лексикалық ерекшеліктері кездеседі. Бұл жазба ескерткіш жапон әдебиеті тарихындағы ауыспалы кезең, бір дәуір әдебиеті мен келесі буындағы әдебиетті жалғаушы туынды болды. Мұнда болашақ жазушылар тарапынан жазылатын шығарма тілі мен келер буын бас тартатын қытай жазба тілінің элементтері болды. Сол себепті де «Тоса саяхаты күнделігін» өткен дәуір мен жаңа дәуір әдебиетін байланыстырған бірегей туынды деп айта аламыз.

«Тоса күнделігі» Тоса провинциясы губернаторының астанаға оралу кезеңіндегі оқиғаларды суреттейді. Теңіз арқылы жасалған саяхат 55 күнге созылған. Күнделіктегі жазбалар осы күндердің барлығын қамтыған. Бірақ күнделіктік жазбалар әрқалай болып келеді. Мысалы, бүгінгі болған оқиғаны келесі күні қайта жазбай, «кешегідей болды» деген секілді қысқа жазбалармен қайырып отырған. Күнделікте кейінгі дәуір жазбаларында кездесетіндей автордың дүниетанымын көрмейміз. Дегенмен, онда авторлық ремарка мен болған оқиғаға берілген бағалауларын ауық-ауық кездестіріп отырамыз. Бұл орайда автор өзі туралы жазбай, болған оқиғаның тек куәгері болып қалады. Өзі көрген-білгендерін жазған жазушы өзін оқиғалардың бақылаушысы, баяндаушысы ретінде ғана көрсетеді.

«Тоса никки» көпшілік ұғымындағы жай «күнделік» емес, басты кейіпкері де біз ойлағандай, автордың өзі емес, саяхат аяқталғанға дейінгі уақытты ғана қамтитын айналасындағы адамдар мен болып жатқан оқиғалар.

«Тоса никки» күнделік формасында жазылған, сонымен қатар бұл күнделікті жазушы оны әдеби мазмұнмен байытады. Сол уақыттағы көш басындағы поэзияның басты тақырыбы болған ғашықтық, қоштасу мен айырылысу, сағынысу сезімінен туған өлеңдер жапон әдебиетін ілгерілетіп келсе, Ки-но Цураюки бұл заңдылықты бұзып, күнделігіндегі сезім, көңіл-күйінен сыр шерткенде, Тосаны қимастық пен айырылысуды емес, көптен күткен астанаға жақындау мен көрісу сәтін жазады.

«Тоса никки» – сезімге құрылған күнделіктік шығарма. Жазба тілін қытайдан жапон тіліне ауыстырған жазушы әдебиеттеріндегі қалыптасқан дәстүрді бұзады. Мысалы, саяхатшылар шығарған

қытай өлеңдерін жазбайды, ал бұрынырақ әдеби шығармаларда қытай өлеңдері жиі кездесетін. Мұндай күнделік жазу үшін автор ер адам болса, әйел адамдай күй кешу керек болатын. «Тосса никки» мынадай сөзбен басталады: «Міне, мен, әйел, күнделік деп аталатын жазбаны жазып көруге бел будым, мұны еркектер де жүргізеді».

Жапон әдебиетіндегі «әдеби күнделікті» зерттегенде, оның авторының әйел не ер адам екендігі жөнінде айтпай кетпеске болмайды. Әсіресе күнделік авторының Хейан ақсүйектер әулеті әйелдеріне қатыстылығы зерделенеді. Бұл күнделіктің ер адамдар аз қалам тартып, әйелдердің әдебиетке келуіне мүмкіндік туғызған шығарма түрі болғандығын айқындайды. Тіпті ер адамдар әдеби күнделік жазған күннің өзінде Ки-но Цураюки секілді әйел затының атынан жүргізген. Әйелдер әдебиеттің басқа да жанрларынан қалам тартудан шет қалған жоқ. Бірақ әдебиет зерттеушілерінің саралауынша, прозалық шығармалардың басым көпшілігінің авторы ер адамдар болғаны байқалады. Әйелдер өлеңдер шығарған, ер адамдармен салыстырғанда олар стильдік еркіндікке бара білді.

Жапон күнделіктеріндегі мерзім көрсеткіштері төмендегідей болып келеді:

1. Жазбалардың барлығында мерзімі жазылған. Мәселен, «Тоса саяхаты күнделігінде» барлық күндер, тіпті онда ешқандай оқиға болмаған күннің өзінде де мерзім белгіленген;

2. Кейбір жазбаларда уақыт жобалай белгіленеді, мұнда олар жазуда басқа дерек көздеріне сүйенеді;

3. Кейбір жазбалардағы уақыт кейінгі дәуір ғалымдарының түпкілікті зерттеуінің нәтижесінде ғана белгіленеді (мұнда автор жазба уақытын көрсетпеген);

4. Жазбада автор уақыт көрсетпеген, оны тіпті еш тарихи дерек мәліметтеріне қарап та белгілеу мүмкіндігі болмайды.

Әдеби күнделіктердегі жалпы ұқсастық – ондағы жазылған соңғы оқиға көп уақыт араға салып, автордың есінде қалған жайлармен жазылған, онда әлбетте болған уақытта жазылмағандықтан әсірелеу, көркемдеу басым болып әдеби сипат алады. Жапон әдебиетіндегі күнделіктер жайлы сөз қозғағанда сол халықтың дәстүрі мен мәдениетіне бойламасқа болмайды. Бұл туралы айтар болсақ, жапон халқында поэзияның алар орны ерекше, нақтырақ айтсақ, белгілі оқиғаға арналған өлеңдер. Поэзиялық туындылар көбіне табиғат лирикасынан сыр шертті. Әсіресе, сакура гүлдегенде, күзбен келген суық емен ағаштары жапырақтарының түсін өзгерткенде, алғашқы қар жауғанда ақын жанды халықтың шабытын оятып, осынау кезде туындаған сезімдерін өлеңмен өрнектеген. Сондайда жапондықтар ақындар сайысын өткізген, ғашық жандар бір-біріне арнап өлең шығарған. Шығарылған өлеңдерді жанұя мүшелері жинақтап, олардың қандай жағдайда, қашан туындағанын қара сөзбен жазып түсіндірген. Кейбір өлеңдер сол уақытта жазылып алынбағандықтан, оның тек мазмұнын сөзбен жазып қойған. Міне осыдан күнделік жазбалардың жазылу ерекшеліктерін байқау қиын емес.

Өлеңдер саяхат кезінде де шығарылған: саяхатшылардың тыныққан кездерінде, өзара өлең сайыстарында, қонаққа барған уақыттарында. Сапар аяқталарда саяхатшы өзінің жолжазбасына осы сайыстар туралы, оның жалпы мазмұны жайлы жазады. Мәселен, Ки-но-Цураюки өзінің Тосаға жасаған саяхатынан бастаған «Күнделігін» астанаға оралғаннан кейінгі бірнеше айдан кейін аяқтайды. Ол сапар барысында асығыс жазылған өлеңдерді осы бірнеше ай ішінде поэзия талаптарына сай өңдейді. Бұл – деректік жолжазбаның әдеби күнделікке айналуының бір көрінісі еді.

Алғаш XI ғасырдан көрініс тапқан әдеби күнделік жазу үрдісінде көбіне әйел жазушылар белсенділік көрсетті, ал ерлер үшін бұл – ең аз қалам тартқан жанр түрі болды. Оның басты себебі мынада еді: аристократ ер адамдардың арнайы биографиясы жазылды: өмірге келуі, қызметі, отбасы, балалары, өлімі туралы. Ал әйелдер мұндай құрметке ие бола алмады, сондықтан өз өмірлерінің тарихын көркем түрғыда күнделік арқылы жеткізді. Әйел күнделіктері – жалпы түсініктегі автобиография емес (туғанынан дүниеден өткенге дейінгі аралықты сипаттайтын), оның ішкі сезімі мен сырын жеткізуге мүмкіндік беретін автобиографиялық сипаты бар туынды. Аристократтар күнделігінде олардың өмір жолы толық қамтылмайды, көбіне сарай қызметіне келген уақыттан бастап бастан кешкендері жазылады.

Күнделіктік прозаның жеке адам мүддесіне қолданылуы, яғни күнделік жүргізуші автордың тек өз қызығушылықтары мен қозғаған тақырыптарының аясының тарлығы, қоғамдық мәселелердің қозғалмауы аталған стильдегі шығармалардың әдеби сипатын жоғалтып, поэзияның басымдығына жол берді. Осы тұста жапон поэзиясының көшбасында тұрған әйел ақын Сикибу Мурасаки күнделігі өз оқырманын тауып, жаңаша серпін алған туынды болды.

Автордың өмір сүрген ортасы күнделікте айқын көрініс табады. Себебі бұл шығармалардың ерекшелігі сонда, автор не көрсе де, не естісе де, қайда бармасын, күнделік жазбалары өзімен бірге болады және сол уақытта, не көп ұзамай нақты деректермен жазылып отырады. Сондықтан Мұрасаки «Күнделігінде» «көру», «есту» сөздері көп қолданылады. 1008 –1010 жылдар аралығын қамтитын Мұрасакидің бұл күнделігі тек күнделікті жазбадан ғана емес, адамдар мен қоғам жайлы толғаныстар мен балалық шағынан естеліктермен толыққан.

«Күнделік» Фудзивара әулеті жайлы баяндаумен басталады. Әулет билеушісі Митинангтың қызы алғашқы босануына келіп, дайындық жүргізуі жайлы айтылады: салтанатты жиындар мен жағдаяттар – күнделіктің алғашқы бөлігінің тақырыбы болған. Одан кейінгі Мұрасакидің назары жан-жағындағындағы әйел адамдарға ауады. Оның нық айтылған сындары мен берген бағасы белгісіз адресатқа арналады. Осындай әрқилы әдістер арқылы С.Мұрасаки қоғамда болып жатқан оқиғаларға көзқарасы мен кейде болашаққа деген күдер үзгендегі күйініштерін сипаттап жазады.

Мұрасакидің «Күнделігі» – өз халқының ақыл-ой мәдениетінің өсу жолын көрсететін әдеби шығарма. Тек бұл ғана емес, өзге де күнделіктер, алдымен, жазушының өзін, қоршаған орта мен қоғамды танып-білудің басты құралы болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 б.
2. Мещеряков А.Н. Древняя Япония: культура и текст. Москва: Наука, 1991. – 224 б.
3. Японские средневековые дневники. Санкт-Петербург, «Северо-Запад Пресс» 2001. – 624 б.

ӘОЖ 81'1:81'32

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІ

АХЕТОВА М.Т

М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Шардара к.

Резюме. В статье рассматривается роль Ибрая Алтынсарина в создании новых жанров письменной литературы, чистоте казахского языка, формировании казахского письменного литературного языка.

Summary. The article examines the role of Ibray Altynsarin in the creation of new genres of written literature, the purity of the Kazakh language, the formation of the Kazakh written literary language.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиеті мұраларын жинақтап, насихаттау мақсатындағы, қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты көкейкесті мәселелерді толғаған еңбектері қазақ мәдениеті тарихынан көрнекті орын алады. Өз заманындағы уақыт талабына сай кемел білім алған, талантты қаламгер, білікті ұстаз қазақ әдебиеті мен педагогикасы саласында соны көзқарас, тың қадамдарымен дараланды. Дәстүрлі тақырыптардағы өлеңдермен қатар ғылым мен білім жетістіктеріне, жаңа заманның ағымына қатысты елді ілгері бастыратын, ойлы озық шығармалары қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған бағытты ашқандай еді. Білім, талап, еңбек пен зейнет тақырыбы енді Ыбырай Алтынсарин шығармаларында әдебиеттің жаңа дәстүр арнасында өрбіді. Ақынның «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер, білім бар жұрттар» секілді өміршең ойлы шығармалары күні бүгінге дейін қазақ әдебиетінің тарихынан лайықты орнын алды. Халықты өнер мен білімге үндеген ондай терең ойлы туындылар сол замандағы қазақ халқының әлеуметтік жағдайынан туындаса, одан былайғы кезеңдерде жаңа толқынның рухани бағдарламасына айналды [1, 25б.].

Ыбырай Алтынсарин 1861 жылы Торғайда мектеп ашуға рұқсат алғанда, қазақ даласындағы патшалық басқару реформасының түпкілікті жеңген тұсы еді. Бұл мектепті ол көп күшпен тек 1864 жылы ғана аша алды. Осы кезеңнен бастап Ыбырай Алтынсарин өмірінің екінші бетбұрысты кезеңі әрі ең жемісті шығармашылық жылдары басталды. Сол тұстағы педагогикалық қызметті, халыққа білім беру ісін жүйелі түрде, сауатты жүргізіп, өзінің қаламгерлік ізденістерімен де ұштастырып, байытқан санаулы тұлғалардың қатарында Ыбырай Алтынсарин мектебі мен дәстүрі ерекше жарқын із қалдырды. Діни тәлімді зайырлы білім мен тәрбие беру мектебінен алғаш ажыратып, жаңа үлгідегі

мектеп бағдарламаларына ден қойған ұстаз Ыбырай Алтынсарин еді. Ол қазақ поэзиясына өз ойымен, ұстаздық тәлімдік көзқарасымен, өзіндік тақырыптарымен келді. Қазақ қоғамының тіршілігіндегі әлеуметтік сарынның сыншыл шыншыл сипатын жаңа әдебиет тілінде аша білді. «Азған елдің хандары» деп басталатын өлеңі ақынның сол тұстағы саяси көзқарасын айқын танытады.

Азған елдің байлары,
Ұлық тұтар басын-ай.
Қайда дәулетті адам болса,
Берер соған асын-ай.
Көзін сүзіп бір кәріп,
Төгіп келсе жасын-ай,
Бермек түгел, бейшараны
Масқара қылса керек-ті [2, 326.].

Бұл тақырыптағы шығармалары қазақ өлеңінің өз тұсындағы дәстүрін сақтаумен бірге, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ақындарының бір тобы ұстанған ұлттық мұратты айқын мегзейді. Бұған дейін қарудың ұшымен, халықтың күшімен бой сақтап, ел қорғаймыз деген ниеттегі отаршылдыққа қарсы күніреніп, күйінген, сонымен бірге іш қазандай қайнаса да, күресерге дәрменсіздікті де сезген жырлардың орнына, енді оқу-білім, халықты сауаттандыру, ағарту мақсатын көздеген туындылар сөзі алға шыққандай еді. Ыбырайдың ел, жер, ұлт тағдыры туралы көркем әдеби шығармалары да қазақ әдебиетінің осы үрдісімен іштей тамырласып, үндесе шығып отырды. Бұл ұлттық әдебиеттің тұтастығы мен замана көшіне сай тіл ұстартып, қайрат көрсетіп отырғандығының белгісі. Ыбырай өлеңдері бұл орайда өзінің көркемдігінің, тіл оралымдылығының үстіне тақырып жаңалығымен, ғасырмен парықтас интеллектуальдық парасатымен ерекшеленді.

Әлпештеген ата-ана
Қартаятын күн болар.
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.
Ата-енең қартайса –
Тіреу болар бұл оқу.
Қартайғанда мал тайса –
Сүйеу болар бұл оқу, –деген [2, 456.].

Ыбырай:

Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,

Үмтылыңыз қалыспай,–десе де ақын насихаты ұлт мүддесінен туындайтыны айқын [2, 566.].

Ақын өлеңдері ой қанықтығымен, халық даналығын ұтымды кіріктіруімен де тілге жеңіл, түсінікке оңтайлы шығып отырады. Насихат өлеңдермен бірге табиғат лирикалары қазақ әдебиетінің тарихында өзгеге ұқсамас өрнегімен, әуезімен берік орын алады.

Сәуірде көтерілер рахмет туы,
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,
Жайылар жер жүзіне қардың суы...
Үшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,

Өсірер жерден шөпті нұрдың буы, –деген кестелі зерлі жолдармен басталатын «Жаз» өлеңі қазақ поэзиясының үздік туындыларының қатарынан саналады [3, 476.]. Ыбырай Алтынсариннің әңгіме, көркем хикаяттары жаңа әдебиеттің бастау арнасындағы проза жанры саласындағы шеберлік тұрғысындағы алғашқы көркем туындылардың қатарында айырықша бағаланады. «Қыпшақ Сейіткүл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Аурудан аяған күштірек», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», тағы басқа көркем прозалық шығармалары XIX ғасыр әдебиетінің шынайы да, талантты мұрасы ретінде әдебиет тарихынан түпкілікті орын алады. Ыбырай Алтынсариннің поэзия, проза жанрларындағы туындылары шынайы көркем бітімді, талантты шығармалар болумен бірге, автордың педагогтық парасатының шұғыласымен нұрланған өзгеше бөлек бітімді ұстаздық дастан сынды тәрбиелік мәні терең жазбалар. Бұл орайда оның әрі жазушылық, әрі ұстаздық таланты

табиғи жарастылықпен кіріге келіп, өзгеге ұқсамайтын дара бітімді әдеби шығармалардың тууына жол ашқан. Қазақ әдебиеті тарихында да Ыбырай Алтынсарин мұрасы осы сипатымен қадірлі.

Қазіргі кезде қазақ әдебиетінің тарихы әріден, біздің дәуірімізге дейінгі уақыттан басталып оқытылып жүр. Қазақстан жерін мекендеген арғы замандардағы халықтардың рухани мұрасы–қазақ халқының да еншісі. Сол орайда арғы әдебиет, орта ғасырлардағы түрік әдебиеті бастан кешкен өркениет, өрлеу дәуірлерінің бар тарихы біздің қазіргі төл әдебиетіміздің де тарихы. Ол тарихта жазу мәдениеті де болды, жазба әдебиет те болды. Тарихтың ұлы көшінде қазақ халқының дербес мемлекеті қазақ хандығы тұсында жазба өркениет жаугершілік замана ағымына орай ауызша өркениетпен алмасты.

Ендігі өріс–бірнеше ғасырлық өріс негізінен ауызша әдебиеттің өрісі болды. Бұл жөнінде басы ашық айғақ та мол, айтылған сөз де аз емес. Қазақ хандығы тұсында жазба мәдениеттің болуы да даусыз, алайда бізге тасқа басылып жеткен әдеби мұра жоқ. Ол замандардың әдебиет нұсқалары кейінге ауызша ғана сақталып жетті.

XIX ғасыр әдебиетіндегі, Ыбырай Алтынсарин шығармашылығындағы жаңа беталыс, бағыты, бағдарлар туралы аударма маманы, аударма теоретигі Сәйділ Талжановтың пікірлері сол әдебиеттің жанрлық сипаттамасын жасауда ойда болатын қисындар. С.Талжанов: «Қазақ елінің оқығандары дүниежүзілік мәдениетті меңгеруге XIX ғасырда-ақ жұмыла кірісті дей келіп, Ыбырайдың орыс әдебиетінен аудармаларының жанрлық ерекшелігіне айрықша тоқталады. Ыбырайдың аудармадағы қайсыбір тәсілі, еркін аударуы, қайсыбір тұста тақырыбын, кейде мазмұнын өзгертіп беруі, шығарманың баяндау тіліндегі өзіндік өрнектердің басым болуы, сол себепті аударманың кейде төл шығарма болып қабылдануына тоқталады».

Осы тұста Ыбырай өзінің аудармаларында Шығыс әдебиетіндегі нәзира дәстүрін еркін қолданып, нәзира жанрындағы шығармаларды туғызған деп айтуға болатын сияқты. Көп уақыттар бойы қазақтың XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиеті тек орыс, еуропа үлгісінде туып қалыптасты деген пікір басым болды. Осы мәселе, әсіресе, Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармаларына қатысты көп айтылды. Сөз жоқ, Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясында» орыс жазушыларының шығармаларын аударып берді. Көптеген шығарманың жазылу жөні, құрылымы да орыс әдебиетінен ауысқан.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының ұлттық, халықтық негізі де біршама айтылды. Ал Ыбырай және Шығыс әдебиеті деген мәселені арнайы сөз еткен Ш.Сәтпаева еді. Негізінде, бұл жай кеңіте зерттеуге зәру.

Шәмшиябану Сәтбаева: «Ы.Алтынсарин өрнектерінің кейбір сырлары» атты зерттеуінде былай деп атап көрсетеді: «Алтынсарин қызметінің ағартушылық-демократияшылдық мазмұны мен бағыты оның Батыс Еуропа және Шығыс әдебиеттері үлгілеріне де творчестволық қатынасын, көзқарасын анықтап, белгіледі. Мұны мысалы халықаралық кейіпкерлер саналатын Ескендір-Александр Македонский, Дәуіт, Сүлеймен туралы оның өлең шығармаларынан, басқа елдердің өмір-тұрмыстарынан алып жазған кейбір әңгімелерінен көруге болады» [4, 123б.].

Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен,
Патша боп бұл дүниеге даңқы жеткен.
Отыз ұлы бар ғой деп көптік ойлап,
Құдайым отызын да әлек еткен.
Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,
Өзінің пенде екенін сонда біліп,
Мұнан соң Тақ Сүлеймен туды дейді,
Отыз ұлға бір өзін жора қылып–
дейтін өлең шумақтарының сыры мол.

Ш.Сәтпаева: «Сөйтіп, қазақ ағартушысы дүниежүзі халықтарының көбі әңгіме еткен аңызға айналған тарихи адамдар туралы өлеңдер, әңгімелер жазып, онда өз көзқарасымен қатынасын анық білдірді. Мұның өзі Ыбырай Алтынсарин мұрасының шеңбері айтарлықтай кең, өрісі биік қазына екендігінің тағы бір айғағы, тағы бір маңызды қыры»,– деп жазды [4, 125б.].

Ыбырай Алтынсариннің көркем туындылары жанрлық, стильдік жақтан біршама зерттелді. Ыбырайдың жазудағы үлгі, өнеге мектебі мәселесі де белгілі бір дәрежеде қарастырылды. Қазірде сол негізінде қамтылған мәселелерді жүйелеу арқылы Ыбырай Алтынсариннің қазақтың жаңа жазба әдебиетін қалыптастырудағы орнын айқындай түсудің жолдары ашылып отыр.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ тарихындағы елеулі еңбегі ағартушылықпен байланысты болды. Сол бағытта Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын оқытатын мектептерге арнап оқулық еңбектерін жазды. «Қазақ хрестоматиясы» қазақ баласына өнеге үйрету құралы болумен бірге, XIX ғасырдағы

қазақтың жаңа жазба әдебиетінің жанрлық негізін салды, қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің стильдік арналарын ашты.

Бұл жөнінде қазақ филологиясында Ыбырайтанудың көкжиегін кеңіткен көп құнды тұжырымдар жасалды. М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Б.Сүлейменов, Ә.Дербісәлин, Х.Сүйіншәлиев, Р.Сыздық, Б.Әбілқасымов, С.Хасанова, Б.Бісқақов, М.Жармұхамедұлы, т.б. ғалымдардың Ыбырай Алтынсариннің жаңа жазба әдебиет жанрларын жасаудағы, қазақ тілінің тазалығы, қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастырудағы орны жайлы айтқандарының негізінде осы мәселені жинақтай түсуге, сол арқылы Ыбырайдың жазушылық еңбегінің ішкі иірімдеріне үніле түсуге мүмкіндік туып отыр.

Қорыта айтқанда, Ыбырай – өзі жасап жатқан істің маңызы мен мақсатына тереңнен түсінген, қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Ағарту саласындағы істерінің қазақ үшін үлкен жаңалық екенін, бұл ретте өзі ауыр кезеңде жасап отырғанын айқын таниды. Ыбырайдың әлеуметтік беті оның көркем шығармашылығында айқын.

Ыбырай Алтынсарин – нағыз халықшыл жазушы, ағартушы ақын, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген кеменгер суреткер, аса қажырлы қоғам қайраткері, заманының ең маңызды мәселесін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы, сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды азамат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ: өлеңдер, әңгімелер, хаттар / Ы.Алтынсарин. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 1994. – 288 б.
3. Алтынсарин Ы. Бір уыс мақта: әңгімелер / Ы.Алтынсарин; құраст. Д.Әшімханұлы. – Астана: Таным, 2003. – 79 б.
4. Сәтбаева Ш. Ы.Алтынсарин шығармашылығы. – Алматы: Жалын, 2011. – 289б.

ӘОЖ 82. 236

ЖАҢЫЛТПАШТАРДЫҢ ӘДЕБИ ЖАНРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

КАМАЛ М.Е.

Халықаралық Тараз инновациялық институтының I курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматриваются скороговорки жанровые особенности и история исследования, тематические типы и рамки фольклора.

Summary. The article discusses tongue twisters, genre features and history of research, thematic types and frameworks of folklore.

Қазақ әдебиетінің фольклоры өте бай. Соның бірі де бірегейі – жаңылтпаштар жанры. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде жаңылтпашқа мынадай анықтама береді: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады». Халқымыздың сөйлеу тілін дамытатын басты құрал жаңылтпаш жанры екендігіне тоқталып өтеді.

Зерттеуші Н.Төрәқұлов «жаңылтпаш халықтық поэтикалық шығармалардағы фольклордың шағын жанрына жататын, дыбыс үйлесімділігіне негізделген, тез және айқын айтылуы қиын сөздер тізбегі» деген анықтама бере отырып, жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақтарды дидактикалық шағын жанрға жатқызады.

Жаңылтпаш – қай халық фольклорында болмасын кең таралған жанрлық түр. Қазақ жаңылтпаштарына да зерттеушілер ертеден назар аударып келеді. Оның тұңғыш хатқа түскен үлгілерін 1862 жылы жазылған Ә.Диваев, М.Ф.Гаврилов жазбаларынан кезіктіреміз. Қазақ әдебиетінде жаңылтпаш жанрының ғылыми маңызына алғаш рет назар аударып, зерттеген адам – С.Сейфуллин еді. Ол 1931 жылғы жазған «Қазақ әдебиеті» атты зерттеуінде былай деп жазады: «Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі «дүкенін» құрған орында айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да – ертек, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тіл ұстауларына,

ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын кітапта зерттеуші жаңылтпаштың тәрбиелік мәні мен атқаратын қызметін айқын аша отырып оның ойындық сипатына да назар аударады [1, 276.]. Яғни, жаңылтпаш жеке баланың ермегі емес, ол – көбінесе жұрт жиналған жерлерде балалардың тез де, жаңылыссыз, дыбыстарды анық сөйлеуіне дағдылануына үйрететін өлең-ойын. Оның ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтысуында жатыр. Ол тіл жаттықтыру мақсатын ғана көздемейді, жаңылтпаштағы сөздер дұрыс айтылмаса, құлаққа мүлде басқаша естіліп, күлкі де туғызады. Мәселен: Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па? деген сияқты жаңылтпашты интонацияны дұрыс сақтамай, жылдамдата айтса, Ақ таяқ па? Қара таяқ па? болып мағыналық жағынан мүлде өзгеріп кетеді. Ертеректе, жаңылтпаш балалар ғана емес, ересектердің де ермегі болған. Бірақ ол үлкендер арасында басқашалау қызмет атқарған. «Ерте кезде ойын-сауықтарда жаңылтпаш айтқызу қазақтың салты болған. Жаңылтпаш жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жазба есебінде қолданылған», – деп жазады белгілі фольклорист ғалым М.Ғабдуллин, жаңылтпаштың үлкендер арасындағы қолданысы жөнінде.

Дегенмен, жаңылтпаштар негізінен балаларға тән мұра. Ол жөнінде қазақ балалар әдебиетінің білгірі Ш.Ахметов: «Бұл жанр тек қана балалар әдебиетіне арналған, көбіне мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайықты. Олай дейтініміз жеке дыбыстармен айтылуы қиын кейбір сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету – көбіне балаға ғана тән нәрсе. Мұнда міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған еліктіру арқылы жаттығу жүргізу үшін қолданылған шеберлік бар», – дейді. Бұл пікір жаңылтпаштың балалар фольклоры құрамындағы функциясын толық ашады. Бірақ жаңылтпаштың шығу тегі мен оның алғашқы функциясы ғылымда жете тексеріле қойған жоқ. Егер жаңылтпаштың күрделі өлең құрылысына назар аударсақ, оны шығарушылардың ересектер екеніне күмән тумайды. Яғни, ерте заманда пайда болып, үлкендер репертуарында өмір сүрген жаңылтпаш келе-келе балалар ортасына көшкен. Бұлай ауысудың өзі де жайдан-жай емес. Ертедегі халықтар баланың тілінің тезірек шығуы үшін әртүрлі магиялық әдет-ғұрыптарды пайдаланған. Ол туралы Д.Д.Фрезер көптеген мағлұматтар келтіре отырып: «Орталық Азия түріктері көпке дейін тілі шықпаған баланы, әртүрлі сайрағыш құстардың тілімен тамақтандырады», – деп жазады. Бұған ұқсас әдет-ғұрыптар қазақ халқында бертінге дейін сақталған. Оның XIX ғасырдың бірінші жартысындағы бір көрінісін Х.Хустанаев былай сипаттайды: «... дәл осылай қазақтар балаларын ең алдымен сөйлеуге үйретеді, ол үшін оларды шешен сөйлейтін адамдардың сарқытымен тамақтандырады, олар сарқытпен бірге шешендік қасиеттің балаларға берілетіндігіне шек келтірмейді, одан соң бала жүйелі сөйлеуге жаттығу үшін түрлі түсініксіз сөздерді тез айтуға асықтырады». Бұдан жаңылтпаштың бала тілін шығаруға байланысты функция атқарғандығын да байқаймыз.

Жаңылтпаштың бала тілін жаттықтыруға байланысты қызметі – оның басты міндеті. Бұл орайда, жаңылтпаштың тілге ауыр оралатын дыбыстардан құралатынын ерекше ескерген жөн. Әсіресе: Ара, ара, аралар, Орманның бойын аралар. Гүлдерден сорып бал алар, Алысқа ұшып бара алар, Бал тәтті ғой, балалар! – деп келетін «Р» дыбысына жаттығуға арналған жаңылтпаштар өте көп. Енді бір жаңылтпаштарда: Есік алдындағы отынның, Шырпылырағынан ала кел, Томарлылығынан ала кел, Түбірлірегінен ала кел, – сияқты айтуға өте ауыр көп буынды сөздерден құралады. Егер жаңылтпаштар тек тіл жаттықтыру үшін ғана қолданылатын жанрлық түр десек бір жақты кеткен болар едік. Жаңылтпаш бойында сөз ойнатып, балаларды қызықтыра тартатын эмоциялық реңк, қисынды ұйқас бар. Шілікті шаптым, Жілікті астым, Шілікті жақтым, Жілікті шақтым, – дегендегі «шаптым, астым, жақтым, шақтым» сияқты толымды ұйқаспен қоса бұл өлеңде сөздерді мағыналық жағынан да ойнату бар, бала сөзді тез айтуды ғана емес, логикалық қисынды бұзып алмауды да жадында сақтайды. Жаңылтпаш мазмұнында халық өмірінің түрлі қырларын таныстыратын танымдық детальдармен қатар, балаларды тағылымдық өнегеге баулитын ғибраттық сарындар да мол кездеседі. Қамаштан көріп қалашты, Қалашқа Жарас таласты. Бөлінсін десең қалаш тең, Таласпа Жарас, Қамашпен, – тәрізді кейінірек шыққан жаңылтпаштар бұл ойымызға дәлел бола алады. Жаңылтпаштардың өлең құрылысы тым шағын, қарапайым болып келеді. Дегенмен ішінара: Жаңбыр жауып келеді қар аралас, Бір топ қатын келеді шал аралас. Тауға қайың бітеді тал аралас, Бір топ сиыр келеді тана аралас, – сияқты қара өлең үлгісіндегі шумақтар да кездеседі. Немесе: Айыр атанды жүк қартайтар, Семіз қойды май қартайтар. Күйгелек менің атамды Жас қартайтпас, ой қартайтар, – тәрізді нақыл деуге келетіндей жаңылтпаштар да бар. Жалпы, жаңылтпаштың ұйқасты, үйлесімді тілмен келетін өлеңдік өрнегі де балаларға үлкен ләззат береді. Жаңылтпаш – қазақ балалар өлең-ойындарының ішінде салмақты орын алатын тәрбиелік мәні жоғары, көркемдік кестесі де күрделі жанрлық түрлердің бірі.

«Жаңылтпаштың сөздері айтуға қиын, көбінесе ұяң, қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады. Жаңылтпаштың әрбір сөзі шапшандата, тездете айтылуға тиіс... Ол әрбір сөзді жылдамдата айтумен қатар нақышына келтіре, мүлт кетпей оралымын таба айтуға тиіс», - деген ғалым М.Фабдуллиннің пікірінде жаңылтпаштардың тәрбиелік мәнінің жоғары екендігін дәлелдей түседі.

Зерттеуші педагог С.Ұзақбаева «Балалар ойынының қызықты да пайдалы түрлерінің бірі – жаңылтпаш. Жаңылтпаш жастайынан балаға ана тілінің бай қорын игеруге, таза, майда, анық әуенді, көркем сөйлеуге көмектеседі, сөзді қастерлеуге тәрбиелейді», - дейді. Өйткені халық баласының тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, дүниетанымын кеңейту мақсатында жаңылтпаштарды пайдаланып келген [2,186.]. Сәбилік кезеңнен өтіп, мектепке дейінгі жас кезеңде жас баланың тіл байлығы өседі. Сәбилік кезеңімен салыстырғанда мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қоры үш есеге артады екен. Мұншалықты сөздік қорының өсуі тұрмыс және тәрбие жағдайларымен тікелей байланыста болады. Жаңылтпаштар тақырып жағынан алуан түрлі. Тұрмысқа қажетті күнделікті қолданылатын заттар, табиғат және табиғи құбылыстар, шаруашылық түрлері, жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі, т.б. тақырыптарды қамтиды.

Шығарма астарында жатқан ойды аңғарып, ой қорытындысын жасау алғашқы кезде балаларға қиынырақ түсуі мүмкін. Бірақ үлкендердің көмегімен бала астарлы мағынаны табуға дағдылана бастайды. Соның нәтижесінде кейін бала өлеңнің, әрбір жұмбақтың, әрбір жаңылтпаш пен өзге де шығармалардың байыбына барып, мазмұнына терең үңіліп, қорытынды шығара білуге үйренеді. Бұл бір жағынан баланың ақыл-ойын, санасын, тілін, логикасын дамытса, екінші жағынан оған рухани, этикалық және эстетикалық тәрбие береді [3,75б.]. Айтылмақ ой жаңылтпаш арқылы тыңдаушыға қызықты да әсерлілігімен көкейге қонымды болып, қарапайым жеткізіледі.

Мысалы: Асан бақша жақтан ақ сабақ асқабақ әкелді, басқа жақтан басқарақ асқабақ әкелді. Мұнда Асанның өз маңдай терін төгіп еңбек еткен бақшасынан алынған асқабақ пен басқа жақтан әкелген асқабағын әдемі де, астарлы, ұтқыр да тапқыр жаңылтпашпен айқындап беріп отыр. Жаңылтпаштар көп жағдайда шағын көлеммен шектеліп, заттың барлық қасиеттерін айтпай-ақ, негізгі белгілерін басшылыққа ала отырып, қысқа да нұсқа түрінде айтылады [4,48б.].

Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тіліне деген құштарлығы артып, ойлау қабілеті шыңдалады. Сондай-ақ баланың аңғарымпаздығы, алғырлығы ұштала түседі. Бұлар, бір жағынан баланың ойлауын жетілдірсе, екінші жағынан сөздік қорын да молайта түседі.

Жаңылтпаш (аз қолданылатын атаулары – тез айтқыш, таза айтқыш, тіл сындырғыш) – халық фольклорының әзіл жанры, шағын өзіндік өлең. Жаңылтпаштар өлеңдерден сөздердегі ұқсас және айтылуы қиын дыбыстар мен әріптердің тіркесі мен орын алмастыруына негізделетіндігімен ерекшеленеді. Жаңылтпаштардың авторы – халық. Бұрын жаңылтпаштар балаларды күлдіру және ойнату үшін ойлап табылатын. Заманауи Қазақстанда қазақша жаңылтпаштарды оқытушылар мен логопедтер мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың сөйлеу қабілетін жақсарту үшін жиі пайдаланады.

Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тіліне деген құштарлығы артып, ойлау қабілеті шыңдалады. Сондай-ақ баланың аңғарымпаздығы, алғырлығы ұштала түседі. Бұлар, бір жағынан баланың ойлауын жетілдірсе, екінші жағынан сөздік қорын да молайта түседі. Жаңылтпаштар өз ұлтын, өз мұрасын мақтан етуге үйретеді. Жаңылтпаштар баланың дүниетанымын, тілін дамытып, кішкене кезден бастап мақсатты іс-әрекетке үйретеді.

Дикцияны қалай жақсартуға болады? деген сұраққа шешендік өнеріңізбен жұртты таң қалдыру үшін дейді. Тіпті ең әдемі сөздердің өзі, дұрыс айтылмай тұрса кері әсер қалдыруы мүмкін. Жақсы дикция жұмысқа орналасуға барғанда, достармен араласқанда, бір сөзбен айтқанда әрқашан және барлығына да керек дей келе жаңылтпаштармен жаттығыңыз.

Дұрыс, аузына жаңғақ толтырып алып жаңылтпаш оқыды. Бұл классикалық жаттығулардың бірі. Бірақ оны дәл осылай жасаудың керегі жоқ. Оңайынан тәсіл қолданыңыз, алдымен жаңылтпашты жаңғақсыз айтып көру керек. Осы сөздерді қиындықсыз айта бастағанда, күрделірек жаңылтпаштарға көшіңіз, содан кейін ғана жаңғақпен жаттығуды бастасаңыз болады.

«Жаңылтпаш айтудың құпиясы ашылды» дейді ғалымдар. Нейробиологтер жаңылтпаштың миға әсерін түңғыш рет бақылады. Дыбысталуы бір-бірінен аумайтын тіркестерді ұйқастыра қайталаудың қиын болатыны нейрондардың жұмысына байланысты екен [5, 77б.].

Бұл туралы NatureNews хабарлайды. Ғалымдардың электрлі-физиологиялық сынағына эпилепсияның ауыр түрімен ауыратын үш пациент қатысқан. Күрделі операция жасатқалы отырған олардың миының сөйлеу әдісіне, жауапты бөлігіне ми қыртысындағы қозуды есептейтін электродтар орналастырылды. Олардың көмегімен нейрондар қызметі жөнінде мол мәлімет алынды. Ми қыртысында бірдей дыбыстарды айтуға жауапты нейрондар болады. Жаңылтпашты айтқан кезде бұл

нейрондар бейберекет қозып, жұмысы шиеленісе түседі, адам сол себепті сөзінен шатасады. Ғалымдардың айтуынша, спунеризмнің (ұқсас дыбыстары бар екі сөзді айтқан кезде олардың бірінің буынының екіншісіне алмасып кетуі) сыры да осында.

Тәрбиелеуде ғасыр бойы пайдаланып келген ауызекі поэтикалық шығармашылығының асыл иректерін – бүгінгі күнге дейін құнын жоймай келген мұраны оқу – тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану көкей тесті мәселе. Себебі, олар біріншіден, оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастырады; екіншіден, логикалық ойлау қаблетін дамытып, ақыл-ой үшқырлығына, шапшаңдыққа баулиды; үшіншіден, халқымыздың тұрмыс- тіршілігінен мағлұмат беріп, ата – салт – дәстүріне аялы көзқарасты қалыптастырады; төртіншіден, әрбір оқушы осы ата дәстүрі мен әдет-ғұрлы арқылы жалпы адамзаттық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алуға мүмкіндік алады; бесіншіден, оқушыда ұлттық сананы, адамгершілік ізгі қасиеттерді, отан сүйгіштікті дамытуға жәрдемдеседі [6, 52б.].

А.Құнанбаев он тоғызыншы қара сөзінде: «Жас кезінен жақсы сөз естіп өскен бала кейін есті адам болады» дейді. Сондықтан баланы жас кезінен бастап тәрбиелік маңызы жоғары халық ойларының кәусар бұлақтарымен сусындату қажет. Себебі, халықтың даналық ойлары халық педагогикасының шамшырағы болған. Ал халық даналығы тәрбиелік мәні зор жаңылтпаштардан көрініс табады [7,41б.].

Қорыта айтқанда, жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тіліне деген құштарлығы артып, ойлау қабілеті шыңдалады. Сондай-ақ баланың аңғарымпаздығы, алғырлығы үштала түседі. Бұлар, бір жағынан баланың ойлауын жетілдірсе, екінші жағынан сөздік қорын да молайта түседі. Жаңылтпаштар өз ұлтын, өз мұрасын мақтан етуге үйретеді. Жаңылтпаштар баланың дүниетанымын, тілін дамытып, кішкене кезден бастап мақсатты іс-әрекетке үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мухина В. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. –Алматы: Білім, 1986. –240б.
2. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Білім, 1998. –250б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том,1948 ж., 23-бет
4. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері. –Алматы: Жазушы, 1965. –131б.
5. Ұзақбаева С. Қазақ халық шығармашылығының балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері. –Алматы: Өнер, 1994. –158б.
6. Байтұрсынов А. Шығармалар жинағы. 1-том. –Алматы: Ана тілі, 2002. –212б.
7. Дәуітұлы Т. Жаңылтпаш - тәрбие құралы // Ұлағат . – 2009. 130-136 бб..

ӘОЖ 551.51

ГЕЛИОЦЕНТРЛІК САНАҚ ЖҮЙЕСІНДЕ АЙ ОРБИТАСЫН ТҮРҒЫЗУ

ОРМАНОВА М.К., БИГАРАЕВА А.К.

36 орта мектебінің физика пәнінің мұғалімдері, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассматривается построение лунной орбиты в гелиоцентрической системе счета.

Summary. The article discusses the construction of the lunar orbit in the heliocentric counting system.

Гелиоцентрлік санақ жүйесінде Ай орбитасын түрғызу есебі салыстырмалы қозғалыстың есебіне сәйкес келеді. Гелиоцентрлік санақ жүйесінде (K жүйесі) Жер радиусы $R_1 = 1.496 \cdot 10^8$ км шеңбер бойымен қозғалады (айналу периоды $T_1 = 3.156 \cdot 10^7$ с). Ай өз кезегінде радиусы $R_2 = 3.844 \cdot 10^5$ км шеңбер бойымен Жерді айнала қозғалады (айналу периоды $T_2 = 2736 \cdot 10^6$). Радиусы R шеңбер бойымен қозғалған материалдық нүктенің қозғалысы келесі заңдылық бойынша өзгеретіндігі белгілі

$$\vec{T}(t) = \begin{pmatrix} R \cos(\omega t + \varphi_0) \\ R \sin(\omega t + \varphi_0) \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} R \cos\left(\frac{2\pi}{T} t + \varphi_0\right) \\ R \sin\left(\frac{2\pi}{T} t + \varphi_0\right) \end{pmatrix}, \quad (1.5)$$

мұндағы φ_0 - бөлшектің күйін сипаттайтын $t=0$ уақыт моментіндегі бастапқы фаза, келешекте бұны нөлге тең деп аламыз. (1.5) өрнектегі R ді R_1 және R_2 мен алмастырып, (1.1) ге апарып қойсақ, гелиоцентрлік координата жүйесінде Айдың радиус-векторының уақытқа тәуелділігін аламыз:

$$\vec{r}(t) = \begin{pmatrix} x(t) \\ y(t) \end{pmatrix} = \begin{pmatrix} R_2 \cos\left(\frac{2\pi}{T_2} t\right) + R_1 \cos\left(\frac{2\pi}{T_1} t\right) \\ R_2 \sin\left(\frac{2\pi}{T_2} t\right) + R_1 \sin\left(\frac{2\pi}{T_1} t\right) \end{pmatrix} \quad (1.6)$$

(1.6) өрнегі Ай орбитасын ($y = y(x(t))$) параметрлік формада береді, мұнда параметр уақыт болып табылады.

Аспан денелерінің қозғалысын - қозғалыс теңдеулерін құру арқылы, қозғалыс теңдеулерін шешу арқылы және табылған шешімдерді бақылаудан табылған мәліметтермен салыстыру арқылы шешуге болады. Аспан денелерінің қозғалыстарын зерттеу үшін аса күрделі теңдеулерді шешу керек. Бұдан кейін аспан денелерінің координаттарының немесе орбита элементтерінің уақыт бойынша тәуелділік функцияларын анықтау керек. Барлық планеталар үшін $x=x(t)$, $y=y(t)$, $z=z(t)$ функциялары белгілі болған жағдайда Күн жүйесі денелерінің орналасуын кез келген уақыт моменті үшін анықтауға болар еді. Есептің шешімі осындай функциялар түрінде алынатын болса, онда шешім аналитикалық түрінде табылған дейді. Планетаның қозғалыс теориясы аналитикалық теория деп аталады. Аспан денелерінің қозғалысының аналитикалық теориясы дегеніміз координаттардың немесе орбита элементтерінің уақыттан тәуелділігін білдіретін формулалар жүйесін айтады. Аналитикалық теориялардың артықшылығы – ол кез-келген уақыт моментіндегі, айталық миллион жылдан кейін немесе миллион жыл бұрын планетаның орналасуын табуға мүмкіндік береді. Бірақ аспан механикасында қолданылатын схемаларды сипаттайтын теңдеулердің дәл аналитикалық

шешімдерін анықтау мүмкін емес. Қазіргі кезде жуықтап шешудің эффективті әдістемелері бар. Олар жеткілікті дәлдікпен, қажетті ұзақ уақыт аралықтарында Күн жүйесі денелерінің орналасуын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар аспан денелерінің қозғалысының теңдеуін сандық есептеулер арқылы да шығаруға болады. Сандық есептеулер әдісінің негізгі идеясы: дененің қозғалысы кезінде, белгілі бір шекті уақыт аралығы ішінде жүріп өткен жолды анықтау үшін, оны ұсақ уақыт аралықтарына бөліп, әрбір ұсақ уақыт аралығында қозғалысты бір қалыпты үдемелі деп есептеп дененің координаттарын есептеп тауып, координаттарды тапқаннан кейін денеге әсер ететін күшін және үдеуін табады. Бұл табылған мәндер келесі уақыт аралығының – «қадамның» - бастапқы мәндері деп алынып, сол қадамның аяғындағы координат, күш және үдеудің мәндерін есептеп шығаруға қолданылады, сөйтіп кез келген шекті уақыт аралықтарында дененің қозғалысын интегралдап шығаруға болады.

Аспан денелерінің қозғалысының аса күрделі есептерінің бірі – Айдың теориясын құруы. Күрделі болуының себебі: Жерге жақындығының арқасында Айдың қозғалысын дәл анықтауға болады, Ай қозғалысында Күн өте күшті ұйытқулар туғызады, Айдың қозғалысын қарастырғанда, Жерді материалдық нүкте деп қарастыруға болмайды. Ай қозғалысының дәл анықтаудың практикада маңызы зор: Жер бетінде кемелерге дұрыс бағдар беру, Жердің өз осінен айналмалы қозғалысын зерттеу және тағы басқа мақсаттар үшін керек.

Жоғарыда қорытылып шығарылған мәліметтерге сүйене отырып Ай орбитасын Mathcad пакетінің көмегімен тұрғызайық.

Mathcad пакетінде қарастырылып отырған орбитаны тұрғызу үшін келесі жолдарды қамтитын құжат ашу керек. Айнымалылардың мәнін Mathcad та жазылу үлгісімен енгіземіз:

1. Жердің және Айдың орбиталарының радиустарын және олардың айналу периодтарын беру қажет.

$$R1 := 1.496 \cdot 10^8 \quad , \quad T1 := 3.156 \cdot 10^7$$

$$R2 := 3.844 \cdot 10^5 \quad , \quad T2 := 2736 \cdot 10^6$$

2. Координатаның уақытқа тәуелділігін көрсететін функцияны беру қажет:

$$X(t) := R1 \cdot \cos\left(\frac{2\pi}{T1} t\right), \quad Y(t) := R1 \cdot \sin\left(\frac{2\pi}{T1} t\right),$$

$$x(t) := R2 \cdot \cos\left(\frac{2\pi}{T2} t\right), \quad y(t) := R1 \cdot \sin\left(\frac{2\pi}{T1} t\right),$$

Төмен индексі бар символды енгізу үшін нүктемен қамтылған айнымалының атын енгізу керек, бұл төменгі индексі бар әріптерді енгізуге мүмкіндік береді:

$$X_g(t) := X(t) + x(t), \quad Y_g(t) := Y(t) + y(t).$$

3. Координаталарды есептеуге қолданылатын уақыт моменттерін беру қажет:

А) Нүкте санын беру қажет, бұл координата мәндерін шығару үшін қажет:

$$N := 1000$$


Б) Уақыт массивін нөмерлеу үшін дискретті айнымалыларды беру қажет. Дискретті айнымалыларды беру үшін 0 санын енгізгеннен кейін «;» теру керек, бұдан кейін Mathcad экранда екі символды қатарынан көрсетеді: $i:=0..N$.

С) $[0; T1]$ уақыт интервалын N тізбектелген уақыт интервалдарына бөлу, соңғы координаталары t_i . Массиві арқылы енгізіледі. Сандық индексті енгізу үшін t енгізгеннен кейін « $[$ » теру керек, бұдан кейін Mathcad сандық индексті енгізу үшін жол ашады:

$$t_i = \frac{T1}{N} \cdot i$$

Д) Жер және Ай орбиталарын тұрғызу фрагменті (уақыт интервалы $[0; t_{100}]$ (1.2 Сурет)).

$$k = 0..100$$




1.2 Сурет

Біздің құрған орбитамыз есепті кеңейтуге және Ай орбитасының әр түрлі радиустары мен айналу периодтарының мәндерінде Айдың орбитасының қалай болатындығын көруге мүмкіндік береді. Мысалы 1.3 суретте гелиоцентрлік жүйе координатасында Ай орбитасы $r = 1,844 \cdot 10^7$ км де тұрғызылған.

1.2 және 1.3 суреттердегі Ай орбиталарын салыстыра отыры, айрықша өзгешелік көреміз. Бұның себебін түсіндіру үшін бірінші және екінші жағдай үшін Ай қозғалысының сызықтық жылдамдығы мен Жердің қозғалысының сызықтық жылдамдығын салыстыруымыз қажет:

Жердің Күнмен салыстырғандағы қозғалысының сызықтық жылдамдығының бағыты Айдың Жермен салыстырғандағы қозғалысының сызықтық жылдамдығының бағыты сияқты уақыт бойынша өзгереді, ал шамасы жағынан жылдамдық тұрақты болып қалады. Гелиоцентрлік координата жүйесінде Ай мен Жердің қозғалыстарының сызықтық жылдамдық қатынастарының сапалы сипаттамасы ретінде Ай қозғалысының сызықтық жылдамдығы мен Жер қозғалысының сызықтық жылдамдығының модульдерінің айырмасын алу керек.



1.3 Сурет

$$v_{omn}(t) = \left| \vec{V}(t) \right| - \frac{\left(\vec{V}(t) \cdot \vec{v}(t) \right)}{\left| \vec{V}(t) \right|} \quad (1.7)$$

Ол үшін құжатты келесі жолдармен толықтыру қажет:

Жердің және Айдың жылдамдықтар құраушыларының өзгеру заңдылығын сипаттайтын функцияларды анықтау керек:



$$Vx(t) := \frac{d}{dt} X(t) \quad Vy(t) := \frac{d}{dt} Y(t)$$

$$vx(t) := \frac{d}{dt} x(t) \quad vy(t) := \frac{d}{dt} y(t)$$

(1.7) берілген функцияны анықтау:

$$D(t) := \sqrt{Vx(t)^2 + Vy(t)^2} - \sqrt{vx(t)^2 + vy(t)^2} \cdot \frac{Vx(t) \cdot vx(t) + Vy(t) \cdot vy(t)}{\sqrt{Vx(t)^2 + Vy(t)^2 \cdot vx(t)^2 + vy(t)^2}}$$

$D(t)$ функциясының графигін тұрғызу



1.4 Сурет. $R_2=3.844*10^5$ км жә не $R_2=3.844*10^7$ кезіндегі $D(t)$ тә уелділігі.

Тәуелділік анализі орбиталардың бір бірінен өзгешелігін түсіндіреді. $D(t)$ функциясы $R_2=3.844*10^5$ км де әр қашан оң болады, яғни Ай әрқашанда Жердің айналу бағытында қозғалады және ешқандай тұзақ болмайды. $R_2=3.844*10^7$ км мәнінде $D(t)$ функциясы әр қашан теріс болады, яғни Айдың қозғалыс бағыты Жердің қозғалыс бағытына қарама қарсы бағытта қозғалатын кездері байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дагаев М.М., Астрофизика, 9 - 11-сынып оқушыларына арналған оқу құралы: Астрономия бойынша оқуға арналған кітап / Дагаев М.М., Чаругин В.М. - Алматы : Рауан, 1999. - 192 б. - ISBN 5-625-03647-0 : 202.00 р.

2. Омаров Т., Күн және табиғи құбылыстар, - Алматы : Қазақстан, 1978.

3. Жаңабаев З.Ж., Жалпы астрономия, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. - Алматы : Қазақ университеті, 2010.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АУГАН ЕСИЛЖАН

Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейінің математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

МУСАГАЛИЕВ Е.Ж.

Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп гимназиясының математика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Резюме. В статье рассмотрены основные проблемы математической статистики.

Summary. The article discusses the main problems of mathematical statistics.

Математикалық статистика анықталмайтын ұғым болып бас жиынтық, таңдама жиынтық табылады. Математикалық статистика ықтималдылық теориясымен бірге 17 ғасырдан пән ретінде келіп шықты. Бұл пәннің дамуына К.Пирсон, Р.Фишер, Ю.Нейман, А.Колмогорова, Марков және т.б. үлкен үлес қосты [1, 33б.]. Математикалық статистика әдістерінің мақсаты статистикалық мәліметтерді жинастыру, оларды өңдеу белгісіз бас жиынтық үлестіруінің параметрлерін және белгісіз үлестіру функцияларын бағалау, сондай-ақ параметрлермен үлестірулер жайындағы статистикалық гипотезаларды тексеру болып есептеледі.

Анықтама. Тәжірибеден алынған мәліметтер бойынша кездейсоқ шамалардың үлестіру заңын және оның параметрлерін анықтайтын математикалық аппарат математикалық статистика деп аталады [2, 3б.].

Математикалық статистика негізгі 3 мәселемен айналысады [2, 7б.].

1) Статистикалық мәліметтерді жинастыру. Оларды өңдей негізінде кездейсоқ шамалардың үлестіру заңын анықтау;

2) Параметрлермен үлестірулер заңы жайындағы статистикалық гипотезаларды тексеру;

3) Белгісіз бас жиынтық үлестіруінің параметрлерін белгісіз үлестіру функцияларын бағалау.

Әрқандай статистикалық бақылау объектілер жиынын қарастырудан басталады. Бұл объектілер әрқайсысы бір объектіден екінші объектіге өткенде өзгеріп отыратын көптеген белгілермен сипатталады. Ал барлық белгілерді бірден қарастыру мүмкін емес. Сондықтан зерттеуші олардың ішіндегі біреуіне көңіл аударып, қалған белгілері үшін жиынтығы объектілерді тең мүмкіндікті леп ұйғарады. Сөйтіп мұндай объектілер жиынын біртекті деп есептейді [2,35б.].

Осындай тәсілмен жасалған біртекті жиынды статистикалық жиынтық деп атайды. Ал оны құрайтын объектілерді жиынтық бірліктері дейміз. Объектілер сандық пен сапалық қасиет және реттік қасиетке ие болуы мүмкін статистика да көп жағдайда екі сапалық белгі болуы [2, 11б.].

Мысалы: белгінің болуы A , болмауы \bar{A} деп қарастырады. Мұндай белгілерді алытернативті белгілер деп аталады.

Анықтама. Бас жиынтық деп – сандық немесе сапалық белгіге ие болатын барлық біртекті объектілерді біріктіретін статистикалық жиынтықты айтамыз [2, 3б.].

Бас жиынтықтағы бірліктер саны шекті немесе шексіз болуы мүмкін. Егер бас жиынтық шексіз немесе өте көп болса, онда зерттеу үшін алынған. Оның бөлігі таңдама жиынтық деп аталады [3, 36б.]. Статистикалық зерттеулердің әрбір жиынтығын бақылау үшін немесе статистикалық тәжірибелер үшін ұйымдастырылады. Статистикалық бақылау қарастырайық деп отырған отырған белгінің жиынтық бірлігін және бақылауды орындау әдісін тағайындауды керек етеді. Статистикалық бақылау бас жиынтықты жаппай немесе таңдау әдістерімен зерттелуді көздейді. Таңдаманың үш түрі бар: 1) репрезентивтік 2) қайталанатын 3) қайталанбайтын.

Таңдама жиынтық ұйымдастыру тәсілдері [4, 30б.]:

1.Кездейсоқ таңдау

2.Механикалық таңдау

3.Сериялық таңдау

4.Типтік таңдау

Сынау нәтижелерді қарастырып отырған белгілердің кездейсоқ шаманың жиынтығы әрбір бірлікке қатысты сандық немесе сапалық өзгеріс туралы мәлімет аламыз.

Анықтама. Белгінің мүмкін мәндері варианта деп аталады. Сынау жүргізілгенде варианттар қалай болса, солай орындалады.

Анықтама. Өспелі варианттар тізбегі вариациялық қатар деп аталады.

Анықтама. Таңдаманың жалпы элементтер саны n таңдама көлемі деп аталады.

Анықтама. Таңдаманың x_i элементтері n_i -рет қайталанған болса n_i -ді, x_i -элементінің абсолютті жиілігі деп атаймыз.

Анықтама. $f_i = \frac{n_i}{n}$ санын x_i - элементінің салыстырмалы жиілігі деп атаймыз.

Анықтама. Вариантаның x_i мәніндегі топтастырылған жиілігі деп – x_i -ден кіші мәндеріне салыстырмалы абсолютті жиіліктердің қосындысын айтамыз. Оны n_x деп белгілейміз.

Анықтама. Дискретті статистикалық қатар деп (x_i, n_i) жұптарының тізбегін аламыз. Ол қатар ретінде берілуі мүмкін. Жалпы жағдайда $\sum_{i=1}^n n_i = n$.

x_i	x_1	x_2	...	x_k
n_i	Π_1	Π_2	...	Π_k

Анықтама. Интервалдық статистикалық қатар деп төмендегі таблицамен анықталады.

(x_i, x_{i+1})	x_1, x_2		(x_k, x_{k+1})
n_i	Π_1		Π_k

$\frac{x_{i+1} - x_i}{2}$ - Интервалдың ұзындығы.

Статистикалық қатарды құру үшін варианттардың ең кіші және ең үлкен мәндерін солардың арасында өспелі түрде жазылады. Әрбір мәндерінің немесе варианттарының жиілігі \exists –ы. Ал интервалдық статистикалық қатарды құру үшін оның өзгеру интервалы кіші интервалдарға бөлінеді. Кіші интервалдар ұзындығы [2,34]:

$h = \frac{x_{\max} - x_{\min}}{1 + 3,32 \lg n}$ формуласымен анықталады.

Кіші интервалдар саны $k = 1 + 3.32 \lg n$.

Графикті кескіндеу:

1.Полигон: Үлестіру полигоны деп - (x_i, n_i) жұптарын қосатын тұйық сынық сызықты көпбұрышты айтамыз (немесе жиілік көпбұрыш деп аталады). Үлестіру полигоны дискретті қатар үшін көбірек қолданылады.

2.Гистограмма – интервалдық статистикалық қатарлар үшін көбірек қолданылады.

$$S_1 = h \cdot f_1 = h \cdot \frac{n_1}{n}$$

1.Егер $S = h \cdot \left(\frac{n_1}{n} + \dots + \frac{n_k}{n} \right) = \frac{h}{n} (n_1 + \dots + n_k) = h$.

2.Егер $P_i = \frac{n_i}{h} \Rightarrow S = h \cdot \left(\frac{n_1}{h} + \dots + \frac{n_k}{h} \right) = n$.

3. Егер биіктігі $\frac{f_i}{h}$ деп алсақ, онда $S = 1$.

[3, 346.]. Полигон – дискреттік және интервалдық қатарларды бейнелеуге арналған график. Координаталар жүйесінде X бойымен варианттар, Y бойымен жиіліктер алынады. Гистограмма – тек қана интервалдық қатарды бейнелейді. Координаталар жүйесінде X бойымен интервалдар, Y бойымен жиіліктер алынады. Кумулята – жинақталған жиіліктер қисығы. Координаталар жүйесінде X бойымен варианттар, Y бойымен жинақталған жиіліктер алынады. Огиа – кумулятаға керісінше, X бойымен жинақталған жиіліктер, Y бойымен варианттар алынады.

Эмпериялық үлестіру функциясы. Айталық бас жиынтықтан алынған таңдама берілген болсын. Оның сандық x белгісінің статистикалық үлестіру функциясын табуды қарастырамыз. Оның [2] үлкен

таңдамаларының топтастырылған n_x - жиілігі берілген болсын, онда $X < x$ болу оқиғасының

салыстырмалы жиілігі $\frac{n_x}{n}$ -ді өзгеріп отырады, яғни салыстырмалы жиілік X -ң функциясы болады.

Ал бұл функция сынау нәтижелерде анықтауына байланысты эмпериялық функция болады.

Анықтама. Эмпериялық үлестіру функциясы деп – X белгілердің әрбір x мәніне сәйкес анықталатын $X < x$ оқиғасының салыстырмалы жиілігін анықтайтын $F^*(x)$ деп белгіленетін функциясын аламыз [2,15]

$$F^*(x) = \frac{n_x}{n}$$

$F(x)$ - теориялық үлестіру функция (интервалдық).

Айта кететін бір жағдай Бернуллі теоремасына сол сияқты (үлкен сандар тізбегінің) $X < x$ оқиғасының салыстырмалы жиілігі таңдама көлемі n үлкен санға ұмтылсада сол оқиғаның ықтималдығы $F(x)$ функциясына ұмтылады, яғни [3, 206.]

$$\lim_{n \rightarrow \infty} P(|F(x) - F^*(x)| < \varepsilon) = 1.$$

Қасиеттері (Эмпериялық үлестіру функция)[20]:

1⁰ $F^*(x) \in [0,1]$ мәндері жатады.

2⁰ $F^*(x)$ кемімейтін функция

3⁰ Егер x_{\min} варианта болса $F^*(x) = 0$ $x < x_{\min}$ үшін

ал x_{\max} варианта болса $F^*(x) = 1$ $x > x_{\max}$.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бектаев К.Б., Пиотровский Р.Г., Математические методы в языкознании, ч.1, Теория вероятностей и моделирование нормы языка. – А., 1973;
2. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика. <https://aues.kz>
3. Бектаев К.Б., Математические методы в языкознании. Т. 2. – А., 1973.74 (соавт.);
4. Ваховский Е.Б., Рывкин А.А. Задачи по элементарной математики. Издательство: Наука. – М., 1971. – 360 с.

**САНАҚ ЖҮЙЕСІНДЕ МАРС ОРБИТАСЫН ЖЕРМЕН
БАЙЛАНЫСТЫРЫП ТҮРҒЫЗУ**

ТАЖИБАЕВА Г.Т.

Баратай ауылының негізгі орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы

Түйіндеме. В статье рассматриваются вопросы построения орбиты Марса в системе отсчета с привязкой к земле.

Summary. The article deals with the construction of the orbit of Mars in the reference frame with reference to the earth.

Кинематикалық тұрғыдан қарағанда бұл есеп салыстырмалы қозғалысқа арналған екінші есептің берілгеніне ұқсайды. Гелиоцентрлік санақ жүйесінде (K жүйесі) Жер радиусы $R_1=1.496 \cdot 10^8$ км шеңбер бойымен қозғалады, ал айналу периоды $T_1=365.24$ тәулік. Марс эллипс бойымен қозғалады, үлкен жарты осі $a_M=2.28 \cdot 10^8$ км, ал айналу периоды $T_M=689.98$ тәулік, орбита эксцентриситеті $e=0.093$. Жердің қозғалысы (1.5) өрнекте берілген радиус-вектормен сипатталады. Марс орбитасы эллипс тәрізді болғандықтан $x = x(t)$, $y = y(t)$ уақыт бойынша тәуелділігі келесі түрде беріледі:

$$x(\xi) = a_M (\cos \xi - e) \tag{1.8}$$

$$y(\xi) = a_M \sqrt{1 - e^2} \sin \xi \tag{1.9}$$

$$t(\xi) = \frac{T_M}{2 \cdot \pi} (\xi - e \cdot \sin \xi) \tag{1.10}$$

Эллипс бойынша толық айналым ξ параметрінің 0 ден 2π - ге дейінгі өзгерісінде болады. Марс орбитасын тұрғызу үшін гелиоцентрлік санақ жүйесінде Жер мен Марстың күйін сипаттайтын радиус –вектордың координаталарын есептеу керек. Одан кейін (1.3) өрнекке сәйкес Марс орбитасының санақ жүйесіндегі координаталарын Жермен байланыстырып есептеу керек. Осы тізбекті есептеу алгоритмі арқылы жазайық.

1. ξ параметрінің өзгерісінің интервалын беру керек.
2. ξ параметрінің өзгерісін N тізбектелген интервалдарға бөлу.
- 3.(1.10), (1.8), (1.9) өрнектеріне сәйкес ξ әр бір айнымалы үшін есептеу.
- 4.Уақыттың әр бір мәні үшін (1.5) өрнекке сәйкес Жер қозғалысының координаталарын есептеу.
- 5.Уақыттың әр бір мәні үшін санақ жүйесінде Марс орбитасының координаталарын Жермен байланыстырып есептеу.
- 6.Гелиоцентрлік санақ жүйесіндеМарстың Жермен байланысты орбитасын тұрғызу. Жоғарыда көрсетілген алгоритм Mathcad пакетінде келесі түрде орындалады:

1.Жер және Марс орбиталарының параметрлерін беру:

$$R_1:=1.496 \cdot 10^8, T_1:=365.24, \\ a_M:=2.28 \cdot 10^8, T_M:=689.98 \quad e:=0.093.$$

(1.5), (1.8) - (1.10) өрнектеріне сәйкес функцияны беру:

$$x(\xi) = a_M (\cos \xi - e), \quad y(\xi) = a_M \sqrt{1 - e^2} \sin \xi, \quad t(\xi) = \frac{T_M}{2 \cdot \pi} (\xi - e \cdot \sin \xi),$$

$$X(t) := R_1 \cdot \cos\left(\frac{2\pi}{T_1} t\right) \quad Y(t) := R_1 \cdot \sin\left(\frac{2\pi}{T_1} t\right)$$


2. ξ параметрінің өзгеру интервалын N интервалдарға бөлейік:

$K:=9$ – Марстың Күнді айнала қозғалуындағы айналу периодының саны,

$$N := 4000 \cdot K, i := 0 \dots N$$

$$\xi_i := \frac{2 \cdot \pi}{N} \cdot i$$

1. Жер мен Марс орбиталарын гелиоцентрлік санақ жүйесінде тұрғызу (Сурет 1.5).



1.5 Сурет

Марс қозғалысының негізгі сипаттамаларының бірі Жер мен Марстың ара қашықтығы $s(t)$. Ара қашықтық Жермен байланысты Марстың санақ жүйесіндегі орнын сипаттайтын радиус-вектордың модулі арқылы анықталады. Жер мен Марстың ара қашықтығының уақытқа тәуелділігі 1.6 суретте көрсетілген.

1.6 суретте көрсетілген тәуелділік анализі Жер мен Марстың қашықтығы уақыттың күрделі периодты функциясы екендігін көрсетеді.


Бірінші жуықтауларда Марс орбитасын шеңбер ретінде қарастыруымызға болады, сондықтан да $s(t)$ функциясы келесі түрде жазылады:

$$S(t) = \sqrt{R_M^2 + R_1^2 - 2R_M R_1 \cos \left[2\pi \left(\frac{T_M - T_1}{T_M T_1} \right) \right]} \quad (1.11)$$


Бұдан $s(t)$ периодты функция екендігі көрініп тұр

$$T_s = \frac{T_M T_1}{T_M - T_1} \quad (1.12)$$

(1.11) өрнекте көрсетілген $s(t)$ тәуелділігі 1.7 суретте көрсетілген.



1.6 Сурет



1.7 Сурет

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Омаров Т., Күн және табиғи құбылыстар, – Алматы : Қазақстан, 1978ж.
2. Жаңабаев З.Ж. Жалпы астрономия. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы : Қазақ университеті, 2010ж.
3. Кирьянов Д.В. Мультимедийный учебник по Mathcad 14

«SMART-МЕКТЕП» ЖОБАСЫН ҚҰРАСТЫРУДА БҮЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

БАЙТУГАНОВА А.О., НҮРСЕЙТОВА А.К.

№51 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімдері, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. Это статья содержит информацию о разработке системы «Smart-школа», которое будет полностью реализовано за счет облачных технологий и Интернета вещей.

А также предусматривается разработка и внедрение программного обеспечения Smart - network (сетевая система), Smart-Light (система освещения), Smart-Heat (система отопления), Smart-Energy (электрическая система) в целях повышения уровня безопасности школы.

Summary. This article contains information on the development of the "Smart School" system, which will be fully implemented through cloud technologies and the Internet of Things.

It also provides for the development and implementation of software Smart - network (network system), Smart-Light (lighting system), Smart-Heat (heating system), Smart-Energy (electrical system) in order to improve the safety level of the school.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылы бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2022 жылы халықтың цифрлық сауаттылық деңгейін – 83%-ға арттыру көзделген.

Цифрлық технологиялардың мұндай қарқынды дамуы әсіресе орта мектеп білім алушыларының білімі мен білік дағдыларына жаңа талаптар енгізуіне әкеледі.

Жұмыстың өзектілігіне келетін болсақ, білім беру процесінде smart-ортаның қалыптасуы, сапалы smart-білім беру үшін, Smart-мектеп жүйесін құрастыру қажет екендігі қарастырылады. Smart-мектеп жүйесін құрастырудың негізгі принциптерін ұсынамыз.

Жұмыстың мақсаты- бұлтты технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік және жеке тұтынушыларға арналған Smart-мектеп жүйесін әзірлеу. Бұл жүйе оқушылардың қауіпсіздігін жақсартуға, балалар қылмысының пайызын азайтуға, тәртіп орнатуға, мектептегі жүйелерді автоматтандыруға бағытталған.

Ол үшін келесі міндеттерді орындау қажет:

1. Smart-мектеп жүйесін құрудың негізгі принциптерін анықтау;
2. Ең қолайлы бұлтты технологияларды қолдану;
3. Жүйенің құрылымын дамыту;
4. Жүйеге арналған модельдер пакетін әзірлеу;
5. Smart-мектеп жүйесінің жұмыс істеу механизмдерін зерттеу;
6. Жүйенің өзіндік құны мен экономикалық тиімділігін анықтау.

Smart-мектеп жүйесін автоматтандыруда бұлтты технологиялардың түрлерінің ерекшеліктерін ескеріп, интеграциялау және инновациялау әдістерін пайдаландық.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы - Smart-мектеп жүйесін автоматтандыруда бұлтты технологияларды қолдану және бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы ақылды құрылғыларды енгізу. Атап айтатын болсақ: Smart- network (Желі жүйесі), Smart-Light (Жарықтандыру жүйесі), Smart-Heat (Жылу жүйесі), Smart-Energy (Электр жүйесі) бағдарламалық жасақтамаларын әзірлеу және енгізу.

Жұмысты іске асырудан күтілетін нәтиже:

- бөгде адамдардың мектептерге енуін алдын алу;
- штаттан тыс жағдайлардың алдын алуы;
- энергия ресурстарының шығынын азайту арқылы қоршаған ортаға теріс әсер азаяды және оған келтірілетін зиянның азаюы;
- жылу беру ресурстарын қашықтан басқару мүмкіндігі, денсаулыққа зиян келтірмеуі;
- мектеп асханаларында оқушыларға қызмет көрсетудің ыңғайлылығы және қызмет көрсету сапасын бақылау;
- кітапхана қорын автоматтандыру;
- бейнебақылау материалдарына қол жеткізу, инциденттерді тексеру рәсімін жеңілдету;
- оқушылардың сабаққа қатысуы туралы ата-аналарды ақпараттандыру;

- сандық білім беру ресурстарының арқасында білім алушыларға ұсынылатын оқу материалына қызығушылығын арттыру.

Жалпы білім беруде, яғни білім беру ошақтарында заманауи бұлтты технологияларды қолдану, оқыту мен тәрбиелеуде жаңа мүмкіндіктер ашады.

Соңғы дерек бойынша, «Қазірдің өзінде интернетке 35 миллиард құрылғы қосылған және деректермен алмасуды жүзеге асырады, бұл цифр әлемдегі тұрғындардың жалпы санынан бес есе артық» [Syiryglyk Qazaqstan, 2017: 6].

Осы орайда "Smart - мектеп" термині әртүрлі жобаларды таныстыру кезінде жиі қолданылады.

"Ақылды" немесе Smart - ортаны жобалауды біз мақсат ретінде емес, бұқаралық мектептің негізгі міндетін шешудің құралы, тетігі ретінде қарастырамыз – білім беру процесіне қатысушылардың әртүрлі топтарының білім беру қызметтерінің кең спектріне тең қол жетімділігі үшін жағдай жасау, басқару механизмін жетілдіру және нәтижесінде білім сапасын жақсарту [2, 137б.]

Smart-мектеп - бұл ақылды, жоғары технологиялық құрылғылар. Барлық құрылғылар бір желіге қосылған, бұл ақауларды оңай және үздіксіз анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

Smart-мектептің негізгі идеясы - жеке жүйелерді өмірді жеңілдету үшін оларды басқаратын құрылғылар жиынтығына біріктіру.

Smart-мектеп - бұл мектепте кенеттен болатын жағдайларды тануға және оларға жауап беруге және оларды сәйкесінше өзгертуге мүмкіндік беретін жүйе: жүйелердің бірі бұрын жасалған алгоритмдерге сәйкес басқалардың әрекетін басқара алады. Мектеп барлық басқару жүйелері бір - бірімен минималды шығынмен оңай байланысатын етіп салынған, ал техникалық қызмет көрсету оңай және қолжетімді. Жоспар жүйенің конфигурациясын толықтыруға және өзгертуге мүмкіндік береді.

Уақыт өте келе мектепте жасанды интеллект болады. Осыдан кейін оны интеллектуалды деп атауға болады. Жүйелер қоршау жүйесін қоса алғанда, бүкіл мектептің жұмысын және күйін сақтап, өзгерте алады және қажет болған жағдайда өз бетінше шешім қабылдай алады.[3,78б.]

Қазіргі уақытта технология мектепті автоматтандыруды модульдік түрде жасауға мүмкіндік береді. Smart-мектеп сізге тек қажет функцияларды таңдауға мүмкіндік береді. Smart-мектеп - бұл интернет заттар (IoT) дамытудың басым бағыттарының бірі, онда көптеген компаниялар жұмыс істейді, олар тұтынушылық жабдықты басқару мен құрылғылар арасында деректер алмасуды белсенді түрде енгізе бастады [4,16б.]

Бұлтты есептеу идеясы 1960 жылы пайда болды, Джон Маккарти болашақта компьютерлік есептеулерді «танымал утилиталар» көмегімен жүргізуді ұсынды.

Бұлтты қызметтерді ұсынудың кез келген түрін таңдағанда, бұлт түріне қатысты шешім қабылдау қажет. Корпоративтік деректердің қауіпсіздігі бұлт түріне байланысты болуы мүмкін.

Жалпы бұлт - инфрақұрылымды пайдаланушылардың үлкен топтары үшін провайдер құратын және басқаратын ортақ бұлт.

Гибридті бұлт – бұл алдыңғы екі модельдің комбинациясы. Деректер мен қосымшаларды жеке және ашық бұлттар арасында импорттауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта бұлт қызметінің үш негізгі моделі бар:

1. Қызмет ретінде инфрақұрылым (IaaS).
2. Платформа қызмет ретінде (Platform as, and Service немесе PaaS).
3. Бағдарламалық қамтамасыз ету қызмет ретінде (Soft ware as a Service немесе SaaS).

[5, 43б.]

Қазіргі уақытта орнатылып жатқан Smart-мектеп жүйелерінің көпшілігінде қашықтан Интернетке қосылу жоқ. Сонымен қатар, үнемі желіде болатын мобильді құрылғылар, әдеттегідей, барлығына дерлік қол жетімді.

1999 жылы MIT жанындағы автоматты сәйкестендіру орталығының негізін қалаушы Кевин Эштон «Заттар интернеті» терминін қолданды. Факт бойынша жаңа буын заттары «ақылды» ғана емес, сонымен қатар қашықтықта жұмыс жасайтын- Интернет заттары болады.

Цифрлық Smart-мектеп жүйесін жабдықтау үшін интеграторлар мектептің құрылымдық компоненттерін біріктіретін арнайы бағдарламалық жасақтаманы тиімді пайдалана алады. Бұл қиындықтарды шешу үшін Microsoft Azure IoT Suite сияқты технологияларды қолдануға болады. Бұл өндірістік автоматтандыру жүйелерінде төмен деңгейлі мамандандырылған жетектер мен сенсорлар бар. Бұл жүйелер мектептегі процестерді визуализациялау, деректер тарихын мұрағаттау және соңғы нүкте параметрлерін анықтайтын алгоритмдерді орындау үшін контроллермен байланысып, стандартты өндірістік хаттамаларды қолданады, содан кейін ақпаратты бұлтқа жібереді [6, 73б.]

Smart-мектептерді бірнеше SCADA / HMI жүйелері басқара алады, бірақ олар бір - бірімен байланысты емес. Мысалы, жүйелер: Е-кітапхана, жылу жүйесі, дабыл, турникетті басқару және басқада жүйелер автономды болуы мүмкін. Сонымен қатар, мектептегі мұндай шешімдер бұлтты қызметтерге қол жеткізу үшін қарапайым интернет - арналарды қолдана алады және оларды қарапайым өндірістік автоматтандыру желісінен Smart-мектеп жүйесіне айналдырады. Сонымен қатар, Интернетке қосылудың қосымша арнасы бар көптеген сенсорлар мен сақтау құрылғылары бұлттың құрамына кіреді. Олар Smart-network деген атауға ие. Шын мәнінде, Smart-желілер, құрылғылар мен жүйелер бұлтпен өзара әрекеттесе алады және олардың арасында байланыс орнатады.

Бірақ білім алушының Интернетке кіру мүмкіндігі болмаса, кім жауап береді? Шын мәнінде, Smart-мектеп автоматтандыру жүйелері істен шыққан немесе басқа да бұзылған жағдайда апаттық есеп әрқашан сақталуы тиіс. Мысалы, «сыртқы әлемге» қосылмаған диск алдын ала жоспарланған және алдын ала бағдарланған режимге ауысуы керек, тіпті тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінде электр қуаты үзілген жағдайда да мұндай ақаулыққа жауап ретінде әрекет ету қажет. Міне, осындай апатты жағдайларда Smart - Energy автоматты түрде іске қосылып, өз функциясын атқарады.

Сонымен қатар, Microsoft Azure мысалын қолдана отырып, бұлтты шешім Articulation бағдарламалау интерфейсіне негізделген өзара әрекеттесетін компоненттердің тұтас жиынтығын алуға болады. Осылайша, сенсорлар мен Smart-мектеп жүйелерінен ақпаратты Microsoft Azure IoT орталығына жіберуге болады [7, 28б.]

«Smart-мектеп» жобасы келесі бөлімдер мен бөлімшелерді қамтиды:

1. Жарықтандыру жүйесін жаңғырту;
2. Жылу жүйесін жаңғырту;
3. Электрмен жабдықтау жүйесін жаңғырту;
4. Энергияны басқару жүйесін құру.

«Smart-мектеп» жобасындағы жаңа жүйелерді енгізу AVR микроконтроллерлері үшін Code Vision AVR интеграцияланған бағдарламалық қамтамасыз ету ортасында жүзеге асырылатын болады. Code Vision AVR интеграцияланған ортасы C ++ тілінің кросс-компиляторы болып табылады. [8, 104б.]

Қазіргі таңда әлем ғалымдары білім берудің жаңа парадигмаларын жан-жақты қарастырып, оның оңтайлы шешімін табуға ұмтылуда. Сол себепті жұмыстың тақырыбын «Smart-мектеп» жобасын құрастыруда бұлтты технологияларды қолдану деп таңдадым.

Жұмыста бұлтты қызметтердің негізгі модельдері мен түрлері қарастырылады. Smart-мектеп жүйесін іске асыру үшін SaaS моделі қолданылады. Ақылды жүйелерді басқаруға арналған микроконтроллерлер Code Vision AVR интеграцияланған бағдарламалық қамтамасыз ету ортасында C ++ тілінің кітапханаларының көмегімен жүзеге асырылатыны қарастырылады.

Мұндай жүйе өзінің функционалдылығын одан әрі кеңейте алады, осылайша бұл жүйені нақты жағдайда қолданудың өзектілігін кеңейтеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылы бекітілген «Цифрлық

Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының 4-бағытында «Адами капиталды дамыту» үшін креативті қоғам құру керектігі жазылған. 4-бағыттың екі міндеті көрсетілген:

- 1-міндет. Бастауыш және орта білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру;
- 2-міндет. Тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру (даярлау, қайта даярлау).

Smart-мектеп жүйесін құрастырып, қолданысқа енгізу еліміздегі цифрлық сауаттылықты едәуір арттыратыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Цифрлы Қазақстан». Мемлекеттік бағдарлама.2017 ж.
- 2.Жакупов А., SMART 2.0. Как ставить цели, которые работают. 2021. Издательские решения.2018
- 3.Крис Скиннер «Цифровой человек. Четвёртая революция в истории человечества, которая затронет каждого». "Манн, Иванов и Фербер", -2018
- 4.Антти Суомалайнен. Интернет вещей: видео, аудио, коммутация. ДМК Пресс-2019 г.
5. Костюк А.И. Организация облачных и GRID-вычислений. Южный Федеральный Университет-2019 г.
- 6.Дэниел Мол. Создание облачных, мобильных и веб-приложений на F#. ДМК Пресс-2015.

7. Александр Сенько. Работа с Big Data в облаках. Обработка и хранение данных с примерами из Microsoft Azure (pdf+epub). Питер-2019 г.

8. Марко Шварц. Интернет вещей с ESP8266. БХВ-Петербург-2018 г.

ӘОЖ 551.42

ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ БЕЙНЕЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ

КАЛИЕВА А.К., БИЖУМАНОВА М.Т.

Талапкер ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің физика пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы

Резюме. В статье рассматривается структура и описание программы изображения физических явлений

Summary. The article discusses the structure and description of the program of the image of physical phenomena

Физикалық құбылыстардың болмысы отыз анимацияланған демонстрациялар көмегімен ашылып көрсетілген. Білімнің мұндай көрнекі көрсетілімі оқушының физикалық құбылыстарды терең түсінуіне көмегін тигізеді. «Механика» бөлімінде он анимация, «Оптика» бөлімінде бес анимация, «Термодинамика» бөлімінде төрт анимация, «Толқындар» бөлімінде алты анимация, «Электр және электромагниттік құбылыстар» бөлімінде бес анимация.

«Механика» бөлімінде бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар, денелердің жердің гравитациялық өрісіндегі еркін қозғалысы, денелердің жерге құлауы (Галилейдің тәжірибесі), дененің өз көлеміне тең суды ығыстыруы (Архимед заңы), жер серіктерінің қозғалысы, деформация, импульстың сақталуы құбылыстарына анимациялар келтірілген.

«Оптика» бөлімінде жарықтың сынуы және шағылысуы, линза дисторсиясы, түс спектрі, шыны призмадағы жарықтың дисперсия құбылыстарына анимациялар келтірілген.

«Термодинамика» бөлімінде адиабаталық газдың сығылуы және ұлғаюы, броундық қозғалыс, молекуланың газдағы еркін жүру ұзындығы, найзағай құбылыстарына анимациялар келтірілген.

«Толқындар» бөлімінде акустикалық толқындардың генерациясы, соққы толқындар, соққы толқындардың шағылуы, су бетінде толқындардың таралуы құбылыстарына анимациялар келтірілген.

«Электр және электромагниттік құбылыстар» бөлімінде сызықты поляризацияланған электромагниттік толқынның таралуы, тоғысқан электр және магниттік өрістерде зарядталған бөлшектің қозғалысы, ферромагнетиктердегі магниттік құбылыстарына анимациялар келтірілген.

Бағдарламаны жүктеу Start.exe файлын тышқанның сол жақ батырмасын екі рет шерту арқылы орындалады. Бағдарлама жүктелгеннен кейін бет басы анимациясы ойнайды (сурет 2.11).




Сурет 2.11. Бет басы анимациясы

Бет басы анимациясы ойнап біткеннен кейін бағдарламаның басты беті ашылады (Сурет 2.12).

Басты бетте:

- Авторлар ұжымы;
- Механика;
- Оптика;
- Термодинамика;
- Толқындар;
- Электр және электромагниттік құбылыстар атты бөлімдердің батырмалары орналастырылған.



Сурет 2.12. Бағдарламаның басты беті

Негізгі беттің «Авторлар ұжымы» батырмасын басқан кезде дипломдық жұмыстың жетекшісі және орындаған адам туралы қысқаша мәліметтер жазылған терезе ашылады (Сурет 2.13).

Басты беттің «Авторлар ұжымы» бөлімінен басқа бөлімдерде сәйкесінше анимациялар тізімі шығады. Әр анимацияның жанында «Play» батырмасы орналасқан және анимацияның оң жағында сол анимацияға қатысты қысқаша түсініктемесі жазылған. Мысалы: «Оптика» бөлімінде 2.14 суретте көрсетілген анимациялар терезесі ашылады.



Сурет 2.14. Бағдарламаның «Оптика» бөлімі

Егерде «Play» батырмасын шертсек анимация терезесі ашылады (Сурет 2.15).



Сурет 2.15. Анимация терезесі

Әр анимацияның оң жағында түсініктемесі бар. Сол түсініктемесінің үстінен шертетін болсақ, онда анимация жайында қысқаша ақпарат терезесі ашылады (Сурет 2.16).



Сурет 2.16. Анимация жайында жазылған ақпарат терезесі

Барлық терезелердің жоғарғы жағында «Артқа», «Келесі», «Бас бетке өту» және «Бағдарламадан шығу» батырмалары орналастырылған. Әр батырма сәйкесінше қызмет атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бурлаков М. В. Самоучитель Macromedia Flash MX / М. В. Бурлаков. – СПб.: БХВ-Петербург, 2006.
2. Дронов В. Macromedia Flash MX. Экспресс курс / В. Дронов. – СПб.: БХВ-Петербург, 2006.

3. Китинг Д. Flash MX. Искусство создания web-сайтов / Д. Китинг. – СПб: ДиаСофтЮП, 2006.
 4. Кишик А. Н. Flash MX. Эффективный самоучитель / А. Н. Кишик, П. Г. Галушкин. – СПб: ДиаСофт ЮП, 2007.

ӘОЖ 51:140

ПАРАМЕТРЛЕРДІ СЕНІМДІЛІК ИНТЕРВАЛДАР АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ

КАШКИНБАЕВ А.Н.

Олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат колледжінің физика-математика пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

КАШКИНБАЕВА М.Н.

№36 орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

Резюме. В статье рассмотрены формы оценки параметров через доверительные интервалы.
Summary. The article considers the forms of parameter estimation at confidence intervals.

Белгісіз параметр θ - ң бір ғана θ^* санымен бағалауды төмендегідей бір үлкен кемістігі бар [1, 126.]:

Бірнеше параметрлері бойынша қисынды, ығыспаған, тиімді баға талаптарына жауап бере отырып, бұл бағалау бас жиынның параметрлеріне жуықтау дәлдігі мен сенімділігі туралы мәлімет бермейді. Бұл кемістік бақылау саны аз болсада көбірек байқалады.

Сондықтан мұндай кемістік болмау үшін бағалаудың сенімділік интервалы ұғымын қарастырамыз.

Сенімділік интервалдар тәсілін бірінші рет америка ғалымы Ю.Нейман қарастырған [2, 206.].

Бас жиында анықталатын X кездейсоқ шама берілген болсын.

Анықтама 1. θ -параметрлердің θ^* бағасы бойынша сенімділік немесе сенімділік ықтималдығы деп (*) $|\theta - \theta^*| < \delta$ теңсіздігінің орындалу ықтималдылығы γ -ны айтамыз, яғни

$$P(|\theta - \theta^*| < \delta) = \gamma$$

Сенімділік ықтималдылық алдын-ала берілуі керек. Ол бірге жуық сан.

Практикада:

$$\gamma: 0,995; 0,99; 0,999.$$

$$-\delta < \theta - \theta^* < \delta$$

$$\theta^* - \delta < \theta < \theta^* + \delta$$

Анықтама 2. Төмендегі шартты қанағаттандыратын

$$P(\theta^* - \delta < \theta < \theta^* + \delta) = \gamma$$

$$J = (\theta^* - \delta; \theta^* + \delta) \quad \text{интервалы сенімділік интервалы деп аталады.}$$

Сенімділік интервалының ұзындығы қанша кіші болса θ параметрдің бағалау дәлдігі соншалықты көбірек болады немесе жоғары болады.

Бас жиынның орташа квадраттық ауытқуы σ белгілі болғанда сенімділік интервалын табамыз. γ - берілген X - кездейсоқ шама нормалы заңмен берілген.

$$M(x) = a$$

$$\sigma = \sqrt{D(x)}$$

x_1, x_2, \dots, x_n - X кездейсоқ шаманың мәндері (сынау жүзгізу).

Кездейсоқ шама X -н x_1, \dots, x_n мәндерін бірдей үлестірген тәуелсіз кездейсоқ шамалар деп есептеуге болады, яғни X_1, \dots, X_n тәуелсіз кездейсоқ шама деп есептеуге болады (Нормалы заңымен берілген):

$$M(x_i) = a \quad D(x_i) = \sigma^2$$

$$M(\bar{x}) = a \quad D(\bar{x}) = \frac{\sigma^2}{n}$$

$$P(|\theta - \theta^*| < \delta) = \gamma \Rightarrow P(|a - \bar{x}| < \delta) = \gamma \quad (****)$$

$$-\delta < a - \bar{x} < \delta \Rightarrow \bar{x} - \delta < a < \bar{x} + \delta$$

$$P(\alpha < x < \beta) = \Phi\left(\frac{\beta - a}{\sigma}\right) - \Phi\left(\frac{\alpha - a}{\sigma}\right)$$

$$P(|x - a| < \delta) = 2\Phi\left(\frac{\delta}{\sigma}\right). \quad (*****)$$

(*****) және (****) салыстырсақ.

$$2\Phi\left(\frac{\delta}{\sigma(x)}\right) = \gamma.$$

$$\sigma(\bar{x}) = \frac{\sigma(x)}{\sqrt{n}} \Rightarrow \sigma(x) = \sqrt{n}\sigma(\bar{x})$$

$$\frac{\delta}{\sigma(\bar{x})} \quad t = \frac{\delta \cdot \sqrt{n}}{\sigma(x)} \quad \delta = \frac{t \cdot \sigma}{\sqrt{n}}$$

$$\bar{x} - \frac{t \cdot \sigma}{\sqrt{n}} < a < \bar{x} + \frac{t \cdot \sigma}{\sqrt{n}}$$

γ - сенімділік ықтималдылық.

$$J_a = \left(\bar{x} - \frac{t \cdot \sigma}{\sqrt{n}}, \bar{x} + \frac{t \cdot \sigma}{\sqrt{n}} \right)$$

Таңдама берілген болса [2,34]

1. σ , γ , n болса, онда \bar{x} табамыз.

2. $\Phi(t) = \frac{\gamma}{2}$ таблицадан t -ны анықтаймыз.

3. (7) – формуладан сенімділік интервалын табамыз.

X кездейсоқ шама анықталған.

Бас жиын Нормалы заңмен берілген болса және X кездейсоқ шаманың математикалық күтімі анықталмаған болған. Бірақ сенімділік ықтималдығы γ және арифметикалық ортасы \bar{x}

түзетілген тәжірибелік дисперсия \bar{S}^2 белгілі болатын. Онда математикалық күтімі $M(x)$ сенімділік интервалын табу үшін Стьюдент заңымен берілген кездейсоқ шамадан пайдаланамыз. Ол

$$T = \frac{x - a}{\bar{S}} \cdot \sqrt{n}$$

формуламен анықталады.

Бұл функцияның тығыздығы (Стьюдент)

$$f(t) = S(t, n) = \frac{r\left(\frac{n}{2}\right)}{\sqrt{\Pi(n-1)} \cdot r\left(\frac{n-1}{2}\right)} \left(1 + \frac{t^2}{n-1}\right)^{-\frac{n}{2}}$$

$r\left(\frac{n}{2}\right)$ - гамма функция $n \in N$

Жоғарыдағы формула бойынша $k-1 = \vartheta - f(t)$ еркіндік дәрежесі деп аталады.

$$P(|T| < t_\gamma) = \gamma$$

$t_\gamma - \gamma$ сенімділік ықтималдығына байланысты \forall сан [2,34]

$$P\left(\left|\frac{\bar{x} - a}{\bar{S}} \cdot \sqrt{n}\right| < t_\gamma\right) = \gamma = 2 \int_0^{t_\gamma} S(t, n) dt$$

t_γ -ң мәнін

есептеу үшін таблицадан пайдаланамыз.

$$\begin{aligned} \left|\frac{\bar{x} - a}{\bar{S}}\right| &< t_\gamma \\ -t_\gamma &< \frac{(\bar{x} - a)\sqrt{n}}{\bar{S}} < t_\gamma \\ \frac{-t_\gamma \cdot \bar{S}}{\sqrt{n}} &< \bar{x} - a < \frac{t_\gamma \cdot \bar{S}}{\sqrt{n}} \\ \bar{x} - \frac{t_\gamma \cdot \bar{S}}{\sqrt{n}} &< a < \bar{x} + \frac{t_\gamma \cdot \bar{S}}{\sqrt{n}} \\ J_a &= \left(\bar{x} - \frac{t_\gamma \cdot \bar{S}}{\sqrt{n}}, \bar{x} + \frac{t_\gamma \cdot \bar{S}}{\sqrt{n}}\right) \end{aligned}$$

σ – берілмеген кездегі математикалық

күтім үшін сенімділік интервалы [2,17].

$$\bar{S} = \sqrt{\bar{S}^2} = \sqrt{\frac{n}{n-1}} S^2$$

$n > 30$ болған болса t_γ Лаплас функциясының t мәнімен тең болады.

Мысалы 1: $n = 16$ $\bar{x} = 20,2$ $\bar{S} = 0,8$ $\gamma = 0,95$ $J_a = ?$

$$t_\gamma = t \cdot (15; 0,95) = 2,15 \quad t_\gamma = t(v, 8)$$

$$\delta = \frac{t_\gamma \cdot \bar{S}}{\sqrt{n}} = \frac{2,15 \cdot 0,8}{4} = 0,43$$

$$J_a = (19,77; 20,63).$$

Нормалы заңмен берілген кездейсоқ шаманың орташа квадраттық ауытқуы σ үшін сенімділік интервалы.

$$n, 8, \bar{S} \quad J_\delta = ?$$

$$P(|\delta - \bar{S}| < \delta) = 8$$

$$|\delta - \bar{S}| < \delta \quad \bar{S} - \delta < \sigma < \bar{S} + \delta$$

$$-\delta < \sigma - \bar{S} < \delta$$

$$\bar{S} \left(1 - \frac{\delta}{\bar{S}}\right) < \sigma < \bar{S} \left(1 + \frac{\delta}{\bar{S}}\right)$$

$$\frac{\delta}{\bar{S}} = q$$

$$\bar{S}(1 - q) < \sigma < \bar{S}(1 + q)$$

q -ді табу үшін $X^2(XU)$ заңы мен берілген кездейсоқ шамадан пайдаланамыз.

x^2 - тығыздық функциясы мен белгілейміз.

$$R(x, n) = \frac{x^{n-2} e^{-\frac{x^2}{2}}}{2 \binom{n-3}{2} r \left(\frac{n-1}{2} \right)}$$

$$(n-1)(1+q)$$

$$\int R(x, n) dx \cdot \gamma$$

$$(n-1)(1-q)$$

Осыдан R мен γ арасындағы байланыс.

q -ді табу үшін X^2 кездейсоқ шаманың таблица арқылы табамыз.

(4)-ші шартты қанағаттандыратын γ интервалдық ықтималдылығы және таблицада $q(\gamma, n)$ -н мәнін табамыз.

Сондықтан $q < 1$ J_δ сенімділік интервалын анықтаймыз. Егерде $q > 1$ болған болса J_δ төмендегі формуладан табамыз.

$$J_\delta = \left(0, \bar{S}(1+q)\right)$$

Өлшеу дәлдігін бағалау

Бағалар теоремасында өлшеу дәлдігін (өлшеу аспаптар дәлдігін) орташа квадраттық ауытқуы σ жәрдемімен анықталады. Ал өлшеу нәтижелері тәуелсіз және олардың математикалық күтімі дисперсиясы бірдей болатын σ үшін табылатын сенімділік интервалы өлшеу дәлдігі деп аталады.

Өлшеуші шаманың мәнін бағалау.

Дәл мәні белгісіз қандай да бір шама N сынауда өлшенген болған. Сынау нәтижелерін $x_1 + x_2 + \dots + x_n$ кездейсоқ шама дисперсиясын қарастырайық. Осы кездейсоқ шама бір-бірімен тәуелсіз математикалық күтімдері, дисперсиялары тең және нормалы заңмен берілген деп есептеуге болады. Өлшеуші шаманың дәл мәнін бағалау үшін $M(x)$ - н сенімділік интервалын пайдаланамыз [3, 45б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фернандес Герреро, Г. Зерттеу әдістемесі. Лондон университеті. S3.amazonaws.com сайтында қол жетімді

2. Кумар Р. 1999. Зерттеу әдістемесі. Жаңадан бастаушыларға арналған кадамдық нұсқаулық. Лондон: SAGE Publications Ltd. қол жетімді: sociology.kpi.ua

3. Иесі Л.С. Эмпирикалық зерттеу және жазу: Саясаттану бойынша студенттің практикалық нұсқауы. Сингапур: CQ Press, 2015

ӨОЖ 551.42

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

ЖУСУПБЕКОВА С.И.

С.Саттаров атындағы мектеп-лицейінің КММ физика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

Резюме. В данной статье рассматривается формирование навыков функциональной грамотности, развитие критического мышления с помощью текстов Ы.Алтынсарина «Жаз», «Өзен». Урок посвящен 180-летию Ы. Алтынсарина. С учащимися 8 классов проведена урок исследовательского характера, посредством критического мышления проведена взаимосвязь физики с казахской литературы. Сделан вывод о том, что функциональная грамотность на уроке физики развивает: творческие способности, словарный запас, критическое мышление, социализацию, групповую работу, патриотическое воспитание.

Summary. This article discusses the formation of functional literacy skills and the development of critical thinking with the help of texts. Altynsarina "Zhaz", "Ozen". The lesson is dedicated to the 180th anniversary of Y. Altynsarina. A lesson of a research nature was conducted with 8th grade students, the interrelation of physics with Kazakh literature was carried out through critical thinking. It is concluded that functional literacy in a physics lesson develops: creativity, vocabulary, critical thinking, socialization, group work, patriotic education.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1]

Бүгінгі таңда білім саласы үлкен жаңалықтарға, ізденістерге, өзгерістерге бас бұруда. Физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеттері мен шығармашылық жұмыстарын дамытуға бағытталған педагогикалық жаңа технологияларды сабақ үрдісіне енгізу ұстаз алдына қойған үлкен мәселелердің бірі.

Функционалды сауатты оқушының моделін өзіндік пікірі, ой талғамы бар, көзқарасы қалыптасқан, білімі шындалған, шығармашыл, дарынды, ізденімпаз, креативті алған білімін қоғамда қолдана алатын жеке тұлға деп түсінуге болады.

Осы орайда физика пәнін меңгерту барысында теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің ақпараттық материалдарда бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге, білуге және ол білімді қолдана алатындай практикалық маңыздылығын ескеру өте маңызды.

Жаңа технологияның басты мақсаты- өздігінен дамытуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Заман талабына сай оқыту технологиясының тиімдісін пайдалану -оқу үрдісінде жетістікке жетудің бірден бір кепілі.

Бүкіл әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбектерінің озық тәжірибелеріне сүйене отырып, сан түрлі оқыту технологиялары жарыққа шығарылды. Осы жаңа педагогикалық технологиялардың ішінде сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының орны ерекше. Олардың пікірінше оқу міндетті түрде оқушының қызығушылығын тудыратын белсенді болуы керек. Оқушының ойына түрткі туғыза отырып оны білуге одан әрі құлшынысын туғызу болса ғана оқуға деген белсенділік артады. Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын пайдалану оқытудың әртүрлі формаларын қолдана отырып, оқушылардың бір-бірін тыңдай білуге, өз ойларын анық жеткізуге, өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді, ізденіске баулып, естіп, көріп, білгенін түйіндеп, пайдалана білуге үйретуді көздейді. Сын тұрғысын оқу – тәрбие үрдісінде басқару мен ұйымдастырудың тиімділігі оқушылардың өз алдына белсенді дамуына негізделеді. Яғни оқушылардың ауызша және жазбаша тілін, ойлау, есте сақтау, әрбір ақпаратқа, сонымен бірге өзінің және басқаның шығармашылығына сыни қарауына, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.

Осыған орай сын тұрғысынан ойлау технологиясын егжей-тегжейлі қарастыра отырып, жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын сын тұрғысынан ойлау іс-әрекеті арқылы қалыптастыруды мақсат еттім.

Физика сабағын меңгеруде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану өте тиімді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану барысында ақпаратпен жұмыс істеу, логикалық ойлау, мәселелерді шешу, өз пікірін дәлелдеу, өзіндік жұмыс, ынтымақтастықпен және топта жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. Мұғалім мен оқушы рөлдерді ауыстырады, негізгі рөл оқушыға тиесілі, ал мұғалім-кеңесші, көмекші.

Биыл елімізде қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын, жазушы, этнограф, фольклоршы және қоғам қайраткері- Ыбырай Алтынсаринның 180 жылдық мерей тойы қарсаңында ұлы ғұламаның еңбектерін жаңартып, қайтадан жаңғырту және функционалдық сауаттылықтарын сын тұрғысынан ойлау іс-әрекетін ұйымдастыру мақсатында 8- сынып оқушыларына арнап құрастырылған «Жылу өткізгіштік .Конвекция. Сәуле шығару» тақырыбындағы сабақ құрылымымен таныстырайын. Сабақтың құрылымдық жоспарында қызығушылықты ояту стратегиялары (ой қозғау, топқа бөлу, топтастыру), мағынаны ашу стратегиялары(Джигсо, «Суретті сөйлет»), толғаныс стратегиялары (постер құру, қорғау, Венн диаграммасы) рефлексия «Бес саусақ» қолданылды. Бірінші топ Ыбырай Алтынсариннің Отанын, жерін , елін сүюге тәрбиелейтін, табиғаттың сұлулығын сипаттаған «Жаз» өлеңінің физикалық мағынасын суреттей отыра сипаттаса, екінші топ тіршілікті көктем күнінің мейірімді шағымен байланыстырған «Өзен» өлеңінің физикалық мағынасын толық сипаттады. Сонымен қатар, адам өміріне жарап жатқан өзеннің пайдасын білуге, оны қорғауға, қоршаған ортаға құрметпен қарауға баулу, табиғатты сүюге, елін құрметтеуге бағытталған Қазақстандағы өзендер санын айқындау, картадағы орнын айқындау, өзіміздің жергілікті жеріміздегі өзендерді анықтау, адам өміріндегі игілікке жарап жатқан бөліктері, өзеннің халық игілігі үшін атқарып отырған жүгі, жайық өзені туралы деректер жинақтап айқындау туралы шығармашылық тапсырмалары орындалды.

Венн диаграммасында қазақтың даныштаны, ұлы ойшыл ғалымы Абай мен қазақтың аса көрнекті ағартушысы, ақын, жазушысы Ыбырай еңбектерін суреттеді.

Бұл сабақта сын тұрғысынан «ДЖИГСО» әдісін қолданудың ерекшелігі жаңа тақырыпты талқылап, терең ойын қалыптастыруға, бір-бірімен қарым – қатынас жасауға, ойлау қабілетін дамытуға, ойын еркін жеткізуге, ізденімпаздыққа жетеледі. Физика сабағында сын тұрғысынан ойлау оқушыны тәрбиелеп, білім –біліктілігін арттырып қана қоймай, еркін ойлауға мүмкіндік беріледі: ақыл ойы дамиды, шығармашылық деңгейі артып, топтық іс-әрекетке тәрбиеленеді, өзі жан-жақты жетіліп, өз ойын еркін жеткізе алу қабілеті қалыптасады.

Жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын сын тұрғысынан ойлау іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы қалыптастырудың тиімді жолдарына қорытынды жасасақ:

1. Шығармашылық тіл байлығы жетіледі.
2. Оқушы өз қиялының дамуына, пікірін айтуына еркіндік беріледі.
3. Қоршаған ортаға, өз өміріне сын көзбен қарауға үйренеді
4. Әділдікке, шысылдыққа дағдыланады.
5. Жан-жақты ізденеді.
6. Іс-әрекетке тәрбиеленеді.
7. Ақыл ойын дамытады.
8. Ұжымдық белсенділігі артады.
9. Топпен жұмыс істеуге, топқа бағынуға дағдыланады
10. Отанға, жерге, еліне деген сүйіспеншілігі артады
11. Жан дүниесін тәрбиелейді.

Қорыта келгенде, заман талабына сай оқыту технологиясының тиімдісін пайдалану- оқу үрдісінде жетістікке жетудің бірден бір кепілі деп, жоғарыда айтып өткендей физика пәнін оқытуда оқушының функционалдық сауаттылығын сын тұрғысынан ойлау іс-әрекеті арқылы ұйымдастырудың маңызы зор екені анықталды.

Қазіргі таңда мамандық таңдау барысында оқушы бойында бейімділік, ептілік, шапшаңдық, ерекше ой қызметі, мол шағармашылық мүмкіндікті өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемділікті қабілеттіліктерін қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. Астана 2020. 07.07
2. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту//Білім- Образование. -2006. №2. Б.15-18
3. Мирсейтова С. «Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде» Қарағанды 2011. Б-76
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. ҚР Үкіметінің №832 қаулысы 2012ж 25 маусым. Астана Үкімет үйі.
5. Керімбекова А. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы үйрету// Білім – Образование.- 2009. - №4. – Б.47-48
6. Ы. Алтынсарин «Жаз» «Өзен» өлеңдері [tps://bilimsite.kz/olender/10781-zhaz.html](https://bilimsite.kz/olender/10781-zhaz.html)

МАЗМУНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ХТИИ РЕКТОРЫ. Е.Б.САУРЫҚОВТЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ	3
---	---

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

АБДУВАЛИТОВ Е.Б. СӘКЕН – ЫБЫРАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМ.....	4
САЙФУЛЛАЕВ Б.Н. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	5
САДЫКОВ Т., БЕЛБОТАЕВ А., МАМБЕТАКУНОВА Н. «МАНАС» ЭПОСУНДАҒЫ ЭТИШТИН МОРФОСТАТИСТИКАСЫ ЖӨНҮНДӨ.....	7
БӨЛЕЕВ Қ. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН –ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКАСЫ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	11
БАЕШОВА Б.Ш. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	17
ҚҰТТЫМҰРАТОВА Ы.А. ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНДЕ Ы.АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОҚЫТЫЛУЫ.....	19
ТОРТКУЛБАЕВА Т.А. Ы.АЛТЫНСАРИН – ЭНЦИКЛОПЕДИСТ ТҮЛҒА.....	21
КАРИМБАЕВ Т.Д., РАПИЛБЕКОВА Н.С, ЕСМАХАМБЕТ У. К РЕШЕНИЮ ЗАДАЧИ ТЕПЛОВЫХ УРАВНЕНИИ НАПРАВЛЕНИЕМ ТЕПЛОВЫХ ПОТОКОВ В СПЛОШНЫХ СРЕДАХ ИЛИ МЕТОДОМ ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫХ УРАВНЕНИЙ.....	23
ГАЛИЕВА С.Ю., АЛПАНОВА Ж.Б. ФОРМИРОВАНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГОВ ПОСРЕДСТВОМ ТЕХНОЛОГИИ.....	25
ЮСУПОВ Б.Б., ЭСКУЛОВА А.А. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӨЛЕҢДЕРІНДЕ ЭПИТЕТТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	28
ҚАЗЖАНОВ Ғ.Т. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИ ТІЛДІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	30
МӘЛІК Б., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	31

I СЕКЦИЯ

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ

САДЫКОВ Т., СЕВИМ ЯСИН. КЫРГЫЗ ЖАНА ТҮРК ТИЛИНДЕГИ СУБСТАНТИВДИК АТООЧТУКТАР.....	35
ШАЙМЫРЗАЕВА Б.А., КИСТАУБАЕВА А.Н. Ы.АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ.....	39
АХМЕТОВА К.А. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЕҢБЕГІНІҢ ӘДЕБИ МӘНІ.....	41
КӘРІБЕКОВА А.Ж., КӘРІБЕКОВА А.Ж. Ж.АЙМАУЫТОВ ПРОЗАСЫНДА ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ.....	44
КӘРІБЕКОВА А.Ж., КӘРІБЕКОВА А.Ж. Т.ЖҮРГЕНОВ - БІЛІМ БЕРУ ІСІ МЕН АНА ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ.....	47
КӘРІБЕКОВА А.Ж., КӘРІБЕКОВА А.Ж. Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ «ҚАРТҚОЖА» РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯ.....	50
УСКЕНБАЕВА Г.А. БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ «ҮШҚАН ҰЯ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ.....	52
УТЕГЕНОВА Н.Ж. СЕРІК М. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	56
ЕСПЕНБЕТОВА Г.Т., ТАҒАМБАЕВА А.А. ҚАЗАҚ ТАРИХИ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ.....	59
ИГІЛКОВА Э.С., ТЕМІРХАН А.Т. ҚИМЫЛ ЕСІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТЫ МЕН ЗЕРТТЕЛУІ.....	61
ТҮРҒАНТАЙ А.Ә., ӘБУТӘЛІП М. «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ	

АНТРОПОНИМДЕР.....	64
ТЕЛБАЕВА Г.Д., МӘЛІК М.Е. ШЕРХАН МҮРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚҰРМАШ ПОРТРЕТІ.....	68
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., КЕМБАЕВА А.Т. СЕРІК ТОМАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ӘУЕН КӨРІНІСТЕРІ.....	73
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., АМАНОВА Г. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ӘДЕБИ КЕЙІПКЕР БАЙЛАНЫСЫ.....	76
ОМАРКУЛОВА Л.К., ШЕРДАЛИЕВА Ж.Х. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ САНАНЫ ДАМУЫ.....	79
КУЛЬМАГАНБЕТОВА С.Т., АМИРОВА С.Р. РОЗА МҰҚАНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	81
КАЙКЕНОВА А.А., БАЙСЕРКЕЕВА Ж.Т. АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	84
КАРИБАЕВА А.Ө. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – АҒАРТУШЫ ҒАЛЫМ.....	88

II СЕКЦИЯ

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

НУРАХМЕТОВА А.Т., БАЙШОРАЕВА Г.Р. ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	90
ТУМАТОВА Л.Т., САПАРОВА Д.С. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	91
КӨШІМБЕТОВА С.А., КУТУМБЕТОВА Б.А. САЛЫСТЫРМАЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫМЕН ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР.....	94
ЖОЛАНОВА Г.Е., АЛИМКУЛОВА А.М. ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННОГО УРОКА В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕННОЙ СИСТЕМЫ СРЕДНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ.....	95
БАЙСЕЙТОВА А.А., ЖЕКСЕН А.А. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	98
ИБРАЕВА Г.Б., КАРПАЕВА Н.К. ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	102
ИМАТАЕВА А.Ж., АБДЫХАНОВА Ғ.Т. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА SMART ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ҚАЗАҚ-АҒЫЛШЫН ТІЛІН САЛЫСТЫРА МЕҢГЕРТУ.....	104
БУЛЕКПАСОВА Б.Ш., БУКЕТОВА Г.К. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	109
ИБРАЕВА Ж.К., СМАКОВА Ж.А. МҰХТАР ШАХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ҮРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ.....	112
КЕМАЛОВА Л.У., РАИМОВА Г.Ж. АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛУ.....	115
ШАНТАСОВ А.С., ШАНТАСОВА А.Қ. ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫНДАҒЫ ТИІМДІ ЖҰМЫСТАРЫ.....	117
АЙДАРАЛЫ Н.Б. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ.....	118
БАЙДУАН Н.Ғ. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	122
САПАРБЕКОВА А.Д. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІ – БАЛАЛАРҒА РУХАНИ АЗЫҚ.....	125
УСЕНКУЛОВА А.А. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – ДАНАЛЫҚ ПЕН АДАМГЕРШЛІККЕ БАУЛИТЫН ТҮЛҒА.....	127
КЕРИМБАЕВА А.Б. TEACHING ENGLISH TO YOUNG LEARNERS.....	130
САМАРХАНОВ Р.А., ТУРҒАНБЕК А.С. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘДЕТ- ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ЖАЗАНЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	132
КАДРАЛИЕВ А.А. Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ХАЛЫҚ АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ.....	135

ЗАМБАЕВА Р.С., АКТАЙЛАКОВА Ж. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ БІЛІМ ОШАҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ.....	137
БЕРКЕН Ж.Қ., ПЕРТАЕВА Г.Қ. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ПРОЦЕСІ.....	140
САРЫБЕКОВ Қ.Н., КЕЛИМБЕТОВА А.Ғ. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ОРЫНДАРЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ - АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ – ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ САНА САПАСЫН КӨТЕРУДІҢ КЕПІЛІ.....	143
ҮСЕН Б.М., ТУРСИНБАЕВ М.М. ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ӘСКЕРИ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ.....	145

ІІІ СЕКЦИЯ ЫБЫРАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ, САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҰСТАНЫМДАР

ПЕРТАЕВА Э.Қ., МАХАМБЕТОВА А.Б. АЛАШ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	149
ПЕРТАЕВА Э.Қ., ЖУНИСОВА Б.У. ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	151
МЫРЗАҚҰЛОВА Ф.Е., ПЕРТАЕВА Э.Қ. ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	153
БЕРКЕНОВА Р.А., КИРБАСОВА А. Ғ. МҮСІРЕПОВТИҢ «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҮЛУ» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР.....	156
БЕРКЕНОВА Р.А., МАХАМБЕТОВ Қ.М. ЛЕКСИКАЛЫҚ НОРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....	159
КАЛМАГАНБЕТОВА Г.Т., ҚУАНДЫҚ Ж.Т. МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫННЫҢ ӨЗ БЕЙНЕСІ.....	162
ОЙСЫЛБАЙ А.Т. САДЕН Н.А. ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ОРНЫ.....	166
ОЙСЫЛБАЙ А.Т. ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ҮЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР.....	169
САБЫРЖАН С.Ғ. ЖАЗБАША АЙТЫСТЫҢ ЖАНАШЫРЫ.....	172
БЕКСЕИТОВА К.Т. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ЕЛ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....	174
АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р., СЕЙДАЗИМОВА Э.Ш. С. ТОРАЙҒЫРОВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ ТІЛДІҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ.....	176
АБДЫҚАДЫРОВА Т.Р., БЕРКІМБАЕВА Е.Ғ. ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ӨМІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ.....	181
КЕНЖЕБАЕВА Н.Е., КЕМБАЕВА А.Т. Ш. МҮРТАЗА ДРАМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	184
МЫРЗАБАЕВА Б.Д., ТҮЙМЕБЕКОВА А.А. ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫРДАҒЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНЕ ӘСЕРІ.....	187
НУРГУЖИН А.М., НУРГУЖИНА Г.Ж. АҚЫНДАР АЙТЫСЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ.....	192
СОКОЛОВА Е.А. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН - ПЕРВЫЙ УЧИТЕЛЬ В СТЕПИ.....	194
БАЙБОЛОВА Ж.К. ЖАПОН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КҮНДЕЛІК ЖАНРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ, ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	197
АХЕТОВА М.Т. ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІ.....	200
КАМАЛ М.Е. ЖАҢЫЛТПАШТАРДЫҢ ӘДЕБИ ЖАНРЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	203

ІV СЕКЦИЯ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ОРМАНОВА М.К., БИГАРАЕВА А.К. ГЕЛИОЦЕНТРЛІК САНАҚ ЖҮЙЕСІНДЕ АЙ ОРБИТАСЫН ТҮРҒЫЗУ.....	207
АУГАН Е., МУСАГАЛИЕВ Е.Ж. МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	212

ТАЖИБАЕВА Г.Т. САНАҚ ЖҮЙЕСІНДЕ МАРС ОРБИТАСЫН ЖЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП ТҮРҒЫЗУ	215
БАЙТУГАНОВА А.О., НУРСЕЙТОВА А.К. «SMART-МЕКТЕП» ЖОБАСЫН ҚҰРАСТЫРУДА БҮЛТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	218
КАЛИЕВА А.К., БИЖУМАНОВА М.Т. ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ БЕЙНЕЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ	221
КАШКИНБАЕВ А.Н., КАШКИНБАЕВА М.Н. ПАРАМЕТРЛЕРДІ СЕΝІМДІЛІК ИНТЕРВАЛДАР АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ	224
ЖУСУПБЕКОВА С.И. ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҮЙЫМДАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ	228

**«ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ
Тараз, Қазақстан, 26-27 қараша, 2021 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ТВОРЧЕСКИЙ МИР ЫБЫРАЯ АЛТЫНСАРИНА»
Тараз, Казахстан, 26-27 ноябрь, 2021 г.**

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"CREATIVE WORLD OF YBYRAY ALTYSARIN"
Taraz, Kazakhstan, November 26-27, 2021 y.**

1-ТОМ

Шартты б.т. 8,9
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 100 дана
Тапсырыс № 115

ХТИИ баспаханасы,
080000, Тараз қ., Жамбыл даңғылы, 73А

